

ҚЫЗДАРБЕКОВ БІРЛІК

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ
(КЕҢЕС ДӘУІРІ 1917-1991 ЖЖ.)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қыздарбеков Бірлік

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН
ТАРИХЫ
(КЕҢЕС ДӘУІРІ 1917-1991 жж.)**

Оқулық

БК 2783

Қарағанды 2019

Қазақстан Республикасының
педагогикалық университеті
КІТАПХАНА

ӘОЖ 94 (574)(075.8)
ҚБЖ 63.3 (5қаз) я 73
К 80

*Оқулық әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік мәжілісінде
талқыланды және мақұлданды
Хаттама №2, 24.05.2019 ж.*

Пікір берушілер:

Мәмбет Қойгелдиев - ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор

Максат Алпысбес – т.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің “Қазақстан тарихы” кафедрасының профессоры

Хазретәлі Тұрсын – т.ғ.д., Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық

Қазак – Түрік университетінің профессоры

Бахреддин Нұғман – ф.ғ.к. Қарағанды медицина университетінің Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының доценті

К 80

Қыздарбеков Б. **Қазақстанның қазіргі заман тарихы (Кенес дәуірі 1917-1991 жж):** Оқулық. - Қарағанды, «Medet Group» ЖШС, 2019. – 254 бет.

ISBN 978-601-7598-47-1

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» (Кенес дәуірі 1917-1991 жж). Оқулығы типтік оқу бағдарламасына сай, жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттер және оқытушылар қауымына арналған.

Біз ХХғ. экономикада, қоғамдық-саяси және рухани өмірде орын алған, қазақстандықтардың қиыншылықтарға толы тарихын шынайы жазуға күш салдық. Сонымен бірге, өткен күндерге объективті қарап, аға буынның наным-сенімдеріне құрметпен қарауға тырыстық.

Оқулық жоғарғы оқу орындарында, арнайы және орта мектептерде жұмыс істейтін оқытушыларға, студенттерге, сондай-ақ, тарихпен әуестенетін барша оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 94 (574) (075.8)
ҚБЖ 63.3 (5қаз) я 73

ISBN 978-601-7598-47-1

© Қыздарбеков Б. 2019
© «Medet Group» ЖШС, 2019

Менің немерелерім: Альтаирға, Асианаға, Алуаға және
Маған бірінші шөберем - Арланды сыйлаған, сүйікті немерем
Рүстемқызы Жанельге арнаймын

Бірлік атасы

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстанның жаңа тарих оқулығын жазудың қажеттілігі ең алдымен әлемдік тарих ғылымның дамуымен, жаңа тарихи білімнің қорлануымен, өткендегі оқиғаларға қоғамдық қызығушылықтың өсуімен түсіндіріледі.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы (Кенес дәуірі 1917-1991жж)» атты оқулықты студенттер мен оқытушылар қауымына ұсына отырып, үлкен жауапкершілікті сезінемін. Заман талабына сай, тарих пәнінің шынайы оқулығын жазу, кәсіпқой тарихшылардың қасиетті борышы деп санаймын. 70 жылдан астам уақыт бойы, адамдар санасына дара үстемдік жасаған, ал балама ой-пікірлерге «ұлтшылдық», «космополитизм», «антикентік», «антикоммунистік» дегендей әр-түрлі саяси, идеологиялық айдарлар тағып, өз азаматтарын тар өрісті таптық пиғыл аясынан шығармай, қоғамдағы барлық құбылыстарға тек пролетариат диктатурасының мүддесі тұрғысынан баға беруді талап еткен ресми коммунистік идеология, 20-30шы жж және 40-80шы жж Қазақстанда орын алған оқиғаларды объективті зерделеуге мүмкіндік бермегені белгілі. Әміршіл-әкімшіл авторитарлық жүйе өзін сынға алатын, өзінің қылмысты саясатын әшкерелейтін тарихи еңбектерге мүдделі болған жоқ.

Қазақстан Тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі жылдары, отарлық кезеңде қордаланған, аяққа тапталған, бұрмаланған өткен тарихымызды қалпына келтіру бағытында көптеген жұмыстар істелінуде. Кең тараған жаңылысулар мен бекіп қалған стереотиптер, күмән тудырмайтын ақиқатқа (аксиомаға) айналған ұғымдар қайта, жанаша көзқараспен қарастырылуда.

XXғасырдың бас кезіндегі түркі-мұсылман және казак зиялыларының, отарлық езгімен ортағасырлық мешеулікке қарсы күресі, Мұстафа Шоқай және Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынов бастаған саяси қайраткерлердің тәуелсіз мемлекеттер Қоқан (Түркістан) және Алаш Орда автономияларын құру жолындағы жанкешті іс-әрекеттері мен тағлымы; Кеңестік дәуірдегі социализм тұжырымының (доктринасының) іске асуы жолындағы идеологиялық талас тартыстар; казактар көрген зорлық-зомбылық, жаппай ашаршылық («голодомор», «геноцид», «этноцид»); тоталитарлық жүйенің қалыптасуы мен дамуы; Филипп Голощекин, оның «Кіші Қазан» бағдарламасы, ұлт-зиялыларының (Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов және т.б.) оған қарсы күресі; Леон Мирзоянның 1937-1938жж, Республикада қуғы-сүргінді ұйымдастырып, казак қоғамының «кілегейлерін» қырып-жоюы сияқты күрделі мәселелерді алғаш рет жан-жақты қарастырған, елімізге танымал Манаш

Қозыбаев, Мәмбет Қойгелдиев, Талас Омарбеков, Данагүл Махат, Қайдар Алдажұманов және т.б. көрнекті тарихшылардың еңбегі аса зор.

Қазіргі кездегі өзекті мәселе, ғалымдардың Отан тарихына байланысты жасалған жаңаша көзқарастары мен тұжырымдарын, сондай-ақ өзімнің 50 жылдан астам уақыт академик Е.А.Букетов атындағы, республикадағы 2-ші университетте және Қарағанды Мемлекеттік Медицина университетінде, Кенес Одағы (Ресей), түркі халықтарының және Қазақстан тарихынан дәріс берген кезде оқыған, тоқыған, тырнақтап жинаған материалдары, тарихи шындық позициясынан Типтік бағдарламаның талабына сай реттеп, жоғарғы оқу орындарының жаңа тұрпатты оқулықтарына енгізу болып табылады.

«Оқулық» кеңес дәуірінде болып өткен оқиғаларды, жинақталған тарихи тәжірибе көзқарасынан талқылауға және ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді.

Автор

Кіріспе

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» (Кенес дәуірі 1917-1991жж.) оқулығы-қазақ даласындағы XXғ. басынан, қазірге дейінгі орын алған тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, фактлерді үдерістерді тығыз байланыста, біртұтас қарастыратын пән.

XXғасыр қазақ халқының тарихи тағдырында өте маңызды орын алатын кезеңдердің бірі. Өйткені, Қазақстанда қоғамдық саяси ойдың дамуы, қазақтардың тәуелсіздігін қалпына келтіру, қазақ мемлекеттігін жаңғырту идеясы осы кезде пайда болды. XXғасыр қайшылықтарға толы көптеген саяси-әлеуметтік бетбұрыстар мен мәдени төңкерістердің, дүниежүзілік соғыстардың, экономикалық өзгерістердің орын алған кезеңі.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні хронологиялық шеңбері жағынан XXғ. басынан, XXIғ. басына дейінгі, шамамен 100 жылдық отарлық кезенді қамтиды. Ынғайлы болу үшін бұл біртұтас кезенді шартты түрде, екі үлкен бөлікке (кезеңге) бөліп қарастыруды жөн көрдік.

I кезең - XXғ. басында басталып Кенес Одағының отарлау кезеңін қамтиды; II-кезеңге, 1991 жылдан бүгінге дейінгі кезең тұтастай Тәуелсіз Қазақстанның жариялануы, дамуы кіреді.

Мемлекет хатшысы Марат Тәжин айтқандай «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» – тарих ғылымында салыстырмалы түрде алғанда жаңа бағыт. Ол әлі қоғамдық институт ретінде басы ашылған сипатқа ие емес, яғни өзінің әдіснамасы және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі бар толық дербес ғылыми пәнге бөлініп шыға қойған жоқ. Сол себепті «Тарихтың» екінші кезеңін –яғни Тәуелсіздік Қазақстан кезеңін, атауы да айтып тұрғандай, олардың компетенциясына кіретін Мемлекет тарих институтының ұжымына қалдырып, біз кеңестік дәуірді қамтитын бірінші кезенді, жаңа тұрпатты оқулықтың объектісіне айналдыруға әрекет жасап отырмыз.

Тәуелсіз Қазақстанда әлі күнге дейін, егемен елімізге, абыройымызға орасан зор зиян әкелетін аздаған ғана өзгеріске ұшыраған, Кенес Одағы мен Қазақ КСР кезіндегі имперлік пиғылымен және коммунистік идеология талаптары бойынша жазылған «Тарих» оқытылып келеді.

Кенес өкіметі кезіндегі, бүтіндей еуропалықты, соның ішінде, орыс-кенестікті дәріптеу саясаты (Олжас Сүлейменовтың сөзімен «Даланы кемсітіп, орманды-даланы дәріптеу, ұлықтау» еуроцентристердің әдетіне айналған), ұлттық аймақтардағы халықтардың ұлттық құндылықтарына немқұрайлықпен қарау, түркі халықтарының даңқты өткенін елемей, әдетке айналған.

Орыс-кенес, отандас тарихшыларымыздың еуроцентристік ықпалынан шыға алмай жүрудің нәтижесінде, біздер өзіміздің тарихымыздың қалтарысында қалып бара жатқан көп жайларды білмейміз.

Әміршіл-әкімшілік жүйе жағдайында орыс-кенес ғалымдары тарих ғылымын, билік басындағылардың қажетіне бағыттап отырғанын байқаймыз.

Қалыптасқан ғылыми стереотиптерден ауытқыған, шындықты жазған және «өз пікірлері» бар ғалымдар қысымға душар болып, қуғын-сүргінге

ұшырап олардың еңбектері, кітаптары оралымынан алып тасталынып отырған. Мысал ретінде, «Бекмаханов ісін», және Олжас Сүлейменовтың «АЗИЯ» (1975ж) кітабы төңірегінде ұйымдастырылған науқанды келтіруге болады. Жас лингвист Олжас Сүлейменовтің түркі халықтарының, ортағасырлық Руське тигізген әсерін және бүкіл әлем мәдениетін дамытудағы прогрессивтік рөлін объективті көрсеткені үшін, Кеңес Одағы Ғылым академиясы мен КОКП-нің ОК-нің Саяси Бюросы, кітаптың зиянды екенін жариялап, ғылыми оралымнан алып тастайды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

2004-2006жж. арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тарихшылар және гуманитарлық салаға еңбек ететін ғалымдар, қордаланып қалған ойлар мен пікірлерге көңіл бөліп, сараптамалар, талдаулар жасауға кіріседі. Тарихқа байланысты зиялы қауымның ойын белгілі ғалым, физиология ғылымының докторы профессор Рахманқұл Бердібаев төмендегі сөздермен білдіреді: «Шынайы тарихымыз әлі жазылған жоқ!». Академик ағамыз ғылыми оралымға медициналық «клиникалық өлім» ұғымын енгізіп, «казак рухын клиникалық өлімнен тірілту керек. Ол үшін көп жұмыс істеу керек. Ең бастысы тарихымызды қайта жазуымыз керек», оқушыларымыз осы мемлекеттің патриотына айналсын десек, олар тарихты білетін болсын деп, біздерге аманат тапсырған еді.

Рухы тапталған, тарихы танымастай бұрмаланған құлдық психологиядан, отарлық езгінің сарқыншақтарынан әліде болса арыла алмаған бірден-бір халық біздер, қазақтар шығармыз.

Кеңес идеологиясы халықтың жадынан, есінен казак ұлтының көрнекті және елеулі кезеңдерін өшіріп, казак халқының тарихын бұрмалап, қайта жаздырды, халықтың трагедиясын, қасіретін, қанды кезеңдерін “жергілікті асыра сілтеушілік”, “шамалы шығындар”, деп көрсетуге тырысты. Мәселен, ашаршылық тақырыбы, оның кезеңдері, зардаптары айтылмады. Қазак халқына қарсы жүргізілген геноцид, этноцид, отарсыздандыру саясаты мүлдем қарастырылмады.

Қазіргі кездегі посткеңестік солтүстік көршіміздің насихаты біздің тәуелсіздігімізге нұқсан келтіретін саясатты жалғастыруда. Ертеректе кеңестік-коммунистік идеология астарында, мұқият жасырынып келген «орыс әлемі», шовинистік саясатты белсенді түрде жүргізуде.

Еуразиялық экономикалық Одаққа мүше болу-баяғы ноктаға қайтадан бас сұққанымыз, стратегиялық кате екенін көріп отырмыз. ЕуроОдақпен АҚШ-тың Ресейге жасаған экономикалық санкциялары, Қазақстанға кері әсерін тигізуде, валютамыз-тенге құнсызданып, тұтыну заттары, транспорт, тариф, қызмет салалары қымбаттауда. Кедейлену деңгейі бірнеше есе көбейді. Отандық өнер кәсібіміз түп тамырымен жойылды. Бәсекелестікке төтеп бере алмадық, азық-түлікті, өнеркәсіп товарларын сырттан әкелетін халге жеттік, импортқа бағыныштылығымыз өсіп, экспортқа тек шикізаттарды ғана(мұнай, газ, түсті металл және т.б.) шығаратын болдық.

Орыс тілінің ерекше статуска ие болуы нәтижесінде, ол басқа да азышылықтың тілдеріне шек қойып, қысым жасап, оларды орыстандыруды іске асырып, мемлекеттік тіл-казак тілін мүшкіл жағдайға әкелді.

Кенестік ұстаным бойынша жазылған тарихымызды егеменді, тәуелсіз казак елінің талабына сай, жанаша көзқараспен қайта жазу керек екені айдан ашық. Тәуелсіз Қазақстан жылдары жазылған, барлық жоғарғы оқу орындарында колданыста жүрген Г.Кан, Н.Шаяхметов, Ч.Мусин, К.Қаражанов, 2018ж жарыққа шыққан Т. Әминовтың және т.б. «Қазақстан Тарихы» оқулықтары, оқу құралдары кенес дәуірінде еуроцентристік көзқараста жазылған еңбектерден алысқа кеткен жоқ. Кенестік дәуірі (1917-1991жж)жылдарындағы Республиканың қоғамдық-саяси өмірі, әлеуметтік-экономикалық дамуы, мәдениеті кеңестік, партиялық ұстаным бойынша жазылған, «Алаш» қозғалысы, оның жетекшілері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х. және Ж.Досмұхамедовтар, Х.Ғаббасов және т.б. сондай-ақ ұлттық идеяны туғып көтерген, бір туар казак перзенттері-М.Шокай, С.Сәдуақасов, С.Қожанов және т.б. ұлт зияларының, казак халқының жарқын болашағына, бағытталған ерлікке толы іс-әрекеттері, «Тарих» пәні оқулықтарында көрініс таппаған.

Кенес дәуірінде, әсіресе соңғы кездерде жарыққа шыққан, бес томдық «Қазақ КСР-і тарихы» мен 2010ж басылып шыққан «Қазақстан тарихының» бес томдағы, шындап келгенде заман талабына сай жазылмаған «Ақтандақтар» әлі де болса баршылық.

Тәуелсіздік жылдары тарих ғылымы саласында кол жеткен табыстар комақты. Қазақ тарихының «Тіс батпайтын» тақырыптарына зерттеу жүргізіп, кеңестік ұстаным бойынша жазылған көзқарастарды, ұстанымдарды табылған тың материалдарға сүйеніп, қайта қарастырған бірнеше монографиялар, зерттеулер, ғылыми мақалалар жазған көрнекті тарихшыларымыз: Манаш Қозыбаев, Мәмбет Қойгелдиев, Талас Омарбеков, Данагүл Махат, Қайдар Алдажұманов және т.б. зерттеулерінің нәтижелерін, жанаша тұжырымдарды, фактілерді өкінішке орай колда бар «тарих» оқулықтарынан кездестіре алмаймыз.«Тарих» оқулықтары жастарды патриоттық рухта өз Отанын, Елін-жерін, Ата-баба өсиеттерін қастерлеуге тәрбиелейтін күшке айналмаған.

«Қазақстан тарихы» шындап келгенде, бұл- мемлекеттің паспорты. Шынайы, нағыз тарих, біріншіден ұлттық сана-сезімін, ұлттық рухын жоғарғы деңгейге көтеру үшін керек. Екіншіден, бұл казак елінде тәуелсіз, егемен мемлекет жағдайын бекітуге, ал казак ұлты өзінің ойсыраған абыройын қалпына келтіру үшін қажет.

Бұл оқулықта біз ХХІ.экономикада, қоғамдық-саяси және рухани өмірде орын алған, Қазақстандықтардың қиыншылықтарға толы тарихын шынайы жазуға күш салдық. Сонымен бірге өткен күндерге объективті қарап, аға-буынның наным-сенімдеріне құрметпен қарауға тырыстық.

Жаңа тұрпатты оқулықтың негізіне біз төмендегідей принциптерді қойдық: Біріншіден, кеңестік ұстаным басым материалдардан бас тарту;екіншіден, әр тарихшының белсенді азаматтық ұстанымы(позициясы) болу керек; үшіншіден, оқулыққа ұлттық патриотизм рухын сіңіру керек; төртіншіден, жастарды, республикада өмір сүретін этностармен диаспорлардың салт-дәстүрін, мәдениетін сыйлауды тәрбиелеуге баулу. Осы аты аталған

принциптер жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтардың концептуальдық негізін құруға тиіс.

Қорыта келгенде, «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» (Кенес дәуірі 1917-1991жж) оқулығы, Қазақстан тарихнамасындағы, зерттеу объектісі болып отырған кезенді, дербес тұрғыда қарастыру бағытындағы жасалынған, алғашқы әрекет болып табылады.

I. ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАРАР ЖОЛДА: ДАМУ ФАЗАЛАРЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛЫС ИДЕЯЛАРЫ

1.1. Қазақ өлкесінде отарлық жүйенің орнауы, әлеуметтік экономикалық жағдай – тәуелсіздік үшін күрестің алғы шарттары

XVIIIғ. 30-шы жж. 1917 жылға дейін созылған, ұзақ кезенді – «Жаңа тарих» кезеңіне, немесе отарлық езудің бірінші кезеңіне жатқызамыз. Бұл кезде «Ақтабан шұбырынды» және «Отан соғысы жылдары», қазақ – жоңғар соғыстарының нәтижелі аяқталуы мен патшалық Ресейдің қазақтардың жеріне экспансиясының басталуымен және отарлық жүйенің толық орнығуымен дәлме-дәл келеді.

Қалыптасқан саяси ахуалдың нәтижесінде, Кіші жүздің ханы Абулхайыр Ресейдің қамқорлығына (протекторат) 1731 жылы, ал Орта жүз XVIIIғ. 70-шы жж. Абылай ханның тұсында кірген болатын. 1731 жылдан 1822-1824жж. дейін созылған ел билеу жүйесіндегі протектораттың дәуірде, яғни күшті мемлекеттің әлсіз мемлекетке формальды түрде қамқорлық жасау саясатын жүргізу кезеңінде, патша өкіметі Қазақ өлкесінде бұрынғы хандық жүйені сақтап, оның ішкі істеріне тікелей араласпай, қазақ елін өзіне бағынышты хандар арқылы басқарды. Осы кезеңде, Ресей империясы қазақ билеушілерімен қарым – қатынасын тек шет ел коллегиясы арқылы ғана іске асырып отырған.

Патша үкіметінің Қазақ өлкесін Ресейдің отарына айналдыру процессі 1822-1824жж. басталып, XIX ғасырдың 60-90 - шы жылдарына дейін созылады. Отаршылдық саясаттың осы екінші кезеңінде, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өлкесі Ресейге, әскери күштің көмегімен қосылады.

XIXғ. 60-шы жж.ортасында Қазақ өлкесін жаулап алу аяқталады. Қокан және Хиуа хандықтары іс жүзінде талқандалады. Отарлық биліктің мақсаты Қазақстанның әртүрлі аймағындағы басқару жүйесін үйлестіріп, оны жалпы имперлік әкімшілік жүйеге бейімдеу болып табылды.

1867-1868 жж. патша Жетісу мен Сырдария, Торғай, Орал, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Ережелер жобасына қол қояды. Жаңа Әкімшілік – сот реформасына сәйкес, Қазақ жері алты облыстан тұрған үш құрылымға: Түркістан, Орынбор және Батыс – Сібір генерал – губернаторлықтарына бөлінді. Облыстар уездерге, уездер болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Әкімшілік басқару реформасы сұлтандардың құқығы мен артықшылықтарына соққы жасады, барлық қазақтар, соның ішінде сұлтандар «ауыл тоғышарларының» қатарына жатқызылды. Басқарудың жаңа жүйесін енгізу, патша билігін бекітіп, Қазақ өлкесіндегі отарлық езуді күшейтеді. XIXғ. аяғында «Далалық облыстарды басқару туралы Ереже» бойынша, Сырдариядан басқа облыстар Далалық генерал – губернаторлықтың құрамына кіреді.

90-шы жж. казактардың барлық территориясын орыс казынасының жеке меншігі деп жарияланады, бұл шындап келгенде күшпен тартып алу (аннексия) болып саналады. Шаруашылық, саяси әскери артықшылығы аркасында, патшалық Ресей XIXғ. 60-70жж. бүкіл казак өлкесін әскердің көмегімен жаулап алады. Осы әскери отарлау кезеңі 100 жылға созылды. Қазак даласы, оның территориясына тереңдеп кіруіне негіз болған, патша үкіметінің тірегіне айналған, камал – бекіністермен қоршалып тасталады. Әскери бекіністердің – камалдардың, қорғандардың, бекеттердің қарулы күшін – казак әскерлері құрды.

Жайық казак әскерлері алғашқыда Жайық өзенінің төменгі ағысында қоныстанса, кейінірек XVIIIғ. аяғында Қазак Даласына тереңдей түседі. Жайық казактарының әскерлерінің саны 1857 жылғы мәлімет бойынша – 77 мың адам болған. XIXғ. II жартысында Жайық (Орал) казак әскерлері тамаша суармалы егістігі мол Жайықтың сол жағын тартып алады. Сібірдің линиялық казак әскерлері, Қазак Даласын, Ертіс өзенінің солтүстік және солтүстік-шығыс жағын жаулап алады. Соның нәтижесінде Ертіс өзенінің солтүстік жағындағы өте бай суармалы егістік және жайылым жерлер казактардың меншігіне айналады. Сібір казак әскерлері Ақмола және Семей облыстарындағы ең жақсы егістік жерлерді және жайылымдарды (5 млн. десятина), басып алады.

Ал, Орынбордан Батыс Сібірге дейінгі жерлерді, яғни Жетісу, Оңтүстік Қазакстан, сондай-ақ, Қоқан, Хиуа хандықтарын және Бұхара Эмиратын патшалық Ресей әскердің көмегімен, күшпен жаулап алғаннан кейін, осы орасан зор территорияда мекендеген, Сібір казактарын – Жетісулық казактар деп атай бастады. Ресей империясындағы 11 казак әскерінің төртеуі (Орал, Сібір, Орынбор, Жетісу) Қазак өлкесінде құрылды. XIXғ. соңына қарай казактардың жерінің, 5 млн. десятинасын - Сібір казактары, 6 млн. десятинасын - Орал казактары және 610.484 десятина жерін – Жетісу казактары, бәрін қосқанда, олар 11.610.484 десятина жер иемденді. Жетісу мен Оңтүстік Қазакстанды басып алу нәтижесінде, Қазак өлкесінің (Даласының) әскери отарлануы аяқталды.

1861ж. шаруалардың басыбайлылығын жойғаннан соң, Қазак даласына және Сібірге, Ресейдің орталық губернияларынан стихиялы түрде қоныс аудару қозғалысы басталады. Шаруалардың (орыс және украин мұжықтарының) отарлауы Қазак өлкесінің түгелдей дерлік облыстарын қамтыды, мыңдаған қоныс аударушылардың елді мекендері пайда болды. XVIIIғ. ортасынан XIXғ. соңғы ширегіне дейін, казактардың Қазак Даласында жүргізген әскери отарлау саясаты, казактардың сан миллион үздік жерлерін тартып алуға әкеліп соқты.

Отарлық дәуірдің соңғы, екінші кезеңі 1917-1991жж., яғни кенестік дәуірді қамтиды, яғни дәуірлерге бөлуге сәйкес – «Қазіргі заман», дәуірінің хронологиялық шеңберіне кіріп кетеді. Кеңес үкіметі өзінің мәні жағынан патшалық Ресейдің Отарлық саясатын жалғастырушы болғанын, біріншіден, отарланған халықтарды орыстандырудың ең ұрымтал буыны, олардың ғасырлар бойы қолданып келе жатқан жазу таңбаларын, яғни алфавитін өзгертуінен, төте араб жазуын, алдымен латын шрифтіне, сосын кириллицаға ауыстыру саясатынан байқауға болады. Ескі жазуды өзгерту – олардың тарихи

есімінің сақталу дәстүрі мен тарихынан қол үздіру арқылы идеологиялық мәңгіртке айналдырудың бір жолы екені айдан анық.

Кенес билігінің кезінде, 10-15 жылда алфавитты (жазу таңбасын) үш рет өзгертуі, қазақтарға негативті әсер еткенін айтпаса да түсінікті. 1917-1919жж., 1921-1922жж. және 1931-1933жж., қолдан жасалған аштықтың (голодомор) нәтижесінде 6 млн. жуық қазақтың шамамен 4 млн. қаза болды. Оған 1937-1938жж. қазақ қоғамының кілегейлерін қуғын – сүргінге (репрессияға) ұшыратқанын қоссақ, қазақтар үшін нағыз ақырзаман (апокалипсис) орнағанына көзімізді жеткіземіз. II-дүниежүзілік («Ұлы Отан Соғысы») соғыс жылдарында ерлікпен қаза болған, хабарсыз кеткен боздақтарымызды, бұған тын және тынайған жерді игеру кезіндегі, 2 млн. жуық қоныс аударушылардың келуімен қазақтардың үлес салмағының 50-шы жж. аяғында 29,5% дейін азайғанын ескерсек, сондай-ақ демографиялық, экологиялық және оқу – білім саласындағы негативтік өзгерістердің (зардаптардың) орын алғанын, Қазақ Даласының атом полигонына (Семей, Азғыр, Капустин Яр) айналғанын, қазақ тілінің бейшаралық жағдайға түскенін қоссақ, онда Кенес билігінің қазақтарға негативті ықпалының басым болғанын анық байқауға болады.

Бұрындары патшалық Ресей халықтардың Түрмесі, ал Кенес Одағы (СССР) – «Тен халықтар достығының лабораториясы» деген насихаттық штамп пайдаланылғаны белгілі. Қазақ Республикасының нақты билігі болмады, ол орталықтың айтқанын орындалды, жетекші кадрлар мәселесі Мәскеуде шешілді. Пролетарлық интернационализм идеясын іске асыру, «совет халқын жасаудың» барысында орыстандыру саясаты және түркі халықтарын, соның ішінде қазақтарды ассимиляциялау қарқынды жүргізілді. Орыс тілі ұлттаралық тілден ресми мемлекеттік тілге айналды. Қазақ тілді мектептер қысқартылып, жоғарғы оқу орындарында дәрістер, сабақтар негізінде орыс тілінде жүргізілді. Іс-жүзінде ұлттық саясатты ұлыдержавалық шовинизм саясаты ауыстырды. Коммунистер шовинизмді интернационализм деп, ал ұлттық мәдениетті дамыту, ұлттық кадрларды дайындау сияқты маңызды мәселелерге көңіл бөлуді және ұлттық сана – сезімге қамқорлық көрсетуді, ұлтшылдық деп ұқты.

1.2. Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты, оның кезеңдері, зардаптары: отарықшылыққа көшу, орыстандыру (шоқындыру) саясаты

Қазақ өлкесін, Ресейдің отарына айналдыру, «орыстандыру» атты саясаттың астарында жүргізілді. XIXғ. басында декабрист П.И.Пестель: «... халық атаулының барлығы жойылып бір ұлт құрылуы тиіс, ал Ресейді мекен еткен елдің барлығы орыстануы керек» - деп мәселе көтерген болатын. Ерекше тапсырма атқарушы Макинский деген шовинист – шенеунік, Дала генерал - губернаторына жазған баян – хатында: «Қазақтарды орыстандырудың ең оңтайлы жолы оларды тез отырықшылыққа отырғызып, орыс тұрғындарымен мидай араластырып жіберу керек». Қазақтарды отырықшылыққа бейімдеп,

мәжбүрлеп оларды қолайсыз жерлерге ғана қоныстандырып, олар өмір сүре алмайтын кіріптарлыққа ұшырату қажет. Осы сәтті пайдаланып, оларды шоқындыру ісін қолға алу керектігін күн тәртібіне қояды. «Бұған көнбегендері із – түзсіз жоғалады, түбінде Қазақ Даласында, тек орыстар өмір сүретін болады. Тірі қалған қазақтар ақырында орысқа айналады» - деп жазады. Міне, орыс өкіметінің ұсыныс – пікірлерінен, қазақты орыстандыру үшін патшалық Ресей тарапынан жүргізілген жоба – жоспарларды аңғаруға болады.

ВКП(б)-ның X-съезінде көрсетілгендей «Бұратана халықтар жөніндегі патша өкіметінің саясаты, олардың арасында қандайда болса мемлекет рухын жою, олардың мәдениетін бүлдіру, тіліне қысым келтіру, оларды надандықта ұстау және ақырында, оларды мүмкіндігінше орыстандыру саясаты болды». Қазақ өлкесі түгел отарланып, халық бодандыққа ұшыраған соң, кең – байтақ Қазақ Даласын экономикалық және идеологиялық жағынан менгеру мәселесін, патша үкіметі күн тәртібіне қояды. Отарланған ұлан байтақ қазақ өлкесіне орыс шаруаларын (мұжықтарын), қазақтарды қоныстандыра бастайды. Қазақстан тарихында қоныс аудару қозғалысының кезеңдері туралы бір жақты пікір жоқ. Дегенмен қоныс аудару қозғалысын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарауға болады:

1861-1885 жылдар;

1886-1905 жылдар;

1906-1917 жылдар.

Патша үкіметінің әскери – әкімшілік отарлау саясаты, Ресейден келімсектердің (қоныс аударушылардың) ағылып келуіне жол ашты. Ақтөбе, Орал, Қостанай және басқа елді – мекендерге олар белсенді түрде орналаса бастайды. Алыстығына қарамастан, қоныс аударушылардың легі, әсіресе Жетісуда үлкен қарқын алды. Жетісудың бірінші әскери губернаторы Г.А.Колпаковскийдің бастамасымен 1868 жылы «Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы ережелер бекітіледі». 1873 жылы Туркестан өлкесінің генерал – губернаторы Кауфман қазақ өлкесін отарлаудың жоспарын жасайды. Қоныс аударушылардың ауыл – селолары, Орынбордан Ташкентке және Ташкенттен Верный қаласы арқылы Семейге дейінгі жол бойында салынуы жоспарланды. Сөйтіп, орыстардың қоныстары Қазақ Даласын о шетінен бұ шетіне дейін, кесе – көлденең өтуі тиіс болды.

Бірақ ол кезде қоныс аудару ісі кең етек алмады. Себебі, әсіресе қаратопырақты облыстардағы, Ресей помещиктерінің едәуір бөлігі шаруалардың шет аймақтарға жаппай қоныс аударуына үзілді – кесілді қарсы болды. Ресейдегі барлық помещик шаруашылығының жартысына дерлігі, жұмыспен өтеу жүйесін пайдаланатын. Оның мәні, шаруалар помещик шаруашылығын өздерінің құрал жабдықтарымен өңдейтін. Шаруалардың жаппай қоныс аударуы жұмыспен өтеу жүйесіне зиян келтіруі мүмкін еді. Патша үкіметі, селодағы революциялық қозғалыстың өрлеуіне қарамастан, помещик топтарының экономикалық мүддесімен санасып, шаруалардың қоныс аударуына шек қоюға мәжбүр болады. Тек, тырысқақ ауруы мен аштық жайлаған 1881ж., Ресейде орын алған шаруалар қозғалысының көтерілу кезінде, патша үкіметі, шаруалардың қоныс аударуына тиым салыну

саясатынан бас тартады. 1881 жылының аяғында, патша үкіметі «Қазақ Даласына» ауыл адамдарын (тоғышарларды), яғни Ресейдің шаруаларын қоныс аударудың Уақытша Ережесін енгізеді. Қоныс аударған – орыс мұжықтарына (бір еркекке) 45 десятина жер және әртүрлі жеңілдіктер беріледі. Бірақта, 1883 жылы Ресейден шаруалардың қоныс аударуын уақытша тоқтатады. Не дегенменде, 1883 жылынан бастап Жетісу Далалық генерал – губернаторлықтың құрамына кіргеннен кейін өлкеде 20 шақты поселкалар құрылды. Қоныс аударушылардың саны жыл сайын әскери қызметтен босатылған казактар тарапынан өсе бастады. Олар станциялар салып, салт – дәстүрлерін сақтап, өмір сүре бастайды. 1885 жылы «Жетісу» облысындағы отырықшы халықты жерге орналастыру туралы «Ереже» бекітілді. Бұл шаралардан кейін Жетісуда жер тапшылығы бірден сезіле бастады, себебі жерінен айырылған кедей шаруаларға өкіметтің қоныс аударушыларға қойылған талаптары қолайлы көрінді және жылдан жылға олардың саны көбейе берді. Мұндай ахуалдың қалыптасуы қоныс аударушыларға бұрын берілген жеңілдіктердің біршама өзгеруіне әкеліп соқты.

Енді жан басына 10 десятина жер (ер адамдарға) мөлшерде берілетін болды, міндеткерліктен және салықтан үш жылға дейін босатылды, кейін салықтар жартылай мөлшерде төленетін болды. Ресми деректер бойынша 1861-1885 жылдары Орал арқылы 300 мың қоныс аударушы келген. Қоныс аударушылардың санының арта беруінен сескенген үкімет бұл мәселенің шешімін іздестіре бастады, содан соң қоныс аудару саясатын бір жүйеге келтіру үшін Қазақ жеріне орыс шаруаларының өз еркімен келуін шектей бастайды.

Қазақтардың жерін жанадан жаппай тартып алу, Ресейде басталған аграрлық дағдарысқа байланысты, XIX ғ. 80-шы жж. аяғында басталады. Отаршыл өкіметтің қазақ даласын мемлекеттік деп жариялап, мемлекеттік меншік министрлігінің қарамағына беруі және оны қалауынша пайдалануға рұқсат етуі, ол жерлерге ішкі Ресей губернияларынан орыс мұжықтарының қаптап келуі, ертеректе келген келімсектердің және байырғы тұрғындардың наразылығын тудыра бастайды.

1889 жылғы 13 шілдеде «Село тұғындары мен мешандарының қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуды және олардан бұрынғы қоныс аударғандар жағдайын қарастыру» жөнінде арнайы заң қабылданды. Жетісу, Ақмола, Семей облыстарында өз еркімен қоныстандыру белгіленді. Шаруаларды қоныстандыру Ақмола, одан соң Жетісу, Орал, Семей, Торғай облыстарында XIX ғасырдың 60 жылдарының ортасынан басталып, 1892 жылы Сібір темір жол комитеті құрылғанға дейін жалғаса түсті. Қоныстандыру саясатында Транссібір темір жолы комитетінің орны ерекше болды. Ақмола облысында 1870-1895 жылдары 87 шаруа қоныстары пайда болып, отырықшы халық саны шаруа – қоныс аударушылар есебінен 2 есеге артты. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Еуропалық Ресей мен Украинадан қоныс аударушылардың келуі есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. Қазақ, қырғыздармен қоса орыс, украиндар, татарлар, тәжіктер, түрікмендер, башқұрт халқы, чуваштар, кара ноғайлар, армяндар саны өсе түсті. XIX ғасырдың 70 жылдарында орыстар мен украиндар барлық Қазақстан мен Қырғызстан тұғындарының 8%-ын (249,9

бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды ...» деп, казактардың мойнына түскен тауқыметті жария қылды.

Отарланған халықтарды орыстандырудың шешуші кілті, нәтижелі құралы – аралас мектептер ашып, күнделікті саяси – әлеуметтік мұқтажына қызмет ететін төменгі дәрежелі қызметкерлер дайындау еді. Генерал – губернатор фон – Кауфман 1880 жылдың 8 қарашада Халық Ағарту министріне жолдаған хатында, орыс жазуы негізінде оқытылатын мектеп арқылы, бұратана халықтарды тезірек ассимиляциялау, сөйтіп Ресеймен кіріктіріп жіберу міндетін алға қояды. Бөкей Ордасы казактарын орыстандырудың мәселесін көтеріп, өзінің миссионерлік жолдағы басты танымын анық байқатқан Алекторов «бұратана халықтар үшін мектеп орыстандырудың басты құралы...» деген ұранды жүзеге асыруды ұсынады. Патша үкіметіне қызмет ететін казактардан аудармашыларды кеңсе хатшыларын, жергілікті әкімшіліктің шенеуніктерін дайындау мақсатында арнайы орыс мектептерін ашу көзделді. Казактар үшін бірінші орыс мектебі 1789 жылы «Азия мектебі» атымен Омскіде ашылды. 1836 жылы бұл мектеп жабылады да, онда оқитын 20 тәрбиеленуші, Сібір казак әскерлері училищесіне аударылады. Олардың арасында әскери және азаматтық шендері бар казактардың балалары бар еді.

1857 жылы казак балалар үшін, Омскіде облыс басқармасының жанында кеңсе хатшыларын дайындайтын арнайы мектеп ашылады. Осыған ұқсас «Орыс - түземдік», немесе «Орыс - қырғыз» мектептері, Қазак өлкесінде басқада қалаларда ашыла бастады. 1841 жылы – Оралда, 1869 жылы – Торғайда, 1887 жылы – Шымкентте, 1888 жылы – Туркістанда, 1894 жылы – Қазалыда, 1901 жылы – Кировскіде, кейініректе казактар үшін орыс мектептері Әулие – Атада, Верныйда, Семейде, Петропавловскіде, Акмолада, Қостанайда ашылды. Бұл мектептердің барлығын патша үкіметі ашып, олар мемлекет есебінде болды. Осы мектепті бітірген казак жастары, патшалық Ресейдің отарлық саясатының мәнін жақсы түсініп, кейін ұлттық – демократиялық зиялылардың қатарын толықтырғанын айтқанымыз жөн болар.

Патшалық Ресейдің миссионерлері, ғалымдары, шенеуніктері халқымыздың, ата – бабаларымыздың кіндік қаны тамған елді – мекен, жер атауларына қол сұға бастады. Қазак даласындағы орыс тілінен енген топонимикалық жер атауларының қалыптасуын екі кезенге бөліп қарауға болады. Бірінші кезенге, яғни патшалық Ресей дәуірінде еріксіз күшпен танылған отаршылдық мазмұндағы топонимикалық атаулар тобы жатады. Олар: Верный, Перовский, Черняев, Павлодар, Петропавловск және т.б. қалалар. Отарланған казак өлкесіндегі географиялық жер атауларын өзгерту саясатын патша әкімдері (губернаторлары) сан қилы айла – тәсілдерді қолдану арқылы жүргізіп келді. Отарланған казак өлкесіне ә дегеннен – ақ Романовтар әулетіндегі патшалар мен князьдердің, отарлау ісіне тікелей араласқан әскери қолбасшылардың генерал – губернаторлардың ірі шенеуніктердің, миссионерлердің, дін басыларының аттарын қою тәсілі басым болды. Сондай – ақ, метрополиялық орталықтағы жер атауларын, отарланған казак өлкесіне қайталап қою тәсілі қолданылды. Тіпті, отарланған ұлан – байтақ казак даласында жаңадан қойылатын жер атаулары жетпей қалғанда, жергілікті елді –

мекен, жер - су аттарын калькалау (яғни көшіріп қою) әдісі арқылы орысшаға аударып, отаршылық рухты сіңіре беру тәсілінде қолданады. Мысалы: Аксу – Беловод, Шортанды – Щучья, Көкшетау – Синегорье, Балықшы – Рыбачье, Бестау – Пятигорск, және де Романовтар әулетіндегі патшалар мен бекзадалардың атына «ново» деген үстеме сөз қосу арқылы елді – мекенге кісі аттарын қою тәсіліде пайдаланылды. Мәселен, Ново – Николаевка, Ново – Алексеевка, Ново – Михайловка, Ново – Романовка және т.б. аттар.

Қазан төңкерісінен кейін (1917ж.) күшпен таңылған отаршылық мазмұндағы елді мекен атаулары, бастапқы табиғи калпына түсіріле бастады. Қазак жеріндегі отаршылық мазмұнда қойылған елді – мекен атауларының ең ірілері өзгертілді де, көптеген қала, село, шағын елді – мекен аттары патша отаршылдары қойған калпында өзгеріссіз қалып келеді.

Тәуелсіз Қазақстан кезінде, ат төбеліндей орыстардың қарсылығына қарсы шыға алмай, өзгеріссіз қалған елді – мекендер, мәселен, Павлодар, Петропавловск, Ванновка (Вановский), Самсонов және т.б. Ақмола облысы – Балкашино селосы, Өзбекстан мен Қазақстанның арасындағы Черняев станциясы. 1992 жылы дерек бойынша Республикамыздағы 83 қаланың - 28-і, 222 ауданның - 107-і, 35 қалалық аудандардың 32-сі, 222 аудан орталығының - 126-сы, 204 жұмысшы поселкесінің - 72-сі, әсіресе 2418 сельсоветтің - 1197-сі, 8369 елді- мекеннің 3567-сі тек орыс тілінде аталған. Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстарында әлі күнге дейін, елді – мекендер, көшелер орысша аталуда.

1.3. Ресейдің экономикалық жағдайы. Ресей аграрлы мемлекет. Өнеркәсіптің дамуы. Алғашқы өнеркәсіп өрлеуі (1893-1900жж.)

Қазақ өлкесінің әлеуметтік – экономикалық жағдайын әңгімелегенде, оның патшалық Ресейдің отары, артта қалған шет аймағы (провинциясы) екенін естен шығармауымыз керек. Қазақстанды айтпағанда Ресейдің өзі таза аграрлық ел болатын өнеркәсіптің дамуы деңгейі тым төмен болған. Ірі өнеркәсіп орындары, заводтар мен фабрикалар қол күшіне сүйенген, артта қалған көбінесе ұсақ кәсіпорындар болған. 1880 жылға дейін Ресейде темір жол салуға қажет шикізат пен құралдар шет елдерден әкелініп отырған. Ресейдің экономикалық артта қалушылығы елде қайта құру ісін қиындатты, осы кедергіні жеңу үшін мемлекет тәрпынан дәйекті және айтарлықтай көмек керек еді.

Біріншіден, қатаң салық саясатын енгізу, отандық өнеркәсіптің дамып келе жатқан, секторларын шетел бәсекелестігінен қорғау, ақшаның тұрақтылығын және төлеу қабілетін қамтамасыз ететін қаржы реформасын жүргізу ақыры, шет ел капиталынан қаржылай көмек алу арқылы өнеркәсіптің дамуының экономикалық бағдарламасын іске асыру көзделді. Ресейде алғашқы өнеркәсіп өрлеуі немесе бірінші капиталистік индустриализация 1893 жылы басталады. Сол жылы артта қалған экономиканы алдыңғы қатарға шығару

үшін, Еуропа елдерінің деңгейіне жету үшін, патша үкімет, шет ел мемлекеттерінен қомақты қаржыны қарызға алуға шешім қабылдайды. Германиядан, Франциядан, Голландиядан, Англиядан түскен шетелдік инвестиция темір жол құрылысына жұмылдырылды.

Шет ел капиталының Ресей экономикасына құйылуы, XIXғ.90-шы жж. өнеркәсіптің дамуына айрықша рөл атқарды. 13 жылдың ішінде (1887-1900жж.), өнеркәсіпте жұмысшылардың саны орташа есеппен, жылына 4,6%-ға, ал өнеркәсіп өндірісі 6,4%-ға өседі. Темір жол торабының жалпы ұзындығы (1892-1904жж.) екі есе артады. Осы жылдары Сібірді игеруді жеңілдеткен, Сібір темір жолы салына бастайды, сондай – ақ, стратегиялық маңызы зор, жаңа темір жол торабтары іске қосылады. Мәселен, Орынбор – Ташкент темір жолы. Темір жол құрылысының қарқынды дамуы, өндірістің шоғырлануының деңгейі тым жоғары болған металлургия өнеркәсібінің дамуына жағдай жасады. Украинаның оңтүстік – шығысында мол темір кені бар аймақта, қысқа мерзімде, Запорожье, Мариуполь, Екатеринбург, Александрьевский, Кривой Рог, және т.б. 17 ірі металлургия зауыттары салынады.

Темір, шойын, болат балқытатын донна, мартен пештеріне қажетті, 2000 градус жылу беретін кокс көмірін Донбас бассейні беріп тұрды. Донбас пен металлургия зауыттарын байланыстыратын темір жол торабтары тартылады. 10 жылдың ішінде шойын, прокат және болат шығару үш есеге өседі. Мұнай өндіру 5 есе өседі. 1880 жылы игеріле бастаған Баку өңірі әлемде өндірілетін мұнайдың жартысын дерлік берді. Еуропаның үздік ғылыми – техникалық жаңалықтарын ұтымды пайдаланған, Ресей алдыңғы қатарлы капиталистік мемлекеттердің қатарына қосылып, өзінің даму қарқынының тым жоғары болуы себепті, капитализмнің жоғарғы сатысы – империализмге көшеді. 90 – шы жж. өнеркәсіптің шарықтауы империяның көптеген облыстарын танымастай өзгертіп жіберді. Жаңа қалалар, өнеркәсіп орталықтары және ірі заводтар пайда болады.

Мәскеу мен Санкт – Петербургте ірі металлургия және химия кәсіпорындары, өнеркәсіп алыптары, мәселен 12 мың жұмысшысы бар, Путилов заводтары шоғырланды. Өнеркәсіп ошағы болған Орал темір жол байланысы жоқтығынан және технологиялық артта қалушылық нәтижесінде, өз орнын Украинаға береді. Донецк тас көмірін және бай темір кенін игеру Украинаны экономикалық даму жағынан бірінші орынға шығарды. XIXғ. бұрын болып көрмеген экономикалық өрлеу капиталдың шоғырлануына ықпал етті. Ресейдің одан ары дамуына орыс деревнясы өнеркәсіп өнімдерін тұтынудың төмен деңгейі, ішкі рыноктың нашар дамуы кедергі болды. Елдің экономикасының дамуының негізгі қайшылығы артта қалған өндіріс тәсілдері мен алдыңғы қатарлы технологияға сүйенген өнеркәсіптің өсуі еді. Кеңес тарихшылары Лениннің тезистерін қайталап, крепостниктік қоныс жоюды деревняда капитализмнің тез дамуын қамтамасыз еткен «буржуазиялық реформа» деп атайды.

Шындап келгенде, крепостниктік қоныс, шаруалардың басыбайлылығын жойған жағдайға келсек, ол капитализмнің дамуына жағдай жасаған жоқ, керісінше ескі, феодалдық экономикалық құрылымды бекітеді.

Оның үстіне шаруаларды заң түрінде босату, экономикалық қажеттіктен тумаған еді. Өнеркәсіп крепостниктік правоны жоюға қызығушылық танытпаған еді. Мәселен, өнеркәсіптің ең өсіп келе жатқан саласы – басы байлы шаруалардың еңбегін пайдаланып отырған, металлургияның жұмысының шырқын бұзды. 1861 жылы реформа шаруаларды заң жүзінде ғана босатады. Олар экономикалық тәуелсіздігін алмады. Самодержавие барлық күшімен помещьелік дворяндардың мүддесімен артықшылықтарын сақтап қалуға тырысты. В.И. Ленин сол кездегі Ресейдің экономикалық дамуын «Ең дамыған қаржы және өнеркәсіп капитализмі және ең артта қалған егіншілік және дөрекі деревня» деп сипаттаған болатын. Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады. Өнеркәсіптің деңгейі жоғары дәрежеде болғанымен, аграрлы Ресейдің даму қарқыны сын көтермейтін.

1.4. Қазақ өлкесінде өнеркәсіп ошақтарының қалыптасуы, оның ерекшеліктері мен отарлық сипаты

Патшалық Ресейдің отары – шеткі аймағы Қазақ өлкесінде феодалдық қатынастар үстем болды. Капиталистік қатынастар нашар дамыған болатын құнарлы жерлерді және жайылымдарды, қоныс аударып келген орыс мұжықтары мен казактардың тартып алуы жергілікті казактардың көшпелі мал шаруашылығын күйзеліске әкеледі. Жер өрісінің тарылауына байланысты, казактар алыс жайылымдарға көшіп – қону мүмкіндіктерінен айрылады. Олар енді қысқа дайындық ретінде малға шөпті дайындауға кіріседі, амалсыздан егін егеді. Сөйтіп, отырықшылыққа үйренген казактар, егіншілікпен шұғылдана бастайды. Мал шаруашылығын да ұмытпайды, отырықшылыққа көшкен шаруашылықтар саны өсе бастайды, осыған байланысты көшпелі шаруашылықтың сандары үнемі азаюда болады. Патша үкіметінің алға қойған мақсатыда осы еді.

Қоныс аудару басқармасының мәліметіне сүйенсек, Семей уезінде көшпелі шаруашылықтың саны, 1895 жылы 37,7%, Өскемен уезінде 39,3%, Зайсан уезінде 46,7% құрған. Олардың көбісі, қосымша егіншілікпенде шұғылданған. 1880 жылы Қазақ өлкесінде (Жетісуды санамағанда) егін егу аумағы 500 мың гектар болса, 1900 жылы 1700 мың гектар болған.

Қазактардың өнеркәсібінің дамуына отарлық жүйе өз әсерін тигізді. XIX ғасырдың аяғында казактардың тау – кен байлығын игеру басталды: мыс, күміс, қорғасын, көмір және де басқа байлықтар өндірілді. Ауыл шаруашылығы шикізаттары кеңінен пайдаланылды. Өлкеде негізінен ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдейтін, ұн тартатын, май қорытатын, тері илейтін, сабын қайнататын кәсіпорындар ғана дамыды. Онда қол жұмысы мен қарапайым техника пайдаланылды. Жел мен су двигателдерімен қатар керосин мен мұнай пайдаланыла бастады.

Ірі фабрика – заводтық өнеркәсіп өте нашар дамыды. Өнеркәсіптің дамуына патша өкіметінің отарлық әскери – феодалдық саясаты өз әсерін

тигізді. Қазак өлкесі Ресейдің өнеркәсібі үшін тек шикізат қоры және орыс фабриканттары мен көпестерінің өнімдерін рынок ретінде ғана қажет болды.

Қазак өлкесіндегі өнеркәсіп салаларының ішінде түсті металлургияның маңызы зор еді. 1747 жылы мыс кен орындары ашылады. II екатерина тұсында 1763 жылы Алтайдағы қорғасын – күміс рудниктерін игеру басталады. Онда заводтарға тіркелген басыбайлы орыс шаруалары және кедейленген казактардан сатып алынған казак балалары жұмыс істеді. 1784 жылы Ульба өзенінің жоғарғы ағысында Алтайдың қазына өнеркәсіптерінде маркшейдер (кен байлықтарының орнын іздеп тауып, оның геологиялық зерттеуін жасайтын адам) Филипп Риддер оның аталған қорғасын – күміс рудниктерін ашады.

XIX ғасырда алғашқы тау – кен өнеркәсібінің иесі көпес Степан Папов болады. 1834 жылы ол Берк – Қара шатқалында қорғасын – күміс және мыс рудасын өндіретін Богословский деп аталған рудник ашады. Айтпақшы, руданың шоғырланған орнын казактар көрсетіп берген болатын. Степан Попов орыс өкіметінен жеңілдік жағдайда руда шығаруға рұқсат алады. Руданы балқыту 1844 жылы жолға қойылады. С.Попов бірнеше завод салады. Ол жыл сайын 8 мың пұт мыс балқытатын. 1896 жылдан бастап күмісті балқыту Зыряновск және Риддер рудниктерінде іске асты.

Тас көмір Қарағандыда, Игілік Утеповтің жер иелігінде, 1833 жылы табылды. Оны ашқан қойшы – Аппак Байжанов болатын. 1854 жылы кен орны 225 сомға Ушаков деген көпеске сатылады. Осыдан бастап, көмірді өндіру басталады. 1868 жылдан бастап Семей және Ақмола облыстарында өнеркәсіпке қажетті тас көмір өндіріле бастайды. Мәселен, 1893 жылы семей облысында тас көмір шығаратын 32 тау кені жұмыс істейді. 25 жылда мұнда небәрі 3 млн. пұт көмір өндірілген. Бес жылда, 1894 жылы Донбасста 3 млн. пұт көмір өндірілгені белгілі.

Қазакстандағы кен байлықтарын өндіру жыртқыштық сипат алды. Түсті металдар мен көмірдің бай кендері ғана иегерілді. Қазак өлкесінің кейбір аудандарында тұз өндірілді және балық аулау кәсіпкерлігі болды.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазакстан өлкесіне шетел капиталдары ене бастады. Лондонда «Сібір синдикататының офісі» құрылды. 1904 жылы ағылшын кәсіпкері Уркварт Лесли «Қырғыз тау – кен акционерлік қоғамын» ұйымдастырды. Сол жылы Қарағанды Көмір шұңқырлары, Спасск және Успенс мыс балқыту рудниктері француз капиталисі Карноға оны ағылшындардың «Спасск мыс рудасы акционерлік қоғамына» сатып жібереді.

1908 жылы Америка акционерлік қоғамы 380 мың сомға Жезқазған рудниктерін сатып алады. Бұл жерде олар американдықтардың «Атбасар мыс қоры акционерлік қоғамы» ұйымдастырылады. Шетел капиталы негізінен қазып шығаратын өнеркәсіпке ынталы болды. Әсіресе, түсті металл, көмір, мұнай оларды қызықтырды. Қазакстанның қазба байлықтарын қазып алу, орыс және шетел капиталы тұрғысынан жыртқыштық сипат алды. XX ғасырдың басында 1905-1912жж. Қазакстанда өнеркәсіп айтарлықтай дамыды. 1910 жылы өлкеде 18 мың жұмысшысы бар 5 мың өндіріс орны жұмыс істеді.

Мұнай шығаратын «Орал – Каспий акционерлік қоғамы», «Нобель жолдастығының мұнай қоғамы», «Ембі қоғамы», «Каспий және Ембі қоғамы» құрылды.

Патша өкіметі Орта Азия мен Қазақ өлкесін жаулап алғаннан кейін, сауда – сагтық жылдан – жылға өсе бастады. Сауданың дамуына Ресейдегі теміржол құрылысы өз ықпалын жасады. Орынбор – Ташкент темір жолының салынуының маңызы зор болды. XIX ғасырдың екінші жартысынан қазақ өлкесінің Ресейдің отарына айналуына байланысты сауда жанадан салынған қалаларда да жүргізілді. Қалаларда сауда ақша арқылы жүргізілсе, Ұлы Далادا – ауылдарда айырбас сауда үстем болды. Айырбас өлшемі ретінде қой жүрді. Осы өлшемде ірі қара малдың, жылқылардың және түйелердің де құны көрініс тапты. Алыпсатарлар сатып алған малдарын Омскіге, Орынборға, Симбирскіге, Нижний Новгородқа, Москваға және империяның басқа қалаларына жіберді.

XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында Орал саудагерлері Уиль жәрменкесін ашуға рұқсат алды. Қазақ жерінде тауар – ақша қатынастары бірден – бірге дами берді. Оған жәрменкелік сауда жасаудың зор ықпалы тиді. Қазақстандағы Қызылжар, Семей, Ақтөбе, Көкшетау, Гурьев, Орал, сондай – ақ көрші Ресей губерниясындағы Омбы, Қорған, Түмен, Орынбор, Ірбіт, Нижний Новгород қалалары ірі сауда орталықтарына айналды, оларда жазғы және күзгі кездерде жәрменкелер жұмыс істеді. Қазақстан орыс кәсіпшілігі үшін мал, шикізат жеткізуші әрі өндіріс өнімдерінің тұтынушысы болды. Қазақтар жәрменкелер мен айырбас пункттеріне қой, жылқы, ұсақ және ірі қара малдары мен май, былғары, тері, өлтірі, ешкі түбітін, арқан жеткізді. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың басында Ресеймен шекаралас сауда орталықтарында Қазақстаннан тек бір жыл ішінде 1,5 миллионнан астам мүйізді ірі қара мал және 100 мыңнан астам жылқы сатылған. XIX ғасырдың ортасында Ертіс шекаралас ауданында жыл сайын 150 мыңдай жылқы, 3 млн. қой – ешкі және 100 мың өгіз бен сиыр – барлығы 8 млн. сомға дейін қаржыға мал түсіп отырған.

Бұл кезде Қазақстан Ресей астығының негізгі тұтынушысына айналды. Барлық шекаралас сауда орындары арқылы мұнда жыл сайын 400-500 мыңсомға астық жеткізілді. Ресейден шұға, қағаз, кант, бояулар, жабайы аңдардың қымбат терілері, өңделген былғары, темір, болат, шойын, ине, алтын және күміс тенгелер алды. Сауда негізінен айырбас түрінде жүрді. Баға өлшемі жұрттың бәріне бірдей үш жасар қойдың құны 1 сом күміске тенеліп, сол бойынша басқа тауарларға тиісті баға қойылды.

Жәрменкелердің ықпалымен Орталық Қазақстан өңірінде тұрақты сауда орындары жұмыс істеді, шағын және орта кәсіпкерлік дамыды. Мысалы, өткен ғасырдың басында Қарқаралы 11 диірмен, тері илеу, сабын өндіру, кірпіш құю, май еріту және сыра қайнату зауыттары іске қосылды, оларда жалдамалы жұмысшылар еңбек етті. 1885 жылы жәрменке жананда пошта бөлімшесі ашылып, көп ұзамай телеграф байланысы жетті. 1894 жылы мемлекеттік банкінің, бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында сыртқы сауда жөніндегі орыс банкінің бөлімшелері қызмет көрсете бастады. Дүкендермен қатар мейрамханалар, қырықтан астам тұрғын үй, қойма ғимараттары салынды,

кылмыс жасағандарды уақытша камайтын абақтысы бар сот үйі, ояз бастығының уақытша жұмыс істейтін кенесі орналасты. Медициналық және мал дәрігерлік мекемелердің жұмысы жолға қойылды. Жәрменкенің бір қанатында азық - түлік дүкендері мен қымызханалар, шайханалар моншалар орналасты.

Жәрменкелік саудадан басқа ауылдарда айырбас іске асты. Мұнда көпестер жылжымалы арбалармен келіп, өз тауарларын малға немесе басқа да мал өнімдеріне айырбастады. Қазақтар арасында да саудамен шұғылданатын ауқатты, бай топтар пайда болды. Олар қалаларға қоныстанып, өз үйлерін салып, қала өміріне ыңғайлана бастады.

Орыстар жаулап алғанға дейін казак өлкесінде тек ұсак кәсіпшілдік дамыған болатын. Аз көлемде қол күшіне сүйенген тәсіл арқылы руда шығарылатын, қорғасын мен мыс балқытылатын, казактар үй шаруашылығына қажетті затты: арбаны, қазанды, ыдыстарды, кетпендерді, кейбір қару – жарактарды, күміс пен мыстан әр түрлі әшекей заттарды өздері жасаған.

Сөйтiп, казак өлкесінде аз қарқынмен болсада, өндiрiс күштерi дами бастады. Өлке бiртiндеп капиталистiк қарым – қатынастарға тартыла бастады.

II ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫСТАР. ХХ ғ. БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС, ОНЫҢ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ БАҒЫТЫ

2.1. ХХ ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалыс, оның діни-ағартушылық бағыты

1.1. Исламшылдық (панисламизм) және түркішілдік (пантюркизм). Жадизм. Исмаил Гаспаралы (Гаспаринский).

XX ғ. басында қазақ даласында, бірі Бұқара мен Түркістан өлкесінде өріс алған дәстүршіл, исламшыл (панисламизм), екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жанашыл, түркішілдік (пантюркизм) ағымы дамиды. Исламшылдық пен түркішілдік идеялары Ресейде XIX ғ. 80-жылдары татар интеллигенциясының мәдени-либеральдық қозғалысы ретінде дүниеге келеді. Бұл қозғалыстың қалыптасуы мен таратылуы Қырым-Татар ағартушыларының қоғамдық және ғылыми қызметтерімен тығыз байланысты. Осыған байланысты, мүмкіндігінше құпия болып келген, орыс шовинистеріне ұнамайтын бір фактіге жүгінгенді дұрыс көрдім.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Ресей империясында мекендеген халықтардың арасында сауатты және ең білімді халық – бұл Қырым және Қазан татарлары еді. Шындап келгенде, олар татарлар емес, ол орыстардың қойған аты ғой. Мәселен, Сібірді мекендеген түркі тілдес халықтарды, шорларды, телестерді, теленгіттерді, Бараба түріктерін және т.б. – Сібір татарлары, Солтүстік Кавказдағы құмық, балқар, карашайларды – Солтүстік Кавказ татарлары, Қазандағы Еділ бұлғарларын және Қырымдағы – қырымшақ, қырымлық және қарайымдарды (олар түркі тілінде сөйлейді, бірақ иудея дінін ұағыздайды) – Еділ және Қырым татарлары деп атап кеткен.

Исламшылдық (панисламизм) XIX ғ. аяғында пайда болған идеологиядан туындайтын қозғалыс. Исламшылдық («панисламизм» немесе «Ұлы исламшылдық») XIX ғ. II жартысында қалыптаса бастаған идеологиялық ағым. XIX ғ. басы мұсылман елдерінің көп жапа шегуімен, батыс мемлекеттерінің экспансиясы мен отарлауының күшеюімен сипатталады. Мұсылмандардың ірі мемлекеті Осман империясының күйреуін жақындатқан, ішкі және сыртқы қиыншылықтарды бастан кешіп жатқан кез еді. 1884 жылы афган қайраткері Саид Афгани (Джамаль ад-Дин ал-Афгани) бірыңғай қауым «уммаға» мұсылман дінін жақтаушылардың барлығын ислам туының астына біріктіріп, отаршыл-агрессорларға «қасиетті соғыс» жариялауды ұсынады. Афгани мұсылмандықты реформалап, мұсылман дінін жақтаушыларды азаматтығына, ұлтына, тілі мен тегіне, өңіне қарамастан бір ту астына біріктіріп, оны «әлемдік дін» деп жариялауды ұсынады. Сөйтіп, Афгани «исламшылдықтың» («панисламизм») идеясының негізгі белгілерімен таныстырады. Қысқаша айтқанда, «исламшылдық» – жер бетіндегі барлық мұсылман қауымының бірлігі концепциясы мен олардың біртұтас ислам мемлекетіне бірігу қажеттілігіне негізделген діни-саяси идеология және тәжірибе.

Афганидін идеясы Осман империясының сұлтаны жағынан қолдау табады және мұсылман партиялары мен қозғалыстары арасында, сондай-ақ әр елдің қатардағы мұсылмандарының да қолдауына ие болады. Шет ел агрессорларымен «жеңіске жеткенше соғысуды» жақтаған «исламшылдық» идеясы өзінің бастапқы кезеңінде отаршылдыққа қарсы сипат алғанын байқаймыз. «Исламшылдық» Шығыс халықтарының өмірінде аса маңызды рөл атқарды. Үндістанда халифаттық қозғалыс ағылшын үстемдігіне қарсы шықты. Оның нәтижесі белгілі – Үндістан тәуелсіздігін жария етті. «Исламшылдықтың» ұрандары антиимпериалистік сипатта басқа елдерде де көрініс тапты.

Исламшылдықтың (панисламизм) орталығы Бұқара қаласы болды. Жоғарғы лауазымды қызметкерлер: қазылар, күш-бегі (бас министр), зекетші (басты салық жинаушы), эмирдің өзі, мұсылман ғалымдары өлкедегі барлық саналы мұсылмандардың басын біріктіретін мемлекет құруды жоспарлайды. Олардың ұраны: «Барлық мұсылмандарды біріктіріп, патшалық Ресейге қарсы күресу» болатын. Олардың арасында мұсылмандарды біріктіретін мемлекет туралы талас өршиді: Мұсылмандардың басын біріктіретін қай ел болу болу керек, Түркия ма, Ауғаныстан ба? Мақсатқа жету үшін «газават» соғысын («кәпірлерге» қарсы соғысты) ұйымдастыру көзделеді.

Исламшылдық (панисламизм) идеясын жақтаушылар, жастар арасында тараған еуропалық мәдениеттің жағымсыз жақтарын: сыра ішуді, опиум тартуды, көпшілік (публичный) үйлерді, рухани және тән азғындықтарына баруды және ғасырлық салт-дәстүрлерді бұзушылыққа үзілді-кесілді қарсы болды. сол себепті исламшылдар кінәның бәрін орыстарға жабады. панисламшылдар түркішілдікті, әсіресе, жадидшілдікті олардың ағартушылық қызметтері үшін ұнатпады.

Түркішілдік (пантюркизм) – түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым. XX ғ. басында саяси тұжырымдар және саяси көзқарастар жүйесінде пайда болған діни-саяси идеология. Түркі тілді халықтардың бір мемлекетке Түркияның қамқорлығымен «Ұлы Тұран» мемлекеті болып бірігуін мақсат еткен көзқарастар мен саяси тұжырымдар жүйесі.

Түркішілдік («пантюркизм») идеясының шығуына XIX ғ. екінші жартысына жатады. Бұл кезде патшалық Ресей «панславизм» («славяншылдық») туы астында, экспансионистік саясат жүргізіп, боданға айналған орыс емес халықтарды қатан езіп-жаншып отырған болатын. Ресейде тұратын татар интеллигенциясының арасында патша үкіметі жүргізіп отырған ұлттық езу саясатына қарсы бағытталған идеялық ағым пайда болады. Көрсетілген саясатқа қарсылық шара ретінде осы ағымның өкілдері Ресейдің барлық мұсылмандарын «бірыңғай түрік ұлтына» біріктіруді қажет деп санады. Ол үшін олар үгіт-насихат жүргізді, білімді дамытуды және тіл реформасын жүргізіп, көпшіліктің санасына мәдени салт-дәстүрдің жалпы екенін және ұлтшылдықтың цементтейтін рөлін күшейтуді ұсынады.

XX ғ. басындағы қазақ қоғамының саяси-идеялық ахуалына, түркі халықтары бірлігі, түркішілдік («пантюркизм») идеясының қалыптасуы

біршама ықпалын тигізді. Түркішілдік идеясы «Айқап» журналының (1911-1915 жж) төңірегінде топтасқан казак либеральдық-ұлттық интеллигенция өкілдерінің саяси-құқықтық көзқарастары мен атқарған қызметтерінен анық байқалады (Мұхамеджан Сералин, Бакытжан Қаратаев, және т.б.). Олар Ресейдегі түркі елдерін біріктіру керек деген пікірді ұсынады. Түркішілдік идеясы, казак ұлт интеллигенциясының пікірінше, Ресейдің қол астында отарлық саясаттан зардап шеккен барлық түркі тілдес халықтарды бір ту астына біріктіретін бірден-бір ортақ рухани күш ретінде танылды.

Міне, осындай ұлттық манызы бар мәселелерді шешу үшін, казак зиялылары түркішілдік туы астында топтасып, патшалық Ресейдің отарлық саясатына бірігіп қарсы тұрып, ақыр соңында ұлт автономиясын құру қажеттілігін ұсынады.

Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтары тарихында түркішілдік қозғалыстың дамуы біркелкі болмады. ХХ ғ. І ширегінде ол Қазақстанда – Алаш, Азербайжанда – мусават, Қырымда – миллифирк, Татарстанда – «Иттифак эль-муслимин» қозғалыстарына ұласса, Өзбекстанда (Бұқара, Хиуа) мазмұны бастапқыдан біраз өзгерсе де «Жадизм» атауымен дамыды.

Пантүркішілдіктен шыққан «жадидшілдік (жадизм)» екі идеяның – ағартушылық пен діннің бірігуін білдіреді. «Жадидшілдіктің» негізін салған Исмаил Гаспаралы (Гаспиринский) (1851 – 1914жж) болатын. Ол көзі тірі кезінде халық арасында «біздің сүйікті ұстазымыз», «халықтың қызметшісі», «түрік-татар ұлттарының ағартушысы», «прогреске жол ашқан» сияқты тенеу, атақтарға ие болған еді. ХХ ғасырдың басында жанадан қалыптасып келе жатқан казак зиялыларына Ысмайылбек Гаспаралыны бүкіл Ресей түркі халықтарының мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын саяси көсемі ретінде таныды. Оның еңбектерін оқыған казак зиялылары түрікшілдікке бас ұрмай кетуі мүмкін емес еді. Ахмет Байтұрсынов, Мұхамеджан Сералин, Шәкәрім Құдайбердиев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев сияқты казак зиялылары Ысмайылбек Гаспаралының (Гаспиринский) түрікшілдік идеяларын казак топырағында жандандырып, ел арасына түрік патриотизмі, түрік бірлігі рухының дәнін екті, фәлсафасын уағыздады. Казак зиялыларының түрікшілдіктен нәр алған өздерінің көкейлерінен шыққан жалынды сөздері казак халқын саяси бостандық пен теңдікке жігерлендіргені хақ. Демек, ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-идеялық ахуалдың қалыптасуына түрікшілдік идеялардың ықпал еткені ақиқат болып қала бермек.

1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін түрікшілдікті жақтаушылар Ресейде қуғынға ұшырап, көпшілігі, соның ішінде И.Гаспиринский бар, Түркияға кетеді. Сөйтіп, бұл идея түрік зиялыларының қолына өтіп, жана Түркияны қайта гүлдендірудің рухани тірегіне айналады.

Жадидшілдік бірыңғай саяси сипаттағы қозғалыс емес, ол ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар концепция әрі ағым.

«Жәдит» термині ХІХ ғ. екінші жартысында өмірге келген. «Жәдид-и» арабтың «жаңа» деген мағына беретін сөзі.

Әлемдік озық педагогика тәжірибесіне сәйкес, алғаш рет мұсылман балаларын дыбыс жүйесімен оқытуды Қырым татары-ағартушы Исмаилбек Гаспаралы (Гаспиринский) бастайды. Қырымдағы Бақшасарайдың зиндуарлы медресесінде басталған осы жанаша оқыту әдісі санаулы жылдарда Ресейдің күллі мұсылман аймағына, тіпті шетел – Үндістанға дейін тарайды.

И.Гаспиринский 1881 ж. күн тәртібіне жүйелі жәдит мектептерін ашу туралы үкіметке ұсыныс жасайды. Жана мектептер стихиялы түрде әр-әр жерде жүректі адамдардың бастамасымен және иманды байлардың қаржысымен ашыла бастайды. Мәселен, 1912 ж. Гаспаралының жақтаушылары Орта Азия мен Ресейде 52 жана әдістемелі мектептер ашады.

Түркістан өлкесінде Жәдидшілдік – ұсақ, орта өнеркәсіп буржуазиясының өкілдерін (мұғалімдер, сауда қызметкерлері және т.б.) біріктірді. Жадид-новаторлық қозғалыс ретінде Түркістан исламшылдығының (панисламизм) сол қанатын құрды. Мақсаты жана әдісті мектептер ашу болатын. Жадидшілер патшалық Ресеймен және панисламның (исламшылдықтың) оң қанатымен күреске түсті. Жадидтердің Түркістандағы орталығы – Қокан қаласы болды. Қазақ даласында түркішілдік негізде қалыптасқан ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы біркелкі болмады. Саяси бағыттары мен әлеуметтік негіздері бойынша оларды үш топқа бөлуге болады.

I топты, шартты түрде, либеральдық-демократиялық деп атауға болады. Оның өкілдері Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларында және Ресейдің басқа да орталықтарында жоғары білім алған, көпшілігі отаршылдық әкімшілікте қызмет еткендер, мұғалім, адвокат және тағы басқа боп жұмыс істеген, сұлтан би, бай және аққатты казактардың отбасыларынан шыққандар болды. Ресей демократиялық идеалдары мен Батыс еуропалық прогрессивті ойларының ықпалымен тәрбиеленген, басқа топтарға қарағанда, сан жағынан көп және жақсы ұйымдасқан бұл топ «Алаш» партиясының негізін құрады. Бұл топты Ә.Бөкейхан «Батысшылдар» деп атаған.

Ұлттық интеллигенцияның екінші тобын Түркияны бағыт еткен мұсылмандық қозғалыстың өкілдері құрды, сол себепті оларды Ә.Бөкейхан «Түркфильдер» деп атады. Бұл топқа тек молдалар, имам, қожалар ғана емес, демократиялық бостандық үшін, бірінші кезекте ар бостандығы және патшалық Ресейдің отарлық езгісіне, оның казактарды орыстандыру және күштеп шоқындыру саясатына қарсы күрескен ұлттық интеллигенция өкілдері де кірді. Аталған екі топ та Ресей империясының отарлық саясатына қарсы күресті. Осы кезеңде (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы) қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, соның ішінде қазақ ұлттық интеллигенциясының қызметі өзінше үлкен саяси бағытқа айнала бастады.

Үшінші, әлсіз әрі аз ұлттық зиялылар тобын казактардың кедей топтарынан шыққандар құрады және олар социалистік бағыттағы көзқараста болды. Бұл топтың өкілдеріне: Әліби Жанкелдин, Тұрар Рысқұлов, Көлбай Төгісов, Сәкен Сейфуллин және тағы басқалар жатты, 1917 ж. ақпанынан кейін өздерінің ұйымдарын, баспа органдарын және т.б. құра бастады. Бұл топ 1917 ж. қазаннан кейін Орталықтан, Кеңес үкіметінің, оның әскерлерінің қолдауымен «Алаш» қозғалысына қарсы күресті күшейтті, сонымен қатар, бұл топты

Ташкент, Орынбор, Омбы және Қазақстанға жақын орналасқан басқа ірі қалаларда орнаған жергілікті кеңестер мен әскери күштер де батыл қолдады.

2.2. Түркі-мұсылман зиялыларының біріккен іс-қимылдары I, II, III, IV, V Бүкілресейлік мұсылман съездері

XX ғ. басында «исламшылдық» пен «түркішілдік» ұлт-азаттық қозғалыстардың идеясына айналып, тегі мен тағдыры бір түрік халықтарын жақындата түсті.

Ресей империясында XX ғ. бас кезінде ұлт-азаттық идеологиясы қалыптаса қоймаған түркі халықтары арасындағы азаттық қозғалысы ең алдымен жалпыисламдық қозғалыс аясында жүрді. Оның ұйытқы, бағыт беруші орталығы Мемлекеттік Дума құрамындағы мұсылман фракциясы болды. Міне, осы негізгі мазмұны ұлт-азаттық сипатта болған ислам қозғалысының ұйытқы ядросы құрамында, Исмаилбек Гаспаралы (Гаспиринский) Садри Максудов, Али-Марданбек Топчибаев, Салімгерей Жанторин сияқты қайраткерлер тұрды.

Қазақ қоғамының мұсылман фракциясының қызметіне белсенді түрде атсалысқандардың арасынан, ең алдымен Ә.Бөкейхановты және М.Шоқайды атаған жөн. Жалпыресейлік мұсылмандық қозғалыс, біріншіден Мемлекеттік Дума деңгейіндегі түркі және басқа мұсылман халықтарының ең өзекті саяси және әлеуметтік мәселелерін қойып, оларға отаршыл биліктің назарын аударуға мәжбүр етсе, екіншіден, татар, қазақ және басқа мұсылман елдерінің жас, балғын ұлт-азаттық қозғалысының аяғынан тұрып, ержетіп есеюіне қолдау жасап, дем беріп отырды.

Ресейдегі «исламшылдық» қозғалыстың жақтастары жалпыресейлік мұсылман съездерін ұйымдастырып, өткізіп отырды. Оған қазақ депутаттары да қатынасты. I мұсылман съезі – 1905 жылы, II мұсылман съезі – 1906 жылы, III мұсылман съезі - 1907 жылы өтті.

Бүкілресейлік мұсылмандардың I съезі 1905 жылы 15 тамызда Төменгі Новгород қаласында жасырын түрде өтті. Исмаил Гаспиринскийдің басшылығымен өткен бұл съезде Ресей мұсылмандарын өзара байланыстырып, іс-әрекеттерін бір ізге түсіріп отыратын саяси ұйымның құрылуы қажет деп тапты. Жанадан құрылған саяси ұйым «Иттифак» (бізше Ынтымақ) мемлекетте бар ұлттың құқы тең болсын, қоғамдық-мәдени, саяси сұраным қанағаттандырылсын, газет-журнал ашуға, ағарту жұмыстарын жүргізуге еркіндік берілсін деген сияқты ұсыныстар жасайды.

Бүкілресейлік мұсылмандардың II съезі 1906 ж. 15-23 қаңтарда Санкт-Петербург қаласында жасырын түрде өтті. Екінші съезде «Ресей мұсылмандары одағын» («Иттифак ул-Муслимин») біртұтас күш ету мақсатында, Ресейдің 16 қаласында, соның ішінде алаш жұртына (қазақтарға) қатысты Семейде Верныйда, Ташкентте, Петропавлда мұсылмандар одағының бөлімшелері құрылды. Мұсылмандарды сайлау науқаны кезінде «Конституциялық-

демократиялық» (кадеттер) партиясымен ынтымақтаса әрекет етуге шақырған қарар қабылданды.

Бүкілресейлік мұсылмандардың III съезі патша үкіметінің ресми рұқсатымен 1907 жылы 16-21 тамыз аралығында Төменгі Новгородта өткізілді. Оған 800-ден астам делегат қатынасты. Делегаттар құрамында С.Жантөрин, Ш.Қосшығұлов және т.б. казак зиялылары болды. III съездің күн тәртібінде оқу ісі, діни басқарма, «Иттифак ул-Муслимин» бағдарламасы туралы мәселелер қарастырылды. Барлық елді мекендерде бастауыш және орта мектептер ашу, оқуды араб графикасы негізінде ана тілінде жүргізу мәселелері сөз болды.

Діни мәселеге байланысты, делегаттар барлық муфтилер сайланбалы болуы, казак облыстарының діни істерін Орынбор муфтилігіне тапсыру, Түркістанда өз алдына жеке муфтилік ашу туралы шешім қабылдады. 15 мүшеден тұратын Орталық комитетке И.Гаспаринский, А.Топчибашев, А.Ибрагимов, Ж.Ақчурин, С.Жантөрин және Ш.Қосшығұлов кірді. Осы тарихи жиынды өткізуге И.Гаспаралы мен казактың тұңғыш ұлттық газеті – «Серкені» шығаруға қолғабыс еткен, Р.Ибрагимов мұрындық болады.

Бүкілресейлік мұсылмандардың IV съезі 1914 жылы 15-20 маусым аралығында Санкт-Петербургте IV Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен өткізілді. Ішкі істер министрінің рұқсатымен өткен бұл съезге қатысқан 35 делегаттың 7-і казак халқының өкілі болды: Ә.Бөкейхан, Б.Қаратаев, С.Лапин, С.Шорманов, Ж.Сердалин және т.б.

Съезге Б.Қаратаев пен С.Лапин казактардың діни істерінің Орынбор муфтилігінен шығарылып тасталуының басты себебі орыстандыру, шоқындыру саясатында жатқанын айтып, діни істерді жергілікті әкімшілік қарамағынан алу керектігін ұсынды.

Бүкілресейлік мұсылмандардың V съезі 1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде өткізілді. Съезге казак облыстарынан, Түркістан өлкесінен, Кавказдан, Қырымнан, Сібірден, Хиуа мен Бұқара хандықтарынан 830 делегат қатынасты. Мұсылмандар съезіне Ж.Досмұхамедов, К.Тоғысов, М.Жұмабаев, С.Жантөрин және т.б. қатысты. Съездің күн тәртібіне: Ресейдің мемлекеттік құрылымы, жер, дін, әйел, жұмысшы және әскер мәселелері, оқу-ағарту ісі, соғысқа көзқарас, құрылтай сайлауы кезіндегі мұсылмандар тактикасы, Бүкілресейлік мұсылмандар кенесін құру мәселелері енгізілді. Делегаттар мемлекеттік құрылыс мәселесін жан-жақты талқылап, «Ресей мұсылмандарының федеративтік негіздегі демократиялық республиканы жақтайтындықтарын білдірді. Съезд белгілі территориясы жоқ халықтарға ұлттық-мәдени автономия берілсін, ал барлық мұсылман халқы ұлттық-территориялық автономияны иемденсін деген шешім қабылдады. Құрылтай жиналысында жер мәселес өз шешімін тапқанға дейін шет аймақтарға қоныс аудару уақытша тоқтатылды. Съезде дүниежүзілік соғыс әділетсіз деп бағаланып, бұл соғыста мұсылмандар империализмның құрбаны болып отырғандығы айтылды.

Патшалық Ресейдің миссионерлік саясатынан зардап шегіп отырған түркі халықтарының мүддесін көздеп, мұсылман фракциясы съездің программалық

құжаттарында мектеп реформасын жүргізуді, барлық Ресей азаматтарының жынысы, діни сенімі, нәсілі және ұлтына арамастан теңдік беруін талап етті.

Конституциялық парламенттік монархия тұжырымды қолдап, ұлттық аймақтарда ұлттық автономия беруді, сайланып қойылатын соттарды, присяжные заседатели институтын, жалпыға бірдей бастауыш мектептерде ақысыз ана тілін оқыту, одақ, жиналыс ұйымдастыру еркіндігін талап етті.

Қазақ даласында 1905 жылы бірінші орыс революциясының шарықтаған шегінде, 17 қазанда патша манифесінің жариялануының маңызы зор болды. Ә.Бөкейханның айтуынша, патша манифесінің нәтижесінде жер-жерде казактар үлкенді-кішілі съездерге жиналды, манифесті оқыды, болашақтағы Мемлекеттік Дума сайлауы туралы мәселелерді талқылады.

Қазақ ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметінің деңгейі өседі. Олар революция жылдары, нақты айтқанда, 1905 жылы желтоқсанда Орал қаласында бес облыстың казактарының өкілдері өздерінің съездерін өткізіп, өз партиясы – Ресейдегі кадеттер партиясының бөлімшесін құруға әрекет жасайды.

Ә.Бөкейханның кадет партиясының мүшесі, тіпті оның Орталық комитетінің мүшесі болғанын білеміз. 1906 жылы ақпанда Семейде казактардың екінші съезінде қабылданған бағдарламасында өлкеге орыс мұжықтарының қоныс аударуын тоқтату, жердің осы өлкеде мекендейтін казактардың меншігі екенін мойындау, ұлттық мектептер ашу, казак тілін орыс тілімен тең қолдану және т.б. талаптар енгізіледі.

2.3. Қазақ депутаттарының I және II Мемлекеттік Дума жұмысына қатынасуы. Мұсылман фракциясы. Жер мәселесі. Петициялық қозғалыс. «Қарқаралы петициясы»

1905 жылы 6 тамызда жарияланған манифест бойынша казактарға Мемлекеттік Думаға депутат сайлау құқығы берілді.

Заң шығарушы жоғары өкілетті билік органына (Мемлекеттік Думаға) казак өлкесі атынан төрт депутат сайланды. Олар: Торғай облысынан – Ахмет Бірімжанов, Орал облысынан – Алпысбай Қалменов, Семей облысынан – Әлихан Бөкейханов, Ақмола облысынан – Шаймерден Қосшығұлов. Бұлардың ішінде алдыңғы үшеуі жоғарғы білімді, ал соңғысы дін иесі, молда еді. Осы аталған депутаттардан А.Бірімжанов пен А.Қалменов ғана бар болғаны 72 күн (1906 ж. 27 сәуірден – 9 шілдеге дейін) жұмыс жасаған Дума мәжілістеріне қатысып үлгерді. Ш.Қосшығұлов Дума мүшелігіне сайланғаннан кейін, орыс тілін білмейді, яғни сайлау ережесінің 55-бабына сай келмейді деген желеумен сайлау комиссиясы оның кандидатурасын бекітпей тастады. Ә.Бөкейханов Дума жұмысына қатынаса алмады. Өйткені ол Дума өз жұмысын бастаған кезде Омбы генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен соттың тергеуінсіз үш ай Павлодар абақтысында отырды. ал абақтыдан шығып, Петерборға жеткенде, I Дума патша үкіметінің шешімімен таратылып жіберілген еді.

I Мемлекеттік Дума мүшелері қатарында казак жерінен тысқарыдан сайланған казак азаматтары да бар еді. Олар Дәуір Санжынұлы Тұнғыт пен Сәлімгерей Сейітжанұлы Жантөрин болатын. Д.Тұнғыт Астархань мен Ставрополь өңірінің көшпелілері атынан сайланған жоғары білімді, ірі жер иесі болған. Уфа губерниясынан сайланған С.Жантөрин болса, Мәскеу университетінде заң мамандығы бойынша білім алған, мұсылман халықтарының азаттық қозғалысында белсенділігімен көпшілікке танымал болған кайраткер еді. Ол «Автономистер одағы» бюросының және «Ресей мұсылмандар одағы» Орталық комитетінің мүшесі болған.

Мемлекеттік Дума жұмысына заң бойынша 524 депутат қатысуы керек еді. Бұл депутаттардың алғашқы кезде 436-ы, 15 маусымда 448-і жиналып үлгерді. Дума мүшесі Н.А.Бородиннің мәлімдемесіне карағанда, мұсылмандар депутаттардың 3,3%-н ғана құраған. Шеткері ұлт аймақтардан сайланған барлық депутаттар жиналғанда, мұсылман депутаттарының жалпы саны 36-ға жетуі керек еді. Алайда 35 мұсылман депутатының 24-і ғана Дума жұмысына қатысып үлгерді.

Осы кезеңдегі Ресей мұсылмандарының қоғамдық-саяси белсенділігінің тағы бір жарқын көрінісі I Мемлекеттік думада бүкіл империя мұсылмандарының мүддесін қорғау қажеттілігінен туындаған мұсылмандардың парламенттік фракциясының құрылуы болды. Фракция құрамы Дума жұмысына қатысқан 24 мұсылман депутатынан тұрды. Оның ішінде казак жерінен сайланған А.Бірімжанов пен А.Қалменов бар еді. 1906ж. 21 маусым күні мұсылман депутаттарының бас қосқан жиылысында фракцияның төрағасы сайланып, оның бюросының құрамы бекітілді. Мұсылман фракциясының төрағалығына Алимарданбек Топчибашев сайланды.

Фракция мәжілісінде бағдарламаның жерге қатысты тұжырымдамасын талқылау барысында казак депутаттары А.Бірімжанов пен А.Қалменов сөз алып, жер халықтың өз меншігі саналсын, әрі мал бағушылардың жері арттырылсын деп, бүкіл казак елінің мүддесін білдірді. I Мемлекеттік Думаның 2 шілде күнгі отырысында депутат Ахмет Бірімжанов сөз сөйлеп, казак елінің жерге байланысты шешілмей жатқан көп мәселелері бар екенін айтып, аграрлық мәселе бойынша құралған комиссияның құрамына казак депутаттарын енгізуді ұсынады. Мұндай пікірді басқа да мұсылман депутаттары көтерген еді. Кавказдық мұсылман депутаттар түрлі генералдар мен офицерлерге сыйлыққа тартылған жерлерді тез арада кері қайтару қажеттігін бағдарламаға енгізуді талап етті.

Халықтың көнілін аулау үшін шақырылған I Мемлекеттік Дума патшаның сенімін актамады, ал оның трибунасын партиялар өз мақсаттарына пайдаланды.

Елдегі революциялық ахуалдың төмендегенін пайдаланып, 1906 жылы 8 шілдеде патша Думаны таратып жіберді.

Ә.Бөкейханов Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшелерінің, Выборгтағы кадеттермен, еңбекшілермен, социал-демократтармен шақырылған жиналысына қатысты, бұл жиналыста халыққа салықтарды төлемеуге, үкіметке қарызды және жаңа майданға солдаттар бермеуге үндеу жасалды. Бұл үшін

Санкт-Петербурдың сот палатасы шешімімен Ә.Бөкейханов 3 ай мерзімге түрмеге кесіліп, Семей түрмесіне қамалды, одан кейін Самараға айдалды.

II Мемлекеттік Дума сайлау 1905 ж. 6 тамызында және 11 желтоқсанында қабылданған сайлау заңдарының негізінде өткізілді.

Өз жұмысын 1907 ж. 20 ақпанда бастаған II Думаға сайланған 518 депутаттың 35-і мұсылман өкілі болды. Олардың жетеуі – казак депутаттары: Орал облысынан Бакытжан Қаратаев, Ішкі Ордадан Бакыткерей Құлманов, Семей облысынан Темірғали Нұрекенов, Торғай облысынан Ахмет Бірімжанов, Ақмола облысынан Шаймерден Қосшығұлов, Жетісу облысынан Мұхамеджан Тынышбаев, Сырдария облысынан Тілеулі Алдабергенов еді.

II Мемлекеттік Думада 35 мұсылман депутатының барлығы I Думадағыдай бір фракция төңірегіне топтаспады. Бұл жолы мұсылман депутаттары «Ресей мұсылмандар одағы» және «Трудовиктер» бағдарламасын қолдаушылар болып екіге бөлінді.

«Ресей мұсылмандар одағы» бағдарламасын қолдаушы мұсылман депутаттары мұсылман фракциясына бірікті. Казак депутаттары осы фракция құрамына енді. Фракция бюросының төрағасы болып Уфа губерниясының өкілі, отставкадағы офицер әрі земство қызметкері Мұхамедкірім Биғұлов сайланды. Бюро мүшелігіне казак өлкесінен депутат Бакытжан Қаратаев тағайындалды.

103 күн (1907 жылдың 20 ақпанынан 3 маусымға дейін) қызмет еткен II Дума жұмысындағы басты мәселе – Жер мәселесі болды. Думада жер мәселесіне байланысты құрылған комиссияға мұсылман фракциясынан үш өкіл енді. Олардың қатарында Б.Қаратаев пен М.Тынышпаев болды.

II Дума депутаттарының құрамы жағынан да және күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылау жағынан да I Думадан гөрі солшыл болып шықты. Пікір тартысын тудырған негізгі мәселелердің бірі аграрлық және қоныс аудару мәселесі болды. Депутаттық сұрауға байланысты жарыссөзде депутат Бакытжан Қаратаев сөйледі. Ол сөзін казак халқы үшін ең зәру іске айналған жер мәселесіне арнады. Бұл сөз іс жүзінде патша үкіметінің казак жеріндегі отарлау саясатын жергілікті халықтың атынан әшкерелеу еді.

Үкімет «Ресей ішіндегі 130.000 помещиктің мүддесін қорғау үшін» жерсіз орыс шаруаларына казак жерлерін тартып әперіп отыр. Екіншіден, үкіметтің бұл саясаты ашықтан-ашық ұлыдержавалық шовинистік негізде жүргізіліп отыр. Сонын нәтижесінде жерге орналастыру мекемелері казактарды «орныкқан орындарынан, поселке, деревня құрап отырған үйлерінен жаппай қуып шығумен айналысып отыр» деп жариялады.

Айта кетуге тұрарлық жағдай, I және II Думалардың құрамында казак елінің жерге байланысты отарлық жағдайын тура және жанашырлықпен түсінген орыс депутаттары баршылық еді. Мәселен, I Мемлекеттік Дума жұмысының барысында орынборлық депутат Тимофей Иванович Седельников және баска сібірлік депутаттардың ұйымдастыруымен Ақмола, Семей сияқты облыстардағы жергілікті халықтың жер тапшылығына байланысты ауыр жағдайын баяндаған 53 депутатың қолы қойылған мәлімдеме Дума Төрағасына тапсырылды. Мәлімдемеде депутаттар қоныс аудару учаскелерін жасаушы

шовинистердің жергілікті халықтың құқығын аяқ асты етіп жатқандығын айта келіп: «Қырғыздардың (казактардың) артық-мыс деген жерін мемлекет қажетіне алу үшін жүргізіліп жатқан жұмыстардың ешқандай да заңдық негізі жоқ», - деп көрсеткен болатын.

1907 жылы 16 мамырда Б.Қаратаев Мемлекеттік думаның мәжілісінде депутаттық сұрауға байланысты жарыссөзде парламент мінбесінен коньес аудару саясатының мәнін әшкерелеп, оны шет аймақтарда отарлауды күшейтетін және жергілікті халықты тонауды шырмау шегіне жеткізетін саясат ретінде айыптады.

II Думаның жұмысы кезінде мұсылман фракциясының мүшелері тек «Ресей мұсылмандар одағының» Орталық комитетімен ғана емес, кадеттер партиясымен де тығыз қарым-қатынаста болды. Б.Қаратаев фракцияның 1907 жылғы 19 мамырдағы мәжілісінде фракция мүшелерінің кадеттермен тізе қосып жұмыс істеу керектігін айтып, кадеттерден қол үзбеу қажеттігін баса көрсетті. Мұсылман фракциясының мүшелері кадеттермен бірлесіп, Мемлекеттік Думаның талқылауына жеке адамның құқына қол сұқпау жөнінде заң жобасын әзірлеуге атсалысты. Бұл заң жобасы арнайы комиссияның қарауына тапсырылды.

Патша үкіметінің аграрлық және отаршылдық саясатын сынау мінбесіне айналған Дума үкіметтің 1907 жылғы 3 маусым күнгі жарлығымен таратылды. Себебі, II Николай патша мәлімдегендей, үкіметке таза орыс рухындағы Дума қажет еді. 3 маусым жарлығымен сайлау заңына түбегейлі өзгерістер енгізіліп, Түркістан және Қазақстан халықтары сайлау құқығынан айырылды. Патша үкіметі Қазақстан мен Түркістанда пәрменді отарлау саясатын жүргізе отырып, Думада бұл аймақтардан депутаттардың болмағанын өзіне қолайлы деп есептеді.

1905 жылы жазда саяси ереуелдер мен демонстрациялар патшалық Ресейдің шеткі аймақтарында да орын алды. Жаңа ұлттық-либеральдық интеллигенцияның потенциалының және оның идеялық-саяси толығының көрсеткіші ретінде бұл кезде патша генерал-губернаторының атына шағым, арыз жазу кең өріс алды. Петициялар жазу дәстүрге айналды. 25 шілдеде 1905 жылы Семей облысының және басқа да облыс, уезд, болыс казактары Қоянды (Ботов) жәрменкесіне жиналып, митинг ұйымдастырды. Митингіні ұйымдастырған, осы кезде қарқын алып келе жатқан тәуелсіздік үшін күрестің алдыңғы қатарында жүрген, либеральдық-буржуазиялық интеллигенттердің бір үлкен тобы – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Бақытжан Қаратаев, Жақып Ақпаев, Көлбай Тоғысов және т.б. ұлт зиялыларының қатарына қосуға әбден болатын, Ресейдің ірі қалаларында жоғары оқу орындарында оқитын, оқуды бітірген, көзі ашық жастар құрастырған 14,5 мың казак азаматтары қолдап, Қарқаралы (Қоянды) петициясы қабылданады. Онда саяси талаптар қойылады: Әрбір болыста мешіт салынсын. Бізге баспахана, газеттер мен ана тілімізде кітаптар керек. Жергілікті бастықтар казак тілін білетін болсын, олар білімді адамдардан сайлау жолымен қойылсын. Білімді адамдар бізде баршылық, іс қағаздары казакша жүргізілсін, писарь, стражник, шабарман сияқты кіші қызметкерлер тек казактардан болсын. Болыстар демократиялық жолмен

сайлансын. Сауатты, білімді кандидаттарға артықшылық берілсін. Учаскілердің мировой судьялары казакша білетін болсын. Тергеу казакша жүргізілсін, алвокаттар казакша білетін болсын. Соттар тікелей Юстиция министрлігіне бағынатын болсын. Салыктар ерікті түрде төленсін. Ертіс бойындағы жерлер, әскерге деп кесіліп берілген жерлер казактарға қайтарылсын. Қыстаулар бұрынғы иелеріне қайтарылсын. Қазба байлықтар, ашылған кен орындары, зауыттар мен кеніштер казактардың ұлттық байлығы деп саналсын. Ал баска біреу пайдаланатын болса тиісті аренда ақысын төлесін. Ормандар, өзендер мен көлдер, олардағы балығына дейін казактардың ұлттық байлығы болып бекітілсін. Соңғы 20 жылда казактардан тартып алынған жер өздеріне қайтарылсын. Мемлекеттік Думада казактардан депутат сайлансын деген өзекті мәселелерді камтыды. Сонымен қатар Меккеге қажылыққа баратындарға паспорт беру туралы ұсыныс жасалынады. Патшаға осы петицияны апару Бақытжан Қаратаев басшы болған бір топ делегацияға тапсырылады. Делегация құрамында молдалар, байлар және ишандар болады. Олар Санкт-Петербургке келгеннен кейін, патшаның қабылдауында болады. Делегация патшаға деген бағынышты сезімін білдіріп, так мұрагері Алексейдің туған күнімен құттықтайды. Түрлі-түсті шапандар мен сәлде киген делегация мүшелері патшамен құшақтасып суретке түседі. Генерал Жәңгірхановтың кеңесімен делегация алып келген петицияны патшаға бермей, ешқандай өтініш білдірмей, патшаның қабылдауында болғанына мәз болып елдеріне қайтады. Кейініректе петицияның мазмұнын талдаған Мұхтар Әуезов атап өткендей, онда бірінші қатарда жер мәселесі, халықтың казак жерлерін артып алуды және орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтату тұрды. Екінші талап – казактарға земстволық басқару құқығын беру. Ақырында, патша үкіметінің орыстандыру саясаты айыпталады. Сөйтіп, петиция казак қоғамының аса маңызды мәселелерін күн тәртібіне қоя білуін, жана ұлттық идеяның пайда болғанын көрсетеді.

Оның авторлары уақыт өткен сайын өздерінің программалық ұстанымдарын тереңдетіп, жаңа жақтастарымен және пікірлестерімен толығып, саяси партияға ұйымдасып, Алаш қозғалысын басқарады. Қарқаралы петициясын қабылдаған кезде казак интеллигенциясының жана буыны бір позицияны ұстанды, оларды идеялық ортақтық біріктірді. Идеялық-саяси жіктелу кейініректе, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде ресми және іс жүзінде іске асады.

Жетекші позиция мен басқарушы рөл, не дегенмен де, либеральды-демократиялық интеллигенцияның қолында болды.

2.4. Ұлттық-либеральдық интеллигенцияның қоғамдық-саяси іс-әрекеті, олардың «Айқап» және «Қазақ» журнал-газет төңірегінде топтасуы. Қазақтардан шыққан алғашқы фельдшерлер мен дәрігерлер және басқа да салаларының мамандары

XX ғ. басында казак интеллигенциясы сан жағынан көп болмаған. Оның себебі түсінікті де, казак өлкесінде бірлі-жарым мұғалімдер даярлайтын курстар мен училищелер болмаса, арнайы оқу орындары болмаған. Түрлі мекемелерде, патшалық әкімшілік орындарында қызмет жасаған казак мамандары негізінен Ресейлік оқу орындарында білім алды. XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап казак даласында азын-аулақ ашыла бастаған казак-орыс мектептері мен гимназиялары жергілікті жұртты «исламды уағыздаушы молдалардың зиянды ықпалынан сақтау» және «Далада орыс ықпалын жүргізу, сондай-ақ басқару жүйесін ұлттық кадрларға мұқтажын қанағаттандыру» үшін қажет болды.

XIX ғ. орта шегінде өлкеде казак балаларына арналған небәрі екі мектеп бар еді. Біреуі 30-40 оқушыға арналған Бөкей ордасындағы хан сарайында 1841 жылы және екіншісі Орынборда 1850 жылы ашылған «Орыс-қырғыз (казак) училищесі» еді. 1878 ж. Омбы қаласында жергілікті бай-феодалдардың балалары арасынан аудармашылар мен тілмәштар (писарьлар) даярлайтын «Азиат мектебі» деп аталған орыс мектебі ашылған болатын.

Казак жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқып, білім алуы, сол барлық кезеңдегі саяси оқиғаларды тікелей көзімен көріп, куә болуы қоғамдық жаңғыру жолына қадам басқан орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдарға ықпалын басынан кешіруі олардың қоғамдық көзқарастарының кемелденуіне, саяси белсенділігінің артуына әсер етпей қоймады.

Сол кезде интеллигенция арасында үстемдік құрған кадет партиясының ықпалымен Петербургте жүрген он шақты студент Қазан мен Мәскеуде оқитын студенттермен хат алысып, үйірмелер құра бастайды.

Ұлттық интеллигенцияның дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905ж. басталады. Сол жылы саяси күрес, ең алдымен, патшаға, орталық арыз, петиция жазып тапсыру түрінде көрінді. Бұл петицияда соның ішінде әйгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясы да бар, казак елінің дін және жер мәселелеріне байланысты талаптары жан-жақты баяндалады.

1905ж. 17 қазандағы патша манифесі казак еліне де депутат сайлау құқығын берді. Бірақ бұл құқық жартыкеш болып шықты.

Казак интеллигенттерінің 1905-1906жж. саяси партия құру әрекеті сәтсіздікпен аяқталғанынан хабардармыз. Оның екі себебі бар еді. Біріншіден, казак қоғамында жалпыұлттық негізде саяси партияның құрылуына қажет алғышарттар әлі пісіліп жетіле қоймаған еді. Екіншіден, ұлыдержавалық шовинистік бағыт ұстаған кадеттер партиясының басшылығы үшін Қазақстан

сияқты шеткері ұлт аймағына еркіндік пен теңдікті мұрат тұтқан саяси ұйымның пайда болуы тиімді емес еді.

Бірінші орыс революциясынан кейінгі уақытта қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі саяси тақырыптарға кітап бастырып, елге тарату түрінде де көрінді. Ұлттық мерзімді баспасөз жоқ, ал жазба әдебиеттің әлі қалыптасып үлгермеген кезінде қоғамдық-саяси тақырыпта жазылған кітаптардың оры ерекше еді. сондай отаршыл әкімшілік орындарына үлкен қолайсыздық туғызған алғашқы кітаптардың бірі «Оян, казак!» болды. Уфа қаласындағы «Шарк» баспасынан 1909 жылы жарық көрген бұл кітаптың авторы – Міржақып Дулатов еді. «Көзінді аш, оян, казак, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты! Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп, Қазағым, енді жату жарамас-ты». Қазақ елінің қоғамдық санасына ең жақын жанр – өлең түрінде жазылған бұл кітап сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамдық өмірінің ең зәру саяси-әлеуметтік мәселелерін көтеріп, ұлттық сананың оянуына үлкен қызмет жасаған болатын. «Оян, казак!» Орал, Торғай, Семей және Ақмола облыстарында тез тарап, өте көп оқылатын кітапқа айналды.

1910 жылы Міржақып Дулатов «Бакытсыз Жамал» романын жарыққа шығарды.

Міржақып Дулатов (1885-1935) – Алаш қозғалысының қайраткері, акын, драматург, журналист. XX ғ. бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілі. Торғайдағы Ы.Алтынсарин ашқан 2 сыныптық орыс-казак мектебінде білім алған. 1904 жылы Омбы қаласына қоныс аударған. Онда А.Байтұрсынов және Ә.Бөкейхановпен танысады. Көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлесуі, саяси қозғалыстарға араласуы М.Дулатовтың саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал етті.

М.Дулатов Қызылжарда сот кеңсесінде тілмәштык қызмет атқарып, мұғалімдігін де жалғастырады, казак балаларына орыс тілінен сабақ береді. Сол кезде біраз уақыт М.Жұмабаев одан дәріс алған. Оның мақалалары «Айкап» журналында үзбей жарияланып тұрады. М.Дулатов 1913-1918жж. «Қазак» газетінің жауапты хатшысы қызметінде болды. Сол кезеңде «Азамат» (1913), «Терме» (1915) кітаптары жарық көреді. 1913-1918жж Ахмет Байтұрсыновпен бірге «Қазак» газетінде редакторлық жасаған кезеңі оның өмірінде ерекше терең із қалдырған жемісті жылдар болды. «Қазак» газетімен бірге М.Дулатовтың қоғамдық-саяси қызметінің жана белесі басталады. Ол жалпыхұрттық саяси мәселелерді көтеріп, талқыға салып, ұлт-азаттық қозғалысының идеологиясының қалыптасуына тікелей ықпал етті.

М.Дулатовтың соңына түскен патша билігі оны абақтыға жаппай тынышталмады, ол 1 жарым жыл абақтыда отырады. Осы кездерде Жакып Ақпаев пен Ахмет Байтұрсынов та түрмеге қамалған еді. Бұл кезең 1905ж. белсенді қоғамдық-саяси қызметке араласа бастаған қазақ интеллигенциясының отаршыл әкімшілікпен бетпе-бет келген күресінің алғашқы көрінісі еді.

1910ж.сонында патша үкіметі Мұхамеджан Сералинге Троицк қаласында «Айкап» журналын шығаруға келісімін береді.

Мұхамеджан Сералин журналға алғаш жұрттан қарызға ақша алып, серіктестікке пай жинай жүріп шығарады. Бірнеше уақыт өткеннен сон, журнал

өз қаржысына шыға бастайды, оған жәрдемдесушілер де табылады. Дегенмен, қаржының тапшылығынан ол алғашқы жылы айына бір рет, кейін, яғни 1912 жылдан бастап журнал айына 2 реттен, 12-24 бет көлемінде шықты. Жалпы 5 жыл ішінде журналдың 89 саны жарық көрген. 1911ж. қаңтарында шыға бастаған қазақ тарихындағы тұңғыш журналдың халықтың рухани жетілуінде алатын орны аса үлкен еді.

1911-1915 жылдары Троицк қаласында шығып тұрған журналдың ұйымдастырушы әрі редакторы Мұхамеджан Сералин (1856-1929) болды. Ол Қазан университетінің заң факультетін қазақтар арасынан бітірген алғашқы түлектерінің бірі. Оның кәсіби еңбек жолы Ішкі істер министрлігінің жер бөлімінде басталған-ды. Кейін Уфа өңірінің Златоуст уезінде тергеуші болып жұмыс істеді.

Журналдың «Айқап» деп аталу себебін Мұхамеджан Сералин былай түсіндіреді: «...Біздің қазақтың неше жерден «қап» деп қалған істері көп. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң, журналымыз да өкінішімізге лайық «Айқап» болды». Журналда көтерілген негізгі мәселелер: жер мәселесі, оқу-ағарту, мәдениет, қазақ қоғамының болашақ даму жолының бағыты және т.б.

Журнал төнірегінде редактордың ой-пікірі мен көзқарасын жақтаушы зиялылар тобы қалыптасты. Олардың қатарында Жаһанша Сейдалин, Бақытжан Қаратаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин және т.б. болды. Журналда А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Майлин, С.Сейфуллин, С.Дөнентаев, Б.Өтетілеуов, С.Көбеев, Н.Құлжанов, т.б. сияқты белгілі жазушылар белсенді қызмет атқарған. Абай, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин өлеңдерімен қатар халық ауыз әдебиетінің шығармалары, шығыс, орыс және еуропа әдебиетінің туындылары жарияланған.

«Айқап» журналының әдебиеттің дамуына және қазақтың әдеби тілін қалыптастыруда орасан зор үлесі бар, ол фольклор, этнография және тарих тақырыптарына зерттеулер басып шығарады. Журнал Исмаил Гаспаралының творчествосын қадағалап, өлкеде жаңа мектептер мен медреселерді ашу және ескілерін қайта құру туралы ұсыныстар жасап отырды.

Журналда парсы тілінен Фирдоусидің «Шахнама» поэмасы аударылып басылады.

«Айқап» өз кезі үшін үздік журнал болды. Оның әр санын жұрт асыға күтті. Оған Қазақстанның барлық облысынан және Астрахань губерниясына қосылған Бөкей орталықтары мен Кавказ округіне қарайтын Манғыстау, Атырау, Оралдан үзбей хат келіп тұрды. Әсіресе, Ақтөбеден, Қостанайдан, Қызылжардан, Торғайдан, Көкшетаудан, Қарқаралыдан, Семейден, Аягөзден, Қапалдан, Шиеліден, Қызылордадан, Жамбылдан, Шымкенттен, Зайсаннан мақалалар жиі жарияланды.

Айтпақшы, Ахмет Байтұрсынов өзінің қазақ тіліне арналған тұңғыш зерттеулерін осы «Айқап» журналында жариялаған екен.

Бір мәлімет бойынша, тұңғыш мәдени-ағартушы «Айқап» журналын 1915ж. отаршыл әкімшілік күштеп жаптырады, басқа дерек көздеріне сәйкес, журнал қаржы тапшылығынан жабылады.

1911ж. Сағынгерей Бөкей «Қазақстан» аты газетті басып шығара бастайды. Онда саяси мақалалардан басқа қазақтар мен ноғайлардың халық әдебиетіне арналған зерттеулер басыла бастайды.

Ұлттық баспасөзді дамытуда, далалық генерал-губернатор Сухомлиновтің рұқсатымен, Орынбор мен Торғайда, Ахмет Байтұрсыновтың редакциясымен 1913-1918жж. шығып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым – «Қазақ» газетінің рөлі ерекше болды. Газет өзінің алғашқы сандарынан бастап қазақ халқының тарихи санасын қайта жаңғырту, ұлттың өзінің «Менін» нығайту мен саяси санасын ояту, халық арасында мәдени-ағарту шараларын жүзеге асыру сияқты қазақ қоғамы аса зәру мәселелерді міндет етіп қойды. Қазақ зиялылары халықтың еркіндігін сақтау үшін, ең алдымен, білім мен мәдениетті дамыту қажет деп санады. Бұл тұрғыда ұлт тағдыры мен болашағы үшін бүкіл ғұмырын арнаған А.Байтұрсынов: «Өзіміздің еркіндік ерекшелігімізді сақтап қалу үшін біздің бар күш пен құралды жұмсап, оқу-ағартуға және ортақ мәдениетке ұмтылуымыз қажет; бұл үшін біз әдебиетті ана тілінде дамытумен айналысуды бірінші борыш деуге міндеттіміз. Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар халықтың ғана дербес өмірге үміттенуге құқылы екенін ұмытпау керек», - деп тұжырым жасайды. Газет 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шыққан. Бастырушысы – «Азамат» серіктігі болатын. Қазақ газетінің жалпы 265 нөмірі жарық көрген. Газеттің киіз үйге ұқсаған рәміздік бейнесі қазақ ұлты деген ұғымды білдіреді. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «қазақ» деп жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары «қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп жазды.

«Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – Ахмет Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болатын. Ал газеттің саяси бағытын айқындаушы Әлихан Бөкейханов болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымда А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Шокай, Мұхамеджан Тынышпайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентайұлы, Х.Досмұхамедұлы, т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды.

XX ғасыр басында аталған газет оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықпалмен оқитын басыдымына айналды. Бұдан кейін пайда болған барша елдегі газет-журналдар осы «Қазақтың» шекпенінен шықты. Жана қалыптасып келе жатқан ұлт зиялыларының саяси санасы осы басылым арқылы жетілді.

1895 жылдан 1909 жылға дейін А.Байтұрсынов Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы училищесінің меңгерушісі қызметін атқарады. А.Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси қызметі ХХғ. басында басылды. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Сол кезеңнен патша үкіметінің бақылауына алынған А.Байтұрсынов 1909 жылы Семей

түрмесіне жабылады. Оған тағылған айыпта: «халық арасында автономия идеясын таратты» деп көрсетілген. 1910 жылдан бастап А.Байтұрсыновты қазақ облыстарынан тысқары жерлерге жер аудару жөнінде шешім қабылданады. Осы шешімге сәйкес А.Байтұрсынов 1910-1917 жылдар аралығында Орынборда тұрды.

А.Байтұрсыновтың алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909ж. жарық көрді. Бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің ауыр халін тұспалдап жеткізді. Ол мысал жанры арқылы халықтың саяси санасының оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты бейнеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. «Масаның» негізгі идеясы – оқуға, өнер-білімге шақыру, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды.

Бұл кезеңде қазақ қоғамында қазақ зиялыларының белсенді шоғыры қалыптасты. Феодалдық мешеулікте жатқан қазақ халқының ұлттық санасын оятуда қазақ зиялыларына бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігі туды. Ол үшін баспасөзді пайдалану әдісі ең тиімді жол болып табылды. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынов атап көрсеткендей, «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керен, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін есту жоқ. ...Дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер кімге пайдалы, кімге залалды екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, залалдысынан сақтанып тұрады».

Сонымен бірге, «Қазақ» газетінің бетінде үкіметтің нұсқаулары мен үкімдері, Мемлекеттік Дума жұмысы, ішкі және сыртқы хабарлар, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, мәдениеті, экономикасы, білім беру, ағарту, медицина, гигиена, ветеринария мәселелері бойынша материалдар жарияланып отырды. Сонымен қатар бағдарламада корреспонденциялар, жеделхаттар жергілікті хроника жариялау туралы айтылды. Газет шығарушылар өз алдына кең көлемдегі мәдени-ағарту міндеттерін қоя отырып, қазақ халқы болашақта дамудың қандай жолына түспек деген аса күрделі саяси мәселеге ерекше мән берді.

Газет шығарушылардың табанды шығармашылық және ұйымдастырушылық жұмыстарының нәтижесінде аз уақыттың ішінде «Қазақ» газеті жалпыұлттық басылымға айналды. Алғашқы жылы басылым таралымы 3 мың данаға жетсе, 1914 жылы – 8 мың, 1917 жылдың соңына қарай 18 мың данаға өсті.

Газет Қазақ өлкесінің барлық елді мекендері мен одан тыс Ферғана, Самарканд, Закаспий облыстары, Уфа, Қазан, Томск, сондай-ақ Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларына да таралды. «Қазақ» газеті 1918 жылға дейін шығып тұрды. Кейін Қазақ өлкесінде кеңестік билік орнағаннан кейін большевиктер газетті жауып тастады. Өйткені «Қазақ» газетінің платформасы большевиктердің идеяларына сәйкес келмейтін еді.

«Қазақ» газетінің төнірегіне де алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары топтасты. Олардың ішінде әлеумет істерінде халыққа танымал Шәкәрім

Кұдайбердіұлы, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер, Мұстафа Шокай, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Ғаббасов сынды көптеген азаматтар болды.

«Айқап» журналы мен «Қазак» газетінің жарыкка шығуы отарлық езгіге карсы күрестің мазмұнына сапалық өзгеріс енгізуге және қоғамдық-саяси ойдың дамуына үлкен серпін берді. «Айқап» және «Қазак» әлеумет істеріне бұрыннан араласып жүрген азаматтардың ой пікірлерін ғана жариялап қоймай, сонымен бірге жас қаламгерлердің де қаламын ұштап, саяси ой жүйесінің, көзқарасының қалыптасуына мүмкіндіктерін кеңейтті. Кейінгі тарих толқынында саяси істерде белсенділіктерімен көзге түскен М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Ж.Тілеулин, Ұ.Кеменгеров, Б.Малдыбаев және т.б. өлеңдері мен ой-пікірлері осы газет пен журнал арқылы елге таныла бастады.

«Қазак» газеті мен оның құрылтайшыларының көздеген түпкілікті мақсаты – қазақтың ұлттық мемлекеттігін қайта көтеру және Әлихан Бөкейханов өзінің «Қазақтар» очеркінде атап өткендей, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі негізінде «батыс мәдениеті жүзеге асырылуыға тиіс» болатын.

Жергілікті бұратана халықтармен, соның ішінде қазақтармен өз тілінде сөйлесе алатын әр түрлі мамандық иелерін дайындау мақсатында патша әкімшілігі, Ресейдің жоғары оқу орындарына түсуі үшін, қазақ жастарына бірлі-жарым стипендия тағайындауға мәжбүр болады.

Осы мақсатта генерал-губернаторлық кеңселердің жанынан қазақ студенттеріне жылына 3-4 стипендия белгіленіп отырды. Міне, осы қаржыға сүйеніп, талантты қазақ жастары Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава және т.б. қалаларда әр түрлі мамандықтар бойынша білім алды.

Қазақ өлкесіндегі аздаған ұлттық дәрігерлер қазақ қоғамдары есебінен Қазаннан басқа, Мәскеу, Саратов, Томск және Киев медициналық факультеттерінде, Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясында, ал фельдшерлер Орынбор, Омбы, Астрахань, Воронеж, Қазан фельдшерлік және Кронштадт әскери-фельдшерлік мектептерінде даярланды.

Олар халық арасында кең тараған әр түрлі аурулармен күресудің жолдарын анықтап берді, балгерлік пен бақсылыққа қарсы күресті. Кейіннен олардың көбісі Республикалық денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушылары болды.

Ұлттық медицина қызметкерлерінің жоқтығы халық арасында тырысқақ, оба, шешек тәрізді өте қауіпті жұқпалы аурулардың кең тарауына жол берді. Халық медицинасы бұл аурулардың алдын-алудың ғасырлар бойы жинақталған біраз әдістерін меңгерсе де, тілсіз жауға қауқарлары жетпеді.

Шешек індеті қазақ өлкесінің халқын жүздеп, мыңдап қырғынға ұшыратты. Осы кезде ауырған адамдардың 30-40 пайызы осы кеселден өлетін.

Орынбор өлкесінде «бұратана» халықтардан фельдшер, дәрігер кадрларын даярлау ісі мәселесі алғаш рет 1831ж. ғана көтерілді.

Қазақ халқының алғашқы фельдшерлері 1841ж. 9 тамызда Орынбор әскри госпиталы жанынан ашылған фельдшерлік мектептен даярланып шықты. Алғашқы фельдшердің бірі – Хамза Қаржасов болды.

Жоғарыда аты аталған әскери-фельдшерлік мектептерді 1880-1913жж жүзден астам қазақ балалары бітіріп шығып, табысты қызмет етті.

Орынбор әскери-губернаторлығы, жоғары білімді мамандарды дайындау мақсатында, Н.А.Крыжановский атындағы стипендияларды белгілейді.

Алғашқы казак дәрігерлерінің бірі – Троицк гимназиясын бітіріп, демократ-ағартушы Ы.Алтынсариннің шәкірті Мұхамеджан Қарабаев (1861-1928) Қазан университетінің медицина факультетін бітіріп, казак өлкесінде кен жайылған тырысқак ауруын жоюға белсене қатынасады.

Жергілікті орыс-казак мектебін, сосын Орынбор гимназиясын бітірген Мәжит Шомбалов (1873-1940) 1895 жылы Қазан университетінің медицина факультетіне түсіп, оны бітірген соң, оба ауруына қарсы күресте өте маңызды ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізеді.

Кенес дәуірінде М.Шомбалов Әскери кеңестің мүшесі, Бөкей губерниялық атқару комитетінің төрағасы бола жүріп, денсаулық сақтау ісіне зор мән береді. Ол Денсаулық сақтау халық комиссариатының аналар мен балаларды қорғау бөлімін басқарды. Қазакстандағы фармацевтикалық білімнің тұңғыш ошағы – Семей фармацевтикалық техникумының құрылуы, қалыптасуы М.Шомбаловтың есімімен тығыз байланысты. Алматыда Шомбалов атындағы үлкен дәріхана бар.

1888 ж. Сібірдегі Император университеті боп ашылған Томск университетінің медицина факультетін алғашқы болып Әміре Айтбакин (1871-1926) 1894 ж. бітіріп шығады. Ол Қарқаралы уезінде біраз уақыт қызмет етеді, кейін Өскемен уезіндегі Қатон-Қарағай учаскесінде дәрігер болып жұмыс істейді.

Ы.Алтынсариннің алғашқы шәкірттерінің бірі – Әбубәкір Алдияров (1879-1938) Қазан университетін бітірді (1904ж), ол талантты хирург болды. Ә.Алдияров Сұлтанмахмұт Торайғыровтың көзіне күрделі операция жасап, емдеп шығады. Ол І дүниежүзілік соғыста Ә.Бөкейхановтың шақыруы бойынша Минск жанындағы тыл жұмысна шақырылған бұратана халықтардың арасына барып, ауырып қалған казак жігіттерін емдейді.

Жергілікті орыс-казак мектебін бітірген, Гурьев уезінің азаматы Халел Досмұхамедов (1883-1939) 1903ж. Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясына түсіп, оны 1909ж. үздік бітіріп шығады. Әскери қызметтен босағаннан соң 1913-1920жж Темір уезінде учаскелік дәрігер қызметін атқарады. Оба ауруын жою ісіне қатынасады.

Халел Досмұхамедов «Алаш» қозғалысының белсенді басшыларының бірі болды. (1917-1919жж.) Алаш-Орда үкіметінің Ыргитыдағы Батыс филиалын басқарды. 1921ж. казак халқы арасында педагогикалық білім беру мәселесімен айналысатын Түркістан республикалық ғылыми комиссиясының төрағасы болады. Мұнда Х.Досмұхамедовтің тікелей қатысуымен мектептердің жаңа жүйесі, ғылыми терминология жасалынды, казак мектептері үшін оқулықтар мен оқу құралдары ана тілімізге аударылып, жаңадан құрастырылды. Ол жаратылыстану мен педагогика саласында да жемісті еңбек етті, бірнеше оқулықтар дайындады. Соның ішінде Х.Досмұхамедовтің қаламынан туған үш бөлімнен тұратын зоология, анатомия, физиология, мектеп оқушысының гигиенасы, мектептер мен техникумдарда (казак тілінде) және табиғат тану пәндеріне арналған оқулықтарды атап өтуге болады. Ол казак

тіліндегі барлық ғылыми және педагогикалық басылымдарда рецензиялап отырды. 1922-1924жж Түркістан Денсаулық сақтау комиссариатының емдеу-санитарлық бөлім меңгерушісі, коллегия мүшесі болды.

Орта Азия республикаларының территориясында, ұлттық мәселелердің ушыққан кезінде, ол Қазақ АКСР Баспа ісі және ғылым мекемелер мемлекеттік комитетінің төрағасы болды. Оның доцент деген ғылыми атағы бар. Ол С.М.Киров атындағы ҚазГУ-ді құруға белсене қатынасты, осында педагогика кафедрасының тұңғыш меңгерушісі болды. Кейін республикалық Ғылым академиясы жанындағы Өлкетану Орталық Бюросының корреспондент-мүшесі болды. Қазақ тілінде санитарлық-ағарту тақырыбында ғылыми еңбектер жазды.

Бакытжан Қаратаевтың қолдауымен Орал реальдық училищесіне түсіп, оны алтын медальмен тамамдаған, Халел Досмұхамедов пен әйгілі Санжар Асфендияровпен Санкт-Петербург әскери-медицинасын бір жылы бітірген Нұрғали Ипмағанбетов (1883-1922) Түркістан әскери округінде, Термез қаласында дәрігер, Түркістан аласында аға дәрігер болып қызмет етеді. 1814ж. медицина қызметінің полковнигі Нұрғали Ипмағанбетов майданға шақырылады. 1916ж. ол Шығыс майдандағы білдей орыс армиясының бас хирургі болып тағайындалады.

Санжар Асфендияров (1889-1939) Ташкент қаласында полковник Сұлтансейіт Жапарұлы Асфендияровтың отбасында дүниеге келеді. Әкесі Түркістан генерал-губернаторы канцеляриясында ерекше тапсырма чиновнигі және тілмеш болады. Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясын бітірген, (Санжар Асфендияров) Түркістан атқыштар полкінде кіші дәрігер болып тағайындалады.

С.Асфендияров І дүниежүзілік соғысқа қатынасады. 1917ж. өз еркімен Қызыл Армия қатарына қабылданады. Түркістан Республикасы құрылғаннан соң, ол Түркістан АКСР-нің Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалады. Ол Кеңес үкіметінің Қазақстанда нығаюына көп еңбек сіңіреді.

1920-1924 жж. ҚКП(б)-ның Орта Азиялық бюросының мүшесі және Түркістан АКСР-нің Орталық Атқару комитетінің хатшысы, 1925ж. РСФСР Бүкілхалықтық Орталық Атқару комитеті хатшысының орынбасары, Ұлттық халық комиссариатының Президиумының мүшесі болып сайланады.

1927-1928жж. Мәскеу университетінің профессоры және Кеңес Одағы Орталық Атқару комитетінің жанындағы Шығыстану институтының ректоры болды. С.Асфендияров Қазақстанда алғаш құрылған педагогикалық институттың, қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогика университетінің ректоры, қазақтың тұңғыш медициналық жоғарғы оқу орны – Алматы медицина институтының алғашқы ректоры болып қызмет атқарды.

1931-1933жж. С.Асфендияров Республиканың Денсаулық сақтау халық комиссары болып жұмыс істеді. Республикада Кеңес Одағы Ғылым академиясының базасы құрылуына байланысты, осы базаның төрағасының орынбасары болды.

Ол Қазақстанның тарихын зерттеп, «Ерте кездегі Қазақстан тарихы», «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс» еңбектердің авторы, көптеген ғылыми мақалалар жазды.

Гүлсім Асфендиярова (1890-1941) аз ғана қазақ қыздарының арасында Ташкент қаласында тәжірибе ретінде ұйымдастырылған әйелдер гимназиясының жалпы ұжымдық курсы бітіріп шығады. 1908ж. ол Санкт-Петербург әйелдер медицина институтын ойдағыдай аяқтап, Сырдария облысының Шымкент уезінің Үшінші учаскесінде дәрігер болып тағайындалады.

Санжар Асфендияровтың қарындасы Гүлсім Ташкентте әйелдер босанатын үйдің бас дәрігері болып жұмыс істейді. Бірінші болып, әйелдер үшін акушерлік мектеп ұйымдастырады.

Махмуд Шолтыров (1885-1965) Ішкі Ордада (Бөкеев) туған, орыс-қазақ мектебін бітірген. Астрахань губерниясында 8 жыл оқып, оны үздік бітіреді. Жылына 300 сом стипендия алған ол Қазан университетінің медицина факультетін 1911ж. бітіреді. Осы жылы М.Шолтыров Мечниковтің экспедициясының құрамында қалмақ және Бөкей далаларының теңіз жағалауы бөлігі аймағында оба ауруының жиі бой көрсету себебін зерттеуге белсенді атсалысады. Зеттеуші дәрігерлер обадан қаза болғандардың зиратын ашып, бактериологиялық зерттеулер үшін материалдар алады. Сондай-ақ оба белгілері бар жабайы аңдар мен кеміргіштерге бактериологиялық зерттеулер жүргізеді. Осы экспедицияда лаборант болып қатынасуы оның болашақта обаға қарсы ұзақ жылдар бойы қызмет істеуіне көп көмегін тигізеді. 300 шаршы шақырым жерде орналасқан халыққа, қызмет көрсетті. Гурьев, Жамбыл облыстарында денсаулық сақтау бөлімін басқарды.

1941ж. маусым айындағы батыр-қала Бресте ерлік көрсеткен қазақстандықтардың ішінде М.Шолтыровтың баласы Шавхат та болған еді.

XIX ғ. аяғы XXғ. басында қазақ мамандарын даярлауда Қазан қаласы айтарлықтай үлкен орталыққа айналды. Мәселен, Қазан университетінде XIXғ. 80-жылдарынан бастап 1916 жылға дейінгі аралықта 26 қазақ жастары оқыған. Олардың 16-ы заң, қалғандары дәрігерлік факультетте білім алды.

Қазан университетін XX ғ. басында бітірген жастардың арасында қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене араласқан Ахмет Бірімжанов, Мұхамеджан Қаратаев, Әбубәкір Алдияров, Садық Аманжолов, Базарбай Мәмбетов, Иса Қашкынбаев сияқты қайраткерлер болған.

XIX ғ. аяғы XXғ. басында ірі білім орталығы Санкт-Петербургте қазақ жастары әр түрлі мамандық алып шықты. Мәселен, империяның саяси оқиғаларға толы астанасында 1889-1894 жж. орман шаруашылығы институтында Әлихан Бөкейханов, 1900-1905жж. темір жол транспорты институтында Мұхамеджан Тынышпаев білім алды. Санкт-Петербург университетінде XXғ. бас кезінде, 1917 жылға дейін 20-ға жуық қазақ студенттері оқып, әр түрлі мамандықтардың иесі болды. Олардың қатарында Бақытжан Қаратаев, Бактыкерей Құлманов, Барлыбек Сартанов, Жаһанша Сейдалиев, Айдархан Тұрлыбаев, Жаһанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай.

Жақып Ақпаев, Рахымжан Марсеков сияқты сол кездегі қазақ қоғамы саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлер болды.

Қазақ жастары Ресейден тыс, шетелдік шығыс жоғары оқу орындарында да білім алған. Мәселен, бір ғана Стамбул университетін 1917ж. дейін Ә.Ғайсин, С.Шонов, Д.Көлбаев, М.Тұрғанбаев және Ә.Машаев сияқты қазақтар бітіріп шыққан.

XXғ. басындағы қазақ интеллигенциясының үлкен бөлігін гимназия мен прогимназиялардың, медициналық училищелер мен курстардың, мұғалімдер даярлайтын семинариялардың түлектері құрды. Олар дәрігерін, фельдшерлік, мұғалімдік кәсіпте, байланыс және банк қызметінде, газет пен журнал редакцияларында, баспаханаларда, қоныс аудару және басқа да мемлекеттік мекемелерде жұмыс істеді.

Бұл топтың қатарында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Омар Қарашев, Отыншы Әлжанов, Елдос Омаров, Мырзағали Есболов және басқа да белгілі қайраткерлер болды.

III. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

3.1. 1916ж. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс, оның шығуы, барысы, көтерілістің Жетісудағы және Торғайдағы негізгі ошақтары. Әлеуметтік топ өкілдерінің көтеріліске көзқарастары

1914ж. басталған бірінші дүниежүзілік империалистік соғысқа, Ресей амалсыздан қатынасуға мәжбүр болды. Бұл соғысқа патшалық Ресей дайын емес еді, оның әскери-өнеркәсіптік потенциалы тым төмен болатын, транспорт жүйесі нашар дамыған, орыс армиясының әскери-техникалық жабдықтары сын көтермейтін еді, снарядтар мен оқ-дәрілер, мылтықтар, зеңбіректер жетіспеді.

Ресейдің отары – Қазақ өлкесіне Еуропада басталған империалистік соғыс жана ауыртпашылықтар әкелді. Патша үкіметі өлкеден орасан көп жылқыны, ауылшаруашылық өнімдерін, шикізатты және қаржыны көп мөлшерде талап етті. Малдарды және жемшөпті жаппай реквизициялау басталды. Шығыс майдандағы орыс әскерлеріне қажетті деп табылған киіз үйлерді, киіздерді, аттардың жамылғы көпшіктерін, тері-терсекті жергілікті әкімшілік күш көрсетіп, қазақтардан тартып ала бастайды.

Жаңа әскери салық – бір шаңырақтан 4 сом салық жиналды. Земстволық жинау және болыстық «алым» сияқты алым-салықтар қаптап кетті, олар барып тұрған сұрапыл, ең ауыр жұттан да сорақы болды. Қазақ халқының мұқтажлығы мен кедейленуі күннен-күнге өсе берді.

Соғыс жылдары Орта Азия мен Қазақ өлкесінен орасан көп мал, өнімдер мен ақшалай қаржылар жиналады. Генерал-губернатор Куралаткиннің келтірген мәліметі бойынша, соғыстың үш жылында Түркістан өлкесінен майданның қажетіне 3109 мың пұт мақта, 229 мың пұт сабын, 479928 пұт ет, 700 мың бас жылқы, 12,7 мың түйе, 13,4 мың киіз үй, 270 арба реквизицияланған. Бұл мәліметтер толық емес. Бұған Қазақ өлкесінен майданға қажет деп жиналған байлықтар кірмейді. Мәселен, тек жалғыз Жетісудан тек 1914 ж. ғана мал мен оның өнімдері – 34 млн. сом мөлшерінде жиналған. Қазақ өлкесінің басқа облыстарынан жүздеген млн байлықтар майдан пайдасына жиналған.

Отарлық аппараттың барлық топтарында қызмет орнын пайдаланып, пара алу, ұрлық пен қиянат жасау өріс алды. Еңбекшілердің жағдайы соғыс жылдары үздіксіз нашарлауда болды. Жалақының мөлшері төмендеп, азық-түлік пен ең қажетті бұйымдардың бағалары үнемі өсуде болды.

Көптеген қалалар мен елді мекендерде экономикалық және саяси талаптар қойған толқулар мен ереуілдер болып өтті. Қазақтар өз бетімен егістік пен жайылымдарды басып алып, байлардың малдарын айдап әкетіп отырды.

Халықтар арасында империалистік соғыс пен патша үкіметінің отарлық саясатына наразылық өрши түсті. Майданға жөнелтілетін мал етінің көлемі күннен-күнге өсіп, мал мен жемшөптер мәжбүрлі түрде тартып алынып отырды.

1915ж. аяғында казактардың наразылығы күшейе түсті. Көптеген елді мекендерде салықтар мен міндеттіктерді өтеуден бас тартқандардың саны өсе бастады, осының негізінде жергілікті патша әкімшілігімен жанжалдар өрши түсті. Осындай шиеленісті жағдайда 1916 жылы 25 маусымда «бұратана халықтардан» майдан шебіне қорғаныс құрылыстарын жүргізу мен тыл жұмыстары үшін 19-43 жас аралығындағы еркектерді мобилизациялау емес, малды тартып алғандай «реквизициялау» патшаның туралы Жарлығы жарық көреді. Жарлық бойынша Қазақ өлкесінен және Орта Азиядан 400 мың адам (қазақтар, қырғыздар, өзбектер, түрікмен, дүнген, ұйғырлар) алынуға тиіс болды. Патшаның бұл Жарлығы Қазақ өлкесін тым киын жағдайға душар етті. Еңбекке жарамды еркектерді тыл жұмысына алу онсыз да әбден құлдыраған казактардың шаруашылығының экономикалық базасын күйретуге әкеп соғары сөзсіз еді.

Қазақ жігіттеріне, әсіресе, ауыр тигені оларды «окоп қазу жұмысына алады екен» деген сөз еді. Патшаның Жарлығын іске асыру үшін, болыстар мен ауыл старшиналары әскер жасындағы жігіттердің тізімін жасауға кірісті. Қазактардың туу туралы куәліктерінің жоқтығын пайдаланған олар өз еркінше, жас шамасына мән бермей, тізімдерге кедейлерді қосып, байлардың балаларының жасын жасанды түрде үлкейтіп немесе кішірейтіп, шақырудан босатып отырған.

Тізімдерді жасаумен қатар, барлық елді мекендерде, болыстық және ауылдық жерлерде съездер шақырылып, жігіттерді тыл жұмыстарына алу мәселесі талқыланды. Съездерге қатынасқандар екі қарама-қарсы лагерьге бөлінді. Байлар, жергілікті патша әкімшілігі: болыс басқармалары, ауыл старшиналары, сондай-ақ дін басылары патшаның Жарлығын толық орындауды жақтады.

I Дүниежүзілік соғыс жылдары Қазақ өлкесінде іс-әрекет жасаған әр түрлі партиялар мен топтар («Алаш» партиясын құрған, негізінен, «Қазақ» газеті төңірегінде топтасқан, Қазақстанның автономиясын құруды және демократиялық қалыптағы прогрессивтік қайта құруларды жақтайтын патриоттық сезімдегі интеллигенцияның едәуір бір тобы, Түркістан өлкесіндегі дін басылар мен клерикалды көзқарастағы интеллигенция құрған «Шуро-и-Исламия» және «Шуро-и-Улема» және оны қолдап, кейін 1917 ж. «Үш Жүз» партиясын құрып, Ташкентте «Алаш» газетін шығарып тұрған Көлбай Тоғысов), 1916ж. көтеріліс кезінде әр түрлі позицияны ұстады. «Айқап» журналы төңірегінде топтасқан казактардың майданға «кара жұмысқа» шақырылуына қарсы үгіт-насихат жүргізгені үшін, «Айқап» журналын патша әкімшілігі жауып тастайды. «Үш Жүз» партиясы казактары қарулы көтеріліске шақырады.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және т.б. ұлт интеллигенциясының зиялы тобы, казак жігіттерінің патша «Жарлығына» қарсы бағытталған қарулы көтерілісіне үзілді-кесілді қарсы болды. Олар 1916 ж. 11 тамызда «Қазақ» газетінде казак халқына «Алаштың азаматтарына» арнап жазған үндеулерінде және ел аралағанда, жақсы қаруланған жазалаушы отрядтармен соғысудан тек бұқара халық зардап шегетінін, бостан-бос қан

төгілетінін, шаруашылықтарынын күйзелетінін айтып, оларды сақтандыруға тырысты. Елдің іргесі бұзылмас үшін, үкіметтің жарлығын орындап, кантөгіске бармай, аман калудың жағдайын ойлау қажеттігін ескертеді.

Қазак зиялылары жігіттердің майданның шебіне бекіністер салуға, окоптар қазуға барғанда, әр түрлі адамдармен араласып, пікірлесіп, қоғамдық — саяси жағдайлармен танысып, ой-пікірлерін кенейте алатындарын, ең бастысы, елге аман-есен қайтуға мүмкіндіктері болатындығын дәлелдеуге тырысты. Кейінірек Ә.Бөкейханов, М.Дулатов және т.б. ұлт интеллигенциясының өкілдері тылдағы қара жұмысқа алынған қазак жігіттерінің арасына Минск қаласының маңына барып, оларға колдан келген көмектерін барынша жасаған болатын. Ұлттық интеллигенцияның бір бөлігі, болашақта Кеңес билігін қазак даласында белсенді орнатуға қатыскандар: Т.Рысқұлов, Т.Бокин, А.Майкотов, С.Сейфуллин, С.Мендешов, Ә.Жанкелдин және басқалары патша Жарлығына қарсы болып, көтерілісшілерді қолдады.

Патшаның Жарлығына және оны іске асыру кезінде жіберілген әділетсіздіктерге қатты наразы болған казактар даланың түкпіріне көшіп кетіп бастады немесе колдарына шокпар, балта, айыр алып, қаруланып, топ-топ болып, окоптар қазуға бармаймыз, одан да өз үйімізде өлгеніміз жақсы деп, болыс басқармаларының, ауыл старшиналарының көмселері мен үйлерін өртеді, іс жүргізу қағаздарын, тізімдерін жоя бастады.

Стихиялы басталған қозғалыстар бірте-бірте ұйымдасқан сипат ала бастайды. Наразылықтар көтеріліске ұласып, бүкіл Қазак өлкесін қамтыды. Көтерілістің аса ірі орталықтары Жетісу мен Торғай даласы болды. Патша Жарлығына алғашқы болып қарсылық көрсетіп, қарулы көтерілісті бастағандар Жетісу казактары болды. Көтерілісшілерді Токаш Бокин, Ұзақ Саурыков, Бекболат Әшкеев, Жәменке Мәмбетов және т.б. халық қалаулылары басқарды. Патша үкіметі Түркістан өлкесіне әскери жағдай енгізіп, көтерілісшілерге қарсы жазалаушы отрядтар жіберді.

Биліктің тыл жұмысына бұратана халықтарды — казактарды, ұйғырларды және дұнғандарды 15 қыркүйекке дейін шақыртуды уақытша тоқтатқанының көмегі болмады. Верный мен Жаркент уездерінің бірнеше болыстарында 30 мың жігіт қатысқан толқулар болып өтті. 7 қарашада Жетісу облысында казак жігіттерінің біріккен күштері көтерілді.

Верный-Қордай жолында пошта-телеграф жүйелері өртеп жіберілді. Ташкент-Бішкек-Прежевальск телеграф байланысы жойылды. Көтерісшілер Шу өзені, Ыстықкөл және Таластын жоғарғы ағысы аймағында топтасып, жазалаушы отрядтарға белсенді қарсылық көрсетті. мың казак және қырғыз жігіттері Тоқмақты қоршайды. Жаркент уезінде көтерілісшілер бірнеше елді мекенді басып алады. Ұзынағаш маңында, Жайылым болысының көтерілісшілері подполковник Базилевич басқарған жазалаушы отрядпен шайқасады.

Патша үкіметі ұлттық араздықты қоздыру үшін, Жетісудағы қоныс аударып келген келімсектерді (орыс мұжықтарын) көтерілісшілерге қарсы айдап салып отырды. 12 қарашада Жетісудің губернаторы Фольбаум Қапал;

Лепсі, Жаркент, Прежевальск уезд начальниктеріне карудың күшімен көтерілісшілерді қырып-жоюды тапсырды.

Әскери-далалық соттар күдіктілердің барлығын тұтқындап, оларға өлім жазасын беріп отырды. Әскери-далалық соттар тек Түркістан өлкесінде өлім жазасына 347 адамды ұсынады, 178 адамды жер аударады, түрмеге 129 адамды камайды. Жазалаушы отрядтар тергеу жүргізбей-ақ себепсіз, сотсыз жүздеген адамды атып тастайды.

12 карашада есауыл Бакуревич Шамсы асуында жай жиналып тұрған 300 адамды себепсіз атып өлтіреді. Келесі күні Пішпек маңында далада тұрып қалған машинаның жанына жиналған 138 казак жігітін тұтқындап, оларды ұрып-соғып, жерге тірідей көмеді. Ол ол ма, 14 карашада тұтқындалғандардың туыстарын және жақындарын, сондай-ақ әуес адамдарды, небәрі 600 адамды болыс басқармасының алдына жинап алып, мылтықпен оқ атпай-ақ, таяқпен, балталармен сабап өлтіреді.

Жетісу облысындағы Мерке, Әулиеата көтерілісшілері шегіне отырып, Мойынқұм шөлейтінде жазалаушы отрядтармен табанды күрес жүргізеді. Қатал репрессиялар көтерілісшілердің сағын сындырмады, олардың жанкиярлық күресі жана денгейге көтеріліп, ұлт-азаттық сипат ала бастады.

Отарлық езгіге қарсы, шын мәнінде, барлық казак көтерілді деп айтсақ, кателеспейміз. Көтерілісшілер патша әкімшілігінен тәуелсіз, өздерінің әкімшілік және құқықтық институттарын құра бастады. Жетісуда көтерілісшілер өзін-өзі басқаратын басқармалар құрып, биліктен патша әкімшілігінің өкілдерін қуа бастады. Ең белгілі, атакты адамдар арасынан хан сайлай бастады. Сондай абыройы тым жоғары, халық сыйлаған адам, болыс қызметін атқарған, жетпіс жастағы Бекболат Әшкеев ақсақал еді.

1916ж. қазан айына таман Жетісудағы көтеріліс басып-жаншу мақсатында патша үкіметі 8750 штыктан тұратын 95 рота, 3900 қылыштан тұратын 24 жүздік, 15 зеңбірек пен 47 пулемет жіберді. Жазалаушы отрядтарға қоныс аударып келген келімсектер (орыстар) де белсенді көмекке келеді. Соның нәтижесінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өледі, 684 жараланады, 1105 казак тұтқынға алынады. Көтерілістің басшыларының бірі, казактар арасында зор абыройға ие болған, 70 жастағы болыс – Бекболат Әшекейұлы көтерілісшілердің жазасын жеңілдету ойымен өз еркімен жау қолына беріледі. Қаныпезерлер Бекболат Әшекейұлын 9 қыркүйекте Боралдайда айуандықпен дарға асады.

Жазалаушы отрядтардың қысымымен Жетісу өңіріне қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Прежевальск уездеріндегі 45 болыс елде тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250 түтіні, шамамен 300 мың адам Қытайға қоныс аударуға мәжбүр болады.

Қазак өлкесінің басқа аймақтарында да, Сыр-Дарья, Батыс Қазақстан, Ақмола және Семей облыстарында да халық көтерілісі кең қанат жаяды. Қазак жігіттері жазалаушы отрядтарға қарсы қарқынды қарсылық көрсетіп, оларды тіпті шегінуге мәжбүрлеп отырды.

1916ж. ұлт-азаттық қозғалыстың құрамдас бөлігі ретінде ең табанды және ұзақ сипат алған көтеріліс Торғай даласында орын алды.

Жетісуда көтерілісшілер қозғалысы аяусыз басып-жаншылған кезде Торғай даласында ол күш алып, күннен-күнге өрістей түскен еді.

Жазалаушы отрядтардың хабарламасында Ырғыз-Торғай ауданында болған соғыстарда Амангелді Имановтың әскерінің саны 50 мың адамға құрапты. Сардарбек Амангелді мен әскери комиссар Әліби Жангелдин көтерілісшілер арасында тәртіпті күшейту үшін көп еңбек сіңіреді. Байғұндар мен көк түріктердің, сондай-ақ Шыңғысханның мемлекетін және әскерін құру жүйесі Торғай даласындағы көтерілісшілерде де сақталады. Жігіттер ондыққа, елуге, жүздікке, мыңдыққа және он мыңдыққа бөлінді. Бұл бөлімдердің басшылығына осыған сәйкес онбасы, елубасы, жүзбасы, мыңбасы, түмен басшысы тағайындалады. Барлық көтерілісшілер қозғалысының жалпы басшылығы Әскери Кеңестің қолына шоғырланады. Иман батырдың немересі Амангелді, қас батыр көтерілісшілердің біріккен күштерінің бас қолбасшысы болып тағайындалады.

1916ж. шілде-тамыз айларында Торғай даласында болыстардың әрқайсысында қыпшақтардың ханы – Абдығаппар Жанбосыновқа бағынған өз хандары сайланады. Әр ханның кеңесшілері – уәзірлері болды. Барлық азаматтық және әскери билік Абдығаппар мен Амангелдінің қолына шоғырланды.

Әскери Кеңестің қарамағында әкімшілік мәселелерді шешетін секретариат пен сот коллегиясы жұмыс істеді. Ханның қаржысын – салық және азық-түлік жинаушыларды басқарған – қазынашы басқарды. Сөйтіп, Торғай даласында көтерілісшілер биліктен жергілікті патша әкімшілігін шеттетіп, Ақпан революциясына дейін өмір сүрген, өзіндік басқару жүйесін енгізеді.

1916 жылдың қараша айында, жоғарыда көрсетілгендей, Торғай аласында көтерілісшілердің саны 50 мыңға жетті. Көтерілісшілер жергілікті отарлық аппараттың қызметінің берекесін кетірді. 25 қазанда Амангелді Имановтың 15 мың көтерілісшілер армиясы Торғай қаласын қоршауға алады. Бұрынырақта патша жазалаушылары жеке дара көтерілісшілер отрядтарымен күрес жүргізсе, енді нашар қаруланғанына қарамастан, рухы күшті, жақсы ұйымдасқан, сан мың көтерілісшілер армиясымен соғысуға тиіс болды.

Деректер хабарлағандай, көтерілістің осы кезеңі патша қоршауына күшті әсер етті. Торғай даласындағы көтерілісті басып-жаншу үшін, тікелей үкіметтің орталық органдары шұғылдана бастайды. Олардың нұсқауы бойынша, генерал Лаврентьев бастаған экспедициялық корпус құрылады. Корпустың құрамында 17 атқыштар корпусы, 18 казактар жүздігі, 4 кавалерия эскадроны, 18 зеңбірегі, 10 пулеметі болды. Корпус құрамына автомобильдер мен ұшақтар да кірді.

Торғай даласына жазалаушы әскерлер жан-жақты, негізінен, Шалқар, Қарабұтақ, Қостанай, Атбасар, Перовск, Ақтөбе жылжи бастады.

Қалыптасқан нақты ахуалды ескеріп, ұзаққа созылған күреске дайындауға тырысқан Амангелді Иманов Торғайды қоршауды доғарып, күресті жалғастыратын ыңғайлы жерлерді іздеп, далаға тереңдеп шегінеді. Сонымен бірге ол өзінің көтерілісшілер армиясын қайтадан құрып, ұлт-азаттық қозғалыстағы кездесетін қиындықтарды өз пайдасына шешуді, көтерілісшілер арасына алауыздық туғызуды жоспарлаған, бай агентуралармен, отаршыл

әкімшіліктегі аппарат қызметкерлерімен белсенді күрес жүргізеді. Өзінің негізгі күшін сақтап қалған Амангелді Иманов жылжып келе жатқан генерал Лаврентьевтің жазалаушы отрядтарымен шайқасты тоқтатпады. Ол партизандық күрес тәсіліне көшеді. Көтерілісшілер мен жазалаушы отрядтар арасындағы қақтығыстар Тұнқойма (қарашаның ортасы), Күйік (желтоқсанның аяғы), Құм Кешу (1917ж. ақпанның ортасында) елді мекендерде болып өтті. Бағпақ-Қара ауданында 1917ж. ақпанның екінші жартысында Амангелді Имановтың штабы орналасқан жердегі ұрыстар шиеленіскен сипат алды. Осы ұрыстар болып жатқан шақта Амангелді Имановтың жігіттері Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясын қарсы алады.

1916ж. көтеріліс қазақ халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының шежіресінде өзіндік орны бар.

1916ж. Орта Азия мен Қазақ өлкесінің бұратана халықтары сапынан әскерге жарамды 19-43 жастағы адамдарды окоптар, бекіністер қазуға шақыру туралы Жарлығына қарсы көтерілген қазақ жігіттерінің қолына қару (айыр, балта, мылтық, қылыш, найза) алып, жақсы қаруланған жазалаушы отрядтардың басым күшіне бастарын өлімге байлап қарсы шығуын, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов және т.б. ұлт зиялылары қолдамаса да, көтеріліске жетекшілік етпесе де, 1916ж. Қазақ өлкесіндегі көтеріліс өзінің сипаты жағынан ұлт-азаттық деңгейге жетті деп тұжырымдауға әбден болатын сияқты.

3.2. Ұлт зиялыларының майдан шебіндегі бұратана бөліміндегі іс-әрекеттері

Ұлт зиялылары майдандағы қазақ жігіттері арасында үгіт-насихаттарын жүргізді, қауіп-қатерден сақтандырды.

Ә.Бөкейханов уақытша үкіметпен, майдан аумағында қара жұмысқа (окоп, бекіністер салуға) шақырылған қазақ жігіттермен жұмыс жүргізу үшін, бұратана бөлімін ашу жөнінде келісімге келеді де, 1917ж. 5 ақпанда Минскіде Земскі және Қала одақтары жанынан бұратаналар бөлімін ашады. Бөлімнің бастығы болып Ә.Бөкейханов, оның орынбасары қызметін М.Есболов, хатшылық қызметке – М.Дулатов тағайындалады. Бұратана жұмысшылардың саны – 250-300 мың шамасында, ал қазақ жұмысшыларының саны 100 мыңнан асып жығылған.

Бұратана бөлімі билік органдарына жігіттердің тұрмысына байланысты, жататын сәкілерді реттеу, темір пештерді тас-кірпіш пештермен ауыстыру, шатыр үйдегі адамдарды жер үйге ауыстыру, жігіттердің су тиген киімдерін кептіретін бөлмелер салдыру, дәрігерлік көмек ұйымдастыру және т.б. өтініштер жасайды.

Ауырған қазақ жігіттері орысша, ал дәрігерлер, фельдшерлер қазақша білмегендіктен, оларға дұрыс диагноз қою және емдеу қиынға соққандықтан, Ә.Бөкейханов қазақ дәрігерлеріне арналған үндеуін жариялайды. Бұл үндеуге жауап ретінде, ТОМСК қаласынан қазақ арасынан шыққан алғашқы

дәрігерлердің бірі Әбубәкір Алдияров майдандағы казак жігіттеріне дәрігерлік көмек жасау мақсатымен келеді.

Әбубәкір Бермұхамедұлы Алдияров 1879ж. Торғай облысында Сарыарқа болысында ауқатты семьяда туған. Ол көрнекті педагог-ағартушы Б.Алтынсариннің алғашқы шәкірттерінің бірі болған. 1899ж. Ә.Алдияров Қазан императорлық университетінің медицина факультетіне түсіп, генерал-адъютант Крыжановский атындағы стипендияға оқиды. Ол университеттен 1904ж. бітіреді. Еңбек жолын Ә.Алдияров алғашқыда Ақтөбеде қала дәрігері ретінде содан соң 1905ж. Қостанайда дәрігер, ал 1908ж. Троицк қалалық төрт кластық училищесінің дәрігері болудан бастайды. Ол онда талантты хирург ретінде танылады. Ә.Алдияров әйгілі С.Торайғыровтың көзіне күрделі операция жасайды.

Ол 1916ж. өз еркімен майданға баруды өтініп, Белоруссияның Пин деген батпақты аймағында ауыр жағдайда қызмет етіп жүрген казак жігіттеріне дәрігерлік қызмет көрсетеді. «Қазак» газетінде «доктор Әбубәкір Алдияровтың казак жігіттеріне көп пайдасы тиіп тұр. Бауырларна ерінбей еткен қызметі үшін тәңір жарылқасын айтамыз» деген тілектер басылады.

Қазақ жастарының арасында сол сұрапыл жылдары майданның алдыңғы шебінде тікелей соғысқа қатыспаса да, жараланған жауынгерлер мен офицерлерді емдеуде ерекше көзге түскен, Шығыс майданының сапында орыс армиясының бас хирургі қызметін атқарған, медицина полковнигі дәрежесі бар Нұрғали Ипмағанбетовтың атын зор мақтанышпен атауға тұрарлық. Орал губерниясының тумасы, төре тұқымы – әйгілі Бакытжан Қаратаевтың қолдауымен Орал реальдық училищесін алтын медальмен тәмамдап, Петербург Әскери-медициналық академиясына С.Асфендияров, Х.Досмұхамедовпен бірге оқуға түсіп, оны 1911ж. бітіріп шығады. Түркістан әскери округіне жолдама алған ол Термез қаласында дәрігер, Түркістан атқыштар дивизиясының 113-полкінде аға дәрігер болып қызмет етеді. 1914ж. медициналық қызмет подполковнигі дәрежесіне көтерілген Нұрғали Ипмағанбетов майданға жіберіледі. Оның әскери дәрігер ретіндегі таланты майданда жаралы жауынгерлер мен офицерлерге медициналық көмек көрсеткенде одан әрі танылды. 1917ж. Ақпан революциясынан кейін ол елге оралады. Қазақстанда алғашқы әскери дәрігердің бірі, дарынды хирург, Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің мүшесі, VIII Бүкілодақтық Кеңестердің съезіне делегат болып қатынасады.

I Дүниежүзілік соғыс майданында бекіністер мен окоптар қазып жүрген казак жігіттеріне қызмет көрсетуге, яғни бұратана бөлімі қарауына, біраз казак оқығандары барғаны белгілі. Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов сияқты болашақ Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлері, көзі ашық, әр түрлі мамандық иелері тыл жұмысын алынған жігіттер арасында үгіт-насихат жүргізгені нәтижесінде, жүргізіліп жатқан империалистік соғыстың әділетсіз екендігіне көзі жеткен казак жігіттері «Еркін дала» атты саяси ұйым құрады. Майдан шебінде алған тәжірибелерімен және саяси сауаттылық деңгейінің өскенінің көрсеткіші ретінде «Еркін дала» ұйымының мүшелері елге қайтып келгеннен соң, Орынбор қаласында «Қазак» газетінің жанында өз орталығын

ашады. Олар халық арасында ағартушылық-мәдени салады біршама жұмыс істеп, түрлі деңгейдегі мектептер ашып, талантты жастарға стипендия тағайындап, казак тілінде газет-журналдар, оқушыларға қажетті оқу құралдарын шығару сияқты игілікті істермен шұғылданады. «Еркін дала» ұйымының мүшелері кейініректе жаңадан құрылған «Алаш» козғалысының құрамына кіріп, қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене қатысады.

«Еркін дала» саяси үйірмесінің белсенді мүшесі ретінде М.Дулатов Қытай жеріне босып кеткен казак пен қырғыздарға жанын сала көмектеседі. Семей қаласында босқындарға көмектесу үшін, бірінші рет казак тарихында «Жанар» атты жәрдем қорын ұйымдастырады.

Ұлт-азаттық козғалыстың көрнекті идеологі М.Дулатов Алаш-Орданың Торғай бөлімін басқарып, большевиктерге қарсы қарулы күрес ұйымдастырады.

Майданның шебіндегі тылда біршама уақыт ауыр жұмыс істеген казак жігіттерін елге қайтару, Патша тақтан кетіп, Керенский бастаған Уақытша үкімет билік басына келгеннен кейін іске асады. Бұратана бөлімінде қызмет еткен оқыған жігіттердің көмегі, тыл жұмысынан босаған бауырларын елге жеткізу кезінде айқын байқалды. 1917ж. 28 шілдеде Минскідегі бұратана бөлімі өз жұмысын тоқтатады. Сөйтіп, казак халқының мақсат-мүддесі үшін жанқиярлық қызмет еткен ұлт зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және т.б. болашақ «Алаш» партиясының мүшелері майданда тыл жұмысына жұмылдырылған казак жігіттерін қараусыз қалдырмай, оларға жан-жақты көмекті ұйымдастырды, олардың саяси санасын оятуда біршама жұмыстар істейді. Майдан шебінде қара жұмыс істеген казак жігіттері үшін, жаңа орта, жаңа адамдармен пікірлесу өмір мектебіне айналды. Олар ысылып, сана-танымдары өсіп, ұлт интеллигенциясының азаттық идеясын бойына сіңіріп, Алаш козғалысына белсене араласа бастайды.

Казак-орыс мектептерін бітірген, Ресейдің білім ордалары – Қазан, Мәскеу, Санкт-Петербург, сондай-ақ Омбы, Орынбор, Томск және т.б. қалаларда жоғарғы оқу орындарында Қазак өлкесіне ауадай қажет дәрігер, заңгер, инженер және басқа да мамандықтар бойынша білім алып шыққан казак жастары: М.Шоқай, Бақытжан Қаратаев, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Қаратаев, Барлыбек Сыртанов және т.б. болашақ ғылым, қоғам және мемлекет қайраткерлері, ұлт зиялылары сол кездегі көз алдарында өтіп жатқан саяси оқиғалардың, буржуазиялық-демократиялық революциялардағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалында болып, түрлі партиялар мен козғалыстардың бағдарламаларымен танысып, қоғамға деген көзқарастарын қалыптастырып үлгерді. Олар отарлық езгіден құтылу, саяси және мәдени салады толық тәуелсіздікке қол жеткізу, Ресейдің құрамында автономия талап ету, болашақ Алаш козғалысының бағдарламасына негіз болған идеяларды бойларына сіңіре бастады.

Ресей жоғарғы оқу орындарында білім алып жүрген жастарға конституциялық-демократиялық (кадет) партиясының идеялары үлкен әсер еткенімен, Алаш козғалысының негізін салған, Алаш партиясының лидері Әлихан Бөкейханның уақытында кадет партиясының Орталық Комитетінің мүшесі ретінде сол партияның филиалын құруды жоспарлағанынан, бірақ оның

орындалуына орыс шовинистерінің қарсылығы кедергі болғанынан хабардармыз. Талпынысы орындалмағаннан кейін Ә.Бөкейхан өзіне тән жігерлікпен «Алаш» деп аталған ұлттық партияны құруға кіріскенін білеміз.

3.3. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының Қазақстанға ықпалының ерекшеліктері. 1916-1917жж аштық және онымен қазақ зиялыларының күресі

1917 жылы 27 ақпанда Ресейде Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңіске жетті. II Николай патша тақтан құлатылды. Патша тақтан құлатылғаннан кейін елде қос үкімет орнады. Оның бірі – жұмысшы-солдаттар депутаттарының кеңесі болса, екіншісі – Уақытша үкімет еді. Қос үкіметтің мәні мынадай болды: нақты билікке ие Уақытша үкіметтің күшті әлеуметтік базасы болмады, ал Кеңестер әлеуметтік күшке ие бола тұрып, нақты билікке қол жеткізе алмады.

Кеңестерде, келешекте Қазан төңкерісін ұйымдастырған большевиктердің ықпалы болмады. Онда эсерлер мен меньшевиктер үстем болды.

Большевик А.Н.Морозов басшылық еткен Черняевтен (Шымкент) және меньшевик А.М.Поволоцкий басқарған Петропавлдан басқа Қазақстандағы қалған кеңестердің барлығына дерлік социалист-революционерлер (эсер) партиясының мүшелері билік етті.

Қазақстанда жұмысшы-солдаттар депутаттары кеңестерінің құрылу процесі, негізінен, 1917ж сәуір-мамырында аяқталды.

Уақытша үкіметтің жергілікті органдарының қалыптасуы мен Кеңестердің кең ауқымды жүйесінің ұйымдасуы кезеңінде (наурыз-сәуірдің басы) олардың арасында белгілі мөлшерде өзара түсіністік орнады.

Уақытша үкіметтің Ақару комитеттері мен Кеңестер патшалық әкімшілік жүйені жою мақсатымен бірлескен жұмыстар жүргізді, жер-жердегі саяси тұтқындарды босатты, әлеуметтік бағыттағы, салық жинау тәрізді кезек күттірмейтін мәселелерді шешумен шұғылданды.

1916ж. ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан, одан Қытайға ауып кеткен қазақтарды кері қайтару шараларын іске асырады.

1917ж. Ақпан революциясы патшалық Ресейдің отарлық езгісінде болған халықтар, соның ішінде қазақтар үшін аса елеулі оқиға болды. Империя езгісінде азап шеккен олар патшаның тақтан тайғанын қуана қарсы алды.

Ақпан революциясының жеңгені туралы хабар жетісімен, «Қазақ» газеті арқылы Минскідегі (майдан шебіндегі) бұратана бөлімде қызметте жүрген Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Есболов, Н.Төреқұлов және т.б. (небәрі 15 адам), Қазақ өлкесіндегі өз жақтастарына – Черняев қаласындағы М.Тынышпаевқа, Омбыдағы А.Тұрлыбаевқа, Павлодардағы А.Сәтбаевқа, Семейдегі Р.Мерсековке және Т.Құнанбаевқа, Ойылдағы Х.Досмұхамедовке, Ырғыздағы Т.Шонановқа, Қоқандағы Ақаевқа, Әндіжандағы С.Қожықовқа, Торғайдағы О.Алмасовқа, Қапалдағы ағайынды Тұрысбековтерге, небәрі 25 адреске жедел

хат жіберілді. Жеделхатта Ресейдегі барша халыққа ағайындық, теңдік, бостандық күні туды. Жаңа құрылған үкіметті нығайту үшін, тегі басқа барша халықтармен бірігу керек, учредительное собрание сайлауына қазақ болып қамдану керек, енді араздық, өштік, дау, жанжал, талас, партиялық сыйыспауларды тастау керек. Жер мәселесін де қозғап, тезірек жерді қолға ала беріндер, құдайдан басқа ешкімнен қорықпандар! Жаңа үкіметті сүйендер, министрствоның азық-түлік ісінде жүрген уполномоченныйлары мен өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысындар! – деп, халықты жаңа билікке толық қолдау көрсетуге шақырып, сол билікті қолдау арқылы, соның шеңберінде ұлт тағдырына қатысты негізгі зәру мәселелерді шешіп алуға үміттенген еді.

Наурыз айының алғашқы күндерінен бастап, сәуір айлары ішінде облыс, уезд, болыс және ауылдарда ескі құлаған үкіметтің орнына жаңа Уақытша үкіметтің басқару органдары қалыптаса бастады. Бүкіл Ресей сияқты Қазақстанда да ол билік органдары алғашқы кезеңде Азаматтық комитеттер есебінде пайда болды. Бұл комитеттерді құру инициативасы облыс және уезд орталықтарындағы орыс жұртының қолдарында еді, комитеттегі басшы орындар да солардың үлесіне тиді. Осындай жағдайда қазақ өлкесінде де бір мезгілде, стихиялы түрде облыстық, уездік және болыстық деңгейде азаматтық комитеттер қалыптаса бастайды.

Мамыр және маусым айларында бұларға қосымша облыстық азы-түлік комитеті, жер комитеті және басқа да осы сияқты басқару органдары құрылады. Облыстық қазақ комитеттері Орал облысында (төрағасы Ғ.Әлібеков), Семейде (төрағасы Р.Мерсеков), Омбыда (төрағасы Е.Итбаев), Алматыда (төрағасы И.Жайнақов), сондай-ақ Торғай облысында (мүшелері А.Байтұрсынов, М.Тунғачин және т.б.) және барлық дерлік облыс және уездерде қазақ комитеттері пайда болады.

Жаңа құрылған қазақ комитеттері қалыптасқан жағдайда, қазақ қоғамының бастауыш саяси күшіне айналған қазақ демократиялық интеллигенциясы күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерді жинақтап, белгілі бір тұжырымға келу үшін, жалпықазақтық съезге дайындық жұмыстарын жүргізуге кіріседі.

1917 жылдың 1 сәуірінен 7 мамырға дейінгі аралықта облыстық қазақ съездері облыс орталықтарында, Орынборда, Алматыда, Оралда, Семейде және Омбыда болып өтеді. Съезд жұмысына ақсақалдар мен ел ағалары, дін басылар, мұғалімдер, зангерлер, дәрігерлер, творчестволық интеллигенция өкілдері қатысты. Бөкей Ордасынан, Орынбор губерниясынан, Қазан, Уфа, Түркістан өлкесінен және т.б. қалалардан, елді мекендерден өкілдер қатынасады. Делегаттар мен шақырылған адамдар арасында, сондай-ақ ескі ұлтты интеллигенция өкілдері, I Мемлекеттік Дума мүшелері Алпысбай Қалменов пен Ахмет Бірімжанов, есімдері жаңадан мәлім бола бастаған Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай және т.б. жас қайраткерлер де болды. Бұлармен бірге съездің құрметті қонақтары қатарында өзбек, татар және башқұрт халықтарының аса көрнекті қоғам қайраткерлері – Муннауар Кари, Фатих Каримов және Теміршах Соловьев сияқты кісілер де бар еді. Мәселен, Орынбор қаласында 1-2

сәуір аралығында Торғай облысы казактарының съезіне Торғай облысының комиссары қызметіне бекітілген Әлихан Бөкейханов қатынасады.

Айта кететін бір нәрсе, ол Орынборда өткен казак съезі, шын мәнінде, облыстық шенберден шығып, жалпы ұлттық деңгейге көтерілгенін айту керек. Бұл съезд басқа облыстық казак съездеріне ең өзекті мәселелерді (жер мәселесі, оқу ісі, земство туралы, зиянды мекемелер мен шовинистер ісі және небәрі 13 мәселе) көтеріп, нақты шешімдер қабылдаудың үлгісін танытқан еді.

Облыстық казак съездерінің саяси бағытын, әлеуметтік сипатын 19-22 сәуір аралығында өткен Орал облыстық казак съезінің шешімдерімен таныса отырып байқауға болады. Барлығы 800 адам қатынаскан бұл съезді өткізуге белсенді атсалысқандар арасында I Мемлекеттік Дума мүшесі А.Қалменов, заңгер Жаһанша Досмұхамедов, дәрігер Халел Досмұхамедов, сондай-ақ Ғ.Әлібеков, Х.Ахмедшин, И.Арганчев және басқа интеллигенция өкілдері болды. Негізгі қаралған мәселелер: мемлекетті басқару, Уақытша үкіметке және соғысқа көзқарас және т.б. болды. Қабылданған шешімде «казак жері оның байырғы иесі казактарға берілуге тиіс және казак демократиясы мүддесін қорғауға қажетті шаралар қарастырылуы керек» деп көрсетілді.

Съезде құрылған облыстық казак комитеті 20 адамнан тұрды. Олардың арасында Ж.және Х.Досмұхамедовтер, Ғ.Әлібеков және т.б. белсенді интеллигенция өкілдері бар.

Казак комитеттері мен Уақытша үкіметтің ара қатынасына көз жүгіртсек, Уақытша үкімет барлық деңгейде құрылған азаматтық комитеттерге және олардың атқару орындарына жасаған қолдауын, солармен бір мезгілде пайда болған казактардың азаматтық комитеттеріне көрсете қоймады. Казак комитеттері бар болғаны қоғамдық ұйымдар дәрежесінде, негізінен, орыс жұрты өкілдерінен тұрған облыстық және уездік комитеттерге тәуелділік жағдайында болды.

Казак комитеттері қабылдаған шешімдерге Азаматтық комитеттің басшылары (орыстар) әр уақытта қарсылық жасап отырды. Мәселен, 1916ж. көтерілістің артын ала келген құрғақшылық салдарынан Жетісу облысында ашаршылық басталады. Бұл қолдан жасалған ашаршылықтың бірінші кезені (1916-1919жж) шенберіне кіріп кетеді. Соған қарамастан, обыстық және уездік азық-түлік комитеттері ашыққан казактар мен қырғыздарға астықпен жәрдем беруден бас тартады.

Бұл арада облыстық Атқару комитеті де белсенділік таныта қоймайды. Себебі, облыстық, уездік және болыстық әкімшіліктердегі орындардың біразы патшалық билікке қызмет жасағандардың қолында еді, ал олар болса, сол бұрынғы арнада, өзгерістерге қарсы жұмыс істеді.

Ақпан революциясы ұлт мәселесін де шешкен жоқ. Қазақстанды отар ел деп білген буржуазиялық Уақытша үкімет казак халқына ешқандай право да берген жоқ. Керісінше, мектептерде оқу ісі және мекемелерде кеңсе ісі бұрынғыша тек орыс тілінде ғана жүргізілді. Ал Уақытша үкімет бұрынғы патша үкіметінің жер жөніндегі саясатын жүргізіп отырды. Өнеркәсіпте бұрынғысынша шетел капиталистері мен орыс капиталистері билеп-төстеумен болды.

Қазақстанда құрылған жұмысшы солдат депутаттары кеңесінің жұмысына келетін болсақ, олар жергілікті халықтың мұң-мұқтажын ескермей, Қазақстанда революциялық ұрандармен ойларына келгендерін істеді. Алғашқы кезде құрылған Кеңестер тек орыстардан тұрды. Аудандардағы билікті қолдарына алған жұмысшылар мен солдаттар ауылдарға келіп, үйлерді тінтіп, «революция мен оның құрбандарының пайдасына» деп, халықтан көптеген салық алып, жақсы ат, жақсы кілем, алтын-күміс сияқты заттарды тартып алып кетіп отырған.

1917ж. 16 наурызда Батыс майдан штабы жанындағы Земскі және Қалалық одақтардың бұратана бөлімін басқарып жүрген Ә.Бөкейханов күтпеген жерден Санкт-Петербургке шақырылып, 20 наурызда Торғай облыстық комиссары қызметіне тағайындалды. Бір мезетте Жетісу облысының (оның құрамына Лепсі, Қапал, Жаркент және Верный уездерімен қатар Пішкек және Прежевальск уездері, яғни солтүстік және солтүстік-шығыс қырғыз жері де енген еді) комиссары болып Мұхамеджан Тынышпаев, Түркістан өлкесінде Мұстафа Шоқай тағайындалған еді. Облыс, уезд және болыс деңгейінде басқару ісі казактардың қолына беріледі. Комиссарлардан басқа жергілікті жерлерде атқарушы билік облыстық және уездік атқарушы комитеттерге беріледі. Дәл осы кезде, жоғарыда айтылғандай, аймақтарда, негізінен казактардан тұрған өзіндік басқару органдары құрыла бастайды.

Уақытша үкіметтің облыстық комиссарына патшалық Ресейдегі губернаторға жүктелген шексіз билікпен пара-пар құқық пен міндет берілді. Торғай облысы Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездерінен тұрғанын ескерсек, Әлихан Бөкейхановтың қызметінің деңгейінің тым жоғары екенін байқауға болады. Империялық басқару жүйесінде казактар болыстық басқарудан жоғары қызметте болып көрмеген болатын. Ә.Бөкейханов уездік комитеттермен біріге отырып, уездік комиссарларды таңдау және оны ішкі істер министрлігіне бекітуге ұсыну, қажет болса оларға көмекшілер тағайындау құқығына ие болды. Ә.Бөкейханов жергілікті басқару органдарын облыстық, болыстық және уездік комитеттерді құру ісінде ғана емес, халық соты, билерді сайлау жұмысын ұйымдастыруға да белсенді қатынасады.

Қостанай уездік комиссары қызметіне зангер Ахмет Бірімжанов, Торғай уездік комиссары қызметіне мұғалім Ғұмыр Алмасов, Ырғыз уездік комиссары қызметіне Тобыл округтік сот мүшесі Ғабдолла Теміров тағайындалады. Ә.Бөкейханов майдандағы бұратана бөлімінде бірге болған белсенді жастарды, мәселен, Киевтегі бұратана бөлімінің бұрынғы бастығы Мырзағазы Есболовты Боғуруслан уездік комиссарының орынбасары қызметіне, сол сияқты Минскідегі бұратана бөлімінің бұрынғы хатшысы Елдес Омаровты Торғай уезіне жауапты қызметке тағайындайды.

Бұлардың бәрі де осы құрметке жауап ретінде, Уақытша үкіметтің І Дүниежүзілік соғысты одан әрі жалғастыра беру бағытын ұдайы қолдап отырды.

Нак осы соғысқа қарсы қарсылық көрсетіп, 1916ж. ұлт-азаттық қатысканы үшін Батпаққара деген жерде Амангелді Иманов пен оның

серіктеріне маскара сот өткізгенде солар, яғни Уақытша үкіметтің комиссарлары биліктің бағыт-бағдарын мүлтіксіз іске асырып отырды.

Сәуір айының басында Уақытша үкімет Түркістан өлкесін басқару үшін адамнан тұратын генерал-губернатор қызметінің орнына Түркістан комитетін құрады. Комитет төрағасы – Щепкин, мүшелері болып Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, О.А.Шкапский және т.б. тағайындалады. Түркістан комитеті Самарқанд, Ферғана, Сырдария, Жетісу, Закаспий облыстарында және Хиуа мен Бұқара хандықтарындағы орыс поселкаларына билік жүргізуге тиіс болды. Түркістан уақытша үкіметімен қатар жұмысшы депутаттары кеңестерінің де билігі орнады. Бірақ Торғай облысының комиссары Ә.Бөкейханов өз қызметінен қолы босап, Түркістан комитеті ісіне араласа алмады.

Комиссарлық қызметке кіріскеннен кейінгі уақытта Ә.Бөкейхановты қатты аландататын мәселе – қазақ жұрты арасындағы облыстық, уездік және болыстық комитеттерді құру ісі болды. Жаңадан құрылып жатқан азаматтық комитеттердің жұмысына түрлі кедергілер жасап, бұрынғы болыс бастықтары, үкімет орындарының кеңсе мен іс қағаздарын жаңа ұйымдасқан комитеттерге өткізу жөніндегі нұсқауларын орындаудан бас тартқандары үшін, комиссар Ә.Бөкейханов оларды сотқа бергізеді.

Уақытша үкімет қазақтардың мұң-мұқтажын ойламады. Шынын айтқанда, Уақытша үкімет Түркістан халықтарының (қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, каракалпақ) өзін-өзі билеу құқығына ашықтан-ашық қарсы шығып, империалистік соғысты жалғастыруды жақтады.

Жергілікті билік орындарында бұрынғыдай орыс билігі нығайып жатты. Ресейде үкіметке дұшпан болып, революциялық қимылға шыққан орыс мужигі енді Уақытша үкіметтің, тіпті Кеңес билігі кезінде де, Түркістан (Жетісу, Оңтүстік Қазақстан) өлкесіндегі тірегіне айналады. Ал, Кеңес билігі кезінде орыстар жергілікті қазақ, қырғыздарға ұлы державалық менменшіл, шовинистік саясатты жалғастырды.

Дегенмен де Уақытша үкімет біраз шараларды жүзеге асырды: 1917ж. 14 наурызда – 1) «Бұратаналарды» тыл жұмысына алуды тоқтатады; 2) Сол жылы 5 мамырда «Тыл жұмысына алынғандарды еліне қайтару» туралы Жарлық қабылданады; 3) 1917ж. 18 қыркүйекте – «Жетісу облысының, 1916ж. көтеріліс кезінде зардап шеккен халқына қазынадан 12 млн сом беру» туралы қаулы қабылданады. Оның 7 млн – орыстарға, ал қазақтарға – 5 млн. берілуге тиіс болды.

Түркістан өлкесінің жергілікті халықтары жаңа өкімет тарапынан бұрынғы кездердегідей қуғын-сүргінге ұшырады. мәселен, Жетісу облысында (бұл жылдары қырғыздар Жетісу облысының құрамына кіретін) қазақтар мен қырғыздарда сын көтермейтін ауыр жағдай қалыптасты.

1916-1917жж. Түркістан өлкесінде, 1916ж. ұлт-азаттық көтерілістің салдары ретінде, Уақытша үкімет билік басына келген кезде бұрын-соңды болып көрмеген ашық басталады. Бұл қолдан жасалған ашықтың бірінші кезеңінде (екінші және үшінші кезеңдері 1921-1922жж және 1931-1933жж болғаны белгілі) небәрі 3 млн Түркістан өлкесіндегі түркі халықтарының 2 млн адамы негізінен қазақтар мен қырғыздар ашығады.

Т.Рыскулов «Социалды Казакстан» газетінде Түркістанды жайлаған аштық турасында: «1916-1917 жылдарда Түркістанда құрғақшылық қатты болып, егін шықпай қалды. 1916 жылы дәл егін орағы кезінде басталған жергілікті елдің көтерілістері, жазалаушы отрядтардың елді қырып, шаруашылықты жайпап бүлдірген әрекеттері, ұлт-тап күресінің бұрынғыдан да әрі шиеленісуі жалпы шаруашылық жөніндегі қиыншылықты онан сайын асқындырды. Осылардың салдарынан өлкедегі шаруашылық шайқалып, күйзеліп кетті. Қару-жарак бағасы 3-4 есе қымбаттап кетті. Түркістан бұрын болып көрмеген адам айтқысыз үлкен ашаршылықтың құшағына кіруге айналды. Ашаршылыққа Түркістанның барлық көшпелі және жартылай көшпелі аудандары түгелімен, отырықшы аудандарының едәуірі ілінді. Ашыққан казак пен қырғыз топ-тобымен шұбырып қалаларға, селоларға қарай ауа бастады, соларға барған жерінде жүздеп, мыңдап қырылды. Ашаршылықтың аса қатты белең алған жері Түркістан өлкесі болды. Қыстың аязды, көктем мен жаздың жаңбырсыз болуы өлкені бұрын болмаған қуаңшылыққа алып келді. Оған Түркістанның барлық көшпелі және жартылай көшпелі аудандары толықтай, ал отырықшы аудандары едәуір ілініп, елдің жағдайы ауырлай түсті. Аштыққа Жетісу, Сырдария облыстары ілігіп, ашыққан ауылдардың саны арта түсті. Осы жылдың ортасында астықтың зәрулігі анық байқалып, казак-қырғыздардың жағдайының өте нашарлығынан ашыққандардың саны күннен-күнге көбейе түскендігі жөнінде белгілі болып, мерзімді басылым беттерінде түрлі хабарлар жариялана бастады. Аштық 1917 жылғы қос революциядан кейін де қатты білінді. Түркістан өлкесіндегі ашаршылықтың орын алуының бірден-бір себебі астық өсіріліп келген суармалы жерлердің басым бөлігіне мақта егіліп, егіс алқаптары қысқарады.»

Биліктен ешқандай көмек болмайды. Ашыққандарға көмек, жәрдем жасауда казак зиялыларының Мұхамеджан Тынышпаевтың, Сұлтанбек Қожановтың, Міржақып Дулатовтың, Санжар Асфендияровтың, Халел Досмұхамедовтердің рөлдері аса зор болғанын айтуымыз керек.

М.Тынышпаев комиссар болып тағайындалған Жетісу облысында 1916ж. көтерілістен соң қалыптасқан ауыр жағдай сол өзгеріссіз күйінде қала берді. Әсіресе, әскери билік пен қарулы қоныс аударып келген орыс мұжықтарының алдында панасыз қалған казак және қырғыз бұқараларының жағдайы өте қиын еді. Оны шамамен сәуір айының соңында Мемлекеттік Дума атына түскен, Жаркент уезінің албан және суан қазақтарының жеделхатынан айқын аңғаруға болады: Орыс мұжықтары тарапынан қазақтардың арасында жасалынып отырған кісі өлтіру, тонауды тоқтатуға шаралар қабылдауыңызды жалынып өтінеміз. Қазақтар аштықтан қырылуда, өлекселерді жеуде, азық-түлік комитеті оларға нан сатуға тыйым салған. Орыс тұрғындарының қару-жарағын тартып алуды өтінген біздің ұсыныстарымызды қабылдамайды». Бұл тек Жаркент уезінде ғана емес, жалпы облысқа тән жағдай болатын. Прежевальск уезінен келген депутаттар тобының өлкелік кенеске жасаған баяндамасында: қазақтар мен қырғыздарды толық аштық қамтыған, ішерге тамағы жоқ, ал орыс шаруалары астығымен бөлісетін емес. Екіншіден, орыс мұжықтары мен демалысқа келген солдаттар казак пен қырғыздарды аяусыз тонап, қыруда.

Үшіншіден, казак пен кыргыздарды переселендер зорлыкпен алып кетіп, тегін жұмыс істетуде. Г.Сафаров «Колониальная революция» (Опыт Туркестана) М., 1921ж монографиясында коныс аударып келген орыс мұжыктары (келімсектер) тарапынан кісі өлтіру, баска да зорлык-зомбылык күшеюү Казактар мен кыргыздар аштыктан кырылуда, кейде олар өліктерді жеуде» деп жазган болатын. Казактар мен кыргыздарға жергілікті орыс билігі ешкандан көмек жасамады. Керісінше, олардын жерін, үй-мүлкін тартып ала бастады.

Міне, осы сиякты акпарларды ала отырып, Уакытша үкімет және құрылған Түркістан комитетіне және Жетісу облысының комиссарына ең негізгі міндеттердің бірі есебінде Жетісуда қалыптаскан ауыр жағдайды тарапта арада жойып, облыс өмірін бір қалыпка түсіруді жүктейді.

Түркістан уакытша комитетінің мүшесі Б.А.Шкапский мен М.Тынышпаев жағдайы ен ауыр деген уездерді аралап, жергілікті тұрғындармен сөйлесіп, Қытайға босып кеткен босқындарды қайтадан өз атамекендеріне орналастыру және оларды орыстармен татуластыру жолдарын карастыруға тиіс болды. М.Тынышпаев Қапал, Жаркент және баска уездерде жағдайлармен танысып, одан әрі Қытайдағы босқындардың көп шоғырланған жері – Текеске баратын ондағысы – босқындардың жағдайын көзімен көргісі келгені еді. Бұл кезде өзі ретінде Шкапский де облыстағы біраз уезд, болыстарды аралап кайтады.

Карастырып отырған мезгілде Қытай аскан боскын казактар мен кыргыздардың, сондай-ак Жетісу облысындағы халықтың да жағдайы шиеленісе түскен болатын. Құлжадағы Уакытша комитеттің төрағасы Сыдық Ювашев: Құлжа жакқа үркіп келген казактардың жай-күйі тіпті жамаан аштыктан кырылып жатыр, катын-балаларын сатып жатыр, күн көргені – жемтік. Мұсылмандар арасынан жәрдем жиып, болыса көрініздер! – деп, дабыл каққан еді.

«Казак» газетінде казак пен кыргыз босқындарының қайғылы халін суреттеген мақалада орыс әскерінің талауынан қалған малдарын Қытай жеріне өткен соң, мұндағылар орыс жеріне қайта айдаймыз деп қорқытып, талап алғанын айтып, аштыктан, суыктан босқан кыргыздардың үштен екісі өлгенін, Құлжаның көшелерінде қайыршылардан кісі жүре алатын емес деп жазылған. «Боскын кыргыздарға жәрдем комитетінің «Құлжа» мұсылмандарынан жиналған ақшаның көлемі айтарлықтай көп болған. Құлжа тұрғыны Хасен қажы Мұсабаев 1916ж. қыста бір мыңға жуык боскын кыргыздарды бағып, осы мақсатқа отыз бес мың сом өз қаржысын жұмсаған.

1917ж. көктемі шыға билік орындары боскын казактар мен кыргыздарды қайтару камына кіріседі. Нәтижесінде, 200 мыңдай казак пен кыргыздардың, 120 мыңнан астам адамы (20 мың киіз үйлері бар), 64 000 бас жылқысы, 46 мың бас ірі кара малы, 120 мың бас қойы және 5400 бас түйесі Жетісуға қайтарылады. Өз еліне жетіп, береке табамыз деген 700 кыргызды Прежевальск қаласы маңында Қалаш деген жерде 50-60 мылтыкпен қаруланған орыс адамдары күтіп алып, бірнеше кыргызды атып өлтіріп, ақшаларын тартып алған.

1916ж. негізінен ұлтаралық көтеріліс кезінде коныс аударып келген орыс мұжыктары да үлкен зардап шегіп, облыс көлемінде 9989 переселен

кожалыктары күйреп, тек бір Прежевальск уезінде ғана 20 село түгелдей өртеніп, 4 мыңға жуык адам каза тапқан болатын. Бұл жағдай орыс жұрты арасында жергілікті халыққа деген қастандық сезімін өршіте түскен. Сол себепті орыс жұртының босқын қырғыз бен казактардың өз атамекеніне оралып, өздерінің атамекеніне орналасуына үзілді-кесілді қарсы шығып, аш-жалаңаш босқындарға көмек көрсетуден бас тартуын түсіністікпен қарауға болады.

Жетісу облысында калыптасқан осындай ауыр жағдайды жан-жақты талдап, Тынышпаев пен Шкапский Петроградтағы үкімет орындарына, Ташкенттегі Түркістан комитетіне дағдарыстан шығудың өздері ұсынған жолдарын баяндап жеделхат жібереді.

Не дегенмен де, 1917ж. шілде айында облыстағы жағдай мүлде шиеленісіп кетеді. Орыс мұжықтарының Қытайдан оралған босқындарға жасаған зорлығы өрши түседі, аш казак пен қырғыз ауылдарына, босқындарға астық сатудан үзілді-кесілді бас тартады.

Босқыншылыққа ұшыраған қырғыз жұртына көмек ұйымдастыруда, екі елдің өзара жәрдем ісіне ұлттық зиялылар белсенді түрде араласа бастайды. Босқын қырғыздарға жәрдем ұйымдастыруда негізгі орынға айналған «Қазак» газеті қаржы жинау барысы туралы үзбей хабар беріп тұрды. Жәрдем жинау бірнеше қоғамдық орындар арқылы жүреді. «Қазак» газетінің 256-саында босқын қырғыздарға жәрдем ретінде барлығы 14.945 сом 86 тиын түскенін хабарлайды.

Қырғыз ағайындарға көмек көрсетуде Алаш қайраткері М.Дулатов көп еңбек сіңіреді.

1917ж. 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші Жалпыказак съезі Жетісу облысындғы жағдайды дербес қарап, біріншіден, соғыс және ішкі істер министрлеріне жеделхат жолдап: «Жетісудағы казак-қырғыздарды атып, жаншып жатқан мұжықтардың һәм соғыстан қайтқан солдаттың қолынан қару-жарағын сыпырып алып, халықты зорлықтан қорғауларын талап етеді. Екіншіден, Жетісу облысындағы ашаршылықтан қырылып жатқан казак-қырғыздарға Алаш баласы жәрдем беруін» өтінеді.

Петроградтағы Уақытша үкіметті Жетісу мәселесі аса толғандыра қоймайды. Бірақ Түркістан Уақытша комитеті түрлі күштердің, соның ішінде мұсылман қауымдастығының 18 тамызда Ташкентте өткізген демонстрацияға қойған талаптары мен өтініштерін орындау барысында тамыз, қыркүйек айларында бірнеше шараны іске асырады. Мәселен, Жетісу облысында эскери жағдай жарияланады, астық монополиясын енгізеді, Прежевальск уезіне қаракшылық істерді тексеру үшін тергеу бригадасы жіберіледі, ең сонында, көп күттірген 1916ж. көтеріліс кезінде зардап шеккен орыстарға және казактарға шығындарын өтеу үшін қажетті 11 млн 150 мың сом қаржы Алматыға жөнелтіледі.

“ХХғ. Қызыл топаланы” атанған большевизм билікке келген бетте жергілікті халықтар мүддесін көзге ілмеген еді.

Көшпелі казактарды марксистік көзқарас тұрғысынан бәрібір құрып кетуі тиіс, экономикалық жағынан әлсіз топ деп есептеді. Сондықтан, оларды

аштықтан құтқарамын деп шығындағаннан бар қаржыны азамат соғысы майдандарындағы қызыл әскерлерді қолдауға жұмсау маңызды деп санады. Жана тұрпатты отаршылдар басқарған өкімет, тұрғылықты көшпелі казактар үшін ашаршылық пен аштан қырылу “бостандығына” кең жол ашып берді.

Мұстафа Шоқай: “большевизмнің аштық саясаты” негізінен өлкедегі мал бағуды өмір салты еткен казак халқын баудай түсірді.

Ресми деректер бойынша 1917-1919жж. сұрапыл ашаршылықта 2млн. адам ашыққан. Т.Рысқұловтың басқаруымен жүргізілген аштықпен күрес шаралары миллиондаған адам өмірін арашалап қалды.

Кенес билігін орнатуға белсене қатынасқан Тұрар Рысқұловтың Түркістан Республикасындағы атқарған жұмыстарының ең маңызды парактарының бірі оның 1918-1921 жылдардағы Түркістан өлкесін жаппай жайлаған ашаршылық нәубетімен күресі болып табылады. Т.Рысқұлов алғаш Түркістан Республикасында орыс шовинизміне, отаршылдық қалдығына қарсы күрескен саяси топтың жетекшісі ретінде танылды. Оның есімі Түркістан өлкесінде ашаршылыққа қарсы күрестің символына айналды. 1918ж. күзде Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары болып Т.Рысқұлов тағайындалады. Комиссариаттың жұмысы қайта құрылып, негізгі күш-қуат халық арасында кең тараған жұқпалы ауруларды жою ісін ұйымдастыруға, дәрігерлік көмекті дұрыс жолға қоюға жұмсалады. Түркістан Республикасындағы ішкі қиындықтарға қарамастан, Орталық комиссиясы аштықты ауыздықтауға бар күшін салды.

Т.Рысқұлов өлкедегі аштық қасіретін Войтинцев төрағалығымен өткен Түркістан Орталық Аткару Комитетінің мәжілісінде жасаған баяндамасында нақты мысалдармен келтірді. Ол аштық пен аурудан өлгендердің қатары әр аудандарда 25-тен 50 процентке дейін жеткендігі, әсіресе, Әулиеата уезінде адам өлімінің аса көптігі, тіпті аштықтан тұтас қырылған ауылдардың да барлығын, тұрғылықты халықтың азайғандығы сонша – кейбір жерлерде 2-3 тіпті 4 болыстан тек бір болысты өзгер құруға болатындығын, бір уезде жүздеген мал басының қырылғандығын, аштықпен күресті бастамаса, адам шығыны бұдан да зор өсетіндігін айта келе, тез арада ашыққандарға арнап арнайы тамақтандыру пункттерін, панасыз қалған балаларға пункттер мен колониялар және жұқпалы ауруларды ауыздықтауға дәрігерлік бөлімдер ашу, сонымен қатар ашыққан аудандарда экономикалық зерттеулер жүргізу мәселесін ұсынды.

Т.Рысқұлов сөз соңында әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, азық-түлік, қаржы және т.б. комиссариатының өкілдері кіретін арнайы ұйым құрып, оны «Аштықпен күресетін ерекше Орталық Комиссия» деп атауды ұсынды және өзін денсаулық сақтау комиссары қызметінен босатуын, аштықпен күрес жұмысына тағайындау жөнінде өтініш білдірді. 1918ж. 28 қарашада оның өтініші қабыл етіліп, Республикада бірнеше комиссариаттар құрылып, Т.Рысқұлов Аштықпен күресетін ерекше Орталық Комиссиясының төрағасы болып тағайындалды. ОАК-де қабылданған қаулы-қарарларды жүзеге асыра бастады. Сырдария губерниясының Ферғана, Самарканд. Жетісу және т.б. уездерінде Орталық комиссияның бөлімдері ашылып, әр уезде

ашыққандарға арнап асханалар мен тамақтандыру орындары ашылып, азық-түлік таратыла бастады.

1917ж. күзге қарай М.Тынышпаевтың тікелей басшылығымен босқын қырғыздар мен казактар шоғырланған жерлерде оларды тегін тамақтандыратын асхана пункттері ашыла бастайды. Пішкек қаласында мың адамдық осындай пункт ұйымдастырылады. Бұл кезде аштық казак-орыс ауылдарын да камтыған еді.

Түркістан өлкесінде жер-жерлерде асхана пункттері ашылады. Құжаттар хабарлағандай, «халық жауы» Сұлтанбек Қожанов тарапынан ұйымдастырылған асханаларда берілетін шүйгін көжелер мыңдаған халықты аштықтан сақтап қалыпты.

Ел ашығып жатқан кезде Ақмола облысының орталығы болған Омбыдан, Петропавл, Семей және Солтүстік-Шығыс Қазақстанның басқа қалаларынан Москва мен Петроградқа күнде эшолон астық жөнелтіліп отырды. Мысалы, Семейден Орталыққа 1 716 мың пұт астық жөнелтілген. Ақтөбе облысынан Москваға 99 вагон астық пен баскалай азық-түлік жіберілсе, Батыс Сібірден 47 вагон бидай жөнелтілген. 1918 жылдың мамыр айына дейін Торғай және Орал облыстарынан 20 млн пұт астық пен ет жіберілген. Уақытша үкіметтің халықтан жинап алған азықты жергілікті тұрғындарға емес, Ресей губернияларына жіберуі казак комитеттерінің ашу-ызасын туғызды. Азық-түлік қоймаларын, жеке дүкендерді бұзып, азықты тартып алу сияқты фактілер тіркеле бастады.

Т.Рысқұлов басқарған Аштықпен күресетін Орталық Комиссия өзіне жүктелген істі абыроймен атқарып шықты. Дегенмен, аштықты толықтай жоюға дәрмендері жетпеді.

Аштықтың арты жұқпалы ауруларға ұласып, 1918 жылы да Әулиеата уезіндегі көшпелі халықтардың арасында сүзек, іш аурулары, тырыскак, құрқұлак, оба аурулары тез тарады. Аш-жаланастан, індеттен қырылған адамдардың саны күннен-күнге көбейіп, өліктері далада шашылып қалды. Түркістан Атқару комитетіне жолданған жеделхаттың бірінде: «Әулиеатада шіри бастаған өліктерді жинап алуға мұрша жоқ», - делінді. Уездегі ауыр жағдайға байланысты әрі жұқпалы аурулардың жылдам тарауын тежеу мақсатында, жергілікті кеңесте жасалған баяндама бойынша, 1918ж. мамыр-маусым айларында уезде учаскелік емханалар, Грозный, Мерке және Шудағы Новотроицкіде эпидемиялық пункттер ашылып, уезд бойынша тырыскакка қарсы 5000-дей егу жұмыстары жүргізіліп, тағы да 5000 адамды егу жоспарланады. Сонымен бірге уездегі барлық халыққа медициналық және ветеринарлық көмек көрсетудің алдағы жоспары жасалып, Ташкентке бекітуге жіберілген.

Азамат соғысының басталуы, халықтың шаруашылығын әскери жағдайға бейімдеу және азық-түлік салғырты халықты әбден титықтатты. Азық-түлік салғырты «әскери коммунизмі» тұсында, 1919 жылғы қаңтардан 1921 жылдың мамырына дейін жүргізіліп, шаруаға талшық етерлік азық қана қалдырылып, ал қалғаны белгілі бір бағамен мемлекетке өткізілуге тиіс болды. Сөйтіп, Азамат

соғысы халықты азық-түлік салғыртымен жаныштап, шаруалардың мандық термен тапқан азығын күшпен тартып алу саясатын жүзеге асырды.

Аштықтан және оның салдарынан пайда болған әр түрлі аурулардан Түркістан өлкесінде Мұстафа Шоқай «Туркестан под властью Советов» лекция еңбегінде келтірген мәліметінде 1 млн 114 мың адам қырылған деп көрсетілген.

3.4. Саяси партиялардың: «Шуро-и-Исламия», «Шуро-и-Улема», «Үш Жүз», «Алаш» құрылуы. Жалпықазақтардың I съезі (1917ж. 21-26 шілде), оның шешімдері

Ал, XX ғ. басында қазақ қоғамында түрлі саяси ағымдар, көзқарастар өрістегені, түркішілдік, исламшылдық, ұлттық-демократиялық, социал-демократиялық қозғалыстар қалыптасып дамығаны саяси патрия құрудың алғышарттары қалыптасқанын көрсетеді.

Бұл ағымдардың саяси өзегін интеллигенция өкілдері, сонын ішінде ұлттық интеллигенция өкілдері құрады. Олар Санкт-Петербург, Москва, Қазан және тағы басқа да жоғарғы оқу орындары бітіргендер (М.Шоқай, Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, Б.Қаратаев, А.Итаяков, Н.Ипмағамбетов, Санжар және Гүлсім Асфендияровтар және т.б.), Орынбор, Омск және т.б. қалаларда педучилишені бітіргендер (А.Байтұрсын, М.Дулатов, М.Жұмабаев және т.б.). Аты аталғандар кезінде орыс-қазақ мектептерін бітіріп, екі тілде еркін сөйлейтін, саяси сауатты, талантты ұл-қыздар болатын.

Қазақ интеллигенция өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметінің негізгі түрлері: саяси баспасөзді дамыту, петициялық қозғалыстарды жетілдіру, бүкілқазақ съездерін шақыру, мұсылман съездеріне қатынасу, Думаның қызметіне араласу, ең маңыздысы, қазақ халқының мүддесін барлық жерде қорғау. Мәселен, түркішілдік идеясының ықпалында болғандар «Айқап» журналы төңірегінде топтасады.

XX ғ. I ширегінде Қазақ өлкесінде кадет, эсер, меньшевик, большевик, «Шуро-и-Исламия», «Шуро-и-Улема», «Иттифәк-эль-Муслимин», «Үш Жүз» және «Алаш» партиялары жұмыс істеді.

Ұлттық мүддені көтере білген партиялардың қатарында «Шуро-и-Исламия», «Шуро-и-Улема» (басшысы Серәлі Лапин), «Үш Жүз» және «Алаш» партиялары болатын.

3.5. «Шуро-и-Исламия» және «Шуро-и-Улема»

Ақпан революциясының жеңісі Қазақ өлкесіндегі Түркістан аймағында халықтың мұң-мұқтажын жоқтайтын саяси күштерді тарих сахнасына шығарды. Оның бірі - «Шуро-и-Исламия», Ислам кеңесі 1917жылғы мамырда Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылман съезінің шешіміне сәйкес құрылған қоғамдық-саяси ұйым. Бұл ұйым Уақытша үкімет жағдайында.

мұсылмандардың және олардың қоғамдық ұйымдарының Құрылтай жиналысынан кейінгі іс-әрекеттерін қадағалап, үйлестіріп отырды. Құрамына Түркістаннан 7, Кавказдан 2, казак облыстаынан 5, Литва татарларынан 1, ішкі Ресей мұсылмандарынан 10 адам кірді. Шура-и-Исламияның Петроград қаласында орналасқан 12 адамнан тұратын атқару комитетінің төрағалығына Ж.Салихов, орынбасары болып Ж.Досмұхамедұлы сайланды. Атқару комитеті мүшелері қатарында алғашында У.Танашев, Жақып Ақбаев, Зәки Уәлиди Тоған, Ғ.Ходжаев, Көлбай Төгісов, Ш.Мұхамедяров, И.Лиманов секілді кайраткерлер болды. Шура-и-Исламия бүкілресейлік мұсылмандар съезінің шешімдерін басшылыққа алды. 1917 жылы шілдеде өткен Бірінші жалпыказак съезі Шура-и-Исламияға мүшелікке казак өкілдерін: Ақмоладан А.Тұрлыбаевты, Семейден Ә.Сәтбаевты, Торғайдан Ә.Байгоринді, Оралдан У.Танашевты, Жетісудан Б.Мәмбетовті, Сырдариядан М.Шоқайды, Ферғанадан Ғ.Оразаевты сайлады. Шура-и-Исламия 1917 жылы шілдеде Қазан қаласында Бүкілресейлік мұсылмандар съезін өткізуді ұйымдасырды. Шура-и-Исламия Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді.

1917 жылы 14 наурызда Қазак өлкесінің оңтүстік аймағында «Шура-и-Исламия» одағы құрылды (исламды жақтаушылар кеңесі). «Шура-и-Исламия» жетекшілері қатарында М.Абдрашидханов, М.Шоқай және т.б. болды. «Шура-и-Исламия» одағының идеологиясы түркі-мұсылман халықтарының басын біріктіріп, әрбір ұлттың өзін-өзі басқаруына қол жеткізу болатын. Одақ жергілікті халықтың мүддесі үшін белсенді қызмет атқарды. Олардың бастамасымен 16 сәуірде Ташкентте жалпытүркістандық құрылтай шақырылды. Оған казак, өзбек, түрікмен және баска Түркістан халықтарының өкілдерінен барлығы 150 делегат қатысты. Съездің тең төрағасы болып М.Абдрашидханов пен Серәлі Лапин, ал хатшылыққа Мұстафа Шоқай сайланды. «Шура-и-Исламия» 1917 жылы 27 қазанда кеңес үкіметін мойындамау туралы шешім қабылдады. 1917 жылы қарашада «Шура-и-Исламияның» белсенді саяси қызметінің нәтижесінде IV төтенше өлкелік мұсылман съезі шақырылып, онда Қокан автономиясы жарияланғаны белгілі. Сөйтіп, бұл ұйым түркі-мұсылман халықтарының ұлттық-діни автономия құруы үшін белсенді саяси күрес жүргізді.

Ақпан революциясының жеңісі Қазак өлкесі мен Түркістан аймағында халықтың мұн-мұқтажын жоқтайтын саяси күштер: «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясын, «Үш Жүз» большевиктердің мүддесін қорғайтын радикалдар партиясын және «Шура-и-Исламия» түрікшілдік пен исламды жақтайтын ұйымдарды тарих сахнасына шығарды.

Исламшылар «таза ислам» жолын, ал түрікшілдер модернизм және прагматизм бағытын ұстанғанынан хабардармыз. «Шура-и-Исламия» алғашқы кезде бұл екі бағытты біріктірсе, құрылғаннан кейін үш айдан соң, яғни 1917 жылы шілдеде оның құрамынан «таза ислам» одағы «Шуро-и-Улема» бөлініп шықты. Улемшілер өздерінің жетекшісі адвокат С.Лапиннің басшылығымен «шариат бойынша таза мұсылман ұстанымдары негізінде мұсылмандардың өзін-өзі билеу құқықтарын іске асыру» бағытында тұрды.

«Шуро-и-Улема» немесе Ғұламалар кеңесі – қоғамдық-саяси ұйым. 1917 жылы 10 шілдеде Ташкентте көрнекті казак қайраткері С.Лапиннің жетекшілігімен құрылған, «Шуро-и-Улема» Түркістан өлкесінің жергілікті халқының мүддесін қорғау ислам діні қағидаларымен ұштастырылғанда ғана жүзеге асырылып деп санады. Соған орай Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінен мұндай ұстанымның жүзеге асуын талап етті. Түркістан өлкесіне Ресей Федерациясының құрамында аумақтық автономия берілуін жақтай отырып, олар ұлттық-діни пікірлерді мерзімді баспасөз арқылы насихаттау, күнделікті өмірде талқы тудыратын мәселелерді шариғат арқылы шешу керектігін өз ұйымдарының жарғысына негіз етіп алды. Жарғыға сәйкес ұйым мүшелері үш топқа бөлінді:

- жылына 6 сом төлеген қарапайым мүшелер,
- ұйымға айрықша қызмет сiнiрген құрметтi мүшелер,
- ұйымның есепшотына 100 сом көлемінде қаржы салғандар тұрақты мүше саналатын болды.

Жергілікті зиялы қауым өкілдерінің біраз бөлігі «Шуро-и-Улема» ұйымының бой көтеріп, қоғамдық өмірге араласуын Уақытша үкімет жағдайында өлкедегі түркі-мұсылман халықтарының талап-тілектерін жүзеге асыруда кедергі келтіреді, осы мақсат жолында ұлттық-саяси күштердің бірлесуі әрекет етуге деген талпынысының тежелуіне, олардың ара жігінің ажырай түсуіне әкеліп соқтырады деп санады. Мұндай пікір «Шуро-и-Улема» ұйымының Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің шешімдеріне мойынсұнбауына және «Шуро-и-исламия» ұйымымен қатынасының шиеленісуіне байланысты туындады. Ташкент қаласының думасы сайлауы кезінде «Шуро-и-Улема» «Шуро-и-исламия» ұйымының басты бәсекелесіне айналып, жеңіп шықты. Ташкент қаласы думасына ұсынылған «Шуро-и-Улема» тізімінде Самарқанд облысының бұрынғы әскери губернаторы Лыкошин секілді өкілдер де бар еді. Қалалық думаға ескі билік шенеуніктерінің ұсынылуы ұлттық-демократиялық күштердің ғана емес, өлкедегі еуропалық тұрғындар арасында кең қанат жайған либералды және солшыл радикалды топтардың да наразылық білдіруіне алып келді. Эсерлер мен социал-демократтар «Шуро-и-Улема» ұйымы біздің үстімізден реакциялық күштердің билік жүргізуіне жол беруде деп мәлімдеді. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау кезінде депутаттыққа кандидаттар ұсынуда Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің ұлттық ұйымдар атынан тізім жасалынсын деген ұсынысын «Шуро-и-Улема» ұйымы қолдамады. Олар 1917 жылы 2 қазанда Түркістан қаласында съезд өткізіп, онда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына өз алдына бөлек депутаттыққа кандидаттар тізімін жасады. 14 адамнан тұратын бұл кандидаттар тізімі қатарында С.Лапин, С.Макмұтқожа, С.Алдабергенов, С.Нұрмұхамедов, Садыққожа ишан, Х.Ибрагимов, Т.Ғалым, О.Мерейов, М.Мабирхан, Ә.Топчибаев, І.Бұралқиев, С.Юсупов, С.Наргелов, Ғ.Махдум болды. 1917 жылы күзде Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі революциялық комитеттер құруға кірісіп, бар билікті өз қолдарына алуға ұмтылғанда оған «Шуро-и-Улема» ұйымы табынды қарсылық көрсетті. Олар Түркістан өлкесі мұсылмандарын бірлік танытуға шақырып, кезекті өлкелік мұсылмандар съезін ұйымдастырды (қала

Түркістан өлкесі мұсылмандарының үшінші съезі). «Шуро-и-Улема» 1917 жылы 25 қарашада құрылған Түркістан автономиясына да қолдау таныта қоймады. Керісінше, Кеңес үкіметімен ымыраға келу мақсатында 1918 жылы 17 қантарда өлкелік халық комиссарлар кеңесіне «Орыс социалистеріне» атты мәлімдеме жолдады. Онда жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің бар билікті қолына алуы сөзсіз мұсылмандардың қарулы қарсылығына ұшырататындығы ескертілді және өлкедегі билікті ұйымдастырудың өзге жолы ұсынылды. Бұл мәлімдемеде қантөгіске жол бермеу үшін, өлкеде мұсылмандық автономия үкіметінің исламдық социализм принциптері бойынша құрылуы тиістігі аталып көрсетілді. «Шуро-и-Улема» ұйымының мұндай ұсынысына кеңес өкіметі құлақ аспайтындығын 1918 жылы ақпанда Түркістан автономиясын қарудың күшімен талқандау арқылы көрсетіп берді. Мұның артынша «Шуро-и-Улема» ұйымын тарату туралы шешім қабылданды. «Шуро-и-Улема» ұйымының сол тұста жасаған соңғы қадамы өлкедегі большевиктер үкіметіне қарсы күресу үшін Германиядан көмек сұрауы болды. 1918 жылы қыркүйекте «Шуро-и-Улема» ұйымының жетекшісі С.Лапин тарапынан білдірілген ондай өтінішке бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшыраған Германияның көңіл бөлуге мұршасы келмеді.

3.6. «Үш Жүз» партиясы

Ұлттық интеллигенцияның аз бөлігі (негізінен төменгі буын өкілдері) социалистік идеяларды ұстанып, социал-демократтармен (эсерлермен) ынтымақтастықта болды. Олардың арасында С.Сейфуллин, С.Мендешев, К.Тоғысов және т.б. ерекше көзге түсті. «Үш Жүз» партиясы 1917 жылы қазан-қараша айларында пайда болды. 1917 жылы қарашада Мұқан Әйтпенов және Шаймерден Әлжанов бастаған бір топ Омбы зиялылары «Үш Жүз» аталатын саяси партия құрғандарын мәлім етті. Бұл партияның өмірге келуі қазақ зиялылар тобының білімі мен саяси мәдениеті тұрғысынан біркелкі емес, сондай-ақ түрлі саяси ұстанымда екенінің айғағы.

«Үш Жүз» партиясын құрғандардың бірі Ш.Әлжанов қазақтар үш жүзге, үш ордаға бөлінеді, сондықтан «Үш Жүз» партиясын құруды ұсынады. «Үш Жүз» партиясы сол кездегі Қазақ өлкесіндегі партиялардың бәріне (кадет, эсер, социал-демократ, «Алаш») оппозицияда болған еді. Ол прогресс жолымен әлеуметтік әділдікке жетуді көздеген, саяси, рухани, діни, тағы басқа салаларда бастандықты ұран ғып ұстаған солшыл, социалистік бағыттағы, қазақ зиялыларының осы саяси ағымды қолдайтын елеулі тобының идеялық орталығына айналды.

«Үш Жүз» партиясын билік жолындағы талас-тартыста күші басым жаққа ауысып отырған партия деуге болады. «Үш Жүз» партиясының лидерлері, соның ішінде Көлбай Тоғысов дінді мойындамайтын атеистер-большевиктердің саясатын қолдап, әйгілі Алаш қозғалысының лидерлеріне Ә.Бөкейханов, Х.Ғаббасов және т.б. қарсы арандату күресін жүргізеді.

Алғаш кезде «Үш Жүз» партиясының мақсат-мүддесі программасынан айырмашылығы болмаған. Ол – қазақ халқын патшалық Ресейдің отарлық езгісінен азат етіп, оны бақытты ету еді. Бұл жағынан «Үш Жүз» партиясы мен «Алаштың» бағыт-бағдарламасы бір болатын. «Үш Жүз» партиясы құрылтай жиналысына қазақтардың атынан депутаттар ұсыну сәтін дүниеге келген болатын. Қазақстанның оңтүстік-батысында қазақтар социалистік «Үш Жүз» партиясы пайда болды, оның жекелеген комитеттері мен топтары Ақмола және Семей облыстарының территориясында да құрылды. Бұл кезде ол өзінің негізгі идеялық қарсыласы «Алашты» саяси аренада ығыстыру үшін түрік-татар қауымдастығына, мұсылман қозғалысына сүйенді. «Үш Жүз» партиясының мақсаты – федерацияны жақтау, түрік-татар қауымдастығын біріктіру арқылы Құрылтай жиналысына жеке тізіммен қабылданып болатын. Бірақ оның бұл ойынан түк шықпайды. Өйткені татар қайраткерлері ондай «қамқорлықты» өз мойнына алған партияға мұқтаж еместігін сездірді.

Кейінірек билік үшін күрес күшейген кезде, саяси ахуал шиеленіскен кезде «Үш Жүз» іргесін Алаштан аулақ салып, большевиктерге және солшыл эсерлерге жақындай түседі. Қазан революциясы жеңіске жеткен соң, «Үш Жүз» Алашқа қарсы ашық күреске шығады.

3.7. «Алаш» партиясы. Жалпықазақтардың I съезі (1917ж. 21-26 шілде), оның шешімдері

Тек Алаш партиясы ғана сол кезде нағыз ұлт мәселесін көтеріп, мүддесі үшін адал қызмет етті.

Торғай облыстық қазақ съезінің шешімімен тұңғыш жалпықазақ съезі дайындау Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазыларынан тұрған айрықша бюроға тапсырылған болатын.

1917ж. 21-26 шілдеде төрағасы Халел Досмұхамедов болған, Орынбор қаласында өткен жалпықазақтардың I съезінде 14 мәселе талқыға түсті. Бірақ алдымен, мемлекет құрылымы ісі қаралды: «Ресей демократиялық парламенттік республика болып, қазақ облыстары қоныс-ұлт жігіне қарап облыстық автономия болуға тиіс» деп, ең маңызды мәселені шешкеннен соң, даулы жер проблемасы жайында 14 баптан тұратын қаулы қабылдайды.

Съезде Ресейден бөлініп кету, қазақ жеріне келіп қоныстанғандарды қуып шығу туралы шешім қабылданбады. Тек съезд "қазақ халқы өзінің еніп жеріне орнығып болғанша, қазақ жері ешкімге берілмесін" деп, қатаң талап қойды.

Сонымен бірге съезд Жетісудағы қайғылы оқиғаларға байланысты, оларға шек қояды сұрап, әскери және ішкі істер министрлеріне жеделхат жолдады. Осы облыстағы «ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғызға Алаш баласы жәрдем беруін» өтінді.

I жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе қаралып мынадай шешім қабылдады: «Ресейде осы күні түрлі саяси патриархтар бар».

олардың программалары түп-түгел казактардың мақсаттарына үйлеспейді... Соныдықтан біздер казак мақсаттарын түгел көздейтін өз алдына партия «құрмасак» болмайды.

Қазактың саяси партиясының жобасын жасауды съезд «Шуро-и-Исламияға» сайланған казак өкілдеріне: Акмоладан – А.Тұрлыбаевка, Семейден – Ә.Сәтбаевка, Торғайдан – Ә.Байгоринге, Оралдан – Ж.Досмұхамедовке, Бөкейліктен – У.Танашевка, Жетісудан – Б.Мәмбетовке, Сырдариядан – М.Шоқайға, Ферғанадан – Ғ.Оразаевка тапсырды.

Жобаны кейін өкілдер казактардың облыстык комитеттерінің қарауына жібереді, одан кейін Құрылтай жиналысына жиналған казак депутаттары қарар бекітеді делінген.

I жалпыказак съезі казак саяси партиясын құру туралы шешім қабылдағанымен, күзге дейін саяси партия құрудан гөрі Құрылтай жиналысына кандидаттар ұсыну мәселесі әлдеқайда маңызды болып, партияның түрлі деңгейдегі ұйымдарын құру ісімен ешкім айналыса қоймайды.

Акмола облысынан -11, Семейден – 8, Торғайдан – 7, Оралдан – 7, Сырдариядан – 14, Жетісудан – 11, Ферғана облысынан – 15, Самарқаннан – 14, Бөкей ордасынан – 3 кандидаттың аты-жөні аталынады. Осымен жүргенде партия құру, оның бағдарламасын жасау аяқсыздана береді.

Осы кезде «Шуро-и-Исламияның» Атқару комитетіне сайланған Ж.Досмұхамедовтің Петроградтан хаты келеді. Ол өз хатында былай дейді: «Партияның бағдарламасын жасауға қолым тиер емес. Ал уақыт болса таяп қалды, әрбір саяси партия тырбанып, өздерінің тізімдерін жасап жатыр, сөйтіп, сайлау барысында атқарылатын жұмысын белгілеп жатыр.Қазак партиясының Бағдарламасы әді даяр болмаса да, әзірленіп жатқан Бағдарламаға бүкілказактық съездің қаулысы негізге алынатыны жөнінде бүкілказактық съезд қаулы алған ғой. Съездің бұл қаулысы баршаға мәлім, сондықтан ойланып-толғанып жатпастан, партиямызды арғы ата-бабамыздың ұранымен «Алаш» деп атағымыз келеді. Жалпыказак съезінің қаулысын, казактың дербес саяси партиясын қолдайтындардың бәрі Құрылтай жиналысына қатысатын кандидаттардың тізімін «Алаш» партиясының тізімі деп ұсынсын» дейді.

«Қазак» газетінің алкасы Жаһанша Досмұхамедовтің осы хатын «Алаш партиясы» деген бас мақалада жариялап, ондағы айтылған ұсыныстарды толық қолдайтынын хабарлайды.

Партияны «Алаш» атауымен атауды зиялы қауым толық қолдайды. Қазак жастарын «Алаш» партиясының мүшелігіне қабылдау жұмысы басталады. Мүшелікке қабылданғандардың ішінде Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Көшмұхамед Кеменгеров және т.б. бар еді.

«Алаш» партиясының облыстық ұйымдары 1917ж. қазан айынан бастап қалыптаса бастады. Партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, сосын Омбыда (12-20 қазан), Орынборда (қарашаның 10-да) ашылады. «Алаш» партиясының 15 кісіден тұрған уақытша Семей облыстық комитетінің төрағасы болып Халел Ғаббасов сайланады. Комитет мүшелері партияның құрметті төрағасы етіп Әлихан Бөкейханды сайлайды. Қазан-желтоқсан айларында облыстық бес уезде «Алаш» партиясының уездегі комитеттері ашылады.

Омбыдағы басқарма үйінде казак жастарының «Бірлік» қауымымен кездесуде Ә.Бөкейханов Томда өткен Сібір автономистерінің съезі туралы есеп беріп, сөзінің екінші жартысын «Алаш» партиясының бағдарламасына, күрес әдісіне арнайды. Кездесуден соң партия мүшелігіне өту үшін бірнеше адам арыздарын жазады.

«Алаш» партиясының орталық комитеті болған емес. Өйткені партияның арнайы съезін шақырып, басқару органдарын сайлауға, Жарғысы мен Бағдарламасын бекітуге уақыт та, жағдай да болған жоқ еді.

Бірақ оның басқарушы тобына І жалпыказак съезі бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат етіп бекіткен топты жатқызған.

«Алаш» партиясының жарияланбағанымен, белгілі дәрежеде дайындалып қойған шартнамасы (Жарғы) болған көрінеді. «Алаш» партиясына белгілі бір шарттарды, мәселен, бағдарламаны қолдайтын, одан таймайтын, өтірік айтпайтын, шыншыл, әділ, дүниелікке қызығып сатылмайтын және т.б. адамдар ғана кіре алатын болған.

«Қазактың» 21 қарашадағы санында «Алаш» партиясының бағдарламасы басылып шығады. Бірақ сол бағдарлама бекітілмеген жоба ретінде қалады. Арнайы съезд шақырылып, оны қабылдауға жағдай да, мүмкіншілік те болмайды.

«Алаш» партиясы өз бағдарламасында Ресей мемлекетінің демократиялық, федеративтік республика болғандығын қалайтынын білдіреді. «Демократия – деп түсіндіреді бағдарламада, - мемлекетті жұрт билеу. Федерацияның мәні тең құқықты бірлестігі. Федеративті республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді». «Үкімет басында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Думаның ұйғаруы бойынша келісімді мерзімге сайланған Президент тұрады. Президент қоғамдық істерді министрлер арқылы жүргізеді, ал министр Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты болмақ».

Бағдарлама бойынша шашыранды казак облыстары өз билігі өзінде тұтас бір мемлекетке бірігіп, автономиялық негізде Ресей федерациясының құрамына енуге тиіс.

«Алаш» партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады... Салық табысқа қарай байға байша, кедейге кедейше әділ жолмен салынады. Жиналыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға – еркіншілік, заң орындарының рұқсатынсыз, жеке адамдардың табалдырығынан аттап, ешкім тінту жүргізе алмайды, соттың шешімінсіз ешкім тұтқынға алынбайды. Қазақ мемлекетінде оқу орындарының есігі кімге де болса ашық және оқу ақысыз, оқу жалпыға бірдей болмақ. Қазақ тілінде орта мектептер, университеттер ашылады, бастауыш кластарда сабақ ана тілінде жүреді. Оқу ісі өз алдына автономия түрінде жүреді. Үкімет оқу ісін араласпайды. Мұғалімдер мен профессорлар өзара сайлау арқылы тағайындалады. Міне, бағдарламада қойылған мақсат-мүдделердің жалпыұлттық, жалпыдемократиялық сипат алатынына көзімізді жеткізуге болады.

3.8. Кенес билігін орнату. Кенес билігі – патшалық Ресейдің отарлық саясатын жалғастырушы

Уақытша үкіметтің абыройының шұғыл төмендеуі жағдайында және шын мәнінде, шынайы биліктің жоқ кезінде 1917ж. 25 қазанда (7 қарашада) Петроградта қарулы төңкеріс болып, большевиктер мен солшыл эсерлердің коалициясы билік басына келеді. Үкіметтің функциясы В.И.Ульянов (Ленин) басқарған Халық комиссарлар кеңесіне көшеді. Билікті қолына шоғырландырған большевиктер «Бітім туралы», «Жер туралы» декреттер қабылдады. Ресейдің соғыстан шығатынын, жердің шаруаларға, зауыт-фабрикалардың жұмысшыларға берілетінін және барлық жерлерде әр түрлі деңгейде Кенес билігі орнағанын жариялайды. Кеңес билігінің бұл шешімдері ғасырлар бойы отаршылықтың қамытын киіп келген «бұратана» ұлттарға ұнады.

Қазақстандағы саяси жағдайдың өз ерекшелігі бар еді. Пролетариаттың саны аз болатын, қоныс аударып келген келімсектер (орыс мұжықтары) мен патша билігі кезінде артықшылыққа ие болған казактардың жер иеліктері жеткілікті мөлшерде болатын. Қазактардың көпшілігі «Алаш» партиясын және мұсылмандардың саяси ұйымын қолдайтын. 1917ж. күзде төңкерістің қарсаңында большевиктер Қазақстан территориясында іс жүзінде абыройға ие болмаған еді. Эсер-меньшевиктер Кеңесі Уақытша үкіметтің айтқанымен жүрген еді.

Кеңес билігінің Қазақстанның әр түрлі аймақтарында орнауы ондағы таптық күштердің ара қатынасына және Орал мен Сібірдегі өнеркәсіп қалаларына, теміржолға қаншама жақын орналасқанына да, жергілікті жұмысшылардың ұйымдасу деңгейі мен олардың ауылдағы, селолардағы, кишлақтардағы жартылай пролетариатпен байланыстарына да байланысты болды.

Кеңес тарихнамасында ақиқатқа (аксиомаға) айналған, 25 қазаннан бастап 1918 жылдың наурызына дейін «Кеңес үкіметінің салтанатты шеруі» деген ұстанымнан бас тартқан жөн болады. Себебі, Қазақстанның көптеген аймақтарында большевиктер өздерінің билігін әскердің күшімен орнатады.

Орта Азия мен Қазақстанда Кеңес үкіметін орнату өте қиын жағдайда өтеді. Петроградтағы көтерілістен кейін, большевиктердің басқаруымен Ташкентте қарулы көтеріліс басталады. 28 қазан күні жұмысшылар мен кеңестерді қолдаған жергілікті гарнизонның солдаттары Уақытша үкіметке бағынған әскерлерге қарсы соғыс қимылдарын бастайды. Нәтижеінде, 1 қарашада Ташкентте кеңестердің билігі орнайды. Ал екі аптадан кейін осы қалада жұмысшылар, шаруалар және солдаттар Кеңестердің ІІІ съезін өткізеді де, большевик Ф.Колесов басқарған Түркістан өлкелік халық комиссарлар кеңесін құрады. Өздерінің билігін орнатып жатқан большевиктер Түркістан халықтарының мүддесімен санаспастан, бұрынғы патша және Уақытша үкіметтері сияқты, Түркістанды орталықтан жіберілген орыс комиссарлары арқылы басқарғысы келді және барлық мәселені шешуге жергілікті халықтарды

араластырғысы келмеді. Түркістан өлкесі сияқты Кеңес үкіметін орнату Қазақ өлкесінде де өте күрделі жағдайда өтті.

Перовскіде (қазіргі Қызылорда) негізінен жұмысшылар теміржолшылар 30 қазанда қалада Кеңес билігін орнатты. Кеңес үкіметі «бейбіт» жолмен Әулиеатада, Черняевте (Шымкент), Түркістанда Қызылордада және Сырдария облыстарының басқа қалаларында орнады. Орталығы Омск болған Далалық өлкедегі Ақмола, Семей, сол сияқты Павлодар, Жетісу облысында, соның ішінде Верныйда, Петропавловскіде Кеңес билігін орнатуда көптеген қиыншылықтар кездесті.

Ресейдің барлық аймақтарындағыдай казак қоғамы большевиктерді қолдайтын және казак мемлекетін жандандырғысы келетін саяси күштер болып екі топқа бөлінді. Бірінші топта большевиктердің ұстанымдарына, уеделеріне сеніп, Кеңес үкіметін орнатуға, «революциялық романтизмге» берілген Ә.Жанкелдин, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, Т.Бокин, С.Мендешев және т.б. сияқты қазақтың зиялылары болды. Осы кезде идеялары жағынан большевиктерге жақын, Көлбай Тоғысов бастаған «Үш Жүз» партиясы дүниеге келді.

Алаш қозғалысының жетекшілері Ә.Бөкейхан, М.Шокай, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және т.б. барлық езгіден құтылудың, казактардың мемлекеттігін қалпына келтірудің жолдарын іздестіріп, революциялық қозғалысқа белсене араласып, саяси партиясын құрып, Ресей құрамында автономия құру талаптарын жасады. Жау қоршауында, Түркістанда – Кокан (Түркістан) автономиясын, ал Қазақ өлкесінде Алаш Орда автономиясын құрып, Кеңес үкіметінен оларды мойындауды ұсынды. Бірақ та патшалық Ресейдің отарлық саясатын жана деңгейге көтерген Кеңес билігі ұлт жетекшілеріне казактардың тәуелсіз ұлттық мемлекетін құруға мүмкіншілік бермеді.

Біздер, кәсіпкер тарихшылар, Кеңес дәуірі кезінде құпия болып келген тарихи фактілерге енді ғана қол жеткізіп, олармен танысқанымызда, Мұстафа Шокайдың шетелде эмиграцияда жүріп жазғандарының шынайы ақиқат екендігіне көзімізді жеткіздік.

Кеңес билігі орнаған алғашқы жылдары, тіпті алғашқы он жылдықта, казак өлкесінде орын алған әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құруларға ғылыми талдау жасайтын болсақ, жана үкіметтің бұрынғыдай орыстарды казактардан тартып алынған шұрайлы жайылымдарға, өзен-су бойына, табиғаты тамаша өлкелерге орналастыруды жалғастырғанын, жер асты кен байлықтарын бұрынғыдан бетер ашкөздікпен қазып ала бастағанын, өңдейтін зауыт-фабрикаларды орталыққа орналастырып, казак өлкесін тек шикізат шығаратын аймаққа айналдырғандарын, халық шаруашылығының болашағы ұтымды салаларына қажетті ұлт кадрларын дайындамағандарын, казактарды мамандық таңдауды қажет етпейтін ең ауыр, жалақысы тым аз қара жұмысқа салғандарын, «казактандыру» («казахизация») және «жергіліктендіру» («коренизация») деген бағдарламалардың формальды жүргізілгендігіне қуә болдық.

Түркістан компартиясының басшыларының бірі болған Иван Тоболиннің төмендегі сөзінен байқауға болады: «Марксистік тұрғыдан алғанда, экономикалық жағынан әлсіз қазақтар бәрібір құрып бітіп, жоғалуға тиіс».

Шынымен де, патшалық Ресей кезінде жоспарлы түрде басталған, көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған қазақтарды құтты орындарынан, жайылымдарынан тұзды, суы жоқ, шөлейт жерлерге қуып шығып, оларды құрту саясаты Кеңес билігінің алғашқы жылдарында одан әрі жалғастырылып, бірін қапастарымызды мыңдап, жүздеп жойып жатты. Оған 1917-1919, 1921-1922 және 1931-1933 жылдары қолдан жасалған ашаршылықты қоссақ, Кеңес билігінің сұрқиялық, шовинистік саясатына көзімізді жеткіземіз. «Марксистік тұрғыдан»... «теориялық жағынан негізделген» – «құрып кетуге тиіс» қазақтарды қырып-жоюдың саналы түрде ойластырылып жасалғанын байқаймыз. Кеңес билігінің алғашқы жылдарында кілең қазақтар мекендейтін губерниялық және уездік ревкомдарда орталықтан жіберілген, ұлттық шовинизмге шалдыққан басшылар билік еткен. Мәселен, Семей облысының Қарқаралы уезінде және басқа да жерлерде қазақтардың үлесі 98-99% болса да, онда орыстардан тұратын басқарушы органдар ұйымдастырылған.

3.9. Жалпықазақтардың II съезі (1917ж 5-13 желтоқсан).

«Алашорда» автономиясын жариялау. «Алашорда» өкіметі («Уақытша халық кеңесі»)

1917ж. Қазан төңкерісі империяның ыдырау процесін одан әрі тереңдете түсті. Ресейдің езілген халықтары өз бостандығын талап ете бастады. Польша мен Финляндия өз тәуелсіздігін жариялады. Украинада ұлт өкілдері 1917ж. 1 карашада Орталық Рада деген үкімет құрып, билікті өз қолдарына алады. Рада өзінің «Универсалында» Украинаны тәуелсіз республика ретінде жариялап, большевиктерді қолдаудан бас тартады. Бірақ ұлыдержавалық пиғылдарын көрсете бастаған большевиктердің үкіметі Украинаның тәуелсіздігін мойындамай, Орталық Радаға қарсы күресін бастайды.

Теріскей Кавказ жерінде большевиктердің ықпалы осы кезде онша болмады. Қазан төңкерісінен кейін мұнда Теріскей Кавказ комиссариаты деген Кавказ халықтарынан тұратын үкімет құрылады. Оны Е.Гегечкори басқарады. Ал, 1917ж аяғында Грузияда – меньшевиктер, Арменияда – дашнактар, Азербайжанда – мусаватистер билікке келіп, осы кезден бастап олар тәуелсіз мемлекеттерге айналады. Кавказ оқиғаларының ерекшелігі сол – Армения мен Азербайжанда билікке нағыз ұлттық партиялар келсе, Грузияда үкіметті социал-демократиялық бағыттағы меньшевиктер құрып, осы елдерде тәуелсіздіктің негізін қалады.

Бұл өзгерістердің Қазақстанның да саяси жағдайына ықпалы болғаны сөзсіз. Ұлттық мемлекет құру міндетін мойнына алған казак саясаткерлеріне Орынбор, Түркістан және Батыс Сібір губерниялары құрамындағы казак жерлері мен қауымдарын жинау сияқты күрделі мәселені шешу қажет болды.

Кезек күттiрмейтiн ұлттық мәселелерге байланысты бiр тұжырымға келу үшiн жалпыказак съезiн шақыру туралы шешiм қабылдап, оны ұйымдастыру iсiн бiр адамнан тұратын комиссияға жүктейдi. Олар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынбаев, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров болатын.

8-15 қазанда Том қаласында, Сiбiр автономиясын құру шараларын талқылаған Жалпы Сiбiр съезiне Торғай, Ақмола, Семей, Жетiсу, Орал облыстары мен Бөкей ордасынан 9 өкiл қатынасады. Съезд құрған Сiбiр Кеңесiнiң құрамына облыстардан Х.Ғаббасов, Е.Итбаев, С.Досжанов, ал жалпы казак жұртының атынан Ә.Бөкейханов мен М.Тынышпаев енедi.

26 қарашада Қокан қаласында мұсылмандардың төтенше IV съезi Түркiстан өлкесiн Түркiстан (Қокан) автономиясы (Түркiстан мұхтариаты) деп жариялап, билiктiң Түркiстан Уақытша кеңесi мен Түркiстан халық билiгiнiң өткендiгiн мәлiмдейдi. Iргелес аймақтарда қалыптасқан осындай жағдайларды еске ала отырып, «Алаш» партиясының басшылары бiртұтас ұлттық мемлекеттiк құрылым құру қажет деген тұжырымға келедi.

Қазак мемлекеттiлiгi (автономиясы) туралы мәселе қараған жалпы қырғыз (казак) съезi 1917ж. 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Оған барлық казак облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұрған Алтай губерниясы мен Самарканд облысы казактарынан және Жетiсу облысы қырғыз казактарынан барлығы 82 өкiл қатысты.

Съезде, арнайы келген Қокан Автономиясының әскери министрi М.Шоқай сөз сөйлеп, делегаттарды большевиктермен күресiп жатқан Қокан өкiметiн (Автономиясын) қолдауға, сондай-ақ құрылып жатқан Қазак автономиясының Түркiстанмен қосылуын ұсынады.

Съезде Жетiсу мен Сырдария облыстарының Қазак (Алаш) автономиясына дереу қосылу немесе қосылмау мәселесi бойынша әр түрлi пiкiрлер айтылды. Ақырында съездiң ымыраға келген шешiмдерiнiң негiзгi пункттерi төмендегiдей болып белгiлендi: 1) Бiр ай iшiнде Алаш Орда Түркiстандық казактарды Алаш автономиясына қосуға тырысады. 2) Егер осы уақыт iшiнде Алаш балалары бiрiге алмаса, онда халықтың әрбiр бөлiгi өзiнше тұратын болады. 3) Бiр айдың iшiнде түркiстандық казактар қосылған жағдайда Алашордаға автономияны жариялауға құқық берiледi.

Съездiң күн тәртiбiне 10 мәселе қойылды. Оның iшiндегi ең негiзгiсi әрине, «ұлттық автономия» мәселесi едi.

Автономия жариялау өте күрделi мәселе едi. Казактардың жерi жасанды түрде бiрнеше бөлiкке бөлiнген болатын. Торғай, Орал, Ақмола, Семей Далалық өлкеге (Омбы) қарайтын. Бөкей Ордасы Астрахань губерниясына. Сырдария мен Жетiсу Түркiстан өлкесiне (орталығы – Ташкент), казактардың едәуiр бөлiгi Ферғана, Самарканд, Закаспий облыстарына қарайтын. Солтүстiк облыстарда орыстар тым көп едi. Олар казактармен аралас орналасты. Ұлтаралық қатынастарды өршiтпеуге тырысу керек болды.

Халел Ғаббасовтың автономия туралы баяндамасын тыңдай келiп, съезд Қазакстан территориялық-ұлттық автономиясын құру және оған «Алаш» деген ат беру қажет деген шешiм қабылдайды. Съезд Алаш автономиясын, Бөкей Ордасын, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетiсу, Сырдария облыстарын,

Фергана. Самарканд облыстары мен Аму-Дарья аумағын, Закаспий облысының казактар мекендеген облыстарын біріктіреді деп, батыл мәлімдеме жасады. Аталған территорияның жер, су байлықтары, жер астындағы және астындағы барлық қазына Алаш автономиясының меншігі деп жарияланды. Съезд шешімдерінде Алаш автономиясындағы бүкіл атқарушы үкіметті дереу қолына алу үшін, «Уақытша халық кеңесі» немесе «Алаш – Орда» құрылғандығы жарияланды. «Алаш – Орда» атанған «Уақытша халық кеңесі» 25 адамнан тұру керектігі, ал 10 адам казак өлкесін мекендейтін орыстар мен басқа да ұлт өкілдеріне берілетіні атап өтілді. 15 казактан тұратын бұл өкіметтің құрамына Алаш лидері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Ғаббасовтан басқа Сырдария және Жетісу облыстарынан М.Шокай, Садық Аманжолов, Отыншы Әлжанов (болашақ Алаш полкінің командирі), Бақтыгерей Мамытов кірді. Бұдан Алаш Орда үкіметінің жалпы ұлттық сипат алғанын байқауға болады.

Съезді шешімдеріне сәйкес, казактардың ұлттық-территориялық автономиясы – орталығы Семей болған Алаш Орда үкіметі құрылады. Оның төрағасы болып көпшілік дауыспен Әлихан Бөкейхан тағайындалады. Іс жүзінде Алаш Орданың Шығыс бөлімін Алаш жетекшілерінің бірі – Халел Ғаббасов басқарды.

1918ж. 11 қыркүйекте әскери жағдай мен жол қатынасының нашар дамуына байланысты Алаш Орданың Батыс бөлімі құрылды. Оның орталығы Орал облысының Жымпиты қаласында орналасты. Батыс бөлімінің жетекшісі болып Алаш жетекшілерінің тағы бір белсенді мүшесі Халел Досмұхамедов сайланды. Батыс бөлім немесе Ойыл уәлаятының құрамына, Орал облысы, Бөкей Ордасы, Манғышлақ уезі, Торғай уезінің Ақтөбе, Ырғыз уездері кірді.

Жергілікті жерлерде билік облыстық және уездік земство басқармаларына берілді. 1918ж. 25 маусымда құрамы земство жиналыстарында сайланатын Алаш Орданың уездік және облыстық кеңестері құрылды. Кеңестер халық милициясына (Алаш милициясына) қызметке шақыруға, салық салуға және т.б. функцияларды іске асыруға тиіс болатын. Съезд казак милициясын (яғни армиясын Б-Қ) құру жоспарын да жасады. Оның әрбір облыстағы саны, уездер бойынша оларды оқыту-үйрету мен жабдықтау мәселелерін де қарастырған болатын. Офицерлер дайындауға атаман Дутов басқаратын Орынбор ак гвардияшыларымен жасалатын келісім бойынша, орынборлық казак әскерлерінің тәжірибесі мен көмегі пайдаланылатын болып шешілді.

Съезд шешімдерін казак халқы әр қилы қабылдады. Байлар мен ұлттық интеллигенцияның едәуір бөлігі оларды барынша қолдады. Алаштың Сырдария облыстық және Түркістан өлкелік съездері де, сондай-ақ Батыс Қазақстандағы Жымпиты съезіне жиналғандар нақ осындай тоқтамға келген-ді. Ал Ақмоладағы Кеңес билігін жақтаушылар алашордашыларға теріс пікірде болғаны мәлім. 16 желтоқсанда, яғни съезден кейін іле-шала, большевиктердің ұйымдастыруымен 10 мыңға жуық бұқара халық жиналған митинг өткізіліп, Алаш автономиясына қарсылық білдіріледі. Алашордашыларды «Үш Жүз» партиясының лидерінің бірі Көлбай Тоғысов қатаң айыптайды. «Орынбордағы тобырдың бас қосуын біз қырғыз-казак съезі деп есептемейміз.

Алашордашылдарға сенбендер, милицияға бірде-бір жігіт бермендер, бәйгүштер, бостан-бос құрбан болады. Оларға соқыр тиын да ұстатпандар» деп мәлімдеді.

1918 жылы 5 қаңтарда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының құрылтайы тартатылуы «Алашорда» автономиясының жағдайын тым қиындатып жібергендіктен Петропавлда, Семейде, Ақмолада және тағы басқа да бірқатар елді мекендердегі Алаш комитеттері жабылып, тіпті оның кейбір белсенді мүшелері тұтқындалып алынады.

Жер-жерлерде тұрақсыз, солқылдақ элементтер Қоқан автономиясы және Орынбордағы Алаш Орданың қабылдаған шешімдерін қолдаудан бас тартып, жергілікті кеңестермен байланысты орнатады.

Бүкілресейлік Құрылтай тартылғаннан кейін (1918ж, 5 қаңтар), оның арқылы Ұлттық Автономия алудан үміттенген Алаш Орда жетекшілері мен большевиктер арасындағы қайшылықтар тереңдей түседі. Азамат соғысының жағдайында Кеңес билігі Алаш лидерлерімен келіссөздер жүргізуден бас тартпады.

Алаш Орда (Халық кеңесі) үкіметінің арнайы тапсырмасын орындау үшін, Алаш жетекшілері Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер Мәскеуге Кеңес үкіметінің басшылары В.И.Ленинмен және И.В.Сталинмен келіссөздер жүргізеді. Бірақ та олар тек кеңестік үлгідегі автономия беретінін жариядамай, ұлттық Алаш автономиясын мойындамайтындығын баса айтады. Сөйтіп Алашорда үкіметінің дипломатиялық қадамдары кеңестік билік тарапынан қабылданбайды. Осыдан кейін Алашорда үкіметі келіссөздерді үзіп, кеңес билігіне қарсы саяси күштермен одақтасу тактикасына көшеді. Міне, осыдан бастап, Орынбордағы атаман Дутовпен, Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетімен, Омбыдағы уақытша Сібір үкіметімен байланыс жасап, автономияны сақтап қалуға тырыса отырып, большевиктерге қарсы күресін бастайды. Алашорда үкіметінің 1918ж. шілдедегі қаулысына сәйкес «Алаш автономиясы аумағында Кеңес үкіметінің барлық декреттері заңсыз» деп танылды. Сол жылы тамызда Семей қаласында, II жалпықазақ съезінде қабылданған Алаш әскерін (милициясын) жасақтау қаулысын жүзеге асыру мақсатында, Алаш атты полктер құрыла бастайды.

3.10. Қоқан (Түркістан) Автономиясы. М.Шоқай, оның революциялық қызметі

Осы кездегі Түркістан өлкесіндегі саяси ахуалға көңіл бөліп көрейік. Қазан төңкерісін (1917ж. 25 қазан) Түркістан өлкесінің жұрты теңдікке қолы жетті деп зор ілтипатпен, ынта-жігермен қарсы алады.

Большевиктер 1917ж. сәуірде Уақытша үкіметтің билігі кезінде Петербургте өткен өз конференцияларында және одан кейініректе: «Уақытты өткізіп алмаңдар. Ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алғандарды сергіңі тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол берменіздер! Өз елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиіссіздер! Тұрмыс

гіршіліктерінізді Сіздер өздерініздің салт-дәстүрлерінізге сай, өз қалауларыңызға орай қайта құруға тиіссіздер!» деп мәлімдеме жасаған болатын. Сонымен қатар ұлттық аймақтарға кеңестік негіздегі мемлекеттік автономия құру мәселесін де ұсынды.

Сөйтіп, большевиктер билік басына келместен бұрын, автономия алуды көксеген түркістандықтардың арман-мүддесін қолдағанын байқаймыз.

Большевиктердің қолдауына сүйенген Мұсылман орталығы автономия құруға әзірлік жасай бастаған.

Алайда Ташкентте 1917ж. 16 қарашада құрылған Түркістан халық комиссарлары Кеңесі түркістандықтардың үміт отын су сепкендей өшіреді.

Түркістан Халық комиссарлар кеңесінің 17 мүшесінің ішінде, Түркістан өлкесінің бірде-бір өкілі оның мүшесі болмай шықты.

Бұл іс жүзінде жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындамаудың және орнаған биліктің басшыларының ұлыдержавалық шовинистік көзқарасты жақтайтындығының айқын көрінісі еді.

Жаңа кеңестік өкіметтің отаршылдық сипатын Түркістан Кеңестерінің III съездегі (1917ж. 19 қараша) қарарындағы «Қазіргі кезде мұсылмандарды (түркілерді) жоғары өлкелік төңкерісшіл өкімет органдарына енгізуге мүлдем болмайды» деген шешімінен де білуге болады.

Сөйтіп, большевиктердің шовинистік шешімінің нәтижесінде, жергілікті ұлт лидерлері өлкені басқарудан шеттетіледі, Кеңес үкіметінің құрамына кіргізілмейді.

Оған жауап ретінде Мұстафа Шоқай мен оның үзегілес серіктері, соның ішінде «Шуро-и-Исламия», 26 қарашада Ферғананың ескі орталығы Қокан қаласында хан сарайында Түркістан мұсылмандарының IV төтенше Құрылтайын шақырады. Құрылтай М.Шоқайдың сөз сөйлеуімен ашылады. Большевиктердің Құрылтайды болдырмау үшін жасаған амалдары нәтижесіз қалады. Ақырында, большевиктер де Құрылтайды мойындап, комиссар Полтарацкийді өкіл ретінде жіберуге мәжбүр болады. Кеңес халық комиссариатынан сөз сөйлеген Полтарацкий Түркістан (Қокан) Автономиясын қолдайтындарын атап өтті.

Құрылтайға 203 делегат қатынасады. Ферғана аймағынан 150 делегат, Самарқандтан – 21, Сырдариядан – 22, Бұқарадан – 4, Каспий аймағынан – 1 делегат келді. Үш күнге созылған Құрылтай жұмыстары кезінде қатысушылардың саны 250-ге дейін көбейген еді.

Құрылтай Түркістан аймағында өмір сүріп жатқан халықтардың талап-тілегіне сәйкес, Ресей Республикасының құрамында бола отырып, Түркістанның жерге негізделген территориялық автономиясын жариялады. Құрылтай сонымен қатар Түркістандағы саны аз халықтардың да құқықтарын толық қорғайтындықтарын мәлімдеді. Түркістан (Қокан) Автономиясының уақытша кеңесіне 12 қайраткер тағайындалды.

Түркістан Автономиясының құрылу мақсатын суреттегенде М.Шоқай: «Түркістан – бөлінбес, ажырамас бір өлке. Халқының басшысы бір, тілі бір, діні бір, мақсаты бір үкімет құру болатын» дегені көп нәрсені аңғартады.

Түркістан (Қокан) Автономиясының премьер-министрі және ішкі министрі болып, «Алаш» партиясының оңтүстік бөлігі жетекшілерінің бірі Мұхамеджан Тынышпаев, ал әскери министрі болып Мұстафа Шоқай тағайындалады. Убайдулла Ходжаев – қорғаныс, сол Соломон Абрамович Херцфельд – қаржы министрі лауазымды қызметтеріне сайланады. Кейінірек кейбір мұсылмандардың діни басшылары М.Тынышпаевты большевиктерге бейімдеу, келісімпаз деген желеумен орнынан кетуге мәжбүр етеді. Оның орнына премьер-министр болып М.Шокай тағайындалады.

Байқап отырғанымыздай, Түркістанда қос билік орнайды, оның алғашқысы кеңестік негізде құрылып, қоныс ауларып келген келімсектердің орыс жұмысқатарының мүддесін көздеп, оларға қызмет жасайды. Түркістан халық комиссарлары кеңесінің төрағасы большевик Сорокин: «...Біздің солдаттарымыз қорғаудың орнына тонаумен және кісі өлтірумен айналысады. Мұсылман ұлтшылдары тек қана қорлауды көре тұрып, бізге қалайша достарымыз қарасын? Оларды біздің өзіміз ұлтышыл жасаймыз» деп, өзінің ойын білдіреді.

Қокандағы (Түркістан) автономиясы отарлық езгіге, империалистік құрықпен айдау саясатына қарсы болып, түркістандықтардың мұн-мұқтажын жақтады. Мұстафа Шокайдың естелігінде: «Қокан үкіметінің не офицері, не әскері болған жоқ. Пошта, телеграф, темір жолдардың бәрі де жау қолында болатын. Осындай жағдайда дүниеге келіп, осындай (2 ай, төрт күн) қысқа ғұмыр кешкен Қокан үкіметінің Түркістан халқының ұлттық талаптарын қанағаттандыру жолында көзге көрінерлік ешқандай жұмыс тындыра алмағаны табиғи еді. Тіпті бұл үкіметтің осындай жағдайда құрылып, 64 күн өмір сүре алуының өзі де таңғаларлық құбылыс деуге болады... Ресейдің бұғауына түсіп қалған өлкелер арасында тәуелсіз ұлттық мемлекеттілік үшін күрес жолына тұңғыш рет Түркістан түсіп отыр» деп жазылған. Біздің ұлт-азаттық қозғалысымыз тарихында Қокан (Түркістан) автономиясы өзінің осындай ерекшелігімен терең із қалдырып кетті.

Қокан автономиясы екі ай ғана өмір сүрді. 1918ж. 29 қаңтарда большевиктер Қоканға қарулы шабуыл бастайды. Самарқандтан, Ташкенттен, Ферғанадан келген қарулы күштер, соның ішінде армяндардың Дашнак цуту отрядтары Қоканды жан-жақтан қоршап алады.

Қокан автономиясын қорғау үшін, ұзын таяқ, шоқпар, балта, аншы, мылтық, пышақпен қаруланған қазақтар көмекке келеді. Кеңес билігіне мойындау туралы ультиматумға М.Шокай үзілді-кесілді қарсы болады.

Қоканды қорғаған аз ғана мұсылман отрядтары үш күн ерлікпен, күш басым большевиктерге қарсылық көрсетеді. Қиратылған қаланы большевиктер өртеп жібереді. Бауыздалып өлтірілген мұсылмандардың саны тым көп екені сөзсіз. 1897ж. санақ бойынша Қоканда 120 мың адам болса, 1926 ж. санақ нәтижесінде олардың саны небәрі 69.300 ғана адамды құрған.

Мұстафа Шокай большевиктердің опасыздық шабуылынан аман қалады. Алғашында, ол Кеңес билігіне қарсы партизан күресін жүргізген басмачтар (Кеңес билігі кезінде Түркістанның тәуелсіздігі үшін оған қарсы қарулы күрес жүргізген ұлт жанашырлары) қосылады. Сосын 1919ж. Грузияға қоныс аударады. 1920 ж. Грузияны Қызыл Армия басып алғаннан кейін М.Шокай

Түркияға, одан әрі Берлинге, ақырында Париждің жанындағы Ноген-сюр Марна елді мекеніне орнығады.

Түркістан халықаралық бірлігі мен тәуелсіздігі идеясын ту етіп ұстанған аса көрнекті саяси қайраткер, жалынды публицист Мұстафа Шоқай 1891 жылы 7 қаңтарда Қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Бастапқыда ауыл молдасынан сауатын ашқан Мұстафа Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға түседі. Сонда оқып жүргенде оның түркі халықтарының мәдениетін, салт-дәстүрін үйренуіне башқұрт ұлтының өкілі, атакты этнограф ғалым Әбубәкір Диваев қатты әсер етеді. Қазан татарларына бөлінген стипендиямен 1910ж. ол жоғарғы білім алу үшін Петербургке барады. Зан факультетінде оқып жүрген кезінде, оның үлкен саясатқа араласуына ықпал еткен бірден бір адам – Әлихан Бөкейханов болды. Мұстафаның білімділігін, табандылығын ерте бастан аңғарған Ә.Бөкейханов оны саясатқа баулыған, Ресей Мемлекеттік Думасы Мұсылман фракциясының хатшылығына ұсынады. Мұстафа Шоқай Алаш идеясынан ешқашан ажырамаған емес. Өзі Түркістан (Қоқан) автономиясының төрағасы болған кезде бір мезетте Алаш Орданың сыртқы істер министрі қызметін қатар атқарған. Ресей парламенті үшін белгіленген сайлауларда да екі жерден кандидат болған.

Мұстафа Шоқай эмиграцияға кеткенде шет елге бас сауғалап емес, саяси күресті жана жағдайда жалғастыру үшін барған түркістандық тұңғыш тұлға. Эмиграцияда өткен 20 жылда Отанынан кол үзбеген. Алаш арыстары Мұстафамен ебін тауып қарым-қатынас жасауға, оның жағдайынан хабардар болуға тырысқан. Мысалы, әйгілі Әміре Қашаубаев Парижге ән салуға барғанда, ол Мұстафаға елден хабар апарған деген дерек бар. Сол үшін де, «халық жауымен» жүздесіп қайтқанын білген кеңес билігі Ә.Қашаубаевты қуғын-сүргінге ұшыратып, түбіне жетіп тынған.

Мұстафа Шоқай Кеңестер Одағында орын алып жатқан асыра сілтеулер мен солақай саясаттан, баспасөзден алған мәліметтері арқылы хабардар болып отырған.

Құттыңда жүрген Мұстафа Шоқай түркі-мұсылман эмиграциясының талассыз ұлттық лидері болып саналды. Ол шет елде бас редактор және саяси директор ретінде екі ірі журнал: Стамбулда 1917ж. шілдеден 1931 ж. қыркүйекке дейін «Жана Түркістан» (ай сайын), 1929-1939 жж. Берлинде «Жас Түркістан» журналын шығарып тұрды. Сондай-ақ М.Шоқай Орталық Азия қауымының корольдік журналы мен «Азиялық шолу» журналдарында маңызды мақалаларды үнемі жазып тұрды. Сонымен бірге «Орталық Азиядағы кеңестерде» - Париж 1935, «Рукописи» (воспоминания) 1917 (түрік тілінде) – Париж. – Берлин, 1937 атты монографиялар жазды.

Өткен ғасырдың 20-30 жж. Қазак мемлекеттігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққы қызмететудің жаркын үлгісін көрсеткен тұлғаларын бірі Мұстафа Шоқай (1890-1941жж.) болатын.

Кеңес идеологтарымен олардың Шығыс Еуропа елдеріндегі пікірлестері КСРО-ның ыдырауына дейін шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын түрлі лақыптар таратып, М.Шоқайды фашистік Германияның «тыңшысы» ретінде көрсетуге әрекеттеніп келді.

Кенес өкіметі тұсында М.Шокайдың қызметі мен тарихи-публицистикалық жұмыстары да саяси және идеологиялық тұрғыдан сынға алынып, негізсіз бұрмалаушылыққа ұшырайды. Тек Қазақстанның тәуелсіздік алуымен ғана М.Шокай туралы объективті еңбектер жарық көре бастайды.

Солай болсада, өзгенін мүддесін казак халқының мүддесінен басып санайтын авторлар бұрынғы үрдісті әлі де жалғастыруда. Олар М.Шокайдың «өте күрделі тұлға» ретінде сипаттап, «Түркістан легионына» жетекшілік жасады немесе оның бастауында тұрды деген кенес идеологиясының тұжырымдарын қайталауынан жалықпайды. Отарлық, тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қайраткерлеріміз жөнінде сақталған мұндай психологиялық ахуалдық «өміршеңдігінің» басты себебі, кенес өкіметінің құйтырқы идеологиялық саясатының салдарына байланысты екендігін білеміз.

М.Шокай- жалғыз туған халқы ғана емес, өзбек, кыргыз, тәжік, түркімен, әзербайжан, грузин және басқа да бодан халықтардың бостандықтары үшін күрескен тұлға.

Еуропада II- дүниежүзілік соғыс кезінде пайда болған Түркістан легионын құрған, Қоқан (Түркістан) автономиясының басшысы М.Шокай болғанын, кенес идеологиясы жарты ғасырдан астам уақыт айтып келгені белгілі.

Неміс армиясының группенфюрері С.С. Иоахимге жазған хатында М.Шокай «Гете, Фейердах, Бах, Бетховен, Шопенгауэр сияқты ұлыларды тәрбиелеген ұлттың тұтқындарға жасап отырған зұлымдығын көре отырып, мен Түркістан легионын басқару туралы ұсыныстан және сіздермен әрі қарай жұмыс істеуден бас тартамын» деген хат жазғанын деректер хабарлайды.

М.Шокай «Сүзек ауруынан» кенеттен қайтыс болғанда (1941 ж 27 желтоқсан) «Түркістан легионы» әлі құрылмаған еді. Оны 1942ж. қаңтар айында Түркістан ұлттық комитетінің президенті немістер тағайындаған Вади Каюм құрамында 110-180 мың адамы бар «Түркістан легионын» құруға кіріседі.

«Түркістан легионына» мүше болып, башқұрт халқының ұлт-азаттық қозғалысын бастаған, шет елге эмиграцияға кетіп, үлкен ғалымға айналған. Стамбул университетінің профессорыәйгілі Заки Калиди (Тоған), әзербайжандардың «Мустваат» партиясының негізін қалаған –Мехмет Эмен Ресулзаде және т.б. түркі халықтарының өкілдері кіргені қазір белгілі болып отыр.

Бірақ «Түркістан легионы» сарбаздарын Гитлер Шығыс майданға қарсы пайдалануға батылы бармады.

3.11. Азамат соғысы және шетел интервенциясы кезіндегі Қазақстан. «Черкасск қорғанысы». «Алаш» полктері. Атаман Анненков

Кенес тарихнамасында қалыптасқан ұстаным бойынша Азамат соғысы 1918-1922 жж. қамтыды. Шындап келгенде, Ресей территориясында азамат соғысы 1917ж. қараша айынан басталады. Кремль гарнизонымен болған, бірнеше күнге созылған күрестен кейін ат төбеліндей большевиктер Мәскеудің қожайынына айналады. Сол жерден әр түрлі деңгейдегі қарсылықтарды кездестіре отырып, қаладан қалаға жылжиды. Үлкен өнеркәсіп және сауда орталықтарында (Қазан, Самара, Саратов, Төменгі Новгород) эсерлер мен меньшевиктер үстем кенестерде большевиктер олардың қатысуымен өз биліктерін орнатады. Өнеркәсібі нашар дамыған, бірақ сауда мен ауыл шаруашылығының орталықтары болған большевиктердің саны аз елді мекендерде билікті қанды шайқастардың нәтижесінде тартып алып отырды. Қазан төңкерісінен кейінгі бір ай шамасында жана билік Ресейдің солтүстігі мен орталығынан Орталық Еділге дейінгі жерің, сондай-ақ Кавказға (Баку) және Орта Азияға дейінгі едәуір көп халық тұратын жерді бақылауларына алады.

Грузияда меньшевиктердің ықпалы сақталынды. Көптеген кішігірім қалаларда эсерлердің ықпалы үстем болды. Қарсыласудың негізгі ошақтары Дон мен Кубань, Украина және Финляндия аймағы болды (Ұлттар жөніндегі депреттерге сүйенген Украина және Финляндия өздерінің тәуелсіздігін жариялайды). Мамыр айында оларға Ресейдің Шығысы мен Батыс Сібір қосылады.

Кенес билігіне алғашқы болып казактар қарсы шықты. Кенес билігіне қарсы жақ өздерінің жақтасына айналдыру үшін, казактарға үндеу тастайды. Генерал Корнилов басқарған Ерікті Армия құрылады. 1918ж. сәуір айында Корнилов өлгеннен соң, бұл лауазымды генерал Деникин иемденеді. 1918ж. 10 сәуірде көтеріліске шыққан Дон мен Кубань казактары, Донның ұлы әскерінің атаманы етіп генерал Красновты сайлайды. Украинаны басып алып, Раданы қалпына келтіріп немістермен жүргізілген келіссөздерден кейін, ол «Ақ» армияны қару-жарақпен қамтамасыз ету жөніндегі келісімге қол қояды.

Азамат соғысының үшінші майданы Шығыс Сібірде орналасқан еді. Ондағы мың чех және словак солдаттары австро-венгрия империясын қорғаудан бас тартып, өздерін «орыс ағайындыларға» әскери тұтқынбыз деп жариялағаннан кейін, олар, Кенес үкіметінен еліне Қиыр Шығыс арқылы қайтуына рұқсат алады.

Кенес үкіметімен 1918ж. 26 наурызда қол қойға келісімге сәйкес, 50 мың солдат «контрреволюционерлердің мүмкін жасайтын шабуылдарынан қорғану үшін» қару-жарағымен жауынгер бөлімі емес, бір топ азаматтар ретінде қайтуға рұқсат алады. Чехтар мен словактар тиелген вагондар Пермьнен Читаға дейінгі аралықты алып жатты. Чехтар мен словактардың соғыс қару-жарағы келісімде көрсетілген саннан едәуір көп болғаннан соң, билік оны

конфискациялау туралы шешім қабылдайды. Бұған қарсылық ретінде 26 мамырда Челябинде орналасқан чех және словак құрамалары қарулы күштің көмегімен қаланы басып алады.

Жаксы қаруланған Чехословактар 1918ж. мамыр айында бүлік ұйымдастырып, Сібір, Орал, Новосибирск, Томск, Омбы қалаларын, сондай-ақ казак өлкесіндегі Петропавл, Ақмоланы, Атбасарды, Қостанайды, Павлодарды басып алып, ондағы Кеңес билігін құлатады. Осыдан бастап Чехословактардың қуатты армиясы (жаксы қаруланған 50 мың әскери топ) Ресейдің еуропалық бөлігі мен Сібірді байланыстырып тұрған тіршілік артериясын үзіп тастайды. Чехословактардың бас көтеруі большевиктерге қарсы барлық күштерді қозғалысқа келтіреді. Чехтардың шабуылы Самарада таратылған Құрылтай жиналысының депутаттарынан комитет (комуч) ұйымдастырған эсерлердің қолма-қол қолдауына ие болады. Комуч халықты «большевизмге қарсы, еркіндік үшін» күреске шақырады. Қазан, Симбирск, Уфа Комучке қосылады. 8 қыркүйекте Уфада оппозициялық күштердің кеңесі өтеді. 150 делегаттың жартысын – эсерлер құрайды. Кеңесте Уақытша бүкілресейлік үкімет – Уфа директориясы құрылады. 1918ж. 19 қарашада адмирал Колчак және оған қосылған патша әскерінің офицерлері Директорияны құлатады. Бытыранқы және әлсіз демократиялық оппозицияны әскери контрреволюция өзіне қосып алады.

Кеңес билігінің орнауына қарсы тағы бір қуатты күш бар еді. Ол, уақытында 90-жылдары және 1910ж. Ресейдің өнеркәсібінің дамуына зор көмек жасаған шет ел капиталы болатын. Соның нәтижесінде темір жол, тау-кен, металлургия және машина жасау өнеркәсіп салалары қарыштап дамыған еді. Патшалық Ресейдің мемлекеттік қаржы қарызын, Уақытша үкімет пен оның орнына келген Кеңес билігі де қайтаруды ойламаған да еді. Енді кредиторлардың бір-ақ мүмкіндігі қалған еді, ол жан-жақтан Кеңес мемлекетін қыспаққа алып, оны құлатып, ескі патша билігін қалпына келтіріп, одан қомақты қаржыларын қайтарып алу болатын.

Шет ел интервенттері Орынбор, Сібір, Орал және Жетісу казактарының әскерлеріне зор үміт артты.

Торғай облысының әкімшілік орталығы Орынборда, Орал облысы, Гурьев (Атырау) қаласында атаман Дутов пен генерал Толстовтың әскерлері, ал Жетісуда казак-орыс жасақтары, ақ гвардия офицерлері мен юнкерлер жиналды. Олар контрреволюциялық күштердің негізгі орталығына айналды. Азамат соғысы жылдары Қазак өлкесі жалпыресейлік соғыс майдандарының – Шығыс, Түркістан, Орал майдандары және жергілікті Жетісу және Ақтөбе майдандарының әскери қимылдарының сахнасына айналды.

1918ж. 3 шілдеде атаман А.Дутов Орынборды басып алып, Орынбор-Ташкент темір жолын кесіп тастайды. Ақгвардияшылардың темір жол арқылы Ташкент бағытына жылжуына бөгет болу үшін Ақтөбе майданы құрылады. Майданға көмек ұйымдастырылады, Далалық өлкенің Төтенше Комиссары мандатының иесі, революционер, кеңес билігін белсенді орнатушылардың бірі, шоқынған казак Әліби Жанкельдин басқарған экспедиция ұйымдастырылады. Ол Мәскеуден Уфа арқылы 1918ж. 18 шілдеде бірнеше мың әскерге қажет

киімдер мен қару-жарак тиеген кемемен, Еділ бойымен Каспий теңізіне, одан Маңғышлақ арқылы 11 қарашада Шалқарға келеді.

1919ж. Орынбор, Орал, Орск қалаларын Қызыл Армия өзіне қаратып, Кеңес билігін қайта орнатқаннан кейін Ақтөбе майданы жойылады.

Сібірде адмирал А.Колчак басқарған Бүкілресейлік Уақытша Сібір үкіметі орнайды. Онық армиясында 180 мың офицерлер мен солдаттар болды.

Азамат соғысы жылдарында Кеңес үкіметінің органдары әлі де нығаймаған еді. Сол себепті Кеңес өкіметі басшылары Алаш Орда үкіметінің басшыларымен келіссөздер жүргізуге мәжбүр болған еді. 1918ж. күзде Алашорда үкіметі атынан РСФСР ХКК төрағасы В.И.Ленинмен, Ұлт істері халық комиссары И.В.Сталинмен Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер келіссөз жүргізеді. И.В.Сталин 19-20 наурызда Алашорда өкіметінің басшылары Ә.Бөкейхановпен және Халел Ғаббасовпен кездеседі. Келіссөздер нәтижесіз аяқталады. Кеңес өкіметінің Алаш автономиясын мойындамайтынына көзін жеткізген Алаш лидерлері енді ақгвардияшыл Уақытша Сібір үкіметі мен Самарадағы Комучке сүйеніп, автономияны сақтап қалуға әрекет етеді. Алаш Орда үкіметі жергілікті жерлерде нақты билікке қол жеткізу үшін, бірқатар декреттер қабылдады, соған сәйкес «Алаш» автономия аумағында Кеңес өкіметі шығарған барлық құжаттар мен заң актілері жарамсыз деп жарияланды.

II Бүкілқазақ съезінің шешімін жүзеге асыруға кіріскен Ә.Бөкейханов бірден кезек күттірмейтін бірқатар маңызды мәселелерді қарастырды. Мәселен, Орынбордағы Торғай облыстық Алаш комитетінің басшысы С.Қадырбаевқа жіберілген жеделхатта былай делінген: «Алашорда өз жұмысын бастады. Башқұрт және Сібір автономияларына туысқан автономиялар ретінде қараймыз. Торғайда Алашорданың облыстық бөлімін, уездік бөлімдерін ашуға кірісіңіздер. Олардың мүшелері земстволық мүшелерден құралсын. Қазақ халқы үшін Алашордадан басқа өкімет жоқ. Әр болыстан халық милициясын құру үшін дереу 30 жігіттен жинаңыздар. Қару-жарак, киім-кешекпен қамтамасыз ету, офицерлерді оқыту мәселелері бойынша Дутовпен сөйлесіңіздер. Ақмола мен Семей облыстарында жігіттер жиналып жатыр. Дутовпен және Ахмед-Зәкімен (Валидимен) байланысыңыздар. Түркістанды большевиктерден азат ету үшін қолдан келген барлық мүмкіндікті пайдаланыңыздар. Омбыдағы Сібір үкіметімен келіссөздер жүргізілуде. Большевиктер құйыршықтарына ешқандай аяушылық болмасын».

1918ж. жазда интервенттер мен ақ гвардияшылар және олардың жақтастары «Алаш» әскерлері Семей облысы жағынан Солтүстік Жетісуға басып кіреді. Бұл жердегі казак-орыс станицалыранда кеңес үкіметіне қарсы бұліктер басталады.

Кеңес өкіметінің шешімімен Жетісудағы большевиктердің қарулы күштерін біріктіру нәтижесінде, жаңадан Жетісу майданы құрылады, оның солтүстік бөлігінде Қызыл әскерлердің штабы құрылады. Олардың ақгвардияшылар мен оларды қолдаған Алаш полктерін Жетісу өңірінен қуып шығу жоспары өз нәтижесін бермеді.

Кенес билігі 1918 жылы тек Сырдария, Торғай облысының оңтүстік өңірінде, Бөкей Ордасының бірқатар аумағында және Жетісудың қоныс аударушылар – орыс мұжықтары мен украин шаруалары шоғырланған Черкасск, Андреевка, Сарканд, Андреевка, Константиновка және т.б. шамамен 200 км шаршы шақырым жерді қамтыған территорияда сақталып қалды. Тарихқа Черкасск (Серкеш) қорғанысы боп енген шайқасқа қатынасқандар, қорғанысшылар біртұтас қорғаныс шебін құра алмады. Оған қорғанысшылардың қару-жарақтары, оқ-дәрілері де жетіспеді. Қолдарына қару алып, атаман Анненковтің шабуылына қарсы күрес жүргізгендердің саны 5 мыңнан 11 мыңға дейін өзгеріп отырды. Қорғанысшылар Қызыл Армияның тұрақты бөлімдерінен және жасақтарынан тұрды. Черкасск қорғанысшыларының қатарында 1918ж. қыркүйекте-қазанда 12 эскадрон болса, 1919ж. мамырда 19-ға жетті. Черкасск (Серкеш) қорғанысын ұйымдастырған орыс мұжықтарына атаман Анненковтың қарулы күштері шабуыл жасайды. Оған көмекке Кеңес билігінен көңілі қалған, Алашорда үкіметінің шығыстағы филиалында, шындап келгенде, оның орталығы болған «Заречная слабода» (Алаш қаласы) қазіргі жана Семейде құрылған алғашқы Алаш әскерлері (Алаш полктері) көмекке келеді.

Азамат соғысы кезінде Алашорда басшылары Қазақ өлкесінің шығыс және батыс өңірінде Алаш полктерін құрғаны белгілі. Кеңес дәуірінде ол туралы хабарымыз жоқтың қасы еді. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында Алаш полктері туралы құжаттар жариялана бастайды.

Азамат соғысы жылдары Алашорда өкіметінің шешімімен Семейде, Торғайда, Зайсанда, Лепсіде және т.б. жерлерде Алаш полктері құрылып, аз уақыт болса да Алаш жұртының тәуелсіздігі үшін ерлікпен күреседі. Әскер құру ісін және оған басшылық жасауды үш адамнан тұратын Алашорданың әскери кеңесі басқарады. Оған большевиктермен соғысуға қажетті қазақ жігіттері арасынан әскер құру жүктеледі. Қазақ жігіттерінен офицерлер дайындау үшін Орынбор қаласындағы юнкерлер училищесінің мүмкіндігін пайдаланған Бөкей, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарына әскерлердің (яғни милицияның) саны 13,5 мың, нақты айтқанда, Бөкейде – 1000, Оралда – 2 мың, Торғайда – 3 мың, Ақмолада – 4 мың, Семейде 1.500 және Жетісуда – 2000 адам болсын деп белгіленді.

Ұлттық әскерлер (милиция) ақгвардияшылардан және қазақ әскерлерінен қару-жарақ алып отырды. Мәселен, Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер ақгвардияшылардан Самар қаласында 600 винтовка мен пулемет алады. Атаман Дутовтың көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде қазақтардан екі атты Алаш полктері құрылады. Сарбаздарға Алашорда өкіметі өз қазынасынан жалақы төлеп отырған.

Бұдан басқа Жетісу облысының шығысында екінші полк құрылды; ал оған қосымша Семейде үшінші полк жасакталынды; Торғайда төртінші атты әскер полкі құрылды; Орал бойында Жымпиты унтер-офицерлер курсының базасында Оралдан, Гурьевтен және басқа жерлерден келген нұсқаушылардың көмегімен прапорщиктер мектебі ашылды; саны 2 мың адам болатын жекеленген атты бригадалар құрыла бастады. 1918ж 26 қазанда ұлттық әскер

күрү ісінің жагдайын Алашорда үкіметінің бір өкілі былай деп бейнелеп берді: «Кыргыздардан (казактардан) жасакталған бөлімдер дер кезінде каруланып үлгермегендіктен, большевиктерге карсы ұрыстарға кенінен катыса алмады». Казак өлкесінің әр аймағындағы казак сарбаздарының әскери формасы әр түрлі болған.

Алаш әскерінің туы ак түсті, ортасында киіз үйдің суреті және «Жасасын Отанның адал ұлдары!» деген жазу жазылған. Бірінші Алаш атты әскер полкі Семейде 1918ж. кантар және мамыр айларында жасакталды. Оны ұйымдастыруда және жабдыктауда Ә.Бөкейханов, капитан Хамит Тохтамышев, Семей уездік земствосының төрағасы А.Қозыбағарұлы, М.Тынышпаев, Райымбек Мәрсеков көп еңбек сіңірген. Семей өңірінің калталы азаматтары да көмектеседі. Алаш әскеріне кажетті әскери киім тігуде М.Тынышпаевтың зайыбы Гүлбахрам Тынышпаеваның бастамасымен әйелдер сарбаздарға киім тігу максатында арнайы «Әйелдер қоғамын» құрған.

Сарбаздар атпен сапка тұрғанда баяғы ғұндар сиякты аттардың түсіне карай тұрған: көк аттылар бір қатарға, жирен аттылар бір қатарға, т.с.с. Ал жаяу әскерді ру бойынша сапка тізген: «Семіз найман» ротасы, «Байжігіт» ротасы, «Сыбан» ротасы, «Болатшы» ротасы және т.с.с.деп.

Жаксы каруланған Семейдегі Бірінші Алаш далалык атты әскер полкінің құрамы Семей және Қарқаралы уездерінің жігіттерінен жасакталған. Олардың саны 750 адам болған. Полк командирі – капитан Хамит Тохтамышев. Бұл полк 1918ж. жазынан бастап, Алтай губерниясының Рубцовск өңірінде және Жетісуда большевиктерге, кызылдарға карсы ерлікпен ұрыс жүргізді.

Сарканд өңірі Антоновка селосында коршауда қалған Алаш полкінің 98 жауынгері 4-5 күн бойы күші басым кызыл әскерлердің шабуылына тойтарыс беріп, көмек келіп жеткенше ерлікпен соғысқан.

Алтай губерниясында ұрыс жүргізген Алаш отрядында Тұрағұл Абаев (Абай Құнанбаевтың баласы) және т.б. ерлікпен шайкасады. Олар ажалдан каймықпай, «Алаш!» деп ұрандап, ұрыска кіріседі.

1918ж. басында Самаркандтың Матай руынан шыккан Керімбай (подполковник), Кеңсоба (полковник) Қарабұлак ауылында алғаш эскадрон құрады. Осы жылдың кыс айында Көктумада (казіргі Үржар ауданының Бакты ауылы) сарбаздарды 6 ай дайындап, Жетісу майданына аттандырған.

1918ж. Лепсі төнірегіндегі ұрыстарда Алаш полкін танымал Алаш кайраткері, Алашорда үкіметінің «Халык кенесінің» мүшесі, полк командирі Отыншы Әлжанов баскарды. Бір шайкаста ерлікпен қаза тапқан Отыншының орнына ол баскарған Алаш полкіне, Жетісу майданында кызылдарға карсы соғысып жатқан атаман Анненковтың өзі басшылык жасайды.

Әйгілі Черкасск (Серкеш) қорғанысы кезінде атаман Анненков бастаған казак сарбаздары үш күн ішінде Лепсі уезінің Петровский, Пятигорск және Предгорное атты поселкаларын басып алады. Әр көше, әр бұрылыс, әр қақпаны алу казак сарбаздарына оңай болмады.

Андреевка (казіргі Кабанбай) түбінде Алаш полкі қатты шығынға ұшырайды. Тұтқынға түскен орыс мұжыктары соғысып жатып, кызылдарға кол көтеріп, солардың жағына шығып, бұларға карсы ок атқан. Бірақ, көмекке тын

күш келіп, қызылдарды да, сатылған мұжықтарда да баудай түсіріп, тас-талқанын шығарады. Осы сатқындықтан кейін атаман Анненков тұтқынға түскен, Черкасск қорғанысына қатынасып, бір жарым жылдай қарсылық көрсеткен орыс мұжықтарын соғысқа жаяу айдап, алғы шепке салатын болған. Осыған байланысты атаман Анненков туралы біраз сөз айтуға болады. Декабрист Анненковтың немересі, 32 жасар, I дүниежүзілік соғысқа қатынасып, атаман дәрежесіне көтерілген. 1918ж. Украинадан Семейге, одан Жетісуға әскери қызметке жіберілген.

Атаман Анненков шынында да, Кеңес тарихшыларының жазғанындай, қаныпезер адам болған ба? Бір деректе: «Черкасск шайқасында жеңіске орай, атаман сарбаздар арасында палуандар сайысын ұйымдастырады. Аяғз манының бір жігіті бәрін жығады. Атаман сол жігіттің білек, сан бұлшық еттерін ұстап көріп: «Сенде 9 кісінің күші бар екен. Мұнда бір окка ұшып кетерсін» - деп, әскер киімін шештіріп, еліне қайтарады. Танымал әншілерді, баксы-балгерлерді де халыққа керексіңдер деп, үйлеріне қайтарыпты. Тіл білетін, білімді сарбаздарды алғы шепке салмай, көбінесе, тыл жұмысында ұстаған. Бұл соғыста офицерлер де, сарбаздар да қызылдардың женетінін сезген. Бірақ та сонына дейін Кеңес үкіметіне қарсы соғысқан. Қален мерген соғыстан елге қайтарда, алдына полктің бір айғыр үйір жылқысын салып беріпті. Ойлап қарасаң, мұндай адамды қаныпезер деп айтуға қалай аузын барады?!

Қызылдарға қарсы күрескен казак сарбаздардың Анненковты құрмет тұтқаны сонша – «Алаш» гимніне атаманның есімін қосыпты:

Арғы атам – ер түрік,
Біз казак еліміз!
Шалқар көл, самал тау –
Сарыарқа жеріміз!
Той тойлап, мал айдап,
Ерке өскен Алаштың
Ел қорғар еріміз!
Қайырмасы:
Анненков – атаман,
Қолдай гөр, жасаған!
Алашпыз қауымнан!
Қорықпаймыз жауыннан!

Біз – Қали Арыстан,
Долданса қоймайтын.
Алға ұмтыл, ер Алаш!
Елін бар қорғайтын.
Әлихан, Әлихан,
Алаштың серкесі
Ел камын ойлайтын.
Қайырмасы.

1919ж. 14 қазанда Черкасск қорғаны алынады. Атаман Анненков басқарған ақгвардияшылар мен Алаш полкінің сарбаздары, деректер хабарлағандай, 1800 орыс мұжықтарын қырып тастаған көрінеді. Атаман Анненков Қытайға өтіп кетеді. 1927 жылы қайтып келіп, Кеңес билігіне беріледі. Қазақтардың мүддесін көздеп, олардың ілтипатына бөленген атаман Анненковті Кеңес өкіметі кешірмейді, оны дарға асады. Айтпақшы, Черкасск қорғанысы кезінде жаралы орыс және украин мұжықтарына әскери госпиталдың басшысы алғашқы казак дәрігерлерінің бірі – Әли Көтібарұлы Итаяков басқарған болатын. Ол әйгілі Санжар мен Гүлсім Асфендияровтардың жездесі еді.

3.12. Қызыл Армияның майдандағы айтарлықтай жетістіктері. Бүкілресейлік Атқару комитетінің Алаш-Ордаға кешірім (амнистия) жасауы. Казревком. Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы

Азамат соғысы жылдары Қазақстанның кеңестік өңірлерінде Қызыл Армия бөлімдерін құру едәуір табысты өтті. Қызыл Армия қатарына орыстармен қатар казак халқының өкілдері де кірді. 1918ж. жазда Қызыл Армияның бірыңғай құрамдас бөлігі ретінде ұлттық әскери құрамалар – Қазақтардың кавалерия полктері құрыла бастады. Қазақстанның аумағында Қызыл Армияның ұлттық бөлімдерінің құрылу базасы Сырдария, Жетісу облыстары, Бөкей ордасы мен Торғай облысының кеңестік уездері (Торғай және Ырғыз) болды.

Қазақстан аумағында ақгвардияшылар басып алған жерлерде партизандық қозғалыстар мен халық көтерілістері кең өріс алды. Партизан қозғалысының бір ошағы Қостанай уезін түгел қамтыды. Ол Ақмола, Семей облыстарында да кең өріс алды. Партизан қозғалысының тарихында Ақмола облысының Атбасар уезіндегі Маринский көтерілісі үлкен орын алады. Партизан қозғалыстары Семей облысының Өскемен, Бухтарма, Зайсан уездерінде, әсіресе, Зырянск, Қатонқарағай, Шемонайхы болыстарында едәуір көлемде өріс алды. Қазақстандағы Азамат соғысының тарихына Черкасск қорғанысы, Орал қорғанысы, Тарбағатай мен Алтайдағы «Тау қырандары» партизан отрядтарының әрекеттері сияқты оқиғалар көрнекті сипат алды.

1918ж аяғы мен 1919ж басында майдандардағы оқиғалар қызылдардың пайдасына шешіле бастады. Қызыл әскерлер Орынбор мен Орал казактарының әскерлерінің әкімшілік орталықтарын басып алып, бүкіл Орынбор - Ташкент магистраліне өз бақылауын орнатты. Оралдық казактарды Орынбор мен Сібірден бөліп тастады және Түркістан мен Жетісуда өз позициясын нығайтуға мүмкіндік алады.

Кеңес басшылығы Мәскеуде 1918ж. қорытындыларын талдай келе, ұлттық-мемлекеттік құрылыс реформасын тез арада қолға алу, Татарстан мен

Башқұртстан және Қазақстандағы ұлттық автономияны тездетіп құру туралы шешімге келеді. Азамат соғысында жеңіске жете алмаған большевиктер акгвардияшылардан және түрлі үкіметтерден қатты көңілі қалған алашордашылармен байланыс орната бастады. Өз кезегінде Ә.Бөкейхановтың айтуымен, Алашорданың көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынов бастаған Алаш жетекшілері Кеңестік билікпен келісімге баруға мәжбүр болды. Осы кезде екі отын (кеңестер мен актар қозғалысының) ортасында қалған Қазақстан мен Татарстан және Башқұртстан ұлттық-демократиялық қозғалысының көсемдері 1919ж. басынан бастап Кеңес өкіметі жағына амалсыз өту туралы шешімге келеді.

Шығыс майданда Колчактың негізгі күшінің талқандалуы Батыс, Солтүстік-Шығыс Қазақстан мен Жетісу жерін акгвардияшылар мен олардың одақтастарынан азат етуге қолайлы жағдайлар туғызды. Қазақстан аумағы 1919ж. сонында акгвардияшылардан толық азат етілді. Азамат соғысының ең соңғы майданы – Солтүстік Жетісу майданы 1920ж. наурызда жойылды. Қазақстан аумағында біртіндеп Кеңес билігі қалпына келтіріле бастады. Осындай жағдайда, әсіресе, 1919ж. ортасынан бастап жекеленген қайраткерлер, олардың қатарында Алашорда көсемдері де Кеңес өкімет жағына өте бастады, оған Кеңес өкіметінің Алаш қозғалысына жатысушыларға кең көлемде қайырымдылық жасағаны өз әсерін тигізді. Алаш полктеріндегі жігіттер «халық милициясы» қатарынан кете бастады. Бұл үрдіс Кеңес өкіметі жағына А.Байтұрсынов пен оның жақтастары өткеннен кейін жаппай сипат алды.

Азамат соғысының қазақ халқына тигізген зардаптарына куә болған Алашорда жетекшілері өз бағыттарын өзгертуге кіріседі. Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі Ахмет Байтұрсынов алғашқы болып, Алаш зиялыларын Кеңес билігін мойындауға шақырып, ұлттық келісім тактикасына қол жеткізді. Ахмет Байтұрсыновтың соңына ерген Орск тобы, майдан шебінен өтіп, Әліби Жанкельдинмен кездеседі. Кейін Ә.Жанкельдин А.Байтұрсыновты Кеңес өкіметінің басшысы В.И.Ленинмен жолықтырады.

В.И. Лениннің ықпалымен А.Байтұрсынов Қазақ өлкесін басқаратын Революциялық комитет құрамына енгізіледі де, көп ұзамай осы комитеттің төрағасы қызметін, кейініректе, ол оқу-ағарту халық комиссары және т.б. жауапты қызметтерді атқарады.

1919ж. қарашада Бүкілресейлік Атқару комитеті Алашорда жетекшілеріне, қозғалысқа қатыскандарға кешірім (амнистия) жариялайды.

Қызметі үшін қудалауға үзілді-кесілді тыйым салған қаулының үлкен саяси мәні бар еді. А.Байтұрсыновтың Кеңес өкіметі жағына шығуы, Алаш лагеріндегі жіктелу процесіне айтарлықтай әсер етеді, алаш қозғалысының ыдырау процесі тездетіледі, сондай-ақ оның саяси қозғалыс ретіндегі күйреуі жақындатылады.

Не дегенмен де, Кеңес билігін мойындаған барлық саяси қайраткерлерге жарияланған амнистияға карамастан, жаңа одақтастарға қатынас карапайым болмады. 1920ж. басында акгвардияшылармен қарым-қатынаста болды деп айыпталып, Ә.Бөкейханов пен тағы бірнеше Алашорданың белсенді қайраткерлері тұтқындалады. Тек, Қазревком мен Семей Ревкомының

араласуымен ғана әскери билік оларды босатады. Кеңес үкіметімен белсенді күрескен, Алашорданың Батыс бөлімін басқарған, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер, Иса Қашқынбаев және т.б. Алаш жетекшілеріне саяси өмірге араласуға тыйым салынып, оларды Қазақстаннан тыс аймақтарға жер аударды.

Азамат соғысы әлі жүріп жатқан жағдайда, кезек күттірмейтін міндеттерді шұғыл әрі оралымды түрде шешетін төтенше билік органдары – революциялық комитеттер құруды өмірдің өзі талап етті.

Алашорда үкіметі таратылғаннан кейін билік толығымен территориялық революциялық комитеттердің (ревком) қолына көшеді.

1919ж. 10 шілдеде РСФСР Комиссарлар Кеңесінің шешімімен өкілетті орган – Қырғыз (Қазак) ревкомы құрылады. Қазревкомның төрағасы болып С.Пестовский, мүшелері болып А.Байтұрсынов, Ә.Жангельдин, С.Мендешев, Б.Қаратаев, кейініректе Ә.Әйтиев, С.Арғыншиев, А.Әлібеков және т.б. тағайындалады.

Қазревкомның басқаруына Астрахань губерниясы аумағының казактар мекендеген бөліктері Орал, Торғай, Акмола, Семей облыстары кірді. Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан Автономиясы Кеңестік Социалистік Республикасының құрамында қалды. Айта кететін бір жай, осы кезде Семей және Акмола облыстары, Сибирь ревкомының құрамында болатын. В.И. Лениннің шешімі бойынша, олар Киргиз (Қазак) республикасының құрамына берілуі тиіс болатын. Бірақ бұл казактар тұратын облыстарды Сібір ревкомының басшылары – шовинистері, казактарға қайтаруды ойламады да. Аты аталған облыстарды казактарға қайтару туралы Ленин қол қойған бес қаулы шығады. Соңғы қаулыда шовинистерге қатан ескертулер жасаған соң ғана 1921 ж. көктемде амалсыздан Сібір ревкомының басшылары қаулы шешімдерін орындауға мәжбүр болады. Осыдан болар, Ленин: «Поскреби иного коммуниста, обнаружись ярого шовиниста» деп жазған болатын. Қазревком мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқарудың жоғарғы органдарының барлық міндеттерін атқарды. Оның халыққа білім беру, жұмысшы-шаруа инспекциясы, ішкі істер, қаржы, пошта және телеграф, әділет, әлеуметтік қамсыздандыру, жер бөлімдері, әскери істер жөніндегі казак өлкелік комиссариаты, еңбек ету міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі комитеті болды.

Қазревком 1919ж. 10 шілдеден 1920ж. 10 қазан аралығында 15 ай қызмет етті. Қазревком мүшелері Қызыл Армия бөлімдерімен бірге қалалар мен елді мекендерді ақтардан азат етуге қатысты және жергілікті жерлерде Кеңес өкіметі аппаратын құруға көмектесті.

Түркістан (Қокан) автономиясы мен Алашорда автономиясының құлатылуы, ұлт зиялыларының көрнекті қайраткерлерінің, жетекшілерінің амалсыздан, ұлт болашағын ойлап, өздерінің амбицияларынан бас тартып, кеңестік автономияны орнату идеясын қабылдауға мәжбүр етеді. Әрине, большевиктермен саяси-идеялық көзқарастары үйлеспейтін Алаш жетекшілерінің бірігіп жұмыс істеуі онайға түскен жоқ.

Енді казак зиялылары казак халқының болашағын ойлап, оқу-ақарту, мәдени салаларын қарқынды дамыту бағытында белсенді қимылдарға кіріседі. Олар көрнекті мәдениет, қоғам және мемлекет қайраткерлеріне айналады.

Қазревкомның басты міндеті – Қазақстан кеңестерінің Құрылтай съезін шақыруды әзірлеу мен өткізу болды. Қазақ кеңес автономиясын дайындау осы мемлекеттің негізінде бөлшектей бастаған байырғы казак жерін біріктірудегі күрделі де қиын жұмыс алғашқы кезде ұлыдержавалық пиғылдағы шовинистермен толассыз күрес барысында жүзеге асырылды. Үлкен талас-тартыстар, ұйымдастырылып жатқан Қазақ АКСР-нің құрамына Орал, Семей, Ақмола, Торғай облыстарының едәуір аймағын өткізу мәселесі бойынша туындады. Даулы мәселелерді шешу үшін Қазревком өз өкілдерін Омбы, Челябин, Семей облыстарына жіберді. Тарихи әділеттілік үшін, казак жерінің аумығын белгілеуде, болашақ Қазақ республикасының шекараларын анықтауда Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Лениннің казак халқының өкілдерін қабылдағанын атап өткен дұрыс болады.

1920ж. 26 тамызда, В.И.Ленин мен М.И.Калинин, астанасы Орынбор қаласы болған Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы Декретіне қол қояды.

1920 жылы 4-12 қазанда Орынборда Қазақ АКСР-нің Құрылтай съезі болып өтті. Оның қабылдаған аса маңызды құжаты – «Қырғыз (Қазақ) АКСР еңбекшілер құқықтарының декларациясы» болып табылды.

Қазақ АКСР-нің қарамағына 1917ж. дейінгі шекарадағы Ақмола облысының Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері және Омбы уезінің бір бөлігі; Семей облысының Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері; Торғай облысының Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездері; Орал облысының Орал, Абішін, Темір, Гурьев уездері қарады. Республиканың құрамына бұл облыстардан басқа Маңғыстау уезі, Каспий жағалауы облысының Красноводск уезіндегі 4- және 5-Адай болыстары, сондай-ақ Қазақ АКСР-нің құрамына Астрахань губерниясынан Синеморье болысы, Бөкей Ордасы, бірінші және екінші Приморский округінің казактар қоныстанған жер аумақтары енгізілді, Қазақ Республикасының құрамына 1920 жылы қыркүйекте Орынбор губерниясы да енді. Ресми мәліметтер бойынша, 1920ж. күзде республиканың жер аумағы 1.871.239 шаршы версті қамтыды, халқының саны – 5046.000 адам, оның 46.6%-ын казактар құрады.

1918ж көктемнен Түркістан АКСР-нің құрамында болып келген Жетісу мен Сырдария облыстарын ҚазАКСР-не қосу туралы мәселе осы облыстар өкілдерінің съезінде шешілуге тиіс болды.

Кеңестердің құрылтай съезі (1920ж 12 қазан) ҚазАКСР-і Орталық Аткару Комитетін (ҚазОАК) 76 мүше мен 25 кандидаттан сайлады. ҚазОАК-і Президумының құрамына С.Мендешев (төраға), В.А. Радус-Зенькович, Ә.Жангельдин, И.Акулов, С.Сейфуллин, Б.Алманов және т.б. енді.

Қазақ Республика үкіметі – Халық комиссарлар кеңесінің құрамы 14 адамнан тұрды. Оның төрағасы болып В.А. Радус-Зенькович бекітілді. Қазақстанның партия ұйымдарының ыңғайлы басқару мақсатында Ресей коммунистік партиясының облыстық бюросы және РКП Орталық комитетінің жанында Қазақ бюросы құрылады.

IV. КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛЫПТАСУЫ: СИПАТЫ, ШАРАЛАРЫ, САБАҚТАРЫ

4.1. «Әскери коммунизм» саясаты. «Жаңа экономикалық саясат» (ЖЭС)

Азамат соғысы жылдарында шаруашылықтың күйреуі, Кеңес мемлекетінің экономикалық блокада жағдайында барлық материалдық ресурстарды жұмылдыру және оларды үнемдеу қажеттігі туған кезде, экономика саласында бірнеше төтенше шаралар іске асырылады. Ол тарихқа «әскери коммунизм» саясаты деп енеді.

Бұл саясат қатал қажеттіктен туған, амалсыздан іске асырылған шара болатын. Төтенше шаралар, ең алдымен, азық-түлік мәселесін шешумен байланысты болды: кулақтардың, ауқытты шаруалардың товарлы астығының артығы тартып алынды; спекуляцияға қатаң тыйым салынды және қала тұрғындары мен армия азық-түлікпен бір орталықтан жабдыкталатын болды; 1919ж. 11 қаңтарда Халық Комиссарлары Кеңесі азық-түлік салғырты туралы декретті қабылдады. Азық-түлік салғыртының көмегімен мемлекет астық дайындаудың көлемін ұлғайтуға, Қызыл Армияны азық-түлікпен қамтамасыз етуге және өнеркәсіпте жұмыс істейтін жұмысшылар мен қала тұрғындарын, сондай-ақ астығы жоқ аудандарды аштықтан құтқаруға мүмкіндік алды.

Жағдай жалпыға бірдей еңбек ету міндеттілігін енгізуді талап етті, міндетті еңбекке буржуазия да жұмылдырылды. Сондай-ақ, отын дайындау үшін көлік-арба міндеттілігі де енгізілді.

Қазақ өлкесі жағдайында азық-түлік салғырты Декрет шыққан уақыттан кейін іле-шала жүргізілмеді. Себебі, азамат соғысы жағдайында кеңес билігі тараған аудандар майдандар қоршауында болғандықтан, орталықпен байланысы тым нашар болған. Астық қорының негізгі иелері – байлар, кулақтар және казактардың ауқатты мүшелері азық-түлік органдарына астықты қатаң бағамен тапсырудан бас тартып, оны жасырып, спекуляциямен шұғылданды. Қалалардың экономикалық рөлінің төмендігі, өнеркәсіп пен транспорттың жұмыс күшіне сұранысының шектеулігі, Қазақ өлкесінде жалпыға бірдей еңбек міндеттілігін кеңінен пайдалануға мүмкіндік бермеді. Қазақ өлкесінде әскери коммунизмнің, өнеркәсіпті национализациялау және оның Кеңес органдарының қолына шоғарлануы және осы өнеркәсіптерді Қызыл Армия үшін қару-жарықтар мен жабдықтарды шығаруға жұмылдыру сияқты әскери коммунизмнің элементтері сақталынды.

Экономиканың дамуының табиғи заңдылығын ескермеу және билік жағынан тоқтаусыз әкімшілік шараларды іске асыру, республиканың ауыл шаруашылығын нағыз апатқа әкелгені шындық еді. Егіс көлемінің тым азаюы нәтижесінде, 1921ж. астық жинаудың жалпы өнімі, 1913 жылғы көрсеткішке қарағанда, үш есе кеміді. Мал шаруашылығының жағдайы бұдан да сорақы еді. Қазақ аудандары созылмалы дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатты. Қызылдар

мен акгвардияшылар тарапынан казактардан үнемі малды күшпен тартып алу, үнемі қайталанып отыратын жұт және баска да апаттар мал басының шұғыл кемуіне әкеледі. Республика көлемінде 11 млн мал басы, сонын ішінде 2 млн жылқы, 6 млн ұсақ мал қалды.

Өлкеде қалыптасқан қиын жағдайда, Орталық билік Сібір мен Қазақстанда салғырт салығын өсіруді жариялайды. 1920ж. тамыз – 1921ж. маусым айларында егіншілікпен шұғылданатын казактар 110 млн пұт астық (оның 35 млн Солтүстік Қазақстанға тиісті болды) тапсыруға міндеттеледі. 1920ж өлкеде астық шықпай қалған еді, оның үстіне кескілескен соғыс қимылдары жағдайында Орталық биліктің бұл тапсырмасын орындау мүмкін емес еді. Соған қарамастан, халықтың қарамағындағы астықты, тіпті, тұқымға қалдырылғандарын да тартып ала бастады. Салғырт салығы, тіпті, тек мал шаруашылығымен шұғылданатын казактарға да салынғанын айтқан жөн болар. Тапсырманы орындау үшін, олар малдарын өткізіп, одан түскен ақшаға астық сатып алып, өкіметке тапсыруға мәжбүрленеді. Оған ет жинау салығы да қосылады. Не дегенмен де, әскери коммунизм саясаты Қазақ өлкесінде толық көлемде жүргізілмесе де, ол Кенес билігінің жергілікті жерлерде бекуіне өзіндік үлесін қосқанын жоққа шығаруға болмайды.

Азамат соғысы салдарынан қираған ел экономикасына жеке меншік иелерін тартып, еңбекшілердің өз еңбегіне мүдделілігін арттыруға бағытталған әрекет 1921 жылы 8-16 наурызда РКП(б)-нің X съезінде қабылданады.

Тарихқа ол Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) болып енді. ЖЭС шеңберінде қираған халық шаруашылығын қалпына келтіріп, социализмге өту көзделді. ЖЭС-тің мәні: азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен ауыстыру, еңбек міндеттілігін жою, жеке меншіктің түрлі формаларын пайдалануға жол ашу, жалдамалы еңбекті пайдалануға, жерді арендаға беруге рұқсат ету және т.б. шаралар болды.

Жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне сырттан шет ел капиталы (концессиялар) тартылып, ақша реформасы (1922-1924жж) жүргізілді.

Күйреген ел экономикасын қалпына келтіріп, одан әрі дамыту үшін, ең алдымен, ірі өнеркәсіпке мән беріп, оны қайта құру қажет болды, 1) кәсіпорындар сала бойынша, монополияның жоғары сатысы ірі трестерге біріктірілді. Бірінші дәрежелі кәсіпорындар одақтық манызы бар трестерге, ал екінші дәрежелі кәсіпорындар өлкелік трестерге біріктілді. 2) Ұсақ кәсіпорындар жеке адамдарға, шетелдіктерге, кооперативтерге жалға берілді. 3) Өнеркәсіп, темір жол, көлік тасымалы шаруашылық есепке көшті.

Өнеркәсіп саласында іске асқан өзгерістердің нәтижесінде тек Риддер қорғасын зауытының бір өзі 1923ж. Одақта өндірілетін қорғасынның 40%-н өндіре бастады. Доссор, Мақат мұнай кәсіпорындары іске қосылды. Шымкент сантоминай (ішек құртын айдайтын дәрі жасайтын –Б.Қ.) зауыты ашылды. 1927ж. Қарсақпай комбинаты мыс өндіре бастайды. Өнеркәсіп саласындағы қайта құрулардың кемшіліктері де байқалды. Ең бастысы, өнеркәсіп шикізаттын бағыты дамыды. Трестердің орталығы Ресейде орналасқаны себепті, Қазақ өлкесіне оның пайдасы жоқтын қасы болды.

Ауылшаруашылық саласында біраз өзгерістер орын алды: 1) Әскери коммунизм саясаты кезінде енгізілген салғырт салығы жойылып, оның орнына азық-түлік салығы енгізілді (1921ж. наурызда); 2) Салықтың мөлшері азық-түлік салғыртына карағанда 2,5 есе аз болды; 3) Белгілі дәрежеде капитализмге уақытша ерік берілді. Жерді жалға беру және жалға алу, жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат етілді; 4) Ауылшаруашылық несие алу, тұтынушылар кооперациясын дамыту жоспарланды; 5) «Әскери коммунизм» кезінде енгізілген еңбек міндеттілігі мен еңбекке мобилизациялау жойылады.

Ауылшаруашылығында іске асқан қайта құрулардың нәтижесінде: 1) егіс көлемі ұлғайды; 2) мал саны өсті; 3) 1924-1925жж. Қазақ өлкесіне тракторлар әкеліне бастады; 4) кедейлер саны азайып, орташалар саны көбейеді; 5) байлар мен кулактардың құқығы шектеледі, олар сайлау, сайлану құқығынан айырылады; 6) сауда еркіндігі қалыптасты; Жеке саудаға рұқсат етіледі. 1924ж. «Айырбас туралы», Декрет бойынша айырбас жасауға рұқсат берілді. Жәрменкелер ашыла бастады. «Атбасар» жәрменкесі (Ақмола губерниясы), «Ойыл», «Темір» жәрменкелері (Ақтөбе губерниясы), «Орда» жәрменкесі (Бөкей губерниясы) ашылды. Небәрі Қазақ өлкесінде жеті өлкелік, он үш губерниялық және жетпіс бес жергілікті жәрменке ашылады.

Жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) нәтижесіне көңіл аударсақ, жоғарыда айтылғандай, 1) экономикада нарықтық қатынастардың элементері пайда болып, шаруашылықтың әкімшілік-нарықтық жүйесі қалыптаса бастайды. 2) ЖЭС іс жүзінде елді дағдарыстан алып шығады. Алайда ол өзінің барлық мүмкіндіктерін толық пайдалана алмады. Кеңес үкіметінің Қазақ өлкесіндегі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары (1921-1925жж) жүргізген экономикалық саясаты карама-қайшылықтарға толы болды. Казактардың дәстүрлі шаруашылығына көңіл тым аз бөлінді. Не дегенмен де, өмір талабына сәйкес, бұл салаға және егіншілікке көңіл бөліне бастады. 1925 жылы 1913ж салыстырғанда мал басының саны екі есеге өсіп, көшпелі мал шаруашылығы қалпына келе бастады. Егін егілген жер көлемі ұлғайып, 3 млн гектарды құрады. Орал, Ақмола, Семей губернияларының астықты аудандарында көрсеткіштер 1913ж. деңгейіне жетті. Мәселен, 1925ж. 1913ж. өніммен бірдей 92 млн пұт астық жиналды.

Өнеркәсіп саласында қалпына келтіру жұмыстары шикізат пен отынның, азық-түліктің, қаржының тапшылығы, маманданған жұмысшы қолының жетіспеушілігі жағдайында өтті. Алайда, 1925ж. соңына таман өнім өндіру деңгейі өсіп, 1913ж. деңгейдің үштен екісіне жетті. Өнеркәсіп орындарының 60%-нан астамы іске қосылды. 3) Саяси-идеологиялық салада қатаң бір партиялық тәртіп орнап, басқаша ойлау мен басқаша іс-әрекеттердің қандайын болса да, басып-жаншу орын алды, адам құқығы бұрмаланды, бостандық, еркіндік тек сөз жүзінде ғана сақталынды.

Азамат соғысы аяқталысымен, Қазақ өлкесін тағы бір ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921-1922жж ұзаққа созылған қарсыз қыс жауынсыз жазға ұласады. Қатты құрғақшылық өлкеге ашаршылық нәубетін әкеледі. Ашаршылық, әсіресе, Еділ бойында тұрған халықтарға кері әсерін тигізді. 1921ж. күзіне қарай Кеңес Одағы бойынша 20 млн адам аштыққа ұшырайды. Ал, Қазақ

өлкесінде Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губернияларында себілген астық қатты құрғақшылықтан шықпай қалды, шыққандары жауынсыз жазда құрғап қалады. Мал шаруашылығымен шұғылданған көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда жайылымдар мен шабындықтар толық күйіп кетеді. Соның салдарынан малдар қырылып, аштық басталады. Аштықпен бірге сүзек, тырысқақ, оба, дінген және басқа аурулар да қатар келді. Аштық пен қайыршылық күй, эпидемия, ауруханалардың жетіспеуі – осының бәрі аурулар арасында өлімнің санын көбейтіп жіберді.

РСФСР құрамындағы Қазақ АКСР аумағында орын алған 1921-1922жж. аштықтың тағы бір себебі, казактардың дәстүрлі шаруашылығын азамат соғысы одан әрмен күйзелгенде, құнарсыз ен далада тұрмысын тез түзеуге мүмкіндігі болмағанында жатыр.

Азамат соғысының ауыртпалықтарынан оналып үлгермеген казактар тұратын облыстарынан Орталықтан келген әскери жасақтардың азық-түлік жинап әкетуі де жағдайды шиеленістіре түсті.

Егер 1921ж. бірінші желтоқсанындағы деректер бойынша қараусыз қалған аш-жалаңаш балалар саны Қазақ республикасында 128 мың болса, 1923ж. 1 наурызда олардың саны 408 022 етті. 1922ж. наурыз-сәуір айларында казак өлкесін қысқан ашаршылық мүлде* асқынып кетеді. Ашыққан казактардың саны республика халқының 3\1 бөлігін қамтыды. 1922ж. ашыққандардың саны 2 млн 300 мыңға жетті.

РСФСР үкіметі тарапынан ашаршылық құрбандарына мүмкіндігінше азды-көпті дәрі-дәрмек, азық-түлік, астық түрінде көмек көрсетілгені белгілі. Бірақ, Қазақ өлкесінен Ресейге апарған азық-түліктің мөлшеріне көңіл аударсақ, Республиканың мүшкіл жағдайының өзінде метрополияға көмегін аямағанына көз жеткіземіз. Мәселен, Семей және Ақмола облыстарынан жиналған 4 млн пұттан астам астық және 24,5 мың пұт май Мәскеуге, Петроградқа, Смараға, Қазанға, Саратовқа жіберілген.

Апаттың екінші кезеңінде 1921ж. зиялылардың Түркістандық үлкен тобы (Халел және Жақанша Досмұхамедовтер, Мұхамеджан Тығынышбаев, Иса Қашкынбаев, Қонырқожа Қожықов, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров және т.б.) “Ақ жол” газетінде үндеу жариялап, ашығып жатқан бауырларға көмек беруге шақырады. Нақты жұмыстар жүргізу үшін олар жер-жерге аттанады. Мәселен, Ж.Досмөхамедов Пржевальскийде азық-түлік жинауға түрткі болады.

Міржақып Дулатов Семей облысында бірнеше уездерді аралайды, үгіт-насихат жүргізеді, аштыққа душар болған аудандарға елден мал жинап жеткізуге шақырады.

Жүсіпбек Аймауытов Шығыс аудандардан мал жинап, ашаршылық жайлаған Торғай халқына жеткізген болатын.

Сұлтанбек Қожанов пен Смағұл Сәдуақасов, байлар мүлкін тартып алып, кедейлерге үлестіріп беру жолымен ел экономикасын “жандандыру” жолын қатты айыптайды.

Қазактың зиялы топтары, соның ішінде, Алаш лидерлері Міржақып Дулатов және т.б., соның ішінде Жүсіпбек Аймауытов сияқты казактардың

мұның-жоғын жоқтайтын ұлт мақтаныштары Семей облысынан ашыққандарға астық, мал жинап апарды. Бір қызығы, сол үшін оларды Кеңес билігі қамауға алып, «кешірімділік» жасау актісі бойынша кейініректе босатады.

Қолдан жасалған аштықтың екінші кезеңінде, 1921-1922жж шегіне жеткен қазақтар, сондай-ақ басқа да ұлт өкілдері, амалсыздан қолдарына қару алып, стихиялы ереуілдерге шығады. Толқулар қарулы көтерілістерге жалғасады. Батыс Қазақстанда көтерілісшілерді жергілікті милиция мен солдаттар да қолдайды. Жер-жерде халықтың қарсылығы өрши түседі.

Халық наразылығы бүкіл РСФСР территориясын камтиды. Елде кең етек алған шаруалар толқуларынан жасқанған Кеңес билігі 1921ж. көктемде экономика саласында реформа жасауға мәжбүр болады.

1921-1922жж қолдан жасалған аштық салдарларына көңіл бөлсек, 1) Демографиялық жаңдай нашарлап кетті. Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Торғай облыстарында қазақтардың саны 1/3-ге дейін азаяды. Кейбір деректер бойынша, 1 млн 300 мың адам аштықта қырылған. 2) 700 мыңнан астам қазақтар Респубикадан тыс жерлерге (Түрікменияға, Өзбекстанға, Ресейге және т.б.) көшіп кетеді.

1922ж. сонына қарай босқындар туған өлкелеріне орала бастады. Оларды қарсы алатын, оларды ауылдарға, кенттерге, қалаларға және басқа да елді мекендерге орналастыру жұмысын ұйымдастыратын арнаулы комитеттер құрылды. Берілген несиені төлеу мерзімі ұзартылды, бірынғай мемлекеттік салық төлемі бойынша жеңілдіктер жасалды.

4.2. Жер-су реформасы. Түркістан өлкесін межелеу. Ресейдің құрамындағы Қазақ жерлерінің, Қазақ Автономиялық Кеңестер Республикасының құрамына біріктілуі

20-жылдардың басындағы Қазақстанда жүргізілген жер реформаларының ерекше маңызды рөлі болды. Мұның өзі жер мәселесіндегі патша өкіметініңотаршылдық зардаптарын жою бағытында іске асырылған шаралар еді. 1921ж. ақпан-сәуір айларында Қазақ өлкесінің Орталық Атқару комитеті, қазақтарға уақытында патшалық Ресей кезінде тартып алынған, қоныс аударушылар заңсыз басып алған жерлерді қайтып беру жөнінде Декреттер қабылдайды. Осы Декреттер өлкедегі жерді пайдаланудың әділетті тәртібін орнатады. Қазақтарға Ертіс өзенінің бойындағы он шақырымдық алқап пен қазақ әскерлеріне меншікке берілген Жайық өзенінің оң жағалауындағы жерлер қайтарылды.

Бір мезетте жер-су реформасы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда жүргізіледі. Бұл өлкеде қиын жағдай қалыптасқан еді. Кедей қазақтардың едәуір бөлігі байларға, кулақтарға, сондай-ақ ауқатты станицалардағы қазақтарға бағынышты жағдайда болған. Кедейленген қазақтардың шаруашылығын көтеру үшін, ең алдымен, олардың жер-суға құқығын

жергілікті орыстармен теңестіріп, казактар мен кулактардың айырмашылығын жою керек болды.

1920ж. қыркүйекте өткен Түркістан Республикасы Кеңестерінің ІХ съезі, Түркістанның кейбір аудандарындағыдай, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда жер-су реформасын жүргізуді, сондай-ақ кедейлер одағын құруды қажет деп тапты.

1921ж. 20-31 қаңтарда Әулие-Атада өткен Түркістанының қазақ және қырғыз кедейлерінің съезінде жер-су реформасын белсенді жүргізу және Қосшы одағын құру жөнінде шешім қабылданады. Оңтүстікте жер-су реформасын іске асыру үшін құрылған, кедейлердің жалпы ұйымы – Қосшы одағын ұйымдастыруда Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, О.Жандосов, А.Розыбакиев және т.б. рөлдері зор болды. 1921ж. наурызда Жетісуда 17 мыңнан астам мүшесі бар «Қосшы» одағының 99 ұясы жұмыс істеді.

Жердің казактарға қайтарылуы байлардың, кулактардың, казактардың қиян-кескі қарсылығы жағдайында өтті.

XXғ. 20-жылдарының басында қазақ өлкесінің қоғамдық-саяси өмірінде авторитарлық биліктің күшеюі қарқын алып, біртіндеп өзімен мемлекеттік аппаратты алмастырған коммунистік (большевиктік) партияның үстемдігі орнай бастады. Оның үстіне, республиканың автономия болып жариялануы сөз жүзінде қалып, шындығында, ол өзін-өзі басқара алатындығы жалған болып шықты. Өнеркәсіп салалары, кәсіпорындар мен темір жол Одақтың қарамағында болды. Билік басында санаулы ғана казактар қызмет істеді.

Түркістан АКСР-нің құрамындағы оңтүстік облыстардағы казактардың жағдайы тым күрделі еді. Жергілікті ұлт өкілдерінен тұратын коммунистердің Орта Азияның республикаларын бірыңғай, Түрік республикасына және түрік халықтарының коммунистік партиясын құрып, жағдайды жақсарту ойынан түк те шықпады. Түркістандағы күрделі ұлттық қарым-қатынастарды шешуге үлес қосқан көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерінің бірі Тұрар Рысқұлов 1920ж. РКП(б)-нің ОК-не және В.И.Ленинге «Түрік республикасы» мен «Түрік халықтарының коммунистік партиясын» құру туралы баяндамасын тапсырады. В.И.Ленин Т.Рысқұловтың тезистерін қабылдады. Мәскеуден арнайы жіберілген Бүкілодақтық Аткару Комитеті мен РСФСР Кеңестік Халық Комисариатының комиссиясы (Түрккомиссия) Түрік республикасы мен компартиясын құрудың инициаторы Тұрар Рысқұловты және оның сыбайластарын жұмыстан шығарып, олардың қабылдаған шешімдерінің күшін жояды. Тұрар Рысқұлов Мәскеуге шақырып алынып, жан-жақты ықпал жасау және «күрделі» әңгімелердің нәтижесінде «қателерін мойындайды». Кеңес билігі Тұрар Рысқұловқа үлкен сенім артып, ІІ Коммунистік Интернационалға жауапты қызметке жібереді. Кейініректе Тұрар Рысқұлов Коммунистік Интернационалдың тапсырмасымен Моңғолияда Халық Республикасын орнатуға белсенді қатынасады.

Коммунистік партияның ұстанымына кереғар келетін әрбір қимыл ұлтшылдықтың көрінісі деп бағаланып, қудалауға тап болады. 1923ж. маусымдағы РКП(б)-ның Орталық Комитетіндегі Кеңесте татар және башқұрт коммунистерінің жетекшілері Сұлтанғалиев пен Валидовтың және оларды

жақтаған ұлттық шет аймақтың өкілдері, соның ішінде Т.Рысқұлов та бар, сынға тап болады. Сұлтанғалиевқа ұлтшыл деп, басмачтармен байланыс жасап, Кеңес билігін құлатуға тырысты деген айып тағылады. М.Х.Сұлтанғалиев 1923ж. РСФСР ұлттық халық комиссариатында (Наркомнац) коллегия мүшесі, Татарстан мен Башқұртстанның беделі зор мемлекет қайраткері болатын.

«М.Х.Сұлтанғалиевтің ісі» арнайы қарастырылып, ол партияға қарсы жасырын топ ұйымдастырғаны, Түркиядағы эмиграцияда жүрген З.Валидимен және төңкеріске қарсы күштермен қарым-қатынаста болғаны үшін айыпталды. М.Сұлтанғалиев партиядан шығарылып, оның ісі ГПУ-ге тапсырылады. Сталин мен оның жақтастары ұлттық интеллигенция өкілдерін заңсыз қудалау ісін осылайша ұйымдастырып, келесі жылдары М.Сұлтанғалиев тәрізді ұлт зиялылары қуғын-сүргінге ұшырайды. Алаш партиясының бұрынғы мүшелері барлық басшылық қызметтерінен босатылады.

1921ж. 11 сәуірде Бүкілресейлік Атқару Комитеті РСФСР-дің құрамдас бөлігі ретінде Түркістан АКСР-ін құрады. Азамат соғысынан кейін, Түркістан өлкесі бірінғай мемлекет – Ресей федерациясының құрамына кіреді. Сол кезде Бұқара мен Хорезмде революциялар жеңіске жетіп, Кеңестік Түркістанмен тығыз қарым-қатынас орнатқан Бұқара мен Хорезм халық республикалары құрылады. Үш Ортаазиялық республикалар арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстар олардың бірігу тенденцияларын күшейтеді.

Ұлттық-территориялық межелеу. Біртұтас Түркістан түрік мемлекетін құру идеясына қарсы бағытталған шараның бірі, ол – ұлттық-территориялық межелеу саясаты еді. Ташкентте 1923ж. барлық үш республикалардың халық шаруашылығын жоспарлауды іске асыратын Орта Азиялық Кеңес құрылады, ақша белгілері үндестіріледі, жалпыортаазиялық сыртқы сауданы басқару органы, Темір жол, Басмақта комитеті, Шикізат дайындау басқармасы және т.б. комитеттер құрылады. Осы органдар өлкені дамытуда маңызды рөл атқарады.

Халықтың рухани мәдениетінің жандануы, ұлттық мектептердің, мәдени ошақтардың құрылуы, ана тілінде газет-журналдардың шығуы ұлттық сана-сезімнің өсуіне ықпалын тигізді. Осының бәрі өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, каракалпак ұлттық мәдениеттерін құруға, ал қазақ жерлерінің бірінғай мемлекеттік құрылым шеңберіне бірігуге ұмтылыстарын күшейтеді.

Қазан төңкерісіне дейінгі Ортаазиялық Кеңес республикалары, Түркістан генерал-губернаторлығының, Бұқара эмиратының және Хиуа хандығының – әкімшілік шегаралығында құрылған еді. Олар Ортаазия халықтарының этникалық шегарасымен үйлеспейтін еді. Бұқара мен Хорезм республикаларының құрылуы, өлкедегі этникалық ахуалды өзгерте алмады. Орта Азияның әр халқы кез келген Республика халқының тығыз (комплектілі) орналасқан көпшілікті құра алмады.

Халықтардың ең көп бөлігі Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасында (ТүркАКСР) тұрды. Мәселен, Түрікмендердің 40% ТүркАКСР-де, 29,8% – Хорезмде және 27% - Бұқарада тұрды. Қырғыздар негізінен Түркістанда тұрды - 98%.

Қаракалпактардың 3\2 ТүркАКСР-де тұрды. Ортаазияда тұратын қазақтар Үш республика территориясында шашырап орналасты, олар барлығында да

азшылық топты құрды: ТүркіАКСР-де – 19,3%, Бухарада – 1,5%, Хорезмде – 3,5%. Сөйтіп, Ортаазиялық бірде-бір мемлекет құрамында, ешкім өздерін бір ұлтпыз (моноұлт) деп атай алмады.

Өлкені межелеуге дайындық жұмысы ертеректе басталған болатын. Бірақ, оны іске асырудың қажетті экономикалық және саяси жағдайы тек 1924ж. ғана пісіп жетіледі.

Ұлттық мәселені қарастырған РКП(б)-ның XII съезінен кейін, Орта Азияның партия және Кеңес органдары Орталықта өлкедегі ұлттық-территориялық межелеуді іске асыру мәселесін қарастыруды өтінеді. Жетісу мен Сырдария облыстарындағы қазақ аудандарын Қазақ өлкесіне қосу мәселесі, ҚазақАКСР-нің Кеңестерінің IV съезінде, кешіктіруге болмайтын мәселе ретінде қойылған болатын.

1924ж. 31 қаңтарда РКП(б)-ның ОК ұйымдастыру бюросы межелеу мәселесін қарастырып, секретарь Рудзутакке Ташкентте, осы мәселе жөнінде кеңес өткізуді тапсырады. Кеңеске қатынасушылар, соның ішінде С.Асфендияров – Қара қырғыз (Қырғызстан) автономиясын құруды ұсынады. Ортаазияның экономикалық кеңесінің төрағасы М.А.Паскуцкий «Экономикалық бірлестік» қажеттілігіне сілтеме жасап, барлық Орта Азия Республикаларын біріктіру жөнінде ұсыныс жағайды. Шын мәнінде, ол межелеуге қарсылық білдірді. Тарихи тағдырлары бір халықтар экономикалық және мәдени артта қалушылықты бірігіп қимылдаса жоя алады деген тұжырымға келеді. Сұлтанбек Қожанов та осы позицияда болады: «Түркі тайпалары бірыңғай түркі халқын құрады, оларды искусственно разрывать не следует. Олар бірігіп қимылдаса, экономикалық және мәдени артта қалушылықты тез жояр еді». Кейініректе С.Қожановтың бұл ұсынысы «пантюркизм» идеясын жаңғырту деп, оны айыптап, репрессиялағанын білеміз.

Қарақалпақтар ҚазАКСР-нің құрамында Қарақалпақ автономиялық облысын құруды ұсынады.

Троцкистер, буржуазия ұлтшылдары, ұлыдержавалық шовинистік элементтер межелеу төңірегінде дау-дамайды ушықтыра түсті, ұлтшыл-уклонистер жеке дара қалалардың белгілі бір республикаға кіруі немесе кірмеуі төңірегінде мәселе көтеріп, тіпті «автономиялық қалалар» немесе Республикалар мен облыстар ішінде аз ұлттан тұратын, ұсақ автономиялық бөліктер құру жөнінде мәселе көтереді.

Кеңес Паскуцкий мен Қожановтың пікірлерін қате деп санап, Орта Азияны межелеу, яғни ТүркістанАССР-ін тарату қажет деген шешім қабылдайды.

Ұлттық-территориялық межелеу нәтижесінде, құрамында ТәжікАССР-і бар Өзбек АССР-і және Түрікмен АССР-і құрылады. Қара Қырғыз автономиясы РСФСР-дің құрамына, ал Қара-Қалпақ автономиялық облысы ҚазақАССР-нің құрамына кіреді. Сырдария және Жетісу облыстары ҚазақАССР-мен біріктіріледі. Сырдария облысының Қазалы, Ақмешіт (Қызылорда), Түркістан, Шымкент уездері, Әулиеата уезінің көп бөлігі, Ташкент, Мырзашөл уездерінің бір бөлігі, Самарканд облысы Жизак уезінің бірнеше болысы, Жетісу облысының Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал (Талдықорған) уездері, Пішпек

облысының бір бөлігі Қазақстанға қарады. Республика аумағы үштен біріне кеңейіп, 2,7 млн шаршы шақырымға жетті, ал халқы 1 млн.468 мың адамға көбейіп, 5 млн.230 мың адам болды. 1926 жылғы санақ деректері бойынша, қазақтар Қазақстанда халықтардың 61,3% құрады. 1925ж. Орынбор қаласы мен губерниясының бір бөлігі Ресейдің карамағына өтуіне байланысты, Республика астанасы Перовскіге (Қызыл Ордаға) көшірілді. Республиканың дұрыс аты «Қазақстан» қалпына келтіріледі. «Қырғыз» атауы «Қазаққа» ауысады. Ақмешіт Қызыл-Орда деп атала бастайды. Бұл өзгерістердің авторы – Сұлтанбек Қожанов болатын.

Қазақстанда губерния, уезд, болыстар жойылып, округ және аудан бөліктері енгізілді. 1928ж. Қазақстанда жанадан әкімшілік-территориялық бөлу іске асырылды. Осы уақытқа дейін болып келген алты губерния, екі округ, отыз екі уезд және 400 болыстардың орнына 13 облыс және 193 аудан құрылды.

Бірақ та, әттеген-ай деуге болады, патшалық Ресейдің кезінде тартып алған 2 млн. астам қазақтар мекендеген жерлер: Астрахань губерниясы, Кенді Алтай өңірі, Саратов, Самара, Омбы, Орынбор, Челябин, Төмен, Тобыл Ресей құрамында қала берді. 1924 жылы 11 қазанда РКП(б)-ның Политбюро отырысында, қазақтардың Ташкент қаласын, Лениннің ұсынысы бойынша, Өзбек республикасының құрамына беру туралы шешім қабылданады.

Қазіргі кезде, Ресей Федерациясының ішкі және сыртқы саясатына бағыт-бағдар беріп отырған, Жириновский, Лимонов және т.б. саясаткерлер үлесі жағынан орыстар басым тұратын Қазақстанның Солтүстік облыстарын (Көкшетау, Петропавл, Қостанай, Павлодар және Өскемен) Ресейге беруді талап етіп, коқан-локкы жасап, екі ел арасына іріткі жасап жатқанынан хабардармыз.

1925 ж. ақпанда казак жерлерінің бірігуіне байланысты, Қазақстан облыстық партия комитеті өлкелік болып қайта құрылды.

Азамат соғысы жылдарында қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмысы аяқталады.

1925ж. аяғында Бүкілодақтық маңызы бар Орал-Ембі мұнай тресі, Алтын руда, Атбасар түсті металл, Алтай казак полиметалл трестері құрылды. Олар тәжірибелі инженерлер мен техниктермен толықтырылды. Казак жұмысшыларының саны өсті.

Ауыл шаруашылығында елеулі өзгерістер іске асты. Салғырт салығының орнына бірыңғай ауылшаруашылығының салығы енгізілді. 1925ж. мал басы саны 1922ж. салыстырғанда екі есе көбейіп, 26 млн. асты. Республикада ауылшаруашылық кооперация жүйесінде 322.690 мүшесі бар 2811 бірлестіктер жұмыс істеді. Олардың қатарында 96 коммуна, 557 артель, 58 серіктестіктер кіреді.

Республикада өнеркәсіпті қалпына келтіру 1927 жылға дейін созылды. Өлкедегі өнеркәсіп салалары, соның ішінде өндіргіш күштерін дамыту нашар жүрді. Ірі өнеркәсіп ошақтары болмады. Өнеркәсіпте, негізінен, тұтыну құралдарын, шикізат өнімдерін шығаратын кәсіпорындар жетекші орын алды. Жер асты казына байлықтары әлі жете зерттелмеді.

4.3. Тоталитарлық жүйенің қалыптасуы. Ф.Голощекин (Шая Ицкович) – Қазақ өлкесінің басшысы. «Кіші Қазан» идеясы, оны іске асыру

XX ғ. 20-жж. екінші жартысынан бастап, сталинизм идеологиясы негізінде тоталитарлық жүйе қалыптасып нығая бастайды. Экономика және мәдени дамудағы қиындықтар, жаңа экономикалық саясаттың дағдарысына (тоқтауына) байланысты одан әрі тереңдей түсті. Республикадағы «әскери коммунизм» саясаты кезіндегі жұмыс тәсілдері қайтадан жанданады. Мемлекетті басқару жеке адамның басшылығымен ауыстырылып, басқарудың әміршіл-бюрократтық тәсілі іске аса бастады.

Қалыптасып келе жатан әкімшіл-әміршіл жүйе алдыңғы қатарлы ой-пікірлердің бәріне тосқауыл қойды. И.В.Сталиннің «жергілікті ұлтшылдыққа» қарсы ұстанған саясаты ұлт республикаларында ұлыдержавалық шовинистік пиғылда жүрген коммунистер тарапынан ерекше қолдау тапты.

Сол жылдары Сталин бастаған «жергілікті ұлтшылдықты» айыптау науқанын Н.И.Ежов пен Ф.И.Голощекин өрістетеді.

Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы В.Нанейшвили 1925ж. маусымда Мәскеуге шақырылады. Ал, оның орнына Ф.Голощекин сол жылы қыркүйек айында келеді. Осы екі аралықта өлкені өлкелік партия комитетінің үшінші хатшысы Н.Ежов басқарады. Ежов партияға адал берілген, төңкеріс пен азамат соғысының қатерлі кезеңдерін бастан кешіп, қазақ өлкесінде кеңес билігі үшін күрескен қазақ коммунистерін республикадан қуып жатты. Голощекин келген соң, екеуі жарасып, қазақ ұлт зиялыларына қысым күшейе түседі. Қазақ коммунистеріне топтық күресті ұйымдастырушылар, ұлттық идеологияны насихаттаушылар деген жалаң жала жабылды. С.Мендешов, М.Мырзағалиев, Н.Нұрмақов, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, С.Шәріпов және т.б. қайраткерлерге, міне, нақ осы кезден бастап қысым жасалынды. 1929ж. соңына қарай бұл қысым тым күшейіп кетті. Сөйтіп, Қазақстандағы партияның ұлт саясатының бұрмалануына Ежов айрықша үлес қосты.

Ежов И.В.Сталинге, В.М.Молотовқа, Л.Кагановичке жазған хаттарында барлық қазақ коммунистері ұлтшыл-уклонизм және топтық күрес ауруына шалдыққан, ішінде сауы жоқ деп, оларды айыптайды, «оншылдарды» да, «солшылдарды» да аяусыз жазалау керектігі жөнінде ұсыныс айтады.

Большевиктер партиясының қоғамдағы дара билігі, әсіресе, Қазақ өлкесіне басшылық қызметке келген Филипп Голощекиннің (Шая Ицкович) келуімен (1925ж. қыркүйекте) кең қанат жаяды. Жоғары лауазымды қызметке сол кездегі Республиканың жаңа астанасы Қызылордаға келісімен, «Партия ұйымы большевиктенбеген екен», «Қазан революциясы қазақ даласын жанап қана өтіпті» деген жалған, қисынсыз көзқарасты басшылыққа алып, қазақ өлкесінде «қайта құруларға» кірісіп кетеді. Оның бұл менменшіл, волонтаристік саясатына көзі ашық, Ресейдің ғылым орталықтарында білім алған, билік басында жауапты қызметтер атқарған, ұлтжанжы, қазақтың біртуар азаматтары – Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Жалау

Мыңбаев, Жағыпар Сұлтанбеков және т.б. ұлт зиялылары қарсы болып, газет-журналдарда, партия пленумдарында, конференцияларында, халықпен бетпес-бет кездескенде, өздерінің отансүйгіштік, патриоттық ұстанымдарын қарсы қояды.

Ф.Голошекин Кеенстердің Орталық өкіметіне арқа сүйеп, өзінің (орталықтың) ойын жүзеге асыруға қарсылық болатынын жақсы түсініп, қарсыластарына «ұлтшыл», «топшыл», «ауытқушы-уклонист» және т.б. айдар тағып, оларды «халық жауларына» айналдырады. Бұл ұлт мүддесі үшін күрескен қайраткерлерді, оларға ешбір қатысы жоқ «троцкийшіл-зиновьевшіл» топты сыбайластары ретінде айыптап, партиядан қуу және жұмыстан шығару мақсатында қасақана жасалған жала болатын.

«Кіші қазан» революциясын іске асыру үшін идеологиялық негіз жасалынады. Осыдан келіп, жаппай жазалау дәуірі басталып, қазақ халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкеледі.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1925-1933жж. аралығында бірінші хатшы қызметін атқарған Ф.И.Голошекиннің шын аты Шая Ицкович еді, ұлты – еврей. Шала сауатты, білімсіз, Қазақстанда авантюристік саясат жүргізіп, халықты апатқа ұшыратқан Ф.Голошекин И.В.Сталиннің сенімді адамы болды. Челябинде губерниялық төңкерісшіл комитеттің төрағасы болып қызмет істеп жүрген кезде, қамауда отырған ІІ Николай патшаны жанұясымен атып тастаған, қанышер Ф.Голошекин Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті мен РСФСР халық комиссары кеңесінің Түркістан комиссиясының құрамына енеді. 1920-1922жж. Башқұртстанда, Костромада әр түрлі қызметтер атқарады. 1923ж. тамызынан Қазақ өлкесіне келгенге дейін Самара губерниялық Атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс істеген. 1925ж. 12 қыркүйекте Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылорда қаласына келеді. Ф.Голошекин 1927ж. «Казахстан на Октябрьском смотре» және «10 лет Советской власти» деген екі бірдей кітап шығарып, онда «қазақ ауылы Қазан лебін сезген емес» деген дәлелсіз байбаламға басқаны көпшілікке мәлім.

Жергілікті жағдаймен танысып алған соң Ф.Голошекин қазақ ауылында Кеңес билігі жоқ екен, сондықтан да Қазақ өлкесі үстінен кішкене Қазанмен жүріп өту керек деген ойын И.В.Сталинге хабарлайды.

Қазақ өлкесіндегі ахуалдың ақиқатын анықтамай, И.В.Сталин жергілікті басшылардың пікірін тындамастан, Голошекиннің «Қазан революциясы қазақ ауылындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарға ешқандай әсер етпепті, ол тек құйын секілді қазақ ауылын жанап өтті» деген қате пікірімен келіседі. Ф.Голошекиннің «Кіші Қазан» бағытын жүзеге асыру қадамын қолдап, жүзеге асыруға құлшына кіріскен, оның сол кезде шашбауын көтергендер қатарында Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев, өлкелік партия комитетінің хатшысы Ізмұқан Құрамысов, Қазақстан Орталық Кеңесі комитетінің төрағасы Елтай Ернazarов және т.б. басшы қызметтегі қазақтар болды.

«Кіші Қазан» бағдарламасын іске асыру, қазақ ауылын кеңестендіруден басталып, кеңестері жоқ ауылдарға нағыз кеңес өкіметін құру, ал бар жерлерде олардың жұмысын жандандыру қолға алынады. Сөйтіп, қазақ ауылын

кенестендіру казак өлкесіндегі социалистік құрылыстың басты міндеттеріне айналды. 1917ж. 1 желтоқсанда РКП(б)ОК-нен Казак өлкесінің партия ұйымына, социалистік құрылысты одан әрі жан-жақты дамытуды бағдарламасы көрсетілген хат түседі. Онда Казакстан большевиктерінің алдына өте маңызды мәселенің бірі ретінде ауылдағы кенестік құрылысты ойдағыдай жүргізу міндеті қойылады.

Казакстан өлкесінің партия ұйымының басшысы болып тағайындалған Ф.Голошекин Қызылордаға келісімен, Республиканың жағдайымен шалашарпы танысканнан кейін, іле-шала «ауылда Кеңес өкіметі жоқ, байлардың, рулардың үстемдігі ғана бар» деп мәлімдеме жасайды. Казак ауылын кенестендіруді «Кіші Қазан» революциясынан бастағанды жөн көреді. Осыдан бастап ауылды кенестендіру мәселесі партия ұйымдарының күн тәртібінен түспеді. кеңестерге сайлау өте қиын жағдайда, әкімшілік-күштеу әдісімен жүргізілді. Большевиктер тап күресін белсенді жүргізетін кедейлерден тұратын кеңестерді құруды жақтады.

Казак өлкесіндегі кеңестерді нығайту мақсатында, 1930ж. Республиканың аудандық және ауылдық комитеттеріне басшылық жұмысқа 300 адам жіберілді. Олар Мәскеу мен Денинградтың жұмысшылары, Қызыл Армияның әскерден қайтқан саяси қызметкерлері болатын. Осылай» Республиканың ұлттық ерекшеліктері, тілі, діні, ділі ескерілмей, жергілікті кеңестер Орталықтың арнайы жіберген «кадрлары» арқылы басқарылды.

Ал, сол кеңестер болса, дара билікті қолына алған әкімшіл-әміршіл жүйенің күшейе түсуіне қызмет етумен шектелді. Кеңес билігі ұлттық мүддеге қайшы келетін, жылдары «Кіші Қазан» саясатын жүргізуге белсене атсалысты. Кеңестерді нығайту үшін, еңбекшілердің саналы, белсенді бөлігін кенсе жұмысына тарту қажет болды. Алайда, бағдарламаларда көзделген шаралар казак жерінде жүзеге аспай, аяқсыз қалды. Оның басты себебі – казак халқының тұрмыс-тіршілігінің өзгешелігі, орысша сауатсыздығы, казактардың менталитеті, жергілікті әкімшілік аппаратта білімі бар мамандардың тапшылығы еді.

Барлық ауылдық және болыстық кеңестерді пролетариат диктатурасының органдарына айналдыру жоспары іске аспай қалады. Ауылдық кеңестерде ақсақалдардың, байлардың саяси ықпалдары облыстық атқару комитеттеріне қарағанда едәуір күшті болды. Ауылдық кеңестердің халық арасында беделі болмады.

Іс жүзінде Казак өлкесіндегі оппозицияны әлсіретіп, Ф.Голошекин «Кіші азан» идеясының бір бөлігі «Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу» туралы жоспарын іске асыруға кіріседі. 1926ж. БК(б)П-ның II Пленумында шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу мәселесі талқыланды, Смағұл Сәдуақасов ол науқанға қарсы шығып, азамат соғысының ауылды күйзеліске ұшыратқанын айтқан болатын. Оның бұл ескертуі еңбекші казактардың мүддесін жамылып, байларды қорғап қалушылық, яғни Кеңес өкіметіне қарсылық деп бағаланды.

«Кіші Қазан» идеясын іске асыру бағытында, ауқатты шаруашылықтардың 1.360 мың десятина пішен шабатын жерлері мен 1.25, мың

десятина жыртылған жерлері тартып алынып, кедейлер мен орташа шаруаларға бөлініп берілді. Бірақ та, билік күткен нәтижені бұл шаралар әкелмеді. Малы жоқ шаруашылықтар оларға берілген шабындық пен егістік жерлерді пайдалана алмады, сондықтан да көбінесе оларды бұрынғы қожалықтарына қайтарып беруге мәжбүр болды.

1927 жылы көшпелі және жартылай көшпелі казактарды жерге орналастыру туралы шешім қабылданды. Ф.Голошекин егістікке жарамды жерлерге орыс шаруаларын қоныстандыру мақсатын бірінші кезекке қоюға тырысты. Бұл Н.Нұрмаков, Ж.Сұлтанбеков сияқты қайраткерлердің заңды қарсылығын тудырды.

1928ж. 29 наурызда Бүкілресейлік Одақтық Атқару Комитетінің (БОАК) қаулысында казактардың белгіленген мөлшерден артық жерлерін кесіп алып, қоныс аударуға босатып беру көрсетілді. Осылайша, Кеңес үкіметі казак жерін отарлау ісіне жаңа қарқын берді. Бұдан кейінгі қабылданған шешімдер мен қаулылар патшалық Ресейдің казак жерін отарлау саясатының қайта тіріліп, кеңестік заманда жаңа бағытта жүргенін байқатады. Енді Кеңес билігі ірі байлар мен кулактардың, ауқаттылардың дүние мүлкін конфискациялау саясатына көшеді.

Өлке басшысы Ф.Голошекин мен оның жақтастары І.Құрамысов, О.Исаев және т.б. елдегі қалыптасқан жағдайды шешудің жолы ірі казак байларының малдарын және мүліктерін тартып алып, өздерін жер аудару деп ұқты. 1927 жылы желтоқсан айында байларды, олардың мүліктерін тәркілеу туралы заң дайындау үшін арнайы комиссия құрылады. Ал, келесі 1928ж. 27 тамызда «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» және 13 қыркүйекте «Тәркілеуге қарсылық көрсеткені үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту және ірі, жартылай ірі феодалдарды көшіру туралы» деп аталған екі қаулы қабылданды.

Ораз Жандосов казак ауылдарында байлармен күресті тек бейбіт экономикалық әдістер арқылы ғана емес, сонымен бірге саяси күш қолдану әдістері арқылы жүргізуді ұсынды. Оны О.Исаев, А.Мусин сияқты қайраткерлер де қолдады.

Ұлт жанашыры С.Сәдуақасов казак ауылы үстінен дауылдатып өтпей-ақ, тап күресін басқаша жүргізуге міндеттіміз. Бұл бағытта мемлекет қаржысы жетпейтіні белгілі, міне, осы тұста байлар қаржысын неге пайдаланбасқа? Байлардың қаржысы арқылы неге кедейлерге көмек қорын жасамасқа? Ал, осы шараларды дау-жанжалсыз, қиратусыз, салық салу арқылы істеуге болады ғой деген ұсынысы «ұлтшылдық» ретінде айыпталып, оның жақтастары Н.Нұрмаков, С.Сейфуллин, М.Мурзалиев, Ж.Сұлтанбеков және т.б. қуғынға түседі. Оларға тіпті «оңшыл» деп ат қойып, айдар тағады.

Қазан төңкерісінен 11 жыл өткеннен кейін Кеңес билігінің тап жаулары казак байлары мен ауқатты еңбекшілер болып шықты. Енді Кеңес өкіметі казактың байларын жоюға бағытталған «Кіші Қазан» төңкерісін жасау жағидасын іс жүзіне асыруға кірісті. Тап жауы деп ат қойып, айдар таққан байлар, шындап келгенде, казак халқының ауқатты, білімді, саналы тобы, бетке ұстар бөлігі болатын.

Большевиктер жүргізіп жатқан кенестендіру саясатының ойдағыдай болмауының себебін, өкімет казак қоғамының осы бөлігінен, яғни «байларынан», ауқатты тобынан көрді. Сөйтіп, оларды құрту, тап ретінде жоюды мақсат етіп қойды.

Кәмпескелерге тек ірі мал иелері ғана емес, сондай-ақ билікке «ниеті адал емес» орташалар да ілікті, ауылшаруашылығы саласының айтарлықтай бөлігін төлеуге мәжбүр болған ауқатты шаруаларға қатынасты, салық қысымы күшейеді.

Тек 1927-1928жж. шаруашылықтың 4%, барлық салықтың мөлшерінің 33% төледі. Тарих мәліметтері хабарлағандай, кәмпескелеу науқанының ізін ала 1929ж. аяғынан «Қулактар мен байларды тап ретінде жою саясатына көшу» деп аталатын тағы бір науқан ұйымдастырлады. Кенес өкіметінің Қазақстанда жүргізген кенестендіру, тап ретінде байларды жою, жаппай отырықшыландыру мен ұжымдастыру саясаты сол кездегі аласапыран тұста жергілікті халықты күйзелтіп, бей-берекетін шығарды.

Осы жауапты және күрделі мәселені шешуге ұлттық интеллигенцияның ұстанған бағыты, ұлттық мүддені қорғауға бағытталған табиғи әрекеттері «ұлтшылдық» есебінде бағаланды.

4.4. Қазақстан индустрияландыру кезеңінде.

Индустрияландырудың қиындықтары мен ерекшеліктері, оны іске асырудың жолдары мен әдістеріне байланысты талас-тартыстар. Смағұл Сәдуақасов (“Сәдуақасовшылдық”).

Индустрияландыру идеясының іске асуы және оның отаршылдық мазмұны

Қазак өлкесінде халық шаруашылығын қалпына келтіру аяқталғаннан кейін елді индустрияландыру бағыты қолға алынды. Кенестер Одағында социализмді орнату ісі, елді индустрияландыру саясатынан, яғни ірі өнеркәсіп орындарын салудан басталды. Ол социализмді орнатудың тұжырымдамасының (доктринасының) құрамдас бөлігінің біріне жатты. Тұжырымдаманың екінші және үшінші құрамдас бөліктері, ол – ауылшаруашылығын ұжымдастыру және мәдени құрылыс болатын.

1925ж. желтоқсанда шақырылған БК(б)П-ның XIV съезінде елді индустрияландыру бағыты қабылданады. Бұл шешім бойынша жедел қарқынмен аграрлы елді, дамыған өнеркәсіпті елге айналдыру мақсаты қойылды.

Елді индустрияландыру, Қазак өлкесіндегі жер қойнауында жатқан кен байлықтардың мөлшерін анықтаудан басталады. Сол үшін 20-жылдың басынан 30-жылдың басына дейін, өлкеде саны 140-қа жеткен геологиялық-зерттеу экспедициялары жұмыс істеді.

Белгілі мамандардың қатысуымен жүргізілген геологиялық зерттеулер бүкіл Қазак өлкесін қамтыды. Геологиялық зерттеулер теңдесі жоқ жана кен

орындарын ашуға мүмкіндік берді. Бұл, ең алдымен, түсті және кара металдардың, көмір мен мұнайдың барланған қорларына қатысты еді. Қарағандының жеке жатқан ірі кен орны емес, тұтас бір көмірлі аймақ екендігі анықталды. Зерттеудің жасаған тұжырымы бойынша, Қазақстан «Кенес Одағының тұтас металлогенді аймағы» болып табылады.

Орал-Ембі мұнайлы ауданын зерттеген академик И.М.Губкин бұл кен орны елдегі мұнайға аса бай өлкенің бірі деген қорытындыға келеді. Жас инженер-геолог Қ.Сәтбаев Жезқазған ауданындағы мыс-кен орындарын мұқият зерттеп, өнірдің болашағы зор екенін дәлелдеп берді.

Индустриализацияның қарсаңында 1925 жылы Қазақстанда шығатын өнімнің 84,5% ауылшаруашылығына тиісті болды, халықтың 90% ауылда тұрды. Қазак өлкесінде индустрияландыру елдің басқа аймақтарына қарағанда біршама кешірек басталып, уақыты жағынан I бесжылдыққа (1928-1932 жж) тұтас келіп, өлкеде елеулі қиыншылықтармен іске асты.

Қазақстанның индустриялық дамуын тежеген қиындықтардың бірі – 1) оның аумағының геологиялық тұрғыдан аз зерттелуі еді. Кенес өкіметіне дейін жер аумағының 94%-ы мүлдем зерттелмеген еді. Алғашқы бесжылдық жоспар жасалған уақытта сол кен орындарының көпшілігі «ақтаңдақ» деңгейінде қалды, жергілікті жоспарлау органдарының әлсіздігі де бұған себеп болды. Қазак өлкесіндегі индустриялық қиындықтардың тағы біреуі – ол – 2) жаңа өнеркәсіптік және транспорттық құрылыс көп жағдайда тиісті техникалық құжатнамасыз басталды; 3) жаңа құрылыстарды құрылыс материалдарымен ақшалай қаржымен, техникамен, механизмдермен, көлікпен, жұмыс күшімен, ал құрылысшыларды тұрғын үймен, азық-түлікпен, ауыз сумен, санитарлық-емдеу қызметтерімен, т.с.с. қамтамасыз ету мүмкіндіктері жете қарастырылмады.

Қазақстандағы индустрияландырудың сонымен бірге өзіндік ерекшеліктері болды. Ол – 1) ең алдымен, Қазақстанның индустриялық дамуының басқа республикалармен салыстырғанда байқалатын көтеріңкі қарқыны; 2) Қазақстанда жаңа құрылыстардың тақыр жерге салынуы еді; өнеркәсіп орындары, сондай-ақ теміржол құрылыстары елсіз және жартылай елді аймақтарда жүргізілді; 3) аса ірі кәсіпорындар, комбинаттар қалалардың пайда болуына әсер етті, өнеркәсіп ошақтарының орталықтарына айналды; 4) ауыр өнеркәсіп, ең алдымен, оның көмір, мұнай және түсті металдар өндіретін салалары басым дамыды; 5) ауыр өнеркәсіп салаларында тұрғызылған кәсіпорындар одақтық маңызға ие болды, өйткені жеңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарымен қатар, олар одақтық индустрияны шикізатпен қамтамасыз ететін қорға айналды; 6) Республиканың индустриалды дамуында кемшіліктер де, олқылықтар да орын алды.

Республикада мұнайды, газды, түсті металдарды өндейтін, әсіресе, машина жасаудың жетекші салалары – станок, прибор, автомобиль, трактор, ұшақ және ауылшаруашылығы машиналарын жасайтын кәсіпорындар мүлдем болмады. Металл өңдеу жекеленген зауыттардың жөндеу шеберханаларымен және механикалық цехтарымен шектелді. Жеңіл өнеркәсіптің бірсыпыра жетекші салаларының нашар дамуы немесе болмауының салдарынан тұтыну

заттарының көпшілігі (аяқ киім, киім, металл және т.б.) республикадан тыс жерден тасып әкелінді. Сөйтіп, Қазақстанда өнеркәсіптің шикізат шығаратын бір жақты дамуы қалыптасты; Кеңес үкіметі Қазақстанды тек шикізат өндіретін аймаққа айналдырды. Қазақстан басқа республикалар тәрізді дамыды, оның өндіргіш күштері, мәдениеті өсті. Солай болса да жер байлығының мол қорының иесі ретінде сол шығарылған өнімге ие бола алмады. Шикізат орталыққа су тегін кетіп жатты. Машина жасау, дайын өнім шығару саналы түрде ескерілмеді. Сол себепті Қазақстан халқы көп жағдайда тұтынушы болып қала берді. Большевиктердің, Кеңес билігінің мұндай саясаты патшалық Ресей тұсындағы отаршылдық саясаттың тек басқа түске боялған әрекеті болып шықты. Отаршыл саясат салдарынан Қазақстан экономикалық кенжелеп қалды.

7) Қазақстанның кең байтақ аумағында қатынас жолдары жеткіліксіз дамыды. Көлік-арба жолынан (гузевой транспорт) басқа автомобиль жолдары жоқтың қасы болды. Салынып жатқан кәсіпорындарды жұмыс күшімен қамтамасыз ету үшін, жұмысшы қазақтарды оқытуға жұмсалатын қаржыны барынша үнемдеу үшін, билік басындағылар жұмыссыздық қамтыған батыс өңірден оргнабор (ұйымдасқан қабылдау) әдісі арқылы жұмысшыларды алып келуді әдетке айналдырады. 1931-1940 жылдары осы әдіспен жарты миллионнан астам ұлты басқа адамдар (559 мың) жұмысқа шақырылған. Жұмысшылардың қатарын толықтырушылардың тағы бір легі арнайы қоныс аударылып келген, орталық аймақтардан және Сібірден келген конфискацияланған шаруалар болатын. 1931 жылы Қарағанды шахталарына 70 мың арнайы қоныс аударушылар жұмысқа келеді. 1937 жылға дейін олардың саны 360 мың адам болды.

Кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің едәуір бөлігін квалификациясы жок, әбден кедейленген шаруалар құрады. Соның салдары ретінде еңбек өнімділігі, тәртіп шұғыл төмендеп кетеді. Жалқаулық, маскүнемдік өседі, оның үстіне квалификациясы жок еуропалық жұмысшылар мен квалификациясы жок казактар арасында егестік күшейеді. Ұлтаралық қақтығыстар жиі болып тұрды. Мәселен, Риддер зауытында жұмысшы казактарды орыстар тұратын жатақханаға кіргізбеген, квалификациясы бірдей болғанымен, казак жұмысшыларына жалақыны аз төлеген, медициналық көмек жасамаған. Индустрияландыру ісі ауыл еңбекшілерінің өмір сүру деңгейінің төмендеуі есебінде жүргізілді. Олар салық төлеу, заемға жазылу, ақшаларын және қымбат заттарын индустрияландыру қорына өткізу арқылы өнеркәсіптің дамуына белсенді қатынасты.

20-30-жылдардың басында Республиканы индустрияландыру, яғни ірі өнеркәсіп орындарын салу және ұлттық жұмысшы, инженер-техникалық кадрларды даярлау мәселесі төңірегінде талас-тартыстар туындады. Бірнеше көзқарас пайда болды.

1) Біреулер «көшпенділіктен социализмге» өтудің мүмкін еместігін және көшпенділік өмір салтының казак халқының ерекшелігі екендігін, сондықтан да индустрияландырудың «ұлттық табиғи ерекшелікті» бұзатындығын көлденен тартты. Енді біреулер – 2) өнеркәсіпті тықпалау, жұмысшы тапты қалыптастыру «табиғаттан тыс», «Қазақстан үшін мүмкін емес іс», «артта қалған көшпенді халық», «шектен тыс индустрияландырудың қарқынын көтере

алмайды», «казактандыру өндірісті қымбаттатады», «ал казак бәрібір жұмыс істемейді, ол даланы ансайды» сияқты пікірлерді дәлелдеуге тырысты. Үшінші жак – 3) Республиканың Одақ көлемінде дәйекті дамуының қажеттігі, бірақ Қазақстанның ерекше мүдделерімен санасау идеясын жақтады. Олар «шикізат базасы ретіндегі ауыл шаруашылығымен байланысты ұсак өнеркәсіпті ұлғайту мен оның жұмысын жақсарту жөніндегі партия ұстанған бағыт шүбәсіз дұрыс» - деп дәлелдеді. Төртіншілер 4) шет аймақтар шикізат базасы ғана болып қалмауы керек және индустрияландыруды жүргізгенде республиканың ерекшеліктерін ескеру қажет деген пікірді ортаға салды.

Ұсак және орта өнеркәсіптерді, негізінен, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін кәсіпорындарды дамытудың, содан келіп, КСРО-ны индустрияландыру жағдайында республика өнеркәсібінің шикізаттық бағыт-бағдарын қалыптастырудың қажеттілігі мен дұрыстығын БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің және автономия үкіметінің атынан Ф.Голошекин О.Исаев, К.Сарымолдаев, т.б. насихаттады және мұны жүзеге асыруға әрекеттенді. Мәселен, БК(б)П Өлкелік партия ұйымының хатшысы Ф.Голошекин «Большевик Казахстана» журналында (1927, №2) жарияланған мақаласында: Қазақстан үшін «өнеркәсіп саласында негізгісі ірі емес, ұсак және орта буында (жарма жасаушы, жүн жуатын, май шайқайтын кәсіпорындар, жөндеу шеберханалары, т.с.с.), басқаша айтқанда, ауыл шаруашылығымен айналысатын және оны рентабельді ететін істер» деп жазды. VI Бүкілқазақстандық партия конференциясында (1927 жылғы 15-23 қараша) ол: «Мен екі жыл бойы біздің өнеркәсібіміздің басты буыны алып құрылыстар салу емес, жергілікті ұсак және орта өнеркәсіпті дамыту екендігін насихаттап келемін... Ұсак және орта өнеркәсіпті дамыту мәселесінің Қазақстан экономикасын одан әрі жетілдірудегі маңызының күн сайын артып келе жатқандығын біз қазір ескертуіміз керек», - деп ерекше атап өтті.

Көмірдің, мұнайдың, түсті металдардың және басқа да пайдалы қазбалардың аса бай қоры бар екендігіне, сондай-ақ жергілікті мекендерде республиканың аграрлық жағдайына сәйкес жұмыс күштерінің жетіп-артылатынына қарамастан, Ф.Голошекин: «Біздің даму сипатымыз бойынша және КСРО-ның жалпы міндеттеріне сәйкес, жергілікті ерекшеліктеріміз бен міндеттерімізге орай, ҚазақАКСР-і ортақ бесжылдыққа одақтық өнеркәсіптің мал және егін шаруашылығы өнімдерін дайындайтын шикізат базасы ретінде кіруі керек» - деп сендірді. Сонымен бірге Ф.И.Голошекин Қазақстанның маңызын одақтық өнеркәсіпке ықпал ететін шикізат аймағы ретінде көтермеледі. Ол: «Одақтық өнеркәсіп, бәлкім, бізге жүн, ет, мал терісі, т.б. жөнінен тәуелді шығар, бұл біздің бұдан әрі дамуымызға орасан зор маңызы болатын техникалық дақылдарды айтпаған күннің өзінде» - деп атап өтті.

Осы ұстанымдарға сүйене отырып, Ф.И.Голошекин: «ҚазАКСР-і көлеміндегі индустрияландыру дегеніміз – ауыл шаруашылығының бұдан мәдениеттірек түрлеріне, оның тауарлылығын аттыруға, ел ішінде тұтынуға және одақтық өнеркәсіпті қамтамасыз етуге арналған өнім көлемін ұлғайтуға қаржы құю. «Осы кәсіпорындар үшін біз қаржы және күш-қуат» таба аламыз» - деген тұжырым жасады. Ф.И.Голошекин Қазақстанның болашақтағы

индустриялық дамуын ірі зауыттармен және фабрикалармен емес, жарма ұсақтайтын, жүн жуатын, май шайқайтын, жөндеу жұмыстарымен айналысатын, жергілікті өнеркәсіптің басқа да ұсақ және орта кәсіпорындарымен байланыстыру тұрғысынан ғана көреді, - деп қарсыластары оны әділ сынады.

Ф.И. Голощекиннің және БК(б)П Өлкелік комитетінің, Қазақ АКСР-і үкіметінің басқа да басшыларының осы ұстанымын, БК(б)П ОК-нің Ортаазиялық бюросының төрағасы И.А.Зеленский қуаттады. Ол өзінің «Басты бағыт» атты мақаласында («Правда Востока», 1927, 7қазан): «Орта Азия республикаларының міндеті – ең алдымен, біздің капиталистік әлемге тәуелділігімізді азайтатын және әлсірететін шикізат шаруашылығының салаларын дамыту» - деп жазды.

Ірі саяси қызметкер, Қазақстан өнеркәсібін экономикалық мақсатты сара бағытпен дамыту пікірін қолдайтын басты тұлғаның бірі – С.Сәдуақасов VI партконференцияда республика индустриясының шикізаттық бағыт-бағдары туралы пікірдегі Ф.И.Голощекинге қарсы шықты. Ол: «Өнеркәсіп мәселесі – қазақ кедейінің тағдыры, қазақстандық кедей тағдыры ауылмен ғана емес, қаламен де байланысты, өйткені XII съездің өзінде-ақ ұлттық шеткі аймақтарды тек шикізат аудандарына айналдыруға көздеген патшалық үкіметтің қарғыс атқан мұрасынан құтылуымыздың қажеттігі жайлы айтылды» -деп, дәлелді пікірлер айтты. С.Сәдуақасов: «Қай жерде тері болса, сол жерде тері зауыттары, қай жерде жүн болса, сол жерде жүн жуу және шұға фабрикалары салынсын» - деп, республика өнеркәсібін экономикалық сара жолмен дамытуға шақырды.

Ф.И.Голощекиннің Қазақстан тиімді ауыл шаруашылығын дамыта отырып, одақтық өнеркәсіптің шикізаттық базасына айналуға тиіс деген пікірін теріске шығара келіп, С.Сәдуақасов былай дейді: «Өнеркәсіп дамымаса (Қазақстанда), біз ауыл шаруашылығын қалай дамытпақпыз? Ауыл шаруашылығы бізде теміржол, т.б. арқылы дамитын болады, ал оның өзі өз кезегінде өнеркәсіп болып табылады. Бұл мағынада мен индустрияландыру туралы айтып тұрмын, менің индустрияландыру туралы пікірімді осы мағынада түсіну керек».

С.Сәдуақасовтың Қазақстанның өнеркәсібі мен транспортын дамытудың жолдары мен әдістері туралы көзқарастары пікірталас материалы ретінде «Правда» газетіне жолдаған «Ұлттар мен ұлт өкілдері» атты байыпты мақаласында толық көрініс тапты. Бұл мақалада С.Сәдуақасов «өнеркәсіпті шикізат көздеріне жақындату қажет» - деп ерекше атап көрсетті. Өз пікірін дәлелдеу үстінде С.Сәдуақасов Қазақстанда өнеркәсіпті дамыту үшін бірқатар елеулі қиындықтарға қарамастан, барлық жағдайлар бар екендігін көрсетті, оның пікірінше, «шикізат қана емес, жұмыс қолдары мен отын да бар», «Қазақстанның, Өзбекстанның, Түрікменстанның миллиондаған кедейлері болса», сондай-ақ «Қазақстанның көпмиллиардты тас көмір мен мұнай қоры бар», ал байланыс жолдарына келер болсақ, - деп атап өтті ол, - жана «теміржол құрылысы да – индустрияландыру мәселесінің бір бөлігі».

Осындай көзқарастары үшін С.Сәдуақасов Қазақстан компартиясы мен республика үкіметінің тарапынан ғана емес, бүкілодақтық деңгейде де

сынаржак, әділетсіз сынға ұшырады. Оның көзқарастары бұрмаланып, Қазақстанда тұйық шаруашылық құруға, республиканы КСРО-дан бөліп әкетуге ұмтылушылық ретінде бағаланды, ал өзі «ұлтшыл-уклонист» деп жарияланды.

Сәдуақасов «Өлке комитеті хатшысымен «теориялық айтыстың ұлт өкілі үшін үмітсіз іс екенін» мойындай отырып, Голошекин көзқарастарындағы «айқын келенсіздіктерді» көрсетуден тайынбады. «Шаруашылықтың мүддесі жолымдағы жөн-жоба өзі ұсынған топшылауын қолдайтынын» (кәсіпорындарды шикізат көздеріне жақынырақ орналастыру қажеттігі туралы) көрсете отырып, Сәдуақасов: «Голошекин өнеркәсіпті ауыл шаруашылығының артына апарып тіркемекші, сөйтіп, Қазақстанның мәңгі шаруа қамытын киген ел болуын қалайды» деп жазды. Экономикалық тиімді жайттарға сүйене отырып, ол мынадай сауал тастайды: «Голошекин жолдас жүн жуатын жерден неліктен әрі бара алмайды, дұрысы барғысы келмейді? Сол жерде шұға фабрикаларын ұйымдастыру ісі өзінен-өзі сұранып тұр. Жуылған жүнді апарып, одан соң сол жүннен жасалған «мәскеулік» шұғаны қайта әкеліп жүргенше, Қазақстаннан дайын шұғаны бірден алып кету теміржолшылардың өзіне жақсы ғой».

И.А.Зеленскийдің әр республикада тұйық шаруашылық құру («айтуға да күлкілі») жөніндегі сынаржак бағыт бар (ұлтшылдарда деп оқыңыз) деген пікірін теріске шығара келе, С.Сәдуақасов өз қарсыластарына мынадай сұрақ қояды: «Орта Азиядан макта тасымалдау – ол жақсы, ал ол жерден дайын токыма матаны әкетуді тұйық шаруашылық деп атау қандай қағидадан шыққан?» Өз пікірін ол былай тұжырымдайды: «Олай болмайды, Зеленский жолдас! Дәл сол шаруашылық мақсат көзқарасы бойынша өнеркәсіпті шикізат көздеріне жақындату қажет».

Тұтас алғанда, С.Сәдуақасов сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы жағдайын бағамдай отырып, мынадай қорытындыға келеді: «ХІІ партия съезінің шет аймақтарды тек шикізат аудандарына айналдыруға ұмтылған патшалықтың және орыс буржуазиясының саясатын жою» туралы нұсқауы шет аймақтарда, атап айтқанда, Орта Азияда және Қазақстанда жеткіліксіз, немесе дұрысырақ айтсақ, мүлде жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылуда. С.Сәдуақасов бұл жағдайдың басты себебі мынада деп білді: «Орталық органдар өз жұмысында ұлттық мәселе мәнін толық ескермеді. Өнеркәсіпті алдағы уақытта дамыту бесжылдығы шет аймақтар мұқтаждыктары ескерілмей жасалды».

С.Сәдуақасовтың бесжылдық жоспардың «шет аймақтар мұқтаждығы ескерілмей жасалғандығы» туралы тұжырымының әділ екендігін бұл жоспардың Орталықта ғана емес, сонымен бірге Қазақстанда да қалай жасалып, қалай бекітілгені жайлы мәліметтер айқындайды. Бұл туралы республиканың 20-30-жылдардағы индустриялық дамуындағы қиындықтарға байланысты жоғарыда айтылды.

Сонымен, 20-жылдардың екінші жартысында және 30-жылдардың басында Қазақстанды индустрияландыру жолдары туралы болған қызу пікірталаста Ф.И.Голошекин бастаған партиялық-кенестік ұстаным жеңіске

жетті және бұл Қазақстан өнеркәсібінің бүкіл кенестік кезеңде шикізаттың бағыт-бағдарда болатындығын шешіп берді.

Өз елінде өнеркәсіп орындарын салуға қарсы шыққандардың бірі, сол кездегі БК(б)П казак өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Ораз Жандосов, БК(б)П казак өлкелік партия комитетінің мүшесі Ізмұқан Құрамысов, РСФСР экономика кеңесінің мүшесі Сейткали Мендешев және т.б. болды.

І.Құрамысов: ...Смағұлдың айтуынша, (оған «Сәдуақасовшылдық» деген айдар тағады) казак өлкесінде шығатын шикізаттың сол жергілікті жерде өңделуі тиіс. Яғни, ол мұнысымен Қазақстан шикізатын өңдейтін (РСФСР-де орналасқан – Б.Қ.) барлық зауыт-фабрикалардың жабылуы туралы мәселені қоюшы болып табылады» - дейді де, одан әрі: «Сәдуақасов казак өлкесін орталықтан бөліп алып, Ресеймен экономикалық байланысты үзгісі келеді» - деп, оған жала жабуға кірісті.

С.Сәдуақасов «Жуылған жүнді бір алып кетіп, осы жүннен тоқылған «мәскеулік» шұғаны қайта алып келіп жүргеннен гөрі, Қазак өлкесінде дайын шұғаны неге бірден өндірмеске? деп сұрақ қояды да, мақта өсіретін аймақта мақтаны өңдеп, одан киімдер шығаратын зауыт-фабрика салуға, сондай-ақ жергілікті жерлерде тері өңдейтін, азық-түлік өнімдерін шығаратын зауыттар салу идеясын ұсынады.

Өз шикізатын өңдеп шығаратын өндіріс орындары жоқ ел ешуақытта да өзгелерге тәуелді болудан құтыла алмайтынын айтқан С.Сәдуақасовты және де басқа ұлтжанды қайраткерлерді, Кеңес билігінің, большевиктер партиясының жүргізіп отырған сара жолына (шындап келгенде, отарлық саясатына – Б.Қ.) қарсы шыққан ұлтшылдар деп, оларға «оңшыл», «солшыл», «сәдуақасовшылдық», «қожановшылдық» деген айдар тағып, оларды қуғын-сүргінге душар етті.

Индустрияландыру жоспарын іске асыру барысында Түрксиб темір жолын салудың маңызы зор болды. Ол 1927 ж. 3 желтоқсанда екі бағыттан бір мезетте салына бастады. Оңтүстікте Луговая (қазіргі Құлан) станциясынан, ал Шығыста Семейден бастау алған бұл құрылыс Одақ көлеміндегі ең бірінші іске қосылған социалистік индустрияландырудың бірінші объектісі болатын. Бүкіл халықтың бұл ғасыр құрылысына РСФСР-ден, Украинадан, Орта Азиядан келген 100 мыңға жуық адам қатынасады. Түрксиб құрылысына Қазақстан тарапынан үкімет басшысы Н.Нұрмаков, ал РСФСР тарапынан РСФСР Совнаркомының төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов жауапты болды. Түрксибтің бас инженері қызметіне Т.Рысқұлов мамандығы инженер, дарынды тарихшы, қоғам қайраткері М.Тынышпаевты шақырады. Түрксибтің түйісуі Айнабұлақ станциясында 1930ж 28 сәуірде орын алды. Ұзындығы 1442 шақырымға созылған бұл құрылыс белгіленген уақытынан 17 ай бұрын салынып бітеді. Түрксиб әр түрлі мамандық бойынша ұлт жұмысшыларын қалыптастырған ірі мектепке айналды.

Индустрияландыру жылдары Петропавловск – Көкшетау – Ақмола темір жол тораптары салынды. Қазақстаннан шикізаттарды орталыққа шығару үшін

1939ж Акмола – Қарағанды, Илецк – Уральск, Рубцовск – Риддер, ал 1940ж. Жарык – Жезказған, Қандағач – Орск жол тораптары іске қосылды.

Индустриализация жоспарын іске асыру жылдары, казак өлкесінде ірі өнеркәсіп орындары: Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш мыс қорыту және Ащысай полиметалл комбинаттары, республикадағы кен-химия өнеркәсібінің тұңғышы – Ақтөбе химия комбинаты салынды, Шымкент химия-фармацевт зауыты, Арал сульфат комбинаты іске қосылды. Теміртау синтетикалық каучук зауыты, Қарату химия комбинаты, Текелі полиметалл, Жезказған мыс қорыту комбинаттары, Өскемен қорғасын-мырыш зауыттары салына бастады. Көптеген электр станциялары жұмыс істеп, соғыс қарсаңында Ертіс өзенінің бойында Өскемен су электр станциясының және Қарағанды жылу электр станциясының құрылысы жүрді. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары бой көтерді. Олардың ішінде қуаты жағынан кенес Одағында үшінші орын алатын, Семей ет, Гурьев балық консерві, Алматы жеміс консерві комбинаттары, Жамбыл, Мерке, Талдықорған қант зауыттары іске қосылды.

Индустриализация өзінің жемісін береді, Қазақстанның шаруашылығында өнеркәсіп үстем салаға айналады. 1939ж. оның үлесі – 58,9% құрады. Кейбір селолар қалаға айналады: Қарағанды, Балқаш, Риддер, Аралыск және т.б. Қалалардың саны 1926 жылмен салыстырғанда, екі есеге өсті (81 қала). Қала тұрғындарының үлесі 8,25%-дан 27,72%-ға өсті.

Индустриаландыруды іске асыру барысында жұмысшы табы, әсіресе, оның ұлттық кадрлары, инженер-техникалық интеллигенция қалыптасты. Ең бастысы, Қазақ өлкесі таза аграрлық елден индустрияльды-аграрлық елге айналды. Сонымен қатар, өлкеде өнеркәсіп өнімдерін шығаратын ірі зауыт-фабрикалар салынбады. Патшалық Ресей кезіндегідей, орталықтағы өндіріс орындарын шикізатпен қамтамасыз ететін шет аймақ болып қала берді.

4.5. Қазақстанның ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: кезеңдері, әдістері, қарқыны. Ұжымдастыру жылдарындағы Кеңес билігіне қарсы көтерілістер

Индустриаландыру жоспарын іске асыру жылдары, таза аграрлық ел – Қазақстан, индустриалды-аграрлық республикаға айналды. Ондаған ірі өнеркәсіп орындары – зауыттар, фабрикалар, шахталар, рудниктер, цехтар ашылады. Жаңа техникамен жабдықталған, мындаған маман жұмысшылары, инженер-техниктері бар өнеркәсіп ошақтары жұмыс істей бастады.

Дамыған өнеркәсіп пен артта қалған ауылшаруашылығы арасында қауіпті үйлеспеушілік қалыптасты. Оның социалистік даму жолына қатерлі әсерін тигізуі әбден мүмкін еді. Сондай-ақ қала тұрғындарын, жұмысшыларды, жалпы кенес халқын нан мен қажетті шикізатпен қамтамасыз ету мәселелері, ауылшаруашылығын дамытуға көңіл бөлуді күн тәртібіне қояды.

Осы мақсатпен партияның XV съезі шақырылады (1927ж 2-19 желтоқсан). Съезд ауылшаруашылығын ұжымдастыруды барынша өрістетуді,

жана техникамен жабдыкталған ірі социалистік ауылшаруашылығы өндірісіне көшу туралы шешім қабылдайды. Сонымен бірге, съезд жергілікті органдардан шаруалар шаруашылығын ұжымдастыруда еріктілік принципті қатан сақтауды елдің әр түрлі аудандарының әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктерін және басқа да жағдайларын жан-жақты есепке ала отырып, жүзеге асыруды қатал талап етті.

Бірақ та экономикалық және саяси ахуалдағы өзгерістер еске алынбады. Шешім осыған дейінгі екі жылға созылған дағдарыссыз өткен, біршама жоспарланған, дамудың мүмкіндіктеріне байланысты жасалған болатын. 1927-1928жж. қыс айында кенеттен болған астық дайындау дағдарысы Кеңес басшылары күтпеген жағдай болды. Ол белгіленген жоспарларды шатастырып жібереді, саясатта маңызды өзгеріс жасауға және жана экономикалық саясатты (ЖЭС) жылдам қысқартуға ықпал жасады.

Астық дайындау дағдарысы жағдайында Н.Бухарин астық конъюктурасына экономикалық тұрғыда ықпал еткеннен гөрі оны шет елден сатып алып, «астық интервенциясын» жүзеге асыруға болады деп есептеді. Бірақ Сталин: «Одан да кулактарға қысым жасаған жөн және өнекәсібімізді дамытуға қажетті жабдық әкелу үшін қалдырған валютамызды жұмсағанша, кулактардың артық астығын тартып алу керек» деген өзінің ұстанымын айтады.

Астықты өлкелерге астық дайындау науқанына тікелей басшылық жасау үшін Саяси Бюро мүшелері Молотов, Каганович, Микоян, Андреев, Косиор, Шверник жіберіледі. Қазақстанда бұл науқанды өткізу Голошекинге сеніп тапсырылады. Ол казак ауылдарына «Кіші Қазан» төңкерісін іске асыруды ойластырады. Партия «белсенділерінің» қолдауымен ауылдық жерлерге қалалардан 30 мыңнан астам коммунист белсенділерден тұратын әр түрлі ұжымдар мен жұмысшы отрядтар жіберіледі. Оларға «үштіктер» сияқты ұйымдарды құруға «таптық күресті күшейту» жүктеледі.

И.В.Сталиннің өзі 1928ж. 3 ақпанда Омскіде губерния және округ комитеттерімен болған кездесуде, оған Голошекин де қатысады, астықты жасырған, мемлекеттік баға бойынша астық тапсырудан бас тартқандарға және алыпсатарларға қатаң жаза қолданылатынын жария қылады. Ол өте қуатты насихат құралының көмегімен идеологиялық тұрғыда қамтамасыз етілді. «Кулак пен байды қатал қыспаққа алайық!», «Астықты жасырғандар үшін – өлім!» және т.б. ұрандар айда болды. Азық-түлікті дайындау науқаны кезінде заңсыздықтарға жол берілді. Халықтың тұқымға қалдырған аз ғана астығын да тартып алған оқиғалар да жиі кездесті.

Ақылға сыймайтын жәйттерге де жол берілді, ол тіпті егін екпейтін, таза мал өсіретін аудандарға да қолданылды. Қарсылық жасаған казактарға қой орнына шошқа тапсыруды бұйырған әпербакандар да болды. Дайындаушы уәкілдердің заңсыздығының шегі болмады.

Азық-түлік дайындау науқаны барысында Қазақстанда ауыл еңбеккерлеріне қарсы кен ауқымды қуғын-сүргін шаралары жүргізілді. Деректер хабарлағандай, осы кезеңде 56.498 ауыл тұрғындары әкімшілік-қылмыстық жауапкершілікке тартылыпты, оның 34.121-і атылыпты.

Индустриаландыру үшін қаражат жинау мақсатында мемлекет 20-жылдардың екінші жартысынан бастап салық көлемін күрт өсіреді. 1926-1927

жылдары Қазақстан бойынша ауылшаруашылығының сомасы 1925-1926ж. салыстырғанда 87% ұлғайтылады.

Азық-түлікті дайындаудың күштеп жүргізілуі және салық ауыртпалығының күрт артуы халық шаруашылығын тұқыртуға әкеп соқтырды, казактардың шет аймаққа, соның ішінде Қытайға жаппай көшуіне мәжбүр етті.

Азық-түлік дағдарысы кезінде, 1928ж. қаңтарда И.В.Сталин астық дайындауды тұрақтандырудың басқа да шараларын, колхоздар мен совхоздарды құруды өрістетіп, деревняда социалистік қайта құру процесін Кеңес билігінің шаруашылық және саяси тірек пункттерімен байланыстыруды ұсынады. Сталин мен оның жақтастары колхоздардан жаңа ахуалға сәйкес келетін және қаржыны қайта бөліске салуға мүмкіндік беріп, болашақта экономикалық және саяси күйзелісті болдырмайтын, ауылдағы әлеуметтік-экономикалық құрылымның түйінін көреді.

Сонымен бірге халықаралық жағдай шиеленісе түседі. Кезекті астық дағдарысы туындайды, маневр жасауға уақыт та жетіспейді. Осындай жағдайда ауылшаруашылығын жылдам қарқынмен ұжымдастыруды іске асыруды жақтаған Сталин мен оның жақтастарының идеясы басшылыққа алынады.

Астық жинау және астық дайындау дағдарысы көптеген шаруаларды қамтитын ұжымдастыруды жеделдету саясатына көшуді талап етті. 1929ж. бастап күш көрсетумен және зорлықпен жүзеге асырылған жаппай ұжымдастыру басталады.

Ұжымдастыру, шын мәнінде, бай-кулақтарды тәркілеуден басталды. 1928ж 27 тамызда жарияланған, аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу және жер аудару туралы Декретте, бай феодалдар өздерінің мүліктік және қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге кедергі жасайды деген ұстаным негізге алынып, 657 бай жер аударылады, 145 мың тәркіленіп, олардың мүліктері, малдары 877 колхозға, 24,491 жеке шаруашылыққа берілді.

Тәркіленуге тиіс кулақтар мен байлардың шаруашылықтары үш категорияға бөлінді: біріншісіне, Қазақстаннан тыс жерлерге көшірілуге тиіс кулақтар мен байлар жатты, екінші категорияға қазір тұратын елді мекендерінен тыс жерге, ал үшіншісіне – осы ауданның шегінде қоныс аударуға тиіс кулақтар мен байлар жатты.

Зан бойынша малы, дүние-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылуға тиісті ірі байларға: көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400-ден астам малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам малы бар, отырықшы аудандарда 150-ден астам малы бар байлар және бұрынғы сұлтандар мен хандардың ұрпақтары және болыстар, билер жатқызылды.

Ақсүйектерді, текті тұқымнан шыққан ауқатты, көзі ашық, қазақтың сыйлы ағаларын ата қонысынан, елді мекендерінен жер аудару да іске асырылды.

Қазақ байларын тәркілеу нәтижесінде, ауылда орташа шаруалар басты күшке айналады, бірақ та олар әлі де болса, қажетті товарлы астықпен ел мұқтажын қанағаттандыра алмайтын еді.

1930ж. 5 қаңтарда БКП(б)-ның ОК-і «Ұжымдастыру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмек шаралары туралы» қаулы қабылданды. Қаулыда колхоз құрылысы саласындағы жүргізілетін іс-шаралар белгіленді.

Жаппай ұжымдастыруды жүзеге асыру қарқыны бойынша елдің аудандарын үш топқа бөлді. Бірінші топқа ұжымдастыру ісіне белгілі мөлшерде дайын деп есептелген таза астықты аудандар жатқызылды. Олар: Орта және Төменгі Еділ, Солтүстік Кавказ аудандары еді. Ол аудандарда шаруа қожалықтарын социалистік жолмен қайта құруды 1931ж. көктемінде аяқтау белгіленді. Келесі екінші топқа басқа да астықты аудандар: Украина, Орталық қара топырақты облыстар. Сібір, Орал, Қазақстанның астықты аудандары жатты. Оларды ұжымдастыру мерзімі бір жылға ұзартылды, яғни шаруа қожалықтарын ұжымдастыруды 1932 жылдың көктемінде аяқтау көзделді. Басқа өлкелерде, облыстарда және ұлттық республикаларда ұжымдастыру 1933ж. аяқталуға тиіс болып жоспарланды. Көшпелі казак ауылдары осы үшінші топқа жатқызылды.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру идеясы әуел бастан-ақ мейлінше қатаң жаппай қуғындау мен террорға негізделді. Колхозға кіргісі келмеген кедейлер мен орташа шаруалар Қазақ өлкесінен тыс жерлерге жер аударумен қорқытылды, олар «қулақтар» қатарына жатқызылды. Кейбір аудандардың селоларында қара байқот жарияланып, онда терезелерге тактай қағылып тасталды, пеш, от жағуға рұқсат етілмеді. Тұтас деревняларға да байқот жарияланған жағдайлар кездесті.

Ақтөбе және Павлодар округтерінде кедейлерді ұрып-соғу, оларды суық су құйып азаптау, қыс кезінде суық камбарлар мен қоймаларға қамап қою әдетке айналды.

Әкімшілік қысымның нәтижесінде колхоздардың құрылуынан қарқыны өсе бастайды, көбінесе, қокан-локкы, жергілікті атқамінерлердің қорқыту әдістері қолданылды. Қазақ өлкесінде ұжымдастыру қазақтардың ерекшеліктерін ескерместен, күш көрсету саясатымен жүргізілді. Шолақ белсенділердің «ерен» еңбектері нәтижесінде «жалған колхоздардың» саны өсе бастайды. Абыралы ауданында – 70%, Жымпиты ауданында – 60%, Жәнібек ауданында – 93% шаруашылық ұйымдастырылды.

1928ж. Қазақстанда ұжымдастырылған шаруашылықтар 2% құрса, 1930ж. 1 сәуірде бұл көрсеткіш 50,5%-ға, 1931ж. қазанда 65%-ға жетті. Кейбір қазақтар тұратын облыстарда мұндай «екпінді» көрсеткіш бұдан да асып кетті. Мәселен. Орал, Петропавл округтерінде қазақтардың жеке шаруа қожалықтарын ұжымдастыру 70%-ға жетті. 1931ж. күзінде Республиканың 122 ауданының 78-інде ұжымдастыру 70-100%-ға орындалды. Қатал күш қолдану әдісімен жүргізілген ұжымдастыру саясатын қолдамаған ауыл еңбеккерлерін заңсыз тұтқындау, сайлау құқығынан айыру, басқа елді мекендерге жер аудару, тіпті ату жазалары қолданылды.

1929 жыл мен 1933 жыл аралығында Қазақ өлкесі жөніндегі біріккен мемлекеттік саяси басқарма уәкілетті өкілінің (ПП ОГПУ – төрағасы Волленберг) үштігі, толық емес деректер бойынша, 9805 іс қарап, 22933 адам жөнінде шешім қабылдаған, олардың ішінде 3386 адамға ең ауыр жаза – атуға.

1351 адамға 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге концентрациялық лагерьлерге қамау жөнінде үкім шығарылған. Әлеуметтік құрамы бойынша олар: байлар мен кулактар – 4832, орташалар – 1509, кедейлер – 505, дін өкілдері – 181, әлеуметтік зиянды элемент (зиялылар) дейтіндер – 242.

Тек, 1933ж. өлкеде ОГПУ уәкілетті өкілдері 21 мыннан астам адамды қамауға алды. Үштіктің хаттамалары Қазақ өлкелік партия комитетінің жабық мәселелерінде каралып, оларға хатшылардың бірі Ф.Голошекин, І.Құрамысов, ал 1930ж. 9 наурыздан бастап БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің өкілі Г.Рошаль қол қойып отырды.

Тұтас әулеттер мен рулар жазаға тартылды. Оларды отырғызу үшін Ақмола, Қарағанды округтерінде мерзімсіз және тегін пайдалануға лагерьлер ұйымдастыру үшін 110 000 га жер алқабы бөлінді. Голошекин мен оның төнірегіндегі мемлекет қайраткерлерінің тырысуымен, қазақ ауылын ұжымдастыруды уақытынан бұрын аяқтау үшін күрес басталды. Оның күшеюіне Қазан революциясының 12 жылдық мерекесіне орай «Правда» газетінде жарияланған И.В. Сталиннің «Ұлы бетбұрыс жылы» деген мақаласы түрткі болды.

Ұжымдастыруды жүзеге асыру барысында еріктілік принциптері сақталынбады. Күштеу, зорлық-зомбылық көрсету арқылы ұжымдастыру шаралары тездетілді. Ұжымдастыру мен отырықшылықты жаппай жүргізу үшін 8 мың жұмысшы және 1204 «жиырма бес мыңшылықтар» жіберілді. 1931-1932жж. Шұбартау ауданында барлық малдың 80%-ы мемлекетке етке өткізілді. 173 мың малы бар Балқаш ауданында 247 мың малға салғырт салығы салынды. Торғай ауданында 1 млн мал басынан салғырт салығының салдарынан небәрі 98 мың ғана мал басы қалады. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», «Қайдан тапсаң, онан тап, қаптың түбін қак» деген ұрда-жық ұрандар ұжымдастыру ісінің көрінісі болып табылады. Жергілікті жерде партияның колхоз құрылысы жөніндегі бірқатар нұсқаулары өрескел бұзылып, саракы асыра сілтеушілікке жол берілуі, негізінен, мал басының кеміп кетуіне және қазақтардың қоныстарынан ауа көшуіне әкеп соқты.

Мұндай асыра сілтеушіліктерге себеп болған негізгі жайттар: ұжымдастыру мен малды қоғамдастыруға жоғарығы процент қушылық, жерді бірлесіп өңдеу серіктестерін жойып, мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандарда барлық жерде бірдей артельдер, тіпті коммуналар ұйымдастыруға, шамадан тыс алып колхоздар ұйымдастыруға әуестенушілік (Келес ауданында 142 колхоз 35 колхозға, Арыс ауданында 138 колхоз 67 колхозға біріктірілген, т.с.с.), 300-400 үйді зорлықпен бір жерге жинап, қалашық жасау (Талас ауданы), қазақ колхоздарын орыс колхоздарына күшпен қосу (Мерке және басқа аудандарда), колхоз-совхоз комбинаттарын құру (Қобда ауданында №48 колхоз бұған мысал бола алады), бірқатар аудандарда заңдылықтардың жаппай бұзылуы (ұрып-соғу, қамауға алу, біреудің мүлкін тартып алып, иемденіп кету, т.б.), колхозшылардың тапсырған шикізатына ақы төлемеу (Шұбартау ауданында) және т.б. болды.

И.В.Сталиннің (1930ж. 2 наурызда) «Табыстан бас айналу» мақаласы жарияланғаннан кейін, асыра сілтеушіліктерді жою жұмыстарын жүзеге

асыруға әрекет жасалынады. Бірақ та, жергілікті органдар негізінен бұрынғы бағытын 1932ж. жалғастыра берді.

Асыра сілтеушіліктің, көз бояушылықтың бір көрінісі: егін екпейтін шаруашылықтардан астық дайындауды талап еткен кезде, казактар амалсыздан, жоспарды орындау мақсатында, малды астыққа айырбастауға мәжбүр болған. Ал бірқатар жерлерде мемлекетке жүн дайындағанда, қойды қылшылдаған қыста қыркуға жұртты мәжбүр еткен. Бұл сорақылық малдың қырылуына әкеп отырған.

Егіншілікке келсек, казактардың егістік жерлері көбінесе қуаншылық пен құнарлылығы жағынан нашар аймақтарда ораласқан, бұрын егіншілікке дағдыланбаған көптеген казактар бұл істі жана қолға алып отырғандықтан, астық дайындау жоспарын үнемі орындады деп айтуға сену қиын.

Ұжымдастыруды жүзеге асырудағы қателіктер мен асыра сілтеушілік социализмді құру ісіне қатты қауіп төндіріп, колхоз қозғалысын дамытуға кедергі келтіріп, жұмысшы табы мен шаруалардың, қала мен ауыл арасындағы байланысты әлсіретуі әбден мүмкін еді.

Жіберілген қателікті түзету мақсатында, большевиктер партиясының ОК-і 1930ж. 20 наурызда «Колхоз қозғалысындағы партия бағытын бұрмалаушылықпен күрес туралы» қаулысында ұжымдастыру ісінде жіберілген қателіктер мен асыра сілтеушіліктер батыл айыпталады және оларды тезірек түзету шаралары қабылданады.

1932ж. Қазақстанның отырықшы және көшпелі аудандарында ұжымдастыру негізінен аяқталады.

Ұжымдастыру саясатына қарсы халық көтерілістері

Қазақстанда жаппай ұжымдастыру процесі кемшіліксіз өтті деп айтуға әсте болмайды. Көптеген аймақтарда казак еңбекшілері жергілікті билік пен шолак белсенділердің, атқамнерлердің халықтың өмір сүруінің жалғыз қайнар көзі – малдарын күш көрсетіп тартып алған іс-әрекетіне наразылық білдірді.

Кенес билігінің жүргізіп отырған саясатына қарсылық 1928ж. байлардың мал-мүлкін тәркілеу кезінде басталып, жаппай ұжымдастыру кампаниясының басталуына байланысты нағыз көтерілістерге ауысады.

Асыра сілтеулер мен малдың азаюы, осыған байланысты аштықтың басталуы казак халқының абыржуын, толқуын туғызады. Мұны Кеңес билігіне қарсы ұлт мүддесін көздеген адамдар кенінен әрі шебер пайдаланды. Билік басындағылардың ойынша, олар 1930-1930жж. Алтайдан Маңғыстауға дейінгі аймақта едәуір ірі-ірі «контрреволюциялық» бас көтерулерді ұйымдастырған. Жалпы казак халқы қозғаушы күші болған көтерілістер, толқулар байлардың, ұлтшылдардың қарсы шабуылы деп қана бағаланып, бұқара халықтың көтерілістерге қатысуының себебі не екеніне мән берілмеді, оны анықтауға талпыныс жасылмады.

1929-1931жж. Казак өлкесінде 372 ауыл тұрғындарының бас көтеруі орын алды. Оның 54-і 1929ж., 241-і 1930ж, ал 77-і 1931ж. болды.

1929ж. ауыл еңбеккерлерінің наразылықтарының ең алғашқысы, сол кездегі Казак өлкесінің құрамындағы Қарақалпақстандағы Тактакөпірде болды. 27 қыркүйектегі 300 адамдай қатынасқан казактардың көтерілісі бас-аяғы

бірнеше сағатқа созылды. Көтеріліске қатынасқан 32 адам ату жазасына кесіліп, 27 адам әр түрлі мерзімге концлагерьге айдалады, тағы 25 адам 3 жылға жер аударылады.

Сырдария округіндегі Бостандық ауданында наразылық 1929 ж. 29 қыркүйекте басталып, бірнеше күнге созылады. Басмашылардың қозғалысының көрінісі деп бағаланған Ботақарадағы көтеріліс сол жылы 1 қарашада басталып, жарты айға созылды. Көтеріліске 530 адам қатынасады. ОГПУ үштігі 115 адамды ату жазасына, 170 адамды 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімде еңбекпен түзету лагеріне, 28 адамды елден тыс жерлерге 3 жыл мерзімге айдап жібереді.

Әйгілі Созак көтерілісі 1930ж. 7 ақпанда басталады. Ол табандылығымен және шебер ұйымдастырылуымен ерекшеленді. Тәркілеу мен астық, ет, мақта және т.б. ауылшаруашылығы өнімдерін дайындау нақандарының зорлық-зомбылықтарына наразы халық 6 ақпанда аудан орталығында қамалған «бай» туыстарын босатып алуды қажет деп тапқан. ОГПУ мәліметтерінде көтеріліске 2 мың адамның қатынасканы туралы айтылған. 7 ақпанда Шолаков Сұлтанбек бастаған наразы халық аудан орталығы Созакқа кіріп, ондағы тұтқындағы адамдарды босатып, партия, кеңес қызметкерлерін азаптап, өлтірген. Қарулы қатығыста көтерілісшілер жағынан 80 адам қаза тауып, жазалаушылар жағынан 7 адам шығын болған.

Жазалаушылар тарапынан Созакқа шешуші шабуыл 16 ақпанда басталып, ұрыс 4 сағатқа созылған. Осы шайқаста көтерілісшілерден 300 адам өліп, 200 адам тұтқындалған. Жазалаушылардан 2 адам ғана жараланды. Көтеріліс басшысы Сұлтанбек Шолаков шайқаста қаза табады.

Көтерілісшілердің 88-і атылады. 152 адам 3 жылдан 10 жылға еңбекпен түзету лагеріне айдалады. 21 адам 3 жылға Сібірге, тағы 10 адам осы мерзімге республиканың өз ішіне жер аударылады.

Бұрғыздағы көтеріліс 1930ж. 25 ақпанда басталады. Көтерілісшілер Қанаев Ақжаркынды хан сайлайды. Саратов қаласынан подполковник Евсеев басқарған 8-атты әскер дивизиясының бөлімдері Орынбор арқылы келіп, тачанкамен, пулеметтермен, аэропандармен жабдықталған, қаруланған жазалаушылар ең далада көтерілісшілерді қуалай атып, қанға бөктіреді.

Шешуші шайқас 1930ж. Құлқамыс деген жерде болып, онда көтеріліс басшысы хан Қанаев Ақжаркын және оның 25 серігі мерт болады. 42 адам ату жазасына келісіп, 262 адам әр түрлі мерзімге сотталады, жер аударылады.

Қарақұмдағы қарулы қарсылық. Күштеу саясатынан қашқан қазақ жігіттері Арал теңізінің солтүстік-шығысында орналасқан Қарақұмға барып бас сауғалайды. Нақтырақ айтқанда, көтерілісшілер Қызылорда облысының Қармақшы, Теренөзек аудандарынан, Ақтөбе облысының Жетіғара, Торғай аудандарынан және Жезқазған аудандарынан жиналған еді.

Көтерілісшілердің үлкен бір тобын дін басы Байымбетов Жұмағазы басқарды. Оны көтерілісшілер хан етіп тағайындайды. Тұздақ Қараүңгір деп аталатын жерде саны 2 мыңнан астам көтерілісшілердің тағы бір тобы шоғырланған еді.

Ф.Голошекиннің тапсырмасымен төрағасы Әліби Жангельдин, хатшысы Ғабит Мүсірепов, ал мүшелері С.Сейфуллин және т.б. болған мемлекеттік комиссия Қарақұмдағы көтерілісшілерге келіп, 3 маусымда келіссөз жүргізеді. Көтерілісшілер зорлық-зомбылыққа жол бермеуді, 1928ж. заңсыз тәркіленген мал-мүліктерін қайтаруды, өздерін тұтқыннан, айдаудан босатуды, еріксіз ұжымдастыруды, үдемелі салықтар салуды, колхозға зорлап кіргізуді тоқтатуды, сондай-ақ дінге бостандық беруді және дін басқармасын ұйымдастыруға мүмкіндік беруді, мешіттерді қайтаруды талап етіп, өздерінің арыздарын комиссияға тапсырады.

Көтерілісшілер қаруларын тастаған соң, Ф.Голошекиннің бұйыруымен олардың басшыларын тұтқындай бастайды. Бұған наразы болған табын, қыпшақ, алтын, шөмекей руларының өкілдері жиналып, алтын руының өкілі Жубанов Көпжанды хан етіп сайлайды.

Көтерілісшілердің жазалаушы отрядтармен шешуші шайқасы 1930ж. 8 желтоқсанда Көжебай сайында болады. Көтерілісшілер жеңіліс табады. Ерекше үштіктің шешімімен 175 адам ату жазасына кесілді, 172 адам түзету лагерьлеріне жіберілді.

Халық наразылығының ірі ошақтары Жетісуда (Сарқанд көтерілісі), Семей округінде Зырянов, Өскемен, Самар, Шемонайха, Катонқарағай аудандарында, Балқашта, Сарысуда, Манғыстауда, Қастекте, Қордайда, Шыңғыстауда, Шұбартауда орналасты.

Қазақтардың ұжымдастыру саясатына қарсы ұйымдасқан немесе стихиялы түрде басталған қарулы қозғалыстарын, көтерілістерін кенесбилігі «контрреволюциялық қазақ орталығы» дегенмен байланыстырады. Мәселен, өлкелік партия комитетінің хатшысы І.Құрамысов «Советская степь» газетінде, қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық астыртын ұйымы кенес үкіметін құлатуды және буржуазиялық демократиялық автономияны қалпына келтіруді өзінің мақсаты етіп қойған. Сондай-ақ, оларды пантюркизмнің белгілі идеологы және Орта Азиядағы басмашылардың идеялық жетекшісі Заки Валиди басқаратын «Тәуелсіз Қазақстан» контрреволюциялық ұйымымен байланыстырады. І.Құрамысов ақиқатқа қарсы шығып отыр, Башқұрт халқының ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Ахмед Заки Валиди, Орта Азиядағы басмашылар қозғалысына қатысып, 1923ж. ақпан айында шет елге кетіп қалған. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Д.Әділов, Х.Ғаббасов, Е.Омаров және т.б. ұлтшылдар- контрреволюционерлер ретінде сипатталады.

1931ж.Голошекин И.В.Сталинге жазған хатында: «Соңғы екі жылда ірі бандалардың 34 мың адам қатысқан 15 бас көтеру орын алды. Осы екі жылда 1350 контрреволюциялық топтар жойылды және оған қатынасқан 7,5 мың кісі қолға түсті», - деген мәлімет береді. 1929-1931жж. небәрі 5551 адам жауапқа тартылып, оның 883-і ату жазасына кесіледі. Жалпы алғанда, 100 мыңнан астам адам жазаланды.

1929-1931 жж. көтерілістерге сипаттама бергенде назар аударатын елеулі нәрсе – кейбір көтерілістерде көтерілісшілердің хан билігін сайлауы, мұсылман дінінің дәстүр-салттарын қорғауы. Осындай әрекеттер, әсіресе, Созақтағы,

Ырғыздағы, Қарақұмдағы, Адайдағы, Сыр бойындағы Акмырза ишан бастаған және Батпаққарадағы көтерілістерден айқын байқалады.

Халық көтерілісіне қысқаша қорытынды жасасақ, бұл көтерілістің басшылары, жетекші күші – ел арасында абыройлы, айтқанда сөзі өтетін жігіт ағалары және халыққа ықпалды дін басылары болды. Ұлт зиялыларын, Алаш қозғалысының көшбасшыларын осы көтерілістің қарсаңында ғана Кеңес билігі біржолата талқандап, күйретіп жіберген еді. Көбісі елден аластатылып немесе қуғын-сүргінге душар болған еді.

4.6. Қолдан жасалынған аштықтың III кезеңі (1931-1933жж.)

Большевиктер жүргізген күштеп ұжымдастыру қазақ ауылына үлкен соққы болды. Көшпелі қазақтарды отырықшылыққа көшіру, ұжымдастырумен қатар жүргізілді. Негізінде, тек мал шаруашылығымен ғана шұғылданған қазақтардың ашығуына, олардың малын ортақтастыру, қоғамдастыру, колхоздарға біріктіру түрткі болды деп айтуға болады.

О.Исаев И.В.Сталинге жазған хатында қазақтардың ашығу себебін былай деп түсіндіреді: «Мұның бәрі негізінен жергілікті жерде, аудандарда (1932 ж. 20 ақпанға дейін қазақ өлкесі аудандық бөліністе болған – Б.Қ.) жасалды, ал Өлкелік партия комитеті осы бұрмалауларды жеткілікті түрде бағыл түзетіп отырмады. Қазақтар шолақ белсенділермен, атқамінерлердің үгіттеуімен тайлы-тұяғы қалмай колхоздарға кіре бастады».

Ортақтастырылған малдың негізгі көпшілігі, қазіргі тілмен айтқанда, материалды-техникалық базасы болмағандықтан, яғни қора-қопсылар мен жем-шөптің жетіспеушілігінен, сондай-ақ көшпелі қазақтарды ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіруді жылдамдату әдісі қазақтардың өз малдарын жаппай қырып-жоюға әкеп соғады. Соның нәтижесінде мал санының азаюы апатты сипат алады. Сонымен қатар, астық жинаушы отрядтардың күш көрсетіп, азық-түлік пен малды жинап алып кетуі қазақ өлкесіндегі жағдайды ушықтырып жібергенін айтуымыз керек.

Егер де малдың қырылуы бір ауданды ғана қамтыса, оны ұжымдастырудың «асыра сілтеушілігінен» болды деп түсіндіруге болар еді. Бірақ та малдың қырылуы барлық қазақтар тұратын аудандарды қамтыды. Бұл Қазақ өлкесіндегі қазақтардың өмір сүруінің қайнар көзі – мал шаруашылығын мақсатты түрде жоюды көздегенін, сөйтіп, кеңес билігінің ауылда жаппай аштықты жасанды түрде ұйымдастырғанынан байқаймыз. Мал шаруашылығы күйзеліске ұшырап, 1931-1933жж. Қазақ өлкесін аштық жайлады. 1932ж. ақпанда колхозшы қожалықтарының 87%, жекешелердің 51,8% малдан түгел айырылды. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақ өлкесінде 40,5 млн мал басы болса, 1933ж. 1 қаңтарында одан тек 4,5 млн мал басы қалды. Көшпелі қазақтарды, марксистік көзқарас тұрғысынан бәрібір құрып кетуге тиіс, отырықшы өмірге бейімделмеген халық деп есептеген билік басындағы большевиктерге, қасиетті қазақ даласына уақытында патша үкіметі жүргізген орыстандыру саясатын жалғастырып, қазақтардың құнарлы, шұрайлы, сулы-

орманды жерлеріне орыс мұжықтарын (қоныс аударушыларды) орналастыру үшін қажет болды. Осы сұрқия ойларын іске асыру үшін, Орталықтың рұқсатымен, Ф.Голошекин казактардың негізгі кәсібі және бірден-бір табыс көзі болып саналатын мал шаруашылығын құртуды және казактарды толыққанды халық ретінде қыруды жоспарлайды.

Малынан айырылған казактар ашығып, азып-тозып кетеді, қырылады. Большевиктер партиясының тілегені де осы еді.

Осы мақсатқа жету үшін И.В.Сталиннің Қазақ өлкесіне жіберген өкілі Ф.Голошекин «Кіші Қазан» революциясын іске асырып, ауылды «кенестендіру» ұранымен ауылда тап күресін шиеленістіру бағытын тандап алады. Ен алдымен, ол «байлар» деп айдар таққан казак қоғамының белгілі бір тобына – аксүйектерге, бай-болыстарға күш көрсетіп, оларды тап жаулары ретінде жоюды мақсат етіп, олардың мал-мүлкін тартып алып, өздерін жер аударуды бастайды.

Сонғы кездерде 1931-1933жж. аштыққа сипаттама бергенде, оның кеңес билігі тұрғысынан қолдан жасалғаны туралы айтылатынынан хабардармыз. Шынымен де, өлке басшыларының казак ауылында жүргізген саясаты осындай қорытынды жасауға итермелейді.

Кеңес билігінің, большевиктер партиясының астық жинау және ет өткізу жоспарын шамадан асыра белгілеуі, оны іске асыруда тікелей озбырлық жасауы, бас көтертпейтін азық-түлік салықтарын салуы, казактарды жаппай күш көрсетіп, отырықшылыққа мәжбүрлеуі, көшпелі аудандардағы казактардың соңғы малдарын тартып алуы, жартылай шөлейт мал шаруашылығы аудандарын әкімшілік-әміршіл жолмен «егіншілік аудандарына айналдыруы», казактардың өз малын өзі қыруға итермелеуі, колхозға өз еркімен кіру принципін өрескел бұзылуы, ұжымдастыру идеясының бұрмалануы, күштеп ұжымдастыру саясаты, барлық малды иесінің келісімінсіз, ықтиярсыз қоғамдастыру, ұжымдастыруға тек байлар мен ұлтшылдар ғана қарсы деген ойды сендіру әрекеті, ауылды 100% ұжымдастыру рухының өлкелік партия комитетінің өзін билеп алғаны, оның асыра сілтеулерді түзету жөніндегі дұрыс шешімдерінің қағаз жүзінде қалып отыруы едәуір дәрежеде өлкелік партия ұйымы мен оның басшылары жіберген қателіктері мен кемшіліктерге байланысты екені біздің ойымызға дәлел болары хақ.

Қазақ өлкесінде жүргізілген сталиндік-голошекиндік реформа, содан туындаған казактардың мал-мүлкін тәркілеу мен жою, күштеп ұжымдастыру нәтижесінде, 1931-1933 жж. Қазақ Даласында бұрын-соңды болып көрмеген сұрапыл, казак халқын қырған ашаршылық орын алды.

Қазақстан тарихындағы “ақтаңдықтардың” ен сорақысы да, қасіреттісі де – ол 1916-1933жж. қолдан жасалған аштық (“голодомор – морит голодом!”) болып табылады. Бұл аштық (“ашаршылықтан өлтіру саясаты”) біздің ата-әжелеріміздің көз алдында орын алған. Қазақ тарихында ақыр заманмен теңестірілген жылдар (“апокалипсистік кезең”), яғни аштық жылдар туралы әңгіме болғанда Ұлттық апаттың үшінші ен сұрапыл, казак халқын қызыл қырғынға ұшыратқан аса ауыр кезені 1931-1933жж. еске түседі. Осы бейбітшілік кезде әрбір казактың екісінің бірі ашаршылықтан өліп, әр

төртіншісі шетелге бой тасалауға мәжбүр болды. Мұндай зұлмат казак тарихында болып көрмеген еді. Тіпті 300 жылға созылған казак – ойрат, жонғар соғыстары (1457 - 1757-58жж.) және XVIII-XXғғ. ұлт-азаттық қозғалыстар кезінде де, казактардың тең жартысынан көбі шиит болмаған еді.

Кейбір деректер бойынша, Кеңес билігі тарапынан қолдан жасалған аштықтан 1931-1933жж. 2 млн 600 мың адам өліп, 600 мыңы шетелге ауып кеткен. Аштық тарихқа «кызыл қырғын», «голощекиндік геноцид» деген атпен кіреді. Ол XXғ. адамзат баласына қарсы жасалынған ең өрескел қылмыстың бірі болып саналады.

Шын мәнінде, бұл кең көлемді геноцидті, этноцидті, яғни казактарды ұлт ретінде жою шаралары еді. Сол кездегі мәліметтерге қарағанда, аштық жайлаған аудандарда халық баудай түсіп қырылған. Аштықтан өлген адамдарды көмуге мүмкіншілік болмаған. Аштықтан қырылған адамдардың денелері тау-тау болып үйіліп жатады. Деректердің хабарлауынша, Ақмола қаласындағы өлген адамдарды көмуге мүмкіндік болмағандықтан, оларды арнайы қазылған үлкен шұңқырларға көме салған көрінеді. Қазіргі Астана қаласы осы өліктердің үстіне салынған деген деректер де кездеседі.

Ашаршылық жылдары ұлтымыздың болашағы – жас балалар да қырылған. Мәселен, Торғай өңірінде 4 жасқа дейінгі балалардың бәрі аштан қырылып қалған. Мойынқұмда балалар үйінде күніне 5-6 бала өліп отырған. Талдықорған облысы Ақсу ауданында балалар үйінде казактың балаларын қорлап, есік-терезесі жоқ сасып кеткен атқорада орналастырады. Сонда 90 бала аштықтан, суықтан тонып өлген.

Ашыққан адамдар иттерді, мысықтарды, тышқандарды, сондай-ақ өсімдіктің жапырақтарын, тамырын, ағаштың қабығын жеп тауысқаннан кейін, төгілген коқыстары ақтарып, тамақтан өтетіндерді талғажау етіп күнелткен. Ол ол ма, олар өлген адамдардың етін, тіпті, бір-бірін жей бастаған. Сөйтіп, 30-жылдардың басында, казактардың тарихында каннибализм – адам етін жеу орын алған. Осындай жан түршігерлік көріністер туралы мәліметтерді Зерттеушілер архивтен тауып алып жариялауда.

Зерттеушілердің мәліметіне сүйенсек, казактардың бұрынғы саны (5 млн жуық) 40 жылдай уақыт өткеннен кейін, 1969ж. ғана қалпына келеді. Егерде қолдан жасалған аштықтың үш кезеңінде 1917-1919жж (1 млн 114 мың адам өлген), 1921-1922жж. (1 млн 300 мың казак қырылған), 1931-1933 жж. (2 млн 600 мың казак қырылған) (небәрі 5млн.-нан астам) адам шығындары болмағанда, қазір казактардың саны 40-50 млн адамды құрауы әбден мүмкін болар еді. Бұл ойымызды салыстырмалы түрде дәлелдеуімізге болады. Мәселен, 1897 ж. Ресейдегі алғашқы санақ бойынша, көршілеріміз өзбектер казактардан екі есе аз болған, қазір олар казактардан үш есе көп. Комментарийдің кәсіті шамалы деп санаймыз!

Жергілікті органдардың мәліметі бойынша, Торғай мен Батпаққара аудандарында халықтың 20-30% қырылып қалған, ал қалғандары көрші аймақтарға көшіп кеткен. Ақтөбе облысы бойынша 1930ж. халықтың саны 1.012.500 адам болған, ал 1932ж одан 725 800 адам немесе олардың 71% қалған. Қарғал ауданында 1932ж. желтоқсан-1933ж. қаңтардың алғашқы 10 күнінде –

569 адам аштан өлген. 1932ж. мамыр айында Қарқаралы ауданындағы халықтың саны 50.400 адам болса, қараша айында тірі қалғаны – 15.900, ал аудан орталығында күн сайын 15-20 адам өледі. Көктемде тек Қарағандыда аштық пен індеттен 1500-дей қазақ қырылған. Қазақ өлкесіндегі ауыл халқының қысқаруы туралы мәліметтерге назар аударсақ, 1930-1933жж. аралығындағы халық санының кемуі 3.379.5 мың адамды құраған. Нақтылап айтқанда, 1930-1931 жж. маусым айындағы есеп бойынша, ауыл халқы 759 мың адамға кемісе, 1931-1933жж. 1 млн 887 мың адамға, 1931-1933 жж. 733 мың адамға, барлығы – 3 млн 379 мың адамға кеміген, яғни қырылған.

Шет елге, нақты айтқанда, СССР аумағына ауып кеткен қазақтардың санына көңіл аударсақ, РСФСР-де олардың саны 2,3 есе өседі, Өзбекстанда – 1,7 есе, Түркменстанда - 6 есе, Тәжікстанда – 7 есе, Қырғызстанда – 10 есе көбейеді.

Кен тараған кенестік аңыз (миф) бойынша, Сталин және оның қоршауы аштықтың көлемінен хабарсыз болған. Бұл ақиқатқа қайшы келеді. Уақытында Михайл Шолохов Сталинге аштық жөнінде хабарлап, шаралар жүргізуді өтінген болатын. Ал қазақтың біртуар азаматы – Тұрар Рысқұлов, Сталинге аштық туралы бірнеше рет хабарлаған. Мәселен, Т.Рысқұлов Сталинге, Молотовқа және Кагановичке жазған хатында (1933ж. 9 март): “Смертность на почве голода и эпидемии в ряде казахских районов принимает такие размеры, что нужно срочно вмешательство центральных органов. Часть населения окочевала Западный Китай. Благо состояния большинства казахского населения $\frac{3}{4}$ базировалась на скотоводстве (6-я казахская партконференция подчеркнула, что “поскольку 90% коренного населения занимается животноводством, постольку этот вопрос является в значительной степени национальным вопросом)””. Осы хатта Қазақстанның аудандарында аштықтан өлгендер жөнінен мәліметтер келтірілген.

Т.Рысқұлов ұлттық тұрғыдан алғанда бұл трагедияның қазақтарға қарсы бағытталғанын баса көрсетеді: “Махровый шавинизм и игнорирование интересов окружающего казахского населения проявляются со стороны целого ряда колхозов”.

И.В. Сталинге жазған хатында Т.Рысқұлов: «Аштық пен індеттің салдарынан бірқатар қазақ аудандарында және қонысынан ауғандар арасында адамдардың қырылып жатқаны сонша, бұл мәселе орталық органдардың шұғыл араласуын қажет етіп отыр. Мұндай мүшкіл жағдай өзге республикалардың немесе өлкелердің ешқайсысында жоқ. Қонысынан ауғандар көршілес өлкелерге және Ташкент, Сібір, Златоуст темір жолдары бойымен өздерімен бірге індет апарып таратуда», - деп жазады.

“Қазақ әйелдері балаларын мекемелер мен үйлердің алдына тастап кетуде. Балалар үйлерінде панасыз қалған жетімдер сыймай жатыр және олардың арасында өлім көп. Балалар үйіндегілердің ішіне ас тұрмайтын дертке шалдықпағаны жоқ. Онда күніне 1-2 айтпесе 3 бала шетінейді. Қарағандыдан тазарту деген сылтаумен 1.100 панасыз бала бұрынғы елді мекендеріне қайта апарып тасталған» деген мәліметтер жарияланған құжаттарды көптеп кездестіруге болады.

Мемлекет басшысы Ораз Исаев И.В.Сталинге жазған хатында «1931ж. ерекше етек алған жаппай қонысынан ауу, басқа өлкелер мен Республикаларға кету әлі де тоқталмай тұр» - деп хабарлаған болатын. Сонымен бірге ол «Арып ашыққан казактар мен олардың панасыз балалары өнеркәсіп орындарының, Семей және Ақтөбе аудандарындағы колхоздардың, темір жол станцияларының төңірегінде сендей соғылысып, ұрлықпен айналысуда. Колхоз егініне түсіп, масақты көктей жұтуда. Аштық, ойдан-қырдан жиналған елдің есепсіз көбеюі, тазалықтың жоқтығы жұкпалы аурулардың (қара шешек, сүзек, қантышқак және басқалардың) таралуына жол ашты», - деп жазады.

Аштықтан бұралған алғашқы босқындар пайда болып, алғашқы шығындар белгілі болған кезде-ақ, ұлт жанашырлары, жекеленген адамдар жер-жерден билік басындағыларға аштық туралы айтып, дабыл қағады. Ф.Голощекиннің атына 1932ж. 4 шілдеде Ғабит Мүсірепов, Мансұр Гатаулин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев қол қойған «Бесеудің хаты» жіберіледі. Хатта мал басының қисапсыз кеміп кетуі нәтижесінде көптеген казак аудандарын қамтыған адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс дей келе, өлудің тым көбейіп кеткені және осындай мүшкіл жағдайға «солшылдық» асыра сілтеулер мен Қазак Өлкелік партия комитетінің қате саясаты жеткізгені айтылады.

Алайда «Бесеудің хаты» «ұлтшылдықтың» нақты көрінісі ретінде бағаланады. Хат авторларымен тиісті «сауықтыру жұмыстары» жүргізілді де, олар Қазөлкекомға өздерін-өздері кінәлап жазылған опығу хаттарын тапсырады.

Мамандығы заңгер, казак өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің мүшесі, бұрынғы мемлекеттік Думаның мүшесі, Шыңғыс тұқымы Бакытжан Қаратаев алапат ашаршылыққа жалғыз Голощекин ғана емес, оның айналасындағы казак қайраткерлері де – І.Құрамысов және т.б. айыпты деп санаған.

Б.Қаратаевтың бұл пікірін өлке басшыларының бірі Ораз Исаев та мақұлдайды: «Кемшіліктердің бәрін бір кісіге итере салуға болмайды, бұған тұтас алғанда Өлкелік партия комитетінің бүкіл бюросы кінәлы». Қазак өлкесінің басшы қызметкері ретінде белгілі дәрежеде жауапкершілікті мойныммен көтерем деп, өз қатесін мойындаған О.Исаев И.В.Сталинге жазған хатында өлкеде орын алып отырған ахуалды ашық баяндап, Ф.Голощекинді орнынан босатпайынша, өлкеде іс оналмайтынын айтып, оны Мәскеуге кері шақырып алуын өтінеді.

Ф.Голощекинді Мәскеуге басқа жұмысқа шақырып алып кеткеннен кейін де, Өлке басшылығы ауысканымен (Ф.Голощекиннің орнына республика басшылығына Орталықтан Л.Мирзоян тағайындалады), елдегі жағдай айтарлықтай өзгерген жоқ. 1933ж. 24 ақпанда ВКП(б)-ның ОК бас хатшысы И.В.Сталин мен Қазак Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Л.Мирзоянның атына «Алтаудың хаты» жіберіледі. «Алтаудың хатын» жазғандар Қызыл профессура институтының тыңдаушылары Ғатаулла Исаков,

Илияс Кабылов, Жүсіпбек Арыстанов, Бірмұхаммед Айбасов, Қазөлкеком мүшесі Ғаббас Тоғжанов, Ораз Жандосовтың бауыры – студент У. Жандосов еді.

Онда хат авторлары, Казсовнаркомның мәліметі бойынша, 800 мың казак шаруашылығынан (4млн 800 мың адамнан) 1932ж. көктемінде, тек (2 млн 250 мың адам) қалғанын атап көрсетеді. Сондай-ақ 300 мың казактардың Батыс Сібір мен Орта Азия темір жол станцияларына, қалаларына, көрші облыстарға босып кеткені, көбінің қайыршылық хал кешіп жатқаны, оларға шұғыл көмек ұйымдастыру қажеттігі айтылады.

Кенес үкіметі 1933ж. көктем айынан бастап, өлке басшыларының жіберген қателіктерін және республикада қалыптасқан ауыр жағдайды түзету бағытында шаралар қабылдауға кіріседі. Әсіресе, күштеп ұжымдастыру мен казактарды еріксіз отырықшыландыру мәселелеріне айрықша назар аударылады. Ауыл-селодағы шаруашылықтардың бәрі екі жылға мемлекеттік салықтардан және міндетті төлемдерден босатылады. Ауыл еңбеккерлерінің өткен жылдардағы қарыздары алып тасталынады. Ұжымдастырудағы асыра сілтеушіліктер салдары түзетіліп, көптеген ауыл шаруашылық артельдері, шаруалардың қарапайым бірлестігі – жерді бірлесіп өңдеу (ТОЗ), мал өсіру серіктестігінің жарғысына көшіріледі.

Бірақ та іске асқан жағымды өзгерістер орасан бүліншілікке ұшыраған республика өмірінің қоғамдық және экономикалық негіздерін қалпына келтіре алмады. Өлкеде қырылған малдың орны толмады. 1941ж. басында олардың барлық саны 16 млн. ғана жетті. Мұстафа Шоқай атап көрсеткен «большевиктердің аштық саясаты» азамат соғысы мен одан кейінгі кезеңдерде де дәуірлеп тұрды. Ашаршылық 1916-1919жж Түркістан өңірін ғана емес (ашаршылықтың бірінші кезеңі), оның екінші және үшінші кезеңдерінде, 1921-1922 жж. Қырғыз (Қазак) республикасына кіретін облыстарды және 1931-1933жж. Қазақстанның территориясын межелеуден кейін кеңейтілген жер аумағын да қамтыды. Үлкен террор жылдары казак жерінде концлагерьлер ашылып, Кенес Одағының түкпір-түкпірінен әкелінген «халық жаулары» мекендеген «ит жеккен» жерге айналды.

XXғ. 20-30жж. Қазақстан мен Украинада аштықтан миллиондаған адам қырылды. Қазақстандағы үш дүркін үйіріліп соққан аштықтың қолдан жасалғанын, оның Кенес өкіметі тұрғысанан казактарға қарсы бағытталған геноцид екенін, Кенес өкіметі және Кенес Одағының мұрагері болып саналатынын Ресей мойындағысы келмейді.

2006ж. Украинаның Жоғарғы Радасы, 1931-1933жж. Голодоморды, украиндыққа қарсы бағытталған геноцид екені туралы заң жобасын қабылдаған болатын. Күні кеше ғана (2018ж. 4 қазанда) АҚШ Сенаты Украинадағы Голодоморды (ашаршылықты) геноцид ретінде, ал 8 қазанда АҚШ Конгрессінің төменгі палатасы украин халқының 1931-1933жж. аштығын геноцид деп мойындады.

Ресей өкіметі, Украина мен Қазақстанда ешқандай геноцид болмаған, шын мәнінде бұл аяғына дейін ойланбаған ұжымдастыру, “асыра сілтеушілік”, аштықтың шықпай қалуы, тек кулактар мен байларға қарсы ғана болған күрес деп қолдан жасалған аштықты мойындамауда. Егер де орыстар украиндықтар

мен қазақтарды геноцидке әдейі ұшыратты деп мойындаса, онда Ресей бөл халықтарға орасан зор компенсация төлейтін болады. Сондай-ақ Ресей 30жж. тарих идеологиясын қайта қарауға мәжбүр болар еді.

Шындап келгенде 1931-1933жж 35млн. Халқы бар Украина 7.5млн адамнан айырылса, шамамен 5млн.-нан астам халқы бар Қазақстан тең жартысынан астамынан айырылғаны белгілі.

4.7. 20-30-жылдардың аяғындағы қуғын-сүргіндер. Қазақтардың ұлт зиялыларын қырып-жою

Тоталитарлық жүйенің қалыптасу және үстемдік еткен кезеңінде (20-30-жылдар) республиканың қоғамдық-саяси өмірінде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Кеңес билігі Қазақ өлкесінде, шындап келгенде, патшалық Ресейдің отарлық саясатын жалғастырушы болғанына ешқандай күмән келтіруге болмайды. Әрине, бұл саясатты билік басындағылар ашық жүргізген жоқ, көбінесе оны бүркемелеп, жергілікті халықтың қамын ойлағандай болып жүргізеді. Кеңес билігі және оның жергілікті органдары еңбекшілердің, барша халықтың мүдделерін көздейтіндігіне, солар үшін қызмет ететіндігіне олардың көздерін жеткізу үшін, басқару аппаратын «казактандыруды» («казахизация») және «жергіліктендіруді» («коренизация») күн тәртібіне енгізеді.

Әсіресе, ол 1921ж. Қазақ АКСР құрылғаннан кейін, кеңес билігі тарапынан жүргізілген «казактандыру» және «жергіліктілендіру», яғни «казахизация» және «коренизация» саясатынан айқын байқалады.

Республикада басқару аппаратын «казактандыру» дегеніміз – ол шаруашылық, мәдени және саяси салаларда басқару ісіне жергілікті тұрғындардың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін білетін сауатты адамдарды жұмылдыру болып табылады.

Қазақ өлкесінде Кеңес өкіметінің қаулылары, шешімдері, іс қағаздары, әдетте, орыс тілінде жүргізіледі. Әсіресе, шеткері аймақтарда тұратын ауыл адамдарына оны түсіну оңай болмады. Кеңес билігінің жүргізіп отырған саяси-әлеуметтік шараларынан хабардар болу үшін басқару жүйесіне сауатты қазақтарды тарту қажеттілігі туады. Олар қазақ тілінде іс-қағаздарды жүргізіп, үкімет пен партияның саясатын халыққа түсіндіруге тиіс болған. Жергілікті әкімшілікті казактандыру және жергіліктендіру, сондай-ақ еуропалықтарды (орыстарды) казакша сөйлету жолындағы әрекеттер мүлдем жасалынбады, оның қажеті жоқ деп саналды. Жасалынса да немқұрайлы және формальды жүргізілді. Қазақтар мен орыстар арасындағы ұлтаралық араздық бәсеңдемеді. Жергілікті аппараттағы орыс жұртына жататын шенеуніктер ұлыдержавалық шовинистік пиғылдарынан арылмаған еді. Олар үшін патшалық Ресейдің отары болған қазақ өлкесіндегі көшпелі казактармен тепе-тең өмір сүру мүмкін емес көрінген.

Қазақ өлкесін басқаруға келген Ф.Голошекин (Шая Ицкович) келгеннен кейін де (1925-1933жж.) жандай өзгермеді. Ол ұлыдержавалық ұстанымға сәйкес, «казактандыру» тек мекемелерде ғана жүргізілуге тиіс, өйткені партия

Ресейдікі, оның тілі орысша болу керек деген нұсқау береді. Голошекин Мәскеуге ақпарат бергенде көзбояушылыққа барады. Мәселен, үй сыпырушы екі орыс әйелін екі казак әйелімен ауыстырса, олар жұмыс істейтін мекемеде «казактандыру» 100% орын алды деп есептеген. Көкшетау уезіндегі мекемелерде 477 қызметкердің 38-і ғана, яғни 8% ғана казак болған. Оның 12-і ат күтуші, күзетші, үй сыпырушы болғаны ахуалдың қандай болғанының көрсеткіші емес пе?

Халық ағарту комиссары С.Сәдуақасов Голошекинмен келісе алмаған негізгі мәселелері: мекемені «казактандыру» (орысша «казахизация»), оқығандарға және алашордашылдарға көзқарас, өндіргіш күштерін дамыту жолдары еді.

Голошекиннің «казактандыру жұмысы партиядан басқа мекемелердің бәрінде жүруі керек» деген пікіріне С.Сәдуақасов, Ж.Мынбаев (Қазак Орталық Аткару Комитетінің төрағасы) және т.б. казак зиялылары «партия казак жұртшылығымен жұмыс істейді, казак коммунистерімен қарым-қатынаста болады, сондықтан казакыландыру партия комитетінен басталсын, бақылау комитеттері, партия комитеттерінің бастықтары казак болады» деген талап қойды.

С.Сәдуақасов Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Голошекиннің ұстанған бағыты дұрыс емес. Көптеген мәселелер біздің пікірімізбен санаспай-ақ шешіліп жатады деп, отарлық саясаттың сырын ұғып, казак елінің сауатын ашып, санасын ояту үшін, алашорда оқығандарын партияға тартып, олардың мәдени-ағарту саласындағы жұмысты атқарғанын жөн көрді. «Орыс жандармдары қазір іске қосылмай отыр ма? Ендеше, біз де алашордашыларды іске тартуымыз керек. Бұлардың жәрдемі болмаса, саяси мәселелер жөнінде біз жетімдік көреміз. Алашордашылардың тәрбиесі күшті» деген пікірде болды.

«Қазактандырудың» бірінші кезеңі 1926ж. аяқталады. Сол жылғы БК(б)П Қазак өлкелік комитетінің шешіміне сәйкес, оның орнына әкімшілікті «жергіліктендіру» орысша «коренизация» әдісі енгізілді. Жергіліктендіру ісі жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық комиссариатына жүктеледі. Бұл салада комиссариаттың 1927, 1928жж қабылдаған қаулы-қарарларының барлығы дерлік аяқсыз қалады. Мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру деген, партия және кеңес аппаратында, жергілікті мекемелерде жұмысқа тек казактарды ғана қабылдап, олардың санын көбейту емес, ол жергіліктендіруге жатпайды. Жарайды, аппаратта тек казактар ғана отыр делік, ал егер олар сол аппаратты қалың бұқараға қызметке қоюда түк бітіре алмаса, ондай жергіліктендіруден не пайда..? –деп, С.Сәдуақасов аппарат жұмысын жақсы білетіндігін сездірді.

С.Сәдуақасов мемлекеттік аппаратты казактандыруды батыл қойып, ол процестің пәрменді түрде жүруі үшін күрес жүргізіп, «Еңбекші казак» газетінің редакторы болып тағайындала сала, «Ойланатын уақыт жетті» атты бас мақалада: ...Мекемеде отырған казак, ауылда да казакпен казакша байланысты. Ауылдан келген кара казак өз тілінде арыз етіп, өз тілінде жоғын жоқтай алатын болсын, ... осындай істер біздің «казактандырылған» мекемелеріміздің

қолынан әбден келетін болсын. Осы күнгі біз білетін мекемелер бұны істеп отырған жоқ», - деп жазылған.

20-30 жылдары қазақ тілін мемлекеттік мекемелерде қолдану барысында жүргізілген жалаң үгіт-насихаттың бүгінгі күнгі қазақ тілінің ахуалында сол калыпта қайталанып отырғанын байқауға болады. Тың және тынайған жерлерді игерген кездегі демографиялық өзгерістердің нәтижесінде, қазақ мектептері жабылып, тек орыс мектептерінде тәлім-тәрбие алғандардың қазіргі ұрпақтарымен («шала қазақтар»), орыстардың іс-әрекетінен біздің тілімізге, дінімізге, салт-дәстүрімізге үлкен нұсқан келіп, ғасырлар бойы санасына сіңірген ұлттық рухынан, ұлтқа тән қадір-қасиетінен айырылар халге жеткеніміз өтірік емес. Сонау 1923ж. бастап, қазіргі 2018ж дейін жүргізіліп келе жатқан «қазақтандыру» саясатының ешқандай да қазақ тілінің мәртебесін көтеретіндей нәтижеге жетпегенін көріп отырмыз.

Өзінің волюнтаристік саясатын жүзеге асыруға көзі ашық, оқыған, билік басында жауапты қызмет атқарған, ұлтжанды, қазақтың біртуар азаматтары Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Жалау Мыңбаев, Жағыпар Сұлтанбековтер қарсы болатынын жақсы түсінген Ф.Голошекин оларға «ұлтшыл», «ауытқушы» («уклонист») «оңшыл», «солшыл» және т.б. айдар тағып, «халық жауларына» айналдырады. Ұлт мүддесі үшін күрескен бұл қайраткерлерді ешбір қатысы жоқ «троцкийшіл-зиновьевшіл топтың» сыбайластары ретінде айыптау оларға қасақана жасалған жала еді.

Осы жылдары «сәдуақасовшылдық», «қожановшылдық», «мендешовшылдық», «сейфуллиншілдік», «рысқұловшылдық» деп айдар тағылып, осы «шылдарға» байланысты ұлт қайраткерлері, «партияның сара жолынан» ауытқушылар деп, қудалауға душар болды. Оларға қысым жасалды, қуғын-сүргінге ұшыратты. Ұлттық мүддесі алдындағы азаматтық парызды әлдеқайда биік ұстаған, «сәдуақасовшылдық» айдар тағылған, жиырма бес жасында мемлекеттік ірі істерге белсене араласқан, ойы терең, сөзі салмақты, тура сөйлейтін С.Сәдуақасовты Ф.Голошекин ойдан шығарылған жалалары мен қолдан жасалған қудалауларының арқасында туған елінен кетуге мәжбүр етті. 1927ж. 22 маусымда Халық Ағарту комиссары қызметінен босатылып, Ташкенттегі Ұлттық педагогика институтының ректорлығына жіберіледі.

Сәдуақасовтың қандай пікірі болса да, «ұлтшылдық» пиғылда айтылған болып табылады, бұрмаланып келе, оған мынадай сипаттама беріледі: «Сәдуақасовшылдық» біздің партия қатарындағы ұсақ байшылдық ықпалы. Ол кеңес мекемелерін партия жолынан тайдыратын ұсақ байлар ықпалына ерген, байлардың салт-санасын көксеген жол... Қазақстанды Кеңестер Одағынан бөліп алып ел қылу деп түсіндірген жол. «Сәдуақасовшылдық» жалғыз Смағұлдың ғана пікірі емес, бүкіл Алашордашыл байлардың, бүкіл Кеңес Одағында істеліп жатқан жаңалық жұмыстарға қарсылардың пікірі. «Сәдуақасовшылдық» тамыры мықты. Орнынан түсіріп тастап, құтыла қоятын бірнеше адам емес. «Сәдуақасовшылдық» өз арамызда да бар. Кеңсе мекемесі толған «Сәдуақасовшылдар». «Сәдуақасовшылдық» - қалын бұқараның ұлтшылдық соқыр сезімі. Мұнымен санасу керек.»

Смағұл Сәдуақасов Ф.Голошекиннің казак ауылында «Кіші Қазан» төңкерісі қажет деген пікіріне және өнеркәсіп орындарын шикізат көздеріне жақындатуды, сөйтіп өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өнімдерін республикада шығаруды жақтап, өлке басшылығына және оның маңындағыларға дәлелді, объективті ұсыныстарын жасап, оны іске асыруда көп күш жұмсаған ұлтжанды қайраткер ретінде тарихымызда қалады және өз орнын алады.

20-жылдардың соңында республикада саяси жағдайдағы ушықтыру мен күдікшілік жаппай сипат алды. Орталықта троцкийшіл-зиновьевшіл оппозициямен және «оңшыл оппортунистермен» күрестің күшеюі, ұлт республикасында ұлт интеллигенциясын жазалаумен қатар жүрді. Кеңес өкіметі 20-жылдардың басынан Алаш қозғалысына қатысып, Алашорда үкіметін құрған, оның жетекшілерін қуғынға ұшыратқаны белгілі. Сосын жасанды ашаршылық ұйымдастырып, халқымызды ұлттық апатқа алып келді, одан кейін ұжымдастыру саясатына қарсы көтерілген казактарды қырып-жойды, ал 30-жылдардың аяғында – үлкен террор жылдары казак зиялыларын, оның ішінде кеңес билігін орнатуға белсенді қатынасқан, нағыз коммунистер де бар, жаппай қуғын-сүргінге түсірді. Жүз мыңнан астам адамды тұтқындап, концлагерьлерге қамады, казактардың 27 мың бетке ұстар, біртуар азаматтарын атып тастады.

Кеңестік биліктің жазалаушы аппараты, ең алдымен, Кеңес билігі жағына шығып, ағарту, мәдени салаларда айтарлықтай еңбек еткен Алаш қозғалысының көшбасшыларын қуғынға ұшыратады. 1922ж. «буржуазиялық ұлтшыл» деген жала жабылып, Ә.Бөкейхан Мәскеуге жер аударылған болатын. 1926ж. «ұлтшыл-уклонизммен» Республика басшыларының бірегейлері Смағұл Сәдуақасов пен Сұлтанбек Қожанов айыпталды. С.Сейфуллин, М.Мурзағалиев, Н.Нұрмаков, С.Меңдешов және т.б. қуғынға тап болды. Олардың көбі республикадан қуылды. С.Сәдуақасов, Ж.Сұлтанбеков, Ж.Мынбаев қызметтерінен алынып тасталады. 1928ж. Ф.Голошекиннің (Шая Ишкевич) саяси қарсыластарын отырғызу басталды. Олардың қатарында Алашорда жетекшілері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев болды.

1927-1928 жж. әр түрлі сылтаулармен Т.Рысқұлов, Н.Нұрмаков, С.Қожанов, М.Мырзағалиев республикадан аластатылды. Қазақстан Республикасының Атқару Комитетінің төрағасы Ж.Мынбаев, Оқу-ағарту халық комиссары С.Сәдуақасов, Жер халық комиссары Ж.Сұлтанбеков және басқалары қызметтен алынады.

1928-1929жж. Ә.Бөкейхановтан басқа (ол Мәскеуде үй қамауында болатын), А.Байтұрсынов пен М.Дулатов бастаған бұрынғы Алаш жетекшілерін (44 адам) абақтыға жауып, адам төзгісіз азаптарға салып, қорлайды, ұрып-соғады, қинайды. Сол жылдары қамалған арыстарымыздың ішінде жоғарыда аталған екеуінен басқа Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Ғаббасов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Жакып Ақбаев, Көшмұхамед Кемеңгеров, Әлімхан Ермеков, Мұхтар Әуезов «кешірім» хаттарын жазып, азаптан құтылып кетеді.

Сөйтіп, 20-жылдары, әсіресе, соңында, сталиндік тоталитарлық идеологияның аппараты казак халқының ұлттық интеллигенциясының көрнекті

өкілдерін, өзіндік ұстанымдары, көзқарастары бар, оның кілегейлерін құртуға бағыт алды.

Мәдениет қайраткері Дінмұхамед Әділов, жазушы Жүсіпбек Аймауытов, журналист Ахметсафа Юсупов, әдебиетші Әбдірахман Байділдин 1930ж. 21 сәуірде пролетариат көсемі В.И. Лениннің туғанына 60 жыл толу құрметіне шалынған құрбандық тәрізді атып тасталынады. 64 күн өмір сүрген Қокан (Түркістан) ұлттық автономиясының алғашқы премьер-министрі, индустрияландыру жылдары (1927-1930жж) Түрксиб теміржол магистралын салушы инженер (тарихшы) Мұхамеджан Тынышпаевпен бірге, қуғын-сүргіннің бірінші толқынының екінші иірімі кезінде (1932ж сәуірде) жиырма шақты зиялы Алаш қайраткерлері жазаланды. Осы жылдары ұсталған Алашордашылар деп аталатындардың дені кеңес мекемелерінде қызмет атқаратын, уақытында кеңес үкіметі амнистиялаған, кешірім жасаған, алайда соған қарамастан, қуғын-сүргінге ұшыратылып, сотталғандар еді. Оларды тұтқындау, тергеу мен соттау байларды тәркілеу науқанымен, қожалықтарды ұжымдастыру шараларымен және бұларға қарсы артынша көтерілген халық толқуларымен тұспа-тұс келді.

20-30-жылдардың басында тұтқындалғандар өздеріне кесілген мерзімдерін өтеп оралғандарымен, кенестік негізде ұлт мүддесін күйттеп жүрген большевиктермен және басқа да сан мың кенестік адамдармен бірге 1937-1938жж – Үлкен Террор жылдары репрессияланды.

Қуғын-сүргінге душар болған адамдарды, әсіресе, саяси тұтқындар деп аталатындарды, арнайы құрылған, Ішкі істер Халық комиссариатының құрамындағы лагерьлер мен колониалардың басты басқармасының (ГУЛАГ) бөлімшелерінде, тұтқында ұстағанын білеміз. 20-30-жылдары саяси және соған жақын себептермен, Гулагтың Кеңес одағындағы бөлімшелерінде 3 млн-ға жуық адам қамалған.

1930ж Гулагтың құрамындағы ең ірісі – Қарағанды лагері құрылды, онда Совет Одағының әр аймақтарынан қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар қамауда отырды. 30-40-жылдарда Республика территориясында осыған ұқсас АЛЖИР, Дальний, Песчаный және т.б. лагерьлер саны өсе түседі. Қазақстан жер аударылған адамдар қамалатын орасан зор лагерьге айналады.

1937ж. жаппай жазалау шаралары бұрынғыдан да асып, өршіп кетті. БКР(б) ОК-нің осы жылдық ақпан-наурыз айында өткен Пленумы тағы да келіп жеткен жазалау науқанының бастамасы болды. Пленумның күн тәртібінде екі мәселе Бухарин мен Рыков және КСРО-ның Жоғары Кеңесінің сайлауына дайындық жөніндегі мәселелер енгізілді. Онда қайдағы бір контрреволюциялық орталықтың тыншылық-зиянкестік ісі және Н.Бухарин мен А.Рыковтың қылмыстық әрекеттері туралы Ежов сөз сөйледі. Сөйтіп, кейін «Кенеске қарсы оншыл троцкийшіл топ» деп аталатын атышулы процеске дайындықтың ірі етасы қаланды.

Пленумнан кейінгі он ай Кеңес қоғамы үшін ауыр да катал сын болды. Жазалау жүйесі өз қызметін бұрын-соңды болмаған дәрежеде атқарды.

Белгілі кеңес зерттеушісі, публицист Рой Медведев жаппай жазалау ауқымы туралы мынадай деректерді келтіреді. Оның айтуынша, 1936-1938жж

аралығында саяси себептермен 5 млн адам қамауға алынған. Соның ішінде 1936ж 1.116 адам ату жазасына бұйырылса, 1938ж бұл көрсеткіш 350 мыннан асып жығылады. 1937-1938жж ату жазасының жиіліп кеткені соншалық – Мәскеуде сот және Ерекше кенестің ұйғарымымен күніне мыннан астам адамға осындай жаза қолданылды. Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің КСРО-ның ОК-нің Президиум комиссиясына берген мәліметтеріне қарағанда, 1935ж қантарынан 1941ж. маусымына дейін 19 млн 840 мың адам жазаға тартылған. Оның 7 млн-ы атылып кеткен.

Ежов жендет Ішкі істер халық комиссары қызметінде болған 1,5 жылда өзі білетін «қазақстандықтарды» мейлінше жазалап қалуға тырысып бақты. Соның нәтижесінде Сталиннің ажал лагеріне халқымыздың ондаған мың ұл-қызы мезгілсіз мерт болды. Өкінішке орай, республика бойынша қанша адам жазықсыз жазаланғаны туралы толыққанды деректер әлі күнге дейін жарияланған жоқ. Республика Проуратурасының мәліметтеріне қарағанда, Қазақстан бойынша тек ақталғандардың саны – 32 мың адам.

Жазалау шаралары, бұл – нағыз ақиқат, жоспарлы түрде жүргізілген көрінеді. Мәселен, 1937ж. 30 шілдеде Сталин, Молотов, Каганович қол қойған №00447-бұйрыққа сәйкес 258.950 адам бірінші (ату жазасы) және екінші (енбекпен түзету лагеріне 10 жыл кесім) категориямен жазалануға тиіс болатын. Осы жоспар Республика, өлке, облыстар бойынша бөлініп, жүзеге асырылады. Жергілікті органдар алдын-ала жоспарлаған бұл шара бойынша, халық жауларын өздері іздеп табуға тиіс болатын. Қазірде 1937ж Қазақстанда жазалау процесі қалай болғанын дөп басып айту – қиын мәселе. Сонда да болса, мына бір деректі келтіруге болады. Яғни, 1937ж маусымында Қазақстан Компартиясының I съезіне қатысып, оның басшы органына (президиум, секретариат, мандат комиссиясына) сайланған 69 делегаттың 50-і Орталық Комитеттің және Тергеу комиссиясының мүшесі мен мүшелігіне кандидат болып сайланған 132 адамның 73-і, Қазақстан Компартиясының ОК-нің Бюросының мүшесі және мүшелігіне кандидат 17 адам түгелімен жазаланды. Жаппай жазалау республиканы қамтыды. Оған партия ұйымдары да тартылды. Мұндайда жағымпаздар мен жалақорлардың бағы жанып, жұлдызы жарқырай түсетіні анық. Олар адамдардың арасында өзара күдік пен сенімсіздік ұрығын сеуіп, елдің берекесін кетіріп бақты. Әрі-беріден соң мұның өзі дертке айналды. Айталық, 1937ж. Гурьев облысының бір ауданында ел қаржылып, бір-бірінің үстін арыз жазумен болған.

Жаппай жазалау салдарынан республика еріксіз кадр тапшылығына тап болады. Мәселен, 1938ж. маусым айында Павлодар облыстық партия комитеті тарапынан Қазақстан Компартиясының ОК-не «Обкомның бөлімдерін жасақтай алмай отырмыз, жұмыс істейтін ешкім жоқ» - деп жолдаған телеграммасы соны айғақтайды. Кадрлар тапшылығы салдарынан жауапты қызметке тәжірибесіз, сауатсыз жандарды жоғарылатуға тура келді. Мәселен, 1937-1938жж. Солтүстік Қазақстан облысының Преснов, Еңбекші, Төңкеріс аудандық партия комитетінің хатшылары болып, бар-жоғы бастауыш білімі бар адамдар сайланған.

1931-1933жж Қазақстанда Ф.Голощекин басшылық еткен кезде, қолдан ұйымдастырылған ашаршылықтың кесірінен барлық қазақтардың тең жартысы қырылды. Ашаршылықтан есенгіреп қалған елімізге онан кейін де жауапсыз басшы келді, ол қазақтар «Мырзажан» деп құрметтеп атаған Левон Исаевич Мирзоян еді. Қазақстанды басқаруға келген бетте, ол халықтың тұрмысына, мәдениетіне, өнеріне, ғылымына көңіл бөліп, бірсыпыра жақсылық, жеңілдік жасағанын жоққа шығаруға болмайды.

Л.И.Мирзоян басшылық еткен 1933-1938жж аралығында 1800 жуық қазақ зиялылары атылды. Аман қалғандары басы ауған жаққа қашты.

Қазақстандағы репрессияны Мирзоян бастап береді. Жаппай саяси қуғын-сүргін КСРО Ішкі Істер Халық комиссары, мемлекеттік қауіпсіздіктің бас комиссары Н.И.Ежовтың 1937ж 30 шілдеде өте құпия түрде шығарған №00447-оперативтік бұйрығынан бастау алғаны мәлім. Бұл бұйрықпен репрессия науқаны 5 тамызда басталып, төрт ай мерзім ішінде аяқталуға тиіс деп көрсетілген. Бұйрықтың құрамдас бөлігі ретінде Кеңестер Одағының әр аймағында бірінші және екінші категориямен жазалауға жататындардың саны берілген. Ондағы Қазақстанға қатысты цифрлар мынадай:

р/с	Қазақ КСР	Барлығы
1.	Солтүстік Қазақстан облысы	950
2.	Оңтүстік Қазақстан облысы	950
3.	Батыс Қазақстан облысы	300
4.	Қостанай облысы	600
5.	Шығыс Қазақстан облысы	1350
6.	Ақтөбе облысы	1350
7.	Қарағанды облысы	1000
8.	Алматы облысы	1000
	НКВД лагерлері	10.000

Бұл кестеге қарағанда, Қазақ елінде 1937ж. 5 желтоқсанға дейін 2500 адам атылып, 5000 адам ұзақ мерзімге (8-10 жылға) сотталуы керек болатын. Бірақ науқанның төрт ай емес, 15-16 ай (1937ж тамыз – 1938ж. қараша) бойы жүргені белгілі. Үкімдерді, негізінен, НКВД-нің республикалық, өлкелік, облыстық «үштіктері» мен «екіліктері» шығарып тұрған. Осы кезеңде №00447-бұйрықпен берілген квота (одақ бойынша 268.095 адамды репрессиялап, оның ішінен 75.095 адамды ату) бірнеше есе өсіріп орындалды. 1 млн 770 мыңдай адам репрессияланып, оның 390 мыңы атылды. Қазақстанда бұл кезеңде 118 мың адам репрессияланып, оның 25 мыңдай атылды. Яғни НКВД-ның қасіретті №00447-бұйрығында көзделген 7500 адамды жазалау жоспары Қазақстанда 15 еседен де асырып, артығымен орындалды.

Демек, аса ірі көлемдегі жаппай жазалау төмендегілердің өз өтініші бойынша жүргізілген болып шығады.

Қазақ АСР-нің партиялық басшылығы (Л.Мирзоян) И.В.Сталинге жіберген жеделхатында: «Антисоветтік элементтер бойынша бізде бірінші категориямен 8 мың адам және екінші категориямен 8 мың адам репрессиялау құқы берілген еді. Бұл тапсырманы түгелге жуық орындап қойғандарын және

сонымен бірге белгіленген лимиттен артық 1600 адамды ұстағандарын, енді қосымша 600 адамды бірінші категориямен және 1000 адамды екінші категориямен репрессиялауға рұқсат сұрайтынын» жазған.

КОКП-ның ОК-нің Саяси бюросы 1937ж 3 желтоқсандағы отырысында яғни жеделхатты алған күннің ертеңіне, Қазақстан басшылығының тілегін қанағаттандырады. ал, 7 желтоқсанда Сталин, Молотов, Жданов қолымен ҚазақКСР-і бойынша КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы соттауға тиіс адамдардың тізімі бекітіледі. Онда I категориямен – 55 (ішінде Диваев, Ораз Жандосов, Ескараев, Жаманқұлов, Жаманмұрынов, Қаратілеуов, Кенжин, Қошанбаев, Күдерин, Күленов, Құлымбетов, Масанчи, Молдажанов, Нахимжан, Садықбеков, Сарымолдаев, Тоғжанов, Төреғожин, Тұнғанчин, Өтекин, Шонанов бар), II категориямен 5 адам тізілген. 22 желтоқсандағы тізімде 99 адамды I категориямен (ішінде Мағзұм Асанбаев, Санжар Асфендияров, Оразәлі Жандосов, Ілияс Жансүгіров, Мерғали Қаділбеков, Әзімбай Лекеров, Бейімбет Майлин, Мұхамедқафи Мырзағалиев, Хасен Нұрмұхамедов, Жанайдар Сәдуақасов, Мұхамедғали Тәтімөв, Қартқожа Тоғанбаев, Жұмат Шанин бар) және 13 адамды II категориямен соттау белгіленген. Тізімдер бұлардан кейін 1938 жылғы 3 ақпанда (I категориямен – 104, ішінде Бірмұхамед Айбасов, Ғабдолхакім Бөкәйханов, Әшір Бүркітбаев, Құдайберген Жұбанов, Халел Есенбаев, Нұртаза Ералин, Ілияс Қабылов, Есенғали Қасаболатов, Қазмұхамед Күлетов, Ізмұқан Құрамысов, Сейітқали Меңдешев, Мұқаш Орымбаев, Мұхтар Саматов, Садықбек Сафарбеков, Сәкен Сейфуллин, Қайсар Тәштитов, Зарап Темірбеков, Мирасбек Төлепов бар), 5 наурызда (I категориямен - 90, ішінде Әбілқайыр Досов, Атлаш Қалменов, Шахзада Шонанова бар), 12 қыркүйекте (I категориямен – 193, II категориямен – 55, ішінде Сағыр Қамалов, Ахмет Мәметов, Зейін Шашкин бар) бекітілген.

1937-1938жж. қуғын-сүргіннің шарықтап, шегіне жеткен кезі болды. Алматыда 1937ж. күніне 37-39 адам атылған. Жазалаушыларға бұл аздық етсе керек, наурыз айынан бастап күніне 53-54 адамды атып отырған.

КСРО Жоғарғы соты әскери соты коллегиясының Алматы қаласында 1938ж. ақпан айында өткен көшпелі сессиясының үкімі бойынша 25 ақпанда 39 адам атылған. Олардың ішінде Санжар Асфендияров, Сүлеймен Ескараев, Темірбек Жүргенов, Ұзақбай Құлымбетов, Сейітқали Меңдешев, Жанайдар Сәдуақасов, Сәкен Сейфуллин, Нығыметолла Сырғабекөв, Ғаббас Тоғжанов сияқты мемлекет қайраткерлері бар.

1938ж. ату жазасы жылдың аяғына дейін толастамады. Қанды қырғын тек Алматыда емес, басқа жерлерді де жайлады, тіпті 1939ж дейін жалғасты. Қызыл «қырғын» жылдары оқыған, білімді 110 мың адам тұтқындалып, 25 мыңы жазықсыздан атылып кеткен. Сөйтіп, патшалық Ресейдің отарлық саясатын жана денгейге көтерген Кеңес билігі тұтас бір ұлттың бетке ұстар кілегейлерін, ұлтжанды азаматтарын қуғын-сүргінге ұшыратып, қазақтардың ұлттық кодына адам айтқысыз зиян келтірді. Сол себепті де, қазақ өлкесін қуғын-сүргін Архипелагына және Атом полигонына айналдырып, қолдан жасалған Аштықтың үш кезенін (1917-1919жж, 1921-1922жж және 1931-1933жж) ұйымдастырып, шын мәнінде, қазақтарды халық ретінде құрту үшін геноцид

және этноцидті іске асырған кенес билігін дәріптеудің, ұлықтаудың қажеті шамалы деп қорытынды жасауға болады.

4.8. XXғ. 20-30-жж мәдени құрылыс

4.8.1. Кенестік білім беру жүйесінің қалыптасуы. «Сауатсыздықпен» күрес

Мәдени құрылыс социализм тұжырымының (доктринасының) құрамдас бір бөлігі ретінде, әлеуметтік-экономикалық қайта құрулармен қатар іске асырылды. Мәдени салада Кенес өкіметі дәстүрлі өмір салтынан қол үзу, сауатсыздықпен күрес жүргізу және кәсіптік білім беру жүйесін қалыптастыру, атеистік тәрбиені күшейту, мемлекеттік және партия билігіне коммунистік идеология рухында тәрбиеленген шенеуніктерді даярлау сияқты стратегиялық міндеттерді анықтап берді.

Большевиктер өмірге әкелген әміршіл-әкімшіл жүйенің жалған идеологиясы қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық түрінен, әдет-ғұрпынан, салт-дәстүр жоралғыларынан, еркінен тыс зорлық жасап, күш көрсетіп, мәдени жетістіктерінен еріксіз айырып, кенестік қалыпқа ыңғайлауға кіріседі. Қазақтар «көшпелі ел XX ғасырда өмір сүруге тиісті емес» деген «теориямен» қаруланып, оларды отырықшылық өмір сүруге мәжбүрлегенін, ұжымдастыру жылдары жүргізілген саясаттан жақсы хабардармыз. Қазақтардың көшпелі ел болып өмір сүруі – өркениеттен артта қалушылық емес екендігін, оның ата-бабаларынан қалған кәсіп болғандығын билік басындағы шовинистер түсінгісі де келмеді. Ұлы Далада екі мың жылдан астам уақыт бөлінбес тұтас билікке ие болған көшпелі түрік халықтарының, мешеу қалған отырықшы халықтарға мүлдем ұқсамаған, тек өзіне ғана тән салт-дәстүрі, көшпелі өмірі, мәдениеті болғаны белгілі.

Ежелден мал өсірумен шұғылданып, көбінесе көшпелі тұрмыс құрып келген қазақ халқының рухани жан азығы саналатын бай ауыз әдебиеті, қолөнері, материалдық ескерткіштері, ерекше өзіндік дала этикасы болды. Дүмше молдалардан арабша хат таныған қазақтардан басқа, орыс-қазақ мектептерін, медреселерді, семинарияларды бітіріп, Омбыда, Орынборда, Қазанда, Санкт-Петербургде, Мәскеуде және т.б. Ресейдің қалаларында дәрігер, инженер, зангер, педагог және т.б. мамандық алған ұлт интеллигенциясы өкілдері болды. Олар: Ә.Бөкейхан, М.Шокай, С.Асфендияров, Хәлел және Жаһанша Досмұхамедовтер, М.Тынышпаев, Б.Қаратаев, М.Қарабаев, Н.Ипмағанбетов, Ә.Ермеков және т.б. ондаған өз халқының мақтанышына айналған ұлт перзенттері, терең білімді, озық ойлы, ұлт жанашырлары еді.

Б.Истамбулда, Францияда, Варшавада және т.б. шет елдерде оқығандардың көбі парсы, араб, орыс және басқа да шет ел тілдерін білген. Мәселен, Абай, Шәкәрім Құдайбердиев, Әріп Тәңірбергенов, Нәзір Төрекұловтар және де «Алаш» қозғалысының лидерлері бірнеше тілдерді меңгерген. Қазіргі кезде әр қазақ кемінде 2-3 тілді біледі, ал орыстардың бірен-сарандары болмаса, едәуір

бөлігі өз тілін ғана біледі. Мұнан бұрынғы көшпенділердің ұрпақтарының өркениет легінен қалмағанын байқауға болады.

Кенес билігінің алғашқы жылдарында қалыптасқан клише бойынша, казак өлкесінде жаппай дерлік сауатсыздық болды, сауаттылар небәрі 2-ак пайызды құрады деген тұжырым үстем болған. Қазан төңкерісіне дейін Ресей территориясында ең сауатты халық түркілер, соның ішінде татарлар болғаны шындық. Қазак ауылында да татарлар миссионерлер ретінде, казактардың арабша хат тануын іске асырғаны белгілі. Олай болса, төте жазуды менгерген казактарды білімі жоқ, қараңғы, надан халық деу шовинистердің ұлы даланы кемсітіп, орманды даланы дәріптеудің, ұлықтаудың бір жолы деп түсінуіміз керек.

Не дегенмен де, Кеңес билігінің сөзсіз жетістігі – ол халық ағарту жүйесін дамытуы және жаппай сауаттылықты жүзеге асыруы болып табылады. Кеңестік білім жүйесінің негізгі принципі – ақысыз оқу, ұлдар мен қыздардың бірге оқуы, діни пәндерді мектеп бағдарламасынан алып тастау, жазалаудың барлық түрін жою, оқушылардың ар-намысына сөз келтірмеу сияқты педагогикалық компетенциялар іске асырылды. Қазак өлкесіндегі медреселер, мектептер және орыс-казак мектептері кеңестік қалыпқа сәйкестендіріліп, қайта құрыла бастады. Азамат соғысының аяғында өлкеде 144 мың оқушысы бар 2410 мектеп жұмыс істеді, оның 31 мыңы – казак балалары еді. Бірақ та мектептердің едәуір бөлігі бейімсіз ғимараттарда орналасты, казак мектептерінің 99% пайызының оқу орындары, сондай-ак оқулықтары түгелдей дерлік болмады.

1923\1924 оқу жылында бастауыш және жеті жылдық мектептердің саны 15% өсті. 1924\1925 оқу жылында казак өлкесінде 2.351 бастауыш мектеп, оның ішінде 747 казак мектебі, 25 мектеп-коммуна және 68 жеті жылдық мектеп жұмыс істеді.

Дегенмен, сауатты адамдардың аздығы, казак тілінде оқу құралдарының, мектеп үйлерінің жеткіліксіздігі, бюджеттің мәдениеттің дамытудың қажеттерін өтей алмауы сауат ашу ісінің кен өрістеуіне мүмкіндік бермеді.

Мектептердің жайы туралы, 1927ж. «Еңбекші казак» газетінде «1600-ге жуык казак мектептері бар, бірақ олардың ішінде ғимараты бар мектептердің саны қырыкка әзер жетеді...» - деп жазылған. Өлкелік партия комитетінің конференциясында жасалған баяндамада: «Қағазда ауылдағы мектептердің саны көп, ал шындығында, ауылда ешқандай да мектеп жоқ. Егер де ауыл мектептерінің үйі болса, онда ол жерде орындық жоқ, егер орындық болса, онда оқулықтар жоқ...» - деп жазылған.

Мұстафа Шокай «Түркістанның килы тағдыры» деген кітабында (Алматы, 1992) былай деп жазады: «Қазактар Сырдария губерниясындағы барлық халықтардың 79 пайызын құрайды, ал барлық еуропалықтар (орыстар, украиндар, белорустар, немістер және т.б.), бар болғаны 9,5 пайыз. Соған карамастан, Сырдария губерниясының мектептерінде оқитын казак балалары бар болғаны 6-ак пайыз, орыс балалары – 53,6 пайыз... басқаша айтқанда, кеңес үкіметі казактардың ақшасына орыс келімсектерінің балаларын оқытады» (96-97-беттер). Мұндай жағдай тек Түркістанда ғана емес, Қазак өлкесінің барлық аудандарында орын алды.

1930\1931 оқу жылында – отырықша аудандарда, 1931ж. көктемінде көшпенді халқы бар аудандарда жалпыға бірдей оқу енгізілді. Кеңес үкіметі халыққа білім беру ісіне қаржы бөлуді едәуір ұлғайтты, оқушыларға интернаттар, жатақханалар желісін кеңейту, стипендиялар беру, оқулықтармен, оқу құралдарымен, аяқ киіммен, киім-кешекпен, көлікпен және т.б. материалдық көмек көрсету көзделді.

Алайда Қазақ өлкесіндегі мектеп құрылысы елеулі қиындықтарға кездесті. 1931-1932 жж. аштық салдарынан балалар саны күрт азайып, жетім балалар саны көбейеді. 1932ж. күз айында балалар үйіне 68 мың бала орналастырылды. Панасыз балалардың саны 45 мыңнан асты.

1933ж. бастап, бастауыш мектеп 4 кластық, орталау мектеп 7 кластық және орта мектеп 10 кластық болып қайта құрылды. Қоғамдық-саяси пәндерді оқытуға және оқушыларға жанаша, коммунистік идеялық тәрбие беруге ерекше мән берілді. Екінші бес жылдық жылдарында Республикада жалпы білім беретін мектептердің саны асты. Осы жылдары мұғалімдер саны да екі еседен астам көбейіп, 31 мыңға жетті.

Мәдени құрылыс ісінің дамуына ұлт зиялылары, Алаш қозғалысының, Алаш партиясының, Алашорда үкіметінің жетекшілері үлкен үлес қосты. Олар ана тілінде бірегей оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға белсене қатынасты.

20-жж. қазақ мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды жасауға С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, Ғ.Мүсірепов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, К.Кемеңгеров және басқалары атсалысты.

Республикада қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар Қазан қаласында бастырылды. Орыс тіліндегі оқулықтар Мәскеуде дайындалды. Кейінірек, қазақ тіліндегі оқулықтарды әзірлеу мен шығару үшін, ҚазақАКСР Мемлекеттік баспасы құрылады, онда редакциялық алқа мүшелері қатарында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, Х.Болғамбаев сияқты зиялы қауым өкілдері болды.

Қазақ тілінің тұңғыш әліппесін жасаған, Ахмет Байтұрсынов елде оқу-ағарту ісін дамытуға үлкен еңбек сіңірді.

Сол кезде Томск университетінің студенті болған Қ.И.Сәтбаев орта мектепке арналған қазақ тіліндегі алғашқы алгебра оқулығын, ал Ә.Бөкейхан география оқулығын құрастырды.

Алаш қозғалысының белсенді басшыларының бірі, Алаш Орда үкіметінің Батыс филиалы төрағасының орынбасары, мамандығы әскери дәрігер болған әйгілі Халел Досмұхамедов 1921ж. қазақ халқы арасында педагогикалық білім берумен айналысатын Түркістан Республикасының ғылым комиссиясының төрағасы ретінде, мектептердің жана жүйесін қалыптастыруда, қазақ мектептері үшін оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тіліне аударып, жаңадан құрастыру ісіне көп еңбек сіңіреді.

Халық арасындағы сауатсыздықты жою жөнінен Қазақ өлкесі 20-30-жылдарда басқа аймақтардан едәуір артта қалды. Бұл кезде қазақтар қолдан жасалған аштықтың екінші және үшінші кезеңінің (1921-1922жж., 1931-1933жж.) ауыр зардаптарын бастарынан кешіріп жатқан еді. Аштық пен

күйзеліске, содан туған халық толқуларына қарсы күрес сауатсыздықтың барысын біршама тежеді.

1939ж. ресми мәліметтерге сүйенсек, республика халқының сауаттылығы 65%-ға, ал қазақ халқы арасында 40%, ал Алматы, Қарағанды, Орал, Әулие-Ата, Риддер, Шымкент, Қарсақпай қалалары жаппай сауатты аудандарға айналған көрінеді.

Кеңестік оқу-ағарту жүйесінің республикада дамуына 1928\1929жж. – қазақ тілінің араб графикасынан латын шрифтіне ауысуы қатты соққы болып тиді. Шындап келгенде, кеңестік дәуірде мемлекет басындағы большевиктер патша үкіметінің ұмытыла бастаған ұсақ ұлттарды орыстандыру және оны тезірек жүзеге асырудың шешуші буыны болып саналатын олардың ғасырлар бойы пайдаланып келе жатқан араб жазуын орыс жазуының танбаларымен алмастыру идеясын ұсынғаны белгілі.

Түркі халықтарының зиялылар тобының қарсылығынан сескеніп, алдына дайындықсыз бірден орыс жазуына көшіріп жіберу қауіпті екенін түсінген жаңа отаршылдар алдымен оларды латынша жазуды қабылдауға күштейді. Латын жазуын алуға Қазақстанда қарсылық күшті болды. А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары бұл саясаттың түпкі астары қандай саяси-идеологиялық мақсатты көздейтінін жақсы білетінді. Бұл латын жазуын алу уақытша көзбояушылық екендігін, бәрібір ақырында орыстандырудың кілті болған орыс алфавитіне көшетінін олар жақсы түсінді. 1931ж. «Жаңа әліпке көшу туралы Халық комиссарлар Кеңесінің (ХКК) жанындағы Орындаушы комиссия» дейтіндер латын жазуына қарсыларды заң жүзінде қудалауды ашық түрде жүргізе бастады.

А.Байтұрсынов реформалаған араб жазуымен тез арада әрі жеңіл, оп-онай сауатын аша бастаған қазақ халқын кеңес билігі тағы да жаңадан латын танбасымен қайтадан сауат ашуға мәжбүр етті. Мұның ең ауыры мың жылдан астам өткен тарихи жады болған рухани қазына көздерінен мәңгілікке қол үзуге әкеліп соқты.

Латын жазуынан кириллицаға (орыс жазуына) көшу идеясы 1937-1938жж. кейін, қазақтың зиялыларына қарсы қуғын-сүргін кең етек алып, мындаған адамдар атыла бастағанда, қайта тіріліп, оны жүзеге асыру туралы ұсыныстар жариялана бастады.

Латын жазуын кириллицаға алмастыру кезінде (1940ж) қарсылық білдірер зиялы топтың болмауы себепті, сондайлық қарсылықсыз оның іске асқаны белгілі. Латын жазуын кириллицаға ауыстыру оқушыларға, жалпы қазақтарға өзінің теріс әсерін тигізді.

Кеңес билігінің 10-12 жылда қазақтардың қолданып келген жазу танбасын (алфавитін) үш рет өзгертуі, олардың тарихи есінің сақталу дәстүрі мен сан ғасырлар бойы қалыптасқан орасан зор рухани құндылықтарынан айыру болып табылады.

Әріптерді өзгертудің түп төркінінде бүркемеленіп жүргізілген құйтұрқы, империялық мүддені көздеген, құпия саясат жатқан еді.

Араб шрифтінің алғашқыда латын әрпіне, сосын іле-шала кириллицаға ауыстыру нәтижесінде қазақ халқы сауатсыздықты жою тұрмақ, керісінше, бір

мезетте жаппай сауатсыздыққа тап болды. Кириллицаға өткен кезде, қазақ халқы қайтадан сауатын аша бастады. Латын жазуымен басылып шыққан, саны миллиондаған экземплярды құрған кітаптар ешкімге қажетсіз макулатураға айналды. 10-15 жылдың ішінде алфавиті үш рет өзгерген қазақтар тек қана сауаты төмен адамдарға ғана емес, сондай-ақ рухани денсаулығына зиян келген ұлтқа айналады.

4.8.2. Кәсіптік білім беру және қазақ-кеңес зиялыларының (интеллигенциясының) қалыптасуы

Халық шаруашылығын қалпына келтіру аяқталған – 1925ж. республикада 14 педагогикалық техникум және бірнеше халық ағарту институты жұмыс істеді. Орынборда орыс тілінде оқытатын педагогикалық халық ағарту институты (ПИНО), Семейде, Алматыда, Ташкентте аралас оқытатын институттар болды. Сол жылы Орынбордағы қазақ халық ағарту институты Қызылордаға көшірілді. Өлкедегі халық ағарту институттарында 700-дей студент, оның ішінде 550-ден астам қазақ жастары оқыды.

1923\24 оқу жылдарында Орынборда, Семейде, Оралда, Алматыда агрономдық және мал дәрігерлік зоотехникалық техникумдар ашылды. 1937ж. орта білімді педагог кадрларын даярлайтын техникумдардың саны 27-ге жетті, ал 1940ж. барлығы 118 арнаулы орта білім беретін оқу орындары мен техникумдар жұмыс істеді.

Қазақ өлкесінде 20-30-жж. дейін, жоғарғы білім беретін оқу орындары болмады. Оған республикаға қажетті мөлшерде профессор-оқытушы кадрлардың жоктығы өз әсерін тигізді. Қажетті жоғары білімді кадрлар республикадан тыс жерлерде – Мәскеуде, Қазанда, Омбыда және басқа да қалаларда, сондай-ақ Ташкентте даярланған болатын.

1927\1928 оқу жылында астанамыз – Алматыда еліміздің тұңғыш жоғарғы оқу орны – педагогикалық институт (қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогика университеті), Ташкенттен көшірілген ағарту институты негізінде ұйымдастырылды. Еліміздің астанасында 1929-1931жж мал дәрігерлік-зоотехникалық, ауыл шаруашылық және медицина институттары ашылады. 1932ж. Оралда Орынбордан көшірілген халық ағарту институты негізінде құрылған педагогикалық институт жұмыс істей бастайды. 1934 ж. Алматыда Семейден көшіріліп әкелінген геологиялық барлау ғылыми институтының негізінде қазақ кен-металлургия институты (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университет) құрылды. Сол жылы Қазақстан жоғарғы оқу орындарының көш бастаушысы болып саналатын Қазақ мемлекеттік университеті (Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) ашылды. Қазақ мемлекеттік университетінде ұлттық интеллигенция өкілдерінің озық өкілдері әр мамандықта сабақ беретін. Соның ішінде, республикада денсаулық сақтау ісіне көп еңбек сіңірген, мемлекеттік баспаның ғылыми редакциялық бөліміне жетекшілік етіп, қазақ тіліндегі барлық ғылыми және педагогикалық басылымдарды редакциялап отырған, «Алаш» үкіметінің Батыс филиалының төрағасы болған Халел Досмұхамедов Қазақ мемлекеттік

университетін құруға белсенді қатынасады, доцент ғылыми атағы бар ол осында педагогика кафедрасының тұңғыш меңгерушісі болады. Оның қаламынан жаратылыстану мен педагогикаға арналған бірнеше оқулықтар туады. Ол үш бөлімнен тұратын зоология, анатомия, физиология, мектеп оқушысының гигиенасы, мектептер мен техникумдарға және табиғаттану пәндеріне арнап қазақ тілінде оқулықтар жазғанын біреу білсе, біреу білмейді.

Екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында жоғарғы оқу орындарының саны 20-ға жетіп, оларда 10,4 мың студент оқыды. 118 орта арнаулы оқу орнында 40 мыңдай адам оқыды.

20-30-жж. – Қазақстанда ғылым қалыптаса бастайды. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы (1920ж құрылған) өлкенің тарихын, этнографиясын, экономикасын зерттеудің және жаратылыстану ғылымының ірі орталығына айналады. Қоғамның жаратылыстану, география, этнография және тарихи-археология секцияларының жұмысына С.Асфендияров, А.В.Затаевич, Ә.Диваев, Қ.Жұбанов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Жолдыбаев, А.Чулошников, А.Якубовский және т.б. көрнекті өнер және ғылым қайраткерлері белсене қатынасты.

Осы жылдары қазақ халқының тарихы мен этнографиясы, археология жөнінде еңбектер басылып шықты. Қазақ тарихының, мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің, қазақ руларының шежіресінің үлкен білгірі Мұхамеджан Тынышпаев бірнеше тарихи еңбектердің, соның ішінде «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» («Материалы к истории киргиз-казахского народа») деген 1925 ж. Ташкентте басылып шыққан кітаптың авторы. М.Тынышпаев революцияға дейінгі зиялы қауымның жарық жұлдыздарының бірі, қазақтан шыққан алғашқы темір жол инженері, социалистік индустрияландырудың тұңғышы, әйгілі Түрксібтің құрылысын басқарып, оны уақытынан бір жыл ерте бітіруге үлкен үлес қосқан адам екендігін де білеміз.

Мамандығы дәрігер, республикадағы тарих ғылымының негізін қалағандардың бірі Санжар Асфендияров «Қазақстанның көне заманнан бергі тарихын» (1935ж) жазды.

КСРО-ның көрнекті ғалымдары қатынасқан геологиялық экспедициялары қазақ өлкесінің жер қойнауы мен пайдалы қазбаларын зерттеу нәтижесінде түсті металдардың, қорғасынның, мыстың, күмістің, хромның, фосфордың, мұнайдың және т.б. мол кен орындарын табады.

Индустрияландыруды іске асырудың салдары ретінде Қазақ Республикасы орталықтың шикізат көзіне және онда өндірілетін өнеркәсіп өнімдерін өткізетін рынокқа айналады.

Жалпы алғанда, 1940 жылдың қарсаңында республикада 110 ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелері жұмыс істеді, онда 1700-ден астам ғылыми қызметкерлер еңбек етті.

4.8.3. Әдебиет және өнер

Қазан төңкерісінен кейін қазақ кенес әдебиеті ұлы Абай негізін салған демократиялық жазба әдебиеттің сыншыл реализм дәстүрлері негізіндегі даму жолына түсті. Кенес үкіметінің алғашқы жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Сәбит Дөнентаев, Спандияр Көбеев, Шәкәрім Құдайбердиев және т.б. өздерінің шығармаларымен қазақтың ұлттық жазба әдебиетін байытуға үлес қосты.

Дәстүрлі ауыз әдебиеті саласында Жамбыл Жабаев, Н.Байғанин, Кенен Әзірбаев, Иса Байзақовтар биіктен көрінді. Омар, Доскей, Қалқа, Қуат, Үмбетәлі, Саяділ ақындар Жамбыл дәстүрін жалғастырды.

20-30-жылдары мазмұны ұлттық, түрі социалистік қазақ әдебиетін қалыптастыру үрдісіне І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов өз үлестерін қосты. Әдебиетті дамытуға С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, И.Шухов және т.б. белсене қатысты. Олардың шығармалары қазақ әдебиеті тарихының тұтас кезеңін құрады.

Қазан төңкерісінің жыршысы С.Сейфуллиннің «Қазақ жастарының марсельзасы» республикаға кеңінен тарады. 1927ж. оның «Тар жол, тайғақ кешу» роман-повесі жарық көрді. Алаш партиясының мүшесі болған Мағжан Жұмабаев кеңес билігін мойындағаннан кейін біршама шығармаларын жариялаған болатын. Ал, әйгілі Жүсіпбек Аймауытов бірнеше романдар мен пьесаларында, қазақтардың 1916ж. ұлт-азаттық көтеріліске, қазан төңкерісіне және азамат соғысына қатынасқандардың тұтас бір галереялық образдарын жасады.

30-жылдардың аяғы – 40-жылдардың басында М.Әуезов болашақ ұлы эпопеясы – «Абай жолының» бірінші кітабын жазуға кірісті. С.Мұқановтың «Жұмбақ жалау», Ғ.Мұстафиннің «Өмір не өлім» романдары жарық көрді.

Алайда осындай жетістіктерге қарамастан, 1937-1938жж. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты әдебиет санлақтары, классиктері қуғын-сүргіннің құрбанына айналды.

20-жылдардың басында қазақ көркем театрының дамуы басталды. Бұл кезде Орынборда, Алматыда, Ақмолада, Семейде және басқа қалаларда әуесқой театр топтары құрылады. Олардың ең көрнектісі – 1922ж. Семей қаласында құрылған драмалық үйірме еді. Оның жұмысына кейін қазақ өнерінің белгілі кайраткерлері болған Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Елубай Өмірзақов және т.б. белсене қатынасады.

1925 ж. өкімет Қазақ ұлттық театрын құру туралы шешім қабылдайды. 1926ж. 13 қаңтарда М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» драмасы қойылып, тұңғыш қазақ кәсіби театрының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Театрдың қалыптасуына режиссер және актер Жұмат Шанин көп еңбек сіңірді.

Кәсіби театрлар облыста да және аудан орталықтарында да құрылады. Екі ұйғыр (кәсіби – Алматыда, әуесқой – Жаркентте), Шымкентте – өзбек, Петропавлда – татар, Қызылордада – кәріс театрлары құрылды.

1932ж. республикада тұңғыш музыка-драма техникумы, ал 1934ж. бірінші музыкалық театр ашылды. 1937ж. бірінші музыкалық театр опера және балет театры болып қайта құрылады. Кәсіби өнердің қалыптасуы үшін Қазақстан халық өнері кайраткерлерінің 1934ж. өткен слетінің үлкен маңызы болды. Слетте А.Жұбановтың театр-музыка техникумының жанынан ұйымдасырған домбыра оркестрі өнер көрсетті. Көп ұзамай осы домбыра оркестрінің негізінде Қазақ Ком атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі құрылды (1944ж. Қазақтың Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі), оның дирижері және

көркемдік жетекшісі болып Ахмет Жұбанов тағайындалады. Осы оркестрлер көркемөнер интеллигенциясының нағыз ұстаханасына айналды. Осы шаңырақтан Күләш Бәйсейітова, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Ришат және Мүсілім Абдуллиндер, Жаппас Қаламбаев және т.б. шықты.

Композитор Е.Брусиловский «Қыз Жібек», «Жалбыр» пьесаларын және «Ер Тарғын» операсын жазды, олар қазақ музыкасының алтын қорына енді. Халық музыка өнерінің асыл қазыналарын жинауда музыка зерттеушісі әрі композитор А.В. Затаевич аса зор еңбек сіңірді. Ол Қазақтанның көптеген аймақтарын аралап, қазақтың 2300 әні мен күйін нотаға түсіріп алды. 1925ж. А.В. Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні», ал 1931ж. «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» атты кітаптарын шығарды.

Сол жылдары қазақ халқының музыка өнері халықаралық деңгейде кенінен танылды. Қазақ әндерінің әсемдігін шет елдік тыңдаушылардың құлағына әнші Әміре Қашаубаев бірінші болып жеткізді. 1925ж. әнші Ә.Қашаубаев Парижде өткен дүниежүзілік көрменің этнографиялық концертіне қатынасып, «Ағаш аяқ», «Дударай», «Балқадиша», «Қара торғай», және т.б. әндерін шырқайды. Қазақ әншісінің өнеріне француз баспасөзі жоғары баға береді. 1927ж. Ә.Қашаубаев Майндағы-Франкфуртте өткен Дүниежүзілік музыка көрмесінде ән айтып, қошеметке бөленеді. Көрме аяқталғаннан кейін ол Германияның қалаларында ұзақ уақыт гастрольде жүреді.

Кенес өкіметінің алғашқы жылдарында республиканың елді мекендерінде туа біткен әншілер, күйшілер, сырнайшылар, қобызшылар, цирк әртістері өз өнерлерімен жұртты тәнті етті. «Жылжымалы» концерттік топтардың құрамында халықтың қалың ортасынан шыққан К.Әзірбаев, М.Шамсутдинова, Н.Бекежанов, Г.Айтбаев, Қ.Жапсарбаев және т.б. сазгерлер мен әншілер өнер көрсетті.

1936ж. мамыр айында Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігінде шығармашылық интеллигенцияның 300-ден аса өкілі өнердің ең үздік үлгілерін паш етті. Бұл онкүндікте қазақ өнерінің майталмандары Жамбыл Жабаев, Күләш Байсейітованың және басқаларының өнеріне И.В.Сталиннің өзі тәнті болады. Онкүндіктің нәтижесінде К.Байсейітоваға «Кенес Одағының халық әртісі» атағы берілді, ал Ж.Жабаев Ленин орденімен марапатталады.

Кенес билігінің алғашқы жиырма жылдығында өнердің жаңа түрлері – бейнелеу өнері мен кино пайда болды. Бейнелеу өнерінің алғашқы табыстары орыс суретшісі Н.Г.Хлудовтың қызметімен тығыз байланысты. Соның бастамасымен 1920ж. кескіндеме студиясы ұйымдастырылады. Болмысты көркем бейнелей алатын табиғи дарыны бар бірқатар қазақ жастары Мәскеудің және Ленинградтың оқу орындарында оқыды. Мәселен, Ә.Ысмайылов, Ә.Қастеев және т.б. көркем-сурет оқу орындарынан дәріс алды. 1933ж. Қазақстан Суретшілер одағының ұйымдастыру комитеті құрылды.

Кино өнерінің қалыптасуы 1925ж. бастау алады. Қазақстандағы тұңғыш деректі фильмді мәскеулік мамандар түсірді. Тек 30-жылдары ғана Қазақстан туралы хронологиялық-деректі және көркем фильмдердің өндірісі біршама жандана бастады.

1936-1939жж ресейлік кино мамандарының көмегімен «Амангелді» көркем фильмі түсірілді. Фильмнің сценарийін Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов және драматург В.Иванов жазды. Рольдерді Е.Өмірзақов, С.Қожамқұлов, Ш.Жандарбекова, Қ.Бадыров ойнады.

20-30-жылдары республиканың мәдени-ағарту келбеті түбегейлі өзгерді. Халықтың оқу-білімінің негізі қаланып, мәдени-ағарту мекемелерінің кең ауқымды желісі қалыптасты. Ғылым салалары дамып, кәсіби өнердің негіздері қаланды. Алайда, қоғамның бүкіл рухани саласы қатаң партиялық бақылауға алынды.

V. II ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС (1939-1945ЖЖ), ОНЫҢ ШЫҒЫС МАЙДАНЫ – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ (1941-1945ЖЖ)

5.1. Гитлерлік Германияның II дүниежүзілік соғысқа дайындалуы. Кеңес-герман экономикалық сауда байланыстары. Германия мен Кеңес одағының бір-біріне соғыс жарияламау жөніндегі келісімімен Риббентроп – Молотов құпия шарты

1933ж. елде фашистік диктатура орнағаннан кейін, нацистік Германия дүние жүзіне үстемдік жүргізу жоспарын жүзеге асыруға кірісті. Оны Италия мен Жапония үкіметтері қолдады. 1936ж. Германия мен Жапония «антикоминтерндік шартқа» қол қояды, ал 1937ж. оған Италия қосылады. Жапония 1937ж Қытайға, Италия 1935-1936жж. Эфиопияда басқыншылық соғыстар жүргізеді.

Франция мен Кеңес Одағы арасындағы өзара көмек туралы келісімнің бекітілуі (1936ж. 28 ақпан), Германияның Рейн облысын қайтадан қаруландыруға түрткі болды. Германия Рейн аймағына өз әскерін енгізеді. Сөйтіп, Версаль келісімі өз күшін жояды. 1938ж. 29-30 қыркүйекте Мюнхенде Германия, Италия, Англия және Франция қатынасқан конференцияда қабылданған шешім бойынша, 10 қазанға дейін Чехословакияның шекаралық аудандары Германияға берілуге тиіс болды. Сондай-ақ Польша мен Венгрияның Чехословакияға таққан территориялық талаптары қанағаттандырылуға тиіс болды. Қазан айының басында Германия Чехословакияның шекара аудандарын оккупациялайды, ал поляк әскерлері Пшин облысын, Венгрия Словакияның оңтүстік және оңтүсік-батыс аудандарын және Закарпатияның оңтүстік бөлігін өзіне қосып алады. Чехословакия халқы мен территориясының 3\1-нен, өнеркәсібінің 40%, едәуір шикізат пен отын ресурстарынан, шекарадағы қорғаныс шептерінен айрылады. Германияға 40 дивизияны құрайтын Чехословакия армиясының қару-жарақтары, автомобиль және темір жол мүліктері әкетіледі. 1938ж. наурыз айында Австрияда референдум өткізіп, Германия оны өзіне қосып алады (Аншлюс).

Еуропада өз мүдделерін қорғау үшін, Англия мен Франция үкіметтері Польша, Румыния, Греция, Турция елдерін қорғауға міндеттеме алады. Сондай-ақ Кеңес Одағымен ұжымдық қауіпсіздік жөнінде келіссөз жүргізеді. Кеңес үкіметі олардың кейбір талаптарымен келіспей, келіссөзді тоқтатады да, керісінше, Германиямен тіл табуға кіріседі. 1938ж. наурыз айында Кеңес Одағы Германиямен жаңа сауда-экономикалық келісімге қол қояды.

1938ж. қарашада Германия Польшаға бірнеше талап қояды: Гданскіні (Данцигті) Рейхтың құрамына қосу, Польша территориясынан Шығыс Пруссияға авто және темір жол тораптарын салу және антикоминтерндік шартқа қатысушылардың қатарында Кеңес Одағына қарсы күресу.

1939ж. наурызда Англия Гитлердің агрессиясын болдырмауға әрекет жасап, өзінің Польшаның тәуелсіздігіне гарантия беретінін жариялайды. Германия 28 сәуірде Польшаға шабуыл жасамау жөніндегі декларацияның күшін жойып, соғысқа белсенді дайындалуға кіріседі.

Германия Кеңес Одағымен территориялық және экономикалық сипаттағы кейбір мәселелер төңірегінде келісімге кол жеткізудің кеңес басшыларының қызығушылығын тудыратынына кәміл сенді. 19 тамызда Германия Кеңес Одағына өте пайдалы, 1938ж. аяғында талқыланған сауда келісіміне (онда аз процентке 200 млн марка кредит беру мәселесі қарастырылған болатын) кол қояды және Жапониядан Кеңес Одағына қарсы әскери қимылдарын тоқтатуын талап етуге, сондай-ақ Шығыс Еуропадағы Германия мен Кеңес Одағы арасындағы «ықпал өрісін» белгілеуге дайын екендігін жеткізеді. Сол күні кешке таман Кеңес басшылары бір-біріне соғыс жарияламау турал шартқа кол қоюға, Германияның Сыртқы істер министрі Риббентроптың Мәскеуге келуіне келісімін береді.

23 тамызда төтенше өкілеттілігі бар Риббентроп пен Кеңес Одағының Сыртқы істер министрі Молотов арасында 10 жыл мерзімді қамтитын бір-біріне соғыс жарияламау туралы Германия мен Кеңес Одағы арасында келісімге кол қойылады. Ертеңіне бұл келісім газеттерде жарияланады. Молотов-Риббентроп шарты (1939ж. 23 тамыз), яғни соғыс жарияламау туралы Кеңес-Германия келісімі, ресми көзқарас бойынша, Қызыл Армияны қайта құруды іске асыру мақсатында, Кеңес Одағына соғыстың басталу мерзімін кешеуілдетуге мүмкіндік берген көрінеді. Расында да, алғашқы кезде қоғамда ол осылай қабылданғаны ақиқат еді. Кейініректе, Горбачевтың қайта құруы кезінде, 1989ж. қоғамға белгілі болғандай, шартпен қоса, Польша территориясын Германия мен Кеңес Одағы, шын мәнінде, бөліске салу туралы протоколға кол қойғаны белгілі болды.

Нақты айтқанда, құпия шарт олардың Шығыс Еуропадағы ықпал өрісін бекітеді. Құпия келісім Кеңес Одағының Шығыс Еуропаның картасын бөліске салуға қатысқанын дәлеледеп отыр. Осы құжатқа кол қоюдың нәтижесінде, Гитлер Польшаға қарсы агрессия жасауды біржолата шешеді.

Шын мәнісінде, II дүниежүзілік соғыс өртін тұтандыруға Адольф Гитлер мен Иосиф Сталиннің кінәсы бірдей, екеуі де кінәлы. Олардың дүниежүзілік соғысты бастап, Еуропаны бөліске салуды жоспарлауы – тарихи шындық.

Германия Еуропаны түгел жаулап алғаннан кейін, «басып кіруге дайын армияларды» жасақтайды. Армия қатарына бірнеше миллион немістер мен еуропалықтар шақырылады. Осыншама адамды асырау керек.

Мологов-Риббентроп шарты бойынша, Кеңес Одағы Германияны астық, ет, сүт, басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп тұрғаны белгілі болды. Кеңес Одағынан келіп тұратын мұнай өнімдері – жанармай немістердің автомашиналарына және танкілеріне құйылды. 1941ж. 22 маусымға дейін, неміс-фашист әскерлері Кеңес Одағына кенеттен шабуыл жасағанға дейін, сирек кездесетін металл элементтері тиелген эшалондар Германияға үздіксіз келіп тұрды. Байқап отырғандай, Мологов-Риббентроп шарты бойынша Кеңес Одағы өзінің одақтасы Германияны оған қажетті шикізтпен, өнеркәсіп

және азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіп, оны күшейтуге қосымша септігін тигізіп тұрған. Олай болса, Германия мен Кеңес Одағы арасындағы экономикалық келісім, стратегиялық кателік, қаттырақ айтқанда, бұл – Кеңес басшыларының, соның ішінде И.В.Сталиннің жеке басының қылмысы.

Келісім шарттарын орындай отырып, Кеңес Одағы өзінің потенциалдық қарсыласын күшейткені өтірік емес. Талапқа сай, заманауи армияны құрған Германия Еуропа елдерін жаулап ала бастады, оккупацияланған мемлекеттердің әскери зауыттарын тартып алып, өзінің экономикасының қуатын күшейтеді. Ең бастысы, Кеңес Одағына шабуыл жасаудың қарсаңында, Германия мол әскери тәжірибе жинап алады. Сол келісімге сәйкес, Кеңес Одағы Балтық жағалауы мемлекеттерін және украиндар мен белорустар тұратын Варшава мен Люблин ведомстволарының жерлерін өзіне қосып алып, шекарасын кеңейтуге мүмкіндік алады. Бұл өзгерістер Польшаны бөліске салу, Кеңес Одағына Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны қосып алуды «азаттық жорық» деп айтуға мүмкіндік берді. Сөйтіп, Польша екі агрессордың – Германия мен Кеңес Одағының қарулы шабуылының құрбанына айналды.

5.2. II дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның Польшаға басып кіруі. Кеңес Одағының территориялық кеңеюі

1939 ж. 1 қыркүйекте Германия Польшаға қарсы соғыс қимылдарын бастайды. Бұған жауап ретінде Англия мен Франция Германияға соғыс жариялайды. Баршаға мәлім соғыс өрті Еуропаны, Азияны, Африканы және Океанияны – 22 млн шаршы шақырым, яғни аса зор кеңістікті шарпыды. Оған 64 мемлекет, 1 млрд 700 мың адам, төрттен үш бөлігінен артық жер беті тұрғындары тартылды. 110 млн адам қару асынды. Бұл соғыстағы адам және материалдық шығындардың есебіне жету қиын. Соғыста қаза болғандардың саны 50 млн жуық адам, яғни I дүниежүзілік соғыстағы шығыннан 5 есе көп. Оның басым көпшілігі Кеңес Одағының маңдайына жазылыпты. Қазір оның нақтыланған түрі 30 млн адамға жеткен. Егер де I дүниежүзілік соғыс 4 жылдан астам уақытқа созылса, II дүниежүзілік соғыс 6 жылға созылды. Соғыс барысында аса мол материалдық құндылықтар, өте көп мәдени ескерткіштер, қалалар, елді мекендер қирады, жойылды. Сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетеді. Гитлердің жоспары бойынша, Польшаны тез арада «блицкриг» нәтижесінде талқандап, жеңімпаз әскерлерін батысқа, Англия мен Францияға қарсы жіберу болатын.

Құш арасалмағы Германияның пайдасында еді: халықтың саны жағынан немістер поляктардан екі есе көп болатын. Экономиканың дамуы мен әскери потенциалы жағынан да артықшылық айқын еді. Польшаға қарсы 1,8 млн әскер, 11 мың зеңбірек, 2,8 мың танк, 2,6 мың ұшақ шоғырланды. Ал поляк армиясында небәрі 1,2 млн әскер, 3 мың зеңбірек, 600 танк және 400 ұшақ қана болды. Соғыстың үшінші күні шекараны қорғаған поляк әскері талқандалды. Варшаваны ерлікпен қорғау 27 қыркүйекке дейін созылады. Қару-жарақтың

жетіспеушілігіне байланысты ержүрек поляк әскерлері 5 қазанда жауға берілуге мәжбүр болады. Польшаны оккупациялаған немістер поляк интеллигенциясын, еврейлерді жүйелі түрде қыра бастайды. Еңбек міндеттілігі енгізіліп, мыңдаған поляктарды Германияда ықтиярсыз жұмысқа салу үшін, Германияға көшіре бастады. Оларды концлагерлерге қамады. Концлагерлердің ең ірілері Освенцим, Майданек және Трешлинка болды.

Польшаның қарамағындағы украин және белорус ағайындарының «қорғаусыз қалғанына» немқұрайлы қарай алмайтынын айтып, Кеңес Одағы басшылары өзінің агрессиялық пиғылын осылай бүркемелейді. 17 қыркүйекте Кеңес әскерлері Польшаға басып кіреді. Польша жеңілсе де тізе бүкпеді. Неміс және кеңес әскерлерінің басқыншы шапқыншылығы кезінде поляк әскерлерінің 60 мыңы қаза табады, 400 мың немістердің, ал 240 мың, соның ішінде 15 мың офицер, Қызыл Армияның тұтқынына айналады. II дүниежүзілік соғыста немістердің және кеңес әскерлерінің қолынан 6 млн поляк қаза тапты.

Екі агрессор мемлекеттердің келісімі нәтижесінде Польша қайтадан мемлекеттілігінен айрылды. Кеңес Одағы 12 млн халқы (7 млн украин, 3 млн белорус және 2 млн поляк) бар, 200 мың шаршы шақырым орасан зор территорияны өзіне қосып алады.

Енді құпия келісімнің шартына сәйкес, Кеңес Одағы өзінің назарын Балтық жағалауындағы елдерге жұмылдырады. 1939 ж. 28 қыркүйекте кеңес басшылары Эстонияға «бір-біріне көмек туралы келісімді» күштеп тағады. Оның шарты бойынша, Эстония Кеңес Одағына өзінің соғыс-теңіз базаларын беруге тиіс болады. 30 қазанда Кеңес үкіметі Ленинградтан 35 шақырым жердегі Карель мойнағынан өтетін «Маннергейм сызығы» деп аталған мықты бекініс жүйелерін салған Финляндияға территориялық талап қояды. Нақты айтқанда, Финляндия шекараны Ленинградтан 70 шақырым алыстыққа алып кетуге, сондай-ақ Ханко және Аланд аралдарындағы әскери-теңіз базасын қарусыздандыруға тиіс болды. 30 қарашада ілік іздеген Кеңес Одағы шекарада орын алған кішігірім қақтығысты пайдаланып, Финляндияға соғыс жариялайды. Оның салдары нәтижесінде агрессор ретінде Кеңес Одағы ұлттар Лигасының мүшелігінен шығарылады. Батыс мемлекеттері Англия мен Францияның қоғамдық пікірі Финляндия жағында болады.

Қызыл Армия бірнеше апта ішінде «Маннергейм сызығын» ала алмады, тіпті қатты зиян шегеді. Тек ақпанның аяғында ғана Кеңес әскерлері Финляндия қорғанысын бұзып өтіп, Выборг қаласын басып алады.

1940 ж. 12 наурызда екі ел арасында қол қойылған бітімге сәйкес, Финляндия Кеңес Одағына Выборгпен бірге Карель мойнағын және әскери-теңіз базасы Ханконы беруге мәжбүр болады. Осы кеңес әскерлері үшін аса қымбатқа түскен, қысқа мерзімді соғыс (50 мың солдат пен офицерлер қаза болады, 150 мың әскер жараланады және хабарсыз кетеді) Германияға және халықаралық қауымдастыққа Қызыл Армияның әлсіздігін және үлкен соғысқа дайындығы тым нашар екенін көрсетті.

1940 ж. маусымда Кеңес Одағы Балтық жағалауы мемлекеттері – Латвияда, Литвада, Эстонияда кеңес саяси комиссарларының бақылауындағы коалициялық үкіметтер құруды талап етеді де, «халық үкіметтері» құрылғаннан

кейін, аты аталған мемлекеттердің Сейміне «сайлау» өткіздіріп, оларды Кеңес Одағының құрамына «қабылдауды» өтінеді де, біршама уақыттан кейін оларды өзіне қосып алады.

Қызыл Армия Балтық жағалауына кіргеннен кейін, Кеңес үкіметі бұрын патшалық Ресейдің құрамына кірген Бессарабияны Кеңес Одағына «кайтарту» жөнінде Румынияға ультиматум жібереді. Сондай-ақ келісімде көрсетілмеген Солтүстік Букавинаны да Кеңес Одағына беруді талап етеді.

1940ж. 20 маусымда Молотов-Риббентроп шарты шеңбері негізінде жүргізілген келісімдерге сәйкес, Қызыл Армия Бессарабияға басып кіреді. Шартқа сәйес, сондай-ақ Солтүстік Буковина Кеңестік Украинамен қосылады. Бір жылдың ішінде Кеңес Одағының халқы 23 млн адамға өседі. Айтпақшы, АҚШ пен Англия Кеңес Одағының 1939-1940жж шекараны кеңейту операциясын мүлдем қолдамаған еді. Сол сияқты 1940ж. 23 тамыздағы Германия мен Италияның сыртқы істер министрлері катынаскан екі жақты халықаралық Вена арбитражының шешімі бойынша, Румынияның қарамағындағы Трансильванияның 2,5 млн халқы бар Солтүстік және Солтүстік-Шығыс облыстары хортистік Венгрияға берілді. Сөйтіп, корольдік Румыния өзінің территориясының айтарлықтай бөлігінен айрылады.

Гитлердің сеніміне ие болған генерал-диктатор Антонескудің шақыруымен 1940ж. қазанда «мұнай аудандарын қорғау» және румын әскерлерін үйрету деген сылтаумен Румынияға неміс әскерлерінің алғашқы бөлімдері кіргізіледі. 1941ж. наурызда Румынияға вермахтың 500 мыңдай солдат орналасты. Сол жылы маусымның басында жасырын түрде румын әскерлерін кеңес шекарасына шоғырландыра бастады.

1941ж. 1 шілдеде 13 румын және 7 неміс дивизиялары румын территориясынан Кеңес Одағына қарсы жылжиды.

1942ж. Кеңес Одағымен соғыста Германияның одақтасы Румынияның 30 дивизиясы катынасады. Румыния Кеңес Одағымен Прут өзенінде, Одесса және Севастопольде, Солтүстік Кавказда, Донда және Еділде соғысады.

Құрылған жоспарға сәйкес, Польшаны басып алғаннан кейін, Германия әскерлерін франк-герман шекарасына шоғырландырады. Бұл маңға француз және Франция территориясына түсірілген ағылшын әскерлері де жақындай бастайды.

Франция мен Англия қолбасшылары қорғаныс стратегиясын ұстап, 9 ай бойы ешқандай ұрыс қимылдарын жүргізген жоқ, тек позициялық соғыс әдісін қолданады. Қарсыластарының әрекетсіз қимылдарын пайдаланып, Германия Атлантикадағы ағылшын теңіз флотымен соғысуға қажетті база жасау үшін, Дания мен Норвегияны басып алады.

Норвегияны оккупациялап болған Германия Францияға, Бельгияға, Голландияға шабуылды бастайды. 14 мамырда Голландия, 24 мамырда Бельгия жеңіледі. 400 мыңдық англо-француздық топ Францияның солтүстік жағалауындағы Дюнкерн ауданында қоршауда қалады. 1940ж. 5 маусымда Дюнкерн алынады, неміс танкілері еш қарсылықсыз Парижге жетеді. 10 маусымда Франция үкіметі Парижден Францияның оңтүстік-батысындағы Бордо қаласына қашып кетеді. Шарль де Голль бастаған француз патриоттары

Англия территориясына өтіп кетіп, күресті жалғастырады. Сол күні фашистік Италия Францияға қарсы соғыс жариялайды.

Францияның солтүстік бөлігін Германия оккупациялайды, Париж, Лотарингия және Эльзас Германияға қосылады. Францияның оңтүстігінде Германияны жақтайтын сатқын маршал Пэтэн басқарған өкімет құрылады.

1941ж жазына қарай Батыс және Орталық Еуропада фашистер өз билігін орнатады және одақтастар – Германия мен Италия екінші дүниежүзілік соғыс барысында 9 еуропалық мемлекетті жаулап алады.

Ұлттар Лигасы өмір сүруін тоқтатады. Румыния, Бельгия, Болгария, Финляндия Германияның одақтасына айналады. Португалия және Испания фашистік Германияны және Италианы қолдады. Швеция, Швейцария және Ирландия бейтарап ел болып қала берді.

Англиямен соғысты аяқтап болмай тұрып, А.Гитлер 1939-1940жж. Латвияны, Литваны, Эстонияны, Финляндияның бір бөлігін, Бессарабияны және Солтүстік Букавинаны өзіне қосып алған, Кеңес Одағымен соғысқа мұқият дайындала бастады.

Кеңес Одағына қарсы кампанияны дайындаумен қатар, бір кезде оның дипломатиялық дайындығын жасау белсенді жүріп жатты. 1940ж. 22 қыркүйекте шын мәнінде әлемді бөліске салу жөніндегі келісімге – Германия, Италия және Жапония арасында Үштік Шартқа қол қойылады. 1940-1941жж аралығында бұл шартқа фашистік Германияның одақтастары (сателиттері) – Румыния, Венгрия, Болгария, Словакия, Хорватия қосылады.

Шығыс Еуропада Германияның үстемдігін орнату осы аймақтың картасын қайтадан өзгертуді іске асыруға мүмкіндік береді. Югославия дербес мемлекет ретінде өмір сүруден қалады. Тәуелсіз Хорват мемлекеті құрылады, ал қалған жерлер Германия, Италия, Болгария және Венгрия мемлекеттерінің арасында бөліске түседі.

Басып алынған жерлердегі адамдарды қырып-жою, еріксіз жұмысқа салу саясаты жүргізілуі нәтижесінде неміс-фашистерге қарсы қарсылық қозғалысы дүниеге келді. АҚШ үкіметі бейтараптық саясатынан бас тартып, Англия мен басқа да Еуропадағы соғысып жатқан елдерге несие немесе қарызға соғыс материалдарын (ленд-лиз) беру туралы заң қабылдады (1941ж. наурыз).

Осы кезде кеңес дипломатиясы ірі жетістікке қол жеткізді. 1941ж. 13 сәуірде Жапониямен өзара шабуыл жасамау жөніндегі келісімге қол жеткізеді. Соның нәтижесінде Кеңес Одағының Қиыр Шығыстағы шекарасындағы шиеленісушілік бәсеңдейді.

5.3. II дүниежүзілік соғыстың Шығыс майданы – Ұлы Отан соғысының басталуы (1941-1945жж.) Кеңес халықтарының күшін жауға қарсы күреске жұмылдыру. Қызыл Армияның соғыстың алғашқы кезеңіндегі сәтсіздікке ұшырауы.

Қазақстандықтарын майдандағы өмірі

Өздеріне Еуропа елдерінің – Италия, Румыния, Венгрия, Финляндияның, барлық экономикасын бағындырған гитлерлік Германия барлық күшті Кеңес Одағына қарсы жұмылдырды. Батыста орнаған тыныштықты, «Түсініксіз соғыс» жағдайын ұтымды пайдаланып, Германия Кеңес Одағына қарсы өзінің 70% әскери күштерін, сондай-ақ одақтастарының әскерлерін шоғырландырды. Германия мен оның одақтастарының Кеңес Одағына қарсы бағытталған әскерінің саны 5,5 млн адамды құрады. Германия армиясы 190 атқыштар дивизиясынан, 4 мыңнан астам танкіден және 5 мың ұшақтан, мыңдаған артиллериядан тұрды.

Германия мен оның одақтастарына қарсы Батыс әскери округтерінде 2,9 млн адамы бар Қызыл Армия қарсы тұрды. Бұл Қызыл Армия мен әскери-теңіз флотының барлық санының жартысынан көбін (60,4%) құратын, 23-тен 36 жасқа дейінгі 1905-1918 жж. туған әскери міндетті адамдарды жалпыға бірдей әскерге шақыру, шілде айында Армияны 5,3 млн адаммен толықтыруға мүмкіндік береді.

Батыс шекараға жылжыған Кеңес әскерлерінің қарамағындағы 167 дивизия және 9 бригаданың сапында 32,9 млн зеңбіректер мен мина атқыштар, 14,2 мың танк, 9,2 мың әскери ұшақтар тіркелді. (танктердің 16% және ұшақтардың 18,5% ремонтта тұрды) Жалпы алғанда, Германияның және оның одақтастарының әскери күші мен қару-жарақтары соғыс басталғанда Кеңес Одағының әскери күші мен қару-жарақтарынан 1,2 есе артық болатын. Германиядан айырмашылығы – Кеңес әскерлерінің 75%-ы заманауи әскери тәжірибеден хабары болмады. Қызыл Армияның басшы кадрларының едәуір бөлігі өздерінің қызметтерінде тек 6 айдан кем уақыт қана жұмыс істейтін. Армияның басшы кадрлары сталиндік тазарту кезінде көп жапа шекті. 1937-1939 жж. 30 мыңға жуық әр түрлі рангтегі командирлер, көбінесе саяси сылтаулармен қызметінен қуылады немесе атылады.

Ұлы Отан соғысы деп аталған соғыстың алғашқы айларында, Қызыл Армияның әскери күшін Германияның күш-қуатымен салыстыруға мүлдем болмайтын еді. Кеңес Одағының 2,9 млн адамы бар 170 атқыштар дивизиясы елді жаудан қорғауға шекарада шоғырланды. Неміс-фашист әскерлерінің саны жағынан Қызыл Армиядан 1,8 есе, танктен – 1,5 есе, артиллериядан – 1,3 есе, ұшақтардан – 3,2 есе артық болды.

Дивизиялардың едәуір бөлігі бейбіт өмір штаты бойынша құрылған еді. Көптеген танкі, моторланған және авиациялық құрамалар құрылу сатысында болатын. Әскерлердің тығыздығы біркелкі болмады, олар 4500 шақырымға созылған майдан шебінде шашырап орналасты. Қорғаныс шептеріндегі әскерлердің арасындағы алшақтық тым үлкен болды. Авиация көбінесе нашар

жабдыкталған аэродромдарда орналасты. Қатынас жолдарының нашар дамуы және транспорт жабдыктарының жетіспеуі қорғаныс позицияларының осалдау жерлерін күшейте түсті. Оның үстіне үлкен репрессия (террор) жылдары, ірі әскери бірлестіктерді басқаруға тәжірибесі бар барлық дерлік жоғары әскери мамандардың және партия-кеңес кадрларының қырғынға ұшырағанын, сондай-ақ Финляндиямен болған сәтсіз соғыстың нәтижелерін ескере отырып, Германия Кеңес Одағының болашақ соғыста «күдіретті» герман әскеріне қарсылық көрсете алмайтынына кәміл сенеді. Кеңес Одағы әр түрлі бірлігі жоқ ұлттардың әлсіз жасанды бірлестігі деген ұстанымға байланысты оны топырақ сияқты алып (күші жоқ мүгедек) деп, оның күш-қуатын жете бағаламады. Оның үстіне Адольф Гитлерді оның төнірегіндегі генералдар жеңімпаз соғыс небәрі 4-6 аптаға ғана созылады деп сендіреді.

Гитлер кеңес адамдарының большевиктердің билігіне қарсылығында: ұжымдастыруды, қолдан жасалған аштықты (1917-1919, 1921-1922 және 1931-1933жж голодоморды), украиндар мен қазақтарға қарсы жүргізілген геноцидті ешкім ұмыта қоймағанын да ескерді. Бірақ та, Гитлер бір нәрсені ескермеді. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша, азат ету миссиясымен келген мемлекет, агрессор, басып алынған (оккупацияланған) елдердегі адамдармен өздерін басқаша ұстайды. Ал немістер славяндарды (орыстарды), украиндарды, белорустарды, чехословактарды, поляктарды, еврейлерді адам қатарына жатқызады. Неміс-фашистер жаулап алған жерлердің халықтарын құлдыққа айналдырады. Концлагерлерді құрады, адамдарды Германияға ықтиярсыз айдап апарып, оларды қара жұмысқа салады. Жаулап алушылардың бұл әрекетіне жауап ретінде кеңес адамдары асыртын жұмыс пен партизан қозғалысын ұйымдастырғанын білеміз.

«Жай оғындай қауырт аяқталатын соғысқа» бейімделген «Барбаросса» жоспары «Финляндия», «Солтүстік», «Орталық» және «Оңтүстік» армия топтарының келісілген қимылдарына негізделді. Екі финн армиясы мен немістердің «Норвегия» атты армиясы кіретін «Финляндия» тобының сокқысы Мурманскіге, Беломорье және Ладогаға бағытталды. «Солтүстік» тобының мақсаты Ленинградты басып алу болды. Ең қуатты «Орталық» тобының шабуылы Мәскеуге бағытталды, ал «Оңтүстік» тобына Украинаны оккупациялау жүктелді. Шығыста Германияның одақтасы Жапония саны 1 млн болатын қвантун армиясын шекараға шоғырландырып, Кеңес Одағына қауіп төндіріп тұрды.

А.Гитлердің алдына қойған басты мақсаттарының бірі – «басқаруға ыңғайлы болу үшін» Кеңес мемлекетін бөлшектеу болып табылды. Осы мақсатта жаулап алынған Кеңес Одағын «Мәскеу», «Отсланд», «Украина», «Кавказ» және «Түркістан» (оған Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан кірді) Рейхкомиссариаттарына бөлу жоспарланды. Қазақстанның қалған аудандары «Индустриальды облыстар» және «Идель-Орал» деп аталған Рейхкомиссариатқа қосылуға тиіс болатын.

Тарихнамада ІІ дүниежүзілік соғысты үш үлкен кезенге бөледі. І кезен, 1939 ж. 1 қыркүйек – 1942ж маусым айын қамтиды. Ол агрессорлардың,

Германия мен оның одақтастарының күшінің басымдығы жағдайында, соғыстың көлемінің кенеюімен сипатталады.

Гитлерлік Германияның агрессиясына қарсы бағытталған тарихқа «Ұлы Отан соғысы» атымен енген Кеңес халқының әділетті соғысы ІІ дүниежүзілік соғыстың ІІ және ІІІ кезеңіне жатады. Бұл кезеңдерде соғыс барысындағы шұғыл өзгерістің, инициативасының және күш басымдылығының антигитлерлік коалициясына кірген мемлекеттердің қолына көшуімен сипатталады. Коалицияның айтарлықтай басымдығы жаудың армиясын талқандаудан айқын байқалады. Соғыстың үшінші кезеңінде агрессор мемлекеттердің билеуші режимдері дағдарысқа ұшырап, ақыр соңында күйрейді.

«Барбаросса» жоспарын іске асыру 1941ж 22 маусымда шабуыл жасамау жөніндегі келісімді бұзып, таңертен кеңес әскерлері орналасқан жерлерді, аэродромдарды, коммуникациялар мен темір жол тораптарын, өнеркәсіп орталықтарын мындаған әскери ұшақтардың бомбалауынан және құрлықтағы неміс-фашист әскерлерінің шабуылынан басталды.

Әскери кимылдар Баренцовадан Қара теңізге дейінгі аймақта жүргізілді. Кеңес Одағына зор қауіп төнеді.

Жаудың үстемдігі тым айқын болды. Алғашқы тәулікте ол 1200 ұшақты, оның 800-ін аэродромда тұрған кезінде киратады. Сағанаулы күндердің ішінде немістердің әскерлері бірнеше жүздеген шақырымға жылжиды. 28 маусымда Минск алынды. Белосток-Минск шоқысында Қызыл Армияны талқандап, 320 мың кеңес жауынгерлері мен офицерлерін тұтқынға алып, генерал фельдмаршал фон Боктың әскерлері тікелей Смоленскіге шығады.

3 апта ішінде неміс әскерлері Кеңес территориясында 300-600 шақырымға тереңдеп, Латвия, Литва, Белоруссияны, сол жағалаудағы Украинаны, түгелдей дерлік Молдавияны жаулап алады. 9 қыркүйекте Ленинградты, 19 қыркүйекте Киевті қоршайды да, ондағы 650 мың адамды тұтқынға алады.

Соғыстың алғашқы 4-5 айы Кеңес Одағына тым қолайсыз болды. Қызыл Армия ауыр қорғаныс соғыстарын жүргізуге шамасы келмей, бастарына төнген қауіптен жан сақтап, қару-жарақтарын, техникасын тастап, жан-жаққа бас сауғалап қаша бастады. Кеңес әскерлері шегінбеді, шегініс ол шайқас кезіндегі шайқас кезінде қолданылатын әдіс-тәсілге жатады. Ақиқатын айтсақ, Қызыл Армия жаудың басым күшіне тойтарыс беруге мұршасы келмеді. Қызыл Армияның шығыны адам айтқысыз болды.

Жаудың жойқын шабуылы нәтижесінде, алғашқы айларда Қызыл Армияның 5 млн 400 мың солдат пен офицерлері тұтқынға түседі және 4 млн адам жер жастанады. Кеңес әскерлері 17 мың ұшақтан, 20 мың танкісінен айрылады, 200 жанармай сақталатын складтар жау қолында қалды деген деректер бар. Кеңес Одағына төнген қауіп елді біртұтас жауынгерлік лагерьге айналдыруды, бүкіл экономиканы, халықтың күш-жігерін майдан мүддесіне жауды жеңуге жұмылдыруды талап етті.

Қарулы күштерді басқару үшін, Бас қолбасшының ставкасы, барлық материалдық, рухани және адам ресурстарын жұмылдыру үшін, И.В.Сталиннің басшылығымен Мемлекеттік Қорғаныс комитеті (МҚК) құрылады. Оның

колына зор билік шоғырланады. Тез арада елдің қарулы күштерін толықтыру, жаңа әскери құрамаларды құру ең маңызды міндеттердің біріне айналды.

Ең алғашқы болып Қазақстанда, негізінен, Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан, сондай-ақ Қырғызстанның облыстарынан шақырылған жігіттерден тұратын 316-атқыштар дивизиясы құрылады. Оның командирі болып, Түркістан әскери округінің басшысы, генерал-майор И.В.Панфилов тағайындалады. Сонымен бірге алғашқы үш айда Республикада тағы да 238,310, 312,314,387 және 391-атқыштар дивизиясы құрылады. Небәрі Қазақстанда 20 атқыштар және кавалерия дивизиялары, бригадалары, бірнеше артиллерия және авиациялық полктер, ондаған әр түрлі әскери бөлімдер жасалды.

Нақтыланған мәлімет бойынша, Армия қатарына 1 млн 336 мың қазақстандық шақырылады. Одан басқа Еңбек армиясына Қазақстаннан 700 мың адам жұмылдырылады. Соғыс жылдарында Республикаға көшіріліп әкелінген 27 әскери оқу орны 16 мың офицерді даярлап шығарды.

Қазақстанда дайындалған әскери құрылымдар майданның барлық бөліктерінде ерлікпен шайқасады. Майданда шайқасқан қазақстандықтардың 630 мыңы көз жұмды. Солардың ішінде 125,5 мың казак жігіттері – майданнан оралмағандар. Солардың үлкен бір бөлігі туралы ақпараттарымыз жоқ. Қайда, қалай көз жұмды? Сүйегі қайда жатыр екен?

Соныстың алғашқы кезеңіндегі шабуылға бағытталған әскери тұжырымның сәтсіздікке ұшырауы жанадан ондаған, жүздеген атқыштар дивизияларын (297) құрудан басқа, сол мезеттегі жалғыз ғана тиімді құрал – ол кеңес халқының теренде жатқан ұлттық сезімдеріне назар аудару идеясы еді. 1941ж. 17 қарашасында Мәскеу метросының «Маяковский» станциясында толық жиналған мәскеуліктердің алдында ел басшысы И.В.Сталин неміс-фашист әскерлерімен жүргізіліп жатқан әділетті соғыста бізді (шыққан тектері түркі – Б.Қ.) А.В. Суворов, М.И. Кутузов, Александр Невский, сондай-ақ, К.Минин және Д.Пожарскийдің рухтары қолдасын деп, аруақтардың рухына жүгінеді. Көп ұлтты кеңес халқы И.В.Сталиннің бұл үндеуіне мойынсұнып, өз тарихындағы ата-бабаларының рухын көмекке шақырып, жаумен өршелене соғысқаны белгілі.

Сталинизмнің ықпалын, өздері немесе туған-туыстары зәбір көрген Кеңес өкіметіне деген реніш сезімдерін жеңуге тырысады. Коммунистердің ұйымдастырушылық қызметі және насихаты нәтижесінде, кеңес халқының патриотизмы (отаншылдығы) майданда және тылда тамаша жетістіктерге жетуге септігін тигізді.

Қазақстаннан Қызыл Армия қатарына шақырылған жастар өздерінің замандастарымен қолтықтасып, жаумен Баренцеводан Қара теңізге дейін созылған майдан шебінде ерлікпен шайқасты.

Неміс әскерлерімен болған алғашқы шайқас кезінде шегарадағы Брест қамалын қорғаған Қазақстаннан келген жігіттер А.Мусурманов, К.Аманкулов, Ғ.Жұматов, Ш.Шолтыров және т.б. өздерінің көзсіз ерлігімен көзге түсті.

...ның эскадронары (соңғысының құрамында Алматы облысының

тумасы, ұшқыш Бактыораз Бейсекбаев бар) зақымданған ұшақтарын неміс танкілері шоғырланған сапқа құлатады. Сол кезде тек Н.Гастеллоның ерлігі мойындалып, оған Кенес Одағының батыры атағы берілген болатын. Берлинде, 1951ж. Белоруссия патриоттарының ізденіс жұмыстары нәтижесінде А.Масловтың эскадрильясының мүшелерінің сүйектері табылады. Мамандардың шешімдеріне сүйеніп, құрамында ұшқыш Б.Бейсекбаев бар А.Масловтың экипажы Н.Гастеллодан 10-15 минут ертерек ерлік жасағаны дәлелденеді. Тарихи әділеттілік қалпына келтіріліп, 1989-1992жж. Б.Бейсекбаевқа Ресейдің батыры және Қазақстанның Халық Қаһарманы атағы беріледі.

1941ж. күзге таман гитлерлік Германия әскери техника және соғыс тактикасын жүргізудегі артықшылықтарын ұтымды пайдаланып, Балтық жағалауын, Белоруссияны, Молдавияны, Украинаның жартысын оккупациялайды. Ленинград пен Қырымды қоршауға алады. Елге төнген қауіп өсе түседі.

1941ж.24 қыркүйекте «Тайфун» операциясы жоспарына сәйкес, «Орталық» топтың қолбасшысы фон Бок Мәскеуге шабуыл жасап, оны басып алу үшін, 75 дивизиясын, оның ішінде 14 танк дивизиясын, шамамен 1500 ұшақты шабуылға жұмылдырды. 14 қазанда неміс-фашист әскерлері Калинин қаласын алады, 19 қазанда Мәскеуде қорғаныс жағдайы енгізіледі.

Мәскеу түбіндегі шайқаста (1941ж қараша-желтоқсан айларында) қазақстандықтардың жауынгерлік данқы шықты. Мәскеуді қорғауға барлық қолда бар қарулы күш шоғырландырылды, резервтен шұғыл түрде Сібір дивизиялары, Қазақстаннан И.В.Панфиловтың 316-атқыштар дивизиясы жеткізілді. Панфиловшылардан басқа Мәскеуді қорғауға Қазақстанда жасақталған кейбір атқыштар дивизиялары, 77,75- теңіз-флот бригадалары қатысты. Мәскеу қаласының тұрғындары партизандық жаппай қорғаныс шараларына кіріседі. Нәтижесінде, «Тайфун» операциясының қорытындысы Мәскеуді қорғаушылардың пайдасына шешіледі. Немістер өлгені, жараланғаны және қолға түскені бар 160 мың адамынан айрылады.

Мәскеу түбіндегі шайқаста И.В.Панфилов басқарған дивизия құрамында батальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлы өзінің қолбасшылық қабілетімен ерекшеленеді, Волоколамск тас жолындағы шайқастан кейін, ол полк командирі, ал 1943ж. небәрі 34 жасында полковник дәрежесінде 8-ші гвардиялық дивизияның командирі болып тағайындалады. Уақытында оның қолбасшылық қабілеті, ерлігі лайықты марапатталмады. Тек ол қайтыс болғаннан кейін 1990ж. оған Кенес Одағының Батыры атағы беріледі.

Мәскеуді қорғауда саяси жетекшілер И.Вихров, М.Ғабдуллин, автоматшы Т.Токтаров және жүздеген қазақстандықтар өздерінің ерліктерімен мәңгі өшпес із қалдырды.

Кенес билігі кезінде Мәскеуді қорғаған жауынгерлердің арасында 28 гвардияшы-панфиловшылардың ерлігін ерекше атап, оны дәріптеп, саяси жетекші В.Клочковқа «Шегінерге жер жоқ, артымызда Москва!» деген атақты сөзді айтқызып, оны кенестік идеологияның қаруына айналдырғанынан бәріміз хабардармыз. Шындап келгенде, Дубосеково разьезінде 28 панфиловшылардың

неміс танкілерімен ешқандай ұрысы болған жоқ. Бұл тұтастай әскери тілші Кривицкийдің қиялынан туған жорамал ғана болатын. И.В.Панфилов дивизиясында шайқасқан куәгерлердің барлығы, соның ішінде 1075-атқыштар дивизиясының бұрынғы командирі Илья Карпов 1948ж. «Новый мир» журналына берген сұхбатында: «1941ж 16 қарашасында Дубосеково разъезі жанында 28 панфиловшылардың неміс танкілерімен ешқандай соғысы болған жоқ. Мұның бәрі ойдан шығарылған. Бұл күні бұл жерде 2 батальонның құрамында 4 рота соғысты. Олар шынында да батырлықпен шайқасты. Ротадан жүзден астам адам мерт болды, газетте жазғандай 28 адам емес», - деп, шындықты айтқан болатын. Бірақ та бұл мәселе төңірегінде әлі күнге дейін кеңестік насихаттың ықпалы әлі басым. Тіпті Қазақстан кинематографтары II дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толуына байланысты, «28 панфиловшылар» деген атаумен орыстар мен қазақстандықтардың соғыстағы ерлігін мадақтап кино түсіргеніне біз куәміз. Осыған байланысты Кремльдің жетегіне ерген ұлыорыстық шовинизм саясаты өршіп тұрған кезде, біздің елге Мәскеуді қорғаған-мыс панфиловшы 28 жауынгер жайлы аңызды ақиқатқа айналдыру қаншалықты қажет дегіміз келеді.

Мәскеу түбіндегі неміс-фашист әскерлерінің жеңіліс табуы жау әскерлерінің рухын түсірді. А.Гитлердің қауырт соғыс жоспары («Блицкриг») біржола күйреп, немістердің армиясының жеңілмейтіні туралы аңыздың күлі көкке ұшады.

1942ж сәуір айынан қазанға дейін Қызыл Армия бірнеше ауыр жеңіліске ұшырайды. 1942ж сәуір-маусым айларында кеңес әскерлерінің Ленинград қоршауын бұзу әрекеті нәтижесіз аяқталады. Мамыр айында немістердің Керчке шабуылы кеңес әскерлеріне қатты жеңіліс әкеледі, олар тәртіпке бағынбай, Тамань жарты аралына қарай тым-тырақай қашады. Шабуыл нәтижесінде 175 мың адам тұтқындалады, кеңес әскерлері соғыс техникасының жартысының көбінен айрылады. 2 шілдеде фон Манштейн басқарған неміс-румын әскерлері Севастопольді басып алады.

Қазір көптеген шындықтың беті ашылып жатқан кез ғой. Қазақстанда жасакталған бірнеше дивизия соғыстың алғашқы айларында түгелімен жойылып кетті деген деректер бар. Мәселен, 80 пайызы казактардан құралған 106-Ақмола атты әскер дивизиясы жалаңаш қылышпен жау танкілеріне қарсы шауып, атакты Харьков қазандығында түгелдей қырылып қалған. Оған дейін де соғыс театрында «жеті қазан» болған көрінеді.

Деректер хабарлағанындай, 1942ж мамыр айындағы кеңес әскерлерінің Харьков маңындағы неміс-фашист әскерлерін талқандау мақсатында жүргізген авантюристік шабуылы сәтсіздікке ұшырайды. Ол «Харьков апатымен» аяқталады, Қызыл Армияның Оңтүстік-Батыс майданы толық талқандалады. «Харьков қазаны» барысында үш кеңес армиясы із-түзсіз жоғалып кетеді. Қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен адамдардың нақты саны белгісіз. Тіпті толық дивизиялардың тағдыры жөнінде мәлімет алу мүмкін болмаған. Бүгінде, кілен казак сарбаздарынан жасакталған 96-шы, 105-ші дивизия, 100-ші атқыштар бригадасы, соғыс құрбандары ретінде пайдаланылып, ажал оғына айдап салынғаны белгілі болып отыр.

Неміс әскерлері Харьков түбінде Қызыл Армияға орасан зор шығын жасауға мүмкіндік алады. «Харьков апатына», кейін анықталғандай, Оңтүстік Батыс майданның басшылары маршал С.Тимошенко, генерал И.Баграмян және әскери кеңестік мүшесі Н.Хрущев кінәлы болған.

Маусым-шілде айларында Қызыл Армия жеңілуден көз ашпайша Бірнеше аптанын ішінде стратегиялық инициативаға ие болған немістер 400 шақырымға жылжыды. Қызыл Армияның әскери сәтсіздікке ұшырауы салдарынан, тәртіпті бұзудың және үрейдің көп етек алғаны үшін И.В.Сталиннің 1942 ж. шілдеде «Бір қадам да шегінбеу туралы» бұйрығы шығады. Қызыл Армия қатарында темір тәртіп орнатылады. Қарсыластап, шегінген адамдарды дереу атып тастау әдетке айналды. Осы бұйрықтан кейін жауынгерлер шегінбей, ақтық демі қалғанша соғысатын болды. 9 қазанда саяси комиссарлар институты жойылып, оның орнына дара басшылық енгізілді. Г.М.Жуков Жоғарғы Бас Қолбасшының орынбасары болып тағайындалады.

1942ж. жаз және күз айларында неміс армиясы негізгі сокқыны Еділге, нақты айтқанда, Сталинградқа жасады. Өзінің артықшылығын, әсіресе, әулеті үстемдігін пайдаланып, румын және итальян әскерлерінің көмегіне сүйеніп, неміс әскерлері шілде және тамыз айларында бір мезетте оңтүстік-батыс және солтүстік-батыстан шабуылға шығады. Фон Паулюс басқарған 6-шы армия 12 қазанда шешуші штурмға шығады. Шайқас бірнеше айға созылады. Әр үй, әр көше, әр заводтың цехы үшін кескілескен ұрыс жүріп жатты. Сталинград үшін шайқаста Қазақстанда жабдықталған 38, 81-атқыштар дивизиялары және бірнеше атқыштар бригадалары армия генералы В.И.Чуйковтың басқаруындағы 64-армияның құрамында ерлікпен соғысып, ақыр соңында Паулюстың армиясын босату үшін әрекет жасаған неміс-фашист әскерлерінің жоспарын іске асыртпай тастауға үлкен үлес қосты. Сталинград түбіндегі шайқастан кейін немістер танкі мен ұшақтар жағынан артықшылықтарынан айрылды.

19 қарашада «Уран» жоспарына сәйкес кеңес әскерлері тұтқиылдан шабуылға шығады. 23 қарашада фашистердің қорғанын бұзып өтіп, олар жалпы саны 330 мың солдат пен офицерден тұрған 6-шы және 4-ші танк армиясының бір бөлігін қоршауға алады. 12-19 желтоқсанда Витебск жағынан қоршауды бұзып шығуды қамтамасыз етуге асығып келе жатқан фон Манштейн басқарған әскери топтың жылжуы тоқтатылады. Жау берілмегеннен кейін, рухы түскен, аштықтан және суықтан әбден қалжыраған неміс әскерлерін талқандау басталады. Гитлердің тыйым салғанына қарамастан, 2 ақпанда Паулюс тізе бүгеді. Қоршаудағы 330 мың адамның 100 мыңы тұтқынға алынады, ал қалғандары жойылады. Сталинград шайқасында немістер мен олардың одақтастары 800 мың адамынан айрылады.

Сталинград түбіндегі жеңіс майдандағы және тылдағы кеңес адамдарын рухтандырады, әскери және саяси басшылықтың беделі өседі. Әскери даңқтың едәуір бөлігін иемденуге асыққан И.В.Сталиннің жеке басының абыройы артта түседі.

Сталинград түбіндегі жеңіс Ленинградтан Кавказға дейінгі орасан зор майданда жалпы шабуылға ауысады. Немістер өз кезегінде қоршауда қалмас

үшін. 14 ақпанда азат етілген Ростовтан батысқа 600 шақырым жерге шегінуге мәжбүр болады. Бір айдың ішінде Кеңес әскерлері Воронеж, Курск, Белгород, Харьков және Донбасстың үлкен бір бөлігін қайтарып алады. 17 қаңтарда Шинссельбургті азат ету, негізінен, аштықтан және әбден әлсірегеннен 800 мың адамы қаза тапқан Ленинградтың қоршауын бұзып, 10 шақырымдық коридор қуруға мүмкіндік береді. Батыс майданның әскерлері Смоленскіге келеді.

1943ж мамырдағы ауыр жеңілісіне карамастан, германдық жоғары басшылық инициативаны өзіне қайта алуды ойлап, кеңес-герман майданының «Курск иініне» 50 дивизия, 2000 танк, 900 ұшақ шоғырланады. Майданның осы бөлігіндегі әскерлердің саны 900 мың адамға жетті.

«Цитадель» деп аталған операцияға ұзақ дайындық нәтижесінде, Қызыл Армия қуатты қорғаныс жүйесін құрып, басым күшке қол жеткізеді: 1 млн 330 мың адам, 3600 танк, 3400 ұшақ шоғырланады. 5 шілдеде таң ата Курск шайқасы басталады. Оның барысында екі жақтан 1500 танк қатынасып, Прохоровка түбінде болған ең ірі шайқаста немістер ойсырата жеңіледі.

23 шілдеде майданның барлық бөліктерінде неміс шабуылы тоқтатылады да, 3 тамызда Орел-Курск-Белгород бағытында кеңес әскерлері қарсы шабуылға шығады. Сол кездегі танктердің ең жана модельдерімен «тигр» («жолбарыс»), «пантера» («ілбісін») қаруланған немістердің бронетанкі дивизиялары жойылған. Курск шайқасы нәтижесінде, соғыстың барысында түбірлі өзгеріс басталады. Неміс әскерлері соғыс аяқталғанша оперативті инициативаға ие бола алмады.

Қазақстандық жауынгерлер Сталинград түбінде, Курск иінінде, Днепр, Ленинград үшін шайқастарда жанқиярлықпен соғысты.

Сталинградтағы жау құрамаларын қоршауға алуға және жоюға қатысты төрт қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олар: пулеметші К.Сыпатаев, танк полкінің командирі подполковник Т.Позолотин, ұшқыш Н.Әбдіров, барлаушы лейтенант Г.Рамаев.

Курск шайқасы кезінде Қызыл Армияның әскери әуе күштері өздерінің үстемдігін нығайтты. Осы нәтижеге қол жеткізуге қазақстандық ұшқыштар Талғат Бигелдинов пен Сергей Луганский лайықты үлес қосты. Оларға ең жоғарғы атақ - Кеңес Одағының Батыры атағы екі мәрте берілді.

Сол сияқты Кеңес Одағының екі мәрте Батыры атағын Белоруссия мен Балтық жағалауын азат етуде көрсеткен ерлігі үшін ұшқыштар Л.Беда мен И.Павловқа да берілді.

Қуатты жарылғыш минамен жау танкісінің астына түскен Қарсыбай Сыпатаев, жаудың пулеметтен оқ шашып тұрған дзотының аузын (әдебиеттерде жазылып қалған Александр Матросовтың ерлігі – шын мәнінде, башқұрт жігіті Мұхамедзянов Шақария болатын) өз кеудесімен жапқан Ленинград қорғаушысы Сұлтан Баймағанбетов кеңес жауынгерлерін ерлікке рухтандырды. Курск шайқасы аяқталғаннан кейін кеңес әскерлері үзіліс жасамастан, Днепр үшін шайқаста бірнеше сәтті операциялар жасады. Украинаның ұлы өзенін кешіп өтуде жанқиярлық ерлігі үшін 123 қазақстандық жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы, ал Белоруссияны азат ету кезінде барлығы 78 қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1944 ж. басында Ресейдің солтүстік-шығыс аудандарын азат етуге Ленинград майданы әскерлерінің құрамында казакстандық 314-ші атқыштар дивизиясы, 219-ші атқыштар полкі белсенділік танытты.

Волхов майданындағы басқа құрамалармен бірлесе қимыл жасай отырып, казакстандық 31-ші атқыштар дивизиясы Новгородты жаудан босатады, сол үшін оған «Новгородтық дивизия» деген құрметті атақ берілді. 2-Прибалтика майданы құрамында жауға қарсы шабуылға сондай-ақ 319-шы атқыштар, 8-ші және 30-шы гвардиялық атқыштар дивизиялары мен 756-шы атқыштар полкі қатысты.

1944 ж. күзі – 1945 ж. көктемінде казакстандықтар Еуропа халықтарын фашистік езгінен азат ету ісіне де үлкен үлес қосты. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерін азат еті жорығында ерекше көзге түскен Қызыл Армияның бөлімшелері мен құрамдары арасында казакстандық 72-ші және 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиялары ерлікпен шайқасты.

Фашистік Германияның мызғымас камалы Померанияда казакстандық 456-шы және 209-шы атқыштар, 173-ші артиллерия полктері шайқасты. Мұндағы әскери операциялардың табысты болуына Қазақстанда жасакталған 310-шы Новгородтық атқыштар дивизиясы елеулі үлес қосты.

1945 жылдың 16 сәуірінен бастап 2 мамырға дейін казакстандық жауынгерлер Германияның астанасы Берлинді алуға қатысты. Берлинді басып алуда генерал Сағадат Нұрмағанбетовтың әскерлері ерекше көзге түсті. Қостанайда құрылған 150-ші атқыштар дивизиясының 756-шы атқыштар полкінің жауынгерлері Рейхстагты басып алуға қатынасты. Жеміс Туын Рейхстагқа алғашқы тіккен казакстандық аға лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен татар жігіті Григорий Булатов болды. Уақытысында Р.Қошқарбаевтың ерлігі шовинистер тұрғысынан мойындалмағанынан хабардармыз. Тек Тәуелсіздік жылдары ғана оған еліміздегі ең жоғарғы атақ – Халық Қаһарманы атағы берілді.

Осыған байланысты соғыс жылдарындағы казак жігіттерінің ерліктері дер кезінде әділ бағасын ала алмағанын айтқанымыз дұрыс болар. Солардың қатарында әйгілі Бауыржан Момышұлы, ұшқыштар Бактыөраз Бейсекбаев және Хиуаз Доспанова, мергендер К.Адамбеков, Ыдырыс Сүлейменов, Тілеуғали Әбдібеков, партизан Қасым Қайсенов және т.б. бар.

Марапаттау статусы бойынша, жүз дұшпанды өлтірген жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілуге тиіс болған. II Дүниежүзілік соғыста казак жауынгерлері, нақты айтқанда мергендер Қ.Адамбеков - 239, Ы. Сүлейменов – 287 жауды және Т. Әбдібеков – 397 дұшпанды атып өлтірсе де, бұл жоғарғы атақты оларға бермеген. Берлинді алғаш бомбалаған ұшқыш Б.Қалиев, 16 сарбазымен бір рота дұшпанды жойған саяси жетекші Р.Жанғожин және басқа да казак жігіттері атаусыз қалған.

Қазакстандықтар партизан қозғалысына белсене қатысты. Толық емес мәліметтерге қарағанда, Украинаның партизандық құрамаларында және отрядтарында 1500, Ленинград обысында – 220, Смоленск өңірінде -270-тен астам казак жігіттері соғысқан. Белоруссия жерінде 65 партизандық бригадалар мен отрядтарда 1500-ден астам казакстандықтар болған. Партизан қозғалысына

қатысқан дақты казак жігіттері жетерлік. Мәселен, К.Қайсенов, Т.Жангелдин, Ғ.Омаров, Ф.Озмитель, Ә.Шәріпов. Ж.Саин және т.б. Соның ішінде Кеңес Одағының екі мәрте Батыры, Ковпактың партизандық құрамасына үлкен партизан отрядын басқарған әйгілі Қасым Қайсеновке тек 90-шы жылдары ғана, КР ең жоғарғы Халық Қаһарманы атағы берілді.

Қазақстандықтар неміс-фашистеріне қарсы Польша, Чехословакия, Венгрия және басқа да Орталық Еуропа елдеріндегі Қарсыласу қозғалысына белсенді қатынасады. Сол сияқты Францияда, Италияда, Бельгияда Қарсыласу қозғалысының қатарында 180 қазақстандық ерлікпен соғысты.

5.4. II дүниежүзілік соғыстың ақырғы кезеңі. Одақтастардың Нормандияға әскери десант түсіруі-екінші майданның ашылуы

1944 ж. 6 маусымда Америка генералы Эйзенхауэрдің басшылығымен Нормандияға (Солтүстік Франция) одақтастар өз әскерлерін түсіре бастайды. Францияны азат ету операциясына 10 мың ұшак және 1000 әскери кемелер мен одақтастардың 2,9 млн солдат пен офицерлері қатынасты. 20 маусымда екінші майдан ашылғанда Қызыл армия Шығыс Пруссия мен Польшаның территориясына кірген еді.

Одақтастар Солтүстік Францияда жалпы шабуылды шілденің аяғында бастайды. Тамызда американдықтар мен француз әскерлері Францияның оңтүстігіне түсіріледі. 18 тамызда Парижде антифашистік көтеріліс басталады. 1944 жылдың аяғында Франция мен Бельгияның үлкен бір бөлігі азат етіледі.

1944 ж. басында фашистік блок біржола күйрейді. Одақтастардың армиясы Германияның шекарасына жетіп, шешуші шабуылға дайындалды. Германияның экономикасы оккупацияланған елдерден келетін ресурстардан айрылған соң, соғыс қажеттіліктерін өтей алмады. Финляндия, Румыния, Болгария Германияға соғыс жариялады. 1944ж. жазынан бастап Германияның өндіріс өнімдері қысқарды. Фау ракетасы іске қосылып, маусым айынан бастап Германия Лондонды осы ракетаның жаңа түрімен бомбалай бастады. Ракеталық қарулардың кереметтілігі үмітті ақтамады. Енді гитлершілдер антикоалициялық күштердің ыдырауына үміт артып, Англия және АҚШ-пен келісімге келуге тырысты.

Германияда жаппай әскери қызметке шақыру басталды. Қарт адамдар мен жасөспірімдерден да жасак құрылады. Гитлер ақыр соңына дейін соғысуға дайын болды.

1945ж. қантар айында кеңес әскерлері Висла-Одер операциясының барысында Германияның территориясына кіріп, Берлиннен 60 шақырым жерге желіп тоқтайды.

Қару-жарактың негізгі түрлері – артиллерия, танк, әскери ұшак бойынша Кеңес Одағы немістерден 1,5 – 2 есе басым болды.

1945ж. 4-11 ақпанда Ялтада өткен Қырым конференциясында «Үлкен Үштіктің» кездесуінде, Жапониямен соғыстың ұзаққа созылып кетуінен

қауіптенген президент Рузвельт Сталинді дәмелендіру мақсатында Германияның сөзсіз тізе бүккеннен кейін 3 ай өтісімен Қызыл Армия Жапонияға шабуыл жасайтын болса, онда Кеңес Одағына Куриль аралдарын және Сахалиннің оңтүстігін, Порт Артурды және Маньчжуриядағы Шығыс Қытай темір жолдарын қайтарып берілетіні туралы өте пайдалы шартты ұсынады. Ертеректе, 1943ж. Тегеран конференциясында Сталин ешқашанда Ресейге қатысы болмаған Кенигсбергті Кеңес Одағына беруді талап еткен болатын.

Діл осы кезде, Еуропада II дүниежүзілік соғыстың соңғы шайқастары болып жатқан еді. 1945ж наурызда Батыста одақтастардың жаппай шабуылы басталады, олар Рурда 325 мың адамы бар немістердің үлкен әскери тобын қоршауға алып, оны тізе бүктіреді. Осыдан бастап одақтастар ұйымдасқан қарсылық көрмей, Шығысқа тоқтаусыз жылжи бастады.

16 сәуірде Қызыл Армия Берлин операциясын бастайды. Берлин қоршауға түседі. Солтүстігінде маршал Рокоссовскийдің және оңтүстігінде маршал Коневтің әскерлерімен тасаланған маршал Жуков сол күні 1 млн неміс солдаттары қорғаған, жақсы бекітілген Берлинге 2 млн адамы бар әскери топты жұмсайды. 25 сәуірде Эльзада кеңес және америка әскерлері кездеседі. 30 сәуірде Р.Қошқарбаев пен Г.Булатов Рейхстагқа Жеңіс туын тігеді. 2 мамырда генерал Чуйков Берлин гарнизонының сөзсіз тізе бүккенін қабылдайды. 9 мамырда Берлинде кеңес, америка, ағылшын және француз әскерлерінің өкілдерінің көзінше, герман өкіметінің атынан фельдмаршал Кейтель Германияның сөзсіз тізе бүккені туралы актіге қол қояды. Еуропа материгіндегі соғыс аяқталады.

Германия талқандалып қана қойған жоқ, оның территориясын кеңес әскерлері мен одақтастар оккупациялайды да, оны төрт оккупациялық зонаға бөліп, онда билікті АҚШ, Англия, Кеңес Одағы және Франция жүргізеді.

5.5. Антигитлерлік коалицияның қалыптасуы. Одақтастардың (АҚШ, Англия және Канада) Кеңес Одағына көмегі: ленд-лиз

Германияның Кеңес Одағына жасаған шабуылы антигитлерлік коалицияның қалыптасуына негіз болды. 1941ж. 12 шілдеде ынтымақтастық жөнінде кеңес-ағылшын келісіміне қол қойылады. екі жақ та Германиямен сепаративтік бітім жасаспауға келіседі. 1 қазанда алғашқы үштік келісіміне қол қойылады. Келісім бойынша, АҚШ пен Англия Кеңес Одағын қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұруға міндеттеме алады. Одақтастар жіберген алғашқы танкілер мен ұшақтар Қызыл Армияның қарамағына Мәскеу түбіндегі шайқас кезінде жеткізіледі.

1941ж. Рузвельт пен Черчилль қалыптасып келе жатқан антигитлерлік коалицияның негізгі құжаты Атлантика хартиясына қолдарын қояды. Кейініректе Кеңес Одағы антигитлерлік коалиция мүшесі елдерінің соғыстағы

мақсаттарын анықтаған, Атлантикалық хартияға қосылатынын жариялап, өзінің қолын қояды.

АҚШ-тың соғысқа кіруі антигитлерлік коалицияның құрылуының аяқталуына ықпалын тигізді.

Кенес Одағына антигитлерлік коалиция мүшелерінің, соның ішінде одақтастардың (АҚШ, Англия) соғыс кезінде Қызыл Армияны қару-жаракпен және азық-түлікпен (ленд-лиз) қамтамасыз етіп тұрғанын жете бағаламау тенденциясы үстем болғаны шындық.

Сонғы кездері жарияланған зерттеулерде ІІ дүниежүзілік соғыс жылдары АҚШ пен Англия әскери ынтымақтастық шеңберінен тыс, Кенес өнеркәсібінің көптеген салаларының пайда болуына көмегін тигізгені туралы жазылған.

Кенес Одағында одақтастардың көмегі саяси көзқарас тұрғысынан қарастырылғаны белгілі. Одақтастардың Кенес Одағына жасаған көмегі жокқа шығарылмаған.

Әділеттік тұрғысында, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жеңіске Кенес Одағының шешуші үлес қосқанын ешкім жокқа шығармайды. Бірақ та қазіргі кезде Ресейде (біздің Республикада да бар) біздің одақтастарымыздың, соның ішінде АҚШ-тың, Англияның тек ІІ дүниежүзілік соғыста ғана емес, нақты Ұлы Отан соғысы жылдарындағы үлесін еске алғысы келмейтіні таңғалдырады.

Гитлерлік Германияның Кенес Одағына шабуыл жасаған күнінен бастап, одақтастардың көмегінсіз Қызыл Армияның жағдайы тым мүшкіл болатынын мойындауымыз керек. Сол кездегі Госпланның төрағасы, үздік кеңес экономисі Николай Вознесенскийдің келтірген мәліметінде, Кенес Одағының экономикалық шығынына баға берілген. Оның мәліметі бойынша, әскери шығынның нәтижесінде (біз білеміз, соғыстың алғашқы айларында 5,4 млн жауынгерлер мен офицерлер тұтқынға түседі, 4 млн адам қаза табады, 17 мың ұшақ, 20 мың танкі жойылады), сондай-ақ жүздеген өндіріс орындарын Сібірге және Қазақстанға қоныс аударуы себепті, Кенес Одағының өнеркәсібінің жалпы өнімі 1941ж. маусымнан қарашаға дейін 2,1 есе азаяды. Әскери өнеркәсіптің негізі – кара металл прокатын өндіру 1941ж. маусымға қарағанда сол жылғы желтоқсанда – 3,1 есеге, ал түсті металл прокатын өндіру осы мерзімде 430 есе қысқарады. Ұшақтарды, танкілерді, зеңбіректерді шығаруға тікелей қатысы бар шарикті подшипниктерді жасау 21 есеге азаяды.

1941ж. 22 маусымда, Германия Кенес Одағына шабуыл жасаған кезде, Англия онымен соғысқанына үш жыл толған болатын. АҚШ соғысқа қатыспаған еді, бірақ та антифашистік коалицияға барынша көмектесіп тұрды. 1941ж. 12 шілдеде Германияға және оның одақтастарына қарсы бірігіп қимылдау жөніндегі кеңес-британ келісіміне қол қойылады. Бұл Гитлерге қарсы коалицияның құрылуының басы болып саналады. Сол жылы 18 шілдеде Кенес Одағы осындай келісімге Чехословак үкіметімен, ал 30 шілдеде Польша үкіметімен ортақ жауға бірігіп күресу жөнінде келісімге қол қояды (Аталған үкіметтер Лондонда орналасқан еді).

АҚШ-пен әскери-экономикалық келісімге Кенес үкіметі 1941ж. 12 қарашада қол жеткізеді, ал сол айдың аяғында Мәскеуде үш шешуші мемлекет

(АҚШ, Англия және Кенес Одағы) ынтымақтасудың негізгі пункттерін талқылайды.

АҚШ мемлекеттік бағдарлама, яғни ленд-лиз бойынша, II дүниежүзілік соғыс кезінде өзінің одақтастарын қару-жарак техника, азық-түлік, мұнай сияқты стратегиялық шикізатармен қамтамасыз етіп тұрды. Қазір белгілі болғандай, ленд-лиз бойынша одақтастарына АҚШ 50,1 млрд доллар көлемінде көмек берген, оның 31,4 млрд доллары – Англияға, 11,3 млрд - Кенес Одағына, 3,2 млрд – Францияға және 1,6 млрд – Қытай халық республикасына арналған. Бұдан АҚШ-тың одақтастарға көмегінің айтарлықтай екеніне көз жеткізуге болады. Әрбір соғыс ардагері американдықтардың тушенкасын есінде жақсы сақтаған. Бірақ та кенес тарихнамасында ленд-лиз тұрғысынан Кенес Одағына көмегі тым аз – 4-ақ % болған деп көрсетілген.

Қазір дәлелденгендей, одақтастардың көмегі кейбір салаларда аса зор болған. Мәселен, транспорт пен байланыс саласында одақтастардың қамтамасыз етуі шешуші орын алған: 1941ж. өзінің автопаркінің 58%-нан айрылған кенес әскерлері ленд-лиз бойынша Қызыл Армия пайдаланған автомобильдердің 70%, әсіресе жүк машиналарын алады. Жарылғаш заттар, соның ішінде ұшақтар жасаудың маңызды компоненті алюминиймен қамтамасыз етеді. АҚШ 15 мың ұшақты Қызыл Армияға береді. Ол ол ма, танкімен қамтамасыз ету 1942ж. I жартысында Қызыл Армияның шығынынан 3 есе асып түсті. Одақтастар Кенес Одағына 19000 паровоз, 11 мың вагон әкелді. Ал Кенес Одағында сол кезде небәрі 446 паровоз және бір мыңнан сәл артық вагондер жасап шығарылған болатын.

АҚШ Кенес Одағына 1941ж. қазаннан 1945ж. 31 мамырға дейін 22 150 ұшақ, 12,7 мың танк, 8 мың зеңбірек, 132 мың пулемет, 427.284 жүк машинасын, 35 170 мотоцикл, 472 млн снаряд, 2,67 млн тонна бензин, 4,48 млн тонна азық-түлік, 540 мың тонна рельс, 66 дизель-электровоз әкелген.

Одақтастардан келген ұшақтар мен танкілер соғыстың ең ауыр кезеңінде, 1941ж аяғы – 1943жж жеткізілген.

Ұлыбритания 1945ж. мамырға дейін 3 мың истребитель (жойғыш ұшақ), 5218 танк, 5000 танкке қарсы қолданатын зеңбіректер, 4020 жүк машинасын, 1720 мотоцикл, 15 млн пар аяқ киім және 4 млн тонна азық-түлік пен басқа да жүктерді Кенес Одағына жеткізеді. Ленинград блокадасын бұзуда және Курск шайқасында негізінен британдық техника пайдаланылған.

Одақтастар Кенес Одағында өндірілетін стратегиялық материалдардың, мәселен, порох пен жарылыс өнімдерінің 53%, авиабензиннің – 55%, броньдық табақ (лист) – 46% беріп тұрды. Соғыс жылдары Кенес Одағы 115,4 мың металл кесетін станоктар жасап шығарса, одақтастар тағы да сапасы жоғары және қымбат 44,6 мың станокпен қамтамасыз етіп тұрды.

Одақтастар жаудың түгелге дейін теңіз флотын өздерімен соғысуға мәжбүрледі, ал 1944ж. Еуропада 2-ші майданды ашып, жаудың құрлықтағы әскер күштерінің 40% өздеріне аударды.

Одақтастар антигитлерлік коалицияның әскери-өнеркәсіпте және экономикада үстемдікке қол жеткізуіне шешуші ықпалын тигізді. Олар гендізе және әуеде жауды жеңді, сондай-ақ жау әскерлерінің 3/1-ін және 176

дивизиясын талкандады немесе тұтқынға алды. Ал Қызыл Армия жау әскерінің 32-ші немесе 607 жау дивизиясын талкандады немесе тұтқынға алды. Бұдан Кеңес Одағының гитлерлік Германияны жеңудегі рөлі тым жоғары екенін байқауға болды.

Солай болса да, Кеңес Одағы өзін АҚШ, Ұлыбритания, Канада және одақтастардың жан-жақты көмегінсіз, Ұлы Отан соғысында жеңіске жетсе алар еді деп сендіргісі келгені ақиқаттан тым алшак жатыр. Қызыл Армия Германиямен соғыста негізгі ауыртпалықты өз иығына артканы, адам айтқысыз шығынға ұшырағаны, Берлинге бірінші болып кіріп, Рейхстагқа Жеңіс туын тіккені, оның гитлерлік Германияны талкандаудағы рөлі талас тудырмайтыны шектен тыс ақиқат екені белгілі.

Не дегенмен де, АҚШ пен Англия көмектеспегенде, бұл жетістіктің бәрі екіталай болар еді. Кеңес ұстанымы бойынша, барлық тарих оқиықтарында жазылғандай, АҚШ пен Англия 1944ж. 6 маусымда, Германияның тағдыры шешілген кезде, екінші майданды ашады. Оның өзінде, бүкіл Еуропаны коммунистік Кеңес Одағының карамағына бермеу үшін ашқан көрінеді.

Қызыл әскерлердің жеңіске қол жеткізуіне, әрине, одақтастардың Кеңес Одағына көрсеткен жан-жақты көмегі, соның ішінде ленд-лиз екенін ешкім жоққа шығармайды.

Соғыстың бастапқы кезінде, азық-түліктің сақтық қоры аяқталған кезде, әсіресе, 1943-1945жж отандық ауылшаруашылық дағдарыс кезінде, оккупацияда болған Украина, Солтүстік Кавказ, Қара топырақты аудандарда жиналған астық миллиондаған кеңес әскерлеріне және тылдағы тұрғындарға жетпей жатқан кезде, американдық ленд-лиздің (тушенка – консервіленген ет, май, шоколад) көмегінің маңызы зор болды. 1943ж күшті азық-түлік дағдарысы пайдаланды. Күнделікті берілетін өте мардымсыз азық-түлік мөлшері 1/3-ге қысқарады.

Сол себепті 1944ж ортасында азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі Кеңес үкіметінің металға, тіпті кейбір қару-жаракқа деген сұранысынан да асып түсті.

Соғыстың соңғы жылында сырттан әкелінген азық-түлік саны 10 млн армияны үш жыл бойы үздіксіз асырауға жеткілікті болған деген ресми дерек бар.

5.6. Милитаристік Жапониямен соғыс. Жапонияның жеңілуі. II дүниежүзілік соғыстың аяқталуы

Кеңес Одағының бақытына, Германияның Қиыр Шығыстағы одақтасы, мықты қаруланған Жапония, Кеңес әскерлерінің шайқастарда әбден титықтап, қалжырағанын күтіп, 1941ж. 7 желтоқсанда АҚШ-тың Тынық Мұхиттағы негізгі тірегі, базасы – Перл-Харборға шабуыл жасайды. Жапон теңізшілері 2 сағаттың ішінде АҚШ әскери-теңіз және әскери-әуе күштерінің 90%-н жойып

жібереді. Сөйтіп, Қиыр Шығыста АҚШ пен Жапония арасында теңіз аймағында төрт жылға созылған қиян-кескі шайқас басталады.

Егер де Жапонияның Тынық Мұхиттағы АҚШ соғыс-теңіз флотына жасаған агрессиясы болмағанда, саны Імлн Квантун армиясы Кеңес Одағына Қиыр Шығыстан барлық күш-қуатымен бас салуы мүмкін еді. Егер де әскери басымдығы күмән тудырмайтын екі жойқын күш қыспаққа алғанда, Кеңес Одағының жағдайы қалай боларын кім біледі? Қазір белгілі болғандай, Германиямен соғыста түбірлі өзгеріс Кеңес басшылығының Қиыр Шығыстағы тың күштерді Батыс Майданға (яғни Шығыс Майданға – Б.К.) Мәскеу түбіне және Сталинградқа ауыстыруы нәтижесінде іске асады. Кеңес Одағының жеңіске қол жеткізуі, сөйтіп, Жапонияның шабуыл жасамауына тікелей байланысты болғанын байқаймыз.

1945ж. жазда жапондар Филиппин, Индонезия және Индокитайдың бір бөлігінен ығыстырылып шығарылады. Жапон аралдарында соғыс қимылдарын жүргізу үшін, Еуропадан әскерлерді жеткізу керек болды. Ол көп уақыт алатын болды. Сол себепті, жоғарыда атап өткеніміздей, АҚШ Кеңес Одағына Жапониямен соғысқа жұмылдыру мақсатында, айтарлықтай территориялық шығынға дайын болды - Курил аралдарын және Сахалиннің оңтүстігін және Порт Артурды, сондай-ақ Маньчжуриядағы Шығыс Қытай темір жолын Кеңес Одағына беруге келіседі. Соғысты тез аяқтау мақсатында 9 тамызда Жапон аралдарына – Хиросима мен Нагасакиге атом бомбасын тастағанын біз білеміз.

21 шілдеде Кеңес Одағы, АҚШ және Қытай Жапонияның сөзсіз тізе бүгуін талап етеді. Талап қабылданбайды. 8 тамызда Кеңес Одағы өзін ертеннен бастап, Жапониямен соғыс жағдайында деп жариялайды. Ол арада Маньчжурияның шекарасына герман майданынан кеңес әскерлері әкелінген болатын. 9 тамызда Забайкальден бастап, Владивосток пен Курил аралдарына дейін созылған майданда, Маршал Василевскийдің басқаруындағы Кеңес әскерлерінің, жапондардың Квантун армиясына қарсы шабуылы басталады. Қызыл Армияны қолдап, соғысқа сондай-ақ Монғол Халық Республикасының әскери құрамалары және Қытай Халық азаттық армиясы кіріседі. Қысқа мерзімде Кеңес әскерлері артиллерия мен авиацияның қолдауына сүйене отырып, Солтүстік-шығыс Қытайдағы жапондардың қорғаныс шебін бұзады. Осыдан кейін Үлкен Хинган тауларын, Амур, Уссури өзендерінен өтіп, Манжурия, Сахалин, Курил аралдарын, солтүстік-шығыс Қытайды және Кореяны басып алады.

Құрлықта жеңіліске ұшырап, Манжурия мен Кореядағы аса маңызды экономикалық базаларынан айырылған жапон әскери басшылығы өзінің жеңілгендігін мойындайды да, қарсыласуын тоқтатады. 1945 жылдың 2 қыркүйегінде, Токио бұғазына қалған Американың “Миссури” линкорының бортында император Хирохитоның шешімімен Жапонияның сөзсіз тізе бүккендігі туралы Актіге қол қойылады. Осыдан кейін Кеңес Одағы Оңтүстік Сахалинді өзіне қайтарып Жапондардың Курил аралдарын (Кунашир, Шитоман, Итуруп, Хабомаи) басып алады. Сөйтіп, Жапонияның талқандалуымен, әлем тарихындағы ең ауыр, ең сұрапыл II Дүнижүзілік соғыс аяқталады.

Тұтқынға түскен жапон жауынгерлері Қазақстанның барлық қалаларында дерлік құрылыс жұмыстарына қатысып, әлі күнге дейін тамаша сақталынған екі қабатты үйлерді салғанына біз куәміз.

5.7. Эвакуацияланған кәсіпорындарды Қазақстанға орналастыру. Республика экономикасын майдан мүддесіне бейімдеп қайта құру. Қазақстан – майдан арсеналы. Халықтың тылдағы ерлігі

Соғыстың алғашқы кезіндегі әскери апат, Қызыл армияның ауыр жеңілісі, гитлерлік Германияның орасан зор территорияны басып алуы, негізгі экономикалық мәселені – жаумен қарсыласуға мүмкіндік алу үшін, аман қалған өнеркәсіп потенциалын сақтап қалып, жау әскерлері келгенге дейін негізгі өнеркәсіп орындарын және халықтың бір бөлігін шығысқа, мәселен, Қазақстанға қоныс аударуды күн тәртібіне қойды.

Қоныс аудару және кәсіпорындарын соғыс өндірісіне бейімдеу біршама ұйымдасқан түрде іске асырылады. Алғашқы кездегі абыржуға қарамастан, жаудың басып кіруінің ертеңінде үкімет өнеркәсіпті төнген қауіптен құтқару үшін, іс-қимылға кіріседі. 24 маусымда Л.Каганович, сосын Н.Шверник басқарған халықты, өнеркәсіп және азық-түлік ресурстарын қоныс аударуды қамтамасыз ету мақсатында Қоныс аудару Кеңесі құрылады.

Ертеңінде, 25 маусымда Қоныс аудару кеңесінің қарамағына қоныс аударылуға тиіс жүктерді транспортпен тасуды үйлестіру ісі тапсырылады.

Өнеркәсіп орындарын шығысқа қоныс аудару екі кезеңде іске асты: 1941ж. күзде және 1942ж. жазы және күз айлары. Ең маңызды және ең қиын – бірінші кезеңде, Қызыл Армияның әскери қимылдарды бақылауға мұршасы келмей, тек артқа шегінуі кезінде Белоруссиядағы кәсіпорындарды қоныс аудару, тамыз айында республика территориясының жау қолында қалуы нәтижесінде іске аспай қалады. Ленинград облысында басталған қоныс аудару ісі қыркүйектегі қоршауға түсуі себепті тоқтатылады.

Маусым-қазан айларында Украина территориясындағы кәсіпорындарды шығысқа қоныс аудару ісі жалғастырылды. Толық зауыттарды, олардың ұжымымен, жабдықтарымен қоныс аудару операциялары және оларды жана жерде қабылдап, орналастырып, іске қосу ерекше қиындықтар туғызды. Днепропетровскідегі «Запорожсталь» металлургия комбинатын Магнитогорскіге жеткізу үшін 8 мың вагон қажет болған.

Профильдерін өзгерткен, Қызыл Армияның арсеналына айналған зауыттарды Қазақстанда, Сібірде, Оралда және Орта Азияда қатарға қосу өте ауыр жағдайларда іске асырылды: қоныс аударылған жұмысшылар сөткесіне 13-14 сағат жұмыс істеді. Олар асығыс тактайлардан жасалған барактарда сыйысып орналасты, азық-түлікпен нашар жабдықталуына төзімділік көрсетті.

Әскери қимылдар театрынан және майдан шебінен 1941ж 7 млн адам, ал 1942ж - 4 млн адам шығыс аудандарға қоныс аударды. Тек, 1941ж. маусым-желтоқсанда Батыстан Шығыс аудандарға 1530 ірі кәсіпорындары көшірілді.

Қазақстан аумағына қысқа мерзім ішінде 142 ірі өнеркәсіп мекемелері қажетті құрал-жабдықтарымен, шикізатымен бірге тасып әкелініп, орналастырылды. Бұлар – ауыр және орташа машина жасау зауыттары, сондай-ақ тоқыма, мақта-мата, аяқ киім фабрикалары еді.

Алматы қаласында 34 зауыттың, фабрика мен цехтың жабдықтары орналастырылды. Луганск паровоз жасау зауыты негізінде, Алматы ауыр машина зауыты салынды.

Воронеж машина жасау зауыты Шымкентте орналасты. Запорожьедегі ферросплав зауыты Ақтөбеде, Пархоменко атындағы машина жасау және Подольск цемент зауыты Қарағандыда, Қостанайда Херсон аяқ киім фабрикасы, Петропавлда – Харьков былғары зауыты, Семейде – Осташков былғары зауыты және т.б. жеңіл өнеркәсіп орындары басқа қалаларда орналастырылды. Қазақстанға әкелінген Киев, Азов және Артемов фабрикаларының негізінде Семей аяқ киім фабрикасы құрылады. Үкіметтің қойған қатаң талабы бойынша қоныс аударылған зауыт-фабрикалар, 1941ж. қараша-желтоқсан айларында майданға өте қажетті өнімдерді шығара бастады.

Соғыс жылдары жалпы 460 зауыт, фабрика, кеніш, шахталар мен жеке өндіріс орындары, оның ішінде 300 эвакуацияланған кәсіпорындар іске қосылды.

Қоныс аударылып келген кейбір кәсіпорындар жергілікті ұқсас кәсіпорындармен біріктіріліп, әкелінген зауыттар мен цехтардың негізінде жаңа салалар пайда болды. Соның нәтижесінде халық шаруашылығында үлкен құрылымдық өзгерістер орын алады. Республикада машина жасау, станок жасау, қара металлургия, қорғаныс өнеркәсіптері пайда болды. Қару-жарақтар мен ок-дәрінің бірқатар жаңа түрлерін көптеп шығару ойдағыдай қолға алынды. 4 млн жуық түрлі калибрдегі артиллерия снарядтары, 4,7 млн мина шығарылды. Авиация қару-жарағының, жарғыш машиналардың ок жаудырғыштарының, мина тралдарының, электро-торпедалардың, теңіз миналарының, танк пен авиация өнеркәсібіне арналған пресстердің және қару-жарақтың басқа да өте маңызды түрлерінің өндірісі игерілді.

Көшірілген зауыттар мен фабрикалар қысқа мерзімнің ішінде елдің әскери экономикалық біртұтас организмінің құрамдас бөлігіне айналды.

Орасан зор территориясы, қисапсыз кен байлығы бар Қазақ Республикасында соғыстың қарсаңында салыстырмалы түрде еңбек ресурсы тым аз болды. Республикада 6-ақ млн жуық халық тұрды. Соғыс басталғаннан бері халық саны түбірлі өзгеріске душар болады: бір жағынан еркектердің еңбекке жарамды айтарлықтай бөлігі соғысып жатқан армияның қатарына қосылса, екінші жағынан, халық саны қоныс аударып келген адамдардың есебінен әжептәуір көбейеді.

1941ж. шілденің ортасында Республикаға қоныс аударушылардың алғашқы легі келе бастайды. Жылдың аяғында Қазақстанға 386.492 адам, оның ішінде 136.5 мың балалар келеді. Қоныс аударып келгендердің легі 1942ж. толастамайды, сол жылдың аяғында Республикаға тағы да 532.5 мың адам келеді. Оларды тез арада орналастыру, оларға жағдай жасау көп қиындықтар туғызғаны белгілі.

Орта Азия мен Қазақстан территориясына майданға шекаралас аудандардан көптеген бейбіт тұрғындар, өнеркәсіп орындары мен мекемелер қоныс аударады. Қоныс аударғандардың ішінде оқу және ғылыми-зерттеу институттар, СССР Ғылым Академиясы, елімізге және әлемге танымал ғалымдар, академиктер, емдеу-профилактикалық мекемелер және әскери госпитальдар көптеп саналды. Алматыға келген Курск медицина институты Қазақ мемлекеттік медицина институтымен қосылады. Осы институтта Одессадан келген көз аурулары ғылыми-зерттеу институтының мамандары жұмыс істеді.

Қызылордада Қырым медицина институты орналасты. Харьковтан және Днепропетровскіден келген фармацевт-институттары және Киев химфармзауыты Семей мен Шымкент қалаларында орналасты. Петропавловскіде Мәскеу медицина институтының ғалымдары еңбек етті.

Бурабайда туберкулез санаториясында микробиологияның негізін салған академик Н.Ф.Гамалея қызмет етті. 1941-1944жж онымен бірге 20 көрнекті кеңес ғалымдары: Н.А.Семашко, С.А.Зернов, Н.Д.Зелинский, В.И.Вернадский, А.Н.Бах, А.Е.Фаборский және басқалары санаторийда туберкулезді зерттейтін арнайы лабораторияны ұйымдастырды. Олар Бурабайға қоныс аударған Сеченов атындағы институтпен бірлесіп жұмыс істеді. 1941ж соғыстың алғашқы жылында Алматыға сол кездегі тарих ғылымының барлық дерлік көрнекті өкілдері көшіп келді: Панкратова, Бернштам, Вяткин, Греков, Зутис, Дружинин, Кучкин, Покровский, Тимофеев, Фукс, Баевский, Бендиктов, Якунин және т.б.

Анна Павловна Панкратова Ермұхан Бекмахановтың ғылыми жетекшісі болған және 1940ж соңына қарай Бекмаханов репрессияға ұшыраған кезде, оны жан-тәнімен қорғаған. 1952 ж. А.М.Панкратованың қайсарлығының арқасында және сол кездегі саяси өзгерістерге байланысты Е.Бекмаханов Қолыма лагерінен еркіндікке шығарылады.

Е.Бекмахановтың ұсынысымен, мәскеулік және Ленинградтан келген академик тарихшылардың және отандық тарихшылар мен жазушылардың (Ө.Марғұлан, Е.Бекмаханов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов) қатысуымен ұлттық республикалардың ішінде бірінші болып, ұлт тарихын – «Қазақстан тарихын» (көне дәуірден 1917ж дейін). – Алматы, 1943ж жарыққа шығады.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанда – соғыс майданынан алыс жерде Совнаркомның шешімімен (1941ж 17 шілдеде) жаралы және ауру жауынгерлер мен офицерлерді қабылдау үшін, эвакуацияланған (қоныс аударған) госпитальдарды орналастыру үшін дайындық жұмыстары жүргізіледі. Эвакогоспитальдардың жұмысын басқару үшін, Денсаулық сақтау комиссариаты жүйесінде 10 адамнан тұратын Эвакогоспитальдар басқармасы құрылады.

Қазақстан территориясына майданнан жаралылар тиелген алғашқы эшалондар 1941ж қазан айында келе бастайды. Оларды қабылдау, орналастыру және емдеуге арналған қызу жұмыстар басталады. Алғашқы боп Петропавловскідегі №2446 (1000 төсек) және Қарағандыдағы №3596 жергілікті госпитальдар жұмыс істей бастады. 1941ж желтоқсанда Қазақстанға Солтүстік

Кавказдан 9150 төсегі бар 20 эвакуогоспитальдар келеді. Соғыс жылдары Қазақстан территориясына 59.465 төсегі бар 155 эвакуогоспиталь келіп орналасады.

Эвакогоспитальдардың Қазақстанға ең көп келген жыл – 1942ж. болатын. 1943ж. бастап ол азая бастады. 1945ж. небәрі 3657 төсегі бар 11 эвакуогоспиталь ғана қалады. Ол Қызыл Армияның табысты шабуыл қимылдарына байланысты болды. Госпитальдар майдандағы армиялардың жанына орналастырылды бастады. Армиядағы және майдандағы госпитальдардың базасын толықтыру үшін Қазақстаннан майдан алқабына эвакуогоспитальдардың 78.7% қоныс аударды.

Батыс облыстардан, соның ішінде, Украинадан – Запорожье, Полтава, Винница, Одесса және т.б. жерлерден асығыс түрде ауыл шаруашылығының материалдық ресурстары да шығыс аудандарға көшіріле бастады. Қазақстанға небәрі 76.5 мың ірі қара мал, 50.5 мың қой және 5902 жылқы әкелінді.

Эвакуацияланған мал Қазақстанның қабылдау-өткізу пункттеріне қоныр күзге дейін келіп жатты. 1942ж аяғына дейін Қазақстанға барлық түліктен 552.7 мың мал қоныс аударды.

Неміс-фашист әскерлері Кеңес Одағының еуропалық бөлігіндегі астық аудандарын басып алғаннан кейін, Қазақ Республикасы еліміздің негізгі астық қорына, армия мен халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылық шикізаттармен қамтамасыз ететін, майданның және Кеңес Одағының негізгі әскери-өнеркәсіп арсеналына, сондай-ақ Қызыл Армияны соғысқа жарамды солдаттармен және офицерлермен толықтырып отыратын еліміздің тылдағы базасына айналды. Қазақстан қоныс аударып келген халықтың туған үйіне айналды.

Қоныс аударылып келген және жаңадан салынған зауыттар мен фабрикалардың, рудниктердің іске қосылуы нәтижесінде, Республиканың өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1945ж., 1940ж. салыстырғанда 140% өседі. Қазақстанның негізгі өндірістік қоры соғыстың аяғында, соғысқа дейінгі деңгеймен салыстырғанда екі есеге өседі.

Республиканың жұмысшы табының қатарына 50 мың Донбасстың шахтерлері мен құрылысшылары, Ленинград пен Луганскінің машинажасаушылары, Мәскеу мен Киевтің тоқымашылары, Украина мен РСФСР-дің инженерлері мен техниктері қосылды.

Ұлы Отан соғысы басталысымен, республиканың халық шаруашылығы соғыс ісіне қайта құрылады. Соғыс жылдары Қазақстанда 20-дан астам атқыштар дивизиясы және басқа да әскери құрылымдар, солардың ішінде бірнеше кавалерия және авиация бөлімдері құрылды. Республиканың территориясында 142-ден астам елдің батыс аудандарынан қоныс аударған кәсіпорындар мен 1 млн астам көшіп келген кеңес азаматтары орналасты. Соғыс жылдары қатарға бірнеше ірі кәсіпорындар, жаңа зауыттар, рудниктер, шахталар қосылды. Республика елге мыстың, молибденнің, корғасынның, көмірдің бүкілодақтық өндірісінің қомақты үлесін берді.

Қазақстанда орналастырылған қоныс аударып келген кәсіпорындар кейбір облыстардың экономикалық келбетін өзгертіп, оларды индустриальды

орталықтарға айналдырды. Вольфрамды молибденді өнеркәсіп құрылады, вольфрам мен калайыны өндіру өседі. Украинаны немістер оккупациялағаннан кейін. Қазақстан елді Маргенец рудасымен қамтамасыз ететін аймаққа айналды. Жезқазған руднигі елде шығарылатын руданың 60%-ын жеткізіп тұрды. 1941-1942жж неміс әскерлерінің басып кіруі нәтижесінде, Донбасстан және елдің оңтүстік аудандарынан уақытша айрылғаннан кейін, Қарағанды көмір бассейнінің, Ембі мұнайының, республиканың түсті металының маңызы өседі. Республика еңбекшілері әскери техниканың жаңа үлгілерін, оқ-дәріні және қару-жарақтарды сериалды шығаруды игерді. Майданға жіберіліп жатқан әрбір соғыс құралында, әрбір машинада Қазақстанның металы бар екенін айтқан жөн болады. 1941-1942жж неміс-фашист әскерлерінің Украинаны, Ростов облысын, Донды және басқа да мол астық беретін аудандарды басып алғаннан кейін, елді және майданды астықпен қамтамасыз етуде республиканың ауыл шаруашылығының рөлі ерекше болды. Мал шаруашылығын дамытудағы жетістіктері үшін, Қазақстанға 1943ж сәуірде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы қызыл туы тапсырылады.

Соғыс жылдары Қазақстанда көмірді өндіру, соғысқа дейінгі деңгейден 75,2%, мұнайды өндіру 2,5 есе, жеңіл өнеркәсіпті өндіру 76,4%, жергілікті өнеркәсіпті өндіру 4,6 есе, ет-сүтті өндіру 30% өседі.

Өнеркәсіптің жоғарғы қарқынмен дамуының нәтижесінде, соғыс жылдары республиканың халық шаруашылығындағы өнеркәсіптің жалпы өнімінің үлес салмағы 1940ж 60% болса, 1945ж 66%-ға дейін өсті.

Қызыл Армияның жараланған және айыққан жауынгерлерін, әскери және халық шаруашылық жүктерді үздіксіз тасуда темір жол транспортының рөлі өте зор болды.

Қарағанды шахталарында өндірілетін кокс көмірін Магнитогорск металлургия комбиатына кешіктірмей апару мақсатында Қарағанды-Магнитогорск темір жолы магистралына Ақмола-Қарталы торабы жалғастырылады. Пойыздар жүрісі айрықша әскери графикке көшірілді.

Республикада жаңа темір жол тораптарын салумен қатар, бұрынғы темір жолдардың, әсіресе, Қарағанды және Түркістан-Сібір магистралының өткізу қабілетін арттыру жұмыстары жүргізілді. 1943ж қазанда ұзындығы 806 шақырым Ақмола-Қарталы торабы, сондай-ақ қорғаныс және халық шаруашылығы жүктерін тасымалдау жөніндегі маңызды міндеттерді атқаратын бірқатар тораптар мен жол тармақтары іске қосылады. Теміржолшылар жүктерді толассыз тасымалдауды қамтамасыз етті. Руда мен мұнай өнімдерін жеткізу төрт есе, көмір мен қара металл жеткізу екі есе өсті.

1941ж Республика бойынша негізінен алғанда колхоздар есебінен 100.271.1 мың пұт астық Отан қоймасына құйылды.

Қазақстандағы колхоздар астық пен басқа да ауылшаруашылық өнімін тапсыру жоспарын үнемі орындап отырды. Солтүстік облыстарда егін жинау ұзаққа созылып, астық бастыру күзгі қара суыққа дейін жалғанып, ауа райының қиын жағдайында жүргізілді. Колхозшылар қажырлы еңбектің үздік үлгісін көрсетіп, мол өнім алып отырды.

Өңделмеген қант қызылшасы, темекі жинаудың жоспары артығымен орындалып, Отан қоймасына 114.6 мың т ет, 283.7 мың т сүт, 14.6 мың т жүн, 2,8 млн т артық әр түрлі шикізаттар тапсырылды.

Мал шаруашылығы өнімдерін және өнеркәсіпке қажетті шикізаттарды өндіруде, тылдағы аудандар арасында Қазақстан жетекші рөлге ие болды. Бүкіл елге еңбек озаттарының – тары өсірудің шебері Шығанак Берсиев, астық күрішшілер Ыбырай Жақаев пен Ким Ман Сам, астықтан мол өнім жинаудың майталмандары Мүнира Сатыбалдина, Анна Дацкова, Нүрке Алпысбаевалар, тракторшылар Паша Ангелина, Жамиға Тезекова және т.б. аты белгілі болды.

Мәселен, Ш.Берсиев тарының қиыншылыққа төзімді, жоғары өнімді, жергілікті климат жағдайына икемді сортын өсіріп шығарды. Күріш өсірудің шеберлері Ы.Жақаев пен Ким Ман Сам күріштен мол өнім алды. Ким Ман Сам әр гектардан 154.9 ц күріш жинаса, Ы.Жақаев – 172 ц күріш жинады. Қазақстан тары мен күріш өнімінің дүниежүзілік рекордтарының Отанына айналды.

Малшылар арасынан республикаға танымал еңбек озаттары шықты. Мысалы, Жезқазған ауданындағы Амангелді атындағы колхоздың шопаны Ж.Мұқашев әр жүз саулықтан 188 қозы алды. Қостанай облысының «Правда» колхозының шопаны С.Слесарь өзіне бекітілген 500 саулықтан 816 қозы алып, шығынсыз өсірді.

Жалпы соғыс кезінде Қазақстанның ауыл-село еңбеккерлері өздерінің патриоттық және еңбек парыздарын айтарлықтай өтеді. 1941-1945жж. олар майдан мен елге 5 млн 829 мың т астық, 734 мың т ет және басқа да азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикізат берді.

Республика еңбекшілері майдан қорына 4.7 млрд сом ақша берді. Әйгілі палуан Қажымұқан Мұнайтпасов өз қаражатына ұшак жасатып, майданға жібереді. Сонымен қатар қазақстандықтар майдангерлерге 2 млн астам жылы киімдер, 1.600 вагон сыйлық жібереді. Олардың жеке қаражаттарына бірнеше авиаэскадрильялар жасақталады.

Танктерді, ұшақтарды, артиллерия қондырғыларын және басқа да қару-жарак түрлерін жасаудың ұлғайтылуы түсті және сирек металдар шығаруды барынша арттыруды мейлінше талап етті. Мыс өнеркәсібінің алыбы Балқаш зауыты, Шымкент қорғасын зауыты, кенді Алтайдың өнеркәсіп торабы қорғаныс өнеркәсібінің мұқтажына арнап түсті металдар өндіру қарқынын арттырды. Республикада брондык және сапалы болат шығару үшін соншама қажетті молибден, марганец, вольфрам, никель және басқа металдарды өндіру қолға алынды.

Балқаш өңірінде «Шығыс Қоңырат» молибден руднигі негізінде, 1941ж қарашаның бас кезінде алғашқы молибден өнімдері алына бастады.

1943ж. Қазақстанда қорғаныстық маңызы бар ондаған кәсіпорындар іске қосылды. Сол жылы қантар айында республикадағы кара металлургия өндірісінің тұңғышы Ақтөбе ферросплав зауыты (жылу-электр орталығы мен электрмен қорыту пеші) іске қосылып, алғашқы өнімін шығара бастады. Ақтөбе химия комбинаты селитра, бор және фосфор қышқылын, сода және басқа химиялық өнімдерді өндіре бастады. Шымкент химия-фармацевтика зауыты

еліміздің дәрі-дәрмек шөптерді өңдеу жөніндегі негізгі базасына айналды. «Қаратау» фосфорит кен-химия комбинатының құрылысы басталды.

1943ж. Теміртауда Атасу кен орны тобының ресурстары негізінде, Қарағанды металлургия комбинатын салу қолға алынды.

Қарағанды көмір бассейніне айрықша көңіл бөлінді. Ол тек республиканың қажетін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге Орал мен Еділ бойының қорғаныс зауыттары үшін кокстелген көмір беретін негізгі базалардың біріне айналды. Соғыс жылдары «Қарағандышахтастрой» тресінің жұмысшылары жана 20 шахтаны және үш көмір разрезін тұрғызып, оларды іске қосты. Нәтижесінде, қосымша миллиондаған тонна көмір алынды. Қарағанды шахтерлері Ж.Мұқанов, Б.Нұрмағамбетов, И.Нұров, шақта директорлары Т.Күзембаев, А.Стаханов, инженер-конструктор С.Макаров, комбинат басшысы Г.Спицин жан аямай еңбек етті.

Қарағанды көмір тресінің Горбачев атындағы шахтасының әйгілі кен қопарушысы И.Нұров соғыстың соңғы үш жылы ішінде 16 мың тонна көмір қазды. мұның өзі Қарағандыда 1913ж өндірілген бүкіл көмірдің бестен бір бөлігін құрады.

Шымкент және Лениногорск қорғасын зауыттарында висмут, сүрме және талий өндіру ісі жолға қойылды. Жана рудниктер мен байыту фабрикалары салынып, мыс, калайы, күміс, алтын шығару артты. Балқаш, Қарсақпай мыс қорыту зауыттары күшейді.

1944ж. Текелідегі қорғасын-мыс комбинатының бірінші кезегі, Өскемен мыс зауыты іске қосылды. Ауыр машина жасау зауыттары Алматыда, Шымкентте, Қарағандыда іске қосылды.

Соғыс жылдарында Ембіде 430 жаңа скважина пайдаланылуға берілді. Соғыстың соңғы үш жылы ішінде Қазақстан майданға және елімізге 2 млн 474.2 мың тонна жоғары сапалы мұнай берді.

Республиканың энергетика қуаты артты. Соғыс кезінде 20-дан астам энергетика объектілері салынды. Осындай объектілердің ең ірілері – Ертіс ГЭС-інің бірінші кезегі, Қарағанды ГРЭС-і, Өскемен жылу-электр орталығы және т.б. болды. Қазақстандағы энергия жүйесінің қуаты 1941ж қаңтардан 1945ж қаңтарға дейін 54.4% артты.

Қазақстанның ет-сүт өнеркәсібі түгелдей майданға қызмет етіп, төрт жыл ішінде өнім өндіруді 50% арттырды. Жауынгерлерді киім-кешекпен және азық-түлікпен қамтамасыз етуде республиканың жеңіл, азық-түлік және кооперативтік өнеркәсіптері белсенді қатынасады. 1943ж басында, Республиканың жеңіл өнеркәсібінің кәсіпорындары жалпы өнімінің көлемі жағынан Кеңес Одағында Ресейден кейінгі екінші орынға шығады. Майданға үздіксіз лек-легімен ок-дәрілер, тамақ өнімдері жеткізіліп тұрды. Қазақстан майданға 14.4 мың жүк машинасын, 1,5 мың шынжырлы тракторды, 110,4 мың жылқыны және 16.2 мың арбаны жіберді. Қазақстанның өнеркәсіп өнімінің көлемі соғыс жылдары айтарлықтай өседі, Қорғаныс қорына 1 млрд сом ақша және жүздеген мың пұт астық қосылады.

Соғыс жылдарында республиканың халық шаруашылығындағы өнеркәсіптің жалпы өнімінің үлес салмағы 1940ж 60%-дан 1945ж 66%-ға дейін

өсті. Осы жылдары барлығы 460 зауыт, фабрика, кеніш, шахта және басқа өндірістер салынды. Қазақстанның бүкіл экономикасы мен адам күшін ІІ дүниежүзілік соғыс майдандарының талаптарына сай жан-жақты жұмылдыруда республика басшылары Н.А.Скворцов, Н.Ондасынов, Ә.Қазақбаев, Ж.Шаяхметов және басқаларының рөлі зор болды. Олар республиканың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің барлық салаларында басшылық етуде, жоғары ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсете білді.

Соғыс жылдары Қазақстанда ғылыми зерттеулердің көлемі ұлғаяды. Қорғаныс және шаруашылық маңызы бар мәселелерге қатысты жұмыстарды күшейтуде ірі кеңес ғалымдары: В.Л.Комаров, И.П.Бардин, А.А.Байков, В.А.Обручев, А.А.Скончинский, Д.Н.Прянишников, Н.В.Цинцин атсалысты. Қазақстанның табиғат жағдайын және ресурстарын зерттеуде академик А.А.Григорьев басқарған СССР Ғылым Академиясының география институты көп жұмыс жүргізді.

СССР Ғылым Академиясының ғылыми-зерттеу мекемелерінің саны мен қазақ филиалы айтарлықтай өседі. Топырақтану және ботаника (1943ж), энергетика, зоология (екеуі де 1944ж), физиология, өлкетану патологиясы, клиникалық және экспериментальды хирургия (барлығы 1945ж), химия ғылымы, тау ісі (екеуі де 1945ж), жаңа секторлар – математика және механика институттары ұйымдастырылады.

1945ж Қазақ Ғылым Академиясы ашылып, Қ.И.Сәтбаев бастаған қазақстандық ғалымдар қара, түсті және сирек кездесетін металдарды, тау пайдалы қазбаларын, су және гидроэнергетикалық ресурстарды соғыс қажетіне қолдану барысындағы ғылыми жұмыстарды жүргізді.

Соғыс жылдары Қазақстанға Мәскеу авиация институты, Мәскеу түсті металл және алтын институты, біріккен Украина мемлекеттік университеті көшіріліп әкелінеді. Сондай-ақ соғыс жылдары Алматы Мемлекеттік шет тілдер институты, Шымкент Технологиялық институты, Қазақ Мемлекеттік консерваториясы, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институты ашылды.

Соғыс жылдары Қазақстан, шын мәнінде, Кеңес Одағының қуатты арсеналына айналғанын айтуға толық құқығымыз бар. Соғысқа дейін, Қазақстан оның тұрғындарының еркінен тыс лагерлер өлкесіне айналып, «Карлаг», «Степлаг», «АЛЖИР» және т.б. ондаған лагерьлер құрылады. Сталиндік социализм кезінде 101 мың қазақстандықтар «Гулаг»-қа жабылып, оның 25 мыңы атылған болатын.

Соғыс қарсаңында және соғыс жылдары, Кеңес билігі үлкен қылмыс жасағаны белгілі. Халықтарды құпия түрде күштеп атамекенінен көшіру, яғни халық депортациясын іске асырады. Алғашқы жер аударылуға ұшырағандар Украинаның шекаралық аймағын мекендеген 102 мың поляктар болды. 1936ж олар қазақ жеріне жер аударылып, республиканың тұрғындарына айналады. 1940-1941 жж. Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарына 60 мыңдай поляктар жер аударылды.

1937ж. жапондардың шпиондары деп айып тағылып, Қиыр Шығыста мекендейтін кеңес корейлері, зорлықпен Орта Азияға және Қазақстанға жер аударылады. Корейліктер мінген пойыздар Қазақстанға сол жылы қыркүйектің аяғында келе бастайды. Қазақтар оларды өздеріне тән қонақжайлықпен, мейірімділікпен, кішіпейілділікпен қарсы алып, ресми биліктің тыйым салғанына қарамастан, барынша көмек көрсетеді. 1938ж. қарашада Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарына ирандықтардың (парсылардың – Б.Қ.) 2 мыңнан астам жанұясы қоныс аударылады. Осы жылдың соңында Оңтүстік шекара аймағынан курдтар, ассириялықтар, түріктер Қазақстанға көшіріледі. Шекара аймағын мекендеген бұл халықтар «сенімсіздер» қатарына жатқызылды. 1941ж. 3-20 қыркүйекте Еділ бойындағы неміс Автономиясында тұратын немістерді, тұрған жерлерінен қуып шығып, Қазақстанға және басқа өлкелерге күштеп жер аударылады. Қазақ өлкесіне небәрі 420 мың неміс әкелінеді, соның ішінде Қарағанды облысына – 67 мыңнан астам немістер орналастырылды.

1944ж. қарашада Орта Азия мен Қазақстанға Месхетияның (Грузия Республикасы) 220 елді мекенінен 110 мың түріктер мен курд-мұсылмандар қоныстандырылады. Азербайжанда қалған курдтар қуған-сүргіннен жасқанып, жедел түрде аты-жөндерін өзгертіп, азербайжан болып жазылады.

1942ж. күзде жау Еділдің жағалауына және Үлкен Кавказ тау жотасының сілеміне жақындайды. Шешендер мен ингуштар тұратын, сондай-ақ қарашай, балқар және құмықтар мекендеген жерлер жау қолына түседі.

Сталинград пен Курск түбінде немістерді талқандағаннан кейін, азат етілген территориядағы тұратын Қырым татарларына, қарашай, балқар, құмық, қалмақ, шешен-ингуш халықтарына негізсіз айыптар тағылып, оларды Орта Азия мен Қазақстанға күштеп жер аудара бастайды.

Кеңес үкіметінің жарлығымен 1943ж күзде және 1944ж көктем мен күзде Қазақстанға тұрақты мекендеу үшін, Солтүстік Кавказдан және бұрынғы Қалмақ автономиялық Республикасынан арнайы қоныс аударылғандар: қарашайлықтар – 45.529 адам, шешендер мен ингуштар – 406.375 адам, балқарлар – 21.150 мың және қалмақтар – 2.268 адам көшіп келіп, орналаса бастайды.

Осы кездердегі жеке ұлт өкілдеріне бағытталған қуғын-сүргін сталиндік саясаттың құрамдас бөлігі болды. Халықтарды күштеп жер аудару, кейбір ұлттық мемлекеттік автономиялық құрылымдарды жою Сталиннің субъективтік шешімдерімен іске асырылып отырды.

5.8. II дүниежүзілік соғысқа (Ұлы Отан соғысы) байланысты туындаған ұстанымдарды қайта қарау және оны жаңаша бағалау

II дүниежүзілік соғыстың Шығыс майданында, Германия мен Кеңес Одағы арасындағы соғыс қимылдарын кеңес тарихнамасында «Ұлы Отан соғысы» деп атайды. Ұлы Отан соғысының (1941-1945жж) II дүниежүзілік соғыстың құрамдас, ең маңызды және шешуші бөлігі болғандығын мойындауымыз керек. Жалпы II дүниежүзілік соғыс қимылдарына 12 томдық,

ал Кенес Одағының неміс-фашист әскерлерімен соғысы, яғни Ұлы Отан соғысы туралы соншама көп томдық зерттеулер жазылған.

Одан басқа соғыс кимылдарына тікелей қатынасып, операцияларының жоспарын жасап, оны іске асырған маршалдар мен генералдардың, колбасшылардың естеліктері (мемуарлары) жазылады. Ал, тарихшылар соғыстың сипаты, себептері, барысы, кезендері, нәтижелері мен маңызын жан-жақты талдап, сол кездегі кенес қоғамының, басқарушы және жетекші күші коммунистік партияның ұстанымдарына сәйкес қорытындыларын жасағанын білеміз. Солардың қатарында, кезінде армия, майдан колбасшыларының саяси кеңесшілері болған, кейіннен мемлекет және партия басшыларына айналған Н.С.Хрушев пен Л.И.Брежневтың шашбауын көгеріп, оларды дәріптеп жазылған, шындықтан тым аулақ жасанды шығармалар, естеліктер («Малая земля» және т.б.) көптеп шыға бастады.

Кен көлемді киноэпопеялар: «Блокада» («Қоршау»), «Освобождение» («Азаттық») түсірілді.

Сонымен бірге соғыстың барлық ауыртпалықтарын көтерген, алдыңғы шепте, борап тұрған жау оғының астында өлім мен өмірдің арасында жүрген қатардағы жауынгерлердің қаламдарынан туған, окоптың немесе лейтенанттардың шыныдығы жариялана бастады.* Бірақ Кенес билігі окоп шындығын айтқан, шайқастарға тікелей қатынаскан солдаттар мен лейтенанттардың естеліктерін әдебиет кеңістігінен ығыстырып шығара бастады. Өмір шындығын, соғыс ауыртпалықтарын, орасан зор адам шығындарын айтуға, жазуға тыйым салынды. Тарихты бұрмалауға қарсы күрес басталады. Шын мәнінде, ол ресмилеу (официоз) хабарлардан басқанын барлығына тыйым салады. Майданнан елге аман-есен келгендер әсте Жеңіс күні туралы емес, соғысты, оның ауыртпалығын, қасіретін айтатын. Соғыс олар үшін батырлық жыры емес, аса үлкен қылмыс ретінде қарастырылатын. Жанұясымен отырыстарда олар бастарына түскен ауыр кезенді, соғыстан келмеген окоптас жолдастарын еске алып, кайғырып, жүз грамдарын алып отыратын. Соғыс тақырыбына әңгіме қозғағанды майданнан аман-есен келгендер әсте ұнатпайтын.

9 мамыр – Жеңіс күні, майдангерлер үшін көздері жасқа толған мейрам болатын. Жеңіске қол жетті, бірақ оған қандай баға төленді? 20 млн астам кенес солдаттары мен офицерлері қаза болды, қаншама солдаттар елге мүгедек болып қайтты, қанша әйел жесір қалды, қаншама ана балаларынан айрылды, қаншама бала-шаға жетім қалды?!

Соғыстан кейінгі жылдардағы Жеңіс мейрамына деген көзқарас қазіргіден өзгеше болатын. Ол кезде мемлекеттің 9 мамыр – Жеңіс күніне көзқарасы шамалы, ал майдангерлерге немқұрайлы болатын. Тіпті, И.В.Сталин 1947ж. бұл күнді жұмыс күніне айналдырып жіберген болатын.

Билік басына келген Л.И.Брежневке, адамдарға жақын дәстүрлерге сүйеніп, өзінің билігін заңдастыру өте маңызды болды. Сондықтан да ол 1967 жылы 9 мамырды демалыс күні деп жариялайды. Бұл кезде ұрпақ алмасуы болып, жастар үшін бұл мейрам соғыспен тікелей байланысын жоғалтып, тек символдық маңызға ие болып қалады. Соғыс туралы жад, ес уақыт өткен сайын.

ортында Ұлы Жәніс тұрған асқақ, тәкаппар идеологиямен ауысады. Жәніс күнінің мәні өзгереді.

Кенес Одағының қамытынан құтылып, тәуелсіз мемлекеттер құрған республикалар әлемнің көптеген елдері сияқты II дүниежүзілік соғысқа және Ұлы Отан соғысына деген ұлттық ұстанымдарын, көзқарастарын қайта қарастыруда, оған өзінің бағасын беруде. Күн сайын өршіп бара жатқан Ресейдің ақпараттық ықпалы көрсеткендей, Ресей бүгінде II дүниежүзілік соғысты өзінің идеологиялық құралдарының бірі ретінде мемлекеттік деңгейге көтерген.

Балтық жағалауы мемлекеттері, Украина, Грузия, Өзбекстан тек Ұлы Отан соғысын ғана емес, Кенес дәуірін мектептерінде мүлде оқытпайды. Тек Ресеймен Еуразиялық экономикалық-саяси одақта тұрған Белоруссия мен Казакстан (Армения мен Қырғызстанда да қосуға болады) ғана Жәніс күнін атап өтуді дәстүрге айналдырған. Күні кеше ғана билікке келген Арменияның жана басшысы – Пошанян Жәніс күнін 9 мамырдан 8 мамырға ығыстырып, армяндар бұл күнді барша әлем жұртымен бірге атап өтуге тиіс деп, Ресейдің жетегінде жүрмейтінін сездірді.

Украинада қабылданған заң бойынша, елде коммунистік және ұлтшыл-социалистік (нацистік) тоталитарлық режимдерге және олардың символикаларына тыйым салынған. Украинаны азат етуге қатынасқан әйгілі кенес қолбасшыларының (Ватулин, Конев, Жуков, Рокоссовский және т.б.) ескерткіштерін қиратып, барлық кенес символикаларынан, клишелерінен, кенестік тулардан, гербтерден, бейнелер мен атрибутикалардан, орақ-балға, бес жұлдыз, коммунистік партияның атауынан, Кенес Одағы мен Украинаның гимндерінен бас тартуда. Соғыста қайтыс болғандарды еске алғанда, Украинада кенестік символикаларды пайдалануға тыйым салынған.

Сөз жоқ, Ресей соғыс тақырыбын, соғыстағы жәнісін – өз халқын топтастыру, оны әлемге қарсы кою үшін пайдалануда. Осы арқылы кешегі кенестік республикаларды өзіне байлап (Еуразиялық экономикалық одақтың мүддесін еске алайық), тәуелсіз мемлекеттердегі орыс тілді аудиторияны өз маңына жинастырып, оларға дем беріп, жеңілдіктер жасап, шикізаттарды арзандау бағамен сатып, қаржы бөліп, бірге қимыл жасауға жұмылдырып жатыр.

Осы сатыда кешегі елімізде өткен «Бессмертный полк» деген шараны мысалға келтіруге болады. Біраз елдерде ұлттық мемлекеттерге, олардың егемендігі мен тәуелсіздігіне төнген қауіп-қатер деп танып, оған тыйым салып жатқанынан хабардармыз. Осы шарада таратылатын сары-қара Георгий жолақтарын кешегі патшалық Ресейдегі жоғарғы әскери марапатты кенестік қызыл империяның жақтастарының басын біріктіретін символға айналдырғанын қазір әркім біледі.

Саясаттан хабары бар адамдар білетіндей, осыдан біраз жыл бұрын Украинаға лан салған, отыз мың әскерді Қырымға кіргізіп, оны басып алған (аншлюс) Донбасс пен Луганскіні ойрандап, ешқандай мемлекет мойындамаған Халық Республикаларын құрғандардың барлығы дерлік өз кеуделеріне осы «сары-қара Георгий жолақтарын» тағып жүргендер болатын.

Кенес Одағын қалпына келтіруді армандап жүрген отандастарымыз Кремльдің сценарийімен мемлекетіміздің егемендігіне қарсылық ретінде Украина мен Грузиядағыдай бүлік ұйымдастырып, лезде референдум ретінде Ресейге қосылу туралы қабылдасына кім кепіл бере алады?!

Қазақстан билігі егеменді, тәуелсіз мемлекетіміздің посткеңестік кенестіктегі алатын орнын сақтап, одан әрі күшейткісі келсе, елімізге танып тұрған қатерлерден сақтану қамын ойлағаны жөн болады.

Бүгінгі күні – «Женіс күні» деген тақырыпты мейлінше дәріптеп, ішкі саясатының маңызды бір бөлігіне айналдырған бірден бір мемлекет бар, ол – Ресей Федерациясы. Солай болса да, тәуелсіз Қазақстан 9 мамыр – Женіс күнін Ресеймен бірге жарыса тойлайтынына куәміз. Соғыс пен Женіс тақырыптары бұл екі елдің жастарын, ортақ патриоттық тәрбиелеуге бағытталғанын айтуымыз керек. Женіс күнін атап өтуде бұрынғы кеңестік республикалардан қайтадан Ресей қарамағына жинау, аталардың ерлік жолын сөз ету арқылы идеологиялық бағындыру жатыр. Бұны түсінген елдер қолынан келгенше қарсылық көрсетіп жатыр. Мәселен, Украинаның Жоғарғы Радасы (парламенті) – Б.К.) 9 мамыр – «II дүниежүзілік соғыста нацизмді жеңген Женіс күні» деген заңды қабылдап, «Ұлы Отан соғысы» терминінен бас тартып, оның орнына «II дүниежүзілік соғыс» ұғымын пайдалануды ұсынады. Тәуелсіз, егеменді мемлекет ретінде ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізетін елдерге ол «Ұлы Отан соғысы» емес, тек адамзат тарихында ешбір соғыс тең келмейтін, II дүниежүзілік соғыстың Шығыс майданы ғана екенін түсінуіміз керек. «Ұлы Отан соғысы» деген саяси конструкциядан бас тартуымыз керек. Шын мәнінде, бұл соғыс 1939ж 1 қыркүйекте гитлерлік Германияның Польшаға басып кіруінен, 1945ж 2 қыркүйекке дейін Жапонияның тізе бұгуімен аяқталған. Ал, қазақстандықтар II дүниежүзілік соғыстың басынан аяғына дейін, соның ішінде партизан қозғалысына және Еуропадағы Қарсыласуға да белсенді қатынасқаны ақиқат.

Кенес Одағы ыдырап, коммунистік партия таратылғаннан кейінгі уақытта, яғни Тәуелсіздік жылдары, соғыс тақырыбына зерттеу жүргізген отандық тарихшылар, тарихи әділеттілікте қалпына келтіру мақсатында, кеңестік ұстанымға қайшы келетін біраз қорытындылар мен тұжырымдар жасап, Ұлы Отан соғысы жылдары ерліктің тамаша үлгісін көрсеткен қазақтардың ұл-қыздарының ерліктерін дұрыс бағаламай келгендігін жария кылуда. Ерлігі үшін басқа ұлт өкілдерін марапаттағанда және олардың жаппы анықталған. Ондай фактіні батальон командирі, кейін полк және дивизия командирлері қызметін атқарған әйгілі Бауыржан Момышұлын, дивизия командирі И.В.Панфиловтың өзі Ленин орденіне (1941ж), сосын полковник Серебряков Кенес Одағының Батыры атағына ұсынуының сәтсіздікке ұшырауынан байқауға болады.

Әрине, мындаған қазақ жігіттері көрсеткен ерлік ешқашан ұмытылмайды. Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова, Сұлтан Баймағанбетов, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Бактығораз Бейсекбаев, Тлеуғали Әбдібеков, Ыбырай Сүлейменов, Талғат

Бигельдинов. Мәлік Ғабдуллин және т.б. қаһармандарымыздың ерліктері қазақтар арасында әр уақытта дәріптелуге тиіс. Бірақ ол Ресейдің ұстанымымен емес, ұлттың ұлттық көзқарас пен мүддесі тұрғысынан қарастырылуы керек.

Соңғы жылдары Ресейде соғысқа арналған жүздеген фильмдер шығарылады. Олардың 99% тек орыс ұлтының өкілдері түсіріліп, соның ерлігі дәріптеледі. Нәтижесінде, II дүниежүзілік соғыстың басты қаһарманына орыс халқы айнеқула. Еуропа халықтарын гитлерлік Германияның езуінен азат еткен орыс халқы болып шықты. Орыс шовинистері бұл ойын дәлелдеу үшін, И.В.Сталиннің Қызыл Армияның колбасшыларын Кремльде қабылдағандағы (1945ж 24 мамыр): «Бұл соғыстағы басты жеңімпаз ұлы орыс халқы үшін!» деп төст көтергеніне сілтеме жасайды. 14 одақтас республикалардың соғысқа қосқан үлесін жоққа шығаратынын, президент Путиннің Ресей үкіметін басқарып тұрған кезіндегі: «Украинасыз да Ұлы Отан соғысы кезінде Ресей қайткенде де жеңіске жетер еді, себебі «біз жеңімпаз елміз» деген сөздерінен анық Байқауға болады. Кенес Одағы, заманында Ұлы Отан соғысы тақырыбы ұлттар достығын нығайтушы күш болса, қазір ол орыс ұлтын ұлықтайтын құралға айналды.

VI. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҒЫ МЕН САЛДАРЛАРЫ. ҚАЗАҚСТАН СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДА (1946-1965ЖЖ)

1946-1991жж. – Кеңес Одағының сыртқы және ішкі саясатындағы әлеуметтік және ұлттық, экономикалық және мәдени салаларда орын алған күрделі және қарама-қайшы үдерістердің кезені. Дәстүр бойынша бұл кезең бірнеше бөліктерге бөлінеді: И.В.Сталиннің билігінің соңғы жылдары (1946-1953жж.); Н.С.Хрущевтың билік басында болған (1953-1964жж.) – десталинизация және “жылымық” жылдары; Л.И.Брежнев билік басында болған тұрақтылық дәуірі немесе “тоқырау жылдары” (1965-1982жж.); Сосын М.С.Горбачевтың бағыты бекіген кездегі Ю.В.Андроповтың (1982-1984жж.) және К.У.Черненконың (1984-1986жж.) билік еткен жылдары.

Аталғандардың бірінші кезені, әлемдік дамудың негізгі тенденцияларын бірнеше ондаған жылдарға нақтылап берген, геосаяси, экономикалық, технологиялық және әлеуметтік шақырулардың жағдайындағы сталиндік режим, өзінің елдегі және әлемдегі бағыттарын бекіту әрекетімен белгілі болды.

Сталиннің “жеке басқа табынушылығын сынау” (десталинизация) кезені, соғыстан кейінгі жылдар әлеуметтік бағдарламалармен саяси ымырашылдықты іске асыру үдерістері қарама-қайшы, тиянақсыз сипат алды. Сондықтан да 1953-1964жж. бейнелеп атқанда “тасқын су” емес, “жылымық” деп аталған.

Брежнев кезені, Кеңес Одағы тарихындағы ең тұрақты деп саналғанымен, ол да біркелкі болмады. Оның бастауы көп үміт артқан реформалар мен және Кеңес Одағының гүлденуімен дәлме-дәл келді, бірақ та 1970-1980жж. еліміз экономикалық және идеологиялық дағдарыс кезеңіне тап болады. Өзгерістерге қызығушылық білдірмеген номенклатура, шикізатты экспорттауды көбейтудің мүмкіндігін пайдаланып, қалыптасқан әлеуметтік-саяси және экономикалық құрылымдарды сақтап қалуға тырысады. “Дамыған социализмді” орнату туралы көпірме, бос сөздерді қайталаумен болды. Оған жауап ретінде Кеңес Одағында “қайта құру” саясаты мен оның соңынан іле-шала Кеңес Одағының ыдырауын алып келген елде жүйелі дағдарыс қалыптаса бастайды.

6.1. Соғыстан кейінгі жылдарда Республика халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамыту

6.1.1. Өнеркәсіптің дамуы

II дүниежүзілік соғыс жылдары Қазақстан экономикасы негізінен майдан үшін жұмыс істеді. Қазақстан майдан арсеналына айналған еді. Бейбіт өмірге көшу, фашистік оккупациядан зардап шеккен халық шаруашылығын қалпына келтірумен дәлме-дәл келді. Қазақстандықтар Кеңес Одағының 12 қаласы мен 45 ауданын қамқорлыққа алды.

1946ж 18 наурызда қабылданған төртінші бесжылдық жылдары (1946-1950жж) Қазақстанның экономикасын жандандыруға үлкен мән берілді. Өнеркәсіп өнімін өндіруде Қазақстан бесжылдықтың аяғына қарай 1940ж дәрежесінен 2,2 есе асып түсуге тиіс болды. Төртінші бесжылдықта қорғасын, молибден, вольфрам, басқа да түсті және сирек кездесетін металдар мен мұнайды қазып шығару мен өндіруді ұлғайту, электр станцияларының қуатын арттыру жоспарланды.

Төртінші бесжылдық жылдарында қара металлургия жақсы дамыды. Теміртаудағы қазақ металлургиялық қайта өңдеу зауытында үш прокат станы мен екі мартен пеші, Ақтөбе ферросплав зауытында кәсіпорынның үшінші кезегі іске қосылды.

Түсті металлургияны дамытуға зор көңіл бөлінді. 1947ж Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты алғашқы мырышты берді. Балқаш мыс қорыту зауытының қуатын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылды. Жезқазғанның аса ірі мыс балқыту комбинаты салынып жатты. Түсті металлургия комбинаттарының кәсіпорындарының шикізат базасы ұлғайтылды. Қонырат, Мырғалымсай рудниктерінің көлемі кеңейтілді. Бесжылдық ішінде қорғасын-мырыш рудасын қазып алу 2,2 есе көбейді, түсті металл өндіру жоғары қарқынмен дамыды. Қарағанды көмір бассейнінде жаңа алты шахта іске қосылды. Саран разрезі пайдалануға берілді. Ашық әдіспен көмір шығаратын Екібастұз кен орны пайдаланыла бастады.

Қаратон, Мұнайлы мұнай кәсіпшіліктері әске қосылды. Байқап отырғанымыздай Төртінші бесжылдықта Қазақстан толықтай Кенес одағының шикізат қорына айналды.

1950ж. электр энергиясын өндіру 1945ж қарағанда 2,3 есе өсті. Машина жасау өнеркәсібінде бұрыннан жұмыс істеп тұрған «Қазақсельмаш», Қарағанды автомобиль жасау зауыттарын салу аяқталды. Қаратау кен-химия комбинатының, Жамбыл суперфосфат зауытының бірінші кезектері пайдаланылуға берілді. Қостанай жасанды талшық зауыты өнімнің алғашқы тонналарын берді. Қарағанды синтетикалық каучук зауытында екі цех қатарға қосылды.

Құрылыс материалдарын өндіру едәуір дамыды. Республикада цемент, кірпіш, әк, алебастр және басқа материалдар Сазтөбе мен Қарағанды цемент зауыттарында, Талдықорған, Өскемен, Петропавл, Қостанай кірпіш зауыттарында шығарыла бастады.

Тамақ және жеңіл өнеркәсібі одан ірі дамыды. Бесжылдық ішінде 178 май зауыты, 6 тоназытқыш, сыра қайнататын 3 зауыт, макарон фабрикасы салынды. Семейдегі тері илеу-экстракт зауыты, Петропавлдағы тігін фабрикасы өнім бере бастады. Шымкентте мақта-мата комбинаты салынды. Бесжылдықтың аяқ кезінде Республика жеңіл өнеркәсібінде 65 кәсіпорын болды.

Төртінші бесжылдықта транспорт пен байланысқа күрделі қаржы бөлінді. Бетпақдала шөлін 438 шақырымға созылған Мойынты-Шу темір жолы кесіп өтті. Республиканың солтүстігінен оңтүстігіне қарай Трансқазакстан магистралы Петропавл-Көкшетау-Ақмола-Қарағанды-Мойынты-Шу учаскесі, Қазақстанның солтүстік облыстарынан Республиканың оңтүстік облыстары мен

Орта Азияға Новосибирск арқылы келетін оралма жолды қысқартуға тиіс болды. Ақмола-Павлодар темір жолы салынып жатты. Темір жолдың ұзындығы 1940ж. 6581 шақырым болса, 1950ж. 8407 шақырымды құрды.

Автомобиль транспорты дамыды. Республиканың 21 қаласын байланыстыратын автотрассада автобустар жүріп тұрды.

Әуе жолы, өзен транспорты дамыды. Бесжылдық жылдарында самолетпен жүк және жолаушылар тасу едәуір көбейді. Азаматтық авиация ауыл шаруашылығында да пайдаланылды. Өзен транспортының су қатынастар жолдарының ұзындығы 1940ж. 4258 шақырымнан 1950ж. 5678 шақырымға дейін өсті.

Республикада пошта байланысы дұрыс жолға қойылды. Байланыстың материалдық құралдарын дамыту жоспарына сәйкес, барлық аудан орталықтары телефондандырылды, телефон байланысы жолға қойылды. 1949ж. Алматыда автоматты телефон жұмыс істей бастады, ола астананы еліміздің 56 қаласымен байланыстырды. Радио қабылдағыш және трансляциялық радио нүктелерінің саны 1940ж. салыстырғанда екі есе дерлік өсті. Өнеркәсіп саласында және транспортта жұмыс істейтін жұмысшылар кадры мен инженер-техникалық кадрлар саны өседі. 1950ж. тек өнеркәсіпте ғана, негізінен, машина жасау, металл өңдеу, отын, тамақ жән жеңіл өнеркәсіп салаларында 366 мың жұмысшылар еңбек етті. Соғыстан кейінгі жылдары халық шаруашылығында жұмыс істейтін әйелдер саны 1945ж. 51%-дан, 1950ж. 40%-ға дейін азайды.

6.1.2. Ауыл шаруашылығының дамуы

Республиканың ауыл шаруашылығының жағдайы өнеркәсіпке қарағанда ауырлау болды. Соғыс аяқталған алғашқы 1946ж. қуаншылық, сол жылдың көктемінде және жазында Молдовия, Украина, Орталық топырақты облыстарды, Төменгі Еділ бойын, Примор өлкесін және кең-байтақ еліміздің басқа да өңірін қамтыды. Егістің орташа шығымы 4 ц/га-дан сәл ғана асты (Қазақстанда – 5ц).

Молдовия мен Украинада және кейбір аймақтарда аштық басталды, 1931-1933 жылдардағы «жұт көзі» қайталанды. Масақтан терген бір уыс бидайлары мен бір-екі картоптарын жасырып, балаларын ажалдан алып қалам дегендерге жаза қолданылды. 1946ж. күзде астық ұрлағаны үшін 56 мыннан астам адам сотталып, олардың 37-і ату жазасына кесіледі.

Қиыншылыққа ұшыраған облыстардың есесі басқа аймақтардың астық өткізу мөлшерін көбейту есебінен толықтырылды. Қазақстан астыққа оншалықты бай болмаса да, астық ішкі өнімінің 56%, мемлекет қорына тапсырды.

Кенес Одағын астықпен және етпен қамтамасыз етуде, шығыстағы аудандардың, соның ішінде ҚазақССР-нің рөлі бұрығыдан да арта түсті.

Әміршіл-әкімшілік экономика жағдайында еліміздегі азық-түлік тапшылығы халықты нормаға отырғызу, негізінен – экстенсивтендірумен шектелді. 1946ж желтоқсанда КСРО Министрлер кеңесі «Егіс алқабын кеңейту және дәнді дақыл, әсіресе, Кенес Одағының Шығыс аудандарында жаздық

бідай өнімін арттыру туралы» қаулы қабылдады (оның идеологиясы кейін партияның тын саясатында кеңейтілді). Онда көрсетілген нұсқауға сәйкес, 1947ж. егістік алқабы мөлшерін 10 млн гектарға ұлғайту жоспарланды. 1947-1949 жж. астық себілетін алқап Қазақстан, Сібір, Оңтүстік Оралда 6,5 млн гектарға ұлғайтылуы тиіс болды. Осының нәтижесінде 1950ж. Қазақстандағы егіс алқабы 1946ж. салыстырғанда 1 млн 173 мың гектарға өсті.

Қазақстанда төртінші бесжылдықта (1946-1950жж) жылдың орташа астық өсімі, статистиканың көрсетуінше, 1913ж. деңгейлес келеді (5,6ц/га).

Республикада мал шаруашылығының да жағдайы ауыр болды. 1951ж. Қазақстанда небәрі 4,5 млн сиыр (1928ж -6,5 млн), 1,5 млн жылқы (1928ж – 3,5), 127 мың түйе (1928ж. – 1 млн) болды. Қой басының өсімталдығы арқасында 1951ж оның саны 1928ж деңгейіне, яғни 18.036 мыңға жетті.

Ауыл шаруашылығының қиын жағдайына қарамастан, республикадан жаудан азат етілген Еуропа елдеріне және аштықтан жапа шеккен Молдовия, Украина және Ресей халқына көмек ретінде, ақысыз 17.5 мың ірі ара мал, 22 мың жылқы, 350 мың қой және арнайы жеңілдетілген бағамен 500 мың мал жіберілді.

Соғыстан кейінгі бесжылдық кезінде шаруашылық мүддесін тұтастай камтитын құрылымға көшу, жеке меншік пен нарықтық қатынастың артықшылығын пайдалану, экономиканың жедел қалыпқа келу әлеуетін толық игеруге, оны одан әрі дамыту режиміне енгізуге туған мүмкіндікті, қатан әкімшіл-әміршіл жүйе жағдайында билік басындағылар тарапынан қолдау таппалы. Соғыстан кейінгі бесжылдықтың бірінші жылы республиканың колхоз және совхоз өндірісін ұйымдастыруда бірталай кемшіліктер бар екенін, қоғамдық мал шаруашылығы дамуының қанағатсыз екені көрсетті.

Ауыл шаруашылығы артелінің Уставын бұлжытпай сақтауды, табыстардың дұрыс бөлінуі мен колхозшыларға еңбекақының дұрыс төленуіне тексеріс жүргізіліп, Уставты бұзушылықтарды айыптап, кемшіліктерді жою жөніндегі нақты шаралар белгіленді.

Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық жарактандырылуын жақсарту үшін, мемлекет қосымша қаржылар бөлді. Колхоздар мен совхоздардың машина-трактор паркі жанартыла бастады.

Ауыл шаруашылығы үшін кадрлар дайындау мақсатында Қазақ Ауыл шаруашылық және Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институттарына бағынышты 18 ауыл шаруашылығы техникумы құрылды. Орта және жоғарғы білімі бар басшы қызметкерлердің үлес салмағы артты.

Колхоз өндірісінің индустриялық орталықтары МТС-тер болды. Жана МТС-тер құрылып, жұмыс істеп тұрған МТС-тер ірілендірілді. МТС-тер дизельді двигателдермен жүретін, шынжыр табанды тракторлардың жана маркаларымен жанартылды. Төртінші бесжылдықта ҚазақССР-і 7 мың трактор, 2,3 мың комбайн және басқа да көптеген күрделі ауыл шаруашылық техникасын алды.

1949ж. шөп шабатын машиналармен, тырмалармен, пішен маялағыштармен жабдыктандырылған 75 машиналы мал шаруашылығы

станциясы – ММС-тер құрылды. Олар колхоздардың мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайтуға, жайылымдарды суландыруға көмектесті.

Колхозшылардың еңбегін ұйымдастыруды одан әрі жақсарту, өндірісті басқаруды жетілдіру жөніндегі толғағы жеткен міндеттер колхоздардың ірілендірілуін қажет етті. Ірілендіру селодағы мәдени-тұрмыстық құрылыстың қарқынын және село еңбеккерлерінің мәдени дәрежесін арттыруға жағдай жасады, колхоздарды жаппай ірілендіру, негізінен алғанда, 1951ж. аяқталды.

1949 жылғы 6737 колхоздан бесжылдықтың аяғында 3670 ғана қалды. Колхоз өндірісін шоғырландыру колхоздардың барлық қызметіне игі әсер етті. Бесжылдықтың аяқ шенінде колхоздар Қазақстанның ауыл шаруашылығын өндірісінде жетекші орын алды.

Бесжылдық жылдарында Қазақстанда 14 жаңа колхоз құрылды, олар, негізінен алғанда, мал шаруашылығы бағытында болды.

Соғыстан кейінгі кезеннің аса қиын жағдайларында соғыстың ауыр зардаптарын, қысқа мерзімде жоюға және халықтың материалдық әл-ауқатын жақсартуға қажетті мүмкіндіктер жасалынды. Ауыл еңбеккерлерінің ұлттық табысы жылдан-жылға көбейе түсті. 1950ж. ол 1940ж. салыстырғанда 65 пайызға өсті. 1947 жылы ақша реформасы жүргізілді, карточка жүйесінің, азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен нормалап жабдықтаудың жойылуы халықтың тұрмыс дәрежесінің өсуіне маңызды рөл атқарды.

Азық-түлік пен өнеркәсіп товарларына коммерциялық баға жойылып, жаңа неғұрлым төмен бірінғай мемлекеттік баға енгізілді. Төртінші бесжылдық жылдарында баға үш рет төмендетілді.

Еңбекшілердің еңбекақысы арттырылды, колхоздар едәуір нығайып, колхозшылардың кірістері көбейді. Бірақ селодағы тұрмыс дәрежесі қаладағылармен салыстырғанда әлі де төмен болып қала берді. 1952ж. Кеңес Одағында сүт пен сүт өнімдері, АҚШ-қа қарағанда, 2 есеге дерлік, ет, балық, қант – 3 есеге дерлік, жемістер – 5 есе аз тұтынылды, есесіне нан мен картопты тұтыну 4 есе дерлік жоғары болған.

Халықты тегін оқыту және студенттерге стипендия беру, санаторийлер мен демалыс үйлеріне, пионер лагерьлеріне тегін немесе жеңілдікпен жолдамалар беру қамтамасыз етілді.

1946ж. 1 қантардан бастап соғыс салығы жойылып, халыққа сараланған табыс салығын (дифференцированный налог – Б.К.) енгізілуінің маңызы зор болды.

1946-1950жж. Кеңес үкіметі Қазақ республикасының ауыл шаруашылығының 4,5 мыңнан астам таңдаулы қызметкерлерін ордендермен және медальдармен марапаттады, 820 адамға Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ берілді. Мәселен, шопан К.Шегебаев, талшы-табыншы А.Асанов, колхоз председателі Н.Алдабергенов, МТС директоры Цой Зя Ир, комбайншы И.Чугуев және т.б. Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Жұмысты шапшаң істеу әдісінің шеберлері – Қарағанды шахтері – Ч.Ақулов,, комбайн машинисі – Б.Нұрмағанбетов, шахта бастығы – Т.Күзембаев, мұнайшылар – Ф.Ғалымов, Б.Доспаева, болат қорытушылар

К.Убайдуллаев, И.Голубев және т.б. Социалистік Еңбек Ері атағының иегерлері атанды.

6.1.2 Қазақстанның 1946-1950 жж. қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі өзгерістер

Қоғамдық-саяси жүйеде 20-жж. ортасында орныққан қатан әкімшіл-әміршіл жүйе, 40-50-жж. өзінің шырқау биігіне жетті. Бұл қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласынан көрініс тапты. Мемлекет басшысы И.В.Сталиннің жеке басына табыну кенінен өріс алды. Даурықпа жарнаманы бетке ұстаған түрлі ұрандарды пайдалана отырып, заң бұзушылық пен билікті асыра қолдану жалғаса берді. Коммунистік парияның жетекші және бағыт беруші рөлі күшейеді. Партия ұйымдарының қоғам өмірінің алуан саласына әкімшілік билікпен тікелей араласуы әдетке айналды. Мемлекеттік мекемелер, кәсіподақтар, комсомол, кооперативтер мен басқа қоғамдық ұйымдар оның бақылауымен жұмыс істеді. Олар өз алдына өмір сүру мүмкіндігінен айрылды.

Қоғамдық ғылымдар да партия ұйымының қатан бақылауымен дамыды. Қоғамдық ғылымдардың жағдайына БК(б)П ОК-нің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы қаулысының (1946ж. 14 тамыз) зардабы қатты тиеді. Бұл директивалық құжат өзгеше ойлайтын адамдарды қудалау мен сонына түсудің жана кезенін ашады. Қазақстан партия комитеттері өз жұмысын БК(б)П ОК қаулысының шеңберінде жүргізді.

Бұл кезде Орталықта «Ленинградтық іс», «Дәрігерлердің ісі» қолдан жасалып жатқан кезде, Қазақстанда «Бекмаханов ісі» ұйымдастырылды.

Болашағынан көп үміт күттірген тарихшы Е.Бекмахановтың ұсынысы бойынша, соғыс жылдары Қазақстанға Мәскеуден, Ленинградтан қоныс аударып келген әйгілі тарихшылар, академиктер А.П.Кучкин, Б.Д.Греков, Н.М.Дружинин, А.М.Панкратова және т.б., қазақ тарихшылары мен жазушылары: Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов бірігіп, одақтас республикалар арасында бірінші болып, қазақ халқының көне дәуірден 1917ж. дейінгі тарихын жазып шығады (1943ж). Алғашында еңбек жоғары бағаланып, тіпті Сталиндік сыйлыққа ұсынылады. Кітаптың Кенесары Қасымов басқарған ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбын Ермұхан Бекмаханов жазған болатын. Бірақ та «Қазақстан тарихы (Көне дәуірден 1917ж. дейін)» оқулығы көп ұзамай сынға ілінеді, әсіресе, ұлт-азаттық көтеріліске берілген баға қызу айтыс тудырды. Е.Бекмахановтың 1947ж. жарық көрген «Қазақстан ХІХғ. 20-40-жылдарында» атты көлемді еңбегі де қатты сынға ұшырайды.

1950ж. 26 желтоқсанда «Правда» газетінде шыққан Т.Шойынбаев, Х.Айдарова және А.Якуниндердің бірлесіп жазған «Қазақстан тарихын маркстік-лениндік тұрғыдан зерделейік» атты мақалада Е.Бекмахановтың монографиясы маркстік-лениндік ұстанымнан ауытқыған, тарихи оқиға буржуазиялық-ұлтшыл көзқарас тұрғысында жазылған деген қорытындыға келеді. 1951 ж. 6 қазанда Е.Бекмахановты тарих ғылымдарының докторы және профессор ғылыми дәрежелері мен атағынан айырады. Келесі жылы

Е.Бекмаханов қызметінен босатылып, 1952 ж. 4 желтоқсанда 25 жылға сотталып, Қолымаға жер аударылады.

Е.Бекмахановпен бір кезде реуспубликаның танымал тарихшылары Әлкей Марғұланның, Бекежан Сүлейменовтың және П.Галузоның көзқарастары ғылыми жалған деп бағаланады. Көрнекті әдебиеттанушы Есмағанбет Ысмаилов, Қажым Жұмалиев, Әуелбек Қоныратбаев, Бейсенбай Кенжебаев, Темірғали Нұртазин, жазушылар Ә.Әбішев, С.Бегалин және т.б. феодалдық-рулық құрылымды ерекше дәріптегені үшін айыпталып, жұмыс орнын босатудан бастап, қамауға алынуға және сотқа тартылуға дейін әр түрлі қудалауға ұшыратылды. Ғылым Академиясының Президенті Қаныш Сәтбаев «Едіге батырға» алғы сөз азғаны үшін «ұлтшыл» атанады. Болашақ «Абай жолы» эпопеясының авторы, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов те сынға ілікті. Қ.Сәтбаев пен М.Әуезов қудаланып, Мәскеуге кетуге мәжбүр болды.

Әдебиет пен өнер саласында да саяси бақылау орын алды. Партия тарапынан көркем шығармашылыққа бұйрық-әкімшілік бақылау жасау принципі сақталынды.

Кенестік режим барлық халықтарға және бүкіл мәдениет атаулыға өмір сүрудің баршаға ортақ: «мәдениеттік мазмұны социалистік, формасы ұлттық болуға тиіс» деген үлгісі мен калыбын танды. Осының нәтижесінде, кейбір халықтар өзінің этникалық және мәдени төркінінен көз жазып, «кенес халқына» толық айналуға, кейбір халықтар, соның ішінде қазақтар да бар, өз мәдениетінің тамырынан, тіпті өз ана тілінен айрылуға шақ қалды.

40-50-жылдарда рухани кенестікте, социалистік қоғамның «адамзат үшін ең әділетті құрылыс» екенін, социалистік мәдениеттің артықшылығын бұқараның санасына сіңіру үрдісі қалыптасты.

40-жылдардың ортасында 50-жылдардың басына дейін кенестік ұстаным тұрғысынан жазылған шығармалар пайда болды. Соғыс тақырыбына арналған Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты», Ә.Нұрпейісовтің «Қурляндия» сияқты кітаптарында қазақ жауынгерлерінің немістермен соғыста көрсеткен ерліктері баяндалады. Еңбек тақырыбына жазылған С.Мұқановтың «Сырдария», Ғ.Мұстафиннің «Миллионер», Ғ.Слановтың «Кең өріс» сияқты шығармаларында жұмысшылар мен колхозшылардың өмірі сипатталады.

Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы 1949ж. КСРО Мемлекеттік сыйлығымен марапатталып, оған бүкіләлемдік данк пен атак әкелді.

Республикада бірқатар жаңа театрлар пайда болды. «Абай» қойылымы үшін, Қазақ Академиялық драма театрының ұжымы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды.

Қазақ өнерінің соғыстан кейінгі жылдарда қол жеткізген ірі жетістігі – Мұхан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсы болды. Оған КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сол жылдары А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Е.Брусиловскийдің «Дудар-ай», Қ.Қожамжияровтың ұйғыр тіліндегі «Назуғум» опералары дүниеге келді.

1946 ж. 1 маусымда Қазақ Ғылым Академиясы ашылып, оның бірінші президенті болып, есімі бүкіл елімізге, әлемге белгілі ғалым – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тағайындалады. Академияның алғашы құрамы 14

академик, 16 корреспондент-мүшеден тұрды. Ғалымдар ұжымы 900 адамнан, оның ішінде 57 доктор, 184 ғылым кандидаттарынан құралды. 1950ж. Ғылым Академиясы құрамында 50 ғылыми-зерттеу мекемесі, оның ішінде 19 институт, 13 бөлім, 2 музей, обсерватория, 3 ботаника бағы және 8 ғылым базасы жұмыс істеді. Академияның ғылыми-зерттеу институттарында 500-ге жуық аспиранттар оқыды. Соғыстан кейінгі жылдары Ақтөбе, Гурьев, Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Шымкент екі жылдық мұғалімдер институттары жоғары білім беретін педагогикалық институттар болып қайта құрылды.

Жалпыға бірдей жеті жылдық білім беретін 9 мыңдай мектеп, 125 техникум және арнаулы орта оқу орны жұмыс істеді, онда 1,5 млн адам оқыды. Мектептердің материалдық жағдайы онша болмады. Олардың көпшілігінің ғимараты да болмады. Қағаз, қарындаш, қаламсаптар жетіспеді.

1946ж. басына дейін республикада 24 жоғары оқу орны, оның ішінде Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеті (ашылған жылы – 1934ж), Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институты (1928ж), Қазақтың тау-кен металлургиялық институты (кейіннен В.И.Ленин атындағы политехникалық институт (1934), Қазақтың ауыл шаруашылығы (1930), малдәрігерлік (1929), медицина (1934) және т.б. институттары жұмыс істеп тұрды.

Қорыта айтқанда, 40-жылдардың аяғы 50-жылдардың басында Кеңес билігінің катал идеологиялық қысымын басынан кешірген мәдениет, өнер, білім және ғылым қайраткерлері өз салаларының дамуына, республиканың қоғамдық-саяси өміріне өзіндік үлестерін қосты.

6.2. 1953-1964 жж. Қазақстан

6.2.1. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі

1953ж 5 наурызда елді 30 жыл басқарған И.В.Сталиннің қайтыс болуынан кейін, елді басқару үшін жанталасқан бақталастық басталды. Нәтижесінде, билік басына Г.М.Маленков, Н.С.Хрущев және Л.П.Берия келеді. Алайда маусым айында Л.П.Берия халық жауы ретінде тұтқындалып, атылғаннан кейін, мемлекетті және партияны басқару ісі Н.С.Хрущевтің қолына көшеді. Көптеген жаңалыққа толы оның билігі 11 жылға созылады. И.А.Сталиннің харизімінен құралақан ол Кеңес халқын таңғалдыруды өзінің мақсаты етіп қояды.

Наурыздың аяғында жана билік, жүйені босандатуға бағытталған алғашқы шараларды, соның ішінде заңдылық принциптерді бекіту және кеңес азаматтарының құқығын сақтауды қамтамасыз етуді іске асыра бастады. СССР Ішкі Істер министрлігі жанындағы Ерекше кеңестік «үштіктер» және «екіліктер» таратылады. Лагерьдегі соттар және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлерінің арнайы трибуналары жойылады.

1950ж. ортасында 5 жылдан аз мерзімге сотталған мыңдаған тұтқындалғандар жазасын одан әрі өтеуден босатылады. Жасы кәмелетке

толмағандарға, экономикалық, әкімшілік және әскери тәртіпті бұзғандарға амнистия тағайындалады.

Гулаг ПМ карамағынан алынып, юстиция министрлігіне беріледі. Саяси полиция дербес ұйымға – Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетіне (МҚК) айналды. 1955ж. II дүниежүзілік соғыста фашистерге көмек жасағаны үшін сотталғандар және арнайы қоныс аударылғандарға да амнистия беріледі. Сонымен бірге немістерден және Қырым татарларынан айып алынып тасталынбады, олардың қозғалу еркіндігі шектелді.

Мындаған кінәсіз сотталған адамдар лагерьлерден босатылып, партияның кейбір көрнекті қайраткерлері ақталды. 1930-1950жж. істі болған зиялылардың істері қайта қаралып, 1953-1956жж. партия қатарынан шығарылған 5456 адам ақталды.

Солардың ішінде казактың белгілі ғалымдары, жазушылары Ермұхан Бекмаханов, Бекежан Сүлейменов, Есмағанбет Ысмаилов, Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин, Мұхамеджан Қаратаев, орыстың атакты жазушылары Галина Серебрякова мен Александр Солженицин де бар болатын. Бірақ та әлі де мындаған атылып кеткен ұлт зиялыларын ақтау жұмысы мүлдем жүргізілмеді.

Саяси сотталғандардың едәуір бөлігі тек 1956ж. Н.С.Хрущевтің партияның XX съезіндегі Сталиннің жеке басына табынушылық және жаппай қуғын-сүргін туралы айтылған докладынан кейін ақталған болатын. Бірақ та саяси жүйені босанқырату тек жарым-жартылай ғана іске асты.

Әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізгендегі сәтсіздіктер мен жүйенің қылмысы Лениннің принциптерін бұрмалаудың салдары деп жарияланып, партия мен ел басшылығының жалпы жауапкершіліктерін мойындамады. Қуғын-сүргін тәсілдерінен бас тартқанмен басқарудың әміршіл-әкімшіл принциптері сақталынып, одан әрі дами берді.

Қазак КСР-і Мәскеудің тікелей бақылауында болды, ол республика басшыларын өз еркімен орнынан алып, басқаны тағайындауды әдетке айналдырады.

10 жылдың ішінде Қазақстан компартиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы алты рет өзгертілді. 1946 жылдан 1953 жылға дейін Республикада партия ұйымын басқарған Жұмабай Шаяхметовтің орнына Белоруссия партия ұйымының хатшысы, сосын соғыс жылдары партизан қозғалысының штаб басшысы болған П.Пономаренко, ал екінші хатшы болып кейінірек 1955-1956жж. Қазақстанды басқарған, Л.И.Брежнев тағайындалды.

1956ж. ақпанда Мәскеуде КОКП-ның XX съезі болып өтті, ол Ұлы Бетбұрыстың басы еді. Онда И.В.Сталиннің жеке басына табынушылық және оның салдарының мәніне сипаттама беріліп, оны талдауға әрекеттенді. «Сталиннің жеке басына табынушылығын “әшкерелеу” туралы баяндаманың толық мәтіні тек 33 жыл өткеннен кейін, қайта құру» кезінде – 1989 жылы ғана жарияланды. Н.С.Хрущевтің партияның XX съезінде жасаған доклады жарылған бомба әсерін берді. Съезд жабық өтсе де, доклад тезистері елдегі партия ұйымдарының барлығына тез арада тарап үлгерді. Бірден болмаса да, Кеңес Одағында кейініректе «жылымыққа» ауысқан жаппай Сталинді айыптау ісі басталады.

Алайда партияның шешімімен барша жұрт келіспеді. 1956ж. наурызда Грузияда Сталинді «қара бояумен бояуға» жаппай қарсылық білдірілді. Толқулар милиция мен армияның көмегімен қатаң басылып, жаншылады. Бүлік шығарушылар лагерьлерге қамалады.

Жаңа Кеңес басшысының демократияшылдығына 1956ж. Венгриядағы көтеріліс басшылары сенім артады. Бірақ шығынға қарамастан, Кеңес билігі бүлікшілерді қатал түрде «дұрыс» жолға салады.

Не дегенмен де, басқаша ойлаудың алдын алуды бұрынғыдай қатыгездік әдістермен жүзеге асырудың күні өткен еді. Енді саяси айыптаулар неғұрлым «бүркемеленген» сипатта жүргізілді. Ойын еркін білдіргендерге қысым жасалынды, осы тұрғыда бірнеше қаулы қабылданды.

1956ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Мәдениеттің ең үлкен байлығы», «Ана тілін қастерлеу», «Қайта қаралуы тиіс мәселе», «Тіл мәдениеті» және т.б. мақалалар партия басшылығының сынына ұшырады.

Болашақ филология ғылымының докторы, профессор, академик Рахманқұл Бердібаев «буржуазиялық ұлтшылдардың баяғыда әшкереленген тұржырымдарын қайталайды» деп кінәланып, қуғын-сүргінге душар болады. Қоғамдағы келенсіздіктерді ашық көрсеткен адамдар қуғынға түседі.

Шығыс Қазақстан облысындағы орыс тілі пәнінің мұғалімі, майдангер, жоғары білімді маман М.Елікбаевтың, Н.С.Хрущевтің атына хат жолдап, онда адамдардың жеке басының құқықтарын бұзу, ұлттық саясат саласындағы бірқатар бұрмалаушылықтар, қазақ тілінде оқытатын мектептердің қысқартылуы, т.б. өкімет орындары жүргізіп отырған саясаттағы олқылықтар жөнінде өз пікірлерін білдіреді. Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті мен Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық партия комитетінің қуғындау шараларынан кейін оны КОКП қатарынан шығарады. Одан әрі бағынбаған мұғалімді психиатриялық ауруханаға жауып, түтікше арқылы күштеп тамақтандырады. Сол жылдары КСРО Денсаулық сақтау министрлігі қызметкерлерінің деректері бойынша, психикалық «емдеу» жолымен елде 90 мыңнан астам «басқаша ойлайтындар» жазаланды.

Н.С. Хрущевтің билік басында болған жылдары «халық достастығының лабораториясы» саналатын Қазақстанда ұлтаралық қатынас мәселесі төңірегінде ешқандай түсініспеушілік, шиеленіс болуға тиіс емес деп есептелетін. Өнеркәсіптегі ұжым мүшелері - жұмысшылар, инженер-техникалық кадрлар арасында достық қатынастар дамып, олар тату-тәтті өмір сүреді деген ұстаным үстем болатын. 50-60-жылдардың басында, Кеңес Одағында барлық топтар арасында, әсіресе, өндіріс орындарындағы, оқу жүйесіндегі жастар арасында бұрын болып көрмеген қоғамдық белсенділік күшейеді. Республикаларда, оның ішінде Қазақ КСР-да да қоғамдық ұйымдар, ерікті халық жасақшылары, ардагерлер кеңестері және т.б. құрылады. Жастар арасында «коммунизмді құрушылардың моральды кодексінің» ұстанымы бойынша, жұмыс орындарында өндіріс тапсырмаларын уақытынан бұрын орындау мақсатында «коммунистік еңбек бригадаларын» құрып, социалистік жарыстарды ұйымдастырып, қоғамдық тәртіпті сақтау ісін бақылау үшін,

«Еркіті халық дружиналарын» (ДНД) жасақтап, жастар, жұмысшылар студенттер, оқушылар үлкен қоғамдық жұмыстарға белсенді қатынаса бастады.

Бұрындары көзге түспей бүркемеленіп келген әлеуметтік қатынастардың көрінісі ретінде, Бүкілодақтық жастар құрылысы саналатын Теміртау қаласында – Металлургия комбинатының құрылысында жұмыс істейтін адамдар, 1959ж жазда көтеріліске шығады. Металлургия комбинатын салуға 200 мыңдай адам комсомол жолдамасымен 1958ж. келген болатын. Одақтық министрстволар өнеркәсіп алыбының әлеуметтік базасының инфрақұрылымының дамуына және экологиялық тазалығына жеткілікті көңіл бөлмеген.

Жанадан келген жұмысшыларға арналып салынған үйлердің жетіспеушілігінен, оларды палаткаларға орналастырады. Ауа райына бейімделудегі қиындықтар, ауыз судың жетіспеушілігі, тамақтандырудың нашар ұйымдастырылуы жастардың заңды наразылығын тудырады. Әлеуметтік жарылыс үшін қандай да бір сылтау керек болды. 1 тамызда жастар тобы асханаға барып, ол жерден тамақ іше алмады (Асхананың бәрі жабық болған). Ашу-ыза кернеген жұмысшылар қоғамдық тамақтандыру нысандарына шабуыл жасайды. Алғашқы заңды әрекеттер біртіндеп тәртіпсіздікке ұласады. Өкінішке орай, жұмысшылардың наразылығын қылмыстық элементтер пайдаланып кетеді. Дүкендерді, базарды, әмбебап дүкенін, асханаларды тонайды, қалалық милиция бөлімін қоршайды. Тәртіпсіздік үш күн жалғасады. Шектен шығудың алдын алу үшін, әскер шақырылады, қару қолданылады. Тәртіпсіздікке қатысқандар арасынан 16 адам окка ұшады, 50-ден астам адам жараланады. Әскери адамдар мен милиция арасында да жараланғандар болды. Тәртіпсіздікке мұрындық болғандар сотталады.

Алайда, Теміртауда, Кеңес Одағының басқа аймақтарында, мәселен. Новочеркасскіде (1962ж маусым), тағы да басқа жерлерде болған осыған ұқсас оқиғалар республика мен ел басшылығының, қоғамның одан әрі дамуына деген көзқарастарын қайта қарастыруға мәжбүр етті.

Кеңес халқына аз да болса демократияның лебін әкелген Н.С.Хрущев бұл қадамын аяғына дейін жеткізе алмады.

Көпшілік халықтың көңілінен шыққан үй құрылысы бағдарламасы нәтижелі болып, бүкіл Кеңес Одағы территориясы үлкен құрылыс алаңына айналады. Қазір «хрущевка» деп аталған бірнеше қабат бір, екі, үш бөлмелі, ішінде дәретханасы, кухнясы, балконы бар үйлер көптеп салынып, қазарма типтес жер үйлерде, барактарда тұратын кеңес адамдары баспаналармен қамтамасыз етілгенін егде тартқан адамдар әсте ұмытпайды. Сонымен қатар, Н.С.Хрущев халық қолдамайтын көптеген реформалардың бастамашысы болады. Мәселен, ауыл еңбеккерлеріне үй малын ұстауды шектеуі, жаппай жүгері ектіріп, шошқа малын өсіруді дәріптеуі және т.б. айтуға болады.

Қазақ ауылдарының құлдырауы, қазақ мектептерінің жабылуы, жергілікті жердегі ұлт кадрларының екінші сорты адамдарға айналуы, қазақтардың ата қонысын үлестіру, мақта өсіру үшін суды бейберекет жұмсау, химияландыруды егістік жерге жаппай пайдалану, ядролық жарылыстар және т.б. келенсіз

жағдайлар осы кезеңде басталды. Ұлт аралық қатынас шиеленісе түсті. Орыстандыру саясаты бұрын болмаған деңгейде жүргізілді.

1960 ж. тын және тынайған жерді игерудің келесі бір қорытындысын жариялап тұрып, Н.С.Хрушев: «Қазақ жерін 100 жыл белсенді отарлау кезінде, патшалық Ресейдің әкімшілігінің қолынан келмеген шаруаны біздер, коммунистер, іске асырдық», - деп зор мақтанышпен айтқанын біздер ұмытқан жоқпыз.

Шын мәнінде, 30-жылдардың аяғынан бастап, мақсатты және жүйелі түрде қазақтарды күштеп орыстандыра бастайды (латын жазуынан кириллицаға ауыстыруы осыған куә), қазақтардың тарихының, мәдениетінің және тілінің маңыздылығын кемітіп, оларды сапасы төмен халықтардың қатарына қосады. Бұған қарсылық білдіргендерді қудалап, көздерін жойғанын білеміз. Орыстандыру қазақтардың менталитетіне және жан дүниесіне кері әсерін тигізді, оны бүлдірді. Осыны түсініп, мемлекеттік деңгейде жүргізілген геноцид, этноцид саясаттарын мойындауды, қазақтардың санасын отарсыздандыру және қазақтың мемлекеттік тілінің үстемдігін қамтамасыз етуді талап еткен ұлт интеллигенциясының озық ойлы азаматтары қуғын-сүргінге ұшырағанын, атылып кеткендерін жақсы білеміз.

Жастар қазақ ауылдарының кенже қалған жағдайына, қазақ тілі мен мәдениетіне қатысты жасырын кемсітушілікке ең алғашқылардың бірі болып назар аударды, сондықтан олар халықтың рухани өркендеуі мен дамуын жанғырту мәселелері бойынша бірқатар әлеуметтік бастамалар көтерді. 1962ж. Мәскеуде оқитын студент жастар бейресми (ресми рұқсат етілмеген) «Жас тұлпар» ұйымын құрады, ұйым 1966ж. дейін, тыйым салғанға дейін жұмыс істеді. Ол «Жас тұлпар» ансамблінің негізінде құрылды. Ұйым жетекшісі Мұхтар Әуезовтің баласы – Мұрат Әуезов, мүшелері кейін Республикада мемлекет және қоғам қайраткерлері болған Болатхан Тайжан, Сәбетқазы Ақатаев, Мақаш Тәтімов сияқты сол кездегі көзі ашық студенттер тобының көрнекті өкілдері еді. «Жас тұлпар» ұйымының мүшелері қазақ аудандарында болып, кездесулер өткізіп, қазақ тілінің жайы, республика экономикасының шикізат шығарумен шектелетіндігі, қазақтардың өз тағдырын өзі шеше амай отырғандығы, республикада тәуелсіздіктің жоқтығы сияқты өзекті мәселелерді дұн тәртібіне қояды.

Бейресми, партиялық емес топтар Республиканың түкпір-түкпірінде пайда бола бастайды. Мәселен, Қарағандыда жасырын «ЕСЕП» (Елін сүйген ерлер партиясы), Павлодарда – «Жас ұлан» топтары құрылады, олар да қазақ тілі мен мәдениетін қорғау, Республиканың мәртебесін арттыру сияқты талаптарды ұсынады.

Жаңа ортақтықты – «кенес халқын» құру мақсатында билік басындағылар ұлттық мектептерді жабу, ұлт тілдерінің пайдалану сферасын қысқарту және шовинистік насихатты күшейту ісімен жалғасқан орыстандыру процесін барынша қолдады. Кенес Одағындағы барлық халықтарды, этностарды біріктіру, 80-жылдардың басына дейін ұлттық республикаларды жою міндеті қойылды. Республикалардың мүдделерімен санаспай, олардың шекараларын өзгерте бастады.

Н.С. Хрушев Тын және тынайған жерлерді игеру жылдары: «Өлкелік басқару жүйесіне көшуге уақыт келді, болашақта республикалар арасында шекара деген болмайды... «Ақмола» («Ақ бейіт») атын өзгерту керек» - деген қатаң талап қояды. Біз білетіндей, 1961ж., Н.С.Хрущевтің талабы бойынша, Ақмола қаласы Целиноград болып өзгертіледі. Бұдан, оның жоспары бойынша, 1961ж. қаңтардан бастап, тын жерлерді игеру кезінде құрылған, Тын өлкесіне кіретін, бес облысы – (Ақмола, Павлодар, Көкшетау, Қостанай, Петропавл) олардың орасан зор өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының потенциалын тікелей Мәскеуге бағынуға тиіс деп, өзінің зымыяндық отарлау саясатын жоспарлы түрде жүргізе отырып, ол мақта өндіру ісін бір жерге жинақтау деген сылтаумен, Шымкент облысының Жетісай, Киров және Пахтарал аудандарын Өзбекстанға, Маңғыстауды Түрікменстанға беру сияқты есі дұрыс адамның ойына кірмейтін идеяларды көтереді.

Оның осы ойына ашық қарсылық білдірген адам, ол 38 жасар, Қазақстан министрлер кеңесінің төрағасы, «шындырлаулы жолбарыс» атанған Жұмабек Ахметұлы Тәшенов болды. Біртуар, аса көрнекті мемлекет қайраткері Ж.Тәшенов Тын өлкесінің (Целиноградтың) Ресейге берілуін болдырмай тастады.

Амал жоқ, Қазақстанның субтропикалық Бостандық ауданын, мақта егетін үш ауданды, Қазақстан партия ұйымын басқарып отырған ұлты ұйғыр Юсуповтың тұсында Өзбекстанға беріп жібереді. Кейініректе әділеттілік үстемдік алып, Брежнев пен Қонаев кезінде, Пахтарал, Жетісай аудандарының кейбір бөліктері Қазақстанға қайтарылады.

Н.С.Хрущевтің эксперименттері Қырымды Украинаға беруден басталады. Соның нәтижесінде, Ресей өзінің Қара теңіздегі соғыс-теңіз флоттарынан, курорттарынан айрылды. Сол жылдары Талдықорған облысын Алматы облысына қосады. Н.С.Хрущевтің бұдан басқа да волонтарлық, ойламай жасаған істері толып жатыр.

1957ж. Маленков, Молотов және Каганович бірігіп, Н.С.Хрущевті биліктен шеттете алмады. Ол жылы Н.С.Хрущевті Г.М.Жуков аман алып қалады. Сталиннің ісін жалғастырушы «үштік» - Маленков, Молотов және Каганович Саяси бюродан ғана емес, партиядан да қуылады. Оппоненттерін жеңіп, билікті өз қолына алғаннан соң, Хрущев ойына келгенін іске асыруға кіріседі.

50-жылдардың аяғында Н.С.Хрущев көпшілікпен, Саяси Бюроның мүшелерімен санасуды қойып, ел басқарудың субъективизм мен волонтаризм тәсіліне көше бастайды.

Жете ойластырылмаған реформалардың бірқатарлары, мәселен, 1957ж. жарияланған «АҚШ-ты қуып жетіп, басып озу керек!» деген ұран ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді жедел арттыруға бағытталған еді. Бірақ елдің экономикасы дағдарысқа ұшырап, азық-түлік мәселесі қайтадан ушығып, халықтың наразылығын тудырады.

Америкаға барған бір сапарында Хрущев жүгерінің түсімділігіне көз жеткізіп, елге келгеннен кейін «жүгері кампаниясын» жариялайды. 1962 жылы Кеңес Одағында 37 млн гектар жерге жүгері егіледі. Жүгері тек 7 млн гектар

жерде ғана өнім берді. Дәстүрлі дақылдарға зиян әкелген, жаппай жүгері еккені үшін халық Хрущевті «жүгерішіл» («кукурузник») деген лақап атпен атайтын болды.

1957ж. 4 қазанда космосқа алғашқы жер серігі ұшырылады. Космонавт Юрий Гагарин космосқа ұшады. Н.С.Хрущевтің абыройы арта бастайды. Енді ол өзінің оппоненті И.В.Сталиннің қадірлі атын қорлауға дейін барады. 1961ж. 31 қазанның 01 қарашаға қараған түні Сталиннің денесі Мавзолейден алынып, Кремль қабырғасына жерленеді. Кеңес халқы бұл акцияны үн-түнсіз қабылдайды. Сол жылғы елдің кейбір аймақтарында орын алған экономикалық дағдарыстан шығу үшін, Хрущев ешқандай қымсынбай-ақ, азық-түлікке бағаны көтеру және ішкі ұтыс қарызын төлеуді тоқтата тұру сияқты шараларды қабылдайды. Уақытында, облигацияларды сатып алуға мәжбүрлеп, кейінірек құнын қайтарып береміз деп, уәде берген үкімет халықты алдаған болып шықты. Облигация жай қарапайым қағазға айналады. Осыған байланысты 1962ж жазда Новочеркасскіде болған халық наразылығын катал басып-жаншуы, биліктің өз күшіне кәміл сенгенін көрсетеді. Тіпті ауылда тұратын халыққа мал ұстауға тыйым салынады. Ауыл тұрғындарынан – колхозшылардан малды сатып алудың төменгі бағалары белгіленеді.

60-жылдары Тың өлкесі құрылып, оның басшылығына Ресейлік Соколов, ал оның бірінші орынбасары болып Қазақстанның комсомол жетекшісі Сағындық Кенжебаев тағайындалады.

1954-1964жж. Н.С.Хрущев жүргізген реформалар әміршіл-әкімшіл жүйені жоюға бағытталмады. Республикалар дербес саясат жүргізе алмады, Орталықтың өктемдігі сақталды, ұлттық мәселе шешілмеді, Хрущевтің волонтарлық және субъективтік саясаты, қоғамды дамытуға бағытталған шешімдері, ішкі және сыртқы саясаттағы асыра сілтеушілігі халықтың наразылығы тудырды.

60-жылдарда халық шаруашылығын әміршіл-әкімшілік, бюрократтық жолмен басшылық жасаудың тиімсіз екендігі сезіліп, Кеңес Одағының басшылығы, партия мен мемлекет басшылары оны қайта қарауға талпыныс жасады.

1954-1956 жж. одақтық органдар қарауынан ҚазақКСР қарамағына өнеркәсіп пен транспорттың 144 ірі кәсіпорыны берілді. Соның нәтижесінде одақтық-республикалық өнеркәсіптегі өндіріс көлемі екі еседен артық ұлғайды. Түсті металлургия, металлургия және химия өнеркәсібі кәсіпорындарын салу, байланыс, қала және село құрылысы, геология және жер қойнауын қорғау және басқа министрліктер одақтық-республикалық министрліктер болып қайта құрылды. Су шаруашылық министрлігі қалпына келтірілді. Республикалық министрліктердің құқықтары кеңейтілді.

1956-1958жж. сот мекемелері мен юстиция органдарына басшылық ету, заңдарды әзірлеу, азаматтық, қылмыстық және іс жүргізу кодекстерін бекіту, әкімшілік-территориялық құрылым мәселелерін шешу одақтас республикалардың қарамағына берілді.

1957ж. Кеңес Одағы Министрлер кеңесінің құрамына өз қызметі бойынша одақтас республикалар Министрлер кеңесінің төрағалары, ал Кеңес

Одағы Жоғары Сотының құрамына одақтас Республикалар Жоғары Соттарының төрағалары енгізілді. 1957ж. халық шаруашылығын басқару реформасы қалыптасқан жағдайды, негізінде өзгерте алмады, партия-шаруашылық элита арасында тек дау-дамай туғызады. Экономикалық қор сыйымдылығы үдей түседі, ал оның тиімділігі азая берді. Байыпты құрылымдық өзгерістер іске аспады. СССР-дің басты экспорттық товарлары, бұрындағыдай, мұнай және басқа да шикізаттар болып қала берді.

Н.С.Хрушевтің он бір жыл билік басында болуы ешқандай нәтиже әкелмеген реформалармен, әр түрлі шамалы ойластырылған қайта ұйымдастыру, қайта құру шараларымен өтті. Кадрларды үздіксіз ауыстыру, әсіресе, Қазақстанға аса жағымсыз әсер етті. Хрушев билік еткен жылдары Республиканың басшылары, негізінен, ұлты орыс адамдармен жеті рет ауыстырылды. Қазақтардың тілін, дінін, салт-дәстүрін мүлдем білмейтін адамдар партиялық және шаруашылық лауазымдарға тағайындалса да, қазақтардың өзіндік мәдениетін және тілін білуге талпыныс жасамады.

Мәскеуге және Алматыға қатар бағынған КОКП-ның Уставында ескерілмеген, Қазақстан компартиясының ОК-нің өлкелер бойынша (Тың, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан) бюросын құрудың қандай қажеттілігі болғаны түсініксіз, Орта Азия республикаларының және Оңтүстік Қазақстаноблысының басшылары кірген КОКП-ның ОК-нің Орта Азиялық бюросы құрылады.

Жаңадан енгізілген қайта құрудағы Хрушевтің «жылымығынын» ішіндегі ең белгілісі - совнархоздар мен партия комитеттерін өндірістік принциппен – өнеркәсіптік және ауылдық деп бөлуі болды. Облыс немесе автономиялық республикалардағы шаруашылықтың дамуын басқаратын ұжымдық орган – Совнархоздар (халық шаруашылығы кеңестері) басқарудың шешуші органына айналды. Қазақстанда Республикалық совнархоз бен 8 аймақтық кеңес құрылады. Кәсіпорынның шаруашылық дербестігін кеңейтудің орнына экономиканы басқарудың орталық міндеттерін жергілікті мекемелерге тапсыру жүйесі (децентрализация) енгізіледі. Нәтижесінде кішігірім және орташа кәсіпорындардың жағдайы біршама жақсарып, өндірісті басқару жеңілдетіледі. Олардың құрамында басқарудың қаржылық, транспорттық және басқа да салалық және функционалдық бөлімдері болды. Бір орталықтан басқару тек ғылым мен әскери өнеркәсіптің маңызды салаларында ғана сақталып қалды.

Жергілікті партия және ауылшаруашылық басшылары министрстволардың жойылуын қуанышпен қарсы алды, енді олардың мүмкіндіктері кеңейетін болды. Өндірісте жұмыс істейтіндер ұтыста қалды. 1960ж. сәуірден бастап ірі кәсіпорындар мен құрылыстың директорлары совнархоздардың басқарушы органдарының құрамына енгізіледі, ал обкомның хатшыларына енді орын табылмады. Яғни шаруашылық адамдары, партияның облыстық комитеттеріне қатынасты біршама дербес болды, не дегенмен де, номенклатуралық жүйе оларды партия чиновниктеріне толық бағынышты етті. Сондықтан да Хрушевтің саясаты оған жана одақтастар көбейтпеді, керісінше, облыстық партия комитеттерінің ықпалды топтары арасынан қарсыластарының саны өседі.

Қабылданған шешімдер жергілікті биліктің іс-әрекетіне әбгерлік туғызды. Партия және кеңес органдарының соңынан профсоюз бен комсомол ұйымдары да өнеркәсіптік және ауылдық болып бөліне бастады. Басқару аппаратының кадрларының саны шұғыл өседі.

Бірақ та, сонымен бірге бірыңғай техникалық саясатты жүргізу қиындатылып, сапалы көрсеткіштері құлдырайды. Реформалар күйреуге ұшырайды да, 1964 жылдан кейін тоқтатылады. Экономиканы басқарудың территориялық принципі салалық болып қайта өзгертіледі.

Хрушев бастаған саяси реформалар әкімшілік жүйенің экономикалық базасын мүлдем өзгерте алмады. Бұрынғыша КОКП кеңестер жұмысын қатан бақылауда ұстады. Шаруашылық, ғылыми, оқу-ағарту, әскери және қоғамдық мәселелер мен ұйымдардың жұмысына партия жеке дара басшылық жасап отырды. Тіпті жоғары заң шығарушы органға сайлаудың өзі, әдетте, алдын ала әзірленген тізім бойынша формалды түрде өткізілді.

6.2.2. 1953-1964жж Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы

1953-1964жж ел өміріне өзгеріс аграрлық сектордан басталады. Халық шаруашылығының «жанды жері» нақ осында шоғырланған еді. Астық өндіру мемлекет сұранысын жылдан-жылға қамтамасыз ете алмады. 1953ж республикада жоспарланған 8 млрд пұт орнына 5,6 млрд пұт қана астық жиналды.

Аграрлық саясатты өзгерту идеялары КОКП ОК-нің қыркүйек пленумында (1953ж) жан-жақты талқыланады. Ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржы көлемі ұлғайтылды, ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және дайындау бағалары айтарлықтай өсті, салық саясаты жұмсарды, еңбекке үстеме қосылды, агросаланы дамытуға көп көңіл бөлінді.

Аграрлық секторға құйылатын инвестиция көзін молайту, оның материалдық-техникалық базасының шапшаң дамуына жағдай тудырды.

Колхоздардың трактор және басқа да ауыл шаруашылығы машиналарының парктері қалыптаса бастады. Тракторлар саны 1950ж 49 мыңнан 1958ж – 264 мыңға, комбайн 16 мыңнан 96 мыңға, жүк автомобильдері – 8 мыңнан 74 мыңға жетті.

Тың және тынайған жерлерді игеру жылдары іске асырылған «ауылға бетбұрыс» нәтижесінде 1954-1958жж ауыл шаруашылығы ішкі өнімінің өсуі 35,3% құрады. Колхоз-совхоз жүйесі мұндай қарқынды ұжымдастыру кезінен бері көрмеген еді.

Солай болса да капиталистік елдердің, АҚШ-тың, Англияның, Францияның аграрлық секторындағы еңбек өнімділігінің деңгейі Кеңес Одағынан 4-10 есе артық болатын.

Қарастырып отырған жылдары ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шамалы ілгерілеу сапаның емес, санның есебінен жүзеге асып отырды. Оны мына мәліметтерден байқауға болады: 1951-1955жж және 1961-1965жж Кеңес Одағының ауыл шаруашылығы саласында 32 млн адам еңбек етті, осы уақытта АҚШ-та 6,0 млн және 4,4 млн, Англияда – 1,2 млн және 1,9 млн; Германия

Федартивтік Республикасында (ГФР) – 4,8 млн және 3,2 млн адам жұмыс істеді. Байқап отырсақ, Кеңес Одағында колхоз-совхоз жүйенің интенсивті механизациясы сол күйі сақталынды.

Н.С.Хрушев жеке меншікке қарсы болды, бұрынғыдай ауыл шаруашылығын жаппай қоғамдастыру сияқты партияның сара жолын ұсынды. Бірқатар мамандардың топшылауынша, аргарлық реформа өзінің тиімділігін шамамен 1957-1958жж дейін сақтап келді. Одан әрі кезекті құлдырау басталды. 1965ж Қазақстан ауыл шаруашылығының ішкі өнімі 1960ж салыстырғанда небәрі 92% құрады.

Ауыл шаруашылығына қарағанда, Қазақ КСР-нің өнеркәсібі: энергетика, металлургия, кен рудасы, көмір, химия, машина жасау салалары қарқындырақ дамыды. Қазақстанда тек 1960ж өзінде 83 ірі өнеркәсіп орны пайда болды. Республикада отын-энергетикалық базасы дамыды. Қарағанды көмір бассейнінде оннан астам ірі шахта және байыту фабрикалары іске қосылды. 1955ж Екібастұз 2 млн астам көмір (көмірді ашық қазу әдісімен) берді, Өскемен су электр станциялары, Жезқазған мен Жамбыл жылу электр станциялары пайдалануға берілді.

Алтыншы бесжылдық жылдарында электр станциялары мен оның жүйелері бір орталықтан басқарылды: Алтай, Алматы, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан энергия жүйелері жұмыс істеді, энергия комбинаттары құрылды.

Бүкіл өнеркәсіптің жалпы өніміндегі үлес салмағы бойынша кара және түсті металлургия (руда өндіруді қосқанда) мен жеңіл өнеркәсіп алдыңғы үш орынды иеленді. 1956-1960жж мақта-мата кездемелерін, шұлық-ұйық бұйымдарын, ішкі және сырт киімдік трикотаждар шығару кенінен өрістеді.

Алтыншы бесжылдықтың алғашқы үш жылында ғана 280-ге жуық ірі өнеркәсіп орындары салынып, іске қосылды. Темір рудасын өндіретін Соколов руднигі, Қаратау кен-химия комбинатының Ақсай руднигі, Лениногорск жылу-электр орталығы, Ақтөбе хромит қосындылар заводы, Шымкент гидролиз зауыттары және т.б. кәсіпорындар іске қосылды.

1960ж Ертіс химия-металлургия зауыты салынды, онда елде тұңғыш рет жер қойнауында сирек кездесетін элементтер мен сирек металдарды өнеркәсіптік өндірудің тұтастай кешені іске қосылды. 1957ж. Соколов-Сарыбай кен орны базасында салынған елдегі аса ірі Жезқазған комбинаты өнім бере бастады. Атасу кен орны рудаларына негізделген Қарағанды металлургия зауыты толық өндіріс циклімен жұмысқа кірісті.

Республикааралық экономикалық байланыстардың құрылымы жақсарды. Қазақстанның жалпы жүк айналымында Батыс Сібір мен Еділ бойының үлес салмағы зор болатын. Оралға көп көлемде Қарағанды көмірі, Ақтөбе ферросплав зауытының хромит рудасы мен феррохромның жартысынан астамы жөнелтілді. Жалпы Одақтық экономиканы шикізатпен, соның ішінде руда және түсті металмен қамтамасыз етудегі Қазақстанның рөлі жыл асқан сайын үстемелеп өсіп отырды. Шетелдерге экспортқа шығарылатын өнім көбейе түсті. Бұлар сым сотатын стандалар, металл конвейерлер, эксковаторлар, су көтергіштер, күш конденсаторлары, таразылар және басқалар болды.

Транспорт қарқынды дамыды. Екі мың шақырымға жуық темір жол салынды, оның 1,5 мың шақырымы тын игерілген облыстар территориясынан өтті. Темір жолдардың жұмысын бір орталықтан басқару үшін 1958ж. басқармасы Алматыда орналасқан Қазақ Темір жолы құрылды.

1966-1970жж СССР халық шаруашылығының негізгі бағытарының жобасын талқылаған кезде, әлеуметтік тұрақсыздықтың жаңадан өршуіне жауап ретінде, Хрущев алғаш рет әлеуметтік-экономикалық саясатты күрт өзгертуді ұсынады: бірінші орынға адамды қойып, халықтың мұқтаждығын қанағаттандыру – біздің басты міндетіміз болу керек деді. Бірақ та әлеуметтік-экономикалық саясат басталмай жатып аяқталады. Хрущевтің жаңа әскери ұшақтарды жасауға жұмылдыруды, әскери аэродромдарды азаматтық авиацияға беруді, су үстіндегі кемелерді жартылай жойып, азаматтық, балық аулайтын кемелердің санын көбейту сияқты ұсыныстары жалғасын таппады.

6.2.3. Тың және тыңайған жерлерді игеру: жетістігі мен зардаптары

1950 жылдардың бас кезінде бүкіл Кеңес Одағында азық-түлік жетіспеушілігі қатты сезілді. Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау бағасының арзан болуы өнімді көп өндіруге ынталандырмады. Дәнді дақылдардың шығымдылығы төмендеп кетті. Тіпті ауа райы қолайлы болған жылдардың өзінде Республика небәрі 100-150 млн пұт (шамамен 1,6-2,4 млн тонна) ғана тауарлы астық өндірді.

Астық саласындағы орын алған кемшіліктерді жан-жақты қарастырған КОКП ОК 1953ж. қыркүйек Пленумында ірі-ірі әлеуметтік шаралар белгіленді. Екіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру мақсатында материалдық ынталылығы принципін енгізу, МТС-тер мен колхоз-совхоздарды білікті мамандармен және механизатор кадрлармен нығайту, күрделі қаржы бөлу, колхоздар мен совхоздардың құқықтары мен ынтасын арттыру, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және оны сатып алу бағалары қайта қаралып, едәуір көтерілді.

Ең бастысы, азық-түлік тапшылығын, елдің шығысындағы ұлан-байтақ жерді жыртып, астық өндіруді бірден ұлғайту арқылы шешу жолы ұсынылды. Бұл экстенсивті әдіс агротехникалық интенсивті (өсімтал) әдісінен бас тартып, ескі шаруашылық тәсілін бұзбай, сол қалпында сақтауды жақтады. 1954 жылдан бастап егіске жарамды жерлерді зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ол жұмыстарға Мәскеудің, Ленинградтың, Украинаның топырақ зерттеуші ғалымдары, ботаниктері, гидрогеологтері қатысты. Алайда өмірлік тәжірибе көрсеткендей, орасан көп жерді жыртып тастаудың зиянды салдары ескерілмеді.

1954 жылдан бастап тез арада ауыл шаруашылығының тарихта болмаған дамуын қамтамасыз ету мақсатымен, Қазақстанға тікелей қатынасты Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны басталды. Қазақстан басшылығы бұл бастаманы қолдай қоймады. Сол себепті Мәскеуден Хрущевтің өкілі келіп, бірінші хатшы Жұмабай Шаяхметовты орнынан алып тастайды (бұл 1986ж 16 желтоқсанда кезектен тыс партия пленумында 18-ак минутте Д.А.Қонаевты

жұмыстан алып тастап, орнына Ресейлік Г.В.Колбинді қойғанды еске түсіреді). Кейініректе Қазақ КСР-іне біреуі бірінші, тағы біреуі екінші хатшы болып келген П.Понамаренко мен Л.И.Брежнев бір күнде, уақытында Ж.Шаяхметов тағайындаған кілен қазақтардан тұрған 13 министрлерді орындарынан алып тастайды. Жергілікті жердің басшылары – қазақтар сынға ұшырап, үш айдың ішінде Тың өлкесіндегі алты облыстың бірінші хатшылары – қазақтар ауыстырылып, орындарына орыстар тағайындалады. Кейін Брежнев жоғарылап, Мәскеуге кеткенде, өз орнына республикамыздың бірінші хатшысы кылып, Яковлевті, екінші кылып, Журинді ұсынып, тағайындап кетеді. Мәскеудің сол кездегі ұлт кадрларына шовинистік көзқарасы, ұстанымы осындай еді. Әйгілі, көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеновтің ерлік қимылы нәтижесінде, ауыл шаруашылық жөніндегі партия хатшысы Фазыр Кәріпжанов, Республика партия ұйымының екінші хатшылық қызметіне көтеріледі.

1954ж наурыз-ақпан айында өткен партияның пленумында Н.С.Хрущев «Тың және тынайған жерлерді игеру» жөнінде доклад жасағаны белгілі. Алайда Н.С.Хрущев ұсынған Тың идеясы жоғарғы партия басшылығы тұрғысынан қолдау таппады. Саяси бюронның мүшелері В.М.Молотов, Л.Каганович, Булганин, К.Е.Ворошилов, Шверник және оларға қосылған КГБ-ның бастығы Шепилов, ОК секретарлары Первухин, Сабуров және т.б. «антипартия» тобының мүшелері деп аталғандар, тың жерлерді игеру идеясының шикілігіне, жан-жақты ойланбай ұсынылған жоба екендігіне назар аударады.

Елімізде Тың және тынайған жерлерді игеру науқаны үш кезеңнен тұрады: 1) 1954-1955жж.; 2) 1956-1958жж.; 3) 1959-1965 жж.

1954ж. тамызда Қазақстанда 6,5 млн га жер жыртылды. 1955ж. басында бапталған жердің көлемі 8,5 млн гектарға өседі. Жанадан 90 жана совхоздар құрылады. 1954ж. күз айынан бастап тағы да 250 совхоз құрылады. 1954-1960жж. - Тың және тынайған жерлерді игеру жылдарында барлығы 25,5 млн га жер жыртылды.

Жер жыртуды, оны игеруді, жұмыс күшімен қамтамасыз ету мақсатында, елдің батыс аудандарынан өз еркімен келушілерді жұмылдыру мобилизация жұмыстары қарқынды жүргізіледі. Оларға айтарлықтай жеңілдіктер жасалынады. Жүктерімен тегін жол ақысы 1 мың сомға дейін ақшалай көмек көрсетілді, 10 жылға арналған үй салуға қажетті 20 мың сом кредитке беріледі, мал сатып алу үшін 2 мың сомға дейін ақша бөлінеді, ауыл шаруашылық салықтан 2 жылдан 5 жылға дейін босатылады. 1954-1959жж. тың жерлерді игеруге барлығы 20 млрд сом ақша бөлінді. Бірақ та, билік басындағылар материалдық көмекті бөлуде алалық білдіреді. Көтерме көмекті, жеңілдіктерді шеттен келгендер артығымен пайдаланғанда, Қазақстан тың жерін игеруге ниет білдірген, Ресейде тұратын қазақ жұртының өкілдері ешқандай жеңілдік, материалдық көмек ала алмады.

Тың игерушілерде көтеріңкі рух, еңбекке деген құлшыныс жоғары болды. Еңбек озаттары көптеп шығып, социалистік жарыстар ұйымдастырылып жатты. Астық жинаудың түрлі әдістері дүниеге келді.

Мәселен, Қостанай облысындағы «Украинский» кеңшарының механизаторлары егінді топтап жинау әдісін қолдана білді. Олардың қолда бар техниканы топтап, пісіп тұрған егінді тез жинап алуы оңды нәтиже берді. Ақмола облысының «Ярославский» кеңшарының бригадирі М.Е.Довжик, Қостанай облысындағы Павлов атындағы кеңшардың комбайншысы Ж.Демеев, Павлодар облысының Буденный атындағы ұжымшарының комбайншысы П.М.Музыка, тағы басқа көптеген тың игерушілер еңбекте тамаша жетістіктерге қол жеткізді.

Тың игеру бидайды ғана емес, астықтың өзге түрлерін өсіруге де игі ықпал етті. Сол жылдары Қазақстанның оңтүстігінде күріш өсіру ісі жанданды. Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Қызыл ту» ұжымшарының звено жетекшісі Ыбырай Жақаев еселі еңбектің тамаша үлгісін көрсетті.

Тың жерлердің басым көпшілігі Қазақстанның солтүстік аймақтарында – Қостанай, Павлодар, Көкшетау; Солтүстік Қазақстан, Торғай, Ақмола облыстарында игерілді. Соғыстан кейін енді ғана халық шаруашылығын қалпына келтіріп, ауыл шаруашылығын дамыта бастағанда, өзіне тән экономикалық-әлеуметтік даму ерекшелігі бар Қазақстан үшін бірден үлкен жоспар жасау тиімсіз еді.

Одақ көлемінде 42 млн жер жыртылса, Қазақстанда соның жартысы 19 млн жер жыртылды. 1963ж. егін көлемі 1953 жылмен салыстырғанда 4 есеге, астық өндіру осы уақыттың ішінде 4,5 есеге артқан. егер тың және тынайған жерлерді игеруге дейінгі он жылда 490 млн пұт астық өндірілсе, кейінгі тың игеру кезеңінде, яғни 1954-1963 жж.3538 млн пұт мемлекетке тапсырылған, немесе 7,2 есеге артық. **Әсіресе, тың игерудің алғашқы жылдарында Республикада егіс көлемінің жалпы көлемі 1955 жылы 20,6 млн гектардан асты.** Мемлекетке астық тапсыру едәуір артты.

Осындай ұлан-ғайыр жерді игеру сан мыңдаған адамдар еңбегін, қыруар техниканы, миллиондаған қаржыны қажет етті. 1953-1958 жылдары Қазақстан ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы едәуір нығайды. Алайда, ауыл шаруашылық өндірісін толық қамтамасыз ете алмады. Ауыл шаруашылығында, негізінен қол жұмысы сақталып қалды, агротехникалық талаптар сақталмады.

Қазақстанның партия, кеңес, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының басты міндеті тың жерлердің барлық жағдайларын жасап, қамқорлыққа алу болды. Өйткені, тың игерудің идеологының бірі саналатын, Л.И.Брежнев «*біз тың жерге оны игеріп, қоныс тебу үшін, астық алу үшін бардық*» деп ашық айтқанындай, партия саясатының біржола казак даласына орнығуы еді.

Тың игерудің әлеуметтік-экономикалық нәтижесінің осындай табыстарымен қатар, екінші жағынан, тың игеру науқаны еңбек ресурстарының санына әсерін тигізді. Себебі, жыл сайын егін жинауға студенттер, қала халқы және әскери бөлімдер тартылды. Мұның бәрі астықтың өзіндік құнына әсер етпей қоймайды. Энергетикалық шығын да көп болды, себебі, ұлан-ғайыр өлкені игеру онайға түскен жоқ. Әлеуметтік өмірге де тың игеру өз әсерін тигізбей қоймады. 1954 жылы ғана комсомолдық жолдамамен 24970 тың игерушілер келді.

Тың игеру Қазақстанды тауарлы астық өндіруде Одақ бойынша алдыңғы қатарға шығарды. Соның нәтижесінде республика әрбір тұрғынға шаққанда екі мың кило астық өндіретін дәрежеге жетті. Азық-түлік мәселесін түбегейлі шешу үшін әр адамға шаққанда бір мың кило астық өндіру жеткілікті деп есептелінді. Тың игеру барысында Қазақстанда көптеген жана қалалар бой көтерді. Өнеркәсіп орындары көптеп салынды. Жана темір жол, тас жол желілері тартылды. Тың игеру республиканың экономикалық күш-қуатын бұрын-сонды болып көрмеген дәрежеге ілгерілетті.

1950 жылдардың басында колхоздарды күштеп ірілендіру нәтижесінде, олардың саны республикада екі есе қысқарып, оның есесіне колхоз өндірісінің шоғырлануы күшейген болатын. Осы жылдарды біраз колхоздар, соның ішінде Қазақстанның колхоздары да ірі, экономикалық жағынан жақсы жарактанған шаруашылықтарға айналды. Қазақстан колхоздарының ақшалай табысы өсіп, бөлінбейтін қорлары көбейді. Еңбек күннің құны екі еседен астам өсіп және ақшалай орташа бағасы 1958ж. 10 сом 54 тиынға жетті. Сол жылы республика колхоздарында 63 мыңнан астам жоғары және орта білімді мамандар жұмыс істеді. Бұларда 18 мыңнан астам дикан мен малшы, 17,2 мың жүргізуші, 13,2 мың ауыл шаруашылығы механизаторлары еңбек етті. Олардың арасында зор қабілетті ұйымдастырушылар шықты. Социалистік Еңбек Ерлері, Алматы облысындағы «Алматы» колхозының бастығы Л.С.Манько, «Мичурин» атындағы колхоздың бастығы Қ.Әбдіғұлов, Батыс Қазақстан облысындағы «Бірлік» колхозының бастығы М.Мейірманов, Шығыс Қазақстан облысындағы Калинин атындағы колхоздың бастығы Н.И.Лозовой, Талдықорған облысындағы «Жана талап» колхозының бастығы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н.Алдабергенов, т.б. солардың қатарына жатқызуға болады.

Осы 50-жылдардың екінші жартысында МТС-тер қайта құрылып, олардың қарамағында болып келген ауыл шаруашылық техникасы колхоздарға сатылды, бұл процесс 1959ж. наурызда, яғни бір жылдың ішінде аяқталды. Бұрынғы МТС-тер орнына республикада 213 машина жөндеу станциясы (МЖС) мен оның бөлімшесі құрылды. МТС-тердің техникасының бір бөлігі совхоздар мен ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелеріне берілді, енді бір бөлігі колхоздарға сатылды.

МТС-терді тарату колхоздар экономикасын нашарлатты. Оларды МТС-терден ескі техникаларды жоғарғы бағамен сатып алуға мәжбүр етті. Бұл, әсіресе, әлсіз колхоздарды үлкен қиындықтарға душар етті. Сонымен қатар, техниканың жөнделуін, колхоздар мен совхоздарға жана техниканың запас бөлшектерінің сатылуын және материалдық-техникалық жабдықталу мен колхоздарға өндірістік қызмет көрсететін басқа да түрлерін қамтамасыз етуге өте бір ыңғайсыз жағдайлар қалыптасты. МТС-тердің орнына машина жөндеу станцияларының құрылуы, олардың «Казсельхозтехника» өндірістік-техникалық және жабдықтау бірлестіктерімен алмастырылуы, ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Оның материалдық-техникалық жағдайы құлдырай түсті.

Жағдайды жақсартуға бағытталған шаралар жүргізілмей қойған жоқ. Ауыл шаруашылық өндірісін өркендету жөнінде бағдарлама белгіленіп, шаруашылыққа басшылықты жақсарту міндеті қойылды.

Алайда бүкіл Одақтағы сияқты, Қазақстанның ауыл шаруашылығы да халықтың азыққа және өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін қанағаттандыра алмады. Астық өнімдерінің тапшылығы айқын сезіле бастады. 1946-1950 жылдары егістік жердің әр гектарынан алынған өнім орта есеппен 5-6 центнер ғана болды. 1951 жылы республикадағы ірі кара мал саны 1928 жылғы деңгейден төмен тұрды. Дағдарыстан шығу үшін, өндірістік қатынастар жүйесін өзгерту, атап айтқанда, нарық қатынастарына көшу керек болатын. Бірақ, ол кезде мұндай әңгіме қозғау мүмкін емес еді. Биілік иелері мәселені экстенсивті жолмен – кен ауқымда тын жерлерді игеру әдісімен шешуге кірісті.

Ауыл шаруашылығының дамуы артта қалуының негізгі себептерінің бірі оның материалдық-техникалық жағынан жеткілікті қамтамасыз етілмеуінде еді. Кенес мемлекеті ауыр индустрияны өркендетуге баса көңіл бөліп, ауыл шаруашылығына жеткілікті назар аудармады. Мұның салдары ауыл шаруашылығы мәселелерін экстенсивті әдістермен шешуге – тын жерлерді кен ауқымда игеруге алып келді.

Тын жерлерді игерудің алғашқы жылы 1954ж құрғақшылық жылды санамағанда, айтарлықтай жағымды болды. 1956ж. елде рекордты өнім – 125 млн т астық, оның 50% тын жерлерден жиналды.

Бірақ та тын игерудің алғашқы жылдарында кол жеткен табыс одан әрі ұштасып кете алмады. Өйткені жанадан игерілген тын жерлер 60-жылдардың ортасына қарай өз мүмкіндіктерін сарки бастаған, соның салдарынан әрбір гектардан жоспарланған 14-15ц астық орнына 1954-1958 жылдары 7,4ц жиналса, 1961-1964 жылдары 6,1ц, ал 1964 жылы 3,1ц ғана астық алынады. Осы кезден бастап Кенес Одағы шетелдерден – АҚШ, Канада, Аргентина, Франциядан астық сатып алуға кіріседі. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша мүмкіндігі мол бола тұра, Кенес Одағы дүние жүзіндегі астық сатып алушы ең ірі бестік қатарынан (Жапония, Қытай, Сауд Аравиясы, және т.б.) тұрақты орын алып келеді. Кейінгі он жылда (1975-1985жж) Кенес Одағы 50 млрд долларға 308 млн тоннадан астам астық сатып алады. Көбінесе мұнай сияқты орны толмас қор астыққа айырбасталып отырды. Кенес Одағы ақырына дейін астық импорттаушы ел болып қала берді.

Тарихта болып көрмеген көлемді жерді жырту орны толмас экологиялық апаттарға, мал жайылымының күрт қысқаруына алып келді.

Тын жерлерді игерудің алғашқы жылдарының өзінде-ақ Павлодар облысының құнарлы кара топырағын құмды боран ұшырып әкете бастайды, ал 60-жылдардың басында желдің топырақты көтеріп әкетуі бүкіл тын аймағын қамтыды. Сол жылға қарай Солтүстік Қазақстанда 9 млн га егістік жер жел эрозиясына ұшырайды, ол Франция сияқты елдің бүкіл ауыл шаруашылық жер аумағына тең келетін еді.

Жердің құнарлы бет қыртысы (гомусы) шаң-боранға ұшырап кетуі салдарынан, жалпы алғанда, 18 млн га астам жер эрозияға ұшырады.

Ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, қалыңдығы 1 см кара топырақтың (гомус) қалыптасуы үшін кем дегенде 2-3 ғасыр уақыт керек екен.

Тың игеру жоспарын орындау мақсатымен тек жайылымға жарайтын Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды облыстарының құрғақ далалы және шөлейт жерлері де жыртылып тасталды. Мал жайылымы мен шабындық жерлердің шұғыл азаюына байланысты қазақтардың ауыл шаруашылығының дәстүрлі саласы – мал шаруашылығы үлкен шығынға, ұзаққа созылған дағдарысқа ұшырайды. Жайылым азаюы салдарынан ұсақ мал өсіру қарқыны 3 есе азаяды, жылқы 1916ж 4.340 мың болса, 1961ж – 1.158 мыңға дейін, ал түйе 1928 жылғы санынан 8 есе кемиді. 1955ж КОКП-ның Орталық комитетінің арнайы қабылдаған қарары бойынша, 47 далалық аудандар мен 225 совхозға ет малын өсіру тапсырылады. Соның нәтижесінде Республикадағы малдың жалпы санын 1960ж. 37.4 млн-ға (1928ж.- 29.7 млн) көтеруге мүмкіндік туады. Сонда да болса, тұрғын халықтардың санының өсуі халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде белгілі қиындықтарға әкеліп соғады. Соның әсерінен билік алғаш рет 1962ж еттің бағасын 30% және майдың бағасын 25% өсіруге барады.

Тыңды игеру кезінде Республикадағы демографиялық жағдай үлкен өзгеріске душар болды. Тек 1954-1962ж ғана ҚазақССР-іне 2 млн астам адам көшіріліп әкелінді. Одан кейінгі жылдарда республиканың өнеркәсібі мен «екпінді құрылыстарына» еліміздің түкпір-түкпірінен жұмысшылар ағылып келіп жатты. Ақыр соңында, 1962 жылғы статистикалық мәліметтерге сенсек, қазақтардың өз республикасындағы үлесі 29,5% ғана болып қалады. Ресей империясындағы 1897ж. санақ бойынша, Қазақ өлкесіндегі қазақтардың үлесі 81 пайызды құрағанын еске алсақ, онда қазақ емес халықтардың, соның ішінде орыстардың, патшалық Ресейдің, сосын Кеңес үкіметінің отарлау саясатының түпкі мақсатына қол жеткізу үшін, қоныс аударуы нәтижесінде, осындай диспропорцияның қалыптасқанына кезімізді жеткіземіз.

Қазақстанның тың жерлерінде Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Молдовиядан және басқа да одақтас республикалардан колхозшылардың, өнеркәсіп орындары мен мекемелері қызметкерлерінің семьялары қоныстанып жатты. Кеңес Армиясынан демобилизацияланып қайтқан жауынгерлер Көкшетау облысында «Кантемировец», Солтүстік Қазақстанда «Таманец», Қарағанды облысында «Индустриальный» және т.б. совхоздарды құрды. Сондай-ақ тың игеруге келгендердің ішінде комсомол жолдамаларымен келгендермен қатар түрмелерден босаған бауқеспе ұрылар, бұзақылар, жай ойын-сауық іздеп кездейсоқ келгендер де болды.

Жанадан құрылған астықты совхоздардың атауы қоныс аударып келгендердің келген жерінің атауымен – «Московский», «Астраханский», «Бауманский», «Горьковский», «Б.Хмельницкий», «Киевский», «Кубанский», «Ростовский», «Львовский» және т.б. аталды.

Тыңды жаппай игерудің бірінші кезеңінде (1954-1956жж) Республикаға барлығы 640 мың адам келді, бұлардың ішінде 391.5 мың ауыл шаруашылығы механизаторы, 50 мың құрылысшы, 3 мың медицина қызметкері, 1,5 мыңдай мұғалім, 1 мыңнан астам сауда қызметкері және т.б. болды. Мұнан басқа одақтас республикалардан механизация училищелері бітіріп келген – 66.7 мың

алам және Қазақстандағы училищелерді бітірген 19,8 мың адам жұмысқа келді. Жаңа қоныстанушылар шатырларға, вагоншаларға, жертөлелерге орналасты. Олар жолсыз қалың қар басқан темір жол станциялары мен разъездерінен 250-300 шақырым шалғай жердегі жаңа совхоздарға техника, тұқым, құрылыс материалдарын және көптеген басқа заттарды, жабдықтарды жеткізіп тұрды.

Жыл сайын тыңға мыңдаған студенттер, қала тұрғындары, басқа облыстар мен республикалардан комбайншылар мен механизаторлар ағылып келіп жатты. Мәселен, 1956 жылы (Қазақстан алғашқы 1 млрд пұт астық берген) астық жинау науқанына елдің түкпір-түкпірінен 12 мыңға тарта комбайншы, 20 мың жүргізуші өз техникасымен, он мыңдаған студенттер «үшінші еңбек семестріне» қатыстырылды.

Астық жинауға тұрақты түрде армияның ондаған мың автомобиль батальондары, мыңдаған солдаттар мен резервтегі жауынгерлер жіберіліп тұрды.

Тың игеру жылдарында республикаға келімсектердің (қоныс аударып келгендердің) көптеп келуі салдарынан, қазақ тіліндегі мектептер саны 700-ге кеміп, қазақ тілінде шығарылатын әдебиеттердің, газет-журналдардың саны күрт төмендеп кетті. Қазақ тілінің қолдану аясы тарылды.

3 мыңнан астам елді мекеннің аты өзгертілді. Бұл сол жердегі ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан бұрынғы жер-су, елді мекен аттары халық санасынан ұмытылып, тарихи естің өшіп кетуіне әкеліп отыр. Мәселен, бір ғана Павлодар облысындағы Успенский ауданына қарасты 12 сельсовет пен 40 елді мекен атауларын түгел өзгертіп жіберген. Ұлан-байтақ өлкеміздің тарихи паспорты болып қалыптасқан топонимикалық атауларды өзгерту отарлық саясаттың бір көрінісі ғана.

Тың игерілген жерлерде құрылған елді мекендерде, совхоздарда, МТС және денсаулық сақтау, оқу-білім мекемелерінде, басқарушы қызметкерлерге келімсек кадрлар тағайындалды. КОКП-ның Орталық комитетінің ұлт саясатының салдарынан жергілікті қазақ кадрлары орындарынан алынды. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, салт-дәстүрлері, мәдени жетістіктері, ұлттық рухани қатпары ескерілмеді. Тың жерлерде қазақ мектептері, балабақшалары ашылмады.

Жалпы алғанда, тың және тынайған жерлерді игеру жылдары Қазақстан астық өндіруде және мал шаруашылығы саласында жетекші орын алған совхоз өндірісінің ірі аймағына айналды.

VII. КЕҢЕСТІК ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖҮЙЕ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ АСҚЫНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН (1964-1985ЖЖ)

7.1. Кеңес Одағының, соның ішінде Қазақстанның қоғамдық-саяси ерекшеліктері

Кеңес Одағында саяси және экономикалық мәселелерді шешуде субъективизмді және волонтаризмді жою қажеттігі барған сайын айқындала түсті. Қалыптасқан жағдайды түзеу және жіберілген кемшіліктерді жою жөнінде кезек күттірмейтін шұғыл шараларды іске асыру үшін КОКП-нің ОК-нің қазан (1964ж) Пленумы шақырылды. Пленум Н.С.Хрущевті барлық қызметтерінен босатады. Оның орнына КОКП-ның ОК-нің бірінші хатшысы етіп Леонид Ильич Брежневті сайлады, ал Кеңес үкіметінің басшысы етіп Алексей Николаевич Косыгинді тағайындады. Іле-шала Хрущевтің кадрлары қызметтерінен босатыла бастады.

А.Юсуповты орнынан алғаннан кейін, 1964 жылы Қазақстан КП-ның ОК-нің бірінші хатшысы қызметіне қайтадан Дінмұхамед Ахметович Қонаев тағайындалады. Қайтадан «ұжымдық басшылық» принципі жарияланады. Партия мен мемлекет билігі Л.И.Брежнев – А.Н.Косыгин және Н.В.Подгорный арасында бөлінеді. Жоғарғы Кеңес бұрынғыдай нақты билікке ие болмады, тек елдегі халық өкіметінің көрінісі ғана болды.

Брежнев режимі Хрущевтің билігіне реакция ретінде ұсынылды. Ол бірден өзіне тән ерекшеліктерге ие болу үшін бірнеше сатыдан өтеді. Тамыр-таныстық пен камкоршылық ең жоғарғы сатыларға ене бастады. Брежнев негізгі басшылық лауазымдарға өзінің жерлестерін, достарын тағайындады. Осы теріс дағды жергілікті жерлерде қайталанып отырды.

60-жылдардың аяғы – 70-жылдары қызмет сатысынан жоғарылаудың негізгі белгісі (критерийі) «кожайынға жан-тәнімен берілгендік» болып табылды. Бір номенклатуралық қызметтен екінші номенклатуралық қызметке ауысқанда, жоғарғы лауазымда тағайындалған бірінші бастық сонынан сенімді, шын берілген адамдарды сүйреп жүру әдетке айналды.

Хрущевтің «жылымығы» мен 1965ж шаруашылық реформасы (социалистік заңдылық, материалдық ынталандыру, шаруашылық есеп, кіріс) жылдарында социалистік жүйеге енгізілген жаңа элементтер, ресми доктрина шеңберіндегі кеңес қоғамының даму жолдарының көлемін кеңейтеді. Егер де 60-жылдардың ортасында номенклатура тұрақты дамуды жақтаса, енді 70-жылдарда оның мақсаты режимді қиратуды және катерлі күйзелістерді талап етпейтін қоғамды біртіндеп өзгертуді қалады. Бір орталықтанған экономика және саяси тоталитаризм оның мүддесіне жауап бермеді.

Жариялықтың «диссиденттік» ұрандары қоғамдық өмірді демократизациялау, құқықтық мемлекет, ашық қоғам құру, экономикадағы радикалды реформалар тек жазушылар, философтар, суретшілер арасында ғана емес, сондай-ақ чиновниктердің бір бөлігінде де қолдау табады. Жоғары

эшалондағылардың жүріс-тұрысына тәуелді ескі номенклатураға карағанда, жаналар әлдеқайда тәуелсіз болды. Себебі ешкім нұсқан келтіре алмайтын меншікті багажы – кәсіби білімі болды.

Элитаның жана буыны ескілерден бір бас жоғары тұрды, барлығының дерлік жоғары білімдері, көбісінің ғылыми атак-дәрежелері болды, сонымен бірге олардың кейбіреулері бірнеше рет батыста болғандар еді.

Кенес Одағында сайлау немқұрайлы, альтернативасыз жүргізілді, депутаттар күні бұрын облыстық (аудандық, ауылдық) партия комитеттері тарапынан іріктеліп алынатын, шындығында тағайындалатын. Демократиялық институттар, бұрынғыдай, «демокративті», «насихатшы» сипат алды. Конституцияда белгіленген азаматтардың құқықтары мен демократиялық еркіндіктері декларация болып қала берді. Ресми ұстанымнан бөлек, өз көзқарасын айтқан адамдар міндетті түрде қуғын-сүргінге душар болатын. Ресми ереже бойынша, кенес, партия, комсомол, профсоюз және басқа да ұйымдар Кенес Одағында төменнен құрылады деп көрсетілген, шын мәнісінде, олар тек «жоғарының» айтуымен іске асты. Тіпті, комсомолдың факультеттік бюросының хатшысын райкомның келісімінсіз алмай сайлауға болмайтын.

Л.И. Брежневтің билік басына келуімен партияның монопольдық билігі күшейеді. 1977ж. Конституцияның 6-бабында «Кенес қоғамының жетекші және бағыт беруші күші, оның саяси жүйесінің, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың ядросы (өзегі) КОКП болып табылады», - деп көрсетілген.

1980 жылдардың ортасына қарай КСРО экономикалық даму қарқыны бәсең, тұрғындарын әлеуметтік қамсыздандыру жағы орташа, әскери қуаты мол алып империяға айналды. Дүниежүзілік саясатта КСРО-ны аса қуатты әскери державаға айналдыру бағытында жанталаса қаруланып, өзге елдерге ықпалын жүргізуге ұмтылған КОКП-ның басшылары ішкі саясатта, Кенес Одағының құрамындағы барлық ұлттар мен ұлыстардың мемлекеттік құрылымдарын жойып, олардан бір тілде – тек орыс тілінде сөйлеген «кенес халқын» жасауға тырысты. Тоқырау кезеңінің идеологиясында орыстандыру саясаты басты бағыттардың бірі болып саналды.

Орыстандыру саясатын пәрменді жүргізген адам ол – Саяси Бюроның мүшесі, партияның басты идеологы Михаил Андреевич Суслов болатын. Ұлыдержавалық шовинизмді ту ғып көтерген М.А.Суслов келешекте «мемлекеттің жойылатыны», «ұлттардың қосылып кететіні», «барлық халықтардың бір-ақ тілде сөйлейтіні», «шекара болмайтын» туралы догмаларды, партияның бағдарламасында мығым орын алып беріп, іс жүзінде оны іске асыруға барлық күшін салады. 60-жылдары қолында күші бар министрліктерге, ведомстволарға сүйенген коммунистік партия ел ішінде дара билігін орнатып, ұлттық құрылымдарға кадр саясатын жүргізуді түгелдей өз қолына қаратқан болатын. КОКП әлемдік қауымдастық шеңберінде әжептәуір бедел жинаған болатын.

Қарамағында атом және сутегі бомбалары, халықаралық баллистикалық ракеталары бар, күймесінде адамы бар ғарыш кемелерін бірінен соң бірін космосқа ұшырған, Кенес Одағы шын мәнінде әлемдік қауымдастық алдында үлкен беделге ие болған еді.

Осындай жағдайда, Кеңес Одағында коммунистік партиядан басқа қоғамдық-саяси ұйымдар құруға тыйым салынды. Қоғамның негізгі салаларын басқаратын кеңес және шаруашылық органдарының құқығы шектелініп, олардың функциясын партия ұйымдары өз қолына шоғырландырды.

Қоғамдық ұйымдардың, комсомол және кәсіподақтардың потенциалы төмендеді, дербестігіне нұсқан келтірілді. Олардың жұмысында жасандылық, көзбояушылық, формализм үстем бола бастады. Кеңестердің рөлі күрт төмендеп кетті. Жауапкершілік пен тәртіп құлдырап кетті, ішімдікке салыну кеңінен тарады.

Мемлекеттік органдар, заң бойынша, өзінің компетенциясы төңірегінде маңызды шешімдер қабылдауға міндетті және оған жауапты болатын. Шын мәнісінде, олар партия ұйымдарының нұсқауларын күтіп отыратын. Партия ұйымдары, шын мәнінде, шешімдерді қабылдағанның өзінде заң жүзінде ол үшін жауап бермейтін, себебі формальды түрде ондай құқыққа ие болмайтын. Оның үстіне партия функционерлерінің (обком және райком инструкторлары) сапалық деңгейі министрстводағы мамандарға қарағанда көп төмен болатын.

Ақыр соңында шиновниктер шындығы бар, өтірігі бар, пісіп жетілген мәселелерді шешуден қашқактайтын. Еліміз тығырыққа тіреле бастады.

Жоғарғы топтарда материалдық мүмкіндіктердің пайда болуы өскен сайын, ресми идеология да деградацияға ұшырай бастады.

1965ж. шаруашылық реформасы, елдегі товарлы-ақшалай қатынастардың жандануы, билеуші топтардың меншіктікке бейімделуіне қатты импульс береді. Социалистік мүлікті талан-таражға салушылар, паракорар, арызсыздықпен, әділетсіз жолмен тапқан байлықтарын жасыруды қойып, оларды ашық көрсетуден қымсынбады. «Пайдалы» адамдардың маңыздылығы мен бағасы өсе бастады.

Реформаны және елдегі жалпы жағдайды талқылау біртіндеп саяси реформаларды қолға алу идеясына келіп тіреледі.

60-70-жылдардағы қарсылықтарға қарамастан, ғалымдар кеңес жүйесін жетілдіру жолдарын іздеп, оның кемшіліктерін сынайды. Ғылыми-техникалық прогрестің комплексті бағдарламасын дайындауға реформаторлардың барлық буындарының өкілдері – Н.П. Федоренко, С.С. Шаталин, А.Г. Аганбегян, Е.Г. Ясин, Е.Т. Гайдар қатынасты. Олар экономикалық механизмдерді жетілдіру арқылы, кеңестік экономикалық жүйенің фундаментальды негіздерін сақтай отырып, жоспар мен рыноктың оптимальды үйлестірілуін қамтамасыз етуге болады деп санады. Демек, экономикалық өсуді және мемлекеттік кәсіпорындардың жұмысын тиімді жеделдетуге болады деген көзқарас үстем болды.

Елдегі тоқырау мен іріп-шірудің қатерлі белгілеріне кеңес экономикасының американдықтардан шындап артта қалғанына көңіл аудартып, физик А.Д.Сахаров, математик В.Ф.Турчин және тарихшы Р.А.Медведев 1970ж. наурызда кеңес басшыларына, егер де саяси реформалар кешігетін болса, онда Кеңес Одағы екінші дәрежелі елге айналатынын ескерткен болатын. Олар КОКП-ның жетекші рөлін сақтай отырып, оның басшылығымен, қоғамды түбірлі демократизациялауды ұсынады.

1983ж. Новосибирскіде экономиканың дамуының әлеуметтік механизмдеріне арналған жабық семинар өткізіледі. Әсіресе, социолог Т.К. Заславскаяның доклады үлкен қызығушылық тудырады. Онда кеңестік қоғамтану ғылымында экономикалық пісіп-жетілген жүйелі дағдарыстың техника-экономикалық себептерден емес, ең алдымен, әлеуметтік себептерден – қоғамдық қатынастардың артта қалуынан екендігін алғаш рет айтып, елдегі шаруашылық механизмінің болашағы жоқ, сондықтан әлеуметтік-экономикалық қатынастарды түбірлі өзгерту керек деген қорытынды жасайды.

Елдің шынырауға құлап бара жатқан жағдайында тұйыққа тірелгенді сезген билік «шаруашылық механизмді жақсартуға күш салуды» ұсынған ғалымдардың кеңесіне құлақ асуға мәжбүр болады. 1980-жылдардың басында партияның саяси басшылығының ең көреген топтарына маңызды реформаларды кідіріссіз іске асыру қажеттілігі айқын болды. Бірақ та ол кезде толғағы жеткен өзгерістердің интеллектуальды және саяси негіздеріне, оның сипаты мен мағынасына бұрынғыдай бірыңғай түсінік болмады.

Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне көңіл бөлсек, 60-80-жылдары күрделі жағдай қалыптасты.

Коммунистік партияның әлеуметтік-экономикалық саясаттағы қателіктері ұлттық қатынастарға да әсерін тигізбей қойған жоқ. Ұлт мәселесін шешудегі табыстарды асыра бағалау кемелденген социализм концепциясынан туындады. Нақты осы кезеңде ұлт тақырыбындағы шешілмеген мәселелер күн тәртібіне қойыла бастады.

КСРО-ның құрамындағы одақтас республикалардың құқықтары шектеліп, нақты егемендігі жоқ федеративтік автономия ретінде дамыды. Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы іс жүзінде ұмыт болды. Ұлт республикаларының одақтан еркін шығу құқығы болғанымен, бірде-бір халық ол мүмкіндікті пайдалана алмады.

Осы жылдары халықтардың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан гөрі кеңестік салт-дәстүрлер, сана-сезімдер көбірек дәріптелді. Социалистік құрылысты әсерілеп көрсету ісі бүкіл қоғамдық организмді жалғандықпен қоректендіріп, көзбояушылыққа әкелді. Жүріп жатқан қоғамдық процестерді теріс, жалған түсіндіру орын алды. Әміршіл-әкімшіл жүйе жүргізген саясат қазақ халқының болашағына зиянын тигізіп, ұрпақтардың рухани сабақтастығына нұқсан келтірді.

Кеңес халқының, соның ішінде қазақтардың мәдениетінің жан-жақты дамуына партия аппаратының идеологиялық догматы кедергі болды. «Өткеннің қалдықтарымен күрес» туы астында халықтың салт-дәстүрлері реакциялық деп жарияланып, көбінесе тыйым салынып отырды.

Түркі халықтарын, соның ішінде қазақтарды орыстандыру және ассимиляциялау (сіңістіру) саясаты жүргізілді. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілінен ресми мемлекеттік тілге айналып, осының нәтижесінде мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқу жылдан жылға қысқартыла бастады. Мәселен, 1979 жылы қазақтардың 41,8% қазақ тілін білмеді, сөйгіп өздерінің түп-тамырынан айрылды. Осындай қалыпсыз жағдайды ресми партия насихаты, лениндік ұлттық саясаттың жеңісі ретінде көрсетіп, Қазақстанды екі

жүзділікпен «жүз тілді ел», «халықтар достығының лабораториясы» деп дәріптеді. Қазақ тілі тек тұрмыстық саламен шектеліп, іс қағаздарды жүргізуде, мемлекеттік, дипломатиялық, жоғары оқу орындарында қолданылмады. Кітаптың 95% орыс тілінде басылып, теледидар хабарларының 70% эфирде орыс тілінде шықты.

Ұлыдержавалық шовинистік әкімшіліктің максатты түрде жүргізілетін әлеуметтік саясаты нәтижесінде, 80-жылдардың ортасында славян текті жұрт өкілдері қалаларда, ал жергілікті халық ауылда шоғырлану үрдісі негізінен аяқталады. Қазақстанда жергілікті халықтың үлесі басым болып келетін екі-ақ облыс орталықтары – инфрақұрылымдары тым әлсіз Қызылорда мен Атырау ғана болатын. Қалған облыс орталықтарында қазақтардың үлесі азая берді. Қазақ зиялыларының көп шоғырланған жері деп есептелетін, сол кездегі республика астанасы Алматының өзінде жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі 1979 жылғы санақ бойынша 11% ғана болды. Ал, солтүстіктегі өнеркәсіптік қалаларда жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі 3%-дан 15%-ға дейінгі деңгейде ғана қалды. Республика бойынша өнеркәсіпте істейтін қазақ жұмысшыларының үлесі 12% болған, олардың ішіндегі маманданған жұмысшылардың үлесі 3%-ды ғана құрды. Бұдан қазақтар, негізінен, мамандықты қажет етпейтін ауыр «қара» жұмыспен айналысқанын байқаймыз. Олай болса, шын мәнінде, ұлттық жұмысшы табы қалыптаспағанын байқаймыз.

Демографиялық ахуалға келетін болсақ, туу көрсеткішінің біршама жоғарылауы мен сырттан келушілердің саябырлауы есебінен, жергілікті ұлт өкілдерінің республика тұрғындары арасындағы үлесі біртіндеп артып, 1959 жылғы 29%-дан 1971 жылы 32,6%-ға, 1979 жылы 36%-ға дейін өседі. Қазақстанда тұратын орыс ұлты өкілдерінің үлесі осы мерзім ішінде төмендеп, 1979ж 40,8% болды.

1970-1980 жылдары халық сұранысын қанағаттандыратын товарлардың республикада шығарылмайтыны салдарынан, «сұранысы жоғары бұйымдарға» баға ресми және жасырын түрде артып, алыпсатарлық пен паракорлыққа алып келді. Партиялық-мемлекеттік аппарат айналасындағылар үшін жасалған заңсыз және қисынсыз артықшылықтар қоғамда әлеуметтік жағдайларды шиеленістіруге әкеп соқты. Адамдар сағаттап дүкен кезектерінде тұратын болды. Кейбір тауарларға тізімдер жасалды, карточка жүйесі енгізілді. Жергілікті басшы қызметкерлер тамыр-таныстарына, қажетті адамдарына карточканы үлестіріп беріп, тізім бойынша жасалған кезекті бұзып отырды.

Жеке меншік психологиясы дамып, билік басындағылар қарманып қалуға тырысады. Жай жергілікті орган, мекеме басшылары ғана емес, жоғарғы мемлекет шендері, министрлер, олардың орынбасарлары, концерттің директорлары иемдену және басқару құқығын мәңгілік бекіту мүмкіндіктерін іздестіре бастады. Өндіріс орындарына меншігін орнату құқығын армандалы. Кеңес, партия номенклатурасының қоғамдық құрылымды өздерінің мүддесіне ыңғайлап өзгерту тілегі, іс жүзінде пайдаланғандарын ресми, заң жүзінде бекіту, саналы түрде мұқтаждыққа, демек тарихи қажеттілікке айналды. Адам құқығын аяққа таптау, әр адамның жеке ісіне араласу кеңес қоғамының саяси жүйесіне тән белгілер болып қала берді. Адамдардың психологиясында

енжарлық пен самарқаулық ұялайды. Адамдардың қоғамдық белсенділіктері азаяды, маскүнемдік пен нашақорлық өседі. Олар кез келген лауазымды орынды иеленіп, табыс табуға тырысты. Парқорлық, жемқорлық, өтірік айту, ұрлық жасау сияқты негативті құбылыстар етек алады. Осының бәрі мемлекеттің ішкі мүмкіндіктерін тарылтып, оны тоқыраудың батпағына батыра түседі.

Ұлт саясатындағы бұрмалаулар, саяси ахуалдың каталдандырылуы, еркін ой-пікір айтуға үкіметтің төзбеушілігі, әсіресе, зиялы қауым арасында наразылық туғызды. Бірақ санаулы адамдардың ғана өз наразылықтарын ашық айтуға батылы жетті. Партияның ұлттық және әлеуметтік саясатын ашық сынға алғандардың бірі – жоғарғы оқу орнының оқытушысы, философ Махмет Құлмағанбетов болды. Оған «саяси экономиканың маркстік-лениндік теорияларының мәселелері бойынша ревизионистік бағыт жүргізген, ... антисоветтік пікірлер айтқан, партия басшыларының мемлекеттік іс-шараларына және олардың жүргізіп отырған саясатына өсек таратқан, зиянды ұлттық пікірлер айтып, капиталистік елдердегі өмірді, олардың демократиясын, мемлекеттік құрылымын, сондай-ақ АҚШ-тың капиталистік өндірісі мен экономикасын мадақтаған» деген айыптар тағылады.

Пікірлері мен көзқарастары үшін билік тарапынан қуғын-сүргін көрген келесі диссидент композитор Хасен Қожахметов болды. Ол 1977 жылы екі жыл бас бостандығынан айрылады. Осы адам – Х.Қожахметов 1987 жылы 22 сәуірде, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне белсенді қатынасканы үшін, уақытында екінші қайтара сотталады.

Қазақстандықтардың, әсіресе, казак халқының оппозициялық көңіл-күйлері, 1979ж Целиноградта (қазіргі Ақмола) және 1986 жылғы желтоқсан (Алматы) күндерінде барынша өткір көрініс тапты. Осы оқиғалардың өрбуіне казак халқының әлеуметтік-экономикалық және әсіресе ұлттық арман-мүдделерін көп жыл бойы елемеу, мәселелерді күш қолдану әдісімен шешу дағдылары түрткі болды.

1979жылы жазда Ақмолада қазақтардың неміс автономиясын құруға қарсы шығуы ұлттық қатынастардағы коза түскен карама-қайшылықтың көрінісі еді. Мұнда жергілікті халықтың мүддесімен есептеспей, КОКП-ның ОК саяси бюросының мәжілісінде, Д.А.Қонаевтың қатысуынсыз, Қазақстанда неміс автономиялық автономиясын құру туралы шешім қабылданады. Бұл автономиялық облысқа Ақмола, Павлодар, Қарағанды және Көкшетау облыстарының бірсыпыра аудандары беріліп, Ерейментау қаласын оның орталығы жасамак болып белгіленеді. Бұл хабар республикаға тез таралып, казак халқының заңды наразылығын тудырады. 1979 жылдың маусымының 16-ы күні Ақмолада қала жастары орталық алаңға жиналады. Олар «Қазақстан бөлінбейді!», «Неміс автономиясы болмасын!» деген ұрандар жазылған транспоранттар алып шығады. Үш күннен кейін Ақмолада аудандардан келген соғыс және еңбек ардагерлері, небәрі 4 мыңнан астам адам қатысқан митинг, демонстрация болады. Митингілер мен демонстрациялар тың өлкесіндегі басқа да қалаларда болып өтеді, олар республика және облыс басшыларына

автономия құруға қарсы үндеу тапсырады. Нәтижесінде, орталықтың бұл волонтаристік шешімі аяқсыз қалады.

Тоқырау жылдарында басқаша ойлаудың барлық түрі қудаланды. Өмір сүріп тұрған жүйенің идеологиясы мен жаттанды догмаларына сай келмеген өз көзқарастарын әдебиет пен өнер шығармаларында бейнелеген интеллигенцияның өкілдері қудалауға ұшырады. Мысалы, акын Олжас Сүлейменовтің «Азия» деген кітабы (1975 жылы шыққан) осындай қасіретке ұшырады. Олжас Сүлейменовтің оппоненттері академик Лихачев және т.б. Одақтың орталық журналдарының («Молодая гвардия», «Москва», «Звезда» және т.б.) мақалаларында кітаптың идеологиялық бағытына және мақсатына күмән келтірді. Ол ұлтшылдық, түркішілдік (пантюркистік) шығарма және орыстарға қарсы бағытталған деп айыпталды.

Кенестік билік ғалымдар арасындағы ой-пікір бостандығына барынша тыйым салып отырды. Мысалы, 1976 жылы философия институтының авторлар ұжымы даярлаған «Дәстүрлі казак өнерінің дүниетанымы» деген кітапты басып шығаруға тыйым салды. Белгілі антрополог Оразак Исмағұловтың «Қазақстанның этностық геногеографиясы» деген кітабы идеялық тұрғыдан зиянды деп табылды. Авторға методологиялық (әдістемелік) қате жіберген, рутайпалық факторларды бүгінгі заманмен біржакты баяндаған деген айып тағылған. Тәуелсіздік жағдайында ғана бұл айыптардың барлығы алынып тасталынды.

Жергілікті халықтардың арасында интернационалистік тәрбиені бұрмалаудың нәтижесінде, партияның билеуші топтары ұлттық саясатты ұлыдержавалық шовинизм саясатымен алмастырып отырды. Көбінесе, шовинизмді интернационализм, ал ұлттық сана-сезімнің көрінісі, ұлттық мәдениеттің дамуының аса қажетті мәселелерін көтеру, кадрларды дайындау және т.б. ұлтшылдық деп айыпталды. Саяси жүйеде, қоғамдық идеологияда жауыққан догматизм мен тәсілі жағынан демократияға жат – волонтаризм, зансыздық, екі жүзділік нығая түсті.

Тоқырау жылдары орталық министрстволар мен ведомстволар республика территориясында қоршаған ортаға келтіретін зияндарын, зардаптарын ойламай, өнеркәсіп орындарын көптеп сала бастады. Қару-жарактың жаппай уландыратын түрлерін сынақтан өткізу жалғастырылып жатты.

Тоталитардык жүйе халықтарды тұйыққа итермелей бастады. Халықты жаппай енжарлық жайлады, ал билік басындағы қартайған элита, күні өткен әміршіл-әкімшіл жүйені қайта құруға бағытталған батыл шараларды жүзеге асыруға асықпады. Мемлекет және партия басшысы Л.И.Брежнев қатты ауырса да, өзінің қызметін тастамады. 1982 жылы ол кенеттен қайтыс болғаннан кейін, билікке әкімшілік шаралармен тәптіп орната бастаған Ю.В.Андропов келді. Ол өлгеннен кейін, ешкім күтпеген жағдай болды: билік басына қалжыраған шал – Черненко келеді.

7.2. 1964-1985 жж. Қазақстанның экономикасының дамуы

60-жылдардың ортасына қарай өнеркәсіпті және құрылысты басқару жүйесінің кемшіліктері айқын көріне бастады. Халық шаруашылығын басқару жүйесін түбірлі өзгерту қажеттігі күн тәртібіне қойылады. Өнеркәсіп салаларында жоспарларды жетілдіру, сондай-ақ жана техниканы енгізу, материалдық ынталандыру бағдарламасын іске асыруға айрықша көңіл бөлінді. 1966-1967 жж. жана жүйе бойынша жұмыс істеуге республикада, негізінен, неғұрлым ірі және табысы көп кәсіпорындар көшірілді. 1967 жылдың аяғына таман 193 кәсіпорын, яғни республикадағы ірі-ірі кәсіпорындардың жалпы санының 10%-ы жана жүйе бойынша жұмыс істеді. 1968-1969 жж. 13 министрлік пен ведомстволар (негізінен одақтық – Б.К.) өз кәсіпорындарын шаруашылықты жүргізудің жана жүйесіне көшіруді аяқтады. Жана жүйе сондай-ақ басқа салаларды да: құрылыс, байланыс, сауда және басқаларын да қамтыды.

Шаруашылық реформасы өнеркәсіптің, құрылыс пен көліктің тез қарқынмен дамуына жағдай жасады. Жалпы алғанда, 1970 жылы, осының алдындағы 10 жыл ішінде өндірілген мөлшерде өнім алынды. Қазақстанның мұнай және химия өнеркәсібі жалпы одақтық маңызға ие болды.

1967-1970 жылдары Қазақстандағы 1,5 мың совхоздың 586-сы толық шаруашылық есепке көшеді. Бұл жағдай совхоздардың рентабельдік деңгейін едәуір көтереді. Әсіресе, астық өндіру мол рентабельді салаға айналады. Бірақ та келесі бесжылдықта экономиканың даму қарқыны төмендей бастайды. Өнеркәсіпте, әсіресе, ауыл шаруашылығында басталған реформа аяқталмай қалды, қолданылған шаралардың тиімділігі айтарлықтай болмады.

Себебі, партиялық және мемлекет басшылары, жергілікті билік органдары өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуде елеулі қателіктерге жол берді. Адамдардың нақты ісі еленбей, «Кенес халқы коммунизм құруға бірінші болып кірісіп жатыр» сияқты даурықпа сөздерге көп мән берілді. Экономиканы дамытуды көздеген шаралар, ел экономикасын милитаризациялау және космосты игеру, сондай-ақ көп ұлтты кеңес халқын орыстандыру саясатының қалқасында қалып қойды. Қалай болса да, Қазақстанда индустрияландыру үрдістері біршама екпінді жүрді. Республика КСРО-дағы өнеркәсібі дамыған аймақтардың біріне айналды. Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көлемі бойынша республика елде үшінші орынға шықты. Қазақстанда Кенестер Одағындағы түсті металлургияның негізгі базаларының бірі орналасты. Мол ауқымдағы отын-энергетика кешені, дамыған химия саласы, кокс және энергетикалық көмір өндіретін кәсіпорындар жұмыс істеді (Қарағанды мен Екібастұзда). 60-жылдардың екінші жартысында Маңғыстау түбегінде мұнай өндіру жұмыстары қолға алынады. 1965 жылы Өзеннен алғашқы мұнайды өндіру ісі басталды. Өзеннен Жетібай арқылы Ақтауға мұнай және газ құбырлары, ал Атырау арқылы Самараға ыстық мұнай құбырлары тартылды. Ембіде мұнай өндіру ісі жана қарқын алды. Маңғыстауда газ өңдейтін зауыт салына бастады. 70-жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда мұнай өнеркәсібін дамытуға бөлінген қаржы бұрынғы бесжылдықтағыдан екі есе артты. Осы мерзім ішінде

республикада мұнай өндіруді 1,8 есе, газ өндіруді 2,5 есе арттыруға мүмкіндік туды.

Айта кететін бір жайт, ол – Республикада мол мұнай өндірсе де, оны өңдеу – бензин, керосин және басқа илеспелі өнімдерді шығару Ресейдің қарауында еді. Мұнайдан түсетін пайданың едәуір бөлігі Ресейдің үлесіне тиісті болды. Әлі күнге дейін біз шикі мұнайды мол мөлшерде трубамен Ресейге жіберудеміз. Соңғы кездерде салынған үш мұнай өңдейтін зауыттар (Атырау, Павлодар, Шымкент) жабдыктарының ескі және жетілмегені себепті, жоғары октандық бензиндер мен керосиндерді қажетті мөлшерде шығара алмуда.

Қазақстан өнеркәсібінің дәстүрлі салалары – кара және түсті металлургия қарқынды дамуын жалғастырды. Шығыс Қазақстан Республикадағы түсті металлургияның аса ірі орталығына айналды. 60-жылдардың ішінде Лениногорскіде (Риддер) мырыш зауыты, Өскеменде титан-магний комбинаты, 70-80-жылдары Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты салынды.

Кенес Одағындағы қорғасын мен мырышқа қажеттіліктердің 70-80% республикадағы кен орындары шығарып тұрды. Қорғасын, мыс, марганец өндіру еліміздегі түсті металлургияның маңызды салаларына айналды. Қазақстанда химия өнеркәсібі жедел қарқынмен дамыды. 60-жылдардың II жартысында Ертіс химия-металлургия, Атырау мұнай-химия зауыттары салынды. 70-жылдарда Республика сары фосфор өндіруде Одақта жетекші орынға шықты, минеральды тынайтқыштар шығару ұлғайды. Актөбе мен Жамбылда суперфосфат зауытының қуаттары ұлғайтылды. Резина, резина-асбест, фосфор, пластмасса шығаратын, мұнай айыратын кәсіпорындар салу қолға алынды.

1965 ж. Қазақстан Кенестер Одағында өндірілетін жоғары вольтты аппаратураның жалпы санының 10,6 пайызын, прокаттың 6,5 пайызын және кен байыту жабдыктарының 10 пайызын өндіріп тұрды.

Республикада Одақ бойынша хром өндірісінің 95%-ы, 83% – барит, 90% – сары фосфор, 40% – жемшөп фосфаты, 30%-дан аса мыс, 50% – күміс өндірілді. Тас көмірдің 20% астамы Қазақстанда өндірілді. Орал мен Сібірдегі жылу электр станцияларының жұмыс істеуі – Қазақстанның көміріне байланысты болды. Тауарлық темір рудасының әрбір 8-ші тоннасы Қазақстанда өндіріледі. Лисаковск, Соколов-Сарыбай, Қашар кен байыту комбинаттары темір рудасымен Ресейдің Магнитогорск, Орск-Халилов, НижнеТагиль. Батыс Сібір металлургия зауыттарын қамтамасыз етіп тұрады.

Орасан зор кен байлықтары Қазақстанның өзінің кара металлургиясын, Қарағанды, Актөбе, Теміртау, Ермак (Аксу) ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Осы қарастырылып отырған, 1965-1985жж. феррокорытпа, титан, магний, молибден, вольфрам және сирек кездесетін басқа да элементтердің өндіру қуаттылығын ұлғайту одақтық мәнге ие болды.

Қазақстан негізінен тек шикізат өндіретін, өзіне қажетті товарларды сырттан (орталықтан) әкелетін, экономикасы бір жақты дамыған Республика болып қала берді. Машина жасау, негізінде құрастыру деңгейінде ғана дамыды. Павлодардағы машина жасау зауытының негізінде құрылған трактор зауыты, Ақмоладағы «Қазауылмаш», Семейдегі арматура зауыты саланың басты

кәсіпорындары болды. Трактор және ауыл шаруашылығы машиналары республиканың машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібінің жалпы өнімінің 2/5-ін берді. Сонымен қоса, республика металл кесетін станоктар, ұсталық-жаныштау машиналарын, экскаваторлар мен бульдозер, мал азығын өндіретін машиналар және жабдыктар шығарды. Аталған мерзімде Семейде кабель, Текеліде аккумулятор, Өскеменде конденсатор, Кентауда трансформатор, Алматыда төмен вольтты аппараттар зауыттары салынды. Бірақ бұлар республикада электротехника өнеркәсібінің дамып кеткендігінің айғағы бола алмайтын деңгейде еді.

Қазақстанда көліктік машина жасау, прибор, радио және телеаппаратуралар, электроника, тұрмыстық техника бұйымдарын жасауға жеткілікті көңіл бөлінбеді. Республикада өнеркәсіптің өңдеуші салаларын дамытуға, оларға қажетті жұмысшы, инженер-техникалық кадрларды дайындауға жағдай жасалынбады.

Дегенмен де, осы жылдарда Қазақстан экономикасы қалыпты да қарқынды дами алған жоқ. Республика өнеркәсібінің жартысына жуығы одақтық министрліктер қарамағында болды. Одақтық ведомстволар республикадан шикізат ресурстарын сорып алап, зор пайда тапты. Бірақ, олар Қазақстан бюджетіне инфрақұрылымды дамытуға қаржыны жұмсамады деп айтуға болады.

Қазақстан аумағында одақтық әскери-өнеркәсіп инфрақұрылымының өте қомақты көлемі жұмыс істеді. Уран өндіруде, соғыс қаруларын сынауға дейінгі – ядролық қару жасаудың барлық цикліндерлік қамтитын, қуатты ядролық ғылыми-өндіріс кешені осында орналасты.

Кенес Одағы ыдырағанға дейін, Қазақстанда 50-ге жуық қорғаныстың манызы бар кәсіпорын орналасты. Олар торпедалар мен жапсырма миналар, канатты зымырандарға арналған борт аппаратурасын, сүнгуір қайықтарды басқару жүйелерін, химиялық және биологиялық қаруларды және т.б. шығарды.

Қазақстанда әскери базалар мен стратегиялық манызы бар сынақ полигондары орналасқан. Солтүстік Қазақстан мен Семейде әлемдегі ең ауыр құрлықаралық баллистикалық зымырандар жасакталды. Әскери аэродромдарда 240 қанатты ядролық зымыран орнатылған 40 стратегиялық ТУ-95 МС бомбалаушы ұшақтар әзір жағдайда тұрды.

Республикада аумағы шамамен 70x70 шақырым «Байқоңыр» космодромы, Семей ядролық сынақ полигоны, Капустин Яр, Азғыр, «Лира» (Қарашығанақ) полигондары орналасқан. Соңғыларының территориясында 1983-1984жж. бірнеше мәрте жер асты ядролық жарылыстары жүргізілді. Сарышаған (Приозерск), Ембі, Владимировкадағы полигондарда ЗҚК (ПРО) және ӘҚК (ПВО) стратегиялық жүйелерінің, сондай-ақ лазер қаруының сынақтары, соғыс авиация жүйелері сынақтан өткізілді.

1949ж. 1991ж. дейінгі кезеңде Семей аймағында 470 ядролық сынақ өткізіледі. 1963ж. дейін 118 жарылыс жер астында жасалды. Соның салдарынан үлкен аумақ халық үшін қасіретті ядролық радиацияға бөкті. Қайтыс болғандар санына жету мүмкін емес, ал сәулеге шалдыққандар 1.500000 шамасында.

Ядролық сынақтар «өз халқына қарсы соғыс» деген атау алды.

Ғалымдар ядролық полигодар төңірегінен тұрып жатқан адамдар – бүкіл өмірлік манызды органдардандың тері аймақтарының бүлінуімен, шаштың түсуімен, жүректамыр жүйесінің елеулі өзгерістерімен, қорғаныш жүйелері қызметінің әлсіреуімен ерекшеленді деген тұжырым жасайды. Радияция Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарында өмір сүріп жатқан халыққа ғана емес, келешек, әлі дүниеге келмеген ұрпаққа да орны толмас залал әкелуде.

1991ж 29 тамызда президент Н.Ә. Назарбаев жарлығымен Семей полигоны жабылды.

«Азғыр» атом полигоны Атырау облысы, Теңіз ауданы территориясында орналасқан. 12 алаңнан тұратын жерде, 1966ж 1979ж дейін 1ден 100 килотонна қуаты бар 165 метрден 1500 метрге дейінгі тереңдікте 17 жер асты атом жарылысы жасалынған. Осы жерде табылған химия элементтерінің ыдырау кезеңі орташа есеппен 30 жылдан 24000 жылға дейін созылғаны белгілі болып отыр.

«Капустин Ярдағы» ракеталық-ядролық полигон 1949ж, 1,5 млн га территорияға созылған Урда және Жанғалы ауданында орналасқан Полигонда 24 мыңға жуық ракеталар жарылған, 177 әртүрлі әскери техника сыналған, СС-20 типті 69 ракета жойылған. Сынақ кезінде және әскери техниканы жойған кезде атмосфераға 30мың тонна жоғары зиянды заттар тараған. «Азғыр» және «Капустин Яр» полигондары жанында орналасқан аудандар экологиялық апатты зонаға жатқызылады. Қазақстанның қоршаған ортасына айтарлықтай ластану Байқоңыр космодромында көптеген ракеталардың ұшырылуына байланысты пайда болған. Себебі, ракеталардың жерге түскен бөліктерінде, 1,5 тоннаға дейін пайдаланбаған гептильдің уланған отындары сақталынып, адамдардың ағзасында жиналып, улы отын иммунды, эндокринді, репродукты, жүйеге орны толмас зиян келтіріп, келешектегі гинетикалық дамуға кері әсерін тигізетін көрінеді.

Әлемдегі жаһандық апаттардың арасында Аралдың экологиялық дағдарысы ерекше орын алады. Ол планетадағы табиғи ортаға ең ірі антропогендік араласудың салдары болып табылады.

Бір ұрпақтың көзінше ортаазиялық аймақтағы ең ірі су қоймасының бірі тым жылдам таяздана бастады. Теңіздің акваториясы 2 есеге кішірейіп кеткен, су көлемі – 4 есеге дерлік азайып, су деңгейі 17м төмендеген. Жағалау бойы 70-150 шақырымға шегініп кеткен. Қазір теңіз су қоймасы ретінде өмір сүрмейді. Арал теңізі үлкен және кіші теңіз болып екі су қоймасына бөлініп кеткен.

«Тоқырау» кезеңі деп аталатын 15 жыл ішінде (1971-1985жж) өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі екі есе, ал машина жасау, химия өнеркәсібі салалары үш еседен астам артты. Өндірістік инфрақұрылым айтарлықтай дамыды, көпшілігі магистральдық сипат алған автомобиль тас жолдарының желісі өсті.

Тек қана 1981-1986 жж. аралығында “Тоқырау жылдары” Қазақстанда 400-ден астам өнеркәсіп орындары ашылды, машина жасау мен металл өңдеу өндірісі, олардың ішіндегі ең ірі сала болды. Сондай-ақ, АЗТМ (Алматы ауыр машина жасау зауыты), Өскемен, Қарағанды, Орал, Петропавл, Павлодар қалаларындағы машина зауыттары қарқынды жұмыс істеп тұрды. Мәселен,

АЭТМ-нің өнімдері дүниежүзінің 50 шакты еліне, соның ішінде: Батыс Еуропа елдері мен Жапонияға да жеткізіліп тұрды. Еліміздегі ең ірі өнеркәсіп орындарының бірі – Петропавл ауыр машина жасау зауыты да аса қажетті ірі технологиялық өнімдер, атап айтқанда орта қашықтықтағы балластикалық ракеталардың (SS-206, SS-21, SS-23) мобильді жинақтары өндірілетін. Сонымен қатар Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағының негізгі ет, жүн, астық өндіруші елдерінің бірі болатын. Тәуелсіздік жылдары ол бұл атак - абыройынан айырылып қалды. Елдегі ірі қара малдың саны 1955 ж. 4млн, ал қойдың саны 18млн болса (Тың және тынайған жерлерді игерудің кері әсері нәтижесінде – Б.К.). 1983 жылы ол сәйкесінше 9млн және 36млн-нан сәл ғана асты.

Өнеркәсіптің дамуы қалалардың өсуіне ықпал етті. 1985 жылға дейін 30 жылда Қазақстанда 43 шағын қала бас көтерді: Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Актау), Арқалық, Степногорск, Кентау, Жанатас, Теміртау, Қапшағай сияқты өндіріс ошақтары да сол кезде пайда болып, дамыды.

1989ж Бүкілодақтық халық санағының дерегі бойынша, Қазақстанда 50 мыңнан көп халқы бар 90-нан аса қала, 100 мыңнан артық халқы бар 19 қала және 300 мыңнан көп халқы бар бес қала болды.

Ұзақ жылдар бойы республиканың экономикасының функциональдығы мен тиімділігінің жалғыз критерийі – өндірілген өнімнің көлемі болатын. Егер өнімнің көлемі алдыңғы жылдардағы (бесжылдықтардағы) көрсеткіштермен салыстырғанда өскен болса, демек, жоспар артығымен орындалды деу әдетке айналған болатын. Статистикалық мәліметтер, болат, шойын, мұнай, көмір және т.б. өндіру бойынша жоспарлар миллиондаған тонналарға артық орындалғанын көрсетіп отырды. Сол аралықта импорт та қарқындап өседі. Алайда, бұл процестің кереғар жағы көлеңкеде қалады екен. Мәселен, орасан үлкен мөлшерде болат, мұнай шығарған өнеркәсіптің өзі жоғары сапалы болатты (прокаттарды, т.б.) және сапалы бензинді қажетсінді. 1985ж. республикада балқытылған 155 млн т болаттың едәуір бөлігі «ескі заманғы» мартен тәсілімен өндірілген. Оның мұнай өнімін шығаруға да қатысы бар. Демек, егер өнімнің жалпы сұранысы сандық қатынастардағы сұранысты қанағаттандырса, ал сапа жағынан өте артта қалды. Өндірмейтін қор сыйымдылығы республика экономикасының барлық салаларына тән болды. Қазақстанда жан басына шаққандағы электр энергиясы бірқатар жоғары дамыған елдермен салыстырғанда анағұрлым көп өндірілді және тұтынылды. Бірақ ақиқатында энергия тұтыну мен экономиканың даму индекстері мүлде кереғар болды. Бұл халық шаруашылығында қалыпты шамадан тыс өте ысырапты энергия жұмсалатынын көрсетті.

Экономикалық ресурс сыйымдылығының орасан зор ауқымдылығы кәсіпорындардың орталықтандырылған қор жүйесі арқылы тікелей ынталандырылып отырды. Қазақстанда он мыңдаған кәсіпорындар бөлу органдары жіберген материалды кез келген мөлшерде, қажет пе, қажет емес пе, оған мән бермей, қарсылықсыз алып отырды. Соның нәтижесінде, кейбір мекеме, кәсіпорын басшылары өзіне мүлдем қажеті жоқ, бірақ бір кездері ала салған сапалы техникалық құралды (жабдықты, аппаратты) металл сынықтарының есебіне өткізіп отырған кездері болған.

Статистикалық жалған ақпараттан экономикада келенсіз жайттардың қанат жайғанын айқын аңғаруға болады. Жылдық, бесжылдық қорытындысын жасағанда, есеп берушілер цифрлармен шебер айла-шарғы жасай отырып, теріс индекстерді тек «плюс» белгісімен ғана көрсетіп отырды. Нақты көріністі бұрмалау мақсатында ерекше айлалы әдістемелер әзірленді. Мәселен, КОКП-ның 1982 жылғы мамыр Пленумында 1990 жылға қарай жан басына 70 кг ет тұтынуды қамтамасыз ету міндеті қойылды. Осы партия жоспарлаған цифрға «тұтынуды жеткізу» үшін статистика бар амалды жасап бағады. Осы мақсатпен еттің санатына сүйектерді, ішек-қарын, өкпе-бауырларды (қосалқы өнімдерді), ішмайды (ерітілген шошқа майын) жатқызды, қайта есептеудің түрлі коэффициенттері енгізілді. Көбейте есептеу әдісі арқылы жалпы өнімнің көлемдері белгіленді.

Жоспардың бағалық көрсеткіштері де бұрмаланды. Ресми статистикаға қарағанда, соңғы көрсеткіш үнемі орындалды және артығымен орындалып отырды.

Бүкіл Одақ бойынша қосып жазу үйреншікті әдетке айналды, сыйақылар немесе қайсыбір моральдық-идеологиялық марапаттар (грамоталар, ордендер, «ауыспалы қызыл тулар», «құрмет тақтасына енгізу», және т.б.) алу мақсатымен өндірілген өнімнің нақты көрсеткіштері артығымен жазылды, яғни бұрмаланды.

60-жылдардың басында өнеркәсіп пен құрылысты, ауыл шаруашылығын. Экономикалық аудандардың халық шаруашылығы кенестері арқылы басқару жүйесінің кемшіліктері айқындала бастады. Ауыл шаруашылығы өндірісін ойдағыдай дамытудың орасан зор мүмкіндіктері жете пайдаланылмады. Жоспарлауда, ауыл шаруашылығы дақылдарын ұтымды орналастыруда елеулі кемшіліктер орын алды. Қазақстанда астық өндіру төмендеп кетті.

1965 жылы КОКП-ның ОК-нің наурыз (1965ж) Пленумы ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында берік экономикалық негіз жасайды. Оның материалдық-техникалық базасын бекіту, совхоздарға шаруашылық есепті енгізу және шаруашылықтың рентабельдігін өсіру үшін, оларға бөлінетін ақша қаражатының көлемі ұлғайтылады.

Қазақстан үшін мал шаруашылығы өнімдеріне жоғары сатып алу бағалары белгіленді.

Бұл шараларды іске асырудың алғашқы қадамдары оң нәтижелерді береді. Қуаныштыққа қарамастан, 1965ж. республиканың совхоз және колхоздары мал және ауыл шаруашылығы өнімдерін, мақта және көк жемістерді мемлекетке тапсыру жоспарларын артығымен орындайды.

80-жылдардың басында экономиканың аграрлық секторында күрделі жағдай орнайды. 1981-1985 жж. Қазақстанның ауыл шаруашылығына салынған күрделі қаржы 1966-1970жж. бесжылдықпен салыстырғанда 1,6 есе өсті. Соның нәтижесінде 1985 жылға дейін негізгі егін шаруашылығы жұмыстары – жер жырту, тұқым себу, дәнді дақылдарды жинау, мал шаруашылығы саласындағы жұмыстар 75-90% техникаландырылды. Сонымен қатар, аграрлық секторда аса маңызды орын алатын жердің құнарлылығын арттыру, электрлендіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтайтын және өндейтін кәсіпорындар жеткілікті

дәрежеде салынбады. Сондай-ақ село енбеккерлерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелері шешілмей қалды. Егістіктің шығымдылығы азайды, мал шаруашылық өнімдерін өндіру талапқа сай болмады.

Шаруашылық реформасының жағымды нәтижелерінің көрінісі ретінде, сегізінші – «алтын бесжылдық» (1966-1970жж) еліміздің тарихындағы ең жақсысының бірі саналды. Осы жылдары республикада жалпы қоғамдық өнім 15 есе, өнеркәсіп өнімінің көлемі 1,6 есе, ұлттық кіріс – 41% өседі.

Сегізінші бесжылдық (1966-1970жж) шаруашылық реформасымен бір мезетте басталады. Бұл бесжылдық соғыстан кейінгі барлық бесжылдықтардан жақсы болды, оны «алтын бесжылдық» деп атаған. Ресми мәлімет бойынша (көтеріңкі) жалпы қоғамдық өнім 43%, ұлттық табыс – 45%, өнеркәсіп өнімдері 50% өседі.

1968 жылы Чехословакиядағы оқиғалардан кейін, жоғары билік экономикалық реформаларды тежеп, тоқтатып тастайды. 1976ж. Л.И.Брежневтің ауыруына байланысты, партия экономикалық реформаны күн тәртібінен алып тастайды. Реформаны шектеудің нәтижесі ретінде, өзінің дербестігін алған кәсіпорындар шешімнің жеңіл жолдарын іздеп, жоспардың тапсырмаларын кеміте бастайды. Нәтижесіне жалақы еңбек өнімділігінен озып кетеді.

1966-1970 жж. ауыл шаруашылығы өндірісінің өсу қарқыны 28% деңгейде тіркелсе, ол 1971-1975 жж. – 15%, ал 1981-1985 жж. 0,1% дейін төмендеді.

1981-1985жж. нәтижесінде тек Қазақстанда ғана колхоздар мен совхоздардың 53%-ы мемлекет мойнына отырды, ал шыққан шығын көлемдері миллиардтаған сомға жетті (Талдықорған облысында колхоздар мен совхоздардың – 72%, Орал облысында – 78%, Семей облысында – 68%, Целиноград облысында – 60% шығынға батты).

Өз аумағында әлемдік кара топырақты жерлердің 2/3-ін иеленген, ауыл шаруашылығы жер-суларының (пайдалы жерлерінің) көлемі бойынша әлемде бірінші орын алған (Кенес Одағында 603 млн га, АҚШ-та – 431,5, Канадада – 78, Нидерландыда – 2 млн га), мүйізді ірі кара мал басы, кой, шошқа және құс санынан бәрінен озық болған, сиыр табындары Ұлыбританиядан он есе, Даниядан (майдың аса ірі экспорттаушысы) 40 еседен көп, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған 23 млн адамы бар (АҚШ-та – 3 млн) кенес елі азық-түліктің аса бір импортшысы (сатып алушы) болып қала берді. Кенестік ауыл шаруашылығы өнімдерінің импорты 1970-1972 жж. орташа жылдық 2,6 млрд доллар деңгейден (барлық импорттың 20%-ы) 1970-1981-1985 жылдары 19 млрд-қа дейін өсті. Егер 1970ж. әлемдік рыноктардан ет және ет өнімдерінің 165 мың тоннасы сатып алынса, ал 1985ж. аталмыш өнімнің – 857 мың тоннасы, мал майының сәйкестігіне қарай – 2,2 және 276 мың тоннасы, құмшекердің – 2745 және 4125 мың тоннасы сатып алынды.

Жылдан жылға астықты импорттық сатып алу шапшан өсе түсті.

Жалпы көрсеткіштерді қуудың салдарынан аса көп, бірақ өнімділігі аз мал басы өсірілді.

7.3. Республиканың мәдениеті және рухани өмірі

Қазақстан территориясында мекендейтін халықтардың 30%-ын ғана құрайтын қазақтар, әсіресе, ауылда тұратын бөлігі, сыртқы миграциялық қысымның күшеюіне қарамастан, қазақша тілдік ортаны сақтап қалды.

Осы жағдай қазақ әдебиетіне жастардың әлі де болса ынтығуын қамтамасыз етіп, әдебиетте соны серпін туғызды. Әдебиет көкжиегінде жыл сайын ондаған мың есімдер пайда болып, жыл сайын жаңа романдар, повестер, поэмалар жарық көріп жатты.

Қазақ жазушыларының ішінен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, танымал сөз шебері Ғабит Мүсірепов сол кездегі ең жоғары Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. «Қан мен тер» трилогиясының авторы Әбдіжәміл Нұрпейісов, майталман акын, көптеген эпикалық поэмалардың авторы Жұбан Молдағалиев КСРО Мемлекеттік сыйлығы атағын алды. Илияс Есенберлин шығармалары халық арасында танымал болып, қолдан-қолға өтіп жүрді.

Орыс тілінің үстемдік ету дәуірі шығармаларын орыс тілінде және өз ана тілінде жазатын қазақ жазушыларының шоғырын дүниеге әкелді. Олардың көрнектілері Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов, Бауыржан Момышұлы болды. Ә.Әлімжанов «Махамбеттің жебесі», «Ұстаздың оралуы» шығармаларында асқақ отаншылдық сезім ұялата білді. Соңғы шығармасы үшін автор «Дж.Неру атындағы халықаралық сыйлыққа» ие болды. Б.Момышұлының соғыс тақырыбына жазған шығармалары өзінің құндылығымен, патриоттық сезімді тәрбиелеуімен ерекшеленді.

Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагаринге арналған «Адамға табын, жер, енді!» поэмасы және «Азия» шығармасы арқылы Олжас Сүлейменов одаққа танымал, әйгілі болды. Әсіресе, көне орыс әдебиетінің төл ескерткіші болып саналып келген «Игорь жасағы туралы жырды» екі тілді автор жазды деген О.Сүлейменовтің тұжырымы шовинистік өзімшілдік рухта тәрбиеленген орыс зиялыларына, әсіресе КОКП-ның идеологиясын басқаратын Сусловқа мүлде ұнамады. М.А.Суслов оны «айқын орысқа қарсы және ұлтшыл бағыт ұстанған кітап» деп кінәлады. Шындап келгенде, О.Сүлейменов бұл поэмасында алғаш рет, орыстар мен түркілердің қандас-туыстас екендігін, талас тудырмайтын деректермен жан-жақты дәлелдейді. 200 жылдай Шығыс Еуропада түркі тілдес хазар, печенег, «қара бөріктілер», «жабайы кыпшақтар», половецтер мен кумандар (кыпшақтар) билік еткен кезде, орыс тіліне еніп, «айқын түркізмдерге» айналғанын және орыс тіліндегі таза түркі сөздерін тізбектеп шыққанда, оқырман қазіргі орыс тілінде оларға тән сөздер бар екеніне күмән келтіретіні сөзсіз. Себебі орыс сөздері, терминдері деп айтылатын: «воин», «боярин», «полк», «труд», «охота», «облава», «чугун», «железо», «булат», «албарда», «молот», «рать», «хоругвь», «сабля», «колчан», «тьма», «ура», «айда», «саадак», «орда», «караул», «есаул», «атаман», «кош», «курень», «богатырь», «кошей» (көшпенді), «алтын», «тенге» және т.б. түркі тіленен, оларға бағынышты славян-орыс халықтарының сөздік қорына айналғанын біреу білсе, біреу білмейді. О.Сүлейменовке жасалған қысым сол кездегі Қазақстан компартиясының ОК-нің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың жанқиярлық еңбегі

арқасында бәсеңдеп, оның кітапта жіберген «елеулі қателіктерді мойындайтыны» туралы өтінішін баспасөзде жариялағаннан кейін, оған кешірім жасалынады. Не дегенмен, О.Сүлейменовтің «Азия» кітабы ғылыми оралымнан 80-жылдардың аяғына дейін алынып тасталынды.

Останкино мұнарасында орналасқан Кеңес Одағының басты телеарнасы «Времяда» оқырмандармен болған кездесуде «Сіз «Азия» кітабыңыздан бас таритыңыз ба?» деген сұраққа О.Сүлейменов түк шімірікпестен «Мать от своего дитице никогда не отказывается» деп жауап бергені есімізде.

Бұл жылдары орыс тілін оқытудың сапасын арттыру бағытында қаулы-қарарлар жиі қабылданылып, пәрменді шаралар жүзеге асырылып жатқанда, қазақ тілінің дамуына көңіл бөлінбеді.

Коммунистік әкімшіліктің қазақ халқына қарсы китүркі әрекеттері «ұлт мәселесінің толық және түпкілікті шешілгендігі», «халықтардың мызғымас достығы», «ұлттар мен ұлыстардың жақындасуы мен бірігіп кетуі» туралы атышулы тезистермен бүркемеленіп істеліп жатты.

50-жылдардың аяғында әдебиет пен өнерде қалыптасқан «мәдени жылымық» кезеңінде партиялық басшылық шығармашылық одақтардың қызметіне араласуын бір мезет те тоқтатпады. Мәселен, 1968 жылы 10 қаңтарда ҚазМУ-дің филология факультетінде орыс және шет ел әдебиеті кафедрасының менгерушісі Х.Махмудов «Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасы туралы» баяндама жасап, «М.Жұмабаевсыз ХХ ғасыр қазақ әдебиеті тарихының курсы жоқ» деп, оның творчествосына жоғары баға береді. Сыншылар, ғалымдар, ҚазМУ-дің бірлескен отырысында Х.Махмудовты қолдап, оған көп жылы сөздер айтады. Осы іс-әрекеттер партия функционерлерінің назарынан тыс қалған жоқ. М.Жұмабаев 1960ж. 8 шілдеде ақталған болатын. Соған қарамастан, 1968ж. 14 наурызда Қазақстан КП ОК-нің Бюросының «М.Жұмабаевтың поэзиялық мұрасын бағалауды Қазақ мемлекеттік университеті филология кафедрасының бұрыс шешімі туралы» қаулысы қабылданды. Қаулыда Сталин заманынан бері келе жатқан акынға берілген ресми бағалар қайталанатын. Ақыр соңында, Х.Махмудовқа және оны қолдаған филология кафедрасының отырысына қатысқандарға ескерту жасалады.

70-80-жылдары әдебиеттің тыныс-тіршілігінде көптеген маңызды қоғамдық және саяси оқиғалар өрбіді. Тарихи сахнаға С.Мәуленов, Х.Ерғалиев, Ғ.Орманов, Ә.Тәжібаев, К.Бекхожин, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Молдағалиев, М.Әлімбаев, М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев сияқты болашақ көрнекті ақындар мен жазушылар шықты.

Осы кезең аралығында роман жанры мазмұн жағынан жан-жақты байып, көркемдік деңгейі айтарлықтай көтеріледі. Оған І.Есенберлиннің «Қаһар», Ә.Кекілбаевтың «Үркер», М.Мағауиннің «Аласапыран» романдары жатады.

Қазақ халқының басынан өткізген ауыр кезеңдерін бейнелеп, бірегей жеке тұлғаларды кейіптеген Т.Ахтанов, Қ.Жұмаділов, М.Мағауин, С.Сматаев т.б. оқырмандардың көңілінен шығады.

Қазақстанда қарастырып отырған кезеңде жаңа журналдар шыға бастады. Жазушылар одағының сатиралық «Ара» («Шмель») журналы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. 1958ж. балларға арналған «Балдырған» журналы шыға

бастады. Бұл жылдары Қазақстанда тұратын орыс жазушылары И.Шухов, Д.Снегин, И.Щеголихин, еврей Симашко, ұйғыр жазушысы З.Сәмеди жемісті еңбек етті.

50-жылдардың ішінде мектептерде политехникалық білімдерді тиянақтауға, оқушыларды өндірістік еңбекке баулуға, мектептің өмірмен байланысын нығайтуға бағытталған шаралар жүргізілді.

1959 жылы Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі «Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және Қазақ КСР-інде халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы Заң қабылдады. Жаңа Заң бойынша 1962-1963 оқу жылынан бастап, жалпыға бірдей міндетті 8 жылдық білім беруге көшу, 11 жылдық еңбек-политехникалық мектептерді құру, жұмысшы жастар мектептерін көбейту, мектеп-интернаттар жүйесін кеңейту шаралары көзделді. 70-жылдардың ішінде жалпыға бірдей білім беруге көшу науқаны өріс алды. Мектептерде еңбекке баулуды тереңдете жүргізу, кабинеттік жүйені енгізу шаралары атқарылды. Тоқырау жылдары деп аталатын кезеңнің соңына таман жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін тарату, түрлі әдістемелік жаңалықтарды енгізуге деген құлшыныс артты. 80-жылдардың басында жалпыға бірдей міндетті орта білім берудің жүзеге асқандығы жарияланды. 1984ж кезекті мектеп реформасы іске аса бастады. Бұл жолы мектептің материалдық базасын кеңейту, алты жастан бастап оқыту, жаңа пәндер енгізу, мұғалімнің беделін көтеру шаралары қарастырылды. Осы кезеңде кәсіптік-техникалық училищелер мен техникумдардың қатары да өсті. 80-жылдардың басында олардың саны 220-ға жетті.

Тың игеру жылдарында ауыл шаруашылығы кәсіптік білім беру жүйесі өрістеді.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның жоғарғы білім жүйесінде педагог мамандықтарын даярлау басым болды. Эвакуацияланып келген оқытушылар мен профессорлардың бірқатары елдеріне кеткен соң, педагог кадрлар жетіспеушілігінен қиындықтар туындады.

Облыс орталықтарында (Ақмола, Семейде, Өскеменде, Қарағандыда) жаңадан бірнеше жоғарғы оқу орындары ашылды. Мәселен, 1972 жылы Қарағандыда педагогикалық институттың негізінде елімізде екінші Е.А.Букетов атындағы университет ашылды. Астанадағы (Алматы) политехника, энергетика, халық шаруашылығы, институттары жақсы жабдықталған ғимараттарға көшеді. Жоғарғы оқу орындарында және техникумдарда 500 мыңнан астам студент дәріс алды.

Профессор-оқытушылар құрамы едәуір нығайғанмен, ол кездегі Жоғарғы оқу орындарында (ЖОО) ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі бар мамандар аз еді.

80-жылдардың ортасында республикадағы ЖОО-ның саны 55-ке жетті, онда 250 мың студент оқып, білім алды. Бірақ, оқу процесінде ғылыми-техникалық құралдар жетіспеді, компьютерлендіру мүлдем болмады. Жоғарғы оқу орындары мен техникумды бітіргендердің сапасы әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің деңгейіне сәйкес болмады.

1960-1970жж ҚазақКСР Ғылым академиясы КСРО-ғы ірі ғылыми орталықтардың біріне айналды. Жекеленген ғалымдар мен топтар өндірістік мәні бар салаларда жетістіктерге қол жеткізді. Олардың кейбір еңбектері шетелдерге де мәлім болды. Республикада тоқырау кезеңінің соңғы жылында, мәлімет бойынша, 200 ғылыми мекемелерде 40.377 мың ғылыми қызметкерлер, олардың ішінде 864 ғылым докторлары және 10.840 ғылым кандидаттары, 650 академиктер, корреспондент-мүшелер және профессорлар жұмыс істеді. Олардың жетеуі Социалистік Еңбек Ері атанды, 18-і Ленин, ал 70-і Мемлекеттік және Республикалық сыйлықтың иегерлері болды.

Социалистік Еңбек Ерлері А.В.Сокольский катализаторлы электрохимиялық әдістермен зерттеу мәселесін жоғарғы деңгейге көтерді, У.М.Ахметсафин республикадағы гидрогеология және гидрофизика ғылымдары саласында нәтижелі еңбек етті. Ғылым Академиясының Президенті М.Айтхожин бастаған ғалымдардың бір тобы генетика мен микробиология саласында қомақты табыстарға жетті. Олар өсімдік клеткаларындағы бұрын ғылымға мәлімсіз болып келген жаңа тобы – информосомаларды ашты. Олардың еңбегі Ленин сыйлығымен марапатталды. Академиктер Ә.Марғұлан мен Е.А.Букетов есімдері ғылым ортада ғана емес, көпшілік қауым арасында да кеңінен танымал болды. Академик А.И.Бараев бастаған Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымдары академиясының Шығыс бөлімі топырақ қорғаудың жаңа жүйесін жасау бағытында зерттеулер жүргізді. Медицина саласында еңбек етіп жүрген Қазақстан ғалымдары аллергология, онкология және вирусология салаларында айтарлықтай табыстарға жетті.

Отырарда және басқа өңірлерде қазба жұмыстарын жүргізген археологтер, академик Ә.Марғұлан, К.А.Акишев, М.М.Оразбаев, К.М.Байпаков және т.б. басқаруымен едәуір табыстарға қол жеткізілді. 1972 жылы Есік қаласындағы қорғаннан біздің заманымызға дейінгі IV ғасырларда өмір сүрген Сак жауынгерінің (көсемінің) алтын киімі, қарулары мен заттары дүниежүзі тарихшыларының назарын аударды.

Жалпы алғанда, тоқырау жылдарында қоғамдық ғылымдар қатты зардап шекті. Әсіресе, тарих ғылымында еуроцентристік көзқарас үстем болды, соның нәтижесінде, қазақтардың көне тарихы, еуропалықтардың, соның ішінде орыстардың ұстанымы бойынша бұрмаланып жазылды. Ұлы даланың тарихын кемсітіп, орыстардың тарихын дәріптеп, ұлықтап жазу үстем болды.

Қоғамтанушы ғалымдардың «кемелденген социализм» жағдайында қазақ халқының өзге ұлттармен «барынша жақындасып», «коммунизмнен бақыт табатынын» «дәлелдеген» трактаттарында ғылыми зерттеуден, тұжырымдардан гөрі насихат басым түсіп жатты.

Сазгерлер Ш.Қалдаяқовтың, Л.Хамидидің, Ә.Еспаевтың, Н.Тілендиевтің, І.Жакановтың, классика музыка жанрындағы сазгерлер Е.Рахмадиевтің, Ғ.Жұбанова, К.Күмісбеков, ұйғыр сазгері Қ.Қожамяров және т.б. әндері республика музыкалық мәдениетінің алтын қорына кірді. Әміре Қашаубаев негізін салып кеткен ән өнеріндегі игі дәстүрді Ж.Елебеков, М.Ержанов, Ғ.Құрманғалиев, Д.Рақышев, Р.Бағланова, Е.Серкебаев, Р.Жаманова, Б.Төлегенова, Ә.Дінішев, Р.Рымбаева, Ж.Кәрменов, М.Ешекеев, Қ.Байбосынов,

К.Бекбосынов және т.б. жалғастырып, байыта түсті. Би өнерінің негізін ғажал биші Шара Жиенқұлова салды.

«Дос-Мұқасан» ансамблі, «Отырар сазы», эстрада ансамблі «Гүлдер», «Алматының жас балеті» халықтың қошеметіне ие болды.

Қазақстанда Қазақтың М.О.Әуезов атындағы Академиялық драма театры, Республикалық М.Лермонтов атындағы орыс драма театры және облыс орталықтарында драма театрлары жұмыс істеуде. Театр сахналарында қазақ және қырғыз жазушылары мен драматургтерінің Т.Ахановтың, Ә.Нұрпейісовтің, Ш.Айтматовтың шығармаларынан қойылымдар қойылды.

Қазақ драма театрының шоқтығы биік сахналық туындыларының бірі - Ә.Нұрпейісовтің осы аттас шығармасы бойынша қойылған «Қан мен тер» спектаклі (1973ж) болды. Осы спектакль үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы 1974 жылы, режиссер Ә.Мәмбетовке, суретші А.С.Кривошеинге, актерлер А.Әшімовке, Ф.Шәріповаға, Ы.Ноғайбаевқа берілді.

1960 жылы Алматы көркем және хроникалық фильмдер кинотудиясы «Қазақфильм» киностудиясы болып қайта құрылды. Осы жылдан бастап «Қазақфильм» жыл сайын 7 көркем, 50-ден аса деректі фильм және «Советский Казахстан» киножурналының 24 нөмірін шығарды, 70-ке жуық фильмдерді қазақ тіліне дубляжданды.

Әр жылдар айтуға тұрарлық жекелеген көркем туындылардың пайда болуымен қоса, тұтастай алғанда, тоқырау белгілерінің айқын көрініс беруі - кино өнерінен де айқын аңғарылды. Ш.Аймановтың «Атаманның ақыры», С.Қожықовтың «Қыз Жібек» фильмдері, балаларға арналған «Менің атым Қожа», «Алдаркөсе» фильмдері, «Ана туралы аңыз», «Тақиялы періште», «Біздің сүйікті дәрігер» фильмдері халық алдында ілтипатпен қабылданған шын мәніндегі көркем кино таспалар болды.

Прокатқа түскен фильмдердің ішінде отандық фильмдер тым аз, шетел фильмдері басым болып жатты. Қазақ халқының өткен ерлікке толы тарихы туралы кинолар түсірілмеді. Бұл қазақ киноматографиясындағы үлкен кемшілік еді.

Қазақ кино өнерінде дарынды актерлер ойнады. Мәселен, актер және режиссер Ш.Айманов, С.Қожамқұлов, Ы.Ноғайбаев, Н.Жантөрин, Б.Римова және т.б.

60-80-жылдары қазақша кинодраматургияның тапшылығынан, қолда бар репертуардың тақырып ауқымының тарлығынан орта қол қойылымдар шығып жатты. Цензурадан өтпей, көпшілікке жолдама ала алмай қалған қойылымдар да болды.

VIII. “ҚАЗАҚСТАН “ҚАЙТА ҚҰРУ” ЖЫЛДАРЫНДА (1985-1991 ЖЖ.)

8.1. “Кенес Одағының, соның ішінде Қазақстанның “Қайта құру” кезеңіндегі қоғамдық- саяси дамудың ерекшеліктері”

1985 ж. М.С. Горбачев 11 наурызда, КОКП орталық комитетінің бас хатшы болып сайланады. Сол кезде Саяси бюроның 80 % Л.И.Брежневтің жақтастары болатын. Олардың әр екіншісі қызметін И.В.Сталин кезінде бастаған. Горбачевтің жоғарғы қызметке тағайындалған алғашқы айында, кадрлерді айырбастай бастағынына таңғалуға болмайды.

1985-1986 жж. М.С. Горбачевпен Саяси бюродағы және ОК-нің аппаратындағы оның жақтастары тек социализді жетілдіруді ғана ойлап, оның құрылатына ешқандай күмән келтірмеді.

Ең бастысы олар адамдарға шындықты айта бастады. Билік иесіздіктің сорақы фактілерін жариялауды рұқсат берді. Журналдар мен газеттерге товарлар мен азық-туліктің тапшылығы туралы, кезектер, мәжбүрлі еңбектер және жалпы маскүнемдікті әшекерлейтін мақалалар, Кеңес Одағындағы экономиканың қарқынының төмендегені, шет-елдермен салыстырғанда еңбек өнімділігінің төмен екендігі жөніндегі, қалыптасқан ұғымғы қарсы бағытталған басылымдар жарияланды.

Қажетті заттарға жалпы мұқтаждық шапшаң қарқынмен өсе бастады. Тапшылық тек дүкендерге ғана емес зауыттарда, құрылыстарда да, тіпті станок, металл, ағаш, құрылыс материалдарында тапшылық үстем болды.

Кәсіпорындар баяғыда менгерілген және көбінесе ескірген өнімдері: атамзаманғы станоктарды, қарапайым тұрмыс техникасын, сапасы төмен киімдер мен аяқ-киімдерді шығаруды жағастырып отырды.

Иновацияларда ынталандырудың болмауы, батыс елдеріндегідей ұқсас өнімдерді жаппай шығаруға мүмкіндік бермеді. Сапа жағынан отандық және импорттық телевизорлар, радиоприемниктер, автомобильдердің айырмашылығы айқын байқалып тұрды. Мәселен, автоөнеркәсіп Министерствосы жиырма жыл бойы жасаған “Москвичтің” жаңа моделінің сапасының төмендігі сондай, тәуелді Чехословакияның өзі оны сатып алудан бас тартады.

Әскери-өнеркәсіп комплексі (ӘӨК) Кеңес Одағының ерекше экономикалық зонасы болатын, оның құрамына мындаған зауыттар, конструкторлық бюро, ғылыми- зерттеу институттары кіретін. Онда ең құндылар, жақсылар шығарылған. Саяси Бюро олар үшін заманауи жабдықтарды сатып алуға, қаражатты аямады. Бүкіл ел экономикасы ӘӨК –ке жұмыс істеді.

Осыған қарамастан 1980-шы жж. басында ӘӨК –де сәтсіздіктердің белгілері біліне бастады. Ол кезде дамыған батыс елдері “Компьютерлік революцияны” бастан кешіріп жатқан кезде, Кеңес экономикасы, индустриальды кезеңде қалып қойды, артықшылықтар баяғыдай машина жасау, энергетика

және металлургия салаларына берілді. Қорыта айтсақ, қару-жарық шығаруда әлемде алдыңғы қатарлы позицияларға шыққан, Кенес Одағы, рынокка, тек Азия елдерімен Африка ғана сатып алатын кешегі күннің қаруларын шығарды.

Алғашқы кезде Горбачевтің командасы, “жылдамдату” ұғымын іске асырғанда әдеттегідей әкімшілік тетіктерді пайдаланды.

1985ж. мамыр айында маскүнемдікке қарсы компания басталады. Ол А.Ю.Андроповтың уақытында ойластырылған болатын. Жоспар бойынша 1990 ж. спиртті шығару екі есеге қысқартылуға тиіс болды. Маскүнемдікпен әкімшілік- тыйымсалу тәсілмен күрес басталды. Жұмыс орнында арақ ішушілермен жазаны күшейтеді. Баспасөзде компания басталады. Асырасілтеушілік орын алады: Қырым, Молдавия, Краснодар өлкесінде, Грузияда жүзім сабақтарының құнды тұқымдарын кесіп тастайды.

Бұл компания бюджетке қатты сокқы боп тиеді. 1988 ж. күзде үкімет амалсыздан спиртті ішімдіктерді сатуға қайтадан рұқсат береді.

1986ж. аяғында Кенес Одағының әлемдік энергетикалық рыноктағы жағдайы кенеттен шиеленісе бастайды.

70-шы жж. аяғында экономиканың өсу қарқынының төмендеу тенденциясы байқалғанда, Кенес үкіметті мұнайды алдымен Батыс Еуропаға, ең алдымен Германияға және Италияға экспорттау арқылы қосымша қаржыны табуға болады деп санады.

Мұнайды экспорттауды күшейту, Батыс Сібірде 500-ге жуық мұнайдың кен орындарының бай қоры табылғаннан кейін басталады. Кенес Одағында мұнай өндірісінің көлемінің өскені, сол жылдары болып көрмеген жағдай еді.

1980-шы жж. басында Кенес Одағы мұнай өндіруде әлемде, Сауд Арабиядан кейінгі екенші орынды иемденді. 1981-1985жж. мұнай комплексі бюджетке түсетін шамамен 20% кірістерді және барлық валюталық кірістердің 70-75% қамтамасыз етіп отырды.

Нак осы кезде өзінің ауыл шаруашылығының дамуының күрт төмендеу нәтижесінде, Кенес Одағы, азық-түлікті импорттайтын ең ірі мемлекеттің біріне айналады. 1975 ж. бастап , бастырмалатып сатып алынған астық ондаған мың тоннаға жетті. Тек 1984 ж. ғана Кенес Одағы АҚШ пен Канададан 26,8 млн тонна астық сатып алады. Кенес Одағының шетелдермен ауыл шаруашылығы өнімдерімен саудаласқанда импортының экспорттан асып кетуі 1987 ж. – 13,3 млрд доллар болса, 1988 ж.-14,5 млрд доллар, 1989-1990жж.-17 млрд долларды құрады.

Импорттың айтарлықтай салаларына сондай-ақ көтергіш транспорттық жабдықтар, кемелер, ауылшаруашылық машиналарда жатты.

Қазақстанда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық салаларында дайын өнім шығару жолға қойылмағандықтан, сыртқа шикізаттар (39%), отын (13%), жартылай фабрикаттар (30%) және тағы басқалар, өте көп мөлшерде шығарылды. Ал дайын өнімдердің (50%) жартысын, сырттан тасыдық. Сырттан әкелетін товардың (азық-түлік және өнеркәсіп бұйымдары) өзі 1987ж. 5,7 млрд сомды құраған.

1985ж. 13 қыркүйекте Сауд Арабиясы, мұнай саясатын өзгертетінін хабарлап, мұнай өндіруді тежеуді тоқтатады. 6-ы айдың ішінде мұнайды өндіру

4 есе өседі. Соның нәтижесінде оның бағасы 65% түсіп кетеді. Кеңес Одағы бұдан 26 млрд доллар жоғалтады. Мұнайдан түсетін кірісті алмастыратын басқа өнім болмады, өнеркәсіптің өнімдері Батыс Елдерінің сатып алушыларын қанағаттандырмады. Мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде Кеңес Одағы аса ауыр экономикалық және валюта-қаржылық дағдарысына тап болды.

Партия басшылығы валюталық дағдарыстың қауіпінің және салдарының көлемін түсінбеді, одан қорытынды жасамады.

1986ж. алдында, мұнайдың бағасы, бір баррельге 15 долларға дейін құлдырайды. Еліміз мұнай экспорттынан түсетін 2/3 ақшадан және арақ сатуды қысқартудан түсетін 35 млрд сомнан айырылды.

Сыртқы сауда айналымы да 1987ж. жетоксанда, 1986ж. жетоксанмен салысырғанда 10%, ал өнеркәсіп өнімін шығару-6% қысқарады. Билік басындағылар ақырында мәселе социализмі жетілдіру емес, барлық шаруашылық механизмді қайта құру қажеттігін түсіне бастайды.

1987ж. маусым Пленумында, социализмнің шеңберінің, жеке меншіктің әртүрлі формаларының болуы мүмкіндігі мойындалады. Шаруашылық субъектілеріне экономикалық дербестік беру қарастырылады. Кәсіпорындар мен кооперациялар жөнінде заңдар қабылдау, сондай-ақ “әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету” формуласы ұсынылады.

Республикаларда пайда болған қозғалыстар ұлттардың өз тағдырын өздері шешу керек, деген ұрандарды ұсына бастайды. Бұл демократиялық процестің дұрыс көрінісі елі.

Партияның мүшелері мен партияның бюрократтық аппараты да шетте қалмады. Сөз жүзінде қайта құруды жақтаса да, оны олар әртүрлі түсінді. Партия номенклатурасының кертартпа бөлігі, нарықтың жағдайында өздерінің болашағына күмән келтіріп, жекешелендіруге қызығушылық танытпады. Олар, шындап келгенде, қайта құруға қарсы болды.

“Қызыл директорлар” жекешелендіруді жақтап, кәсіпорындарды өз меншігіне айналдыруды толық қолдады.

Қайта құру ісіне қарсы топтардың болатынын сезген М.С. Горбачев, либеральдық идеяларды жақтаушы, бюрократияны, жемқорлықты, паракорлықты сынаушыларды жақтайтын, кеңес интеллигенциясының бөлігіне сенім артады.

Баспасөзде, теледидарда және радиода, тарихтың “актандақтарын”, жаппай террормен сталиндік қуғын-сүргінді әшекерлейтін мақалалар көптен шыға бастайды. Тоқырау жылдары атанған 1970-1980-шы жж., кеңес өмірі сын көзбен қайта қаралып, елдегі болып жатқан жағдайлар жөнінде ақпараттар көбірек беріле бастайды.

1987ж. шілдеде М.С. Горбачев 1930-1950-шы жж. саяси қуғын-сүргіндердің құрбандарын ақтау жөніндегі комиссиясын құрады. Комиссияның іс-әрекетінің саяси мәні зор болды, себебі көпшілік алдында Сталинді ашық сынау, 1930-шы жж. саяси жүйеден ара-қатынасты үзгенін көрсетті.

1988ж. қазан төңкерісі мен Ленинді әшекерлеу жаппай сипат алады. Ленинизм халықтың сенімінен, беделінен толық айырылады.

1988жыл қайта құру тарихындағы өзгеріс жылы болып саналады. Горбачев жазғандай, ел басшылығы жүйені жетілдіру емес, оны қайта құру, яғни саяси реформаны жүргізу қажеттігін түсінеді. Саяси жүйені қайта құру концепциясына сәйкес шаруашылықты басқару функциясын КОКП-нан алып, халық депутаттары кеңесіне беру, депутаттарды альтернативті сайлауға көшу, соттың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, иммиграция туралы заңды қайта қарастыру, кеңес диссиденттерінің рухани лидері академик А.Д.Сахаровты түрмеден босату және оны толық ақтау сияқты шаралар іске асырылады.

1987 ж. арасында ресми түрде қамауда отырған жүздеген диссиденттер босатылады.

1980-шы ж. арасында саяси билік, Конституция бойынша, Кеңестердің халық депутаттары арқылы іске асырылатын шаруалары халықтың қолына берілуге тиіс болатын. Шындығында, барлығы басқаша еді. Билік КОКП-нің аппаратын қолында еді. Партия өмірдің барлық түрлерін-шиновниктерді, парткомның хатшыларын тағайындау, творчестволық одақтардың, комсомолдың және профсоюздың жұмысын бақылауды қолына шоғырландырды. Конституцияның 6-шы бабы, саяси жүйедегі Коммунистік партияның ерекше рөлін бекіткен болатын. Кеңестер партия аппараты дайындаған шешімдерді тек екі етпей штампты лауды ғана білді.

1987-1988жж. Горбачевпен оның жақтастары саяси жүйенің кемшіліктерін – жариялылықтың жоқтығын, партияның кеңестерді, сайлау органдарын-апараттық ауыстыратынын жария етті.

Баспасөзде көппартиялылық, нарық, меншіктік қатынасты түбірлі қайта құру туралы әңгімелер ашық айтыла бастады.

Ұлттық – демократиялық қозғалыс ретінде пайда болған, Балтық жағалауы мемлекеттерінің халық майдандарында, сепаратистік күштер ашық белсенділіктерімен көзге түсті. Олар саяси тәуелсіздік ұрандарын ұсынады.

М.С. Горбачев ұсынған жариялылық саясаты шеңберінде Қазақстанда көптеген цензуралық тиымдар жойылды, жаңа газеттер мен журналдар шыға бастады, статистикалық ақпараттың бұрын жариялануға жатпайтын тізбесі қайта қаралды. Бұрын жабық болып келген мұрағаттық және кітапханалық қорларға қол жете бастады. 1986ж. бастап, Қазақстан экономикасының арта қалуы және ондағы кемшіліктер ашық айтыла бастады.

Бүкіл одақтың журналдармен газеттердің беттерінде (“Огонек”, “Московский новости”, “Родина” және т.б.) сондай-ақ Қазақстандық мерзімді басылымдарда да (“Қазақ әдебиеті”, “Ана тілі”, “Ленинская смена”, “Простор”, “Горизонт”, “Арай-Зерде”) беттерінде КСРО-дағы 30-шы жылдардағы қуғын-сүргіндер басқаша ойлайтындар мен саяси оппозицияның басып жаншу, ұлттаралық мәселелер сияқты сын мен талдау үшін бұрын мүлде жабық болған көптеген тақырыптар жариялынып, талқылауға түсті.

Қазақстан қоғамы ешқандай кінәсі жоқ, жүздеген мың адамдарды қырып-жоюдың кигүркі әдістері, бөгде ойлаушыларды қуғындаудың жымьсқы жүйесі, Қазақстанға қоныс аударылған халықтардың шын ауқымы т.б туралы шындықты біле бастады.

Қазақ тарихшылары Ж.Әбілғожинің, М.Қозыбаевтың, М.Тәтімовтың Қазақстандағы 30-шы жж. ұжымдастыру қасіреті мен аштық туралы мақалалар жариялана бастады. Ш.Мұртазының, С.Елубаевтың, С.Жүнісовтың публицистикалық пьесалары қоғамдық сананы бір сілкітіп тастады.

“Басқаша болуы мүмкін емес”, “Тарихшылар дауласады”, “Бұл жайында айтылмады”, “Қазақстан тарихы: акtandaқтар” атты жарияланымдары, мақалалар жинақтарында, Қазақ революциясына, азамат соғысы мен Отан соғысына, большевиктер жетекшелері В.И.Ленин, И.В.Сталин, Ф.Голощекин т.б. қайраткерлерге жанаша берілген бағалар пайда болды.

Жариялылықтың әсерімен, қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш-Орда қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев және т.б. ақталады (1988ж.).

Қазақстанда жана саяси ахуал қалыптаса бастады. Көптеген қоғамдық қозғалыстар мен бейресми ұйымдар пайда болды. Қоғамда күнделікті өмірдің өзекті мәселелері, ел дамуының көкейтесті мәселелері талқыланды.

1986-1988 жж. іске асырылған реформалар, шын мәнінде, келісілмеген және үйлеспеген шаралардың жиынтығы болып табылады. Мұнай бағасының төмендеуі, халық шаруашылығының үйлеспеушілігі және номенклатуралық жеке шелендірудің күшеюі жағдайында, олар елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды тек терендетіп, халықтың өмір сүру деңгейін төмендетті.

Реформалар мұнай мен газ саласындағы әкімшілік жүйені жояды да “Газпром”, “Нориль никелі”, “Лукойл” және т.б. мемлекеттік концерндерді құрайды.

Айтпақшы, 14 республиканың партия комиттері, өз территориясындағы барлық кәсіпорындарға ықпалдарын сақтап қалады.

М.С. Горбачев билік басына келгеннен кейін, Кеңес қоғамында бұрын болмаған жанаша ойлау, қоғамдық-саяси өмірді, демократиялық бағытта қайта құру жоспарын ұсынады. “Демократияландыру” мен “Жариялылық”, “Пікірдің әртүрлілігі” және “Жеделдету” негізінде қайта құру бағытын іске асыру жауапкершілігін, партия өзіне алатынын жариялайды.

Ғылыми-техникалық жаңалықтар негізінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының концепциясы (тұжырымы) қабылданады.

Осы тұжырымға сәйкес 1985-1987жж. елдегі жағдайды жақсарту әрекеттері жасаланыды. Бірақта басқару жүйесің толық қайта құрудың орнына, пісіп жетілген мәселелер бұрынғыша – тәртіпті қатандату, арақ – шарап ішуді тоқтату, экономиканы милитаризациялау және т.б. ескі әдістермен шешіліп отырды. Шындап келгенде, қабылданған шешімдер көбінесе сөз жүзінде қалды.

КОКП-нің Орталық Комитетінің бас хатшысы болып тағайындалған М.С.Горбачев бірден, билік құрылымдарына өзінің жақтастарын кіргізіп, ауыстыра бастайды. Алғашқы кезде М.С.Горбачевпен оның жақтастары КОКП-ның ОК саяси бюросының Кеңес Одағындағы билікке монополиясын пайдаланып, кез келген шешімдерді іске асырып отырды. Партиялық тәртіпті кәсіпорындардағы партия ұйымынан Орталық Комитетке дейін, барлық деңгейде, барлық шешімдерді орындауды қамтамасыз етіп отырды. М.С.Горбачевпен оның пікірлестері қалың көпшіліктің әлеуметтік қолдауы

мәселесін ол кезде көтермеген еді. М.С. Горбачев билігінің алғашқы жылдарында Кеңес Одағында ұлт мәселесі толық шешілді деп жарияланған болатын. Бірақта, 1986 ж. Алматыдағы желтоқсан оқиғасы бұл пікірдің тың асығыс жасалғанын айқындап береді.

8.2. 1986ж. Алматыдағы желтоқсан оқиғасы тәуелсіздік жаршысы

Қоғамды жанарту саясатын жүргізе бастаған М.С.Горбачев Брежневтың билік басындағы адамдарын, тіпті Саяси Бюроның жасы келген мүшелерін, лауазымды қызметтерінен босата бастады. Ленинград обкомының бірінші хатшысы, Г.Романовты, Мәскеу партия ұйымының басшысы – В.Гришинді, Украина коммунистерінің жетекшісі -В.Шербицкийді, Азербайжан коммунистерінің басшысы – Г.Алиевті орындарынан алып тастайды.

Қазақстан коммунистерінің ОК-нің бірінші хатшысы, республикаға ғана емес, Мәскеуде де үлкен беделге ие болған, елімізді 30 жылдай басқарған, қазақтың бір туар азаматы, ұлт патриоты Д.А.Қонаевты орнынан алып тастау Горбачевке оңай болмады. Қазақ республикасының өнеркәсібін, мәдениетін, экономикасын бұрын болмаған деңгейге көтеріп, халықтың хал-ауқатын жақсартуға үлкен үлес қосқан ұлт лидері Д.А.Қонаевты орнынан бастау үшін, одан кінә табу керек қажет болды. Ол табылды да, КПСС-тің Бас хатшысы М.С.Горбачев, Қазақстанға, Д.А.Қонаевке байланысты жоспарын іске асыруға кіріседі.

Мұнай мен газы мол Батыс аймақты Реейге қосуды жоспарлайды. М.С.Горбачев Қазақстанның партия ұйымының басшысы Д.А.Қонаевқа Орал (қазіргі Батыс Қазақстан) мен Гурьев(Атырау) облыстарын Орынбор облысымен біріктіріп, Орынбор қаласынан басқарылатын “Ортақ экономикалық аймақ” құру мәселесін тікелей ұсынады. Бұл шын мәнінде, Қазақстанның мұнай мен газға толы Батыс өңірін Ресейдің қарамағына беру жоспары еді. М.С. Горбачевтың бұл ұсынысы іске асқанда, Қазақ республикасы бюджетке мол кіріс түсіретін өнеркәсіп саласынан айрылары сөзсіз еді. Бірақ, ұлтжанды, аса ірі партия және мемлекет қайраткері Д.А.Қонаев, Горбачев бастаған жана отаршылдардың қысымына қасқая қарсы тұрып, илікпей қойды “Қазақ үшін жер мәселесі аса қасиетті , оған жоламау керек, үлкен дауға ұшырауға болады” деп отырып алады. Саяси бюродағы “қол бұраулар”, Алматыға, Орал облысына неше мәрте келіп, осы мәселе бойынша қаншама “кеңестер” өткізген “жоғарғы мәртебеле” делегациялар, Д.А.Қонаевты көндіре алмайды.

18 айға созылған айкастың ақыры 1986ж. 16-шы желтоқсанда 18 минутке созылған, Алматыда төтенше шақырылған партия пленумында, республиканы ширек ғасырдан астам уақыт басқарған Д.А.Қонаев қызметінен алынып, орнына Орталықтан келген “генерал-губернатор” Геннадий Колбин деген “варяг” тағайындалады. Мұның өзі қайта құрумен демократиядан үлкен үміт

күтіп отырған Республика халқының, соның ішінде қазақ жастарының, студенттердің наразылығын тудырды. “Үлкен ағаның” қазақ халқын қорлауы, намысына тиюі, ондаған жылдар қордаланған ұлттық мәселелер, ұлт патриоттарын қатты ашындырған еді.

Орталықтың қазақ халқын дискриминациялау саясатына қарсы болған жастардың алаңға шығып, өздерінің наразылығын білдіруін, тарихта желтоқсан оқиғалары деп атады. Шындап келсек, желтоқсанды екі күнге созылған ұлт-азаттық көтеріліс деп айтуға болады. Себебі, сол күні қазақ қоғамындағы барлық әлеуметтік топтар өкілдері түгел дерлік, орталықтық дискриминальдық шешіміне бір кісідей қарсылық білдірді. 1986ж. желтоқсанның ызғарлы күндерінде, қазақ жастары Кеңес Үкіметтінің жазалаушы аппаратына, қарусыз, жалаңаш қолымен қасқая қарсы шыққан еді.

Кеңес билігінің қазақ халқымен санаспай, Республиканы басқаруға Орталықтан тағы бір шовинисті жіберуі ұлттық намысты оятты.

Еліміздің астанасы Алматыдағы студенттер қауымы мен жұмысшы жастар, жүрек сезімінің итермелеуімен, стихиялы түрде республика партия ұйымының Орталық комитеті орналасқан алаңға қазіргі Республика алаңына ағылды.

1986ж. 17-шы желтоқсанда таңертен сағат 8-де алаңға 200-300-дей жастар жиналады. Алғашқы кезде саяси шеру бейбіт түрде жүрді және мемлекеттік құрылысты құлатуға немесе басқа ұлттарға қарсы ұлтшылдық әрекеттерге шығудан аулақ тұрды. Қазақ жастарының 17-18-ші желтоқсандағы шеруінің түрі ұлттық болғанымен, ұлтшылдық емес еді. Ол басқа халықтарға, соның ішінде орыс халқына қарсы бағытталмаған еді.

Алаңға жиналған жастар, ешқандай тәртіп бұзбай, бейбіт түрде “Өз тағдырымызды өзіміз шешуіміз керек”, “Әр ұлтқа – өз басшысы”, “37 жылға жол жоқ”, “Ұлы державалық ессіздікті тоқтату керек” деген жазулар жазылған плакаттарды алып шығып, Қазақстанға ешқандай қатысы жоқ, жергілікті партия ұйымының бірде біреуінде есепте жоқ, тіпті Қазақстандықтұрғылықты тіркеуі жоқ келімсек Г.В. Колбинді, тағайындауына үзілді-кесілді қарсы екенін білдірді.

1986ж. 16-18 желтоқсан оқиғасының себебі тым алыста тереңде жатқаны белгілі. Д.А.Қонаевты қызметінен алып тастау басты себебі емес. Сөз жоқ Д.А.Қонаевқа жасалынған қатігездік елді тебірентті.

Бұл жараны ушықтырған оқиға ғана болатын. 16 желтоқсанда партияның ОК-нің пленумының шешімі тек сылтау ғана. Онсызда жарылғалы тұрған жараның аузы ашылды. Жалған демократия, ұлттардың теңдігі жөніндегі құры сөз, жымысқы саясат, алдап-арбау әбден жалықтырған болатын, көзі ашық жастар мұны білмеді емес,білді.

“Жүз отыз-жүз қырық ұлттың” мекеніне айналған Қазақстанның жастары, басқа жұртқа үлгі болған көтеріліске шығады деп ешкім ойламаған еді. Қазақтың рухы басым, көзі ашық жастардың көбісі ел астанасы – оқу-білім ордасы Алматыдағы институттар мен университетті тәлім-тәрбие алатын.

Жастардың, студенттердің бейбіт шеруінің өршіп кетуіне, Республика басшылығының, осындай жауапты кезде, қысылтаяң шақтан шығатын жол таба

алмауы, халықпен диалогқа барудан бас тартуы, ақыл мен сабырға емес, қара күшке сүйенуі себеп болды. Әкімшілікке дағдыланған республика басшылары о бастан-ақ жастармен тең құқылы келісімге барғысы келмеді. Барғанның өзінде, олардың қолынан түк келмейтін еді. Мәскеудің шешіміне қарсы шығатын оларда қауһар жоқ болатын. Қалыптасқан қиын жағдайдан бейбіт жолмен шығудың мүмкіндігін іздестіруге де олар дәрменсіз еді.

Кеңестік насихат, теріс үгіт, өтірік ақпарат таратты. Барша қазақ ұлтының атына күйе жағылды. Билік тарапынан о бастан жүргізілген қоқанлоқы күш көрсету, жастар жағынан да қарсылық қимылдарды туғызады.

Республика басшыларымен, милиция, әскери бөлімдерінің, қауіпсіздік комитетінің қызметкерлермен болған қақтығыстарда, кейбір еті тірі қызба жігіттердің әдепсіздік, шыдамсыздық, ағаттың танытып, ауыр сөздер айтып, бұзақылық көрсеткені, сондай-ақ күш көрсеткені, балағаттағаны, саперлік күректермен ұрып-соққан, бранебойдан су шашқан, әртүрлі арандатушы қимылдар жасаған, тәртіп сақшыларына, курсанттарға, әскери алампарға бағынудан бас тартып тіл тигізіп, төбелесуге дейін барғаны, плиталардың сынықтарын лақтырып, оларға қайтты қарсылық жасағандары шындық.

Демократияны, жариялылықты, пікірдің әр түрлілігін және тіл мәселесін дұрыс шешуді, сондай-ақ Республика басшысын жергілікті кадрлардан тағайындауды талап еткен, Орталықтың шешіміне қарсы бағатталған қазақ жастарының іс-қимылдарын басып-жаншу үшін Мәскеу арнайы шешім қабылдайды.

Алматымен телефон байланысын үзіп тастайды. “Құйын-1986” операциясы басталады. Жастардың шеруін, іс-қимылдарын қатаң жазалау үшін, бүкіл Одақтан жиналған әскердің санымен, іске асқан операцияның көлемі адамды таңғалдырады. Сібір әскери училищесенің арнайы міндетті орындайтын отрядтары, сондай-ақ жергілікті шекара училищелерінің және кілең орыстардан тұрған жұмысшы дружиналар жиналды.

Алматыда төтенше жағдай жарияланады. Алматының төңірегіне 50 мыңнан астам жалпы саны бар, Орта Азия, Мәскеу, Ленинград, Новосибирск және т.б. әскери округтерден, әскери-теңіз флотынан ПМ-нің ішкі әскери бөлімдерді, АВОКудің курсанттарынан тұратын, ірі әскери топ шоғырланды. Тек бүлікшіл Алматы ғана емес, тіпті Шевченко (Ақтау) портының шығанағы және оған келетін жолдар Каспий Әскери флотиялиясының кемелерімен, катерлерімен қоршалып тасталды.

Жастар қозғалысы ірі қалаларда-Қарағандыда, Жезқазғанда, Көкшетауда, Целиноградта, Талдықорғанда және кіші-гірім елді мекендерде-Қарқаралы, Сары-Өзек және т.б. жерлерге орын алды.

Алматыдағы қазақ жастарының, студенттердің толқуы аса қатаң қаталдықпен басып жаншылды. Қызыл империя өзінің жалмауыздық, сұрқиялық мәнін айқын көрсетті.

1986ж. Желтоқсан көтерілісіне қатынасқандарды, Мәскеудің “ұлтшылдар”, “халық жаулары”, “батыстың шпиондары”, “бұзақылар”, “маскүнемдер”, “нашақорлар”, “арамтамақтар” деген жеккөрінішті атаулармен атағанына да 30 жылдан асты. Әлі күнге дейін біз Желтоқсан көтерілісі

(оқиғасы) жөнінде барлық шындықты білмейміз. Барлық насихат машинасы оқиғаның төркінін жасырып, билік органдарының іс-әрекетін ақтауға жұмылдырылды. Сондықтан желтоқсан оқиғалары жайлы шындық алғашқы күннен-ақ жабулы күйінде қалды, кейбір лауызымды адамдардың ыңғайына қарай ақиқат бұрмаланып басты. Бұл трагедияның шын ауқымы халықтан, әлеуметтік қауымнан жасырын ұсталды. Аланда жиналған қазақ жастарын қатан жазалау жөнінде бұйрық берген, адамның М.С.Горбачев екені даусыз, бірақта Алматыдағы жастарды басып-жаншу туралы бұйрық берген Г.В.Колбиннен басқа тағы кімдер екендігі белгісіз қалуда.

Адамгершілікке жатпайтын, жастардың құқықтарын аяқ астында таптаған отаршылдардың, басқыншылардың бұл акциясын қолдаған қазақ зиялыларының іс-әрекеттері жеккөрінішті сезімді тудыратынын айтқан жөн болар.

1986ж. 20 желтоқсанда “Вечерняя Алма-Ата” газетінде, бір топ ғалымдар мен мәдени қайраткерлер, оның қатарында Қазақ Ғылым академиясының президенті, Ленин сыйлығының лауреаты, биолог Марат Айтқожин, қазір өзін қазақ актерлерінің арасында патриарх санайтын, социалистік Еңбек Ері-А.Әшімов, халық жазушысы-Х.Бекхожин, СССР халық артисі, Социалистік Еңбек Ері, әнші-Е.Серкебаев, ақын Ғ.Қайырбеков және онша әйгілі емес, құбылмалы адамдар (хамеолондар) “Біз опық жеудеміз” (“Нам горько”) деп аталған адамның намысын қорлайтын үндеу таратқанын күәгерлер әлі ұмытқан жоқ. Үндеуде, билік басындағылардың жүргізген жазалау операцияларын толық қолдаған олар, “Жастар тобы өрт қойып, ойран салып, қоғамдық тәртіпті өрескел бұзды. Мұның барлығы қазақтардың ұлттық намысына жасалған қысым тәрізді көпірмелі ұрандармен қатарласа жүргізілді. Алкогольдің және есірткінің әсерімен көшеге шыққан, біздің партияның лениндік дана ұлттық саясатының арқасында, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларда үлкен жетістіктерге қол жеткізген қазақ халқының атынан сөйлеуге, бұл бұзақылардың қандай құқығы болды” деп мәймөнкелейді.

Өкінішке орай тарих қайталануда. Қанды ұлтаралық қақтығыстар, әлі күнге дейін орын алуда. 1989 ж. 16-20 мамырда Жана Өзенде, 30 мыңдай адам қатысқан, бүтіндей Маңғышлақты қамтыған көтеріліс болып өтті. Көпшілік жұрт қатысқан бұл қимылдарды басып жаншу үшін, Мәскеуден СССР ішкі істер Министерствосының “Витязь” атты ерекше міндет жүктелген отрядтары жеткізіледі. Басып-жаншу операциясына жергілікті милиция қызметкерлері де қатынасады. Қарсылық жасағандарға танкілер, БТРлар, әскери вертолеттер, басқада әскери техника жұмылдырылады. Көтеріліс төртінші күні басып-жаншылады. 5 адам өледі (ресми емес мәліметтер бойынша 100 жуық адам), 100-ден астам адам әртүрлі жаракаттар алады.

Осыдан жетті жыл жыл бұрын (2011ж.), мұнайшылардың қаласы тағы да трагедияға душар болды. Бұдан, 25 жылғы оқиға қайталануы. Бұл жолы кінәні Мәскеуге жабуға болмайды. Егеменді, тәуелсіз өз билігіміз, қарусыз алаңға жиналған, “Өзенмұнайгаз” және “Қаражанбасмұнай” өндіріс орындарында жұмыс істейтін Жана-Өзен және Шетпе мұнайшыларын атуға бұйрық береді.

Жарты жылдан астам уақыт мұнайшылар өнеркәсіп басшыларына, жергілікті билік басындағыларға, алаңға жиналып, бейбіт түрде жалақыларын көбейтуді, әлеуметтік жағдайларын жақсартуды талап етіп, өз талаптарын ұсынған болатын. Жұмыс берушілер қазақ мұнайшыларының талаптарына мән бермеді, олармен сөйлеуге де жарамады. Наразылық акциясына шыққан адамдарды жұмыстан босата бастайды. Мұнайшылар мен билік арасындағы дау-дамай бейбіт, өркениетті түрде емес, күш көрсет, ұрда-жок әдісімен іске асты. Бұйрық бойынша қаланы қоршауға алады, телефон байланысы үзіліп тасталады, интернетке кіруге мүмкіндік жойылады, оппозициялық сайттарға қатаң бақылау орнатылады. Генпрокуратураның хабарлауынша Жана Өзенде “кылмыстық топтардың іс-әрекеті нәтижесінде жалпылама тәртіпсіздік, жүгенсіздік басталды”. Сонымен қатар белгілі себептермен, алаңдағы бейбіт халықты (қазақтарды) Ақ Орданың рұхсатымен қырып-жою фактысы және көп адам шығыны болғаны туралы бір сөз айтылмады. Бейбіт халықты ұрып-соғу, ату жазасын іске асырушылар, шет ел оккупанттары (баскыншылар) емес, жергілікті билік басындағылар болғаны, шындап келгенде халықтың күйіншін тудырды.

1986ж. Желтоқсан айында Алматыда Республика алаңында болған қанды оқиға туралы, ресми баспасөз, БАҚ құралдары ешқандай хабар таратпағаны белгілі.

КСРО халық депутаттарының (1989ж. 6 маусым) I съезінде 3 минутке созылған сөзінде, белгілі ұлт патриоты, ақын Мұхтар Шаханов, 1986ж. желтоқсан оқиғасы туралы барлық шындықты жария етеді. Шыңғыс Айтматовтың сөзімен, М.Шахановтың Кеңес билігінің қылмысын айыптап сөйлеген сөзі “жарылған бомба сияқты әсер қалдырады”. Халық депутаттары биліктің сұрқия қылығын айыптап, кінәлі құрылымдарды, жеке аламдарды анықтау үшін комиссия құруды, оның басшысы етіп, Мұхтар Шахановты тағайындауды талап етеді. Нәтижесінде, Желтоқсан көтерілісінің басталуы, барысы және қорытындысы туралы жан-жақты тексеру үшін, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жанынан Мұхтар Шаханов бастаған, арнайы құрылған Комиссия жұмысын бастайды.

М.Шахановтың төртінші комиссиясының қорытындысында көрсетілгендей, қазақ жастарының бейбіт шеруін басып-жаншуға және одан кейінгі қуғын-сургіндерге орталық өкілдері: КОКП ОК саяси бюросының мүшесі Соломенцев, КСРО Бас прокурорының бірінші орынбасары Бобков, КСРО Бас прокурорының бірінші орынбасары Сорока, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Колбиннің өзі тікелей басшылық етті. Республикадағы бүкіл басшылық құрамынан осы “штабка” тек Мирошхин, Князев және Мирошник кірген.

Комиссия жастардың бейбіт түрдегі саяси толқуын күшпен басуға және оларды қатаң жазалауға жол ашқан нұсқаулар берген партия және мемлекет басшылығының осы нұсқауларды орындау барысында, басу мен жазалаудың заңға қайшы тәсілдерін қолдануға бұйрық берген лауазымды адамдардың, заңсыз бұйрықтар мен әмірлерді көзсіз орындаушылардың, заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етпеген, сөйтіп өздерінің қызмет үстіндегі парызын өтей

алмаған құқық қорғау және сот органдары қызметкерлерінің, кілең орыстардан тұратын жасактар ұйымдастырып, оларды арматура кеспелтектерімен, резенке кабельдер, шынжыр сияқты қару жарактармен қаруландыруға, ұйытқы болғандардың есімін атап еткен болатын. Олар: Колбин Г.В., Соломенцев М.С., Чебриков В.М., Разумовский Е.З., Власов А.В., Мищенко Н.Ф., Мирошхин О.С., Камалиденов З.К., Ефимов В.М., Устинов А.А., Елисов Б.К., Бобков А.Д., Князев К.Н., Мирошник В.М., Карпов И.Т., Басаров Э.О., Паридуха А.М., Дубиняк В.С., Комиссаров В.С., Коряковцев Б.А., Мусин К.Т., Косолапов Н.А., Исабаев С.М., Кулико Н.Т., Елемесов Г.Б., Айтмухамбетов Т.К., Досполов Т., Мызников А.Д., Тетеркин И.А., Мендібаев М.С., Шулико Г.В., Хмызов А.В., және т.б.

Комиссия уақытша изолятор, арнайы қабылдағыштар, тергеу изоляторларына қамалғандар, аязда қаланың сыртында бірнеше сағат бойына ызғырықта қалып, суық тигізіп алғандардың санын анықтайды. Комиссияның шешімі бойынша, ұсталғандардың саны-8.500 адам.

Дене жаракатын алғандардың нақты саны жөніндегі мәліметтер берілмеген. Тек Алматы қаласында 1722 адам дене жаракатын алған Прокуратора-55224, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МКК)-850 адамнан жауап алған. Сот, милиция, кәсіпорындар әкімшілігінің, мекемелер мен оқу орындарының қаулысымен 900-ге жуық адам әкімшілік жүйеде жауапқа тартылған (тұтқындау, айыппұл, сөгіс және т.б.), 1400 адамға ескерту берілген. 309 студент оқудан шығарылған. Жоғарғы оқу орындарының 12 ректор жұмыстан босатылды. Ішкі істер министрлігінен 1200 адам қызметінен алынады. КОКП-ның қатарынан 53 адам шығарылып, 210-ы партиялық тәртіппен жазазаланды. Қаза болғандардың саны туралы ресми деректер сенімсіз. Комиссия оқиғаға тікелей қатысы бар қазақ жастары Рысқұлбеков, Асанова, Сыпатаев, Мұхамеджанованың өлімі туралы фактілерді тіркеген. Аты аталған желтоқсандықтар өзін-өзі өлтіріпті деп түсіндіріліпті. Өлімнің шын себебін жасыру үшін фактілерді зерттеу сапасыз, асығыс жүргізілген.

Республика прокуратурасы, нақты айтқанда оның басшысы Елемесов көтерілісшілерге қарсы қызмет иттерін, сапер күректерін қолданғаны туралы деректі жасырып келген. Көптеген ұсталған қыз-жігіттерді қаладан 25-50 шақырым қашықтыққа автобустармен апарып, қардың үстіне жартылай шешіндіріп, тастап кеткені туралы фактілерді жасырған. Қаншама қыздар, жатырларына суық тиіп ана болу қуанышынан айырылған десеңші!

Желтоқсаншылардың, соның ішінде Қайрат Рысқұлбековтың ісіне келгенде, құқық қорғау жүйесінің азғындығы байқалды. Бұл жерде жоғарыдан тапсырыс берушілер мен прокуратура, МКК байланыстыратын сыбайластық бар. Мәселен Қ.Рысқұлбековтың ісі бойынша 5 прокуратура қызметкері мадақтау мен марапат алғаны таңғаларлық нәрсе. Қазақ КСР ішкі істер министрі Князев желтоқсаншыларды басып-жаншу кезінде ерлік көрсетіп, жанкештілік танытқаны үшін Қызыл Жұлдыз жауынгерлік орденімен марапатталады. Оның орынбасары Басаров пен басқа да құқық қорғау

органдарының қызметкерлері мемлекеттік марапат пен құрметті атақты иеленді.

Қазақ ҚСР ИМ-нің 1786 қызметкері құрмет қағаздармен, “Өнегелі қызметкері үшін”, “Милиция үздігі” сияқты белгілермен, акшалай сыйақылармен, құрметті белгілермен марапатталады, 250 адам Қазақ ҚСР жоғарғы Кеңесі төралқасының медальдарымен және 250 адам мақтау және құрмет қағаздарымен марапатталады. Көтерілісшілерді басып-жаншығаны үшін қызмет адамдарын марапаттау- ен маскара әрекет. Құқық қорғау мекемелерінде, милицияда, прокуратура, қауіпсіздік комитеттерінде істейтін, жазалау операцияларында көзге түскендері үшін, атак-дәреже, жұлдыздар алғандары да жасырын емес.

М.Шаханов басқарған Комиссия Желтоқсан қозғалысының қалай өрбігенін, тарих алдында жауапты қызметкерлердің, партия, кеңес және комсомол басшыларының қылмыстарын, мүмкіндігінше тізбектеп шықты. Комиссия отаршыл жүйенің казак жастарының шеруін қалай басып-жаншығанын, оны ұйымдастырудағы асқан “өнерінің” сырын ашып берді. Комиссия Желтоқсан көтерілісін, Одак көлеміндегі жас, әлі буыны бекімеген демократияланған әміршіл- әкімшіл жүйенің тұңғыш қактығысы,-деп түйіндеді.

Комиссия, оның төрағасы, көрнекті ақын, қоғам қайраткері, ұлт патриоты Мұхтар Шаханов, жұмысты қиын жағдайда жүргізді, оларға жүйе тарапынан жасалған қысым аз болған жоқ. Сондықтан болар, Комиссия өзінің басталған істерінен баянды түрде қорытынды шығара алмады. Ең соңғы, түпкілікті бағаны уақыт, тарих берері шындық. Комиссия негізінен, саяси қысым нәтижесінде, тек құбылыстың бетінде жатқан фактілердің кейбіреуін айтумен ғана шектелді.

Желтоқсаншыларды ұрып-соғып, намысына тиген адамгершілікке жатпайтын іс-қимылдар жасап лауазымдарын жоғарылатқан сұмырайлардың аты-жөнін, ата-тегін атап-атап газет-журналдарға, теледидарға жария қылса, жазаланғаулардың өздері, туыстары разы болар еді.

Бейтарап, әрі келісімпаз көзқараста болған, маңызды шешімдердің қабылдауында, оқиға барысына және одан кейінгі өріс алған жазалау науқанына ықпал етуден өзін аулақ ұстағаны үшін жауапкершілікті, Қазақстанның партия және Кеңес басшылығы, өкіметі, партияның орталық комитетінің хатшылары мен бюросы, партия аппараты тең бөлісуі қажет екендігін, комиссия атағанда әділетті болар еді. Зансыздыққа барған, қазақтарды бір-біріне айдап салған, саяси және қоғамдық салада басшылық қызметте болған айыпты адамдардың аты-жөні, сол сияқты, адам өліміне, басқа да ауыр зардаптарға себеп болған, Республика басшыларының, құқық қорғау, сот, прокуратура, қауіпсіздік комитеті мен ішкі істер министрлігінің басшыларының да аттары аталмаған.

Желтоқсан қозғалысы – ұлт-аззатық қозғалыс тарихында ерекше орын алады. Бұл ұлттық рухтың жанғыру, қайта түлеу кезеңінің басы болды. Ұлт-аззаттық қозғалыс жаңа сатыға көтерілді. Ол бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етіп, ұлттық сананы өсірді, ұлттық рухты жандандырды.

1987 ж. шілде айында КОКП-ның Орталық комитеті, 1986ж. желтоқсан оқиғаларына “Қазақ ұлтшылдығының көрінісі” деген сыпаттама бергені белгілі.

1990 ж. мамыр айында КОКП-ның Орталық Комитетінің саяси Бюросы, “қазақ ұлтшылдығын” айыптаған қаулының күшін жойып, өз шешімін өзгертті.

Қазақ жастарының Желтоқсан көтерілісі КСРО-дағы ұлттық-демократиялық қозғалыстың алғашқысы болды.

Желтоқсан қозғалысы Қазақстанды жаңа әлемдік кеңістікке алып шықты. Бұл қозғалыс Одақ көлемінде жалғасын тапты. Одақтың құлдырауына, ыдырауына әкелді. Республикалардың мемлекеттік егемендігінің жариялауына мол мүмкіндіктер берді. Сөйтіп, Қазақстан Желтоқсаны республика шеңберінен шығып, Еуразиялық сипат алды. 1986ж. Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі әлемдік қауымдастықты тебірентті. Желтоқсан құрбандарын қорғауда Чехословакияда “Адам құқын қорғау жөніндегі”, “Хартер-77”, Варшавада- “Бостандық және бейбітшілік Одағы” құрылады. Желтоқсан идеясынан ұрықтанған, қанаттанған “Невада-Семей”, “Азат”, “Желтоқсан”, “Әділет” социал-демократиялық партиялары, студенттердің тәуелсіз одағы, Республикадағы адам құқығы жөніндегі қоғамдық комитет, Арал, Балхаш, және Қазақстан экологиялық қоғамдық комитет, “Мемориал”, “Шанырақ”, “Жерұйық ұйымдары”, “Қазақстан мұсылман әйелдері лигасы” т.б. ұйымдар желтоқсан қозғалысына қарсы бағытталған реакцияның әрекетіне үзілді-кесілді қарсы шықты, оның трагедиясын зерттеуді талап етті.

1986ж. Алматыдағы желтоқсан оқиғасы Горбачев бастаған қайта құру реформаларына жасалған алғашқы сынақ деуге болады.

8.3. Тәуелсіздіктің (Қазақ мемлекетінің жаңғыру күні) қарсаңындағы Республиканың экономикалық дамуы және қоғамдық-саяси өмірі

М.С.Горбачев алғашқыда ұлтаралық алауыздық пен жанжалдардың Кеңес Одағы үшін қандай қауіп әкелетінін түсінбеді.

Нагорный Карабах үшін Азербайжан мен Армения арасындағы дау-дамай, толық көлемді соғысқа айналып кетеді. 1989 ж. 24 қыркүйекте Азербайжанның Жоғарғы Кеңесі республиканың егемендігін жариялайды.

Грузиндер 1922ж. Қызыл Армияның тәуелсіз Грузияның меньшевиктік социал-демократиялық үкіметін құлатқанын еске алады. 1989ж. мамыр-маусымда Ферғанада, 1944ж. жер аударылын келген түрік-месхетиндіктердің үйлерін талқандайды. Осының барлығы жергілікті халықтардың Одақтың билікке қарсылығын тудырады. 1989ж. күзде Украинада ұлттық қозғалыстың өрлеуі байқалды. Украинаның тәуелсіздігін жақтайтын РУХ қозғалысының І-съезі болып өтеді.

Экономикалық ырын-жырынның ықпалымен республикаларда әлеуметтік шиеленіс өрши түседі. Одақ орталығының саясатына разы болмаған көптеген

формальды емес саяси бірлестіктер, қайта құрудың жақтастарынан оның қарсыластарына айналады. Ұлттық майданның лидерлері республикаларының экономикалық және ұлттық мәселелерін айқын тұжырымдап, халықтың көңілін таба біліп, тез арада ықпалды саяси күштерге айнала бастады.

Ұлттық республикалардың мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру талаптары көпшіліктің қолдауына ие бола бастады. Балтық жағалауы мемлекеттерінің талаптарының негізінде, 1939ж. Кенес Одағы мен фашистік Германия арасындағы, Молотов-Риббентроп шарты ретінде- Балтық жағалауы республикаларын оккупацияған белгілі келісімді, мойындамау жатты.

1988ж. қарашада Эстонияның ұлттық майданы егемендікті, саяси дербестікті, және республикадағы меншікке қатынасты өзгертудерді мойындауды талап етеді. Осыған ұқсас ұлттық сананың өсу процесі Литвада, Латвияда, Азербайжанда, Молдавияда және Украинада орын алды. Орта Азия республикаларында және Қазақстанда билік бұрынғы КОКП-нің партиялық функционерлерінің қолында қалып қояды.

Әлеуметтік жайсыз жағдайлар алғаш рет ереуілдермен ұласты. 1989ж. Воркута шахтерлерінің ереуілі болып өтті. Күзбасс, Донбасс, Воркута және Қарағанды шахтерлері ереуіл комитеттерін құрады. Бұл комитеттер биліктен көптен бері қордаланған мәселелерді шешуді талап етеді.

Кенес Одағының халық депутаттарының I* съезі қарсанында ірі-ірі қалаларда митингілер толқыны болып өтті.

Халық депутаттарының I съезіне депутаттар сайлау, кенес адамдары үшін мүлдем жаңа құбылыс болды. Альтернативті сайлау әртүрлі саяси күштерді - демократтардан бастап, “Ес” қоғамындағы шовинистерге дейін, белсенділікке жұмылдырылды. Округтер бойынша жаңадан сайланған депутаттардың ¼-і КОКП-ға сыни көзқараста болды. Жаңа саяси жүйе, партиялық аппаратқа өздерін қарсы қойған саяси элитаны қалыптастырады. А.Д.Сахаров, Р.З. Сагдеев, Г.Ф. Попов, А.А.Собчак және тағы басқа демократ-депутатар, Балтық жағалауы мемлекеттерінің депутаттарының, өз республикаларының экономикалық дербестігі жөніндегі мәселелеріне қолдау көрсетеді.

Кенес Одағының Жоғарғы Кенесінің төрағасы ретінде, КОКП-ның Бас хатшысы М.С.Горбачев, партия диктатурасының күні өтті, елде жаңа саяси режим қалыптасты деп атап өтіп, экономикада- “Толыққанды нарық”, ал саясатта - “Барлық билік кенестерге” деген ұранды ұсынады. Ол әміршіл-әкімшіл экономикадан бас тартып, құқықты мемлекетті қолдайтынын жариялады.

1990 жылдың басында Республикамызда қарама-қайшылықты, келенсіз құбылыстар үсті үстіне бой көрсетті. Экономикадағы дағдарыс терең тамыр жайып, қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер етті. 1989-1990 жылдары өндірістік инвестиция тоқтайды. Өндіріс көлемі абсолюттік түрде құлдырап, экономика дағдарысқа ұшырады. Жаңа заман талабына сай келмейтін жоспарды экономика түбегейлі өзгерісті талап етті. Табиғи ресурстарға бай Қазақстан кейбір көрсеткіштері бойынша осы күнге дейін Кенестік кездегі

көрсеткіштер деңгейіне жете алмақ түгілі, тіпті көптеген өнеркәсіп салаларынан айырылып та қалды.

Кенестер құрамында болған кезде Республикамызда химия, машина және жабдықтар жасау өнеркәсібі, бакалеялық товарлар, синтетикалық каучук, токым өндірісі мен қайта өңдеу өнеркәсібі өркендеп тұрған еді. 1990 жылға дейін химия мен мұнайлы химия саласында 20 шақты ірі өнеркәсіп орындары жұмыс істеп тұрды (Ақтау пластмасса зауыты, Атырау “полипропилен” зауыты, Қостанай химиялық талшық зауыты, Шымкент дөңгелек жасау зауыты, Қарағанды резиналық бұйым (РТИ) зауыты (Шахан каласы) және т.б.). Ал бүгін пластикалық құбыр, құрылысқа арналған пластмасса және полимерлік жабдықтар жасайтын кішігірім кәсіпорындар жұмыс істеуде.

Республика 1990-1991 жылдары Егемендігін алған мемлекеттермен экономикалық шарт жасасады, әртүрлі келісімдерге қол қойылады. Мәселен, Қазақстан Орта Азия мемлекеттерімен, нақты айтқанда Қырғызстан және Өзбекстанмен экономикалық Одаққа қол қояды. Кеңіректе осы Орта Азия мемлекеттерімен жасалынған келісім, 1994 жылы Орталық Азия Экономикалық Одағы болып қайта құрылады. 2001 жылы бұл экономикалық қауымдастық Орталық Азиядағы Ынтымақтастық ұйымына (ОАЫҰ) айналады, ал 2005 жылы аталған ұйым Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (ЕурАЗЭК) бірігеді. Бұл ұйымға Қазақстан, Белоруссия, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Молдавия республикалары мүше, ал Украина бақылаушы мемлекет ретінде кіреді. БҰҰ ЕурАЗЭК-ті халықаралық ұйым ретінде мойындады.

1990 жылы Ұлттық Банктің бастығы Даулет Сембаевтің басшылығымен Жоғарғы Экономикалық Кеңес құрылады. Нарықтық стратегияға дайындық басталады. Осы бағытта ФРГ-нің бұрынғы экономика министрі және Канцлері болған Л.Эрхардтың идеясы қабылданады. Қазақстан экономикасының нарықтық моделін құру кезінде көптеген қиыншылықтар кездесті. Тек қана экономикалық жүйені ғана емес, елді басқаруды да заман ағымына сай бейімдеу қажеттігі туындайды. Әлемдік нарықтың заңдылықтарын түсіну оңай болған жоқ. Республикаға кеңесші болып, американдық экономист Ч. Бэнг, египеттік зангер Хасан, “500 күн” Бағдарламасының авторы Григорий Явлинский келеді. Елді бұрынғыдай басқару мүмкін емес еді. Республика басшыларында жанаша басқару тәжірибесі мүлдем жоқ болатын.

Кеңес Одағының ыдырауы қарсаңында экономика деңгейі 55 пайызға төмендеді. Республика басшыларының жүргізген экономикалық саясаты өндірістің құлдырауын тежей алмады. Өнеркәсіп құлдырап кетті. Мемлекеттік шығым тым көп болып кетті. Ет пен сүт өндіру 7-10 пайызға кеміді. Бюджет тапшылығы 20 пайызға артты. Өтпелі кезеңде республика экономикасында нарықтық қатынастар орнай бастады.

1991 жылы 22 маусымда “Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі” заң қабылданады. Мемлекеттік басқару органдарының рұқсатымен әртүрлі кооперативтер, жеке меншік фирмалар және шағын кәсіпорындар пайда болды. Жалғасып жатқан инфляция жағдайында 1991 жылы төлем қаражаты ретінде халыққа тегін пәтер – үйді жекешелендіру купондары берілді.

Аукциондарда шаруашылық нысандары сатыла бастады. Жекешелендірілген кәсіпорындардың жалпы санының 60 пайызын бөлшек сауда қоғамдық тамактану, тұрмыстық қызмет көрсету, коммунальдық шаруашылық және басқа нысандар құрды.

1989ж. наурыздың қарсаңында, мұнайдың бағасы 1 тонна үшін, 125 доллардан 40-50 долларға төмендеді. Бұл, Кеңес Одағындағы экономикалық дағдарысты айқындады, тіпті азық-түлікті бұрынғы көлемде импорттауға да қабілеті жок екендігінің көрсеткіші еді.

1990ж. 1984жылмен салыстырғанда мұнайдың бағасы 1,4 есе төмендейді. Мұнайды өндірудің қарқынының төмендеуі өзінің жоғарғы шегіне жетті. Валютаның жеткіліксіздігі елге қажетті импортты товарларды: азық-түлік, дәрі-дәрмектерді, кәсіпорындарға жабдықтарды, соның ішінде мұнай саласына, әкелуге мүмкіндік бермеді. 1990ж. күзде Одақ үкіметі сыртқы-экономикалық саладағы жағдай төтенше деп ашық мойындайды.

1991ж. сәуірде мұнайдың бағасы бір тоннағы 100 доллардан 68 долларға төмендейді, соның нәтижесінде бюджеттің көлемінің кемуі 10 млрд. сомды құрады.

Одақтық өкіметтің халықтың материалдық жағдайын жақсарту бағытында қабылдаған шешімдері орындалмады, инфляциямен халықтың өмір сүру деңгейі тым төмен еді. Осындай жағдайда, Одақтас республикалар өздерінің егемендігін жариялай бастайды. Балтық жағалауы мемлекеттері-Эстония, Литва, Латвия – Одақтан бөлініп шығып, 1988ж. қараша -1989ж. мамыр айлары арасында өздерінің егемендігі туралы алғашқы құжаттарын қабылдады. 1989ж. Литва Кеңес Одағының құрамынан шығатынын жариялайды, желтоқсанның басында Балтық жағалауы мемлекеттерінің Жоғарғы Кеңестері, өз территорияларында Кеңес Одағының Конституциясының 6-шы бабының күшін жояды. Осыдан бастап Республикалардағы коммунистер, КОКП-ның құрамынан жаппай шыға бастайды.

1989-1990жж. Егемендік туралы Декларацияны Кеңес Одағының басқа республикалары да, Ресей, Украина, Молдавия, Белоруссия қабылдайды. Бұл процесс “егемендік парады” деп аталды.

Қазақ ҚСР-нің Мемлекеттік Егемендігі туралы декларациясын, 1990 жылы 25 қазанда Қазақ Республикасы да қабылдайды. Қазақстан бұрынғыша КСРО-ның субъектісі ретінде әрекет етті. Алайда, өзінің басқа республикаларымен өзара қатынастарын принципті жаңа шарттық негізде құрды. Ел аумағының бөлінбейтіндігімен оған қол сұғылмайтындығы үзілді-кесілді баса айтылды. Қазақстан бұдан былай халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде әрекет ете бастады.

Қазақстанда парламент жұмысын жандандыруға балама, күш ретінде құрылған “Демократиялық Қазақстан” депутаттар тобы, басшысы Марат Оспанов, мүшелері Е.Ертісбаев, П.Своик, “Егемендік туралы декларацияны” талқылағанда, полиэтникалық қоғамда ұлттық мемлекеттік тұжырымын іске асыру жағымсыз жайларға әкелуі мүмкін деп санады. Олар ұлттық республиканың орнына азаматтың қоғам құрылу керек деген ұстанымда болды.

Тек, академик Сұлтан Сартаевтың дәлелді ұсынысы бойынша, “Ұлттық мемлекет азаматтық қоғамға, яғни құқықтық мемлекетке қайшы келмейді” деп, ұлттық республиканы құрамыз деген шешім қабылдайды. 1990ж. 25 қазанда “Мемлекеттік егемендік туралы Декларация” қабылданды. Республиканың өз бюджеті болатын болды. Қазақстан халықаралық қатынастардың дербес субъектісіне айналды. Егер егемендік қағидаттарына қайшы келетін болса, Қазақстан аумағында Кеңес Одағы заңдарын тоқтату құқығы берілді.

Кейбір Республикалар, өздерінің ұлттық мүддесін көздеп, орталық бюджетке, тапқан пайдаларының бір бөлігін төлеуден бас тартты. Бұдан шикізат шығаратын республикалар, әсіресе Қазақстан қатты зардап шек.

Мұны “бюджет соғыстары” деп атады. Республикалар және аймақтар арасындағы горизонтальды байланыстар үзіле бастады. Бір-біріне берешек міндеттемелері орындалмағандықтан, өндіріс орындары мен транспорт жұмысында қатты қиындықтар қалыптасты.

1990ж. 12 наурызда кезектен тыс шақырылған халық депутаттар Кеңесінің III-сөзесіне, Кеңес Одағының президенті қызметі енгізіледі және Конституциясының 6-шы бабына енгізілген өзгертулер нәтижесінде КОКП-нің билікке монополиясы жойылады. Осыдан бастап елді басқаруға басқа да саяси партиялардың қатысуға мүмкіндіктері көбейеді.

1990ж. 30 наурызда президент қызметі Өзбекстанда енгізіледі М.С.Горбачевтың түсінбеген сұрағына И.Каримов: “Халық осылай шешті” деп жауап береді.

Қазақ Республиканың Жоғарғы кеңесі, 1990ж. 24 сәуірде Н.Ә.Назарбаевты, президент етіп тағайындайды, Министрлер Кеңесі премьер-министр басқарған, Министрлер кабинетіне айналады, ол заңдарды және президенттің нұсқауларын орындайтын орган болып саналды. Өзінің алғашқы қадамдарын президент, тұрғындардың осал бөліктеріне әлеуметтік көмек жасау жөніндегі, маңызды заңдарды, шығарудан бастайды: бюджет саласында жұмыс істейтін мұғалімдердің, дәрігерлердің, мектепке дейінгі мекемелерде жұмыс істейтін тәрбиешілердің және т.б. жалақысын көбейту, жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген жанұяларды, майдан мен тылдың ардагерлеріне ақшалай көмек көрсету сияқты, қосымша, шаралар қабылданды, президенттің жарлығымен 1986ж. 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатынасып, қылмыстық жауапкершілікке, негізсіз тартылған адамдар ақталады.

1989ж. аяғында демократиялық процестің жандануына байланысты Республикада 100-ге тарта ресми тіркеуден өткен, қоғамдық ұйымдар дүниеге келеді. Алматы қаласында Желтоқсан құрбандарын ақтау жолында құрылған “Желтоқсан” қоғамдық комитеті, тарихи-ағартушылық “Ақиқат” қозғалысы, “Қазақ тілі қоғамы”, “Әділет” және қоғам қайткерлері О.Сүлейменов және М.Шахановтың басқаруымен халықарылық “Невада-Семей”, “Арал-Балқаш” қоғамдық экологиялық қозғалыстар құрылады.

Кейбір қозғалыстар партияға айналады, мәселен, “Азат” республикалық партиясы, 1990ж. жазда-күзде “Азат” қозғалысы, Қазақстанның толық тәуелсіздігін жақтаған ірі саяси күшке айналады. Сол кезден батыл (радикальды) саяси ұйымдар “Желтоқсан” және “Алаш”, сондай-ақ 90 жж.

басына қарай тіпті Қазақстанда бұрын патша өкіметінің жазалаушы күші болған, Қазақ өлкесін жаулап алуға, отарға айналдыруға үлкен үлес қосқан казактардың бірлестіктері пайда болады. 1991 жылы 15 қыркүйекте Орал қаласында казактар патша өкіметіне қызмет етуінің 400 жылдығын мерекелеуге шешім қабылдайды. Тек “Азат”, “Желтоқсан”, “Парасат” қозғалыстары бұл әрекетке батыл түрде қарсы шығуы нәтижесінде және құқық қорғау органдарының араласуымен бұл әрекет тоқтатылады. Биыл да, яғни 2018 жылы ҚР-ғы казактар бірлестігі Ресей Федерациясының президенті В.В.Путинге ашық хат жазып, оның Қазақстандағы казактардың артықшылығын, ерекше статусын бекітуге ықпал етуін өтінгені белгілі.

Осы кезде Алматыда ұлттық-демократиялық ұйымдарға қарсы күш ретінде “Единство” қозғалысы құрылды.

1990ж. 22 маусымда РСФСР-дің Министрлер Кеңесі Кеңес Одағы үкіметінің қарамығынан шығарылады, Ресей Одақтың орталықтан және партияның диктатынан ара-қатынасын алыстатады. Осыдан бастап, Ресей билігінің коммунизмнен алшақтауы басталады.

Ресей коммунистерінің конференциясында Б.Н.Ельцин өзінің КОКП-ның құрамынан шығатынын жариялайды. Сөйтіп, ол Одақтың билікке және М.С.Горбачевке ашық қарсы шығады.

1990ж. ортасында елде биліктің екі орталығы-Кеңес Одағының президенті М.С.Горбачев бастаған Одақ билігі және РСФСР-дің жоғарғы Кеңесінің төрағасы Б.Н.Ельцин басқарған Ресей билігі қалыптасады.

1990ж. II-жартысынан баста Одақ басшылары мемлекетті басқару тетігінен, сосын өндіріс саласын басқару мүмкіндігінен айырыла бастайды. Кеңес Одағында федеративтік қатынастар мәселесі туралы өткір пікірталастар басталады. Ресей саясаткерлері Егеменді республикалар Одағын емес, Егеменді мемлекеттер Одағына акцент жасады, яғни Кеңес Одағы республикаларының тәуелсіз мемлекет болуына айналуын жақтады.

БАҚ-та 90 жылдардың басында Қытайда өткеріліп жатқан реформалар туралы көп жазылып, айтылып та жатқан еді. Қытай тәжірибесіне сүйеніп, Кеңес Одағында да КОКП өзін-өзі қайта құру процесін іске асыра бастайды деген үміттер орын алған еді. Қоғам, зиялы қауым, ой адамдары Кеңес Одағының сол кездегі қалпының ұзаққа созылмайтынын түсінген болатын. Балтық жағалауы мемлекеттері егемендігімен қатар тәуелсіздігін де жариялап үлгерген еді. Закавказьеде де ахуал күрделеді. Ново-огарево процесі аталған жана Одақтық келісімінің күні де алыс емес еді.

1990ж. Б.Н. Ельцин Одақ ішінде-Белоруссиямен ,Қазақстанмен және Украинамен төртжақты келісімді құруға әрекеттенеді. Мұнан былайғы уақытта Ресей , бір-бірімен келісім шарттарға отырған, республикалармен екі жақты келісімге қол қоя бастады. Жиынтығында бұл келісімдер “анти одақтық келісімді” құрды деуге болады.

Республикалардың саяси процессінің күшеюі кеңестік мемлекетті дағдарысқа әкеледі. Бұл дағдарыстан Одақтың билік өз бетімен шыға алмайтындығын түсініп, қоғамдық пікірге жүгінеді. Кеңес Одағының тағдыры 1991ж. 17 наурызда өтетін Бүкілодақтың референдумның қорытындысына

байланысты болды. Басшыларға карсылык билдіру дегенді билмейтін кеңес азматтарының көпшілігінің Кеңес Одағын сақтап қалу әрекеттері нәтиже бермеді. Оған ұлттық Республикалардың элиталарының мүдделері кедергі жасады.

1991ж. егемендік үшін Ресей және Одақтық биліктің арасындағы күрес Кеңес Одағының саяси өміріндегі орталық мәселеге(доминантка) айналады.

19 ақпанда Б.Н.Ельцин теледидардан тікелей эфирде, Кеңес Одағының президентінің бағытынан және саясатынан іргесін аулық салатыны және оның отставкаға дереу кетуін талап етіп мәлімдеме жасайды. Бұл сәтті жағдайды, көптеген республикалардың басшылары пайдаланып калып, одақтың орталықтан тыс екі жақты келісімдер бастайды.

Горбачев Кеңес Одағын саяси күйреуге (банкротство) итермелейді. 1991ж. 15 наурызда М.С.Горбачев теледидардан Кеңес Одағын сақтап қалу үшін дауыс беру жөнінде үндеуін жариялайды.

Адамдар қайта құрулардан, белгісіздіктен қатты сескенетін. Оған Одақтың болашағы туралы референдумда дауыс бергендері мысал болады. 17 наурызда Кеңес Одағының тағдыры жөнінде референдум өтеді. Халықтың көбі Одақты жақтап, дауыс бергенін білеміз.

Дауыс бергендердің 76%, Кеңес Одағын сақтап қалуды жақтайды. Бірақта оның тағдыры үшін дауыс беруге Грузияның, Молдавияның, Балтық жағалауы республикалары қатынаспады. Сонымен бірге, РСФСР-дің президенті қызметін тағайындауды қолдап, сайлауға қатынасқандарының 70,9% дауыс береді. Яғни, шындығында олар, коммунистерге қарсы оппозицияны бейнелеген Б.Н.Ельцинді қолдайды.

М.С.Горбачевтың жағдайы шұғыл нашарлап кетеді. Мемлекет басшысы жоғарғы партия басшылығының, КОКП-ның жергілікті және орталық аппаратының қолдауынан айрылады.

Осындай жағдайда, М.С.Горбачев Б.Н.Ельцинмен және демократиялық оппозициямен жақындасып, жаңа Одақтың келесім жасауға үміттенеді. 1991ж. 23 сәуірде Ново-Огаревада, РСФСР-дің, Украинаның, Белоруссияның, Қазақстанның, Өзбекстанның, Азербайжанның, Қырғызстанның, Тәжікістанның және Туркменистанның басшылары және Кеңес Одағы президенті – М.С.Горбачев бас қосып, Одақтың келісім жасау жолында тиянақты жұмыс істей бастайды. Бұл жұмыстың формулсы: “9+ 1” немесе “Новогарево инициативасы” деп аталды. Бұл келісім процессіне қатысушылар Кеңес Одағының орнына 1991ж. 20 тамызда қол қоюда тиіс болған “Егеменді мемлекеттер Одағын (ЕМО)” құру жөнінде маңызды құжат қабылдайды. Не дегенменде, Республикалар шынайы құқық пен өкілдікті талап етті, ал Одақ орталығы биліктің тетіктерін өз қолдарында ұстап қалғысы келді.

Бірақта ол идеяның іске аспағанын білеміз. КОКП-ның консервативті күштері, естеріңізде бар, 1991ж. 19 тамызда мемлекеттік танкеріс жасаған болатын.

1991ж. 12 маусым РСФСР-дің президентінің сайлауы өтеді. Президент болып, РСФСР жоғарғы кеңесінің төрағасы Б.Н.Ельцин сайланады.

Кәсіпорындармен мекемелердің территориялығын, қоғамдық ұйымдардың офистарының, әкімшіліктің әр қадамын қадағалап отырған парткомдар қуылады.

1991ж. шілденің алғында Ресей жеті одақтық Республикалардың сатында жана Одақтық келісім жасауға көнеді. Украина референдумды тосып тұрады. Жаңарған Одақтың президенті лауазымын М.С.Горбачев, ал Одақтың Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н.А.Назарбаев болатын болып келісілді.

2 тамызда М.С.Горбачев теледирдан Жана Одақтық келісім жасалынады және ол Одақтық мемлекеттікті сақтап қалады деп сендіруге тырысты. 5 тамызда келісімнің текстерін республикаларға жібереді. РСФСР-дің Жоғарғы Кеңесі, келісімге қол коюды, 20 тамызға тағайындайды.

Одақ келісімінің жобасына қолдарын қоюға тек жеті республиканың басшылары ғана келісті. Осы мәселе бойынша қандайда болсын келісім жүргізуге, Балтық жағалауы мемлекеттері бас тартты. Грузия үзілді-кесілді өзінің тәуелсіздігін жариялады. Орталықтан тепкіш күш Азербайжан мен Молдовада күшті болды. “Жаңарған Одақ” идеясын, Ресейден дәстүрлі қаржылай құйылуға сенім артқан Орта Азия мен Қазақстан республикалары белсенді қолдады.

Одақ басшылары келісімге қол коюды 1991ж. 20 тамызға жоспарлайды.

Шілденің аяғында, Қырымға демалуға барар алдында М.С.Горбачев Б.Н.Ельцинмен және Қазақстанның президенті Н.А.Назарбаевпен құпия кездесу өткізеді. Мұнда, Кеңес Одағының саяси басшылығының, консервативті тобына тікелей қарсы бағытталған келісімге қол жеткізіледі. Келісімге қол қойылғаннан кейін, премьер-министр В.Павловты, қорғаныс Министрі Д.Язовты, қауіпсіздік комитетінің (КГБ) төрағасы В.Крючковты қызметтерінен алып тастау ойластырылады.

5 тамызда М.С.Горбачев Қырымға демалуға кеткеннен кейін, Кеңес Одағының консервативті басшылары Орталық пен КОКП-ның билігін толық қалпына келтіруді және реформаларды іске асырмауға бағытталған, астыртын қастандық жасауға кіріседі.

1991ж. 19 тамызда таңертеңгі сағат төрт шамасында ТАСС, Кеңес Одағының біраз ауданында төтенше жағдай енгізіледі деп жариялайды. Өзінің нұсқауы бойынша, Кеңес Одағының вице-президенті Г.И.Янаев Кеңес Одағының президенті қызметін өзіне алады. Кеңес басшыларының, Төтенше жағдайдың мемлекеттік Комитеті (ТЖМК) құрылағаны және биліктің соған көшкені туралы мәлімдемесі жарияланады. ТЖМК-ге 8 адам кірді: Кеңес Одағының вице-президенті Г.И.Янаев, премьер-министр-В.С.Павлов, қорғаныс министрі Д.Т.Язов, ішкі істер министрі Б.К.Пуго, КГБ төрағасы –В.А.Крючков және олардан басқа тағы үш адам кіреді.

“Кеңес халқына үндеуінде” және басқада қабылданған қарарларында, нұсқауларында ТЖМК, “қайта құрудың” күйрегенін, оның мемлекеттіктің ыдырауына әкеліп соққанын, демократ пішініндегі экстремистік күштердің билікті тартып алып, Кеңес Одағын жоюды мақсат етіп қойғаны туралы айтады. ТЖМК Кеңес Одағы Конституциясына сәйкес келмейтін билік құрылымдарын, оппозициялық партиялардың қызметіне, митингілер мен демонстрацияны

өткізуге тиым салынатынын жариялайды. Мәскеуге, Ленинградқа және ірі қалаларға әскер жіберіледі. Қорғаныс министрі-Д.Т.Язов Кеңес Одағы әскерлерін жауынгерлік дайындыққа келтіру туралы бұйрығын береді. Осымен, ТЖМК-нің белсенді қимылдары аяқталады: бүлікшілердің тарихтын қозғалысын тоқтатқысы келген мақсатынан және кеңестік тәртіпті қалпына келтіруге халықты шақырса, олар қуанышпен қарсы алады деген алғырттық ойынан түк шықпады.

Сол күні, 19 тамызда РСФСР-дің президенті Б.Н.Ельцин және Ресей үкіметі ТЖМК-нің қимылдарына антиконституциялық төңкеріс деген баға береді. Б.Н.Ельцин өз мәлімдемесін жариялайды. Мәскеуде және Ленинградта ТЖМК-ға қарсы бағытталдан жаппай митингілер өтеді. Мындаған Мәскеу тұрғындары, Ақ Үй – Жоғарғы Кеңестік және РСФСР үкіметінің төңірегінде, ірі “дөңгелек” ұйымдастырады.

Әскери бөлімнің командирлері, соның ішінде КГБ-нің “Альфа” атты әйгілі арнайы бөлімшесі, Ақ Үйге шабуыл жасаудан бас тартады. Б.Н.Ельцин өзіне Кеңес Одағы қарулы күштерінің бас қолбасшысы міндетін алғаннан кейін, ТЖМК Мәскеу тұрғындарына және РСФСР-дің жоғарғы Кеңесіне қарсы оқ ату мүмкіндігіне айырылады. ТЖМК-ның ниеттерін іске асыруға басқа амалы болмай қалды. Олар өз ойларынан жеріп, шегінуге мәжбүр болады. 21 тамызда ТЖМК мүшелері тұтқындалады. Ішкі істер Министрлі Б.К.Пуго терезеден секіріп кетіп, өзін-өзі өлтіреді.

23 тамызда Б.Н.Ельциннің бұйрығы бойынша РСФСР-дің Коммунистік партиясының қызметі тоқтатылады. М.С.Горбачев, КОКП-нің ОК-нің Бас хатшысы қызметінен босатылды.

1991 ж. 19 тамыздағы мемлекеттік төңкерістің нәтижесі ретінде, қыркүйекте КОКП өмір сүруін тоқтатады. Обкомдардың, райкомдардың және партияның Орталық Комитеттерінің хатшылары Халық депутаттары кеңестерін басқара бастады, ал республика коммунистік партиясының бірінші хатшылары президент болып сайланады. Кейінірек олар әкімдер деп атала бастады. Салалық бөлімдер жойылады, тек екі-үш бөлімдері сақталынады. Министерстволары мен ведомстволар ОК-нің бұйрықтарын орындаудан бас тартады. Партия ұйымдастырушы күш, идеялардың генерациясы орталығынан айырылады.

Кезектен тыс шақырылған парламенттік сессияларында, Одақтас республикалар өз территориясында орналасқан Одақтық министрстволардың және ведомстволардың өндіріс орындарын, мүліктерін өздеріне қалдыра бастайды. Құдіретті әскери өндірістік комплекстер және Одақтық министрствовалар мен ведомство басшылары бұған қатты қарсылық көрсетті. Одақтас республикалар, соның ішінде Қазақстан, тек саяси ғана емес, сондай-ақ, экономикалық тәуелсіздікке ие болу үшін жігерлі түрде, орталықтың диктатын, билігін тоқтату үшін белсенді қимылдай бастады.

Республикалардың егемендікке ие болуы, халық шаруашылығын басқаруды өз қолдарына алуға жағдай жасады. 1991ж. 15 қарашадан бастап, Одақтық министрстволар мен ведомстволар өмір сүруін тоқтатады. Қазақстан

территориясында орналасқан олардың өндіріс орындары, мен мүліктері, инфрақұрылымы, Республиканың карамағына толық көшеді.

Егеменді мемлекеттер Егеменді мемлекеттер одағын (ЕМО) құрғанға дейінгі өтпелі дәуірде бір-бірімен экономикалық одақ құру жөнінде келісімге қол жеткізеді.

Демократиялық күштердің, ең алдымен ұлт патриоттарының талабы бойынша, өзінің тәуелсіздігін басқалардан бұрын алған Украина, Жаңа Одақтық келісімнен бас тартады. Оны болашақ егеменді мемлекеттердің конфедеративтік бірлестігіде қызықтырмады. 1990ж. желтоқсанда Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан басшылар бұрынғы федерациясының орнына, енді Конфедерация түріндегі Одаққа бірігу жөнінде келісімге келген болатын. Ол бойынша Орталықтың карамағында сыртқы саясат, халықаралық мәселелер, сыртқы сауда, мемлекеттік Банк, қаржы және елдегі қорғаныс мәселелерін қалдырып, қалған мәселелердің барлығын жергілікті жерлерде шешу қарастырылды.

Мемлекеттік төңкерістен кейін (1991 ж. 19 тамыз) жанартылған Одақтық келісімге дайындық басталады. Оның жұмысына Н.А. Назарбаев белсенді қатынасканы белгілі. Одақты сақтап қалуға оның күмәні болмаған еді.

М.С. Горбачев “Одақтық мемлекет” идеясын, Ресейдің лидерлері- “Тәуелсіз мемлекеттер конфедерациясын” жақтады. Оның үстінде Ресей, осы тақырып бойынша, 1991ж. 1 желтоқсанда референдум тағайындаған Украинасыз Одақтық келісімге қол қойғысы келмеді.

14 қарашада Кеңес Одағының Мемлекеттік Кеңесінде жеті республиканың- Ресейдің, Белоруссияның, Қазақстанның, Қырғызстанның, Түркияның, Өзбекстанның, Тәжікстанның басшылары жылдың аяғына дейін, бірінғай конфедеративтік мемлекетті құру жөніндегі келісімге қол қоюға келіседі.

Жаңа Одақтық келісімге атау беру (парафирлеу) 1991ж. 25 қарашада болуға тиіс деген шешім қабылданады.

Сол күнгі Мемлекеттік Кеңестік отырсында, Б.Н. Ельцин, С.С. Шушкевич және И. Каримов “жаңа жағдайларға” сүйеніп оған қол қоюдан бас тартады. Ново-Огареваға Украинамен Азербайжанның лидерлері, тіпті келмейді.

1 желтоқсанда Украинада өткен референдумның нәтижесінде, дауыс берген тұрғындардың 90,3%, Украинаның тәуелсіздігін жақтайды. Л.М. Кравчук республиканың тәуелсіздігін жақтайды. Есте қалатын жай, 5 желтоқсанда Украинаның Жоғарғы кеңесі, 1922ж. Кеңес Одағының құрылғаны туралы Келісімнің заңды күшін жойғаны туралы қаулы шығарады.

Сөйтіп, Одақтық келісім жөніндегі мәселе өзінің саяси өзектілігін жоғалтады.

1991ж. тамыз оқиғалары Кеңес Одағының іс жүзіндегі ыдырауын тездетті. Қыркүйекте Кеңес Одағының Мемлекеттік Кеңесі, өздерінің тәуелсіз болу ниетін 1990ж. жариялаған Балтық жағалауы республикаларының егемендігін мойындайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы оларды өз мүшелігіне қабылдайды.

Бүліктен (мемлекеттік танкерістен) кейін, бірнеше күннің ішінде республикалардағы коммунистік партиялар таратылады. Ең соңғы болып КОКП - Ресейдің территориясынан кетеді. Ұлт элиталары мемлекеттік дербестікке дайын болды, себебі соңғы жылдары олар экономикалық дағдарыстың күшейген және саяси өзін-өзі билеу (өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу) жағдайында өмір сүрген еді. Одақ құрамынан шығу ұлттық экономикалық мәселелерді шешудің ең дұрыс жолы деп саналды.

Армения, Грузия және Азербайжан республикаларының саяси элиталары Ресейден тәуелсіз болу ұраны төңірегінде топтасады. Балтық жағалауы республикалары өздерінің билік құрылымдарын табысты құрып, тез арада халықаралық қатынас субъектілеріне айнала бастады.

Саяси лидерлері ТЖМК-мен идеялы түрде байланысты, Өзбекстан мен Туркменида, Кеңес Одағының құрамынан шығу, авторитарлы режим құрып, Ресейден ара-қатынасты аулақ салудың құралы болып табылды. Одақтық Республикаларда жаңа мемлекеттік құрылысты құру әртүрлі сценарий бойынша жүрді, бірақта ол кеңестікке қарсы (антикеңестік) жоба ретінде іске асты.

Кеңес Одағы өмір сүріп тұрғанда, Грузия 1991ж. 9 сәуірде тәуелсіздігін жариялап, келесі айда президенттік сайлау өткізді. Украина Одақтың келісімнің кандайда формасы болмасын үзілді-кесілді қарсы болды. 1991ж. 13 желтоқсанда, оның территориясында орналасқан құрлықтағы және әскери-әуе күштерінің бөлімшелерін, сондай-ақ Қаратеніз флотын Украинаға қайта бағындыру туралы хабарлайды. Украинаның өзінің қарулы күштерін құрудағы қадамы, жалпы әскери-стратегиялық кеңістік құру туралы Беловежде қабылданған (1991ж. 8 желтоқсан) келісімге сәйкес келмеді.

Белоруссияда тамыз айында Жоғарғы Кеңес Белоруссия коммунистік партиясының қызметін тоқтатады да, 1990ж. 27 шілдеде қабылдаған “Мемлекеттік егемендік туралы” Декларацияға конституциялық заң құқығын береді. Жоғарғы Кеңестің төрағасы болып С.С.Шушкевич сайланады.

Белоруссия мен Ресей арасында, негізінен, әскери – саяси мәселелерге қатынасты келіспеушілік орын алды.

Орта Азия мемлекеттерінде жаңа мемлекеттерді құру тыныш, байыпты түрде өтті. Өзбекстанда тәуелсіздік туралы Декларация 1991ж. 1 қыркүйекте, Қырғызстанда – ертерек 31 тамызда (айтпақшы, ТЖМК-ні Қырғызстанда, кеңестік кеңістікте алғашқы болып айыптаған болатын), Туркменстанда-казанда (Туркмения басшылары ТЖМК-ні толық қолдады) қабылданды. Ал Тәжікстанда, 1991ж. 25 қарашада президент сайлауы болып өтеді.

Қазақстанның парламенттік жылнамасында, әлі де болса әміршіл-әкімшілік жүйенің ықпалы сақталынып тұрған кезде, кеңейтілген демократиялық негізде алғаш рет сайланған өкілетті орган – 12-ші шақырылған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында (1990 ж. 24 сәуір) алғаш рет қабылданған заңдар, шешімдер мол еді.

Жоғарғы Кеңеске сайланатын 360 депутаттық мандатқа 2000-нан астам үміткер қатынасқан болатын. 270 территориялық округтердің көпшілігінде сайлау альтернативті негізінде жүргізілді. Алғаш рет 90 депутатты қоғамдық

ұйымдар сайлауға мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде жалпы халықтық өз еркімен көңіл білдіруі арқасында депутаттардың 85 пайызынан көбі, алғаш рет сайланды; Алғаш рет ғылыми және творчестволық зиялы-қауым өкілдерінің өте кең көлемде қатысуы қамтамасыз етілді; Алғаш рет бірнеше депутаттар тұрақты комиссияларда және комитеттерде негізгі жұмыстарынан босатылу негізінде жұмыс істеді; Халық депутаттары қатарында 72 жұмысшы және колхозшылар болды немесе (20,1 пайыз), ал ғылым, мәдениет, әдебиет, өнер, оқу-ағарту және денсаулық сақтау саласында қызмет ететіндер 65 адам немесе (17,2 пайыз), әйелдер – 29 адам немесе 7,2 пайыз болды.

Жоғарғы және аяқталмаған жоғарғы білімі бар депутаттардың саны 301 немесе (83 пайыз) болды. Халық депутаттары болып 7 академик, 48 докторлар мен ғылым кандидаттары сайланды. 11 халық депутаты Кеңес Одағының батырлары және Социалистік еңбек ерлері, 23 депутат – Кеңес Одағы және ҚазақКСР-нің мемлекеттік сыйлығы иегерлері еді. 16 ұлт өкілдері Халық депутаттар қатарында болды. Осының барлығы заң жобаларын жасап, оның іске асудың сапасын жоғарылатуда қолайлы жағдайлар жасады.

Қазақстанның саяси және экономикалық өміріндегі маңызды қайта құрулардың, өзгерістердің іске асуы 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңестің қызметіне байланысты екені ешқандай талас тудырмайтыны тарихи шындық.

Күрделі сыртқы саяси жағдайында Парламент Президентпен, Өкіметпен, Қазақстандағы саяси тұрақтылықты және Азаматтық келісімді қамтамасыз етуге бар күшін салды. 1991 ж. желтоқсан айы саяси оқиғаларға толы болды. 1 желтоқсанда президенттік қызметке 1990 ж. 24 сәуірде сайланған Н.А. Назарбаев, Жалпы Халықтық Референдум қорытындысы бойынша Қазақ Республикасының Президенті болып сайланады. 10-желтоқсанда Жоғарғы Кеңес Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын Қазақстан Республикасы деп өзгертеді, бұдан Республиканың ұлттық сипатының өзгергенін байқаймыз. 11 желтоқсанда 6 үміткерлердің арасынан альтернативті негізде ҚР-ның Жоғары Кеңесінің Төрағасы болып Серікболсын Абильдин тағайындалады.

Қазақстанда 1991ж. қыркүйекте коммунистік партия таратылып, оның негізінде Қазақстанның социалистік партиясы құрылады. 1 желтоқсанда жалпы халықтық референдум нәтижесінде 98% дауыс жинаған Н.А. Назарбаев президент болып сайланады.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін Одақтас республикалар ішінде, Ресейден кейін (1991ж.12желтоқсанда) ең соңғы болып, сол жылы 16 желтоқсанда жариялайды. КОКП-нің жетекшілерінің сатқыншылық саясатының нәтижесінде 16 желтоқсанға дейін Кеңес Одағы құрамында тек қана Қазақ КСР ғана қалған еді. Республиканың басшысы Н.А. Назарбаев Кеңес Одағының сақтап қалудың басқа жолдарын белсенді түрде іздестіргенін білеміз.

1991ж. 8 желтоқсанда Белоруссияда (Беловожье) үш славян республикаларының басшылары: Б.Н. Ельцин, Л.М. Кравчук және С.С. Шушкевич, журналистер Беловожье келісімі деп атаған, Тәуелсіз мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылуы туралы келісімге қол қояды. Онда, “Кеңес Одағы” халықаралық құқықтың субъекті және геосаяси шындық

ретінде өмір сүруін тоқтатқаны туралы және ТМД-ны құрғанда, жақтастар өздерінің мемлекеттік егемендікті силау принциптеріне берік екендігін жариялайды, сондай-ақ, тен құқықтық және бір-бірінің ісіне араласпау, күш қолданудан, экономикалық немесе басқадай қысым тәсілдерінен бас тарту, талас мәселелерді келісім арқылы реттеу, шегараның ашықтығына гарантия беру, азаматтадың ерікті қозғалуы және Достастық шеңберінде ақпараттармен бөлісу туралы айтылады. Арнайы декларацияда жақтастар Достастықтың басқа мемлекеттердің қосылуына ашық екендігін жариялайды. Үш славян мемлекетінің келісімі 10-шы және 12-ші желтоқсанда күшіне енеді. 12 желтоқсанда Ресей 1922ж. Одақ келісімін бұзып өзінің тәуелсіздігін жариялайды.

1991ж. 13 желтоқсанда Ашхабадта, Түркменстанның және Қазақстанның президенттері С.Ниязов пен Н.Назарбаевтың инициативасымен, бес Орта-азиялық мемлекеттердің президенттерінің кездесуі болады. Жақтастар Беловожье келісіміне өздерінің тілектес екендігін білдіреді.

1991ж. 21 желтоқсанда Алматыда 11 республикалардың өкілдері (Грузия мен Балтық жағалауы мемлекеттерін санамағанда) қатынасқан бас қосуда, өздерінің ТМД-ға қосылатынын мәлімдейді. Құжаттарда ТМД-ның мемлекетте емес, мемлекеттен жоғары тұрған құрылымда емес екендігі айтылады. Барлық елдер ТМД-ның мақсаты мен принциптері туралы Алматы Декларациясына қол қояды. 1993ж. желтоқсанда ТМД-ны құру туралы Декларацияға Грузия қосылады.

1991ж. 25 желтоқсанда Кеңес Одағы президенті өзінің өкілдігінен бас тартады. 1991ж. желтоқсанда Жоғарғы Кеңестің шешімімен РСФСР атауы өзгертіліп, Ресей Федерациясы деп аталатын болды.

Сөйтіп, бірнеше жылдың арасында коммунистік режимнің күйреуі іске асады. Кеңес Одағы қаржы қатнасы тұрғысынан банкротқа ұшырап, бірыңғай мемлекет ретінде өмір сүруден қалады. 15 одақтас республикалар тәуелсіздігін алады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Абжанова. Сельская интеллигенция в Казахстане: вчера, сегодня, завтра - Алма-Ата, 1990.
- Алма-Атинская Декларация от 21 декабря 1991г. - // Казахстанская правда, 21 декабря 1991г.
- Абильдин С.А. Тұңғыш төраға. Первый председатель - Алматы, 2016.
- Адамбек Б.К. Кенес одағының тарихы. 1917-1991 ж.ж. Қарағанды, 2018.
- Айымбетов С. Отарлық саясаттың сойканы. - // Егеменді Қазақстан, 1992. 12 қыркүйек.
- Аққұл - ұлы С., Камзабек - ұлы Д.І. - Мемлекеттік Дума және оған мүше болған Қазақстан. - // "Ана тілі" газеті. 1993. 4 ақпан №5.
- Алдажұманов Қ.С. Департация народов - преступление тоталитарного режима: - Алматы, 1992.
- Алтынбекова П. Ақиқат пен қасірет (1933 - 1938 ж.ж.). Дерекнама. - Астана 2001.
- Амальрик А. Просуществоет ли Советский союз до 1984г ? // погружение в трясину (Анатомия застоя). - М., 1996.
- Алматы. 1986. желтоқсан. Айғақ - кітап. Бірінші-үшінші кітап - Алматы! 1991-1992 ж.ж.
- Аманжол Күзембай - ұлы, Еркін Абиля. История Казахстана: учебник для Вузов. 8-ое изд. перер и, доп. Костанай. 2006.
- Аманжолова Д.А. Казахский автономизм "Россия". История движения Алаш. 1994.
- Артыкбаев Ж.О., Раздыков С.З. История Казахстана: учебник. - Астана, 2007.
- Асылбеков М.Х. Железнодорожники Казахстана в первой русской революции (1905-1907) - Алма-Ата, 1965.
- Асылбеков М.Х., Козина В.В. Казахи (демографические тенденции 80-90-х г.г.) - Алматы, 2000.
- Асылбеков М.Х. Тұрар Рысқұлов и М.Тынышпаев на Турксибе // Отан тарихы, 2000. №1-2.
- Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен) - Алма-Ата, 1993.
- Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі. Алматы, 2000.
- Ахметова К. "Алаш" партиясы туралы бірер сөз. - // Ақиқат, №9. 1995.
- Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж.ж. бас ред. М.Қ.Койгелдиев. Алматы 2007 - 1 кітабы, 3 том.
- Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана. Учебник - Алматы, 2010.
- Әбдеш М. Тағдыр ("Үш жүз" партиясын ұйымдастырушы Көлбай Тоғысов туралы) - // Егемен Қазақстан, 11 маусым 1997.
- Әбжанов Х., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. - Алматы, 1992.

Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. - Алматы, 2007.
Әбуев Қ. Қазақстан тарихының "ақтандық" беттерінен. - Алматы, 1994.
Әминов Т.М. Қазіргі Қазақстан тарихы: оқу құралы. - Алматы, 2017.
Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 2013 ж. -

т.в.

Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеу құрастырған Р.Нұрғалиев. - Алматы, 1996.

Балакаев Т.Е., Алдақұманов К.С. Трудящиеся Казахстана - фронту. - Алма-Ата, 1985.

Балакаев Т.Е. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны 1941-1945г. - Алма-Ата, 1971.

Безбәридов А., Елисеєва Н., Шестаков В. Перестройка и крах СССР. 1985-1993. - СПб. 2011.

Берденова К.Ә. Қазақ қоғамындағы әкімшілік-шаруашылық жүйелердің эволюциясы. - Алматы, 1999.

Берденова К.Ә. Қазақстанның мемлекеттік ретінде қалыптасуы мен экономикалық даму негіздері. - Алматы, 1998.

Бесеудің хаты (Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышевтардың хаты). - // Қазақстан коммунисті. - 1990. №7.

Богачов А. Алаш-Орда. - // Ақиқат. №3. 40-42 б.б.

Богачов А. Алаш-Орда. - // Ақиқат. №4. 28-30 б.б.

Бозтаев К. Семипалатинский полигон. - Алма-Ата, 1992.

Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы, 2000.

Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орда под ред. Н.Н.Ванат. - Алма-Ата, 1935.

Бурабаев М. Общественная мысль в Казахстане (1917-1940 г.г.). - Алма-Ата, 1992.

Бурханов К.Н., Султанов Б.К., Аяган Б.Г. Современная политическая история Казахстана (1985-2006 г.г.). - Алматы, 2006.

Верг Н. История Советского государства: 1900-1991. - М., 1992.

Восстание 1916г в средней Азии и Казахстане. Сб. док. и мат., - М., 1960.

Гайдар Е. Гибель империи. Уроки для современной России. - М., 2006.

Галузо П.Г. Аграрные отношения на Юге Казахстана в 1867-1914 г.г. - Алма-Ата, 1965.

Галузо П.Г. Туркестан - колония. - Ташкент, 1963.

Григольев В.К. Противостояние (большевики и непролетарские партии в Казахстане (1917-1920 г.г.) - Алма-Ата, 1989.

Голод в степи. - // Қазақ аштыққа қалай ұшырады. - Алматы. 1991.

Голошекин Ф.И. Қазақ ауылында Октябрь төңкерісі. - // Еңбекші қазақ. 1928. 3 желтоқсан.

Голошекин Ф.И. Партийное строительство в Казахстане. Сб. статей и речей (1925-1930 г.г.). - М.,

А-А. 1930.

Гонимые голодом. Сб. док-ов и мат-ов. Части I и II. - Алматы, 1996.

Дахшлейгер Г.Ф. Турксиб - первенец социалистической индустриализации: (Очерки истории постройки Турксиба) - Алма-Ата. 1953.

Дәрімбетов Б. Смағұл Сәдуақасов. "Ағып өткен бір жұлдыз". - Алматы, 1990 №3. 18-23 б.б.

Декларация о государственном суверенитете в Казахстанской Советской Социалистической республики от 25.10.1990 г. - // Ведомости Верховного Совета Каз.ССР. 1990. №44.

Департированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы. 1998.

Дж. Демко. Орыстардын Қазақстанды отарлауы. 1896-1916. - Алматы. 1997.

Дулатов М. Шығармалары. - Алма-Ата, 1991.

Дулат-ұлы М. Оян, казак!. - Алматы. 1991.

Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. Алма-Ата, 1966.

Елкеев Б. "Үш жүз" партиясы. - // Қазақстан коммуниксі, 1990. №8. 56-63 б.б.

Ертысбаев Е.К. Демократизация в Казахстане: 1990-2000 г.г. - Алматы, 2001.

Ертысбаев Е.К. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. - Астана, 2001.

Есенғазы Қуандық. Қазақстан тарихы (Кенең дәуірі және Тәуелсіз Қазақстан): Оқулық. - Алматы. 2012.

Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М.Шокайдың дүние танымы және қайраткерлік болмысы). - Алматы, 2008.

Есмағамбетов К. Действительность и фальсификация: Англо-американская истормография о Казахстане. - Алматы, 1976.

Жакупова М.А. Эвакогоспитали Казахстана в годы Великой Отечественной Войны. - Алма-Ата, 1985.

Из брошюры "Казахи" М.Б.Олкотт. - // Из истории казахов. - Алматы. 1997. с. 303-342.

Из истории российской эмиграции: письма А.З.Валидова и М.Чокаева (1924-1932 г.г.). - М., 1999.

Иманбаева С.С. Міржақып Дулатовтың өмірі мен қызметі. - Алматы, 1999.

История Казахстана: белые пятна. Сб. ст. - Алма-Ата, 1991.

История Казахстана (История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Изд-ке 1943 г). - Алматы, 2011.

Исхаков С.М. Российские мусульмане и революция 1917-1918 г.г. - М., 2004.

Кабульдинов З.Е. Народ Казахстана: история и современность. - Алматы, 2007.

Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. - Алматы, 2000.

Казахские чиновники на службе Российской империи. Сб. док-ов и мат-ов. Сост. Султангалиева Г.С. (отв. ред.), Далаева Т.Т., Удербаетова С.К. - Алматы, 2014.

Какенова Г.М. Алашская интеллигенция в истории Казахстана начала XX в. - Астана, 2013.

Какенова Г.М. Судьбы казахской интеллигенции. Историография вопроса. - Астана, 2006.

Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы: студенттерге арналған оқулық. - Алматы, 2012.

Кәкішев Т. Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы! - // Қазақстан коммунисті, 1990 №5.

Кәкіш-ұлы Т. Саяси зобалаң толқындары. - // Егемен Қазақстан. - 1997. 23-28 сәуір.

Кәрішал Асанов (Асан-Ата). Шынжырда өткен жолбарыс... Сказ о закованном тигре... - Алматы, 2004.

Ким Г.Н. История иммиграции корейцев. - Алматы, 1999.

Козлов В.А. Неизвестный СССР. Простивостояние народа и власти 1953-1985 г.г. - М. 2006.

Козыбаев М.К., Алдажұманов Қ.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. - Алматы, 1997.

Козыбаев М.К. Великая Отечественная война (1941-1945 г.г.): мифы и реальность. - // Казахстан в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.г. - Алматы, 2000.

Козыбаев М.К. "Декабрь 1986 года: факты "размышления". - Алматы, 1997.

Койгельдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. - Алматы. 2009.

Конституция (Основной Закон) Республики Казахстан. - Алматы, 1993.

Конституция (Основной Закон) Республики Казахстан. - Алматы, 1995.

Конституционный Закон "О государственной независимости Республики Казахстан", - Алматы, 1991.

Кудерина Л.Д. Геноцид в Казахстане. -М., 1994.

Кунаев Д. О моем времени. Алматы, 1992.

Кунаев Д.А. От Сталина до Горбачева. Алматы, 1994.

Кучкин А.П. Советизация казахского аула, 1926-1929 г.г. - М., 1962.

Қазақ калай аштыққа ұшырады. - Алматы. 1991

Қазақ әдебиеті хрестоматиясы. - Алматы. 1992.

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Т. 4. - Алматы, 2010.

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Т. 5. - Алматы, 2010.

Қазақстан тарихы. Очерктер. - Алматы, 1994.

Қазақстандық мемлекеттік Думаға сайлануы. - // Егемен Қазақстан. 2006, 15 ақпан.

Қазақстанның жана және қазіргі заман тарихы. Оқулық ред. басқарған т.ғ.д., профессор К.С.Қаражан. - Алматы, 2005.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). 1 т. ред. басқарған Қ.С.Қаражан. - Алматы, 2007.

- Қамзабек-ұлы Д. Алаштын рухани тұғыры. - Алматы, 2008.
- Қамзабек-ұлы Д. Смағұл Сәдуақасов-ұлы. Тарихи тұлғалар. - Алматы, 1996.
- Қозыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажұманов Қ.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. - Алматы, 1992.
- Қозыбаев М.К. Ақтандақтар ақиқаты. Алматы. 1992.
- Қозыбаев М., Алдажұманов Қ. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. - Алматы, 1997.
- Қозыбаев М.К. Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар. - // Егемен Қазақстан. 1994. - 14 тамыз.
- Қозыбаев М. Ғұйырнама жанрын зерттеу мәселелері. Алаш және Алаш-Орда өкіметі. - // Қазақ Тарихы. №4. 1997. 6-20 бет.
- Қозыбаев М.Қ. История и современность. - Алматы. 2003.
- Қозыбаев М.К. Историография Казахстана. Уроки истории. - Алма-Ата, 1990.
- Қозыбаев М.Қ. Казахстан - арсенал фронта. - Алма-Ата, 1970.
- Қозыбаев М. Хрушев және Қазақстан. - // Қазақстан коммунисті. 1990. №12.
- Қойгелдиев М. Алаш-Орда XX ғ. казактын алғашқы ұлт мемлекеті // Ақиқат №1 1993. 32-34 бет.
- Қойгелдиев М. Алаштын Әлихан. // Ақиқат №11, 1991. 63-69 бет.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы. 2000ж.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы көмекші оқу құралы - 1 том, Алматы. 1995.
- Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?. - Алматы. 1993.
- Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқай // Егемен Қазақстан. 1 ақпан. 1997ж.
- Қойгелдиев М. Түркістанның Ұлы перзенті. // Қазақ тарихы №2. 1997. 15-22 бет.
- Қойгелдиев М. Түркістанның Ұлы перзенті. // Қазақ тарихы №4. 44-49 бет.
- Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов. - // Қазақ әдебиеті. 1989.
- Қойшыбаев Б. Бакытжан Қаратаев. Алматы. 1993.
- Қойшыбаев Б. Қайраткер С.Сәдуақасов. - // Қазақ әдебиеті. 1993.
- Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды. Естелік - эссе. - Алматы, 1994.
- Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай. Естелік - эссе. - Алматы, 1992.
- Қоңыратбаев О.М., Жүнісбаев А.Ә. Мұсылман бюросы - егемендік идеясының жаршысы (1919-1920 ж.ж.). - Алматы, 1996.
- Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық - саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезені. - Алматы, 1994.
- Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері Ж.Ақбаевтың саяси-құқықтық көзқарастары. - Алматы. 1996.
- Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. - Алматы. 1998.

Левон Мирзоян в Казахстане (1933-1938 ж.ж). Сб. документов и материалов. - Алматы, 2001.

Махат Д. Қазак зиялыларының қасіреті. - Алматы. 2001.

Мерқалова Л.А. Сталинизм и война:из непрочитанных страниц истории (1939-1990). - М., 1994.

Михайлов В. Хроника Великого Джута. - Алма-Ата, 1990.

Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. - Алмат, 1998. I-том.

Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. - Алмат, 1999. т.2.

Мұхтар-ұлы С. Кәмпеске. - Алматы, 1997.

Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. - Алматы, 2003.

Назарбаев Н.А. Без правых и левых. -М., 1991.

Назарбаев Н.А. В сердце Евразии. - Алматы, 2005.

Назарбаев Н.А. Ғасырлар тоғысында. - Алматы, 2003.

Назарбаев Нұрсұлтан. Тарих толқынында. - Алматы, 1999.

Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 г.г. Сб. документов и материалов. - Алматы. 1998.

Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 г.: характер, движущие силы, уроки. - Алматы, 1996.

Нурпеисов К. Алаш һәм Алаш Орда. - Алматы, 1995.

Нурпеисов К. Становление Советов в Казахстане (март 1917 - июнь 1918г.г). - Алма-Ата. 1987.

Нуртазина Н.Д. Народы Казахстана: проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации на рубеж XIX-XX вв. - Алматы, 2008.

Озганбай Омирзак. Государственная Дума России и Казахстан (1905-1917): учебное пособие. 2-ое изд. - Алматы. 2006.

Озганбай Омирзак. Дорога в будущее (Халел Досмухамед-ұлы: жизнь и судьба). - Алматы, 2004.

Олкотт М.Б. Казахстан: непройденный путь. - М., 2003.

Омарбеков Т. 20-30 ж.ж. Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы. Алматы. 1994.

Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия). - Алматы, 2010.

Омарбеков Т. Зобалан. Алматы, 1995.

Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. - Алматы, 2003.

Омарбеков Т., Қойгелдиев М. Алашорда - XX ғ. Қазақтың алғашқы ұлттық мемлекеті. - // Ақиқат. 1993.

Оралтай Х. Елім - айлап өткен өмір. - Алматы, 2005.

Осипов В.П. Всмотриваясь в 20-30-ые годы. - Алма-Ата. 1991.

Полян П.М. Не по своей воле. История и география принудительных миграции в СССР. - М., 2001.

Приоритеты Казахстанской дипломатии на рубеж веков. - М., 2000.

Райханов Н. Тын игерудің оны мен солы. - // Ақиқат. 1994. №5. 19-24 б.б.

Революционное движение в Казахстане в 1905-1907 г.г. - Сб. док. и мат-ов. - Алма-Ата. 1955.

Рыспаев К. История Республики Казахстан. Учебное пособие для студентов вузов. - Алматы, 2002.

Рыскулов Т. Собр., соч. в 3-х томах. - Алматы. 1998. Т.3.

Сабден О. Что делать для восстановления экономики Казахстана?. - Алматы, 1999.

Сабденов О. Экономическая политика переходного периода на рубеж XXI века. - Алматы, 1997.

Садыкова Б. История Туркестанского легиона в документах. - Алматы, 2002.

Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). - М., 1921.

Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғара-ұлы. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. - Астана, 2012.

Сейсен Мұхтар-ұлы. Кәмпеске. - Алматы, 1 кітап, 1997.

Сейфуллин С. Тар жол, тайғак кешу. - Алматы, 1977.

Смағұл Сәдуақасов. Тандамалы. Т.2. - Алматы. 1993.

Современная история Казахстана - // под. ред. Б.Г.Аягана, Х.М.Абжанова, С.В. Селиверстова, М.С.Бекенова. - Алматы. 2010.

Современный Казахстан: стратегия успеха / под.ред. М.Е.Шайхутдинова. - Алматы, 2008.

Соколов В.В. Цена победы. - М., 1991.

Спирин Л.М. Россия. 1917. Из истории борьбы политических партий. - М., 1987.

Сыдықов Е. Шәкәрім және Алаш-Орда - Астана, 2008.

Тайшыбаев З., Дулатбеков Н. Жакып Акбаев. (күрескердің өмірбаяны). - Алматы. 1997.

Такенов Ә. Он алтыншы жылғы ойран. - // Қазақ тарихы. 1993.

Тәтімов М. Ауылдағы демографиялық ахуал. - Алматы, 1990.

Тәтімов М. Қазақ әлемі. Алматы, 1993.

Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан. - Алматы. 2002.

Тегісов К. Шығармалар жинағы. - Алматы. 2003.

Тулепбаев Б.А. Социалистические аграрные преобразования в средней Азии и Казахстане. - М., 1984.

Турсунбаев А.Б. Курсом интенсификации: Аграрная политика КПСС в Казахстане на этапе развитого социализма (1965-1982). - Алма-Ата, 1985.

Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарыаты. - Алматы, 2006.

Тынышбаев М. Великие действия (Ақтабан-шұбырынды). - Алматы. 1992.

Тынышбаев М. История казахского народа. - Алматы, 1993.

Чокай М. Туркестан под властью Советов. - Алма-Ата, 1991.

Шаймұханов Д.А., Шаймұханова С.Д. Карлаг. - Алматы, 1997.

Шестаков В.А. Социально-экономическая политика Советского государства в 50-е - середине 60-х г.г. - М., 2006.

Шишкин В.А. Власть. Политика. Экономика. Послереволюционная Россия. 1917-1918. Спб. 1997.

Шокай М. Мұстафа Шокай. Естеліктер. Стамбул. 1997.

Шоқай М. Түркістанның килы тағдыры. Құрастырған Б.Серікбай-ұлы Қошым-Ноғай. - Алматы, 1992.

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық. - Алматы, 2012. - т.1.

Шілдебай С.К. Түркішілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. - Алматы, 2002.

Халық. Тарих толқынында. Ғылыми серия. I-Том. Мақалалар жинағы. - Астана. 2013.

Халық. Тарих толқынында. Ғылыми серия. 2-Том. Мақалалар жинағы. - Астана. 2013.

Хасанаев М. Желтоқсан оқиғасы: себеп пен салдар. - // Егемен Қазақстан. 2001. 11 желтоқсан.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Кіріспе	5
I. ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАРАР ЖОЛДА: ДАМУ ФАЗАЛАРЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛЫС ИДЕЯЛАРЫ	9
1.1. Қазақ өлкесінде отарлық жүйенің орнауы, әлеуметтік экономикалық жағдай – тәуелсіздік үшін күрестің алғы шарттары	9
1.2. Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты, оның кезеңдері, зардаптары: отарықшылыққа көшу, орыстандыру (шоқындыру) саясаты	11
1.3. Ресейдің экономикалық жағдайы. Ресей аграрлы мемлекет. Өнеркәсіптің дамуы. Алғашқы өнеркәсіп өрлеуі (1893-1900жж.)	17
1.4. Қазақ өлкесінде өнеркәсіп ошақтарының қалыптасуы, оның ерекшеліктері мен отарлық сипаты	19
II ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫСТАР. XXҒ. БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС, ОНЫҢ ДІНИ- АҒАРТУШЫЛЫҚ БАҒЫТЫ	23
2.1. XXҒ. басындағы ұлт-азаттық қозғалыс, оның діни-ағартушылық бағыты	23
2.2. Түркі-мұсылман зиялыларының біріккен іс-қимылдары I, II, III, IV, V Бүкілресейлік мұсылман съездері	27
2.3. Қазақ депутаттарының I және II Мемлекеттік Дума жұмысына қатынасуы. Мұсылман фракциясы. Жер мәселесі. Петициялық қозғалыс. «Қарқаралы петициясы»	29
2.4. Ұлттық-либеральдық интеллигенцияның қоғамдық-саяси іс- әрекеті, олардың «Айкап» және «Қазақ» журнал-газет төңірегінде топтасуы. Қазақтардан шыққан алғашқы фельдшерлер мен дәрігерлер және басқа да салаларының мамандары	34
III. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН	44
3.1. 1916ж. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс, оның шығуы, барысы, көтерілістің Жетісудағы және Торғайдағы негізгі ошақтары. Әлеуметтік топ өкілдерінің көтеріліске көзқарастары	44
3.2. Ұлт зиялыларының майдан шебіндегі бұратана бөліміндегі іс- әрекеттері	49
3.3. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының Қазақстанға ықпалының ерекшеліктері. 1916-1917жж аштық және онымен қазақ зиялыларының күресі	52
3.4. Саяси партиялардың: «Шуро-и-Исламия», «Шуро-и-Улема», «Үш Жүз», «Алаш» құрылуы. Жалпықазақтардың I съезі (1917ж. 21-26 шілде), оның шешімдері	62
3.5. «Шуро-и-Исламия» және «Шуро-и-Улема»	62
3.6. «Үш Жүз» партиясы	65
3.7. «Алаш» партиясы. Жалпықазақтардың I съезі (1917ж. 21-26	66

шілде), оның шешімдері	
3.8. Кеңес билігін орнату. Кеңес билігі – патшалық Ресейдің отарлық саясатын жалғастырушы	69
3.9. Жалпықазақтардың ІІ съезі (1917ж 5-13 желтоқсан). «Алашорда» автономиясын жариялау. «Алашорда» өкіметі («Уақытша халық кеңесі»)	71
3.10. Қокан (Түркістан) Автономиясы. М.Шокай, оның революциялық қызметі	74
3.11. Азамат соғысы және шетел интервенциясы кезіндегі Қазақстан. «Черкасск қорғанысы». «Алаш» полктері. Атаман Анненков	79
3.12. Қызыл Армияның майдандағы айтарлықтай жетістіктері. Бүкілресейлік Атқару комитетінің Алаш-Ордаға кешірім (амнистия) жасауы. Казревком. Кыргыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы	85
ІV. КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛЫПТАСУЫ: СИПАТЫ, ШАРАЛАРЫ, САБАҚТАРЫ	89
4.1. «Әскери коммунизм» саясаты. «Жаңа экономикалық саясат» (ЖЭС)	89
4.2. Жер-су реформасы. Түркістан өлкесін межелеу. Ресейдің құрамындағы Қазақ жерлерінің, Қазақ Автономиялық Кеңестер Республикасының құрамына біріктілуі	93
4.3. Тоталитарлық жүйенің қалыптасуы. Ф.Голощекин (Шая Ицкович) – Қазақ өлкесінің басшысы. «Кіші Қазан» идеясы, оны іске асыру	98
4.4. Қазақстан индустрияландыру кезеңінде. Индустрияландырудың қиындықтары мен ерекшеліктері, оны іске асырудың жолдары мен әдістеріне байланысты талас-тартыстар. Смағұл Сәдуақасов («Сәдуақасовшылдык»). Индустрияландыру идеясының іске асуы және оның отаршылдық мазмұны	102
4.5. Қазақстанның ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: кезендері, әдістері, қарқыны. Ұжымдастыру жылдарындағы Кеңес билігіне қарсы көтерілістер	109
4.6. Қолдан жасалынған аштықтың ІІІ кезеңі (1931-1933жж.)	117
4.7. 20-30-жылдардың аяғындағы қуғын-сүргіндер. Қазақтардың ұлт зиялыларын қырып-жою	123
4.8. ХХғ. 20-30-жж мәдени құрылыс	131
4.8.1. Кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуы. «Сауатсыздықпен» күрес	131
4.8.2. Кәсіптік білім беру және қазақ-кеңес зиялыларының (интеллигенциясының) қалыптасуы	135
4.8.3. Әдебиет және өнер	136
V. ІІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС (1939-1945ЖЖ), ОНЫҢ ШЫҒЫС МАЙДАНЫ – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ (1941-1945ЖЖ)	140
5.1. Гитлерлік Германияның ІІ дүниежүзілік соғысқа дайындалуы. Кеңес-герман экономикалық сауда байланыстары. Германия мен Кеңес одағының бір-біріне соғыс жарияламау жөніндегі келісімімен Риббентроп – Молотов құпия шарты	140

5.2. II дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның Польшаға басып кіруі. Кеңес Одағының территориялық кенеюі	142
5.3. II дүниежүзілік соғыстың Шығыс майданы – Ұлы Отан соғысының басталуы (1941-1945жж.) Кеңес халықтарының күшін жауға қарсы күреске жұмылдыру. Қызыл Армияның соғыстың алғашқы кезеңіндегі сәтсіздікке ұшырауы. Қазақстандықтардың майдандағы өмірі	146
5.4. II дүниежүзілік соғыстың ақырғы кезеңі. Одақтастардың Нормандияға әскери десант түсіруі-екінші майданның ашылуы	155
5.5. Антигитлерлік коалицияның қалыптасуы. Одақтастардың (АҚШ, Англия және Канада) Кеңес Одағына көмегі: ленд-лиз	156
5.6. Милитаристік Жапониямен соғыс. Жапонияның жеңілуі. II дүниежүзілік соғыстың аяқталуы	159
5.7. Эвакуацияланған кәсіпорындарды Қазақстанға орналастыру. Республика экономикасын майдан мүддесіне бейімдеп қайта құру. Қазақстан – майдан арсеналы. Халықтың тылдағы ерлігі	161
5.8. II дүниежүзілік соғысқа (Ұлы Отан соғысы) байланысты туындаған ұстанымдарды қайта қарау және оны жанаша бағалау	169
VI. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҒЫ МЕН САЛДАРЛАРЫ.	
ҚАЗАҚСТАН СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДА (1946-1965ЖЖ)	
6.1. Соғыстан кейінгі жылдарда Республика халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамыту	174
6.1.1. Өнеркәсіптің дамуы	174
6.1.2. Ауыл шаруашылығының дамуы	176
6.2. 1953-1964 жж. Қазақстан	181
6.2.1. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі	181
6.2.2. 1953-1964жж Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы	189
6.2.3. Тың және тыңайған жерлерді игеру: жетістігі мен зардаптары	191
VII. КЕҢЕСТІК ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖҮЙЕ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ АСҚЫНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН (1964-1985ЖЖ)	
7.1. Кеңес Одағының, соның ішінде Қазақстанның қоғамдық-саяси ерекшеліктері	198
7.2. 1964-1985 жж. Қазақстанның экономикасының дамуы	205
7.3. Республиканың мәдениеті және рухани өмірі	212
VIII. “ҚАЗАҚСТАН “ҚАЙТА ҚҰРУ” ЖЫЛДАРЫНДА (1985-1991 ЖЖ.)	
8.1. “Кеңес Одағының, соның ішінде Қазақстанның“Қайта құру” кезеңіндегі қоғамдық- саяси дамудың ерекшеліктері”	217
8.2. 1986ж. Алматыдағы желтоқсан оқиғасы тәуелсіздік жаршысы	222
8.3.Тәуелсіздіктің (Қазак мемлекетінің жаңғыру күні) қарсаңындағы Республиканың экономикалық дамуы және қоғамдық-саяси өмірі	229
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	242

Blank lined page with horizontal ruling lines.



Қыздарбеков Бірлік - Алматы облысы Қапшағай қаласы маңында, Кербұлақ өзенінің төменгі ағысында, 1940 ж. 5 мамырда дүниеге келген. Руы – Жалайыр.

Сары-өзек темір жол станциясындағы 19 орта мектепте оқыған. 1968 жылы С.М. Киров (Қазіргі Эль-Фараби атындағы) ұлттық университетінің тарих факультетін бітірген. Содан бері тарихшы ретінде Қарағандыдағы жоғарғы оқудың киелі шаңырағы еліміздегі екінші университет, академик Е.А. Бөкетов атындағы мемлекеттік университетіне 45 жыл үзбей жұмыс істеп, қазір Қарағанды медицина университетінде (2012-2019 жж.) тарих пәні оқытушысы болып жұмыс істейді.

Тарих ғылымының кандидаты (1980 ж.), ВАК доценті (1982 ж.), КарМУ мен Қарағанды медицина университетінде профессор қызметін атқарады. Жоғарғы санатты тарихшы (2000-2019 ж.ж.).

Жүз елуден астам ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік құралдар, «Қазақстан тарихы» оқулықтары, сондай-ақ, «Көне русь» (ежелгі және ерте ортағасырлық тарихы) – Қарағанды типография ТОО «Санат-полиграфия» 2004. - 280 бет., «Қазақстанның көне тарихына кіріспе» (жаңаша көзқарас) – Қарағанды КарМУ 2012. - 112 бет., «Қазақтардың көне тарихына кіріспе» (жаңаша көзқарас), өңделген, толықтырылған екінші басылым. – Қарағанды. ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2013. - 126 бет., «Көне Тұранның ежелгі тарихы» (жаңаша көз қарас) – Қарағанды. ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2013. - 202 бет., монографияларды жариялаған.

«КарМУ-ге еңбегі сіңген қызметкер», «ҚР-ның білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгілерімен марапатталған.